

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE RK  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

«ӘДЕБИЕТ ПЕН ФОЛЬКЛОРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ  
МІНДЕТТЕРІ МЕН ЗАМАНАУИ АСПЕКТІЛЕРІ»

атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
материалдарының жинағы  
24 қазан 2024 жыл

Collection of materials  
of the international Scientific and Theoretical conference  
«HISTORICAL TASKS AND MODERN ASPECTS OF THE STUDY  
OF LITERATURE AND FOLKLORE »  
October 24, 2024

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2024

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5Қаз)

Ә 22

**Редакция алқа:**

Алуа Темірболат (жауапты редактор),  
Нұрсұлу Мәтбек, Шоқан Шортанбай,  
Гүлназ Даутова (жауапты шығарушылар)

**Әдебиет пен фольклорды зерттеудің тарихи міндеттері мен заманауи аспектілері:** халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. Алматы, 24 қазан 2024 жыл / жауапты ред. А.Б. Темірболат. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 508 бет.

**ISBN 978-601-04-6985-3**

Жинаққа белгілі әдебиет және фольклор зерттеушісі, түркітанушы ғалым, ақын, филология ғылымдарының кандидаты Қосанов Серікбай Қылышбайұлының 60 жылдық мерейтойына орай өткізілген конференция материалдары ұсынылып отыр. Бұл еңбекке енген мақалалар ғалымның азаматтық тұлғасын, ақындық келбетін және зерттеушілік қырын танытумен қатар әдебиеттану пен фольклордың түрлі аспектілерін қамтиды. Мұнда көрнекті ғалымдармен бірге ғылым табалдырығын жаңа аттаған жас буын өкілдерінің де зерттеу жұмыстары енген. Мақаланың мазмұнына авторлар жауапты.

Ғылыми конференция жинағы жоғары оқу орындары гуманитарлық факультеттерінің ұстаздары мен білім алушыларына, докторанттар мен магистранттарға арналады.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5Қаз)

**ISBN 978-601-04-6985-3**

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма төрағасы – Ректоры  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
**Ж.Қ. ТҮЙМЕБАЕВТЫҢ***

## **ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы Сізді қара шаңырағымыз ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойына түспа-түс келіп жатқан бедерлі белесіңіз – 60 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сіз осы бір ғұмырлық белесіңізді педагогикалық және ғылыми еңбек жолынан, яғни 1991 жылы Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ тілі кафедрасында оқытушылық қызметтен бастап, одан соң 1998 жылы бұрынғы ҚР ҰҒА қарасты М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба және текстология бөлімінде кіші ғылыми қызметкер ретінде жалғастырдыңыз. 2004-2006 жылдары аталған институттың Ежелгі дәуір әдебиеті бөлімінде ғылыми қызметкер, 2006 жылдың қыргүйегінен бастап, институттың бас ғылыми қызметкері әрі Қолжазба және электронды жүйелеу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалдыңыз. Ал 2010-2016 жылдары Ежелгі және орта ғасыр әдебиеті бөлімін басқардыңыз. 2017-2020 жылдар арасында Қызылорда облыстық Рухани жаңғыру орталығында ғылыми бөлім меңгерушісі қызметін атқардыңыз. 2020 жылдан қазіргі уақытқа дейін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінде қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті қызметінде жұмыс жасап келесіз.

Сіздің тікелей қатысып жазуыңызбен, атсалысуыңызбен, құрастыруыңызбен және жауапты редактор болуыңызбен жарық көрген «Әдеби жәдігерлер», «Классикалық зерттеулер», «Қазақ әдебиеті тарихының 10 томдығы», қазақ фольклорының 100 томдық «Бабалар сөзі» сериясы сынды маңызды басылымдарды атамағанның өзінде, бірнеше жеке авторлық және ұжымдық ғылыми зерттеу еңбек пен 250-ден аса ғылыми-әдеби мақалаңыздың жарық көргенін айтқымыз келеді. Оның ішінде 15-ке жуық ғылыми мақала мен «Көне түркі әдебиеті» атты ғылыми

монографияңыз (2021) – осы өзіміздің қара шаңырақ ҚазҰУ-ға ұстаз болып келгелі жарияланған еңбектеріңіз.

Асқаралы алпыстың шыңына жетіп отырған Сізді, көпшілік қауым танымал әдебиеттанушы-ғалым, ақын, филология ғылымдарының кандидаты, «Бабалар мұрасын» құрастырып-шығарушы, ғұмырын Қазақстанның болашақ ғылымына арнаған зиялы азамат ретінде таниды деп білеміз.

60 жас мерейтойыңызға орай ұйымдастырылған «Әдебиет пен фольклорды зерттеудің тарихи міндеттері мен заманауи аспектілері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияңызға сәттілік тілей отырып, өзіңізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс, отбасыңызға ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке, амандық пен саулық тілейміз. Шығар шыңдарыңыз әрқашанда биік болғай!

**I**  
**АҚЫН. ҒАЛЫМ. АЗАМАТ**

*Зинок-Ғабден БИСЕНҒАЛИ,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

## **ОРТАҒАСЫРЛЫҚ «ДНИ-АҚСҮЙЕКТІК ӘДЕБИЕТ» ҺӘМ СЕРІКБАЙ ҚОСАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

Бүгінгі күндері бұл дегеніңіз – экзотикалық тақырып. Алайда осы тақырыпты түсінікті ұғу, тіпті өзің үшін айқындау да оңай емес! Мұның қаншалықты қиын екенін осы бағытта қызмет істеп жүргендер мен санаулы зерттеушілер ғана біледі. Қазіргі әдебиетіміздің түп төркіні, түпкі асылы әлі бізге белгісіз көне қолжазба кітаптарда. Оларда сақталған өткен өмір мен тіршілік деректердің көбі талай ғасырларды артқа салып бізге енді-енді жетіп отыр. Оны оқып, ескі жазудағы тілдердің мәнін түсінетін сауатты жандар керек бізге. Төмендегі әңгіме дәл осындай сауатты жан туралы. Демек, қазіргі заман талабына сай сирек шығармашылық бағыт болып саналатын ортағасырлық жазба деректер жайлы әңгіме қозғаймыз.

Бұл баяндаулардың салмақтылау екі арнасы байқалады. Бірі қазақ халық әдебиеті тарихы туралы толғамдар болса, екіншісі – көне түркі әдеби жазбалары. Нақтыласам, орта ғасырлардан – сонау XII-XIV ғасырлардан жеткен қолжазба кітаптар. Бұлардың арасындағы айырма қандай болса жақындық та сондай шығар-ау деген ой келеді.

Көбі бізге ауыз әдебиеті туындысы тәрізді жеткенмен, қолжазба немесе қолжазба кітап тәрізді шығармалар мен олардың көшірмелері де сақталған. Иә, талай ғасырлар бойы біз көрмеген, білмеген рухани мұраларымыздың біразы біздің заманымызға дейін жеткен. Оларды іздеу, зерттеу түгіл, оқуға тыйым салған кеңес идеологиясының қатал заңдарының талаптарынан аман-есен өткендері ғана бізге жетіп отыр. Ресми идеология нені талап етсе, сонымен ғана шұғылдануға мәжбүр болғанымыз жасырын емес. Оның айтқандарына көнбегендер мен күмәндағандардың, қарсы шыққандардың тағдыры не болғанын көрдік, естідік, оқыдық – ызалана жүріп үндемей тындық қой.

Серікбай Қосан маған бірде «Тазкире-и Бұғра хан» атты кітабын сыйлады. Бұрын естігенім болмаса, танысып көрмеген

дүнием. Асығыс парақтап қарасам, әдебиеттану тарихы үшін аса қажетті кітап екен. Түркі ұлыстарының көне тарихына қатысты хикая, аңыздар жинағы сияқты мұралармен байланысты шығармалар еніпті. Оны Серікбай көне түркіден бүгінгі әдеби тілге көшірген. Қазақ тарихына қатысты өзге де маңызды жайлардан мәліметтері мол. Мен мұны асықпай қарармын деп жүргенімде, өзге жұмыстар қабаттасып, ақыры оқи алмадым. Кейін кітаптың өзін де таба алмай қалдым. Бірақ ара-тұра ойыма түсіп кететін. Оның салмақты себептері де бар еді. Менің ғылыми зерттеулерім мен жұмыстарым қазақ прозасының тарихына қатысты болды. Әсіресе көне тарихқа қатыстыларын көп айналдыратынмын. Мұның басты мәселелерін тереңдей қазуға, деректерге сүйене дәйектей айтуға ресми идеология мүмкіндік бермейтін...

Бірде жұмыста Серікбайдың мерейтойы болатынын естідім. Мақала жазуды ойлағанда сол кітап есіме түсіп іздейін... Ақыры таба алмағансың, өзінен сұрауға тура келді. Бұл кітап көпшілік назарынан тыс қалғандай болғанымен, оның басты идеяларын кезінде Ш. Уәлиханов, В. Бартольд, Қ. Халидұлы, А. Мугинов, т.б. айтқан. Бірақ, неге екенін білмеймін, біз олардың пікірлерін көңіл қойып, жөндеп оқымаған да сияқтымыз. Оны осы кітабының алғысөзінде Серікбай да айтады.

Енді С. Қосанның негізгі еңбектеріндегі көне түркі әдебиеті туралы кейбір пікірлеріне келейік. Серікбай бұл тақырып туралы ойларында Ибрагим, Мұса, Дәуіт, Сүлеймен, Ілияс, Мұхаммед пайғамбарлар туралы қызықты хикаялар, аңыз, әңгіме, мифтер жайынан сөз қозғайды екен. Олар осы шығармаларда қарапайым адамдарша өмір сүріп, қоғамдағы түрлі оқиғаларға араласып отырады, әрине, дін туралы толғаныстары да аз емес.

Көне мұралардың мазмұндық фабулаларын баяндаумен қатар, кейбір шығармаларда көшірушілер қолданған сюжеттер де жиі кездеседі. Қазақ арасында ауызша тараған аңыз, мифтердің кейбіреулері жазба түрде көрінген көне аңыздық үлгілерді де еске түсіреді.

Мекке, Медине немесе Бұхара сияқты орталықтардағы ірі оқу орындарындағы медреселерде оқып, білім алғандардың жазбалары арасында қолданылған үлгілер де аз емес. Араб елдерінде ұзақ жылдар болған оқымыстылар, мәселен, Әл-

Фараби тәрізді діни мазмұндағы кітаптарды көп оқыған, дін ғұламаларымен пікірлес болғандығында күмән жоқ. Олардың көбі сол ғұламалардың табанды шәкірттері қатарынан табылып, ұстаздарының көне әдебиет, ежелгі тарих туралы деректі жазбаларын да жеткізді.

Серікбай Қосанның біздің әдебиет тарихына қосып отырған мұралары туралы шынайы пікірлер айтылуы керек, жалпы бағыты осы екен дегеннен гөрі, талдаулар мен деректерге негізделген байсалды ойлар қажет-ақ. Өйткені оның осы жасқа дейінгі атқарған қызметі ғана емес, жүргізген зерттеулері де жеткілікті.

Солардың ең бастысы, салмақты әрі ірісі ретінде – Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланған «Бабалар сөзі» 100 томдық басылымының жауапты редакторы екенін айтудың өзі де жеткілікті болар. Шығыстанушы ретінде осы ірі еңбекке қосқан үлесінің қаншалықты маңызды болғандығы жөнінде толыққанды тиянақты талдаулар керек-ақ. Серікбай Қосанның ортағасырлық мәтіндер туралы ғылыми зерттеулері мен түсініктемелері, жеке шығармалар туралы тың, соны ойлары танымының жаңалығымен есте қалады.

Көңілімді ерекше аударған кейбіреулерін айтар болсам:

Көне түркі әдебиеті туралы ойлы мақалалары материалдарының молдығымен және жазба мұралардағы сюжеттердің типологиясы туралы пікірлері дәлдігімен, зерттеулерінің заманауи деңгейінің жоғарылығымен бағалы дер едім. Бүгінгі таңда осы бағытты қадала тексерушілер аз емес. Бірақ, солардың өздері де жалпы деректерді айтқанмен, нақты талдауларға негізделетін ойдары көп емес әрі анық көрінбейді. Ал Серікбайдың «Бабалар сөзі» сериясымен жарияланған 100 томдық халық әдебиеті жинағына жазған түсіндірме материалдары еріксіз назар аудартады. Осы 100 томдықтың еңбек материалдарының жартысына жуығында Серіктің дәйектемелер бар!

«Қорқыт ата», «Оғыз-нама» эпостарына байланысты ой-пікірлерінде өзіндік танымдары да байқалады. Әрине, мұқият оқуды, ойлануды талап ететін тұстары да кездеседі. Сыни пікірлері мен жаңа ойларында өзіндік пікірлер жеткілікті. Енді олардың өзге шығыстанушылар пікірлерімен үндестігі қандай



екен деген ойлар Ұлттық кітапханадан біраз жаңа материалдарды іздеуге, ақтаруға алып барды...

Мұнда да сол бағыт – зерттеушінің өз танымын сақтауы, соған сүйене талдауларға ұмтылатыны байқалды. Мәселен, Абай қарасөздерінің жариялануына байланысты мақаладағы ойларында бұрынғы пікірлерді құптаумен қатар, өзінің жаңа ойларын да өрбітіп отырады. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы туралы мақаладағы пікірлерінде деректі әрі жаңа пайымдаулар жиі ұшырайды. Осыларды талдай, ойлана келе қазіргі әдебиет тарихын, әсіресе көне түркілік әдебиеттің зерттеушілер үшін аса қажетті білім мен біліктілік деңгейі көрінеді.

Серікбай Қосанның бұл жаңа пайымдауларға баруына студенттік жылдардағы оқуы мен теориялық дайындығы, кейінгі қызметтері кезіндегі тәжірибе жинауда қалыптасқан дағдылары, оларды үздіксіз ұштай отырып, заманауи зерттеулердің бағыт-тарың қадағалап отырғандығы нәтижесінде қол жеткізді деп ойладым:

Ол біздің университетте шығыстану факультетін араб тілі мамандығы бойынша бітірген. Шығыс және көне түркі әдебиеті туралы дәрістер тыңдап, студенттер мен дәріскер ұстаздарының әдеби талқылауларына қатысқан.

Жетекші ұстазы қазақ зиялыларының ғана емес, елімізге белгілі түркітанушы – Әбжан Құрышжанов. Ардақты ғалымның көмегімен 1991 жылы, оқуын бітіре сала, бүгінгі Қыздар университетіне оқытушы болып орналасқан. Мұнда ойша таразылап үлгерген білімдерін студенттерге жеткізуге, олардың талдауларын өткізуге, талай сұрақтарына жауап беруге мүмкіндік алғаны анық...

ҚР ҰҒА М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қолжазбаар қорына ғылыми қызметкер болып орналасуы әдебиет пен өнер туындыларының сирек ұшырасатын қолжазбаларын көруге, әріптестерімен пікірлесуге жағдай жасаған. Әрі институт басшысы, белгілі әдебиеттанушы Сейіт Қасқабасовтың көмегі мен кеңестері оның білімі-тәжірибелік, ғылыми жұмыстарға деген аса қажетті дағдыларын дамыта түседі. Қазақ әдебиеті мен тарихына өте қажетті асыл мұралардың елге, халыққа жетуіне күш-қайратын, білімін жұмсаған; «Бабалар

сөзінің» 100 томында жарияланған фольклорлық шығармалар туралы терең түсініктемелер жазған; соларға қарап отырып Серікбай Қосанның ғылыми еңбектерінің негізгі бағыттарын мен даму жолдарын шамалауға болады. Мәселен, алғашқы томдардағы «Қисса Зарқұм» мен «Қисса Сал-сал» туралы түсініктері мен талдаулардың қаншалықты күрделі, қиындығын кез кезген әдебиетші біледі! Мұның бәрі зерттеушінің осы институттағы қызметтерінің барлық мүмкіндігін өте тиімді пайдаланғандығынан хабар береді.

«Бабалар сөзінде» түсініктемелерде діни дастандарды тақырыптық жағынан үш топқа бөліп қарастырылады. Мәселен, бірінші топқа басқа діндегі адамдарды ислам дініне кіргізу:

«Сал-сал», «Зарқұм» т.б. сюжеттері кіреді. Бұларда Мұхаммед пайғамбар өзінің төрт серігі – Әбубәкір, Омар, Оспан, Өзірет Әлілермен әскери жорықтарға аттанады. Ауыр шайқастар арқылы ұдайы жауды жеңіп, оларды исламға қаратады, көнбегендерді мәжбүрлейді.

«Сал-сал» қиссасы Өзірет Әлінің сиқыршылар шаһарына жасаған әскер жорығын суреттеуден басталады. Бұл кезде Мекке қаласынла Мұхаммед пайғамбар жалғыз қалған еді. Мұны білген Жәмшид патша дереу Меккені жаулап алу үшін қалың әскер жібереді. Сұмдық соғыстар болады. Мұхаммед пайғамбар әскерлері аз болса да ұзаққа созылған шайқастардан соң Жәмшид пен оның одақтастары Пайруз, Қитар патшаларды жеңеді. Олардың халқын исламға кіргізеді. Әрине бұл шайқастарды баяндауларда ислам діні үшін күрес жолындағыларға Алла Тағаладын көмектің болғаны да аталады.

«Зарқұм» қиссасында қылышын айдаһардың уымен суарған Зарқұмға қарсы Мұхаммед пайғамбардың өзі жекпе-жекке шығып, жеңеді. Зарқұмға мұсылман болудың басты шарттарын орындатады. Оған «Алладан басқа тәңірі жоқ, Мұхаммед – Алланың құлы әрі елшісі» деген қағиданы мойындатады; Зарқұм да – айтқанынан қайтпайтын батыр адам, оны мойындату оңай болмайды; алайда Мұхаммед оған өз дінінің артықшылығын дәлелдейді.

Екінші топтағы қиссалар – өмір жолындағы қиындықтардың аз еместігін айту мен оны жеңу үшін төзімділікке, халық үшін еңбек етуге, махаббат адалдығы үшін берік болуға үндейді.

Бұған «Әзірет Әлінің құлдыққа сатылғаны», «Әзірет Әлінің сараң байды дұрыс жолға салғаны», «Жүсіп-Зылиха» қиссалары жатады.

Үшінші топқа кіретін қиссалар – бақи дүниедегі жұмақ пен тозақтағы өмірді бейнелеген шығармалар. Мұндайда әрбір пенде жалған дүниеде жасаған күнәсі үшін Алла алдында жауап беретіні баяндалады, мәселен, «Жұм-жұма» қиссасында адам тірі кезінде жасаған теріс қылықтары: бес намазын орындамағаны, зекет бермегені, ораза ұстамағаны, т.б. күнәлары үшін жауапқа тартылады.

«Жұмжұма сұлтанның» мен оқыған нұсқасында сұлтанды жазаға тарту үлгісі олай емес, мүлде басқаша. Онда Жұмжұма – кедейлермен араласқан, зорлық көргендерге көмектескен, зорлықшыларды жазалаған тағы басқа да осындай сауапты, әділ істері бар, асқан бай адам. Мысалы, профессор А. Қыраубаева жариялаған нұсқада Жұмжұма сұлтанның айтылатын бар күнәсі – кезінде көмек сұрай келген бір мүсәпірді қабылдамағаны үшін жазаға ұшырайды. Демек, осыған қарағанда қиссаның басқа да үлгілері, көшірмелері болған әрі олар да кең таралған болуы керек. Бұл үлгіде, Жұмжұма сұлтан бір сұлмен махаббат сезіміне елтіп отырғанда көмек сұрай келген мүсәпірді қабылдамайды. Сол күнәсі үшін тозақ азабын көреді. Дастанда тозақ азабының түрлері бейнелей суреттеледі.

Әлемге әйгілі Италия ақыны Аллигари Дантенің (1265-1321) атақты «Божественная комедия» атты шығармасының 1-3-тарауларындағы «тозақ» туралы аллегориялық суреттеулерінде жоғарыда аталған «Жұмжұма сұлтан» қиссасында суреттелетін көріністер мен оқиғалар бейнеленеді. Әрі осы шығармашың «жұмақ» жайындағы суреттеулері де мазмұны жағынан барынша ұқсас келеді. Сонда Данте Иранның атақы ақыны Фарид-ад-дин Аттаридің (1119 жж) «Жұмжұма» поэмасын білгені ме?

Шығыстық қисса-дастандардың еуропалық ғалымдарға жақсы үлгі болғаны сол жылдарда айтыла бастаған деректер емес пе?! Бұл ұқсастықтар осындай ойларға жетелейді. Ортағасырлық Құсам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» қиссасы шамамен 1370 жылы жазылған. Алайда ол оның төл шығармасы емес. Зерттеушілер Қ. Кәтиб сол замандарда күншығыс, батыс елдеріндегі ақындар шығармаларына арқау болған фольклорлық үлгілерді қолданған

деген пікір айтады. Профессор Алма Қыраубаева осы әдеби байланыстарды Бертельс еңбектеріне сүйене жазады. Жалпы, бұл сюжеттің түркі халықтары арасында кең таралуында ертедегі парсы ақындары жазған шығармалардың әсері бар.

В.В. Радлов «Жұмжұма сұлтан» қиссасының сюжетіне құрылған «Кубас дастанын» да ел аузынан жазын алып, 1870 жылы жариялаған. Ғалым бұл дастанның қазақ арасында ауызша тараған үлгілері болғанын айтады. Мәселен, 1881 жылы Жұмашұлы Мәулікей осы шығарманы өзгеріссіз қайта жариялаған. Нәзира дәстүрінде шығыс дастандарының желісіне құрылған қиссалар жазған ақындар қазақ әдебиеті тарихында өте көп болған. Оларды «кітаби ақындар» деп те атаған. Осы үлгіде ең көп шығармалар жазғандардың бірі – Шәді Жәңгірұлы (1855-1933). Оның қиссаларының негізгі мақсаты ислам сенімінің негіздерін түсіндіруге арналған: «Алладан басқа ешбір Құдай жоқ, Мұхаммед – оның елшісі» деген шариғи ереже, иман мәселесі төңірегінде өрбиді.

Жалпы, XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы кітаби ақындар жырлаған көне қиссалар сюжеттерінің мазмұндық идеяларының бағыттары ұқсас. Ондай шығармаларда Алланың барлық пайғамбарлары мен періштелерінің өнері өнегелі; Мұхаммед пайғамбарымыздың адамзат алдындағы істері орасан зор. Әдетте, діни қиссалардың көпшілігі имандылықты, қанағатынсапты; зорлық-зомбылық жасамауды, жетімдерге көмектесуді, қайырымдылықты т.б. ізгі қасиеттерді насихаттаумен ерекшеленеді. Алайда кейбір ақындар басқа да тақырыптарды, алуан түрлі шытырман немесе хикаялық сюжеттер мен сарындарды да жырлағаны белгілі. Енді жоғарыда аталған «Тәзкире-и Бұғра хан» туралы бірер сөз. Ең қызығы, талай замандардан бері зерттеушілер іздеп жүрген осы бұл агиографиялық шығарманың қолжазбасын Серікбай Қосан Алматыдағы Орталық ғылыми кітапханадан тапқанын айта келе: «...Осы бір көп заман қалтарыста қалып келген ескі мұраның ізін тауып, індете зерттеудің сәті енді түсті. Иек астымызда, Алматыдағы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталып келіпті. Іздедік. Таптық...» – деп мәлімдейді [1, 3] («Тәзкире-и Бұғра хан» (қазақша аудармасы, факсимиле) – Алматы: «Толағай», 2007).

«Тәзкире-и Бұғра хан» атты бұл ортағасырлық шығарманың зерттелу жолдары мен табылу тарихын іздеушілерді осы сілтемеде көрсетілген кітаптан оқуға болатынын айтамыз. Бұл тарихты түгендей жазуға мақала көлемі де, мақсаты да көтермейді. Кітапты қазір Алматы кітапханаларынан оңай табуға болады.

Сонда Алматы кітапханасында сақталған қолжазбаны С. Қосанға дейін ешкім іздемеген, қарамаған ба!? Сенуге қиын. Бірақ солай болғаны анық! Есіме Олжас Сүлейменовтің ертеректе жарық көрген «Пробный камень» мақаласы түсті. Алматы кітапханаларының сирек қолжазбалар қорында сақтаулы қымбат мұраларды қараушылардың, зерттеушілердің жоқтығы, тіпті шаң басқан кейбір қолжазба беттерінің ашылмағаны туралы жазғаны бар еді...

Ортағасырлық түркі мәдениеті тарихы мәліметтерінің құнды жәдігері, әсіресе қағазға түскен деректері, қазақ әдебиетінің жаңа, шынайы тарихын жасау үшін қаншалықты қажет екендігі туралы профессор Р. Нұрғалидың Баянауылдағы Сабынды көл маңындағы демалыстарда айтқандары есіме орала береді... Сондағы ойларын 2005 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» он тамдығының 9-томында жариялапты:

«...Қазақ әдебиетінің деректі тарихын жасау талабы соғыстан кейін-ақ (1941-1945... – З.Б.) күн тәртібіне қойылған еді. Оның фольклорға арналған бірінші томы 1948 жылы жарық көрді. Алайда осы жылдардағы партияның ұлтшылдыққа қарсы күресі науқанына ілігіп, сыналды. Әрі қарай тарих жасау ісі тоқтап қалды...

...Қазақ ғылым академиясы Әдебиет институтының ғалымдары ғылыми зерттеудегі жаңа мүмкіндіктерді пайдаланып, қазақ халқының бай әдеби мұрасын тексеріп, табылған мәліметтерді тарих күйінде оқырманға ұсыну қажеттігін тағы да күн тәртібіне қойды...

...Бізде көне дәуір мен орта ғасыр әдебиетін зерттейтін кәнігі мамандардың аздығы қынжылтады. Қазақ әдебиетінің көне түркі және ортағасырлық әдебиеттерімен тамырлас күйлерін анықтау үшін ол тарихи, мәдени ескерткіштердің өзін жан-жақты қарастыру қажет... Осы игілікті шаралардан кейін ғана көркем шығармаларды этнос пен регионның мәдени-әлеуметтік тарихи

тұрғысынан зерттеу мүмкіндігі туады. Айтылмыш орайда жоғарыдан дәуірлерді кезең кезегімен, поэтикалық стиль және бағыттары бойынша қарастыруға жол ашады. Бұл принцип қолданылғанда орта ғасырлардағы тұтас мәдениеттің екі жиегі саналатын діни және әкеуіектік әдебиеттерге қатысты қасаң көзқарастарды жеңе білуге болар еді...» [2, 325-326]. Міне, осындай шығармалардың бірі – маған Серікбай сыйлаған орта ғасырлық түркі әдебиеті тарихына қатысты «Тәзкіре-и Бұғра хан» шығармасы еді. Ол туралы туралы кезінде Ш. Уәлиханов, В. Бартольд, Қ. Халидұлы, т.б. өз зерттеулері мен мақалаларында ара-тұра маңызды ойларын айтқан. Кейінгі жылдарда бұл қолжазбаның бірнеше факсимилесі де ғылыми ортаға келді. Кейінірек С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин [3] және А.М. Мугинов [4], т.б бұл қолжазбалар туралы таныстыру мақалаларын жазып жариялады. Бірақ бұл туралы ғылыми басылымдарда аз-кем айтылғанмен соңғы уақытқа шейін ешкім назар аудармаған...

Осы қолжазбаны жоғарыда айтылған кітапханадан тауып қазақша сөйлеткен, нақтырақ айтар болсақ, көне түркіден тәржіме жасаған – Серікбай Қосан. Қолжазба Алматыдағы Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында сақталып келгендігі жоғарыда айтылды. Бұл туралы Серікбай былай деп жазады: «Іздедік. Таптық. Бар ынтамызды салып, екі жылға салым уақытта «қазақша» сөйлеттік. Болғаны – осы... Десек те аталған кітапты тәржімелеу кезіндегі ғылыми-деректемелік ізденістерді былай қойғанда, қаншама дүнияуи және моральдық қиындықтарды бастан кешіргеніміз тек бір Аллаға, сосын санаулы әріптестерімізге аян» [1, 4].

Әрине, орта ғасырдан бізге жеткен қолжазбаның біз білетін кирилл қарпінде жазылмағаны белгілі. Араб әріптерімен жазылса да, араб тілінде емес, ортағасырлық түріктерге ортақ көне түркі әдеби тілінде жазылған. Оны оқу ҚазМУ-дың шығыстану факультетін араб тілі мамандығы бойынша бітірген Серікбай Қосанға оңай болмағаны жоғарыда келтірілген үзіндіден де байқалады. «Екі жылға салым уақытта...» деп көрсетсе де, жеңіл шаруа деп айтуға келмесі анық. Бір ғажабы, бұл кезеңдерде жазылған шығармалар араб, парсы, түрік, және түркі тілдерінде (түркі халықтарына ортақ тілде) жазылған және Орта Азия

халықтарының көбіне түсінікті болған. Кітап туралы дәлірек мәліметтерді сол аудармадан алуға болады.

Бұл – қарасөзбен жазылған ортағасырлық прозалық шығарма. Қазақ әдебиетінде проза жанры болған жоқ, тіпті барлары көркем прозаға сай емес, ол тек 1917 жылдардан, төңкерістен кейін ғана, оның ішінде орыс әдебиеті әсерімен пайда болды деген сияқты «кеңестік мифтерді» қазақ қоғамының санасына сіңіргені соншама – әлі күнге дейін одан арыла алмай келеміз...

Ертедегі Түрік қағанаты туралы біраз маңызды мәліметі бар түркі-қыпшақ диалектіндегі бұл шығарма қазақ әдебиеті тарихи дамуы туралы таяз пікірлі зерттеулерді түбегейлі жоққа шығарады. Мұнда парсы және түркі тілдеріндегі көркем шығармалар: қиссалар мен аңыздар, шешендік сөздер, прозалық сан алуан мәтіндер туралы шығармалар кездеседі.

«Тәзкіре-и Бұғра-хан» тарихи-агиографиялық хикаяларының негізгі кейіпкері – Қарахандар дәулетінің, яғни тұңғыш түркі-ислам мемлекетінің негізін қалаушы Сұлтан Сатұқ Бұғра хан мен оның ұрпақтары. Олардың ислам діні мен мәдениетін тарату үшін істеген ерлікке толы күрестері. Ресей мұрағаттарының өзінде осы шығарманың 30-дан аса қолжазбасы сақталған екен. Бірақ олар әлі күнге дейін өзге тілдерге аударылмаған.

Енді осы кітап жайлы бірер сөз. Алдымен, айтуынша, С. Қосан аударған көне кітап-қолжазбаның алғашқы төрт бөлімі «жоғалған яки түсіп қалған» (23-бет соңында солай көрсетілген). Аударма бесінші беттен басталады:

Бесінші бөлім. (Әзіреті Расул мен қарыздар хикаясы)

«Көне хикаялардан хабар беруші әңгімешілер мен шежірешілердің кітаптарында мынадай бір тәмсіл оқиғаны баяндайды. Күндерде (2-п.) бір күн Расул Алла Тағала (с.ғ.с.) сахабаларымен таң намазын аяқтап, михрабта отыр еді. Бір пақыр кісі келіп өтініш қылды: «Иә Алланың елшісі екі мың алтын қарызым бар еді біреуге, берерге қаражатым жоқ. Қарыз иесі қысым көрсетіп жатыр», – деді. Расул Алланың (с.ғ.с.) сарай қызметкерлері мен байлардан ешбірі тебіренбеді.

Әл-қисса (пақыр) үш мәрте арыз қылды. Әзірет пайғамбардың (с.ғ.с.) көмекшілері мен байлардан тағы да ешбір кісі жауап бермеді. (Сол уақытта) Әзірет Әли (р.а.ғ.) орнынан

тұрып: «Иә, Расул Алла, бұ пақырды ертіп барып, екі мың алтын қарызын мен берейін», – деп әлгі кедейді алып шықты. Үйіне ертіп келді. Оны есікте қалдырып, өзі үйге кірді. Әзіреті Фатима Зухраға (р.а.ғ.) айтты... Әзіреті Фатима Зухра қарсы болмады. Ол: «Олай болса әзіреті имам Хасан мен Хұсайынды кепілге беріп, олардың құнын бағалап қажетке жаратқын», – деді.

Шаһимардан Мұртаза Әли Кәрім Алла текті ұрпақтары әзіреті имам Хасан мен имам Хұсайынды ертіп бір жүһүдтің үйіне алып барды. Бір жүһүд бар еді: өзі асқан бай әрі өте пасық, күнәһардың өзі болатын. Дәйім: «Шіркін, Әлидің ұғландарын құл орнына жұмысқа бұйырсам ғой» деп армандап жүретін. Құдай Тағала әлгі жүһүдтің тілегі берді. Ол Әзіреті Әлиді көріп:

– Иә, Әли, (13-п.) ұғландарыңды қайда алып барасың? – деді. Әли айтты:

– Екі мың алтынға кепілдікке беремін, – деді. Ол жұма күн еді. Сосын жүһүд айтты: – Бір шартпен алар едім. Бүгін жұма күні ғой, сендер намазға кірместен бұрын ақшаны берсеңіз – кепілдік, ал егер жұма наазынан кейін қалса, (оларды) толық сатып алған болайын.

Әзірет Әли (Алла оған разы болғыр!) ризалық қылды...»...

Одан әріде Әлидің балалары Әзіреті Хасан мен Хұсайынды жүһүдтің қиын тапсырмасынан орындауға Алла Тағала Әзіреті Жәбірейілді жібереді де, бәрі орындалады. Мұны көрген жүһүд шошып, қонақ қылады..

Енді Әзірет Әлидің өзі тап болатын хикаялар баянына келейік. Ол намазға келе жатып бір өзі көрмеген ғажайып түсті құсты көреді. Таңданып, ұстап алып балаларыма апарайын деп ойланғанда, кенет басқа шаһарға тап болды. Сол күні сол қалада сырттан келген қонақтарға құрмет көрсету күні екен. Сонда жиналған адамдар арасында тұрғанда, уағыз айтушы мінберге шығып ештеңе айта алмайды. Бұл қалай дегенде, сендердің араларыңда Мұхаммед әулетінен біреу бар. Мен сезіп тұрмын, ойыма ештеңе түспей тұр: Құдайдың хақтығы мен Пайғамбарды құрмет тұтып мойындасаң, қайдасың, орныңнан тұр, – деді. Әзіреті Әли шығады.

Кәпірлер ашуға көшіп, жазалауды талап етеді. Сонда уағыз айтушы ғалым: «Тоқтай тұрыңдар, мен сұрақтар қояйын, қателессе көрерміз» дейді. Ол бірнеше сұрақ қояды, Әли бәрін



дұрыс шешеді. Енді өзі оған сұрақтар қояды. Ғалым бұл сұрақтарды шешу үшін маған падишаның рұқсаты керек дейді. Ол рұқсат береді... Сөйтіп жиылған барша халық «Лә илаһа илла Аллах, Мұхаммад Расул Аллах» дегенде мұсылман болады. Одан соң баршасы Әзірет Әлиге тағзым етті. «Не себептермен бұл жаққа келдіңіз?» дегенде ол шаһзадаларды кепілге қойғанын баяндады. Олар:

– Ей Әли, сіздер бұл малдан алып барып, шаһзадаларды кепілден шығарындар, – деді. Әзірет Әли етегіне алтын-күміс теңгелерді толтырып алды да, рұқсат сұрап жолға шықты. Баяғы құс шарбақтың ішінде жүр екен...»

Алтыншы бөлімдегі «Шейх Хожа Бәһау-ед-диннің шежіресі» де осы мазмұнды, діни хикая мазмұнын сақтай жазылған. Оның өмірбаянын әңгімелей келе бүгінгі оқырман үшін қазір ол көп мәлімет бермесе де, кезінде «барша дәруіштердің көсемі болған», Осман мен Әлилердің (Мұхаммед Мұстафаның с.ғ.а.) кезінде оған ұқсайтын жан болмағандай екенін еске салады. Енді осы тараудағы кейбір қызықты көріністер жайынан азғана сипаттау жасалық.

Аталған қолжазбада дәстүрлі молдалар мен талантты шәкірт бала Бәһау-ед-дин арасындағы даулы ойлардың ерекше күрделі сипатын байқататын диалогтер келтіріледі. Ұстаздарының үстірт ойларына разы болмаған бала шәкірт дәрістен кетіп қалады... Оның түйінді сырлары жолда келе жатып жолығатын келбетті жанмен пікірлесуде ашылады...

– Ей, балақай, тоқта, айтатұғын бірнеше сөзім бар. Сол сөзімді іске асырсаң, Құдайды тауып аласың. Сосын амал қылмасаң, жолыңнан адасасың. Бұл шөлде бір бәлеге ұшырасасың. Өйткені талай жұрт бұл шөлде жолдан адасып, мақсатына жете алмай бәлеге ұшыраған-ды. Және кішкентай балаға бұл жолға жалғыз кірмегі жақсы болмас... (мәтін қысқартылды. – *З.Б.*) Енді саған кеңесім мынау: біршама жерге дейін менімен бірге жүр. Топырақ басқан көзің махаббат дариясының суымен жуылып, тозаңы кетіп нұрлансын. Шыдамсыз көңілің сұбхаттың қасиетінен тынышталсын. Сонан соң, шайқастың жарағын қолыңа алып, қай жерге барсаң да дұшпан саған зиян тигізе алмас. Өйткені соғыстың жарағы адамның қолында болса, дұшпан қарсы шыға алмайды, – деді.

Метафораларға толы сөздердің астарында діни танымға байланысты талай күрделі түсініктердің байланғаны анық. Бірақ мұны қазіргі заманауи ойлармен байланыстыруға да болады.

Түркі халықтарының батырлық эпостары мен кейбір ертегілерінде, қазақ эпостары мен кейбір ертегілерде де солай, басты қаһармандардың дүниеге келуі осындай табиған құбылыстармен байланыста көрсетіледі. Мына қиссада оған жолыққан әзірет Хожа Қызыр пайғамбар болатын.

Баһау-ед-дин оның қасында отыз жылдай еріп жүрді. Одан әріде мұсылман діни негіздерін көпшілікке уағыздай жеткізу үшін ол барша қиындыққа шыдап, төзімділік көрсетеді.

Жетінші бөлімдегі, (Шейх ғұлама Құтыбаз шежіресі), сегізінші бөлімдегі (Хожа Нәсір Саманидің шежіресі), Сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазының баянына – тоғызыншы бөлімге дейін осы үлгідегі гибратты хикая уағыздарға құрылған.

Әңгімелеу, баяндау стилі біркелкі дәстүрлі шежірелік баяндарға негізделетіндей. Өткен оқиғалар туралы тарих пен кезінде болған жайларды рет-ретімен әңгімелейді. Оларға қатысты көлденең қыстырма сөйлем, сөздер өте сирек ұшырасады. Аталатын әулиелер портреттері де біркелкі. Ислам мемлекетін орнату жолындағы батырлық пен ерліктерге толы әрекеттерге ғана көңіл аудартады. Олардың ішкі сезімдерін баяндауға ұмтылу аса байқалмайды.

Енді Сұлтан Сатұқ Бұғра ханға қатысты өның өмірбаяндық деректерінен маңызды мәліметтер беретін тоғызыншы бөлімге тоқталайық.

Көне қолжазбаларда «...кемел құдіретімен даналық кеңістігінде осындай шарапатты жанды (Сұлтан Сатұқ Бұғра ханды – З.Б.) жаратты. Оның дүниеге келуінің өзін өзгеше жағдайда болғанын көрсетеді:

«Әзіреті Сұлтан дүниеге келген күні Құдайдың әмірімен жер сондай қатты тебіренгенде сулар шықты. Бұлақтардың суы сылдырап ағып жатты. Қыстың күні еді. Гүлдер қауыз ашты. Хакімдер «киелі тағдыры» бойынша бұл сәби жаһангер болып, Мұхаммед дініне кіреді деп жорыды»

Алла (тағала) әзіреті пайғамбардың (с.ғ.с.) есіктерін ашушы болуды осы қадірменді заттың қолына тапсырды. Хақ тағала Әзіреті сұлтан бұл әлемге келмес бұрын бірнеше жыл

ілгеріде (оның) рухын Миғраж түні әзіреті Пайғамбар рухының қатарында көрсетті. Әзіреті Пайғамбар (с.ғ.с.):

«Бұл қай пайғамбардың рухы, мұнша ұлық дәрежеде Құдай Тағала жаратқан?» – деп әзіреті Жебірейілден (ғ.с.) сұрады? Жебірейіл (ғ.с.): «Әй Алланың елшісі, бұл ешбір пайғамбардың рухы емес. Сіздің үмметіңіздің рухы. Ол үмметіңіз сіз дүниеден өткен соң үш жүз отыз жыл өткен соң дүниеге келіп, Түркістан уәлаятында кәпірлерді (дінсіздерді – З.Б.) ислам дініне кіргізіп, Сіздің шарапатыңызды халық арасына әшкере қылады. Оның аты – Әзіреті Сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазы» деп жауап берді. Тағы әзіреті Пайғамбар (с.ғ.с.): Әй, Жебірейіл (ғ.с.), менің үмметімнің рухы пайғамбарлардың рухының қатарында жаратылуының себебі не екен? – деп сұрады. Әзіреті Жебірейіл: «Әй, Алланың Елшісі, екі себептен бұл үмметіңіздің рухын Құдай пайғамбарлар рухының қатарында жаратты. Бірі – Сіздің хикметіңізді халыққа жеткізуі болса, екінші себебі – кейбір мұсылмандар бар-жоғы екі кісіден артық кісіні мұсылман қыла алмай дүниеден өтті. Бірақ сіздің бұл үмметіңіз шексіз халықты исламға қауыштырып, адасудан тура жолға салады. Міне, осыған орай үмметіңіздің рухын Құдай Тағала пайғамбарлар (37-п.) рухының қатарында жаратты...» – деді.

...Арада көп заман өткенде Әзіреті Сұлтан қырық кісімен аңға шығады. Сонда жүріп Хожа Әбу Нәсір Саманиге жолығады. Әзірет Қожа Қызыр пайғамбардың өнегесімен және осы кісінің үйретуімен ислам дінін қабыл етеді. Бұл аралықта бірнеше мұғжиза-кереметке лайықты оқиға баяндалады. Жоғарыдағы кеңесте Сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазының ислам дінін таратушылар арасындағы еңбегінің ерекше зорлығын атап көрсетеді. (Оны баяндауды мақсат етпедік. – З.Б.)

«Тазкире-и Бұғра хан» шығармасының 30 шақты нұсқасы бар болғанымен, бұлардың көбі оның белгілі бөліктері тәрізді. Өзге де нұсқалары болуы мүмкін. Әрі олар толық емес. Кейбір бөліктері түсіп қалған, парақтары жыртылғандары, жоғалғандары да бар. Ал Қазақстанда сақталып табылған факсимиле нұсқасының мәні зор. Бұл қолжазба Ш. Уәлиханов Қашқариядан алып келген материалдардың арасында болған тәрізді. Шоканның өзі Қашқария сапары туралы есебінде:

«Из книг приобретенных мною в Кашгаре, ещё заслуживают внимание:

1. Тазкирия султан Сутук – Бугра хан газы» т.б. деп көрсетеді [5, 276].

Десе де Серікбай қазақ ғалымы алып келген қолжазба кітаптарының тағдыры әлі белгісіздеу, тиянақты жауап беруге әлі ерте деген пікірде. Алайда аса маңызды мәліметтің бірі – Шоқанның Сатұқ Бұғра хан қаза болған жылдарды көрсетуі: (1037-38 жж.). Зерттеуші «Тәзкира-и Сатұқ Бұғра хан газы» қолжазбасының авторы мен оның көшірушілері сонау X-XI ғасырлардағы түркі қағандарының тілінде, сол үлгіде жазылған деген пікір айтады. Оны Қашғар жерінен табылғандықтан, ұйғыр халқының мұрасы дегендер болды. Бірақ А. Мугиновтің бұл ойын В. Юдин сынды білікті мамандар теріске шығарады.

Қарахандар әулетінің тарихына қатысты дереккөздерді зерттеу жұмыстары да әлі бірізге түсе қойған жоқ. Бұл тарихты ертеректе В. Бартольд, К. Залеман, В. Григорьев, О. Притцак, т.б. Еуропа ғалымдары мен Аталай, И. Кафесоғлы, Р. Арат, Р. Генч, т.б. түрік зерттеушілері жеделдете қолға алып еді. Қазір саябырсып қалғандай. Өте сирек жарық көретін мақалалар жаңа мәлімет қосудан гөрі бұрынғыларды қайталау басым секілді.

Жалпы, «Тәзкире-и Бұғра хан» шығармасының белгілі бір бөліктері Орта ғасырдағы Шағатай әулетінің өкілі Моғұл билеушісі Әбді Рашид ханның рухани кеңесшісі Хожа Мұхаммед Шәріптің (1470-1563) қаламынан туғаны аңғарылады деген пікір бар. Серікбай Қосан да осы көзқарасты қолдайтындай.

Хожа Мұхаммед Шәріптің парсы тілінде жазылған «Тәзкире-и Бұғра хан» атты еңбегі кейін түркі тіліне аударылып, халық арасына кеңінен тарайды. Бірақ бұл бағытта әлі деректі материалдар, зерттеулер аз көрінеді. Мұнда көңіл аударатын біраз маңызды жай бар: 1. «Тәзкире-и Бұғра ханның» кіріспе және қорытынды бөліміне кірген шейх дәруіштер және олардың өмірбаяндық мәліметтері жайлы бөліктері Хожа Мұхаммед Шәріптің еңбегінің тікелей өзінен не түрікше аудармасынан алынғаны айқын емес.

«Ал Сұлтан Сатұқ Бұғра хан мен оның ұрпақтарының тәзкиресі XI ғасырдың оқымысты ғалымы Әбд-әл-Ғафирдің «Тарих-и Қашғар» шығармасынан бастау алатын ауызша және

жазбаша дерек-бұлақтарға негізделіп (үлгі ретінде алған. – З.Б.) жазылғаны ақиқаттан алшақ емес. Бірақ бұл да тек жеке пікір ретінде. Өйткені мұнда да ойланатын жайлар бар.

М. Шәріп «Тәзкирені» шамамен XVI ғасырда жазып отыр, ал Ә. Ғафирдің шығармасы – XI ғасырдың туындысы. Сонда арадағы төрт ғасыр көп емес пе?! Осы аралықта елдің көңілін аударардай жаңа шығарма жазылмаған ба деген сауалдың басы көрінеді.

Сонымен, ойымызды қорытындылай келгенде, Серікбай Қосанның «Тәзкира-и Сатұқ Бұғра хан газы» қолжазба-кітабының аудармасынан басталған пайымдауларымыз төмендегі пікірлерге әкелді. Ең алдымен, көне түркі жазуларымен бізге жеткен қолжазбаны оқу оңай дүние емес. Оны «ежіктеуге» араб тілінің маманы Серікбайдың өзі екі-үш жылын жұмсаған. Қазіргі қоғамдық санада, жастар арасында мақсатқа, атақ-абыройға тез жету трендіге айналған мына заманда жоғарыдағыдай «мәнсіздеу жұмыстарға» тәуекел ету уақыт талабын ұқпау болып шығады. Алайда қашан, қай заманда болса да ғылымға құмарлық – адам табиғатында ғайыптан пайда болатын сый. Оны ескермеу күнделікті күйбеңнен құтыла алмайтын енжарлыққа итермелейді. Серікбай Қосанды осы шырмауықтан құтылған санаулы ғалымның бірі десек болады. Алпыс асуың құтты болсын! Алда сені және өзіңмен пікірлес, үзеңгілес замандастарыңды талай қиын міндеттер күтіп тұр. Ғылым жолы бұралаң... Біз сендерге сенеміз!

#### **Әдебиеттер:**

1. «Тәзкире-и Бұғра-хан» (қазақша аудармасы, факсимиле). – Алматы: Толағай, 2007. – 288 бет.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 9-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2005. – 998 б.
3. Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 650 стр.
4. Мугинов А.М. Описание уйгурских рукописей института народов Азии. – М.: Изд. Восточ. Лит-ры, 1962. – 190 стр.
5. Валиханов Ч. Избранные произведения. – М.: Наука, 1987. – 414 стр.

**Н. АҚЫШ,**  
*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының бас ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының докторы*

## **ҒАЛЫМ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЕЛЕУЛІ ҚЫРЛАРЫ**

Кеңес дәуірінде қазақтың көптеген ақын-жыршылары, термешілері және басқа да өнер адамдарына зерттеу нысаны ретінде жете назар аударылған жоқ. Тіпті кейбір идеологтердің пікірінше, осы бағыттағы сөз шеберлері көңіл бөлуге де болуға жарамады. Оның жарамаған себебі – олардың шығармаларында буржуазияшылдық, ұлтшылдық сарын басым деген сылтаудың алдыңғы қатарға шығып кеткендігі.

Атап айтқанда, олар – Дулат Бабатайұлы, Әбубәкір Кердері, Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы және басқалары. Осы мәселеге жіті мән беріле бастағаны – Кеңес өкіметінің демократияға беті бұрған соңғы жылдары мен Тәуелсіздік кезеңінде. 1947 жылы Қазақстан Компартиясы, Орталық комитеті коммунистік идеологияны нығайта түсуге байланысты қаулы шығарған. Ол қаулыда жаңағы айтылған талант иелеріне «Феодалдық-реакциялық буржуазиялық-ұлтшылдық сарынындағы шығармаларды дүниеге әкелді. Оны бүгінгі Кеңес оқырмандарына оқытуға болмайды» деген сипаттағы шешімдер қабылданды.

Жоғарыда аталған тіпті аталмаған көркемсөз шеберлері осындай саяси айыптың салдарынан Кеңес оқырмандарына көп жылға дейін таныс бола қойған жоқ. Сондай назарға ұсыну жағы бәсең болып келген жыраулардың бірі – Балқы Базар, яғни Базар Оңдасынұлы болатын. Бұл кісі мейлінше ұлтын, халқын, дәстүрін жырына қосқан талант иелерінің қатарына жатады. Осындай ақын бар екендігін білгенімен, Кеңес оқырманы олардың шығармашылық мұрасымен түгел таныс бола қоймапты.

Серікбай Қылышбайұлы Қосановтың жасаған еңбектерінің бірі – осы Балқы Базардың жырларын түбегейлі зерттеу, яғни іргелі еңбекті жазу болды. Ол жыраудың өмірбаянынан бастап, оны алғаш кім деп атағандығы және қандай баға бергендігі

туралы да баяндай келіп, бүкіл шығармашылығын талдауды мақсат еткен.

Өз басым Балқы Базар мұрасының арасында терме-жырларын былай қойғанда, бірсыпыра эпостық шығармалары да бар екендігін осы Қосанов зерттеулері арқылы ести бастадым. Атап айтқанда, бұл өнер иесінің «Әмина қыз», «Айна-тарақ», «Жүсіп-Ахмет» сықылды сюжеттік туындылары бар екен. Бұлардың көбі тіпті оқырманды былай қойғанда, әдеби ортаға да таныс емес.

1962 жылы Әдебиет және өнер институты Балқы Базардың өлеңдерін бір жинаққа енгізген. Одан кейін «Үш ғасыр жырлайды» және «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарында да оның өлең-жырлары енгізілген.

Рас, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Шәрібек Алдашев, Ысқақ Дүйсенбаев және басқалары тиіп-қашып мақалалар жазған болатын. Ал Серікбай Қосанов одан әрі тереңдетіп, індете жазады, жан-жақты тексереді.

Жырау шығармашылығын жүйеге түсіріп, өзінен бұрынғы ғалымдардың сөздеріне сілтеме жасайды, жасап қана қоймай, ғылыми талдауларды одан әрі жетілдіре түсіреді. Іргелі талдаудың нысанына айналдырады. Осы зерттеу жұмысының нәтижесінде Балқы Базардың қандай ақын екені байқалады. Ол тек қана жыршы, термеші емес, айтыс ақыны да болған. Оның бір дәлелі – Айпара деген әйел ақынмен айтысуы. Зерттеуге қарағанда, ол кісімен бір емес, екі рет айтысқан сияқты. Екі ақынның бұл қақтығысын, негізінде, ақындар айтысына емес, қыз бен жігіт айтысына жатқызуға болатынына Серікбай Қосанов басымырақ мән берген екен.

Сонымен бірге Балқы Базар мен атақты Жамбыл ақын да айтысып қалғанын да біле бермейді екенбіз. Бұл жөнінде Жамбыл ақынның естеліктерінен үзіндіні келтіре отырып, зерттеуші ақынның өз аузынан айтылған әңгімелерін дерек етеді. Бұл арада Жамбыл ақынның мүмкіндігінше объективті сөйлеп, айтысқа жақсы баға бергеніне куә боламыз.

Мысалы, Жамбылдың тілге тиек еткен әңгімелерінің бірі – Түркістанға барған сапарында Майлықожа мен Балқы Базардың қалай кездескендігі жайында. Деректерде атақты Құлыншақ ақыннан «Шора батыр» деген жырды тыңдап, оны үйреніп алғанын айтады. Қосановтың пайымдауынша, Балқы Базардың өзінің

шығармашылығын осы Жамбылмен болған айтысы арқылы да кеңейте түскені анықталады.

Зерттеуші оның үйренген өлеңдерін көлденең тарта отырып, Базар жыраудан да Жамбылдың біраз нәрсені үйреніп, жадына тоқып алғанын көрсетеді. Автор тек қана Балқы Базардың жеке шығармашылығын зерттеумен шектеліп қалмайды, оны салыстыра отырып зерттейді. Өздеріңіз білесіздер, салыстыра зерттеу дегеніміз – ғылыми жұмыстардың қажетті атрибуттарының бірі.

Сол зерттеу-салыстырудың бір мысалы – Базар жырау шығармашылығын Шернияз Жарылғасұлының өлеңдерімен жарыстыра талдауы. Атақты фольклорист Әбубәкір Диваев 1920 жылы Сырдарияға экспедиция жасаған сапарында Қазалыда тұратын Амалдықұлы Жомарт деген молдадан Шернияз ақынның біраз өлеңін жазып алған екен. Қосановтың осы мәселені талдауы қызықты. Соңында ол халықтың Шернияздың сөзін үлгі қылып, Базар жыраудың да осал емес екендігін Диваевтың қалай келтіргендігіне тоқталады.

Серікбай Қосановтың жасаған салмақты жұмыстарының бірі – «Тәзкіре-и Бұғра хан» атты орта ғасырлық жәдігерді қазақ тіліне аударуы. Бұның бір ерекшелігі – түпнұсқадан тікелей қазақ тіліне аударылған. Бұл жәдігерде оныншы-он екінші ғасырлардағы алғаш түрік мұсылман мемлекетінің негізін қалаған Сұлтан Сатұқ Бұғра хан Ғазымен оның ұрпақтарының ислам дінін нығайту, түбі бір түркі мемлекеттерінің бірлігін күшейту жолындағы еңбегі баяндалады. Бұл, енді, бір қарағанда өмірбаяндық шығарма. Сонымен бірге онда түркі дүниесінде аттары мәлім тарихи тұлғалар – Қожа Ахмет Ясауи, Қожа Бәхәуәт-дин, Шейх Мұхаммедаттар, Саид И Жәлел-ед-дин Бағдади тәрізді әртүрлі қайраткерлердің өмірінен мағлұматтар берілген екен.

Мұндай шығарманың бар екендігін еліміздегі ғылыми орта бұрыннан білетін көрінеді. Бірақ оның қайдан іздеу керектігі туралы ойлары белгілі бір арнаға түспеген секілді. Өйткені бұл шығарманың аты тіпті бұрынғы ғалымдарға да таныс көрінеді. Мысалы, «Тәзкіре-и Бұғра хан» шығармасы жайындағы сөздер Ш. Уәлихановтың, В. Бартольттың ой-пікірлерінде бар. Басқалардың зерттеулерінде де аттары кездесуі мүмкін. Бұл өзі – ислам дінін тұңғыш қабылдаған Қарахан әулеті әміршілерімен, сол



дәуірдегі халықтардың өмірінен мағлұмат беретін жинақ. Тарихшылар үшін де, жалпы түрік жұртының, Ислам тарихының ерекшелігіне қызыққан зерттеушілерге құнды. Жинақты парақтап қарап отырсаң, мұның ішіндегі мәліметтер тек әдебиеттанушыларға немесе мәтінтанушыларға емес, тарихшыларға да керек екені байқалады. Өйткені бұл еңбекте тарихи деректер мол. Онда өлең шумақтары да кездеседі.

Мұнда сол құнды дүниені қазақ тіліне қотару жөнінде бұған дейін қолға алынбағаны таңғалдырады.

Міне, осынау жауапты іске зерттеуші, шығыстанушы Серікбай Қосанов батыл түрде кіріскен болатын. Солай екі жылдай отырып, осы еңбекті қазақшаға аударып шығыпты.

Әрине, бұл тәржіме жұмысы оңайға соқпаған. Өйткені, біріншіден, ескі түрік тілінен аудару керек және де ол кезде ол таза тіл емес, араб, парсы лексикасы, түрлі мәтіндер, парсы тіліндегі бәйіттер кездеседі екен. Ал енді осындай тілі күрделі тарихи шығарманы аудармашының тәржіме жасауға кірісуі, шын мәнінде, батылдық.

Негізінен қара сөзден тұрса да, өлеңдері парсы және түрік тілдерінде жазылған екен. Аудармашының анықтауынша, «Тәзкіре-и Бұғра хан» жинағының тілі орта ғасырлық түрік-қыпшақ тіліне жақындау көрінеді. Оның негізгі кейіпкерлері – Қарахан ислам мемлекетінің негізін қалаған түрік қағаны Сұлтан Сатұқ Бұғра хан Ғазымен оның ұрпақтары.

Жоғарыда айтқанымыздай, Шоқан Уәлиханов өзінің еңбектерінде атап өткен бұл шығарманың алдымен алдымен түпнұсқасын табу керек болған. Бұл бірсыпыра күрделі мәселе екені байқалады. Өйткені жекелеген бір шығарма зерттеушілердің кейбір зерттеулерінде аты аталады, кейбіреуінде үзінділері беріледі. Бірақ толық нұсқасын табу оңайшылыққа түспеген секілді.

Көбінесе Ресейдегі архивтерден іздеу керек деген ой келеді. Кезінде қазақ тарихшылары Ленинградтағы Азия халықтары институтының қызметкерлерімен бірігіп бір кітап құрастырады. Ол кітаптың аты – «XV-XVIII ғасырларда Қазақ хандығының тарихы бойынша материалдар» деп аталады екен. Бірақ осы кітапта біраз нәрсе көрсетілген. Сілтемеде «Тәзкіре-и Бұғра хан» кітабына да жасалыпты. Ол сілтеме бойынша бұл қолжазба Ленинградтағы қолжазба деректер қорында сақталған деректер-

дің көшірмесі деген дерек бар. Сонымен, ізді қуалай отырып, қолжазбаның ғылыми сипаттамасы енген еңбектер айтылған көрінеді. Ғылыми деректердің авторы – А. Мугинов деген ғалым.

Міне, аудармашыға жәрдем жасаған – осы еңбек. Осылай іздеп жүріп, ғалым аталған еңбектің факсимилесінде тапқан. Оның орналастыру ретіне зер салған.

Бірақ, ақыры, өзіміздің Ұлттық кітапханадан көшірмесі табылып, сол жұмысты атқаруға, алып шығуға Серікбай Қосанов тәуекел етеді. Міне, осындай жағдайда «Тәзкире-и Бұғра ханның» толық тәржімесі қазақ оқырманының қолына тиді. Тек қана тиіп қоймай, ғалымдардың назарын аударып, сол замандағы Қарахан әулетінің жағдайымен танысуға мүмкіндік туады, сондағы ірі тұлғалармен танысуға, замана рухы да анық көрсетілген, түрлі деректер мен пайымдаулар да көрсетілген.

Міне, осындай күрделі істі Серікбай Қосановтың абыроймен атқарып шыққаны қуантады. Жалпы, бұл орта ғасыр мұраларын зерттеушілер үшін айтарлықтай жаңалық еді. Бірақ осындай аударма жарық көріпті ғой деп елең ете қалған ғалымдар аз. Әдетте, ұсақ нәрсеге мән беріп жүретін журналистер де үнсіз қалған екен.

***Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ,**  
ҚР ҰҒА академигі, филология  
ғылымдарының докторы, профессор*

## **АНА ТІЛІН АРДАҚТАҒАН АҚЫН**

Біздің буын да алпыстың ауылына жетіп, ат шалдырып жатыр. Солардың бірі бізбен сонау 80-жылдардың ортасында студенттік шақтың қара нанын бөліп жеп, бірер жыл жатақхананың бір бөлмесінде бірге тұрған, бес жыл бірге оқыған құрдасымыз – Серікбай Қылышбайұлы Қосанов.

Ол 1964 жылы 2 қыргүйекте Қызылорда облысының Арал ауданына қарасты Авань деген балықшылар ауылында дүниеге келіп, сол жердегі онжылдық мектепте оқыған. Секең мектеп бітіре салып ҚазҰУ-дың филология факультетіне тура тартып жетіп келген жоқ. 1981 жылы онжылдықты аяқтаған соң туған

ауылында түйеші болады. Содан кейін түйенің де, биенің де, жылқы мен сиырдың да, қой мен ешкінің де қайдан шығып, қалай тіршілік ететінін ғылыми тұрғыдан терең танып білмек болып, 1982 жылы Алматы зооинженерлік-малдәрігерлік институтының зооинженерлік факультетіне оқуға түседі.

Бір жыл оқығаннан кейін әскерге алынып, 1983-1985 жылдары Отан алдындағы борышын өтейді. Әскерде жүргенде қиялы жүйрік талапты жас төрт түліктің түбін түгендеуден гөрі сөз сырына қызығып, әдебиет әлеміне аңсары ауа береді. Бұл оның жүрек түкпіріндегі шын қалауы еді. Бала күнінен келе жатқан тіл мен әдебиетке деген құмарлығы оны АЗВИ-ден алыстатып, ҚазГУ-ге (Қазіргі ҚазҰУ-ға) жетелеп келді. Сөйтіп, 1986 жылы С.М. Киров атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетіне оқуға түсіп, 1991 жылы қазақ тілі мен әдебиеті және араб тілінің оқытушысы деген мамандық алып шықты. Одан кейінгі отыз жылдан астам уақытын Серікбай құрдас әдебиетке, ғылымға арнады. Ол еңбек жолын 1991 жылы Қазақ қыздар мемлекеттік институтының қазақ тілі кафедрасында оқытушы болып бастады.

1998 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба және текстология бөліміне кіші ғылыми қызметкер болып қабылданып, содан 2017 жылға дейін жиырма жылдай табан аудармай осы институтта қызмет етті. 2004-2006 жылдары «Ежелгі дәуір әдебиеті» бөлімінде ғылыми қызметкер, 2006 жылдың қыргүйегінен бастап, институттың бас ғылыми қызметкері, әрі «Қолжазба және электронды жүйелеу» бөлімінің меңгерушісі болды. 2010-2017 жылдары «Ежелгі және орта ғасыр әдебиеті» бөлімін басқарады.

2005 жылы Серікбай осы институт қабырғасында жүргенде «Базар жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы (Ақындық дәстүр, жанр, поэтика)» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. «Көне түркі дәуіріндегі және орта ғасырлардағы әдебиет» атты ғылыми жобаға қатысты. Сонымен қатар «Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік идеясы мәселелері» атты жобаға (2009-2011) жетекшілік жасады. Институтта қызмет еткен жылдары ол атқарған маңызды істің бірі – 100 томнан тұратын «Бабалар сөзі» атты іргелі еңбектің 25-63-томдарының жауапты редакторы болуы.

Серікбай Қосанов 2020 жылы осыдан отыз жыл бұрын жас түлек болып түлеп ұшқан ұясы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне тәжірибелі ұстаз, ғалым болып қайта оралды. Ол – қазір ұстаздық пен ғалымдықтың тізгінін тең ұстаған филология факультетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті.

Көпшілік, ғылыми қауым Серікбай Қосановты, негізінен, әдебиетші, орта ғасыр әдебиетін, жыраулар мұрасын зерттеген маман ретінде жақсы біледі. Солай екені рас. Бірақ оның тілге қатысты еңбектері мен педагогтік қызметі де назардан тыс қалмауға тиіс. Бүгінгі әдебиетші ғалым «Ясауи хикметтеріндегі араб-парсы сөздерінің қолдану функциялары» деген тақырыпта диплом жұмысын жазды. Еңбек жолын Қазақ қыздар мемлекеттік институтының қазақ тілі кафедрасының оқытушысы болып бастаған ол, осы оқу орнында практикалық қазақ тілі, тарихи грамматика, әдеби тіл пәндерінен сабақ берді. «Ана тілі», «Өркен» газеттерінде және ғылыми журналдарда тілге қатысты мақалалар жариялады. Әсіресе оның сөз төркінін зерттеуге арналған мақалаларында бірқатар төл сөздеріміз бен тіліміздегі кірме атаулардың мағынасы анықталып, этимологиясы нақтыланды. Ол ғылымдағы алғашқы ізденісін XIV ғасырдағы авторы белгісіз қыпшақ сөздігінің аудармасы мен лексикасын зерттеуден бастап, 90-жылдардың аяғына қарай М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жұмысқа тұрғаннан кейін біржола әдебиеттануға бет бұрды.

Негізгі ғылыми-зерттеу еңбектерін әдебиет саласы бойынша жазғандықтан, оның бұл бағыттағы ғылыми мақалалары мен ғылыми монографиялары – өз алдына бір төбе. Бұл бағыттағы зерттеулері жөнінде әдебиеттанушы әріптестері тарапынан жан-жақты зерделенер деп білеміз.

Осы уақытқа дейін Серікбай Қосановтың бірнеше өлеңдер жинағы жарық көрді. Өлеңдері республикалық басылымдарда жарияланғанып тұрды. Ол ақын ретінде де көпке жақсы таныс. Оның «Адымда, Арал» деген алғашқы өлеңі 1982 жылы Арал аудандық «Толқын» газетінде жарық көрсе, кейін жазған жырлары әр жылдары «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Жас Алаш» газеттері мен «Таң-Шолпан», «Мұқағали» журналдарында басылды. 1997 жылы «Аралды аңсау», 2007 жылы «Жүрегімде

жүз өлең» атты екі жыр жинағы көпшілік қолына тиді. Бірнеше өлеңі ұжымдық жыр жинақтарына енді. Сондықтан Серікбай шығармашылығының бұл қыры да ақындар мен әдебиетшілер тарапынан әлі де талданып, өз бағасын алатынына сенімдіміз.

Біз тіл маманы ретінде құрдас, замандас қалам иесінің тіл жайында жазған бірнеше өлеңіне тоқталсақ дейміз. С. Қосанов шығармашылығының әр кезеңінде тіл туралы «Ана тіліме», «Айтсам тағы», «Менің тілім», «Ана тілінің ақырғы аманаты» сияқты бірнеше өлең жазды. Ол – қатардағы тіл тұтынушысы емес, жоғары білімді филолог, тіл-әдебиет мәселелерін арнайы зерттеуші кәсіби маман, әдебиеттанушы ғалым. Сондықтан ол тілдің адам өміріндегі алатын орнын, тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі коммуникативтік, танымдық (когнитивтік) және адамзат білімі мен өмірлік тәжірибесін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын жинақтауыштық (аккумулятивтік) қызметін терең түсінеді. Соның бәрін терең түсінгендіктен де, ол тіл жайында жай алаңдаушылық білдіріп, жанашырлық танытып қана қоймай, мәселенің мәнісін ғылыми тұрғыдан пайымдай алатын, іштен білетін кәсіби маман ретінде айтар ойын әріден қозғап, тереңнен толғайды.

Мәселен, «Ана тіліме» атты өлеңінде автор қазақ тілінің ХІХ-ХХ ғасырлардағы жай-күйін, даму жолындағы кедергілерін Махамбет, Абай, Жамбыл, Ахмет, Мағжан, Міржақып, Біржан, Ілияс, Бейімбет, Сәкен сияқты ұлт тұлғаларының тағдырымен, бастан кешкен қиындықтарымен байланыстыра, қабыстыра суреттейді. Алаш қайраткерлері өмір сүрген кезеңдегі тілдің жайын ол:

«Айтпайсың деп, жетпейсің деп қыстапты,  
Аңқау елің жауға талай ұстатты.  
Ахметпен, Міржақыппен, Мағжанмен,  
Абақтыда бірге сені ұстатты», –

деп сипаттайды. Автор ұлтының көрнекті тұлғаларына қорған бола алмаған жұрты, солармен бірге тілінің де қолданысын шектеп, өрісі тарылуына жол берді деп санайды. Одан әрі:

«Қайран елің иттері көп қабаған,  
Абалайды алғанда жау жағадан.

Махамбетпен бірге сені өлтіріп,  
Біржанменен қоса байлап сабаған», –

деп ақыны мен салын сақтай алмай, жауға жақтасқандарға,  
дұшпанға қосыла тас атқандарға кінә арта келіп автор өлеңін  
былай түйіндейді:

«Бар байлығың бағаланып, байқалмай,  
Бәйтерегім, тұрсың неге жайқалмай?  
Күмілжиді кейіншектеп ұлдарың,  
Аталы сөз айтар жерде айта алмай!...».

Өлеңнің алдыңғы шумақтарында қазақтың өз еркі өзінде  
болмаған тұсындағы ұлт тілінің күйі күйінішпен суреттелсе,  
соңғы шумақта оның қазіргі қалпына баға беріледі. Көне тарихы  
бар бай тілдің кең қанат жаймай тұрғанын айта отырып, бүгін  
оған қорған болатын қайсар ұлдар болмай тұр дейді. Бұл қазіргі  
тілдік ахуалға, ел азаматтарына автор тарапынан берілген баға  
іспетті.

Біздің пайымдауымызша, бұл өлең ертеректе, автордың  
жастау кезінде жазылған сияқты. Ал онымен салыстырғанда  
«Айтсам тағы...» деген өлеңіндегі астарлы ой, теңеу мен  
бейнелілік едәуір арта түскен.

«Айтсам тағы жылайсың-ау тілінді,  
Тілі шықпай жүрген жалғыз ұлыңды.  
Орыс тілі озып төрге білімді,  
Қазақ тілі шығарып жүр күлінді».

Автор ұлт тілі өркен жаятын тілдік ортаның, ұлттық  
намыстың жоқтығынан, басқа тілде сөйлейтін ұл өсіріп отырған  
ата-ананың мүшкіл халі мен қазақ және орыс тілдерінің  
қоғамдағы орнын, қолданысын, атқаратын қызметін салыстыра-  
салғастыра сипаттаудан бастай келіп:

«Бүйте берсе шығармайды дымынды,  
(Бұл екеуі биедей-ақ құлынды)  
«Бие арықтап кетер» деген билердің  
Пышағына құлын байғұс ілінді», –

деп бір қайырады.

Бұл шумақта қазақ-орыс қостілділігі бейнеленеді. Құлынды биедей жұбы жазылмай қосақталып, екі тіл қатар жүрген қостілділік жағдайындағы қазақ тілі енесіне ерген «құлын» бейнесінде беріледі. «Бие арықтап кетер» деген билердің, Пышағына құлын байғұс ілінді» деген жолдар арқылы автор құзырлылардың үстем тіл мүддесін қорғап, қазақ тілінің құқын шектеп отырғанын астарлап жеткізеді.

Ақынның «Ана тілінің ақырғы аманаты» атты өлеңіндегі айтар ойы да, осы ой-тұжырымымен үндесіп жатыр. Онда:

«Үш тіл ұшып: аққу, шортан, шаяндай,  
Қалар ма екем, қанатымды жая алмай?  
Ана тілін, ата рухын ту етіп,  
Алаш ұлы, ұмтылсаңшы аянбай!» –

деген жолдар бар.

Алдыңғы өлеңде авторды қостілділік алаңдатса, мұнда оны үштілділік, «үш тұғырлы тіл» жайы толғантады. Қазақстанның тілдік кеңістігіндегі қазақ, ағылшын, орыс тілдерінің қатар қолданысы жағдайында қазақ тілі тағы тасада қалып, қолданыс аясы кеңімей қалады-ау деген алаң көңіл бар.

Қалам иесі бұл өлеңде тіл саясаты мен тілдік заңнаманы, құзырлы мекемелер мен тұлғаларды да ащы сынға ала келіп, ойын былай түйіндейді:

«Түс майданға – тілің үшін тартынба,  
Топқа түссең, шарболаттай жарқылда.  
Сонда ғана қазақ атың сақталып,  
Ана тілің қалар мәңгі артында!»

Тілдердің бір-бірімен байланысы, бір-біріне ілгері-кейінді ықпалы еш толастамайтыны сияқты олардың арасындағы өзара бәсеке, қолданыс кеңістігін кеңейтуге деген ұмтылыс, талас-тартыс та ешқашан тоқтамайды. Бұл бәсекеде экономика, ғылым-білім, технология мен мәдениет жағынан озық тұрған жұрттардың ұтары анық. «Тіл майданы» деген тіркес тілдер арасындағы сол бітпейтін бәсекені білдіреді. С. Қосанның осы майданда білім мен қажыр-қайратты қатар жұмсай отырып ана тілімізді арғы

ұрпаққа аманаттап кету парыз деген азаматтық үні анық шығып тұр.

С. Қосанның тіл туралы өлеңдерінің бірі «Менің тілім» деп аталады. Бұл өлеңді ақынның нағыз рухты жыры деуге болады. Өлеңнің толық мәтіні мынадай:

Менің тілім – қалған мұра сақтардан,  
Сан ғасырдың сарайында сақталған.  
Менің тілім – күдіретті ғұн тілі,  
Сарматтардың санасында жатталған.

Менің тілім – көне тілі түркінің,  
Талай тілдің бүтіндеген жыртығын.  
Менің тілім – ана тілі Қыпшақтың,  
Ана тілі Алтын Орда жұртының.

Менің тілім – Күлтегінді сөйлеткен,  
Ер Еділге екі жұртты билеткен.  
Тұмар қызды таңдайынан жаратып,  
Тұранға да, Иранға да сыйлы еткен.

Менің тілім Мысырда да маңызды,  
Бейбарыстың тілінен бал тамызды.  
Шамда жүрген шайқылардан сұрасаң,  
Айтар саған талай сырлы аңызды.

Менің тілім алты алашқа дем берген,  
Әбу Насыр, Махмұд, Жүсіп меңгерген.  
Еуропада «Кодекс» деп қадірлеп,  
Неміс, испан, ағылшынмен тең көрген.

Менің тілім – Қап тауында құрметті,  
Құмық, ноғай, қарашайлар – міндетті!  
Өзбек, қырғыз, татар, башқұрт – бәрі де,  
Баба тілдің болашағын нұрлы етті.

Менің тілім – Түркістанның тұғыры,  
Мәңгі өшпейтін тұлпарлардың дүбірі.  
Мен барымда, сен барында, бауырым,  
Ана тілдің ұзақ болсын ғұмыры!

Бұл өлеңде сонау сақ, ғұн, сарматтар дәуірінен бастап, көк түріктер заманында, орта ғасырларда Алтын Орда тұсында дәуірлеген, Қыпшақ даласында өркен жайған тіліміздің тарихы түгел



суреттеле келіп, тамыры тереңде жатқан баба тілдің болашағы зор болсын деген тілекпен ой тұжырымдалады. Қазақ тілінің сан ғасырлық бай тарихы асқақ рухпен баяндалуымен қатар, оның мұрагерлеріне аманат айтылады.

С. Қосан өлеңдерінің көркемдік қырын, кестелі сөз өрнегін, образ-бейнелерін әдебиетші мамандар мен ақындар терең талдай жағар. Біз замандастың тілге қатысты туындыларын бір жағынан зерттеуші рецепциясы тұрғысынан сипатпай отырып, екінші жағынан ақын өлеңінің интеллектуальдық қыры мен лингво-когнитивтік табиғатына көбірек тоқталдық. Оның өлеңінің осы қыры біздің назарымызды ерекше аударды.

Өлең авторының тіл туралы қай өлеңін алып қарасақ та, оның ұлт мәдениетінің арғы-бергі тарихын, қазақ тілінің сан ғасырлық даму жолын барынша қамтуды мақсат ететін кәсіби білім иесі екенін көруге болады. Сондықтан да оның өлеңі өрелі, пайымы терең, тынысы кең. Сондай кең тынысты филолог ғалымның жиған-терген білімін, күйініш-сүйінішін, ішкі толғаныстарын қалың жұртқа өлең арқылы жеткізуі де оның шығармашылық иесі ретіндегі ерекше қыры деп білеміз. Ол бізге кәсіби білім мен ғылыми тұжырымдарын жыр қалыбына салып, ғылыми қауым шеңберімен ғана шектелмей қалың жұрттың жүрегіне жол тауып, көпке ой тастағысы келген шығармашыл жан болып көрінеді. Түйдек-түйдек ой айтумен қатар, ақын тіл саясатындағы түйткілдерді, шешімін таппаған мәселелерді де ашық айтуды өзіне міндет санайды. Азаматтық үнін білдіреді.

Алпыстың ауылына әркім әртүрлі келеді. Біреу бұл ауылға аты арып, тоны тозып әрең жетеді. Біздің құрдас ол санатқа жатпайды. Ал енді біреу қыруар іс тындырып, қоржыны тоқ, аяғын нық басып, олжалы жетеді. Біздің Секең бұл белеске солай жетті. Оның үздіксіз ізденістері мен кәсіп жолындағы тынымсыз еңбегі арқылы жиған мол тәжірибесі алдағы сапарында да ұлт руханиятына, қазақтың әдебиеті мен тіліне қомақты үлес қосуға қызмет ете береріне сенеміз. Алпыстың ауылына аз ғана ат шалдырып, айналаға көз тастап ал да, алдағы ұзақ сапарларға қажымай-талмай тарта бер, әдебиеттің еңбек торысы Серікбай ғалым, Серікбай сері.

*Тыныштық ЕРМЕКОВА,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық  
университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

## **КЕРУЕН ШАҢЫНДАҒЫ АЛТЫН**

*Шыңдарға биік талпындым,  
Шыға алмай, әттең, алқындым.  
Шығыстан шыққан керуеннің  
Шаңында қалған алтынмын.*  
**Серікбай Қосан**

Жантану ілімінде «контраст эффектісі» деген ұғым бар. Мерейтой иесі Серікбай Қосанның өмір жолымен танысқан адам еріксіз бас шайқап, таңдай қағарлықтай біраз контрастарға тап болады: балықшы аулында дүниеге келіп, түйеші боп еңбек жолын бастаған; жоғары білім алуды малдәрігерлік-зоотехникалық институтынан бастап, ҚазМУ-дің шығыстану факультетінен тамамдаған; бүгінгі ғылымдағы үзеңгілестері қазақ тілі мен әдебиетін тандаса, ол араб тілінен маманданған; ғылыми жұмысын лингвистикадан бастағанмен, әдебиет ауылын маңайлаған... Өмір жолындағы мұндай штрихтар кейіпкердің жеңілді жол деп санамайтын, таптаурын сүрлеумен жүруді қаламайтын, мехнатты болса да ләззатты, ауыр болса да ғибратты жол іздеген «жиһангерлігінен» хабар береді. Бұл – өмір жолын таңдарда хакім Абай айтқан «ақыл, қайрат, жүректі» бірдей ұстай жол табу жолындағы ішкі арпалысымен «басын тауға да, тасқа да соққан», от басып, су кешкен жанкештіліктің белгісі. Әйтпесе Алла берген «қиынды қиыстыратын» ақындығымен-ақ нан табуына да болар еді. Әйтсе де Сыр сүлейлерінің шежірелі жырлары талапты жанды формадан гөрі мазмұнға, жаңадан гөрі көнеге көбірек тартқанға ұқсайды. Университет бітірген бойда орта ғасыр ескерткіштері бойынша құрсауы да, тұмсауы да мығым Кеңестер Одағы тұсында-ақ есімі алыс-жақын шетелге танымал профессор Әбжан Құрышжанұлының жетекшілігімен тақырып бекітті. Ағайдың қазыналы қоржынындағы ескерткіштер тілін зерттеуге бел буды.

Тіл білімін қаламағандығынан ба, басшылардың бағаламағандығынан ба әлде табиғатына жат алдыңғы буынды ағаламағандығынан ба, білмедім, жеті жыл дегенде ауысып кетті. Қызығы көп қызды ауылда әсерленбеді десем өтірік, бірақ есерленбеді. Ұстазы Әбжан Құрышжан және оның шәкірттері Сержан Дүйсен, Серікбай Қосан, Әділбек Ташау – төртеуі ЖенПИ-де түркологияның туын желбіретті. Кішігірім «Қыпшақия қағандығы» құрылғандай еді...

Неге екенін білмедім, сол қағандық ыдырып, үш жігіт үш жаққа кетті. Әділбек Астанаға қоныс аударса, қос Секең Алматыда қалды, әсіресе қос Секең, қалай дегенмен де ұстазынан көнеліктің көсеуін ұстай кеткені анық. Алысқа ұзап кетпеді. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба және текстология бөліміне орналасты. Осы ұжымда маман ретінде де, ғалым ретінде шыңдалды, «Базар жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы (Ақындық дәстүр, жанр, поэтика)» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. «Жыраулардың жампозы» атанып, «Аузынан шыққан лебізі Қазақты сүттей ұйытқан» Базар жырау мұрасына әдеби-композициялық талдаумен шектеліп қалмады, архив қойнауынан көпке белгісіз нұсқаларын іздеп тауып, халқымен қайта қауыштырды, жырау поэзиясының жанры мен поэтикасы туралы тың тұжырымдар жасады.

Көне дәуір мұраларын құныға, індетте зерттеді. Әдебиет институтындағы мықты текстолог алдыңғы буын ағаларының мектебінен өтті. Аз жылда әйгілі ғалымдармен терезесі тең, ғылыми полемикаға түсе алатын мықты зерттеушіге айналды. «Көне түркі дәуіріндегі және орта ғасырлардағы әдебиет», «Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік идеясы мәселелері», т.т. зерттеу жобаларына орындаушы ретінде де, жетекші ретінде де атсалысты. Әсіресе «Бабалар сөзі» 100 томдық сериясының 25-63 томдар аралығында жауапты редактор қызметін атқарып, 7 жыл «Ежелгі және орта ғасыр әдебиеті» бөлімін басқарады. Осылайша өзінің «Шама» өлеңінде айтқандай, «шығыстан шыққан керуеннің шаңының» ішінде жүріп, батыстық өркениетке оппозиция ретінде түркі жұртының жауһарларын төге алатын, бүгінгілер түсіне бермейтін көне жазулардың көбесін сөге алатын алтынға айналды.

Бір жиында айтқаным бар еді: «қазір филологтер бір тілді ол – әдебиетші, ол – тілші деп бөліп, ортасына Қытай қорғанын тұрғызбағанмен, соған пара-пар шегара белгілеп зерттеуге көшкен...». Секең бұл қағидатты да бұза білген, әсіресе зерттеу әдісі тарих, тіл, әдебиет синергиясына негізделген түркі жәдігерлерімен түбегейлі айналысуға бет бұрды. X–XII ғасырлардағы алғашқы түркі-мұсылман мемлекетінің негізін қалаған сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазы мен оның ұрпақтарының ислам дінін нығайту, түркі тілдес елдердің бірлігін күшейту жолындағы жанқиярлық күрес-жорықтары баяндалатын «Тәзкире-и Бұғра хан» шығармасын тәржімеледі. Кезінде Ш. Уәлиханов, В. Бартольд, Қ. Халидұлы сынды білімпаздар атап өткен бұл шығармаға кейінгі буыннан ешкім назар аудармағанына, Орта Азия, Қытай, Ресей елдерінің мұрағаттарында бірнеше көшірмесі сақталған ғажайып ескерткіштің әлі күнге шейін ешбір тілге аударылмағанына, әсіресе тарихшыларға қарата ренішін бүгіп қалмайды. Құдды барлаудағы із кесушідей ескерткіштің ізін іздейді. Ыбырай атамыз жазып, бала-шағамыз жатқа айтатын «Оқысаңыз, балалар, // Шамнан шырақ жағылар, // Тілегенің алдыңнан // Іздемей-ақ табылардың» өзі болады. Іздеген құжат иек астында, Алматыдағы Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында сақталып келген екен. Секең оны іздеген, тапқан, бар ынтасын салып, екі жылдай уақытта қазақша сөйлеткен.

Секеңнің үлесі – аудармадан аудару емес, түпнұсқадан, көне түркі тілінен тікелей тәржімелеуінде, айтуға оңай болғанмен, бұл – мехнатты жұмыс. Әсіресе күні кешегі Ахмет атаның әліпбиімен жазылған еңбекті түпнұсқадан оқи алмайтын ұрпақ үшін бұл – тіпті ерлік! Осылайша, «Тәзкире-и Бұғра хан» тәржімесі отандық түркітану, шығыстану, исламтану, тарих және пәлсапа ғылымдары үшін тың нысан, соны жаңалық боп енді. Осы кітаптың маңызы туралы тәржімешіміз былай дейді: «Түркілер тарихы мен мәдениетінде Сұлтан Сатұқ Бұра хан мен оның ұрпақтары билеген кезеңнің маңызы өте зор. Қарахан мемлекетінің тұсында әлемдік ақыл-ойдың маржаны саналған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», түркі халқынан шыққан тұңғыш энциклопедист-ғалым Махмұт Қашқаридің «Түркі сөздерінің жинағы», Ахмет Жүйнекидің «Ақиқат сыйы», әйгілі Түркістан пірі, ғұлама әрі ақын Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауидің

«Хикметтері» дүниеге келді. Түркі дүниесінің төрт дінгегіне айналған осынау ғажайып туындылардың құт-мекені, киелі, қонысы, қасиетті ордасы һәм сәулетті сарайлар мен мазарлар салдырған дәулетті қағандарымыздың өткен дәуренін зерттеу мен зерделеу – қазақ ұлтының да мәңгілік борышы. Біздің келешек ұрпақтарымыз сонау Қашқар уәлаятының Артыш кентінің түбінде күмбесін күн сүйіп жатқан Әзіреті Сұлтан Сатұқ Бұғра хан мен түмен бабтың ордасы, қазақ халқының рухани байтағы Түркістанда маңдайын көкке тіреген маңғаз мазардың иесі, иісі түркінің киесі Әзіреті Сұлтан Ахмет Ясауи арасын жалғайтын алтын жүлгелердің құпиясын құмарта оқып, үйренуі тиіс. Сол асылымыздың сынығы, мәңгілік құндылықтардың мәйегі, мәдени мұрамыздың ең мәндісі назарларыңызға ұсынылып отырған – «Тәзкіре-и Бұғра хан», – деп бүгінгі және кейінгі ұрпаққа аманаттайды. Бұл да – ғалымның ғылымға, бабалар мұрасына деген шексіз іңкәрлігін айғақтайтын факт. Өйткені тарихи жәдігерлер – құнды ақпарат көзі. Өкінішке қарай, жазуды ауыстыру, түрлі тарихи оқиғалар мен саяси жағдаяттар бүгінгі ұрпақтың тарихи жадын күңгірттеуге тырысып баққаны өз «жемісін» бергенін жасыра алмаймыз. Ал технология дамыған, гаджетке байланған, жасанды интелектімен жұмыс жасайтын ұрпаққа мұндай тақырыптар қызықтыра алар ма екен деген сұрақтың жауабына үміттен гөрі күдікпен қарайтынымыз да жасырын емес.

Жасанды интелект демекші, осы Chat GPT-ге біздің Секеңді, «Тәзкіре-и Бұғра хан» шығармасын білер ме екен деп сұрақ қойдым. GPT-ім әп сәтте шығарманың қысқаша тарихы мен мазмұнын жазып берді. Орфографиялық қателері болмаса, жауап мазмұны дұрыс. Екінші сұрақ қойдым:

- Бұл шығарманы қазақшаға кім тәржімеледі?
- Белгілі ғалым, шығыстанушы Сейтқали Дүйсен.
- Серікбай Қосан емес пе?
- Иә, дұрыс айтасыз. Серікбай Қосан.

Содан бір сағат басқа жұмыстармен айналысып келіп, соңғы сұрағымды қайта қойдым. Бұл жолы дұрыс жауап берді. Мынау – Chat GPT екеуміздің диалогіміздің соңы:

Chat GPT адам емес, қате ақпараттарға да жол береді. Бірақ ақпараттарды түзеу мүмкіндігі бар екен. Мұны беріп отырған себебім адам интелектісінің күші жете бермейтін мәселелерді

шеше алатындай үлкен әлеуетке ие жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қарапайым адамдар тұрмақ, кез келген ғалымның тісі бата бермейтін мұндай қазыналарымызды жастар оңай әрі қызыға игеретіндей дәрежеге жетуіміз керек. Секендей шебер тәржімеші болып кетпегенмен, талайдың сана-сына сәуле шашатыны анық.

Секеңнің құстың қос қанаты іспетті әдебиет пен тілді қатар алып жүргендігін дәлелдей түсетін бірнеше мақаласы бар. Оның бір-екеуіне қысқаша тоқтала кетуді жөн көрдік. «Есімнама ілімінің кейбір мәселелері» деп аталатын мақалада тіл біліміндегі жалқы есімдерді зерттейтін ономастика саласына қатысты пікірлерін ғасырлар қойнауынан тарта талдайды. «Ономастика» деген жаттілдік терминнің морфологиялық құрамын, әр сыңарының этимологиясын талдай келе, бұл терминге балама ретінде «есімнама» терминінің ұсынып, оны уәждейді: «... «онома» гректің «есім, ат» деген ұғымдағы сөзінен алынған болса, «нама» сөзі орта ғасырдағы қазақ тілінде және жеке шығармалардың атауының соңына жалғанып жазылатын болған. Мәселен, «Мұхаббатнама», «Жаһаннама», «Шаһнама», «Фибратнама», «Ескендірнама» т.с.с. Әсіресе шағатай, оғыз, қыпшақ тіліндегі кей диалектілерде «нам» – кісі есіміне қатысты айтылады». Бірақ автор ұсынған бұл термин қазір «персоналия» деген ұғымның баламасы ретінде тілімізге өткен ғасырдың соңғы ширегінде-ақ еніп кеткен еді. Осы персоналия мен ономастика терминдерінің қайсысының «есімнама» атауына мағыналық жақындығы басымдығын терминологтердің еншісіне қалдырдық.

Осы еңбегінде орта ғасырда өмір сүрген Махмуд Қашқари, Әбу-Райхан Бируни, Ибн Батута, Якут, Ибн Сина, Мұхамед Хайдар Дулати, Захаридин Бабыр, Ұлықбектің шығармаларынан мысалдар келтіріп, Арал, Қуаңдария, Балқан, Мұғалжар, Алатау сияқты топонимдерді түсіндірудегі жаңсақ көзқарастарды сынайды. Айталық, жер-су атауларының тарихи-әлеуметтік немесе мифологиялық жақтарын, жергілікті халық аңыздары мен фольклорлық шығармалардың деректерін, өткен ғасырдағы баспасөздерде берілген атауларды ескермеу, географиялық бедер мен мекеннің атауын шатастыру, т.т. сол сияқты маңызды факторларды ескермеуден кеткен қателіктерді сынай отырып, «топонимдердің тасасында маңызды тарихи оқиғалар, көне мифтік

аңыздарға бай фольклорлық мұраларда жасырынып жататындығына» зерттеушілердің назарын аударады. Расында да, Балқан топонимінің түсіндірмесін беруде еуропалық Балқан тауы мен Балқан шығанағы туралы түсінік беріп, өзіміздің Каспий теңізінің жағалауындағы Балқан шығанағын немесе қазақтар мен түрікмендердің бір кездері қатар қонған құтты мекені – Балқан тауын ескермеу бұл саланы зерттеушілер тарапынан кеткен ағаттық екеніне дау жоқ. Ғалым осы мақаласында ғимараттарға, мекемелерге атау қоюда соңғы жылдары үрдіске айналып бара жатқан лингвоэкология мәселесін де орынды көтереді.

Мемлекеттік тілдің шын жанашыры ретінде С. Қосан – мерзімді басылымдар мен әлеуметтік желілерде белсенді үн қосатын патриот. Қалыпты жағдайда өте ұстамды, сарытап сабыр иесі Секең оқырманға әсер ету мақсатында өткір әжуа мен сарказм мен эмоционалды-экспрессивті лексиканы да аямай қолданады. Мысалы: «Ыңсыз сөйлейтін кімсіз?» мақаласында: «Қазақ «р»-ға тілі келмейтін кісіні «сақау» деуші еді. Әрине, ол – Құдайдың ісі ғой. Ендеше, Мемлекеттік тілді менсінбей, әдейі тілін шайнап сөйлейтін ыңсыз-мұңсыздарды «мақау» деп қоя саламыз ба?! Ең өкініштісі, «н»-ды айтпайтын журналшылар тек тәуелсіз БАҚ-тарда ғана емес, «Қазақстан», «Хабар», «Шалқар» т.б. ұлттық, мемлекеттік теле-радио арналарында да өріп жүр. Білгеніміз, «ыңсыздардың» арасында шала қазақтар мен қала қазақтарының шүлдірең ұл-қыздарын былай қойғанда, ұлт әдебиетінің мәселелерін қозғап, жазушылықпен яки қайраткерлігімен танылып жүрген, өмірлік тәжірибесі мол әжептәуір азаматтарымыз да бар. Бұл орайда Мемлекеттік БАҚ мекемелерінің бастықтары мен жетекші журналшыларға өкпеміз қара қазандай! Қала көшелеріндегі «н»-сыз жарнамалар мен түрлі атау сөздердің сандырақтап тұрғаны анау! Теле-радио жүргізушілерінің тілдеріне тікен кіргендей, «н»-мен жауласып жүргені мынау! Тәңірім-ау, мемлекеттік тіліңді, ең алдымен, мемлекеттік БАҚ-тың өкілдері қолдап, қорғаудың орнына қорлап жатса, қалған қаймана жұрт кімнен қаймықсын?! Қор болған қазақ тілінің «ыңқылдағаны» да, «еңкілдегені» де, «күңкілдегені» де ешкімді «тан» қалдырмайды». Ғалым назар аударып отырған бұл мәселе – қазақ сөйлермендері мен жазармандары үшін өте өткір мәселенің бірі. Дәл осылай кете берсек, (ы)ң дыбысынан ажырап

қалу қаупіміз де жоқ емес. Сондықтан автор көтерген бұл жайт – қазақ лингвистері тарапынан зор алаңдаушылық тудырып отырған мәселе.

Қысқасы, сөз басында айтқандай, «Шындарға биік талпынып, талай алқынса» да, бүгінде Серікбай Қосан – жазба ескерткіштерді түпнұсқада оқып, зерттейтін, қазақ филологиясына, қала берді, түркологияда өзіндік қолтаңбасы бар ғалым. Зерттеулерімен болсын, өлеңдерімен болсын, Қызылорда мен Аралдан әлдеқашан ұзап кеткен қазақ. Әйтпесе «Шығыстан шыққан керуеннің Шаңында қалған алтынмын» деп жазар ма еді? Оның сөзі алып Еуразия кеңістігінің Шығыс бөлігінен Батысқа бағытталып тұрған жоқ па? Ал керуен шаңында не қалмады дейсіз? Бақыр да, мыс та, басқа да. Ал алтынның жөні басқа! Мерейтойыңыз құтты болсын, керуен шаңындағы Алтын аға!

**Гүлжаһан ОРДА,**

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет және көркем публицистика бөлімінің меңгерушісі, филол.ғ.д.*

## **СЫРШЫЛ ӘРІ СУРЕТКЕР АҚЫН**

*(Серікбай Қосан поэзиясы туралы бірер сөз)*

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде студенттерді білім нәрімен сусындатып жүрген Серікбай Қылышбайұлын көпшілік ұстаз-ғалым ретінде таниды. Оның өмір жолына үңіліп отырсаңыздар, білім-ғылымнан қол үзбегені байқалады.

Алайда Серікбайдың қым-қуыт шаруалармен бірге үнемі жыр жазып жүргенін, бірнеше жыр жинағының авторы екенін біреу білсе, біреу білмейді. Оның бір топ жырлары он томдық «Жыр маржаны» атты қазақ ақындарының антологиясына енген болатын. Осының өзі оның қазіргі қазақ поэзиясынан алар орны бар екенін байқатады. Сөзіміз дәлелді болу үшін ақынның соңғы жыр жинағына үңіліп көрелік.



Бұған дейін жыр-сүйер қауымға «Аралды аңсау» жыр жинағымен (1997) таныс Серікбай Қосанның көпшілік оқырманға ұсынып отырған «Жүрегімде жүз өлең» (2013) – екінші жыр кітабы [5]. Үш бөлімнен тұратын кітаптың бірінші бөлімі «Жыр-дұға» деп аталады. Мұндағы өлеңдердің бәрі де қазақ поэзиясының соңғы жылдары жаңа тақырып, жаңа мазмұнмен толыққандығын көрсетеді. «Құдай», «Құран сөзі», «Мұхаммед пайғамбар», «Ясауи хикметтерін оқығанда», «Үмбетке», «Жыр-сүннет», «Рухыма», «Жыр-Дұға» сынды өлеңдердің кеңестік дәуір тұсында жазылмақ түгіл, Құдай, Құран, Мұхаммед пайғамбар сынды сөздерді ауызға алуға болмайтыны тарихтан мәлім. Соңғы жылдары қазақ халқы имандылыққа жаппай бет бұра бастаған тұста мұндай киелі сөздердің қазақ поэзиясына келе бастауы да заман талабынан болса керек.

Кітаптың беташары ретінде берілген «Шабыт шақыру» өлеңінде лирикалық кейіпкер «Ей, Тәңірім, шабыт беріп шайырға, Көңілімнің құсын көкке өрлетші!» деп ақындықтың өзін бір Алладан ғана келетін үлкен құдіретті күш екендігін, оған тек Жаратқан иемнен ғана көмек боларын ескертеді. «Құдай» өлеңінде «Күпі киген қазақтың қара өлеңін шекпен жауып өзіне қайтарамын» дегендей ақын «Аққа Құдай жақ» деген халық даналығын қайта жаңғыртып, оқырманын адамдыққа, адалдыққа шақырады. Поэзия жанрындағы дәстүр мен жаңашылдық проблемасын жете зерттеген ғалым М. Базарбаев: «Жаңашылдық даму нәтижесінде біраз уақыттан кейін өзі дәстүрге айналады, келесі сатыда басқа жаңашылдық туып-өрбиді», – деген болатын [6; 92]. Осы қағидаға сүйеніп отырып, қазақтың белгілі жазушысы Әбіш Кекілбаевтың «Дүние ғапыл» жинағына енген «Таңғы кәлима», «Түнгі кәлима» өлеңдері қазақ поэзиясына қасылған жаңалық екенін айта келіп: «Ә. Кекілбаевтың біз көрсеткен жаңалығы болашақта поэзияның дәстүріне айналуы да мүмкін» деген болатынбыз. Серікбай Қосанның «Тілек» өлеңінің «Бисмиллаһи рахмани-р рахим деп» басталуы осы ойымызды айғақтай түсті. Ендеше кешегі жаңалық деп отырғанымыз бүгін дәстүрге айналуы осыған дәлел. Осы өлеңінде ақын сырткөзге иманды болып көрінгісі келетіндердің өзін алдағанмен, Құдайды алдай алмайтындығын ескерте отырып, оларды қатты сынайды. Түні бойы қызойнақ салып, күнәсін жуу үшін таңертең Алла үйіне дәретсіз

келетіндерден безінген лирикалық кейіпкер Жаратқан иемнен дүние, асыл бұйым сұрамай халық игілігіне жарайтын жыр сұрайды. Мұндай қасиет тек өнерді шын құрметтеген жандарда ғана тән. «Құран сөзі» өлеңін:

Құдай – жалғыз,  
Тумайды,  
Туылмайды,  
Жаратқаннан жақсылық туындайды.  
«Құран сөз – Құдайдың әмірі» деп,  
Періштелер тәу етіп дуылдайды [5, 8], –

деп бастаған ақын кешегі атеистерді Құдайдың бар екендігіне иландырып, оған құлшылық жасауға шақырады. Алланың ақ жолынан адасып, шайтанның суымен сусындап, дүние қуып төңірегін кері әсер беретін жандардан безінген лирикалық кейіпкер сөзін:

Алланың ақ жолынан адаспаңдар,  
Құранның хақ сөзіне таласпаңдар.  
«Ағузу биллаһи мин-аш-шайтани рәжим» деп,  
Ібілісті інге тығып аластаңдар! –

деп түйіндейді [5, 8].

Оқырманын жаратқан кім, сені не үшін жаратты, адам болған соң не істеу керек, қандай болу керек деген сауалдардың жауабымен сусындатқан ақын ендігі кезекте Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың кім екендігін түсіндіреді. Кеңес дәуірінде жетім-жесір мен еңбекшінің жанашыры, көсеміміз – В.И. Ленин десек, ақын оны басқаша түсіндіреді. «Қысылғанды демеген, мүміндерді жебеген, Қалаулысы Құдайдың – Жүректердің емшісі» – Мұхаммед пайғамбар. Бұдан шығатын түйін – қоғам өзгерген заманда адам да, адамның ой-санасы да өзгеру керек. Ендеше, біздің сүйенеріміз де, сүйеушіміз де – бір Алла мен оның сүйікті құлы Мұхаммед пайғамбар! Сондықтан қамшының сабындай қысқа ғұмырынды текке өткізбей, «Құран – Кәлем Шәріфті» қолыңа ал, сонда бәрі де жазылған дегенге мегзесе, «Үмбетке» өлеңінде:

Есіңе ал, елім, Алланың досын –  
Мұхаммед пайғамбарыңды.

Рақым етіп құтқарар сосын,  
Ақ жолдан тайғандарыңды...

Берік бол, бауырым, тіл мен дінге,  
Басқанша қадам бейітке.  
Жатарсың сонда иманы бірге  
Айналып жаның шейітке [5, 11] –

деп, тіл мен дінді қатар алып жүру керектігін ескертеді. Ақын ойы дінсіз елдің тілі де, жері де болмайды дегенге саяды.

Осы бөлімнің үлкен жүгін көтеріп тұрған өлеңнің бірі – «Жыр – Дұға». Бұл өлеңді әлемге аты белгілі Арал өңірінде туып, балықшылардың бел ортасынан шыққан ақынның сол елге, жерге деген құрметі деп ұққан жөн. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейді атам қазақ, олай болса, бұл өлеңді бүгін о дүниелік болып кеткен ауыл азаматтарының атына жырмен оқылған дұға деп ұққан жөн. Себебі «Жыр – Дұға» кешегі Кеңес Одағының түкпір-түкпіріне балық жөнелтуде ерен еңбек еткен балықшы ауылдың бір кездегі толқынмен арпалысқан балықшыларын еске алу ғана емес, олардың еңбегін жастарға үлгі етіп, артында қалған ұрпаққа ата аманатын жеткізу тәрізді:

Мұны жазған мен де сенің жұратың –  
Ұлың едім бір қиырда тұратын.  
Ей, бауырым, жырымды оқы, ашырқан  
Ішкендей боп нар түйенің шұбатын... [5, 18]

Ақын қаламына көп ілінген тақырыптың бірі – туған жер. Кіндік қаны тамған жерін жырға қоспайтын ақын жоқ та болар. С. Қосанның да бір топ өлеңдері сол туған жер жайында. Алғашында өзі туған ауылға деген құштарлық, оған деген сағыныш сезім келе-келе Отан, Қазақстан деген ұғымдарға ауысуынан оның жалқыдан жалпыға өтуін көреміз. «Ескі жұрт жатыр ел көшкен», «Ауылым – Отаным», «Теңіз», «Сағыныш», «Атажұртым», «Теңіз жатыр...», «Аралды аңсау» сынды өлеңдерінде теңіздің кешегі буырқанған толқынын іздеген ақын оның бүгінгі күйін көріп күйзеледі.

Мұңаясың, қайда тентек толқының,  
Қайта айналып келмес пе екен сол күнің?  
Қайда кеткен шөп-шөп сүйер ғашығын,

Сылқым суың сиқырындай шолпының.

Шөп-шөп сүйіп жатушы едің жиекті,  
Кербез шындар көтеретін иекті.  
Ақ сазаның – арулардай аяулы,  
Бекіретелер – батыр еді сүйекті! [5, 90] –

деген жолдарға жанды сурет берген ол табиғаттың, теңіздің мұнды бейнесін жасауда жансызға жан бітіре отырып, тың образдық ізденістерге барған. Қазақ поэзиясындағы Абай қалыптастырған кейіптеу де ақын жырларынан молынан ұшырасады. Осы жолдардағы «шөп-шөп сүйіп» тіркесінің екі рет қайталануы ақынның кешегі арнасына сыймай, буырқанып тасыған Аралдың сол күйін аңсауын аңғартады. Қазақ поэзиясындағы сөз қайталауының да өзіндік атқарар жүгі бар. Бір сөзді бірнеше рет қайталау арқылы сол сөзге көңіл аударуды қалаған ақын 14 шумақты «Теңіз жатыр» өлеңінің әрбір шумағын «Теңіз жатыр...» деп бастайды да, оның бүгінгі күнінен хабар береді. Теңіздің ерні кеуіп кезеруі, көні кеуіп шөлдеуі, көзін ашпай жабырқауы, томсаруы, тебіренуі, толғануы, жабырқауы, өзегі өртенуі, тербелмеуі, туламауы сынды кейіптер адам баласына ғана тән болса, осындай сезімдерді теңізге телуі – ақынның бүгінгі қазақ поэзиясына қосқан көркемдік ізденісі. Отанды «Ана» деп қабылдаған лирикалық кейіпкерді ана тілінің бүгінгі алаңдатады. Оның назарынан ана тіліміздің жай-күйі де тыс қалмаған. Өз тілін білмейтін мәнгүрттердің ел басында отыруы да – бүгінгі заман шындығы. Оның «Күлтегіннен қалған күндей тілінді, «Күлтөбеге» тастағаның нең, Елім?!» деген ақын жүрегінің зары қазақ тілінің бүгінгі аянышты ахуалына ұрпақ назарын аударады.

Оның қаламына тән ерекшеліктің бірі – ұлттық өрнектер. Жаһандану заманына келдік деп біздің қазақ кешегі қалыптасқан әдет-ғұрып, ұлттық дәстүрлерімізді ұмыта бастағаны ащы болса да шындық. Ата-бабаларымыздан қалған ұлттық нақыштарымызды Еуропа елінің сән үлгісіне айырбастағанымыз да – бүгінгі күннің белгісі. Осындай келеңсіздіктер жаны нәзік ақынды бейжай қалдыра алмасы анық. «Бөрік және басқалар», «Желмая мінген ер қайда?» өлеңдерінен қазақы қалыпты, қазақы мінезді, ұлттық әдет-ғұрыпты аңсау мен мұндалайды. Алғашқы өлеңдегі айыр қалпақ, төбетей, шоң бөрік, түйе шекпен, шапан, күрте,

кимешек, қарқара, сәукеле, ақ жаулық, ақ шәлі, ақ шаршы, ақ орамал, камзол, құлын жарғақ, тұлып пен тон сынды ұлттық киімдерімізді музей мен көрмеден ғана көріп жүргеніміз – өмір шындығы. Осындай асылдарымыздың шынымен-ақ келмеске кеткені ме деген сауал мазалаған ақын:

Құлын жарғақ, тұлып пенен тон қайда,  
Шыныменен біздің халық тоңбай ма?  
Бабаларым балаларға қалдырған  
Атакәсіп енді бізге қонбай ма?... [5, 94], –

деп күрсінеді, күйзеледі.

«Желмая мінген ер қайда?» өлеңінде қасиетті жеті санынан тұратын ұғымдарды еске алған ақын бүгінгі жоғалтқан асылдарымызға іздеу салады. Жетіқарақшы, жетіқат көк, жеті жыл, жеті мүше, жеті түн, жеті күн, жеті нан, жеті ата, жеті ықылым, жеті жұрт, сынды қасиетті ұғымдарды түсіндіре келіп, оларды жоғалтуымыздың себебін іздейді. Сөзін: «Жеріңді сатқан жебірлер еріңді атыпты-ау, Жел беріп жүрген бұларға айтшы, қай Құдай?!» деп түйіндеп, оқырманға салмақты сауал тастайды.

Қазақ поэзиясынан үлкен орын алатын тақырыптың бірі – ел өміріндегі ірілі-ұсақты оқиғалар. Бұл тақырып та ақын назарынан тыс қалмаған. Отарлау саясатының неше түрткісіне төзген көңтері халқымыздың тәуелсіздікті аңсаған жастары бір-ақ күнде «Қазақ» деген халық барын әлемге танытса, олардың бейнесі бүгінгі ұлт поэзиясына арқау болды. 1986 жылғы «Желтоқсан» көтерілісіне арналған «Желтоқсан жырында» ит жетектеп, бес қаруын асынған қалың әскер мен өрт сөндіргіш машиналардан суық ызғар есіп тұрса, желтоқсанның бет қарыған аязы да дененді түршіктірері даусыз.

Дегені сол... дәлдеп ұрған сойылдан,  
Жер құшты ұлан қарақұсы ойылған.  
Қандыкөйлек, қанды көздер, қанды жас...  
Қанды сурет кетпейді әлі ойымнан.

Қанға бөкті қан жамылған қырларың,  
Дегеннен соң: «қазақ болса, қыр бәрін!»  
Солып жатты, өліп жатты жас ұлан –  
Жазғы гүлдей жазығы жоқ құрбаның... [5, 26] –

деген жолдар кешегі Желтоқсан көтерілісінің шынайы суретін бейнелеген. Осы екі шумақта «қан» сөзінің бес рет қайталануы да тегін емес. Бұл – қазақ поэзиясындағы қайталаудың бір түрі болса, ақын «қан» сөзіне көңіл аудару арқылы кешегі қанды оқиғаны еске түсіреді.

Жинақтың «Жыр – сезім» деп аталатын екінші бөліміне, негізінен, махаббат лирикасы топтастырылған. Бірде, «Қайың – қыз, терек – жігіт жарасқандай» деп, енді бірде «Мен – құланы, сен – киігі даланың» дейтін жігіттің қазақ қыздарына, сүйген сұлуларына жыр арнауы – табиғи заңдылық. «Ай астында арманым» өлеңіндегі:

Күн батқанда арайланып қызыл жүз,  
Көкжиектен қасын керіп ай туар.  
Көкте – жұлдыз, қолтығында сұлу қыз,  
Мұндай түні бозбалаға қайту – ар [5, 124], –

деген шумақта шынайы сурет бар. «Елдің көркі – қыз» әрдайым ақын назарында. 8 шумақты «Қыздарға» өлеңінің тек «қ» дыбысымен басталуы ғылым тілінде – аллитерация деп аталса, «қыз» сөзінің бірнеше рет қайталануы – лексикалық анафора деп аталады. Осындағы айшықтау құралдары өлеңнің нәрін кіргізіп, шырайландырып тұр. Өмірдің мәні де сәні де «қыз» деп ұққан ақын оны қызғалдаққа, қызыл түлкіге, күннің нұрына, қызыл алмаға, қызыл-жасыл түймеге, құмшекерге, тау елігіне, теңіз балығына теңейді. Сондай қылықты да нәзік жандардың көңілі мен сезімін «Қыз көңілі – домбыраның пернесі, Қыз сезімі – қобызыңның қылындай» деп дерексіз ұғымдарды деректі заттарға теңей білген. Қайталаудың әдемі мысалын «Сағыныш патшалығы» деген өлеңнен де көруге болады. Сарғайған сағынышты ақын бір «сағыныш» сөзімен сан құбылта жырлаған.

Лермонтовтың ізімен жазылған «Асау терек» өлеңінде елең еткізген ақынның батыс, шығыс поэзиясымен бірдей сусындағанына оның аудармалары куә. Шығыстан Омар Наямның рубайларын, Хафиздың ғазалдарын, батыстан М.Ю. Лермонтовтың «Қызықсыз... әрі көңілсіз...», В. Высоцкийдің «Ақырет үйі» өлеңдерін тәржімелеп, оларды қазақша сөйлеткен. Көркем шығармаға

қойылатын талаптарды толық игерген бұл аудармалар ақын талантының жаңа бір қырын танытатын анық.

Кітаптың «Жыр – лебіз» атты үшінші бөліміне, негізінен, арнаулар топтастырылған. Мұндағы өлеңдердің біразы туған-туыстарға, енді бірсыпырасы қазақ халқының біртуар перзенттеріне арналған. Қазақ поэзиясының арғы-бергі тарихында қазақ халқына еңбегі сіңген үлкен қайраткерлерге, тұлғаларға өлең арнау – қалыптасқан дәстүр. Ақын жырларының бір тобы осы дәстүрдің бүгінгі заңды жалғасы болып саналмақ. Аталған бөлім:

Тойларың тойға ұлассын, туысқандар,  
Жырымен жақсылардың тыныстандар.  
Ұрпағың ұлтын сүйіп, жұртын ойлап,  
Қашанда ел басқарып, ту ұстандар [5, 158], –

деген беташармен басталады. Мәселен, мерейтой тұсында талай ақын жыр толғаса, қасиетті Түркістанның 1500 жылдығын түркі-тектес туысқандар ғана емес, ЮНЕСКО бойынша тойлаған үлкен мерекеге орай Серікбай өзінің жыр шашуын арнаған.

Құдай сүйген ұл да берген,  
Қожа Ахметтей тұлға берген.  
Арыстан баб бұл да келген,  
Ясауиге құрма берген –  
Қасиетті Түркістан! – [5, 159]

деп жалғасатын жыр жолдарынан Түркістанның барлық айшықты қасиетін табуға болады. Әлеуметтік мәні бар өлеңдердің қатарында «Кітапхана – ақыл елі, ми елі» мен «Кітапханашы аруларға» атты толғауларды атауға болады. Бұлар Орталық ғылыми кітапхананың 70 жылдық мерейтойына арналған жыр-шашу.

Кітапхана – құтты мекен, киелі,  
Ғылым елі, Ақыл елі, Ми елі.  
Абыздар мен аңыздарды жинаған,  
Көкірегі күмбірлеген күй елі [5, 162], –

деп басталатын жырға кітапхананың қадір-қасиетімен бірге сол жерде қызмет ететін қыз-келіншектердің мінез-құлқы мен көпші-

лікке қызмет етудегі ілтипаттары мен үлкен еңбектері арқау болған. Бұл өлеңді нар көтерер жүкті көтеріп, үлкен орталықты басқаруда іскерлігімен танылып жүрген Гүлжиһан, Райса сынды апаларымыздың тынымсыз тірлігіне берілген баға деп ұққан жөн. Қазақ халқы қыз балаға ерекше құрмет жасаса, ел игілігі үшін азаматтарға бергісіз қызмет етіп жүрген қайраткер қыздарымыз қаншама! Бұл арулар оқырмандардың ғана емес, қазақ халқының аяулы да ардақты жандары екендігі өмірден мәлім. Қазақ қыздарының бейнесін толықтырар жырдың бірі – «Шәмша ханым». Ұлтымыздың біртуар қыздарының бірі – Шәмша Беркімбаева қазақ халқы үшін қызмет еткен үлкен қоғам қайраткері. Кешегі күні үлкен ғылым ордасын басқарған ол кейін Қыздар педагогикалық институтын басқарды. «Шыққан тауым биік болсын» дейтін апамыздың барған жері көріктеп өсіп отырғанына оның жүрген жолдары куә.

Алғысын арқаладың қанша ағаның,  
Арманын аяладың қанша ананың.  
Биікке ұлт мектебін көтерем деп,  
Бір кісідей жүгірдің, Шәмша ханым!

Ұрпақтың ұлағаты аңсағаның,  
Сол үшін көз ілмедің қаншама түн.  
Іздеген ізгілікті білімдіден,  
Сенатор – Сіз едіңіз, Шәмша ханым! [5, 177] –

деп келетін жыр жолдары оның өмірі мен қызметінен хабар берері анық. Ақын мүшелтой иесінің халқына сіңірген еңбегін дәріптей келіп, оның жасаған игілікті істерінен оқырманын хабардар етіп отырған. Аталған өлеңдер бүгінгі Тәуелсіз елдің іскер қыздарының бейнесін толықтырары даусыз.

Ақынның бір топ өлеңдері ғылым ордасында қызмет етіп жүрген бір топ ғалымдарға арналады. Кейбір адамдар оны дұрыс түсінбеуі де мүмкін. Бірақ бұл, шын мәнісінде, «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат» дегендей, елдің зиялы қауымының арасында жүріп, солардан үлгі-өнеге алып жүрген жанның аға буынға, үлкенге жасаған құрметі деп ұққан жөн. Осы қатарды ғалымдарға «Ғылым бағбандары», «Сын серісі – Сераға!» (С. Қирабаевқа), «Бабаларға сөз бердің» (С. Қасқабасовқа), «Жайық мінез



Әбекең» (Ә. Нарымбетовке), «Әбжан Әл-Қыпшақиға» (Ә. Құрышжанұылына), «Махамбеттен аумаған ұл» (З. Қабдоловқа), «Тасжарған» (А. Абдуллин), «Марғасқа» (З. Қабдоловқа), «Сексендегі сері» (Ш. Сарыбаевқа), «Амангелдіге арнау» (Сейіт Асқарұлының атынан), «Алпысыңды азат елің тойласын» (Р. Нұрғалиға), «Мақамы бөлек ұл» (М. Шафиғиға) сынды өлеңдер толтырса, ендігі бір топ өлеңдер қазақтың белгілі ақын-жазушыларына арналған «Жыр жұлдызы» (С. Аронұлына), «Партизан жазушы» (Ә. Шәріпұлына), «Махаббат жыршысы» (Ә. Нұршайықовқа), «Селеу шашты сері жігіт көрсеңіз» (А. Сейдімбековке). Жанында жүрген жақсы ағалары мен туғантуыс, бауырлары мен балаларына қаратыла айтылған арнаулардың қатары өмірден өткен замандастары туралы жоқтаулармен толықты «Бақұл болыңыз, жан аға!» (З. Ахметұлына), «Артық туған ағалар (Ермекқали мен Бақытқа), «Он жыл өтті сен кеткелі арадан...» (ана рухына), «Қырыққа келер едің» (Серікбайға).

Ақын қаламына тән бір шеберлік – аз сөзге көп мағына сыйғызу. Әдетте, үлкен ғалымдардың белгілі ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығына не әдеби мұрасына арналған кең көлемді ғылыми-зерттеу еңбектері жазылып жатады. Ақынның арнау өлеңдеріне бірсыпыра ғалымдар мен ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы арқау болған. «Ғылым бағбандары» өлеңінде ардақты ағаларын Ұлы Жеңіс мейрамымен:

Жастай сезіп соғыстың бар ызғарын,  
Жұрт алдында өтеген парыздарын.  
Сіздер жайлы білеміз аңыз барын,  
Ғазиз ғалым ағалар – нағыз дарын! [5, 166], –

деп, құттықтаған ақын олардың әрқайсысына жеке-жеке жыр арнаған. «Сын серісі – Сераға» атты 11 шумақ өлеңге қазақ әдебиеттануының көшбасшысы Серік Қирабаевтың бүкіл өмірі мен шығармашылығы сыйып тұр. Ғалымның туған жерінен білім іздеп астанамыз Алматыға келгенінен:

Жаңарқаны жарып шыққан бұлақ ең,  
Атасудан атқа мінген ұлан ең.  
Алатауға жеткенінде алдыңнан,  
Қол бұлғады Ғылым атты бір әлем [5, 167] –

деп сөз еткен ақын оның әрбір еңбегін сығымдап, түйіп-түйіп беруге тырысқан. Мәселен, Спандияр Көбеевтің мұраларын жинап-теріп, оны бастыруға атсалысумен бірге ғылыми айналымға алғаш түсіріп, сол жөнінде кандидаттық диссертация қорғағанын «Орда бұзып отызында Серағаң, Сыйлады елге Спандияр Көбейді» деп екі жолға сыйғызса, ұстаздық ету мен ғылымды қатар алып жүргендігін:

Білімді де, ғылымды да басқардың,  
ҚазПИ-дегі ұстазы боп жастардың.  
Басшы болдың Әдебиет пен өнерге,  
Бедерінде алпыс деген асқардың [5, 167], –

деп жырлай отырып, 1988 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директор болып келгендігін тілге тиек етеді. «Ғылымдағы жолыңды ертегіден бастадың... Қыз Жібектей сұлмен Төлеген боп табыстың, Баянменен бір тауда Қозы болып таныстың... Бабаларға сөз беріп, мерейінді көтердің...» деген жолдар ғылымдағы үлкен жолын ертегілерді зерттеуден бастаған академик С. Қасқабасовтың «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 10 томдық «Бабалар сөзін» шығарып жатқанын осылайша ғалым бір тармаққа сыйғызса білген. 7 шумақтан тұратын «Жайық мінез Әбекен» өлеңіне әдебиеттің ардагері Ә. Нарымбетовтің өмірі мен шығармашылығы арқау болған.

Жайық мінез тебіренсе, теңіздей-ақ,  
Өрге тарттың өнерді өгіздей-ақ.  
Демеп жүрдің көп жасты қолтығынан,  
Біреулерге «бірдене» дегізбей-ақ [5, 170], –

деген жолдардың алғашқы екі тармағы оның әдебиетке сіңірген еңбегін көрсетсе, кейінгі екі тармаққа ғалымның мінезінің ерекше жаратылысы сөз болған.

Әдебиеттің тарихын зерлегенсіз,  
Танығам деп Ғабенді терлегенсіз.  
Кітаптану ғылымында дара шауып,  
Библиограф атанып ерлегенсіз [5, 170], –

деп оның бүкіл өміріне арқау болған шығармашылығын жеткізе білген. Ғабит Мүсірепов пен Қ. Бекхожин мұраларын жинап, зерттеп, ғұмыр бойы айналысып жүрген ғалымның негізгі еңбектері де осы тараптардан көрінері даусыз. Ғұмырын ақындардың поэмасын зерттеуге арнаған ғалымға ендігі кезекте ақындардың жыр арнауы әбден орынды. Арнау өлеңдер негізінде белгілі бір адамның бейнесін, мінез-құлқын сипаттау мақсатында жазылатын болса, Серікбай өлеңдерінің бір ерекшелігі – сол адамдардың өмірі мен шығармашылығы, мінез-сипаты жинала келіп оның толық әдеби портреті жасалуында. Ендеше, арнаудың бұл түрі шығармашылық портрет тәрізді поэзия жанрына қосылған соны ізденіс деп айтуымызға негіз бар.

Поэзиядағы айшықтаудың тағы бір түрі – анафора. Ол негізінде өлең жолдарының шумақтың басында бірыңғай қайталану ретінде кездеседі. Оның әуендік, лексикалық, синтаксистік т.б. түрлері болады. Осы секілді шумақ басында бірыңғай дауыссыздардың кездесуі де шығарма шырайын келтіре түседі. Оған ақынның академик З. Ахметовпен бақұлдасуындағы:

Жетпістен жасың өткенде,  
Жетпіс беске жеткенде,  
Жемісін жылдар төккенде...  
Жазғаның қалды жиюлы...

не болмаса:

Жүзі жарық нұр еді,  
Жүзден озған ірі еді,  
Жас ғалымға пір еді,  
Жанымызда жүр еді [5, 196], –

деген жолдар мысал бола алады. Қазақ поэзиясындағы Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетай, Бұхар сынды жыраулар негізін салған толғаудың да заңды жалғасы кездеседі. Оны жоғарыдағы «Бақұл болыңыз, жан аға!» мен академик Зейнолла Қабдоловқа арнаған «Махамбеттен аумаған ұл» өлеңдерінен келтіруге болады:

Жайықтың бойын жайлаған –  
Жағасы құрақ қаулаған.

Құрағын қыздар баулаған,  
Балығын ұлдар аулаған,  
Билері дауын даулаған,  
Батыры жауын жаулаған.  
Атыраудай алыпқа атасы су жалдап,  
Анасы тұнығына шомылып,  
Құмында сәбиі аунаған –  
Байұлының кәрі жерінде,  
Исағайдың елінде,  
Бір ұл туды тұлғасы  
Махамбеттен аумаған.  
Алты жасқа келгенде  
Алқалы топта жүгініп,  
Аузынан аталы сөзі саулаған.  
Он бесіне келгенде,  
Атына қамшы салмаған,  
Сөйлейтін жерде заулаған.. [5, 173].

Көркемдік айшықтың бірі – «Ассонанс». Ол – өлең сөзде бірыңғай дауыстылардың қайталануы. Ақын өлеңдерінен мұндай көркемдік құралдар да молынан ұшырасады:

Әди аға, аяулымыз, тектіміз,  
Ә дегенше сексенге де жеттіңіз.  
Әдебиетте майдандағы секілді,  
Әлдеқашан партизан боп кеттіңіз! [5, 175]

Сөз қадірін білген ақын әрбір сөзін орынды пайдалана білген. Оның қаламына тән негізі жетістік – лирикасының көркемдік кестесі. Поэзияда дауысты дыбыстардың үндесе қайталауын ақын жырларынан молынан келтіруге болады. «Арман» өлеңінде Арал теңізін төмендегіше жырлады:

Ардағым ең, асау теңіз – ұлы айдын,  
Арысым-ау, мұнша неге мұңайдың?  
Аңсап, шөлдеп келгенімде алыстан,  
Ақ төсінді қимағаны-ай Құдайдың? [5, 37].

Қазақ поэзиясындағы айшықтаудың бір түрі – бір-біріне кереғар ұғымдарды қатар алу арқылы ойды әсерлі жеткізу. Ақын шығармаларынан мұндай көркемдік ізденістер де тыс қалмаған. «Бір жағы – от, бір жағы – мұз қарыған», «Бұл пәни басы – күлкі,

аяғы – мұн», «Дүние басы – жалған, аяғы – мұн», «Жақсыны жүндей түткен жамандардың», «Мен өтермін, өмірден надандықпен, Жақсылықпен алысып, жамандықпен» т.б. тармақтардағы кереғар ұғымдар бірін-бірі толықтыру үшін қолданылған. Алогизмнің орынды пайдаланылуы шығарма шырайын келтірері анық.

Соңғы жылдары ұлттық поэзиямызға жаңа серпін, жаңа леп келгені баршаға аян. Жетпіс жылдан аса атеистік тәрбие алған кеңестік дәуір ұрпағы бүгінгі күні етек-жеңін жиып, жаратқан иенің бар екенін мойындап, оған құлшылық жасауға бет алғаны да – егеменді еліміздің рухани байлығы. Ел ішіндегі осындай соны жаңалықты қашан да жауынгер жанр болып саналатын поэзияның көрсетуі орынды.

Аталған жыр жинағы қазақ поэзиясына не қосты деген сауал туындары анық. Бұл, біріншіден, ұлттық поэзиямызды тақырып, мазмұн жағынан байытса, екіншіден, ақын алып келген жаңа тіркестер, жаңа теңеулер мен эпитеттер түрі жағынан қосылған жаңалық болып табылмақ. «Оян, жұртым, ойлан бүгін, қалғыма!» деп елін оятуды көздеген ақын өлеңдерінің лейтмотиві (өзегі) – тәуелсіз елдің бақытты өмір сүруі. ХХІ ғасырдың басында Ахмет, Міржақыптарша жар салған ақын адамдыққа апарар жол имандылық деп түсіндіреді. Оның жырларындағы «Құдай – жалғыз Жар деймін», «Құдай – нұрлы иманың», «Құдай деген бір Алла – Ислам атты дін деймін», «Құран сөзі – Құдайдың сәлемі» деген тіркестер – Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген ұлттық өрнегінің дәстүрлі жалғасы. «Жігітке жеті өнер де аз» дейді дана халқымыз, бұл ұсынылып отырған жинақ соңғы жылдары өзінің біліктілігімен, білімділігімен көзге түсіп жүрген әдебиеттанушы ғалымның екінші қырын аша түскені даусыз. Алдағы уақытта «Мен – Құдайдың құлымын құлдыраған, Менің құлым секілді қалам біткен...» деп жырлаған замандасымыздың қаламынан ел игілігіне жарар жыр шумақтары төгіліп, ұлттық рухани қорымызды байыта берсін деген тілек айтамыз.

*Бауыржан ОМАРҰЛЫ,  
әдебиеттанушы ғалым,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор, ҚР ҰҒА академигі*

## **I. ҚҰМ ҚОЙНАУДЫҢ ҚАҒАНЫ** *(Серікбай туралы сөз)*

Теңіз көрген бала. Шалаң кешкен перзент. Құмға аунаған қарасирақ. Кәдімгі дәстүрлі қамыт аяқ, сауыс балтыр, күс табан... Осы күні мұхит асып келгендерден «Сен өзің атақты Ниагара сарқырамасын Америка жағынан көрдің бе, әлде Канада жағынан тамашаладың ба?» – деп қадалып тұрып сұрайтынымыз бар ғой. Сол секілді бұл да – Аралдың ұшы қиыры жоқ аппақ айдынын Ақбасты жағынан армансыз шарлаған ұғымтал ұлан.

Біздің жақта «балықты көп жеген баланың басы басқаларға қарағанда қаттырақ істейді» деген сөз бар. Олар мейлінше зерек болады деседі. Себебі білгіштердің байламына сенсек, тулап-тулап ауға түсетін асым балықтың өн бойында фосфордың элементі молырақ болатын көрінеді. Біздің Серікбай сол балық атаулының төресінен жасалған қадірлі қарманың кілең фосфоры шоғырланған жеріне ағаш қасықты көміп-көміп жіберіп, аямай-ақ асаған ба дерсің. Зеректің зерегі. Білгірдің білгірі. Мықтының мықтысы.

Кейде бұл долбарға онша илана қоймаймыз. «Фосфордың пайдасы тисе, сол фосфор зауыты бар өңірлердің бота тірсек балалары шетінен ғұлама боп кетпей ме?» деп қисая қаламыз. Бәрібір біздің сұңғыла Серікбайдың көне дәуірден сыр суыртпақтайтын ой-пікірлеріне құлақ асқан соң, балықты фосфорға әбден былғап жегеніне күмәнің қалмайды.

Көне дәуір демекші, Серікбай Қосан бағзы заманның оқу орындарынан жазғы каникулға келіп, қазіргі кезеңдегілердің арасында тұрақтап қалған секілденеді. Оның бет-пішіні де сонау Бейбарыс пен Қалауидың дәуіріндегі айбарлы адамдардың ба, протоқыпшақтардың ба, әлде беріректегі ежелгі шектілердің бе, білмейміз ғой, әйтеуір, бағзы заман батырларының кескін-келбетін көз алдыға көбірек елестететіндей. Әзілхан Нұршайықов жас шағында өзінің түр-әлпетін былайша бедерлейтін еді:

Көк тастан қашалғандай өң-келбетім,  
Салпы ерін, үйрек мұрын, шүңгіл бетім.  
Қаралығым қазанның күйесіндей,  
Мінекей, осы менің портретім.

Серікбайды, ақ Серкошты, Өзағаң секілді, «салпы ерін, үйрек мұрын, шүңгіл бет» дей алмаймыз, әрине. Бірақ осы өлеңнің кейбір жолдары теңіз беткейде тотығып, шалаң жастанып өскен қара баланың келісті кейпін толығырақ танытады. Шынында да, оның бас бітімі көк тастан қашалған көне мүсінге ұқсайды. Ілкі заманнан жеткен тарихи мүсін. Талайға куә болған мағыналы мүсін. Ежелгі дәуірдің ескерткіші. Сол еңселі ескерткіш сенің жаныңда ауызы дамыл таппай, ертелі-кеш сөйлейді де жүреді. Жай сөйлемейді, тағы да сол көненің көзі секілді жақ жаппай сарнайды. Алыстан сермейді, жүректен тербейді. Ол сөйлеп кеткенде, төрт-бес ғасырдың әңгімесін бар-ақ айтады. Сол ғасырларға оған ілесе ет қызуымен шабуын шауып барып алып, тылсым жұртта іздеусіз қалып қоям ба деп қауіптеніп, өз ғасырыңа қайтып оралғанша иненің ұшында қыпылықтап отырасың. Солай. Өйткені ылғи да бір құм қойнаудың арасында жортасың. «Күткендей көктен бір бүлік, Көтерді басын бархандар» деп Бауыржан Үсенов досымыз жырлағандай, Серікбайға еріп жүрген жолыңда бархан да, тархан да молынан кездеседі. Тек бір айырмашылығы – сен өз дәуіріңмен қайта қауышқанда, аман-есен бүгінгі дүние дидарын көргеніңе шүкіршілік етесің. Ал ол болса, өзімен бірге қаншама қазына ала қайтады. Содан соң ой, енді... Асандай аңырайды, Қорқыттай күңіренеді, Бқыластай ыңыранады. Абыздардай ашылады. Жыраулардай жосылады...

Маған осы Серікбай жас күнінде бір ауық бала болып ойнамаған секілді көрінеді. Жоқ, ойнауын ойнаған, бірақ бала болып үлгермей жатып, қапелімде көнелікке қызығып, бірден қарттықтың қырқасына қарғып мінген бе дерсің. «Өз әлімше ақыл-ойым дария, Мен бір жүрген – отыздағы қария» деп бір ақын айтқандай, әйтеуір, ақ Серкеш біз көргенде шәниген шал еді. Университетте оқып жүрген кезінде-ақ сөзін сағызша созып, абызша толғайтын. Өзге студент қырттың сөзін айтса, ол қарттың сөзін айтатын.

Иә, ол ҚазМУ-дың араб тілі бөлімін бітірді. Шығыстануға шындап ден қойды. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында бірге қызмет істедік. Ежелгі әдебиет мәселелерін қатар зерделедік. Сол ғылыми-зерттеу мекемесінде «институт ішіндегі институт» ұғымына сай келетін бірнеше ғалым ағамыз болды. Біздің буынның өкілі Серікбайды да солардың қатарына жақындатсақ, әріптестеріміз онша ренжи қоймас. Текстологияның табиғатын түп-төркінінен танитын Қабіболла Сыдиықовтың нағыз ізбасары кім? Серікбай. Ағатай десең де, шағатай десең де, жалт қарайтын, көне қолжазбаның қабырғасын қақыратып сөгіп беретін жанкешті зерттеуші Мақсұт Шапифидың жолын жалғастырушы кім? Сол Серікбай. Ақын-жыраулар мен айбынды айтыскерлердің мұрасы мен мирасын миына тоқып, жіліктеп тұрып шағып тастайтын Мұхамедрахым Жармұхамедұлының бүгінгі ниеттесі кім? Әрине, тағы да Серікбай!

Әдеби дискуссия, пайдалы полемика дегенде екі көзі шоқтай жанып шыға келеді. Сөзі салмақты. Дәйегі дәлелді. Пікірі пайымды. Дерек дегенді қойны-қонышынан шығара салады. Архивтен архив қоймаған еңбегінің жемісін осындайда көреді. Ал енді айтқан аргументін атауызбен суырып ала алмайсың.

Әншейінде саяқ жүретін Серікбайдың кеулі түскенде андасанда ағаларын іздеп қоятыны бар. Бірақ оның бұл іздеуі көбіне-көп теория жүзінде қалып жатады. Яғни іздеп қарық қылмайды. Талабы болғанымен, жанасуға жоқ.

Бір күні жоқшылықтан әбден түңіліп жүргенде «күласаң – нардан жығыл» деп ағаларының ішіндегі ең алыбының ауқымды құшағына дереу кіріп кетуге талпынады. Сосын бар батылдығын бойына жиып, Әбдіжәмил Нұрпейісовтің үйіне телефон шалады. Бұрын бірді-екілі тілдескені бар. Бірақ соншалықты алып бара жатқан жақындығы жоқ. Сонда да несі кетеді? Тонын сыпырып шешіп алмас.

– Аға, ассалаумағалейкум! Бұл сізге хабарласып тұрған Серікбай деген ініңіз еді... Ел жақтанмын ғой мен...

– Ай, Серікбай, қалайсың? – деп елп ете түседі әншейінде ауырлау қозғалатын әйгілі жазушы. – Иә, айналайын, сен қайдан хабарласып тұрсың?

– Осы Алматыдан...

– Ә, Алматыға келіп пе ең?



- Жоқ, осындамын ғой, аға.
- Елге қашан ораласың енді?
- Әзір бармаймын. Жазда бір-ақ барамын ғой...

Енді Әбдіжәмил ағасы бұған барынша қадалып, қатты-қатты сөйлей бастайды.

– Әй, қарағым, не істеп жүрсің сен өзің? Бүкіл жұрт саған сеніп отыр. Сенің жүрісің – мынау... Қой, қайт елге. Ертең өзінді қасындағыларға дейін әңгіме қылады ғой...

Сол кезде ғана бағанадан бері ағамның тілін тауып, емен-жарқын әңгімелестім-ау деп мәз болып тұрған Серікбайдың жетесіне біраз нәрсе жетеді. Сөйтсе, Серікбайды жыға танымайтын Әйдік Әбе мұны Қызылорда облысының сол кездегі әкімі Серікбай Нұрғисаевпен шатастырып тұр екен. Сонымен, бұл Серікбайдың атақты ағаларын іздеп, көлеңкесін саялауды ниет қылған алғашқы және соңғы ұмтылысы сол жерден тамамдалады.

Ол әдебиеттану ғылымында көп нәрсе тындырды. Қаншама қолжазбаны көне тілден көшіріп шықты. Қаншама кітаптың текстологиясын түзіп, баспаға ұсынды. Ел-жұрт қолдан-қолға түсірмей оқыған ғибратты ғылыми мақалаларын жазды. Сыр сүлейі – Базар жыраудың әдеби мұрасын зерттеп, кандидаттық диссертация қорғады.

Қысқасы, бәріне де үлгерді. Тек ана бір жылы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып тұрып, ала алмай қалғаны, сосын біздің ғылыми жетекшілігімізбен докторлық диссертация қорғай жаздағаны болмаса...

\* \* \*

Сол Серікбай – әдебиеттанушы, шығыстанушы, түркітанушы, мәтінтанушы, көне қолжазбаның білгірі Серікбай Қосан бүгін алпысқа толды!

Құтты болсын біздің ақ Серкештің алпысы! Ғұмырың ұзақ болсын, Құм қойнауың қағаны!

## II. ЖҮРЕКТІ ЖЫЛАТҚАН ЖОҚТАУ\*

Зәки аға ғылымдағы абыройлы ақсақалдықтың символындай болды. Абыройлы ақсақалдық дегеніміз не өзі? Оны аға буынның өзі айқындамауы мүмкін, ал кейінгі ұрпаққа тайға таңба

басқандай анық көрінеді. Жасыратыны жоқ, кейбір ағаларымыздың бойынан егделік пен пенделіктің белгілері қатар көрініп қалады. Мұны әсіресе ғылыми еңбек қорғауға талаптанып жүрген жастар айрықша сезінеді. Мәселен, бір ғалымға авторефератыңды апарсаң, түксиіп отырып, соңынан өзінің аты-жөнін іздейді. Зерттеуіңе еңбектерін пайдаланбағаның үшін сені жерден алып, жерге салады. «Менің еңбегімнің пайдаға жарайтындай құны бар ма?» деп ойламайды. Ал кейбірі бұлай деп ашық мәлімдемесе де, ішінен кек сақтайды. Қорғау алдындағы мәжілістерде бір бүйірден дауыл тұрғызып, жастардың зәресін алады. Баз бір ағаларымыз еңбек қорғау барысындағы жіпсіз байлаған тәуелділікті пайдаланып, адамның санасына сыйматын ұсыныстар айтады. Сол арқылы жас буынның зердесінде өзінің жағымсыз бейнесін қалыптастырып жатқанын ұқпайды-ау, ұқпайды.

Алаштың ардақтысы Зәки Ахметов мұндай пенделіктің бәрінен аман болды. Жастар оны сол үшін де құрмет тұтты. Сол құрмет тұтқанының белгісі емес пе, академиктің қазасына күйзелген ақын, шығыстанушы ғалым Серікбай Қосан өзі талай көз майын тауысып, көне жазудан оқыған ескі жырлардың үлгісімен жоқтау жазды. Оған жаз деп қолқа салған ешкім жоқ. Қайта дүңк етпе, жоңбай мінез Серікбай шайырға біреуге арнап өлең жаз десең, қитығып қалар еді. Бұл жолы өзі жазды, егіліп жылап отырып, жүрегімен жазды. Қазақтың ардақты ұлын қазақы дәстүрмен жоқтады. Жоқтау өлеңін бастан-аяқ жалғыз ұйқаспен әдіптеп шықты:

О, қайран аға,  
Алаштың адал ұлы едің,  
Ақсұңқардай шүюлі,  
Аузына көпті қаратқан,  
Кеудесі қазына үюлі.  
Өлеңін сынап қазақтың,  
Қалдырдың ойлар қиюлы.  
Ұрпағыңа үлгі еттің,  
Ұлт үшін қалай күюді.  
...Соншама еңбек еткенде,  
Жетпіспен жасың өткенде,  
Жетпіс беске жеткенде,  
Жемісін жылдар төккенде...  
Жазғаның қалды жиюлы.  
Қаламың қолда түюлі.

Сауытында сиясы қалды құюлы...

Кешегі күні Зәкеңнің поэзия теориясы туралы кітабын оқып, өз өлеңінің сыртқы сықпытын, ішкі әлемін жөндеген бала сол азаматты іздеп, жыр нөсерін селдетті. Дүйім жұртқа Зәки ағаның шынайы бейнесін танытты. Академиктің көзі тірісінде талай адам оған жыр арнаған шығар. Соның бәрі шаттыққа толы көңіл күйден туғанына күмән жоқ. Алайда өлеңнің, қайран ғалымның маңдайының терін тамшылатып зерттеген құдіретті поэзияның Зәкеңе қарап көз жасын төгіп тұрғаны осы еді. Бұл жоқтау өлең азалы күні Әдебиет және өнер институтының қабырғасындағы Зәки Ахметовтің қаралы рәсімге сай безендірілген суретінің жанында жапсырулы тұрды. Көптің көкейіндегіні дәл аңғартқан ақынның көңілі үкіметтің көңіл айтуынан кем емес-ті.

Әдебиет тарихын зерттеушілер әр жылдарда жоқтау өлең үлгілерінің жеті атасын іздеп тапты. Мәселен, Кеңгірбай биді белгісіз ақын, Жәңгір ханды алаша Байтоқ, Шоқанды Орынбай ақын, Әйеке болысты Бұдабай Қабылұлы, Мұса Шормановты Мәшһүр Жүсіп Көпеев жоқтаған. Ыбырай Алтынсарин мен Сүйінбай Аронұлы өмірден озғанда да жоқтау жырлар айтылған. Әдебиет институтында әдебиеттанушы ғалымды жоқтаған әдебиеттанушы ақынның жазған жоқтау жыры – сол желінің жиырма бірінші ғасырға дейін үзілмегенінің дәлелі.

Қара өлеңің ордасы ең,  
Қара сөздің жорғасы ең.  
Бір жақсымен құрдас ең,  
Бір жақсымен жолдас ең,  
Өттең, дүние опасыз...  
Кеше ел иығына зерлі тон жапқан Ер Зәкең,  
Бүгін жеңсіз көйлек киюлі.  
Бұл қалай сірә болды деп,  
Басыма қара төнді деп,  
Жұртының басы июлі.  
Туысқан, құрбы, қауметі,  
Жазушы, ғалым әулеті,  
Қайырлы болғай қазаңыз,  
Қабырғасы сөгіліп,  
Жандары қатты күйюлі.

Шындығын айту керек, ел жылап-сықтап жүрген тұста бұл өлеңге ешкім мән бере қойған жоқ. Алайда бұл нағыз алаш ардақтаған арысты, зиялы азаматты жоқтаудың осы заманғы үлгісі еді. Қаламы қарымды журналист-жазушы Сейдахмет Бердікұлов қайтыс болғанда белгілі суырыпсалма ақын Есенқұл Жақыпбековтің жырмен жоқтау айтқанын көргенбіз. Сонда ел егілген, егіле отырып, ер азаматты іздейтін інілер барына сүйсінген. Ал мына өлең тек Серікбай ақынның ғана емес, Зәки Ахметовті шексіз сыйлайтын кейінгі буынның да айтар сөзі болатын. Ақын: «Сәрсенбі жаудан бұқпа деп, Сейсенбі жауға шықпа деп, Кейінгі ұрпақ балаға-ай, Ақтамберді бабаңның, Айтқаны келген бола ма-ай», – деп, ел ішіндегі аңыздардың желісін пайдаланып, өлеңіне әр кіргізеді. Сол жылғы желтоқсанның он жетісі шынында да сейсенбіге сәйкес келіп тұр еді...

*\*«Тектілік теориясы» эсселер топтамасынан алынды.  
(Адырна.кз, 04 мамыр, 2022 жыл.  
<https://adyrna.kz/index.php/post/112743>)*

**Берік ЖҮСІПОВ,**  
*фольклортанушы, филология  
ғылымдарының кандидаты, доцент*

### **АРАЛЫН АҢСАҒАН АҚЫН** *(Жиырма алты жыл бұрын жазылған)*

Аралдың теріскей бетін мекендеген ел аз. Сол аз ауылдардың бірі – Ақбасты. Бұл – бір кездегі айдыны шалқыған, шағаласы қалқыған, балығы тайдай тулаған көк теңізді жайлаған киелі қоныс. Серікбай Қосан осы топырақта туып, тырнақалды өлеңдерін қасиетті де қасіретті теңіздің жағасында жүріп жазды.

Студенттік жылдардағы Серікбайдың өлеңдері туған жер туралы сырлы сезімді әуендерге толы. Алдыңғы толқын аға буын ақындар сияқты, ол да алғашқы жүрекжарды жырларын өзі ұнатқан ару қыздарға арнаған екен. «Зооветте» оқып жүрген жас ақынның көршілес Қыздар институтына арнаған өлеңінде мынадай жолдар бар:

Жаңбырлы түндер ЖенПИ-дің жайлы жатағы,  
Жарықтық, қыздар, жаһанға кеткен атағы...

Менің есімде қалғаны осы жолдар ғана. Серікбай әскер қатарынан келгеннен кейін «Зооветтегі» оқуын тастап, жүрек әмірі қалаған С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің шығыстану факультетіне түсті. Аталмыш оқу орнын бітіргеннен кейін де сол баяғы Қыздар институтында оқытушы болған, біраз сыннан өткен ақын енді қыздар туралы қызына жырлайды:

Қызды ауылға ат байладық көптен біз,  
Дәріс оқып талай сабақ өткенбіз.  
Қызылорда емес, қыз ордасы болғасын,  
Амалсыздан ақын болып кеткенбіз!

Осы жылдар ішінде Серікбай әсіресе туған жер, атамекен Арал жайында көп жазды. Оның текті теңіздің тағдыры хақында тебіренген жырлары әрі мұңлы, әрі жүрекке жылы тиіп, ерекше әсер қалдырады. Оның осы тақырыптағы жырларын көптен қадағалай оқушы едім. Өзім де Аралдың перзенті болғандықтан, оның теңіз жайындағы жырлары қатты толқытатын.

Жақында Серікбайдың «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Аралды аңсау» атты тұңғыш жыр жинағы қолыма тиді. Талантты ақынның бұл жетістігіне көп болып қуандық. Оның теңіз туралы жан тебіренісіне толы жырларын оқи отырып, әрбір шумағын ой-сезім елегінен өткіздім. Алғашқы өлең «Арман» деп аталыпты.

...Ардағым ең, асау теңіз, ұлы айдын,  
Арысым-ау, мұнша неге мұңайдын.  
Аңсап, шөлдеп келгенімде алыстан,  
Ақ төсінді қимағаны-ау Құдайдын...

Рас, бүгінде ақын асыр салған айқұлақты ақшағыл ару жаға да, аспанға атқан ақжал асау толқындар да келмеске кеткен. Бірақ ақын жүрегі сол баяғы баба теңіздің базарлы, басынан бағы таймаған ажарлы кездерін аңсайды. Сағынышын, мұңын шағып, Тәңірге жалбарынады. Теңіз қасіретінің асқынған тұсы жырда былайша кестеленіпті:

...Көкжиектен көрінбейді желкен де,

Шөгіп жатыр шөліркеген өлкең де.  
Шағалаң жоқ, жар басында жапалақ,  
Қарға-құзғын қалықтайды желкенде...

Теңіздің жан алқымда жатқан мүшкіл халін, қасіретке толы тағдырын бұдан әсерлі беру мүмкін емес, «Қарға-құзғын қалықтайды желкенде». Сезімі сергек адамға бұдан артық түсіндірменің қажеті жоқ-ау.

Арал тағдыры – адамзаттың қасіреті. Заманымыздың ақын-жазушыларының бұл тақырыпқа қалам тартпағандары кемде-кем. Кезінде Зейнолла Шүкіров, Төлеген Айбергенов сияқты ақындарға айдынды Аралдың айбынды көркін жырға қосу бақыты бұйырып еді. Ал Жарасқан, Шөмішбай, Темірше, Мырзандарға теңіздің бағы тайған, базары тарқаған талайсыз тағдырын жырлауға тура келді. Бұлардың қай-қайсысы да Аралдың ауыр халін жеңілдетіп, елдің еңсесін көтерер жырларды жазудай-ақ жазды. Серікбайдың аталған жинағы да осы тақырыпқа қосылған тамшыдай дүние болды.

Серікбайдың теңіз туралы жазылған әрбір жыры жеке картина сюжетіне сұранып тұр. Поэзия мен музыка тұрақты бейне жасаудың басты құралы болған соң бұған таңғалуға да болмас. Дегенмен Серікбайдың қолтаңбасы мұнда да бүкіл болмысымен ерекшеленеді.

...Ақ сазаны арулардай аяулы,  
Бекіретелер батыр еді сүйекті...

немесе:

...Ақ шағалаң қызғышыңдай қоритын,  
Шабак-қызды шырылдатып торитын...

Су бетінен шабак іліп жатқан ақ шағала ақын қиялында көркем бейнеге айналған. Осы қалпында суретке айналдырса, теңдесі жоқ қылқалам туындысы болып шыға келгелі тұр. Картинаға сұранып тұрған бұл жанды бейнеге «Сері шағала, Шабак қыз» деп ат қояр едім.

Ақын жалындап сөйлеуден де, күйіп-пісуден де аулақ. Теңіздің өзі сияқты, айтарын бұйығы үнмен, емеурін арқылы білдірген. Теңізге төнген ауыр халді шешуге асықпаған кейбіреулерге деген басынасының өзі құр қаралау емес, ақынның үмітке толы үлкен тілегі сияқты.

...Адам бірақ тартып алды суыңды,  
Су орнына берді саған жуынды.  
Содан кейін құсың ұшты қолыңнан,  
Ал қара шал қанша жерге қуынды...

Бұл ақынның «Аралды аңсау» атты жырынан алынған жолдар. Жырдағы «Қара шал» – халықтың бейнесінде алынған түпбейне, яғни Аралдың жоғын жоқтаушы. Серікбайдың «Теңіз жатыр...» деген толғауы – Арал туралы жырларының ішіндегі ең көлемдісі әрі теңіз дертінің ақиқатын, оның зардабын барынша қанық суреттеген байыпты шығарма. Аралда туған әрбір азамат ақын болса былай деп толғанары сөзсіз:

Теңіз жатыр... үндемейді... үнсізбін,  
Тәңірім-ау, бұл ғаламда мұңсыз кім?  
Тым болмаса, емінді айтшы, айбыным,  
Таба алмасам, мен де саған құнсызбын...

Ақынның «Аралды аңсау» атты жыр жинағында теңіздің тағдырына қоса, ел, дін, тіл, жастық шақ тақырыбына да біршама орын берілген. Ақынға ғана бұйырған еркіндік, Алланың тартқан ерекше сыйы – жұрт айта алмағанды айта білу.

Ақын болып тусам туған шығармын,  
Айтарымды айтпай қайтіп шыдармын.  
Қара жерді қаламыммен көтеріп,  
Жырларыма жарты әлемді жығармын...

Ой мұхитының қай тұсынан салсаң да, ескегін еркін есіп кетіп бара жатқан ақынның жырына мәңгі ғұмыр сыйлайтын – халық. Нағыз ақын мадаққа да, шен мен шекпенге де зәру емес. Серікбай дулы мүшәйраларға, думанды айтыстарға да атсалысқан жоқ. Себебі де белгілі. Оның жырлары газет-журнал беттерінен де сирек көрінеді.

Қоңыр күзде дүниеге келіп, қоңырқай күй кешіп жүрген осындай бір замандас ақын бар.

*Бұрынғы жарияланымдарда: Аралын аңсаған ақын // Заман Қазақстан. – 1998. – 25 қыргүйек. – № 21; Аралын аңсаған ақын // Жүсіпов Б. Жырдария. Ғылыми-танымдық мақалалар, эсселер мен сұхбаттар. – Алматы: Arna-b, 2009. – 212–216-бб.*

**Жібек ДОСБАЙ,**  
филология ғылымдарының кандидаты,  
«Мектеп» баспасының жетекші редакторы

## **СЕРІКБАЙ ҚОСАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АРНАУ ӨЛЕҢДЕРДІҢ ПОЭТИКАСЫ**

*Ақ жанарын күнге тоспай айдын да,  
Ақ шұғыласы қара жерге шашылмас.  
Алтынды – алтын деудің өзі – адалдық,  
Демесең де, аяқасты басылмас...*

**Сабыр Адай**

Қазақ әдебиеттану ғылымына, қазақ поэзиясына өз үлесін қосқан ақын, мәтінтанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосанның поэзиясы туралы сөз қозғамақпыз.

С. Қосан аз жазса да, саз жазатын ақындар қатарында. Ақын өлеңдері жайдан-жай Қазақ поэзиясының антологиясына енгізілмеген. Жинақты құрастырушылар ақын өлеңдерінің ең тартымдысын, көркемдік қуаты мықтыларын таңдап алған («Жыр маржаны. Қазақ поэзиясының антологиясы. – Алматы: Мереке баспасы, 2014»).

Жалпы, ақын поэзиясынан сан түрлі тақырыпты, алуан түрлі мазмұнды, өзекті де өткір маңызды мәселені, яғни көңілің қалаған, іздеген нәрсеңнің бәрін табасың. Автор лириканың барлық түріне қалам тартқан. Оның өлеңдерінде қоғамдық сананы оятатын саяси-әлеуметтік лирика да қылаң беріп, үлкен ойларға жетелеп, түйсігінді түртетін философиялық лирика да ұшырасып, көңілінді көтеріп, сананды сергітетін, сезімді оятатын көңіл күй лирикасы да ұшқын атып, жастықтың желігін есіңе түсіріп, еріксіз езу тарттыратын, сағыныштың самалды сағымындай махаббат лирикасы да молынан кездеседі. Сонымен бірге ақын Арал мәселесі мен Желтоқсан көтерілісін, туған ел, туған жер, ана тіл, табиғат және тарихи, діни тақырыптарды да қамтыған.

Сондықтан да ақынның әр өлеңі тақырыбының алуан түрлілігімен оқыған сайын жүрекке жылы тиіп, көкірегіңнен орын



тауып, көңіл ұясына қонып жатады. Сондай-ақ ақын поэзиясында өзіне тән стилистикалық ерекшелікпен қоса, көркемдік тәсілдің бірнеше түрі кездеседі. Аллитерация, ассонанс тәсілдерімен жазылған өлеңдері де өз алдына бір төбе және автология, яғни сөзді тура мағынасында қолдану әдісі арқылы жазылған лирикаларының да эстетикалық қуаты жоғары.

Бүгінгі біздің сөз етер мәселеміз – ақынның арнау өлеңдері. Автордың арнау өлеңдерін үш топқа бөліп қарастыруға болады: 1) тарихи тұлғаларға арналған; 2) көзі көрген белгілі ғалымдардың мерейтойларына арналған; 3) өмірден кенеттен өткен белгілі жандарға арналған жоқтау жыр.

Серікбай тарихи тұлғалар – Ясауи, Махамбет, Кейкі батыр, Сүйінбай Аронұлы, Джохар Дудаев және т.б. белгілі адамдарға арнау өлең жазған. Қазақ әдебиетінде Махамбет тақырыбы күні бүгінге дейін өз тұғырынан түспей келе жатыр. Екі ғасырға жуық уақыт өтсе де, Махамбеттің жорықтары тарихшылардың, өрелі өлеңдері әдебиетшілер мен ақын-жазушылардың қолынан қаламын түсірген жоқ. Махамбет рухымен тілдеспеген, оған арнау жазбаған, поэзиясын өз деңгейінде зерттеп, зерделемегендер жоқтың қасында. Осы орайда бұл тақырыпқа С. Қосан да өз үлесін қосқан.

Ақын Махамбетке арналған *«Қараойдағы қара нар»* атты өлеңінде Махамбеттің ақындығын «арғымаққа», батырлығын «нарға» теңей отырып:

Есіл ерім, енді арманың қалды ма?  
Еділін жоқ...  
Еркін елің бар бірақ! –

деп тәуелсіз, еркін ел екендігімізді айтып, Махамбет ақын рухынан сүйінші сұрайды, «енді арманың жоқ шығар» деп, батыр рухының тыныштық тапқанын тілейді. Десек те, Серікбай ақын Махамбет батырға сол кездегі тоғырашар әлі де қаптап жүргенін еске салады:

...Маха, сендей ұл туды ма?  
Білмеймін?  
Ықандардың көптігінде күмән жоқ! –

дейді. Расында, бұл өмір – заңы. Бұл жөнінде атам қазақ: «Бір жақсы туса, оны құрту үшін он жаман қатар туады» деген емес пе еді.

Өлең мазмұнында өкініш пен өкіс, тарығу мен торығу, түңілу мен күйіну басымырақ. Бірақ үрку мен қорқу жоқ.

Ақын өлең аяғын атқамінерлер мен ұлтжанды көпшілікке әлеуметтік сұрақ қоюмен бітіреді:

...Сен өлгенде туған Жамбыл ұрпағы  
Арзу еттік бір даңғылын атар деп.  
Астана елі алтын тұғыр қойса да,  
Тақияңа тар келер ме, Махамбет?!

Автор Алматыдан Махамбеттің атына даңғыл берілсе, Астанадан тұғырлы ескерткіш салынса деп наз айтады. Біздің білуімізше, М. Өтемісұлы атында Алматы қаласы, Алатау ауданында (5,4 км), Астана қаласы, Нұра ауданында (1,66 км) кішігірім ғана көшелер бар екен, даңғыл емес. Ал ескерткіш мәселесі әлі ешкімді ойландырмаған сияқты.

Өлеңнің құрылысы, яғни шумақтары өзіндік ерекшелікпен жазылған. Он екі шумақтан тұратын өлең жеті, алты, бес, төрт тармақтардан топтасқан. Бұл топтасу өлеңге ерекше стиль беріп, синтаксистік құрылысын нығайтып, интонациялық жағынан өзгеше сипат берген.

Академик Рымғали Нұрғали: «Ақын өмірі – қашанда романтикалы өмір. Ақын бейнесі – қашанда поэтикалық бейне... Оның тағдырында поэзия да бар, трагедияда бар» дейді бір зерттеуінде. Шынына келсек, ақынның аталмыш өлеңінде, ғалым айтқан жағдаяттың бәрі де кездеседі.

С. Қосанның келесі арнауы Сүйінбай Аронұлының 190 жылдық мерейтойына арнаған «*Жыр жұлдызы*» атты өлеңі. Сүйінбай ақынды жырдың жұлдызына балаған автор оның барлық өмірін бес шумақ өлеңге сыйдырған. Заңғар Алатауды «қазақтың өркешіне», Сүйінбайды «қазақтың еркесіне, ақынның еркесіне» теңеген ақын:

Екейден сексен ақын туса дағы,  
Сүйекең қол бастаған еркесіндей, –

деп барып қайырады. Одан әрі қарай Сүйінбай Аронұлының Тезек төремен тартысын, қырғыздың атақты Қатаған ақынын жеңгенін айта келіп:

Сүйінбай, Жамбылдардың аты барда  
Сөнбейді Жетісудың жұлдыздары, –

деп аяқтайды. Ақынның бұл өлеңін Сүйінбай ақынның көркем бейнесін әдебиет тарихында қалдыруға қосқан үлестің бірегейі деуге болады.

Ол осы үрдісті жалғастырған ақын келесі кезекте өзі көзі көрген, кейбірімен қызметтес болған, еліне еңбегі сіңген тұлғалар – Әбжан Құрышжанұлына («Әбжан әл-Қыпшақи»), Мақсұт Шафиғиға («Мақамы бөлек ұл»), Айтжан Абдуллинге («Тасжарған»), Шора Сарыбаевқа («Сексендегі сері»), Зейнолла Қабдоловқа («Махамбеттен аумаған ұл», «Марғасқа»), сондай-ақ Әбділхамит Нарымбетов, Серік Қирабаев, Әди Шәріпұлы, Ақселеу Сейдімбек, Рымғали Нұрғали, Сейіт Қасқабасов, Әзілхан Нұршайықов және т.б. мерейтойларына арнау жазған.

Серікбай ақын жалпы арнау өлеңдерінде кейіпкерінің сыртқы тұлғасын немесе мінез-құлықтарын, яғни жоқты-барды айтып, оқырманын мезі етпейді. Ақынның арнау өлеңдерінің негізі, тоқетері – тұлғаның шынайы адами қасиеті мен халқына істеген ісі. Сондай өлеңдерінің бірі – профессор Әбділхамит Қуанұлы Нарымбетовке арналған «*Жайық мінез Әбекең*». Онда ағайдың барлық ғылыми еңбектері мен істеген істерін тізіп келіп, көп адамда кездесе бермейтін, тек осы – Әбекеңе ғана тән игілікті істі өлеңге қосқан:

Жайық мінез тебіренсе, теңіздей-ақ,  
Өрге тарттың өнерді өгіздей-ақ.  
Демеп жүрдің көп жасты қолтығынан,  
Біреулерге «бірдеңе» дегізбей-ақ, –

деп бірауыз сөзбен жылы жүректі Ә.Қуанұлының кім екенін таныта алған. Шындығында да, Әбекең жастарға сондай қамқор, өте кішіпейіл, қолынан келгенін аямайтын өте ерекше жан еді.

Академик Зейнолла Қабдоловтың поэзия туралы мынадай бір пікірі бар: «Лирикада мінез болады, Ол – ақынның мінезі:

өлеңім, өзіме тарт дегендей, әр өлең тек иесіне ғана тартады» дейді. Ғалым айтқандай, С.Қосанның өзіне тартқан, тіпті аумай қалған бір өлеңі – академик Серік Қирабаевтың 75 жылдығына арнаған «*Сын серісі – Сераға!*» атты он бір шумақтан тұратын арнауы. Автор онда Серағаның туған жері – Жаңарқаны, Атасуды кірістіре отырып, бүкіл шығармашылығы мен атқарған қызметтерін рет-ретімен поэзия тілінде баяндаған. Өлеңді оқыған адам академик С. Қирабаевтың өмірі мен шығармашылығын тұтас біліп шығады. Ар – бірауыз артық сөз жоқ, төрт тармақты қара өлең ұйқасымен, үздіксіз бір қарқында жазылған шығарма. Оқуға өте жеңіл, тілі жатық, сюжеті өзіне тән элементтермен толыққан, поэзияға керек құндылықтар мен тәсілдер үйлесім тапқан. Ақын өлең соңын:

Талай топта боп едіңіз төраға,  
Тек, сый-құрмет саулығыңда көр, аға!  
Сын семсерін қолыңыздан түсірмей;  
Сексенде де сілтей берші, Сераға! –

деп аяқтаған. Шынайы жүректен, риза көңілден шыққан шәкіртінің ақ тілек қабыл болып, Серағаң 2021 жылы 95-ке қараған шағында қайтыс болды.

С. Қылышбайұлы поэзиясындағы арнау өлеңдердің үшінші тобы – өмірден кенеттен өткендерге, топырағы кеппей тұрып жазылған жоқтау жыр, яғни өлең-реквием.

Ақын академик Зәки Ахметов кенеттен қайтыс болғанда «*Бақұл болыңыз, жан аға!*» атты жоқтау өлең жазды. Жоқтау жыр үш бөлектен тұрады: бірінші және үшінші бөліктері шумақтарға бөлінбеген жыр, толғау, терме үлгісінде жеті-сегіз буынды тармақтармен топтасып, түйдектеліп келеді. Ал екінші бөлікте қара өлеңнің жазылу стилін басшылыққа алғанымен, онда ерікті, шұбыртпалы, ақсақ ұйқастар орын алған. Бұл – еш дайындықсыз, тосыннан, кенеттен жазылған, яғни экспромт өлеңнің белгісі. Мысалы:

Жүрегі толған жыр еді,  
Жүзі жарық нұр еді,  
Кеудесі қазына – сыр еді.  
Жүзден озған ірі еді.  
Қасымызда жүр еді,

Жас ғалымға пір еді,  
Хас жақсының бірі еді.  
Жанымызда жүр еді...

Кенеттен болған оқыс өлім ақынжанды жүрекке өзгелерден гөрі қаттырақ әсер еткені осы өлеңнің түйдектеліп, төгіле жазылуынан-ақ көрінеді. Сондай-ақ автордың халық ауыз әдебиетінің мол мұрасының қай-қайсысынан да хабары барын байқатқандай. Ақын Зәки Ахметовтің ғылыми жолын, істеген қызметін көп тізбектемеген, тек екі-үш сүбелі дүниені – «Өлеңін сынап қазақтың, Қалдырдың ойлар қиюлы. Абайдың сөзін ардақтап, Көрсеттің қайтіп «түюді» және «Шәңгірейдей сұлтанды, Ақын ғой деп аяулы, Отызында өрт ішінен ап шықтың» деп, қысқа ғана қайырған. Әрі қарай сол уақыттағы атмосфераны, яғни оқиғаның әсерін, оның нәтижесін, халықтың «қалай болдысын», зиялы қауымның өкінішін өлеңге өрім етіп, былай дейді:

...Жазғаның қалды жиюлы,  
Қаламың қолда түюлі,  
Сауығында сиясы қалды құюлы...  
Өттең, дүние, опасыз...  
Кеше ел иығына зерлі шапан жапқан Ер Зәкең  
Бүгін жеңсіз көйлек киюлі...

Бірінші бөліктің соңын бүкіл көпшілікке, туысқан-құрбыға, барлық зиялы қауымға «Қайырлы болғай қазаңыз» деп аяқтайды.

Арнаудың үшінші бөлімінде оқиғаның қалай, қай күні, қай мезгілде болғаны, ауа райының қандай болғаны – бәрі өлең тіліне айналып кеткен. Арнау соңында амалдың жоқтығын, шараның шектеулігін, төтелеп келген ажалға адамның қауқарсыздығын айта келіп, марқұмды Аллаға тапсырады:

Бейіштен орын берсін деп,  
Иманың жолас болсын деп,  
Тапсырдық жалғыз Панаға.  
Аллаға жаның аманат,  
Пайғамбар қылғай шапағат,  
Бақұл болыңыз, жан аға!

С. Қосанның осындай тағы бір туындысы – замандас ағасы әрі әріптес досы, белгілі мәтінтанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Тоқтар Әлбек мезгілсіз өмірден өткенде арналған «*Өрістен қайтпаған қара нар*» атты өлең-реквиемі. Ақын бұл өлеңінде де өзінің қалыптасқан стилінен ауытқымай, өзі ұстанған формадан айнымай, жіп-жинақы жеті шумақ өлең жазған. Автор өлеңді өкінішпен бастайды:

Армандар көп еді басында,  
Көп еді сыйласқан досың да,  
Аға боп жүріп ең қасымда.  
Келіпті бәрі де осында.  
Алланың ісіне не шара?  
Ешқашан ойыма келмеген  
Аттандың пайғамбар жасында.  
Еске алып, жыр оқу асында, –

дей келеді де, сол жеті шумаққа Тоқтар Әлібекке деген барлық құрметін сыйғызған. Тоқаңның 100 томдық бабалар сөзіне сіңірген еңбегін «Бағумен бабалар әлемін, Бүгінге жеткіздің сәлемін» деп бейнелесе, ғұмырын қолжазба оқуға арнаған мәтінтанушылығын «Қолжазба оқумен сарғайып, Қағазға үңіліп жүдедің» деп көркемдеген. Ағасын, досын, әріптесін «қара нарға» теңеген ақын, енді оның өрістен қайтпайтынын білсе де, көпшілікке «Белгісіз қай кезде оралар...» деп, риторикалық сұрау қояды. Бұл автордың «Болашақта Тоқтардай ғалым енді қашан шығады?» деген ойының астары болса керек. Ақын өлең соңын кейіпкерін өлімге қимайтынын, орны толмайтынын «Өлді деуге сыя ма, ойландаршы» деген Абай сөзімен сабақтастырғандай. Одан әрі, әдеттегідей тағдырға бас иіп, өліге иман сұраумен қорытындылаған:

Өлді деп сенуге бола ма,  
Өлсеңіз орныңыз тола ма?  
Көп үшін қадірлі жан едің,  
Иманың салауат бол, аға!

Қаламгердің келесі жоқтау жыры – күні кеше өмірден өткен, дарынды ғалым Бақыт Әбжетке арналған «*Шығыстану көгінен жарқ етті де...*» деп аталатын арнау өлеңі. Аталмыш өлеңде автор бауыры, қызметтес болған ғалым інісі – Бақыттың

өзгеше білімділігін, «астан-кестен қоғамға сынай қарайтын» байсалдылығын, «арзан жолға ермеген» парасаттылығын айта келе, «аққуындай, «шаттығындай», «ақ туындай» секілді теңеулерді, яғни поэзияға тән компоненттерді де орынды қолданған.

Бақыттың мезгілсіз өліміне күйзелген ақынның жан дүниесі мынадай шумақпен шер тарқатып:

Алғыр едің, жас едің, ерен едің,  
Ақылды едің, арлы едің, терең едің.  
Алланың құзырына қайттың ерте,  
Амал не, бізге де, інім, керек едің... –

дей келіп, көп нүктемен аяқтайды. Бұл көп нүкте – ақын ойының аяқталмай қалғанын, Бақыт Әбжет туралы әлі де айтары барының білдіреді. Әрі қарай:

Жалған дүние бір сәтте жалт етті де,  
Ажал бүркіт шалт беріп қағып түсті.  
Шығыстану көгінен жарқ етті де,  
Шың басынан бір жұлдыз ағып түсті, –

деп, «дүние жалған», «ажал бүркіт» сияқты эпитеттерді орынды қолдана отырып, Шығыстану ғылымынан «бір жұлдыз ағып түскендігіне» налиды.

Біз С. Қосанның арнау өлеңдерінің алты-жетеуін ғана тілге тиек еттік. Жалпы, ақынның поэзиясы, соның ішінде арнау өлеңдері болашақ зерттеу тақырыбына айналары сөзсіз.

Автордың арнау өлеңдерінің негізгі мақсаты – тарихи тұлғалардың, көрнекті ғалымдардың, белгілі адамдардың істеген істерін, қалдырған мұраларын, өнегелі өмірлерін келер ұрпаққа үлгі ету және адамға деген құрмет, ізгілік, тірісінде бағалай білу, қазасында қайғыра білу.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қосан С. Жүрегімде жүз өлең. – Алматы: Дөйт-Принтхаус, 2006.
2. Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық шығармалар. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1991.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
4. Досбай Ж. Қ. Бекхожин поэмаларының поэтикасы. – Алматы: Мектеп, 2013.

**Жұмашай РАҚЫШ,**  
филология ғылымдарының кандидаты,  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институты, Алматы, Қазақстан Республикасы  
zhumashay19@mail.ru

## **БАТЫРЛАР ЖЫРЫН БАСПАҒА ӘЗІРЛЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ ҰСТАНЫМДАРЫ ЖАЙЫНАН**

Қазақ халқының бай рухани мұрасын жинап, ғылыми тұрғыдан зерттеу, сондай-ақ оны ел игілігіне ұсыну, ұлттың әдебиеті, мәдениеті мен тарихына қатысты көне жәдігерлерді жинақтап, зерттеу жұмыстарының маңызы зор. Еліміздің сөз қазынасын зерделеу және оны келешек ұрпаққа жеткізу жолында ұстаз, ақын, ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Қосанов Серікбай Қылышбайұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінде қажырлы еңбек етіп келеді.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында әлемде теңдесі жоқ маңызды жобалардың бірі – «Бабалар сөзі» атты жүзтомдық сериясын 2004-2013 жылдар аралығында баспаға дайындау барысында профессор Б. Әзібаева, филология ғылымдарының кандидаттары С. Қосан мен Т. Әлбеков жауапты редактор болып жетекшілік етті. 2006 жылы Қолжазба бөлімінің меңгерушісі, әрі «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясының жауапты редакторы болып Серікбай Қосан бекітілді [1, 5].

Серікбай «Бабалар сөзі» жүзтомдығына жауапты редакторлық жұмысын Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұрасын Қазақстанда жарыққа шығарып, ғылыми айналымға енгізу шараларын ұйымдастырудан бастады. Қолжазба қорында сақтаулы, көпшілікке беймәлім болып келген көптеген эпостық шығарманы жинақтап, ғылыми айналымға алғаш енгізу жолында Серікбай Қосанның қосқан үлесі орасан зор. Ол әрбір томның мазмұны мен құрылымын жіті қадағалап, қажырлы еңбек етіп, фольклорлық материалдардың текстологиялық тұрғыда тиянақты әрі түбегейлі зерттелуін қамтамасыз етті.

«Бабалар сөзінің» 25-32-томдарында Қытайдағы қазақтар арасында жиналған хикаялық, ғашықтық, тарихи, шежірелік



дастандар қамтылды. Олардың арасында кейбір эпостық шығармалар Қазақстанның қолжазба қорларындағы осы мазмұндас жырлардың нұсқалары болса, басым көпшілігі қазақстандық оқырман үшін мүлде беймәлім туындылар еді.

Серікбай Қылышбайұлы Қытайдағы Іле Қазақ автономиясына қарасты Күнес ауданында туған, белгілі қазақ ақыны Таңжарық Жолдыұлы жырлаған «Әнуар – Күлөнда», Сыр бойында өткен Есім байдың қызы Сәлиқан мен Нұрым байдың ұлы Садықтың шынайы махаббаты суреттелген «Садық – Сәлиқан», сюжеті Баян мен Қозының қайғылы оқиғасымен үндес «Салиқа – Сәмен», Тілеубай Шаймарданұлы жырлаған қазақ жігіті мен қалмақ қызының арасындағы махаббат драмасына құрылған «Олжа қыз», мифтік персонаждар, шығыс сюжеттері шебер қиюластырылған «Нұртаза мен Күнасыл» дастанына кең көлемді ғылыми түсінік жазған.

Сонымен қатар XVII–XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығы тұсында өткен оқиға баяндалатын XX ғасыр басында Қытайға қарасты Іле өлкесіне кең тараған «Байын–Жүрек» дастанын талдайды, ал шығарма сюжетіне XVII–XVIII ғасырлардағы қазақ-қалмақ оқиғалары негіз болған «Досан» жырының бірқатар эпизодтық көріністері: екі баланың сапарға шығуы, жол қиындығы, қыздармен кездесіп, айтысқаны, жырдың стилі мен өлең өлшемі XIX ғасырдың басында туып, қазақ арасына кең тараған «Мақпал–Сегіз» дастанына барынша үндес екеніне мән береді.

Топтаманың 26-томына енген «Қыз Жібек» жырының басылымдары мен зерттелу тарихнамасына шолу жасай келіп, Шерияздан ақын нұсқасының көлемі екі есе (6364 жол) екенін, оның Жүсіпбек жырлаған нұсқаны жетік білгенін, жырдың ұтымды жерлерін сол қалпында қалдырып, өз тарапынан жаңа шумақтар мен тың эпизодтар (Қаршығаның айламен жаудың мыңдаған әскерін адастырып қыруы) қосып, қара сөзді өлеңге айналдырып құбылта жырлаған деген тұжырым жасайды. Қытайда тұратын қазақтар арасына ертеден танымал «Ахмет пен Нүрилә» дастаны түс көру мотивінен басталатынын талдайды.

Шыңжаң өлкесінде Алтай-Тарбағатай аймағының қазақтары арасында, Қазақстан жерінде де кең таралған, Алтай қазақтарының аймақ бастығы Әжі төре Көгедайұлы мен ұранқай-

дәрбіт халықтарының билеушісі Ежен ханның жергілікті елге көрсеткен зорлық-зомбылығына қарсы шыққан Арқалық батырдың қақтығыстарына құрылған «Арқалық батыр» жыры 27-томға енген. Ол ҚР БҒМ ОҒК-нің сирек қоры мен М.О. Әуезов атындағы ӘӨИ-дің Қолжазба орталығында сақталған «Арқалық батыр» жырының Ертай Құлсариев (1938), Иса Байзақов (жинаушы Саяділ Керімбеков, 1945), Ержан Ахметов (1958), Сұлтан Мәжитұлы (жинаушы Абылай Түгелбайұлы, 1963), Сағидолла Нұралин (1964) нұсқаларынан басқа Қытайға қарасты Шыңжаң Ұлттық Автономиялық Республикасы (ШҰАР) көлемінде кең тараған Сұлтан Мәжитұлы, Асқар Татанайұлы, Жұмажан Әбілғазыұлы т.б. нұсқаларын саралаған.

«Ер Жәнібек» жырын, профессор О.Егеубаевтың айтуына сүйеніп, шығарып, таратушы Жәнібек батырдың бесінші ұрпағы Ыбырай деген кісі 1927 жылы Тарбағатай өңірінде жүргенде шығарған деген мәліметті жыр мәтінінен мысал келтіре отырып, «Жантөкеш», «Рамазанның қиссасы» жырын айтушысы белгісіз нұсқаны талдаған.

Шыңжаң қазақтарының басынан өткен түрлі тарихи оқиғаларға қатысты «Қожеке», «Арғынбектің жыры», «Үркін-қорқын», «Ер Бұлан», «Он сегіз», «Қан кешу», «Нүптебектің асы», Айгүл мен Берікболдың оқиғасы «Шейітсай», «Сақари» және «Сәтбек батыр» жыры (Шерияздан Сұлтанбайұлы нұсқасы), «Абылай хан», «Ер қормалы – ер Абылай» жырына мәтіндік талдау жасады.

«Ағыбай батыр» жырының қолжазба нұсқалары мен Исаның «Қойшының ертегісі» поэмасын әлде де зерттей түссе, авторлық шығарма мен фольклор туындысының қайсысы түпнұсқаны меңзейтінін табудың сәті түсері даусыз. Әзірге Қытайдағы қазақ жыршыларының аузынан жазылып алынған «Ағыбай батыр» жыры халық ауыз әдебиетінің үлгісі, жырдың бір нұсқасы ретінде бағаланып отыр», – деп, серияның 29-томына жыр мәтіні алтайлық нұсқа (1991) бойынша әзірленгенін дәйектейді.

«Бабалар сөзі» сериясы бойынша шыққан жүзтомдықтың екі томын (33-34-томдар) «Алпамыс батыр» жырлары құрайды. Ғылыми қорларда «Алпамыс батыр» жырының он бес қолжазба нұсқасы сақталған. Кеңес кезеңінде бұл батырлық жыр әлденеше

рет жарияланған, көбіне кеңес кезеңінің саяси-идеологиялық талаптарына орай мәтіндік өңдеу, редакциялық түзетулермен жарияланғаны белгілі. Жырдың бұрын ешбір басылым көрмеген Рахат жырау, Нұрпейіс Байғанин, Әлі Оспанов, Сүйіншәлі Жаңбыршин, Айнабек Нысанов, Келімбет Серғазиев нұсқалары ғылыми айналымға алғаш рет енді. Жырдың осындай беймәлім нұсқаларының оқырман назарына ұсынылуында Серікбай Қылышбайұлының қомақты үлесі болды.

Жырдың 1939 жылғы басылымы жинақты құрастырған С. Мұқанов нұсқасы ретінде аталады, бұл жеке бір нұсқа емес, Жүсіпбек Шайхысламұлы (1899) мен Әбубәкір Диваев (1922) жинап, бастырған екі жыр мәтінінің қосындысы болып саналады. Мұны фольклортанушылар эпос нұсқаларының сюжеттік құрылымын салыстыра талдау барысында аңғарып, тиісті тұжырымдар жасаған. Белгілі қоғам қайраткері, ақын Сәкен Сейфуллин екі нұсқаны тұтастырып 1932 жылы алғаш рет жариялаған. «Алпамыстың» толық сюжетін ұсынууды мақсат еткен С. Сейфуллин екі басылымның мәтінін кіріктіріп жалғастырып отырған. Сол кездегі орыс фольклортану ғылымында эпостың канондық мәтінін қолдан жасау үрдісі болған, бертін келе бұл әдістің ғылыми негізсіз екендігі дәйектелді. 1972 жылы «Алпамыс батыр» жырының құрама нұсқасында сюжеттік инвариант сақталғанмен, әр нұсқаның өзіндік ерекшелігі ескерілмегені айтылады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында «Қобланды батыр» жырының Марабай, Дәулетше, Көшелек, Мұсабай, Мергенбай, Айса, Мұрын, Нұрпейіс, Ержан, Әбілқайыр, Құлзақ, Дүтжан, Нұрсейіт, Біржан т.б. жыршылардың репертуарындағы жиырма тоғыз нұсқасы сақталған. Олардың әрқайсысына ғылыми сипаттама берілген [3, 173-227]. Осы жыр нұсқаларының ішінде ең көркем үлгілерінің бірі және баспа арқылы ел арасына кең тарағаны Марабай – Мергенбай нұсқасы болып саналады. Жырдың он алты нұсқасы: Әбубәкір Диваев (Ташкент, 1922), Көшелек Еламанов (ӘӨИ: 7-бума), Құлзақ Амангелдин (ӘӨИ: 12-бума, 1-дәп.), Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы жырлаған «Қобыланды батыр жыры», «Қобландының баласы Жетімтай мен

Жетімек туралы жыр» (ӘӨИ: 76-бума, 1-3-дәп.), 1914 жылғы Қазан басылымында Біржан Толымбаев (ОҒК: 2330-бума), Нұрпейіс Байғанин (ОҒК: 62 Д-бума), Е.Ешімов (ӘӨИ: 7-бума), Айса Байтабынұлы (ОҒК: 828-бума), Нұрсейіт (ӘӨИ: 10-бума, 1-дәп.), Ережеп (ӘӨИ: 12-бума), Сәдуақас Ділманов (ӘӨИ: 695-бума, 1-дәп.), Шапай Қалмағамбетов тапсырған Мергенбай (ОҒК: 1184-бума, 1-2-дәп., 1394-бума, 2 дәп.) нұсқасы төрт томға (35-38-томдар) жинақталды. «Қобланды батыр» жырының Мергенбай, Ережеп, Нұрсейіт нұсқасына жазған түсініктері ғылыми зерттеу деңгейінде жазылған, жырдың барлық нұсқалары жөнінде Серікбай ұжымдық монографияның тарауында терең текстологиялық талдау жасады [Қосан, 2011: 324]. Серікбайдың осындай текстологиялық салыстырулар негізіндегі тұжырымды пікірлері кейінгі тың зерттеулерге жол ашады.

«Алпамыстағы» – Жәдігер, «Көрұғлыдағы» – Әуезхан, Бозай, «Қырымның Қырық батыры» жырындағы Естерек – Тарғын, Орақ – Қарасай, Едіге – Нұрадин сияқты түркі тілдес халықтардың ежелгі эпостарында атасы мен немересі, әкесі мен ұлы соғыста қатар бой көрсетеді. 39-томда Едіге батыр жайындағы эпостың сегіз нұсқасы: «Едіге жыры» (Ш. Уәлиханов), «Мырза Едіге батыр» (Ә. Диваев), «Ер Едіге» (М.Ж. Көпеев), Қ. Жапсарбаев жырлаған «Едіге – Нұран» нұсқасы, А. Өмірзақовтың айтуынан хатқа түскен «Едіге батыр әңгімесі», «Едіге», «Мәулімнияз – Едіге» (Нұртуған нұсқасы), Қылышбайұлы Қартбайдың орындауында жазылып алынған «Едіге батыр эпосы» атты батырлар жыры енді.

«Батырлар жырының» қомақты бөлігін XIV-XVII ғасырлардағы Ноғайлы дәуірін қамтитын жырлар циклі құрайтыны белгілі. Мұрын жырау Сенгірбекұлы жырлаған «Қырымның қырық батыры» циклінің құрамындағы отыз алты туынды енгізіліп, олардың басылым көрген нұсқалары түпнұсқалармен текстологиялық тұрғыда салғастырылды. Жырлар «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары», «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» деген бөлімдерге жүйеленіп, себепті, себепсіз түзетілген сөздер, тіркестер, үзіктер қайта қалпына келтірілді. «Қырымның қырық батыры» цикліне жататын «Едіге», «Орақ-Мамай», «Шора батыр», «Қарасай-Қази» сияқты жырларға жеке томдар арналды. «Қырымның қырық батыры» атты жырлар

циклінің құрамына кіретін «Қарасай, Қазі» жырының Мұрат Мөңкеұлы, Қашаған Күржіманұлы, Нұрпейіс Байғанин, Құдайберген Шоқаев, Мүстежеп Ахметұлы, Ш. Кәрібаев, Айса Байтабынұлы, Сейіт жырау, Жақсылық жырау, Маңғыстау экспедициясы (1998) кезінде ел арасынан табылған белгісіз ақын нұсқасы енді.

«Қамбар батыр» эпосының нұсқалары: Санкт-Петербург, Қазан (1888, 1903), Тәшкен басылымдары мен Қалқай молда, Бармақ Мұқамбайұлы, Шапай Қалмағамбетов, Маясар Жапақов, Әнуар Шоқатаев сынды ақын-жыршылардың нұсқалары қамтылған 43-томды құрастырған кезде жауапты редакторлық қабілет-қарымын, ғылыми ұстанымының беріктігін, талапшылдығын таныдым.

Сондай-ақ «Бабалар сөзі» 100 томдық сериясына сюжетінің түп негізі Түркі қағанаты кезеңінен бастау алған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (54-55-том), «Қыз Жібек» сынды ғашықтық жырлардың классикалық үлгілері, олардың нұсқалары (53-том) ұсынылды.

Кенес дәуірінде ұлт-азаттық идеясы көрініс тапқан тарихи жырлардың жариялануы мен зерттелуіне шектеу қойылғаны мәлім. «Қазақ халық әдебиеті» көптомдығының құрамында Абылай хан мен Кенесарыға арналған екі том жарияланған. 2009-2010 жылдары «Бабалар сөзінің» 56-63 томдары XV-XIX ғасырлар аралығындағы тарихи оқиғаларды қамтитын тарихи жырларды толық жарыққа шығаруға мүмкіндік туды.

«Бабалар сөзі» жүзтомдық серияның батырлар жырына арналған томдары ғылыми басылымның шарттары мен қағидаларына сай дайындалды, ғылыми қосымшаларда томға енген мәтіндерге текстологиялық сараптаулар негізінде толымды түсініктер жазылды, басым көпшілігі ғылыми айналымға тұңғыш рет қосылды. Сюжеті толық, көркем, мазмұнды жыр мәтіндерін таңдауда, томның құрылымын жасауда Серікбай бұрынғы ғылыми жинақтарды жариялаудағы қалыптасқан озық тәжірибені сақтай отырып, өзінің ғалым ретіндегі талғам-түйсігіне де сүйенді. Әсіресе сөздік, жер-су атаулары, есімдер көрсеткіші, жырды жеткізушілер мен жыршыларға қатысты деректерді жазуда, оны редакциялық жағынан түзетуде жауапты редакторлық міндетін абыроймен атқарды. «Алпамыс батыр» жырына екі

том, «Қобланды батыр» төрт том, «Қарасай, Қазы» төрт том, «Көрұғлы» екі том, «Қырымның қырық батыры» екі том, «Қамбар», «Шора», «Едіге», «Орақ-Мамай» бір-бір том, «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Ер Қосай», «Ер Көкше», «Бөген батыр» жырлары бір том құраған батырлар жырының топтамасы сауатты дайындалды. Жылына он томды баспаға беріп отырудың өзі Серікбайдың қыруар еңбегі мен маңдай терімен келгенін біреу білер, біреу білмес. Бабалар мұрасын түгендеймін деп жүріп, жаңа жүйеге көшіп жатқан тұста ғылыми дәрежені алу үшін докторлық диссертация жазуға да мойын бұра алмады. Тек өндірістегідей қарқынмен батыр бабаларымыздың ерлік істері жырланған кезекті бір томды ай сайын баспаға беруге бар күш-жігерін жұмсады.

Содан кейін көп ұзамай Серікбай Қызылорда облысының сол кездегі әкімі Қырымбек Көшербаевтың шақыртуын қабыл алып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында кіндік қаны тамған туған жері Қызылорда өңірінің әдебиеті мен мәдениетіне қызмет етті, қыруар жобаларды жүзеге асырды. Серікбайдың оннан астам авторлық және ұжымдық ғылыми еңбектері мен 200-ден аса ғылыми-әдеби мақалалары жарық көрді.

«Бабалар сөзі» атты жүзтомдық серияның 63 томы эпостық мұрамызға арналды, оның басым бөлігіне, атап айтқанда 25-47, 49-51, 53-55, 59-63-томдарына, жалпы саны 35 томға жауапты редактор міндетін Серікбай абыроймен атқарды. Ол діни дастандар (11-15-том), ғашықтық дастандар (22, 25-том), хикаялық дастандар (30-31-том), шежірелік дастандар (32-том), батырлар жыры (33-38, 40, 42, 44, 46-47, 49, 51-том), ғашықтық жырлар (26, 53-55-том), тарихи жырлар (27-29, 59-62-том), мақал-мәтелдер (65-том), қара өлең (71-том), күй аңыздар (84-том), ғұрыптық фольклор (90-том) жанрларына, жалпы 11 жанрлық түрге арналған 37 томның құрастырушысы болды. Серікбайдың бір қасиеті қолжазба мұраға ыждаһаттылықпен қарап, мәтінді мұқият оқып, мағынасы көмескі сөздердің мән-мағынасына үңіліп, әсіресе мәтіннің қолжазба негізінде дайындалуына аса ықылас танытатын. Жалпы ғылымда өзіне де, құрастырушы жұмыс тобына да талабы өте жоғары болды.

Құрметті Серікбай Қылышбайұлы, асқаралы алпыс жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймын, еңбегіңіз жемісті

болсын, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, шығармашылық шабыт тілеймін!

**Әдебиеттер:**

1. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1-том. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1975. – 173-227 бб. (347 б.).
2. «Бабалар сөзі» жүзтомдығы: Мазмұндалған анықтамалық / Құраст.: Әлбеков Т., Алпысбаева Қ., Рақыш Ж. – Алматы: Дарын, 2022. – 310 б.
3. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 25-63. – Астана: Фолиант, 2005-2009.
4. Дала фольклорының антологиясы. Оңтомдық. 1-том. Батырлар жыры. – Алматы: Grand Book, 2019.
5. Алпысбаева Қ.Б., Әуесбаева П.Т. Қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың жиналу тарихы. Монография. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2017. – 336 б.
6. Қосанов С. «Қобыланды батыр» жыры // Тәуелсіздік идеясын жырлайтын қазақ эпостарының қолжазба нұсқалары: жиналу, сақтау, жариялау және сюжеттік ерекшеліктері мәселелері. Монография. – Алматы: Credo, 2011. – 324 б.

***Самал ДӘРІБАЙҰЛЫ,***

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы,  
филология ғылымдарының кандидаты*

## **СЕРІКБАЙ ҚОСАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚОС АРНАСЫ**

Сөз өнерінің сырлы әлеміне жан-тәнімен, бүтін болмысымен басынан бақайшағына дейін бойлаған жандар болады. Бұл қасиетті «өз мамандығын жақсы меңгерген», «кісінің шебері», «кәсібилігі жоғары» деп желдірмелете жөнелетін теңеулердің төңірегінен іздемесек керек. Себебі мұндай жанның кісілік келбеті де, дүниетанымы да, азаматтық ұстанымы да әлдеқашан өзі зерттейтін тақырыптармен біте қайнасып кетеді. Ал ол тақырыптары ақын-жыраулардың ғақлия-насихаты, көне ғасырлардағы жауһар жәдігерлердің ғибраты туралы болса ше? Алла оның осы зердесін ақындық нығметіне де бөлеп қойса қалай болмақ? Біз белгілі ғалым Серікбай Қосанұлы туралы сөзіміздің әлқиссасын осы сұрақтармен бастауды жөн көрдік.

Қосан шығармашылығының қос арнасы – ғылым мен поэзия. Бұл арналардың тоғысқан жері – қазақ халқының рухани әлемі. Ғылыми орта Серікбай Қосанұлын ұлт әдебиетін ұлықтап келе жатқан ғалым, поэзия патшалығына парасатпен кірген ақын ретінде таниды. Оның ғылыми еңбектері мен өлеңдері қатар аққан қос өзен – Сыр мен Әмудариядай қазақтың терең тарихынан, тіршілік-талайынан деректер береді. Өзі де сол екі өзеннен нәр алған кәрі Аралдың табанында дүние дидарын көрген.

О, ауылым,  
Отаным кішігірім!  
Ақыл-ойым, қиялым, түсінігім.  
Базар етсе бір екезде бауырыңды,  
Бастау алды өзінде кісілігім, –

деп өзі жазғандай, бала кезінен дәстүріне сызат түспеген ауыл-аймағының өсиет-өнегесін бойына сіңірді. Есті сөзге, үлкендердің салиқалы әңгімесін тыңдауға әуес болып, қисса-жырлар жаттады. Алашқа сөзі озған Нұртуған шайырдың, Дәріғұл, Берекет жыраулардың жыр-термелерін тұнық ойының тұғыры етті. Теңіз жағалай қонған жұртының тіршілігін тұтас қазақтың тағдырымен сабақтастыра суреттеген Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тері» де ой-арманына қозғау салып, қанаттандырды.

Ер жете келе құбатөбел күнелткен ауылыма қалай көмектесем деген көңіл түкпірінде жатқан сұраққа жауап таба алмай, біраз қиналғаны бар. Жоғары білім алуға талпынып, Алматыдағы Политехникалық институтқа құжат тапсырған. Бірақ жолы болмай, ауылға қайтты. Бір жыл шаруашылыққа көмектесіп, түйе бақты. Желмаясына мініп жерұйықты іздеген Асан қайғыдай жер-жаһанды шарламаса да, Ойсылқара тұқымы ой баққан адамға көп нәрсені үйрететінін сонда түсінді.

Теңіз жатыр...үндемейді...үнсізбін,  
Тәңірім-ау, бұл ғаламда мұңсыз кім?  
Тым болмаса еміңді айтшы, айбыным,  
Таба алмасам, мен де саған құнсызбын, –

деп жағалауы алыстап бара жатқан Аралына араша түсе алмағанына жаны қиналатын сол сәттер.



Ауылыма көмектесем деген арман оны келесі жылы тағы да Алматыға әкелді. Жолы болып, мал дәрігерлік мамандыққа, көпшілік АЗВИ атап кеткен институтқа қабылданды. Бірақ Серікбай үшін студенттік өмірдің қызығы басталғанымен, аудиториядағы алаң көңілін баса алмады. Жан қалауы, аңсары бұл сала емес екенін түсінген сайын, тығырыққа тірелгендей күй кешетін. Белгілі ғалымдардың керемет дәрістері де оның жүрек сәулесіндегі сұрағының кілтін таба алмады. I-курстан әскерге сұранып кетті. Қиыр Шығыстан келген соң да құлқы болмай, ақыры оқудан шығуға өз еркімен өтінішін жазып тынған...

Сол жылы ауылға қайтпастан, Алматыдағы машина жасау зауытында жұмыс істеуді жөн санады. Күзде жолы болып, ҚазМУ-ға оқуға түсті. Бұл жолы да филолог немесе журналист болсам деген ойына «онда есім-сойы жұртқа танылып қалған ақын-жазушылар оқиды-ау» деген түсінігі тосқауыл болған. Сондықтан болар, араб бөліміне құжат тапсырды. Шыны керек, Серікбайдың сол шешімі оның ғылым жолындағы ізденістеріне бағдар болды. Араб бөлімінде оқудың артықшылығын да сонда сезінді. Шығыс әдебиетінің жәдігерлерін түпнұсқадан оқу өз алдына, филологтер оқитын пәндерді бұлар да бірге оқитынын естігенде қатты қуанғаны есінде.

Ол бодандық бұғауынан босауды талап еткен жастармен бірге 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне де қатысты. Қудаланып, оқудан да шығып кете жаздаған. Ел тағдыры сынға түскен сол бір ауыр күндерді ақын Серікбай кейін:

Ұлт намысы көкіректі сыздатқан,  
Қысқы кеште қабақтарда мұз қатқан.  
Есінде ме, сонау жылғы суық түн,  
Анау алаң қар төсеніп біз жатқан, –

деп еске алады.

Қазақтың сөз өнерін ұлықтаған көрнекті ғалымдардың дәрісінен қанаттанып, өз ортасын енді тапқанына сенімді болды. Бұл Серікбайдың ғылым мен поэзияға қатар қанат қаққан жылдары еді...

Содан бері де біраз жылдар өтіп, уақыт өзгерді. Уақытпен бірге қоғам да, адам да жаңарды. Алмағайып кезең ғылымға қадам басқан көп жасты мақсатынан айнытты. Бірақ, Серікбай

санасын тұрмыс билей бастаған көштің соңынан ілескен жоқ. Ғылым айдынына тіл-әдебиеттің тарихын зерттесем деген ой қазығын қақты. Өзегін өртеген дүниені өлеңмен өрнектеді. Осы қос арна оны адастырмай өз биігіне шығарды.

Серікбай Қосан – бүгінде ел таныған, ғылыми орта мойындаған ғалым. Сирек қолжазбаларды зерделей алатын санаулы текстологтардың бірі. Басқасын айтпағанда, оның қазақ руханиятында мәңгілік қалатын 100 томдық «Бабалар сөзін» шығаруға қосқан жанкешті еңбегінің өзі – таңды таңға жалғар тақырып. Ел игілігіне айналған сериялы еңбектерге Серікбай Қосанның қосқан үлесі ұшан-теңіз. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба және текстология бөліміне қабылданып, кіші ғылыми қызметкерден бөлім меңгерушісіне дейінгі белестен өткен оның осы томдардың қай-қайсысында да ұйқысыз өткен күндері мен түндерінің табы бар. Ол жүзтомдық-тағы ғашықтық және тарихи жырларды, шығыстық қисса-дастандарды, «Қырымның қырық батыры» цикліне кіретін жырларды (25-62 томдар) баспаға әзірлеуге жетекшілік етті. Бөлімдегі ғылыми қызметкерлермен бірге сан ғасырлық тарихы бар мұраны саралап, жарияланатын әр шығармаға академиялық талдау жасады.

Қолжазба қорындағы деректерді жүйелеу, текстологиялық салыстыру, әр шығармаға ғылыми түсініктеме жазу – мұның әрқайсысының салмағы бір-бір монографияға татитын мехнаты көп еңбек. Осы тұста Серікбай әріптестерімен бірге жұмылған жұдырықтай болып, ауызбіршіліктің үлгісін көрсетті. Бұл әдеттегі 9-18-00-ге дейінгі жұмыс кестесінің ауқымына сыя қоймайтын, қала берді денсаулығына да салмақ түсіретін еңбектер болатын. Дегенмен жер-жаһанның көп жұртында жоқ, ұлтымыздың екі мың жылдық бай мұрасын жинақтаған мемлекеттік жобаны М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары зор абыроймен атқарып шықты.

Серікбай осы киелі шаңырақта З. Ахметов, С. Қирабаев, С. Қасқабасов, Ш. Сәтбаева, Ш. Елеуенов, Ү. Суханбердина, М. Жармұхамедов, Ә. Нарымбетов, А. Сейдімбекұлы, Қ. Сыдиықов, Ж. Тілепов, Ш. Ыбыраев секілді қазақ ғылымының таңдаулы тұлғаларынан тәлім алды. Н. Ақыш, Б. Әзібаева, А. Ісімақова, Г. Пірәлиева, Қ. Алпысбаева, Т. Әлібек, С. Сәкенов,

П. Әуесбаева, Г. Орда, т.б. белгілі ғалымдармен бірге қанаттаса жүріп еңбек етті. 2005 жылы «Базар жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы» атты тақырыпта диссертациясын сәтті қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атанды. Тұрмағамбет шайыр «Балқы Базар білгенге, Атақты әйдік астана» деп бағалаған, Сыр сүлейлерінің көпшілігі өзіне ұстаз тұтқан жыр жампозынан жеткен сөз қазынасын жан-жақты талдады. «Бұқар жыраудан кейінгі қазақтың ірі жырауы – Базар жырау» деп С. Сейфуллин атап көрсеткен тұлғаның толғауларына, айтыстарына, дастандарына қатысты тың тұжырымдар жасады.

С. Қосан 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихындағы» «Түркі-қытай мәдени байланыстары», Алтын Орда дәуірінің ғажайып жәдігері «Нехдж-ул фарadis» («Жұмақтың даңғыл жолы»), Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха», Сайф Сараи өлеңдерін, сонымен бірге Жиёмбет жырау, Әйтеке би мұраларына қатысты тарауларды жазуға қатысып, тәуелсіздіктен кейін сөз өнерін жаңаша сипатта зерделеген толымды еңбекке сүбелі үлес қосты. Институт ғалымдарының қатысуымен жүзеге асқан «Классикалық зерттеулер» және 20 томдық «Әдеби жәдігерлер» сынды жинақтарды баспадан шығаруға атсалысты. «Тәзкира-и Бұғра хан» «Сатұқ Бұқра хан ғазының шежіресі» атты еңбекті көне түркі жазба ескерткішін тәржімалады. Бұл – орта ғасырлық түркі-ислам мемлекетін құрған Бұғра хан туралы аса құнды жәдігер. С. Қосанның қажырлы еңбегі «Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік сарындар» атты ұжымдық монография, «Евразия түркілері: әдеби-мәдени ықпалдастық (XIX-XX ғғ.)», «Ежелгі әдебиетті зерттеу мәселелері», «Көне түркі әдебиетінің типологиясы» атты жобаларды әзірлеп, ғылыми тұжырымдар жасауда айқын көрінді.

Серікбай өзінің жоғарыдағы ғылыми зерттеулеріндегі ой-тұжырымдарын:

Менің тілім-қалған мұра сақтардан,  
Сан ғасырдың сарайында сақталған.  
Менің тілім-күдіретті ғұн тілі,  
Сарматтардың санасында жатталған.

Менің тілім-көне тілі түркінің,  
Талай тілдің бүтіндеген жыртығын.

Менің тілім – ата тілі Қыпшақтың,  
Ана тілі Алтын орда жұртының, –

деп өлең жолдарымен де өрнектейді.

Жүрегімнің жарлығын таңдап алып,  
Табамын деп толғандым бір жаңалық.  
Терезеге телміріп тебірендім,  
Қаламымды сия емес, мұңға малып, –

деп тебіренген ғалым өзі туған Сыр бойының әдеби-мәдени мұрасын зерделеп, жариялауға да аянып қалған жоқ. 2017-2020 жылдар аралығында облыс басшылығының шақыртуымен Қызылордаға қоныс аударып, «Ғылыми қазына» бөліміне жетекшілік етті. Бұл жерде де «Қорқыт атаның даналық сөздері», «Сыр бойының сакральды ескерткіштері» секілді түркі әлемінің рухани қазынасына айналған мұраларға байланысты үлкен жобалар ұсынды.

Белгілі ғалым, филология ғылымдарының кандидаты С. Қосан қазіргі таңда өзі түлеп ұшқан ҚазҰУ-да ұстаздық қызмет етуде. Кешегі ұлағатты ұстаздары Х. Сүйіншалиев, З. Қабдолов, Т. Кәкішұлы, М. Томанов, Р. Нұрғали, А. Қыраубаева дәріс оқыған аудиторияларда бүгін өзі де шәкірт тәрбиелеуде. Білімі терең, ұлт әдебиетінің тарихына терең бойлаған Серікбай ағайды студенттері де ерекше құрметтейді. Оның әр сабағын асыға күтіп, әдебиетіміздің терең тамырларынан рухани жан азығын алады.

Қылығына караумен адамдардың,  
Шындық азын өмірде сан аңғардым.  
Сол шындықты мен әлі жүрмін іздеп,  
Кір шалмаған астынан табандардың, –

деп қалам тербеген Серікбайдың баспасөз беттерінде жарық көретін ғылыми-талдау мақалаларының да бітімі бөлек, садақтың жебесіндей көздеген нысанына дөп тиіп жатады. Оқыған адамды ойландырады, келтірген дәйектерін шегелеп қояды. Жазған дүниесі жинақы, сылдыр сөзі жоқ, ой-тұжырымын біреудің көңіліне қарап тәттілемейді. Барды бар, жоқты жоқ деп айтуға дағдыланған.

Өмірдегі ұстанымы да дәл солай. Ғылымның обал-сауабын бәрінен биік деп есептейді. Жан дүниесін жарқыратып көрсетуге аса құмар емес. Сондықтан Серікбайдан өзіне керек нәрсені оның жасаған ғылымы мен өлеңінен іздегенің дұрыс. Онымен тұрмыс-тіршіліктің түйткілімен басталған әдік-күдігіңнің соңы ғылымға, әдебиетке қатысты келелі мәселелерді қозғаған әңгімелерге ұласады. Әрине, ілесе алсаң ғана...

*Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,  
ақын, журналист*

## **ИНЕМЕН ҚҰДЫҚ ҚАЗҒАН АҚЫН**

Қазіргі әдебиет, ғылым дейтін ортада аты қатар аталатын дарынды азаматтардың бірі филология ғылымдарының кандидаты, ақын Серікбай Қосанов екені анық.

Қазақтың әдебиетіне, мәдениеті және тарихына қатысты көне жәдігерлерді тіртінектеп жинап, індете зерттеудің рухани маңызы зор және аса қиын. Бұл бір-екі айда көтере салатын құрылыс, не болмаса нәтижесі жарқырып тұратын мерзімдік еңбек емес. Бұл – жылдардың жұмысы, кейде ғалымның не істеп жүргенін қарапайым жұрт мүлде аңдай алмайды. Қазақтың «инемен құдық қазғандай» дейтіні осы ғалымдарға қарата айтылса керек.

Адамға тән азығы қалай қажет болса, жан азығы да сондай қажет. Адам ас ішпесе әлсірейді, жан да дәл солай зардап шегеді. Ғалымдар – адамның жан азығының диқандары. Серікбай сол «диқаншылыққа» жас күнінен кіріскен адам, тіпті бұл қасиетті оның топырағынан сіңген, қанынан дарыған десек те болады. Жүре келе толу бар, туабітті болу бар, Серікбай – туабітті талант.

Сәкең 1964 жылы Арал ауданының Авань балықшылар ауылында дүниеге келген. 1981 жылы орта мектепті бітірген соң түйеші болып еңбек бастаған. Сол кездері еңбекпен ұштасқан оқу деген үрдіс бар еді. Мектептен бірден жоғары оқуға түсу қиын болатын.

Сөйтіп, бір жыл түйе баққан бала Алматыға аттанып, мал-дәрігерлік-зоотехникалық институттың зооинженерлік факуль-

тетіне түседі. Арманы малшаруашылығын зерттеп, ғалым болу еді. Бірақ бала күнінен батырлар жырын жаттап, өлең-жырмен өскен жас ә дегеннен-ақ мамандық таңдаудан жаңылғанын сезді. Қолында мал шаруашылығы кітабы, көкейінде өлең тұрды.

Сөйтіп, жұрт түсе алмай жүрген оқуды тастап, әскерге кетті де, 1986 жылы С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің шығыстану факультетіне оқуға түсіп, 1991 жылы университетті қазақ тілі мен әдебиеті және араб тілі мамандығы бойынша аяқтап шықты. Оның қазақ ғылымы мен білім саласындағы өмір жолы осылай басталды.

1998 жылы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба және текстология бөліміне кіші ғылыми қызметкер болып жұмысқа қабылданды. Институттағы жұмысы ғылыми зерттеулерге бойлап, ұлттық әдебиет пен мұраларды зерттеуге бағытталды. Болашақтағы шығармашылық және ғылыми жетістіктерінің бастауына осы киелі орын жол ашты. Жиналған тәжірибесі қазақ әдебиетіндегі ақындық дәстүрдің жанрлық табиғатын ашуға ынталандырды, Базар жырау шығармаларын зерттеуді қолға алды. Не іс бастаса, соның ақырына жететін еңбекшіл, қайсар болмысты жас ғалым 2005 жылы «Базар жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы (Ақындық дәстүр, жанр, поэтика)» атты тақырыптағы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

Осы кездерде «Көне түркі дәуіріндегі және орта ғасырлардағы әдебиет» атты іргелі зерттеу жобасына белсенді атсалысты. Институттың қолжазбалар қорына қона жатып жұмыс атқарды. Келе-келе абайтану мәселелеріне ауысты. Ескі шағатай жазуымен, латын қарпімен, қадіммен хатқа түскен қолжазбаларды қазақшалады. Әлгі «инемен құдық қазу» осы кезеңдердің еншісі болды.

2003-2010 жылдары Қазақстанның рухани мұрасын жаңғыртудағы маңызды жобалардың бірі – «Бабалар сөзі» атты жүзтомдық сериясын дайындауға елеулі үлес қосып, сериялы еңбектің 25-63-томдарына жауапты редактор болды. Осылайша, халқымыздың бай фольклоры мен ауыз әдебиетін жинақтап, ғылыми айналымға енгізуге мол үлес қосты.

Сәкең 2017–2020 жылдар аралығында облыс басшысының шақыруымен Қызылордаға келіп, облыстық «Рухани жаңғыру»

орталығында қызмет атқарды. Тарих пен мәдени мұраларды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарлама аясындағы жобаларды жүзеге асыруға жетекшілік етті.

Екеуміз осы кездері жақын таныстық. Бұрын атына қанықпын. Ғалымдығы бір бөлек, мен үшін ақындығы бір төбе. Сырттай болса да ақын есебінде жақсы білемін. Дегенмен Серікбай маған өзін жоғары ұстайтын, әңгімесі тек ғылымға құрылған, бізге түсініксіздеу бір азамат сияқты елестейтін.

Олай емес, тіпті мені жоғары қойып, өлеңдерімнен мысал келтіріп, өзін елеусіз қалдырды. Бірақ оның болмысында бір ерекше зиялылық жасырынып тұрды. Ғалымның аты ғалым, қарапайым сөзінен-ақ тереңдігін сезбей қалу мүмкін емес.

Менің сөз этимологиясына барып, тұрақты тіркестерінің айтылу қатесін шығарып, түзетіп жүретінім бар. Бұл жөнінен осы маңдағы бірінші өзім едім. Ал Серікбаймен араласқалы бұл тақырыпта да аз білетінімді аңғардым. Енді бұрынғыдай ортаға шығып сөйлемей, шетте тұрып Серікбайды тыңдайтын болдым.

Сәкең фольклордан бастап салт-дәстүр, әдебиет, колөнер, тіпті музыка мәнін де жақсы біледі. Біліп қана қоймай, жаңа қызметінде халқымыздың осындай рухани байлығын қайтадан жаңғыртуға ерекше назар аударды.

Оның бастамасымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген мәдени іс-шаралар мен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Аймақтағы мәдени нысандарды қайта қалпына келтіру, этнографиялық экспедициялар ұйымдастыру және жергілікті халықтың рухани мұрасын сақтау бағытындағы бастамаларды өмірге әкелді.

Қысқасы, облыстың рухани жаңғыру мәселесіне мейлінше пайдасын тигізді. Алайда осы орталық жабылып, оның жұмысы мәдениет саласына қосылған соң Сәкең қайтадан өзінің ғылыми жұмысымен айналысу үшін Алматыға кетті.

Серікбай Қосановты халықтың рухани қазынасын көзінің қарашығындай сақтап, оны насихаттау жолындағы ерінбей еңбектенетін ұлтжандылығы үшін де ел-жұрт құрмет тұтады. Ол осы құрметке әбден лайық.

Оңашада бәйіт жазып зарланам,  
Бәзбіреулер босқын десе арланам.

Қолдан келер қайраным жоқ, қайтейін,  
Аралым жоқ, арманым көп арбаған, –

деп жырлаған ақын Серікбай туған жерінің жоқшысы, туған халқының перзенті екенін ел алдындағы адал еңбегімен дәлелдеп келеді.

Ал оның инемен күлдық қазған ғалымдығы мен ақындығы ұрпақтың мыңжылдық рухани мирасы болып қалатыны анық.

\* \* \*

Ертең Аралда академик Б. Кәрібаев пен түркітанушы ғалым С. Қосановтың 60 жылдығына арналған «Мерей мәртебесі мәңгілік» атты кездесу кеші өтеді.

Ел алдындағы еңселерің биіктей берсін, қазақ руханиятының қос тарланы!

*(Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті, 07.11.2024)*

**Мұхтар КӘРІБАЙ,**  
*дипломат, публицист*

## **ТЕҢІЗ ДЕП ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК**

Бүгінде елуді еңсеріп, алпысты алқымдаған біз өкіліне жататын ұрпақ кешегі кеңестік дәуірдің тоқыраса да тоқ жылдарын, көзді алдағанмен көңілді алдай алмаған кермек дәмді кесірлі бейнесін басымыздан өткеріп, санамызда, тегімізде мәңгілікке сақталған ұлттық, азаттық, тәкаппарлық рухының қайта жаңғырған – ел Тәуелсіздігінің бастауы мен қаз тұруының қуанышы да қалтарысы да мол, сенімді, үмітті жылдарының куәсы болып келеміз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің араб тілі бөліміне арнайы оқуға түсіп, текті ұлысымыздың тарихы мен мәдениеті, ғылымы мен әдебиеті тығыз байланысқан шығыс-мұсылман, араб әлемінің тілін жетік меңгеріп, кейінгі өмірімізді осынау қатпары қалың, дерегі мол, тың бағытқа арнаймыз деген алқалы үміт-тілекпен жүргенімізде, кеңес одағы құлпара ыдырап, одан кейінгі қым-қуыт кезеңнің



катал шындығы үркердей азғана тобымызды жан-жаққа, сан-салаға бет бұрғызды. Десек те, сол бір бастапқы мақсат-мұратынан, тәуекел деп түскен соқпағынан адаспай, өмірдің, тұрмыстың қиындықтарына қарамастан, таңдаған бағытына қарай табандылықпен алға жүрген азаматтардың қатарында енді, мінеки, алпыстың асқарына шыққан курстасымыз, әріптес досымыз Серікбай Қылышбайұлы Қосановты айтуымыз лазым.

Университет қабырғасында Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев сынды ұлы Мұхандардың алдын көрген әйгілі аға буын ұстаздардың тәлімін алған Серікбай Қылышбайұлы өзі де студент кезінен бастап шығыстану, әдебиеттану, фольклортану бағытына терең бойлап, республикалық басылымдарға мақалаларын, өлеңдерін жариялап жүрді. Сол кездердегі кішігірім қаламақысының өзін Аралды қорғау қорына аударатындығын алғашқыда ұғына алмағанымыз да анық. Өзге өлкеден келген біздерге түсініксіздеу көрінген осынау тамыры терең жайттардың ащы шындығы алдымыздан бірте-бірте ашыла берді. Секең жоғары білім алысымен еңбек жолын үздіксіз білім, ғылым саласына арнап, оқытушылық қызметті қатар алып келе жатқан қарымды азамат. Осынау еңбек-қорлық пен табандылықтың нәтижесіндей Серікбай Қылышбайұлы бүгінде елімізге танымал әдебиет-танушы-ғалым, ақын, филология ғылымдарының кандидаты, кешелері өзі дәріс алған ҚазМУ аудиторияларында бүгінде жас буынға, тәуелсіз қазақ жастарына ендігі білім теңізінен, бәлкім тағдыр теңізінен де өзі сусындатуда.

Анығында, тағдыр теңізі деген тіркесті сөз орайы үшін емес, шын мәнісіндегі теңіз ұғымының, әлбетте Арал теңізінің, осынау қазақ үшін қастерлі де мұнды өлкенің түлегі Серікбай Қылышбайұлының өмірімен тікелей байланысы болғандықтан арнайы отырмыз. Ғалымдығы мен ақындығы Сырдария мен Әмудариядай қатар ағыс болып келе жатқан Секеннің біздер жатқа білетін жыр жолдарының басым бөлігі осынау мәңгілік көңілінен кетпейтін, теңіз тербеткен жүрегінен өшпейтін туған өлкесі, айдын-бесігіне арналуы да содан, сірә.

Аралым – атажұртым, өскен жерім,  
Аймалап, айдарымнан өскен желің.  
Қайығын қиялымның толқын тербеп,  
Арманның ақ ескегін өскен жерім,-

Аңсаумен көкейімді тескен жерім,  
Алғаусыз ақ тортанды кескен жерім.  
Кер басып кең дүниені жүргенменен,  
Дарига, басылар ма іштен шерім? –

деген тебіреністі жолдарынан-ақ ақын бауырымыздың туған жерге деген сарқылмас сағыныштың, таусылмас құштарлықтың лықсыған лебін сезінеміз. Асылы, дүниедегі ең үлкен, ең терең, бәлкім, мәңгілік сағыныш – ауыл баласының сағыншы болса керек. Өйткені ауыл баласы ғана шыр етіп дүниеге келген, сезім-түйсігі қалыптасқан, оң-солын біліп, есейіп, ер жетіп, енді танып білдім-ау деген дүние жаратылысын жалқы сәтте тастап шығуына тура келмек. Расында, ғаламшардың бір тұғыры, барша әлем жұртшылығының іргелі бір ұлысы бола тұра, елдігіміз бен мемлекеттілігіміздің еңсесін биіктету, адамзат қоғамдастығының қабырғалы мүшесі мәртебесін сақтаудың ауқымды мақсат-мүддесі елдің түкпір-түкпірінен есейген ұл-қыздарының «кетігін тауып қалану» үдесінде бәріне ортақ, бас қалаға бет алып, бойындағы білім-біліктілігін, қабілет-қарымын жүзеге асыруға ұмтылатыны табиғи құбылыс. Алайда, адам баласы қайда жүрсе де, қайсы қияға өрлеп, қай биікке шықса да өмір есігін ашқан жерін, балалық, бозбалалық шағы өткен кәусар мекенін ешқашан естен шығармақ емес. Өрі мұндай таза, қуатты сезім әрбір азаматқа ұдайы жігер беріп, үнемі алға бастамақ. Мінеки, Секеңнің мына өлең жолдары да:

Еске жиі түседі бала шағым,  
Үстінде өткен киіз бен алашаның.  
Құмға түскен бейкүнә іздерімнен  
Бастау алды бүгінім, болашағым.

Ойға жиі түседі бала шағым,  
Бәрі сонда қалғандай тамашаның.  
Бүтемірге қолымды қарып тұрып,  
Сағынамын анамның жерошағын.

Алматыда жүрген ұл мен қыздың егемендікке дейін қазақтың өзін өзекке теуіп тұрған қатыгез қалалардағы көңіл күйінің қоңырау үні десек әбден болады. Теңізі жоқ, таулы,

қыратты жазықта өскен біздердің есімізге жусан мен жуаның,  
сағымды даланың бейнесі түссе, Арал түлегінің көз алдына:

Аққу ұшып, қаз қонған сері теңіз,  
Ару қыздар шомылған пері теңіз.  
Ақ бураша асылып түйе құмға,  
Толқындары ақырған шері теңіз.

Жарға шығып ұлыған, бөрі теңіз,  
Кеудесін кек кернеген, кәрі теңіз.  
Арыстандай жаралы ыңыранып,  
Апанына кеттің бе, кері теңіз? –

дегізген бала кезінде ашық күндері теңіздің жағасынан тік көтерілетін жарға шығып, сонау алыста, аспан мен теңіздің астасып кететін тұсындағы ғажайып көкжиек келер. Толқындары жағаға толассыз ұратын Арал теңізі олар үшін бүкіл жаратылыстың, ғажап өмірдің өзі болғаны кәміл. Теңіздің басына түскен кейінгі қасірет оның жағасында өскен ұрпақтардың да жүрегіне терең жара салып, ой-санасынан мәңгілік кетпес. Сол әлеуметтің өкілі Серікбай Қылышбайұлы сынды азаматтардың көзіндегі біз байқайтын бір қоңыр мұң көкірек түбінде қалып қойған терең сағыныш пен беймәлім арманның, десек те селдіремес сенімінің белгісіндей.

Кейде ақын көк теңізі қайтып келердей үміттенетін сияқты ма, қалай:

Келмейді тіпті күлкім де,  
Келмей жүр ісім ілкімге.  
Кемері толған көк теңіз  
Түсіме кіріп жүр түнде...

Аралын аңсар кім-кім де,  
Сағынбау, сірә, мүмкін бе?  
Толағай таулар толғатса,  
Теңізім толар бір күнде...

Серікбайдың «Арман» атты толғауы да Аралдың ауыр мұңын жеңілдетсем деген ақын қиялынан туғанын анық аңғартатын, оқығанды ойға батыратын өлең:

Анау жылғы айлақтар жоқ айбынды,  
Алапес құм адақтайды айдынды.  
Әлдеқайда ауып барам өзім де,  
Арқалап ап ау мен сені қайғынды.

Оңашада бәйіт жазып зарланам,  
Бәз біреулер «босқын» десе, арланам.  
Қолдан келер қайраным жоқ, қайтейін,  
Аралым жоқ,  
Арманым көп арбаған...

Ол кездері бала болса да, теңіз-ананың барған сайын тарылып, жағадан кетіп бара жатқанын көріп жүрген үлкендердің қайран айдынмен егіз туғандай алас ұрып қиналған көңіл-күйлерінен-ақ кеудені жаншыған жан азабын өне бойымен сезініп өсті. Жаңбыр сирек жауып, тұзы көбейген суда балықтың түсімі азайған сайын ел-жұрттың алаңдауы күшейе берген, ол аздай жан-жақты құм мен тұзға толтырған шаңды дауылдардың сұмдық үрейі әлі есінде. Балалықтан даналыққа өткен замандасымыздың осынау бір мұңды шақтарына кеудесін кернеген келесі жолдары куә:

...Жаксы күндер кеткендей ұмыт болып,  
Жағалаулар жылайды күліп болып.  
Жар басында жалғыз үй - түйеші ауыл,  
Жалғыз үйрек ұшады үміт болып.

Қаз да қайтып барады тізбектелеіп,  
Көк теңізден күдерін үзбек болып.  
Мен де қайтып барамын Алматыға,  
Іңкәрімді таба алмай іздеп келіп...

Арал апатының ақиқатын ақынның осы лебізінен анық аңғарамыз.

Ғалымдар тарихтан Арал суының көп бөлігі екі рет жоғалып, қайта толғанын айтады. Ендеше оның үшінші рет ораларына неге сенбеске. Сондықтан өңір халқының баршасының, бүтінде амалсыздан жан-жақта жүрген ұл-қыздарының аңызға айналған айдындың кемеріне қайта келеріне деген сенімі, күдерін үзбей, келешекке үмітпен қарауы күшеймесе азаймағаны аңғарылады.

Әдебиеттанушы-ғалым ретінде жас ұрпаққа білім нәрін беріп, бүгінгі тәуелсіз еліміз дамуының үрдісіне белсенді араласып келе жатқан білімді әріптесіміз Секең сонау студент кезінен бастап қоғамның өзекті мәселелеріне, ең алдымен қасиетті қазақ тіліміздің құдіреті артуына үздіксіз, тынбай еңбек етіп келе жатуы қажымас қайраткерліктің айқын белгісі. Тілдің тағдыры – ұлт, мемлекет тағдыры екендігіне ең алдымен осы ұғымның тамырын, тегін, мәнін түсінетін қауым, яғни баба тілінен ажырамаған қауым ғана дабыл қағып келе жатқаны табиғи. Нанын бөтен тілде тауып жүрген, амалсыздан жат болып кеткен жалқы пенделер өз қолын өзі шаппайтыны, тіпті тіршілік талабынан өз ұлысын өзі даттайтынына да куә болып келеміз. Бұл турасында Серікбай Қылышбайұлының қаламынан ағылып түскен:

Ана тілім, ардағымсың ұлтымның!  
Бесігімде бөбегім боп бұлқындың.  
Абай болып айтамын де ұмтылдың,  
Жамбыл болып жетемін деп жұлқындың.

Айтпайсың деп, жетпейсің деп қыстапты,  
Аңқау елің жауға талай ұстатты.  
Ахметпен, Міржақыппен, Мағжанмен,  
Абақтыда бірге сені ұстатты, –

деген жолдардың өзі тіл басындағы, демек халқымыздың басындағы өткен кезеңдердің, тіпті күні бүгінге дейін тарқамай, басылмай келе жатқан өксігін айқара ашады. Жаратқанға тәубе, қазіргі уақытта мемлекет басшылығы тарапынан жан-жағымыздағы жаһандық үдерістерді сараптай отырып, бейбітшіліктің өзегі қоғамдағы тұрақтылық пен татулық екендігін, демек ең алдымен ақпарат саласына айрықша назар аудару, соның ішінде қазақ тілді аудиториямен, жастармен жұмысты кең ауқымды жүргізу қазіргі уақыт талабы екендігін үнемі мәлімдеуде. Сондықтан белгілі себептермен әлі де үстемдікке ие бөтен тілдердің жанында қосақталып келе жатқан ана тілі үшін ауқымды майданда тәрбиеленген әрбір шәкірт, жалғыз әрекет, тіпті жалқы сөйлем мен өлең жолының мәні әрдайым жоғары тұра бермек. Осынау ұлы сапар жолындағы азаматтардың әрқайсысының, солардың қатарында ғалым, ақын, ұстаз Серікбай

Қылышбайұлының үздіксіз еңбегі тек қана құрметпен аталып өтуі хақ.

Мінеки, айлар ағылып, жылдар жылыстап ұлттық университет қабырғасында қатар білім алған үзеңгілес бауырымыз Серікбай Қылышбайұлының алпыстың асқарына шыққан мерейтойы қарсаңында ойымызға келген бір үзік сырмен оқырман қауыммен бөлісуді жөн көрдік.

**Серік БӘКІР,**  
*әскери зейнеткер*

## **ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮЛЕТКЕН СЕКЕҢ!**

Қазақ алғыр! Кезінде орыстың шырмауында Кенесары боп бұлқындық, бүкіл Азияны ертпек болдық, Алаш болып та алғаш жұлқындық. Түркіні түгел қосып алмақ болдық. Бұғалыққа сыймадық, Оспан батыр боп айға шауып мерт болдық. Желтоқсанда бүкіл он бес республиканың ішінде алғаш тоталитарлық режимге сескенбей бас көтерген де біз едік. Барлығында бір мақсат – еркіндік, бостан болу. Біз біреуге құл болуды жақтырмаймыз. Еркіндік қанымызда бар, тегіміз сондай. Біз сол кездегі жастар мақтануға да, мақтауға да лайықпыз. Тәуелсіздікті әкелген бізбіз... *(Бижомарт Қапалбекұлы)*

Ұлт намысы көкіректі сыздатқан,  
Қысқы кеште қабақтарға мұз қатқан.  
Есінде ме, сонау жылғы суық түн,  
Анау алаң қар төсеніп біз жатқан...

Есінде ме? Жиналып шеп құрғаның,  
Желтоқсанда жел өтінде тұрғаның.  
Ұйқыдағы ұлт намысын оятып,  
Ел тізгінін еркіндікке бұрғаның.

Жарлығына шыдамай жат төренің,  
Өзегінен өрт шалдырған өренің.  
Қалың топты жарып шығып, жас берен  
Оқып тұрды Міржақыптың өлеңін... *(Серікбай Қосан)*

1989 жылы 18 ақпанда жастардың «Өркен» газетінде «Жариялылық қайда, жастар қайда?» мақала жарық көрді. Мақалада сол кезде тосындау көрінетін мынадай сөздер жазылған еді: «1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы мені де бейжай қалдырған жоқ. Содан бері екі жыл өтті. Осы турада сан рет жазуға оқталсам да, реті енді түскен секілді. Соңына өкініші мол ізін қалдырған сол бір оқиға неліктен бізде, Қазақстанда болды? Оған қатысқандар ылғи ұлтшылдар мен жастардың надан тобыры ғана ма? (Көптеген газеттерде осылай бағаланған еді). Астана көшелерінде шеруге шыққан жүздеген қазақ жастары тек қана желік қуып, еріккендер ғана ма екен? Сөйтсе-дағы солардың арасынан келешек республика интеллигенциясының негізін құрайтын студенттер қауымы көптеп кездесті. Көп ұзамай қолға түскен студенттер жаппай оқудан шығарылды. Не үшін? Не себепті?». Сол кезде алғашқылардың бірі болып мұндай ашық та ащы сауал қойған ел ағасы да емес, ел басындағысы да емес, қарапайым қазақтың қара баласы КазГУ-дің филология факультетінің III курс студенті Серікбай Қосанов еді. Студент Серікбайдың жаны шырқырайтын жөні де бар, Желтоқсан көтерілісіне қатысқаны үшін оқудан шығарылып, әупірімдеп ерең қайта оқуға қабылданған кезі еді.

Бірақ бұл мақалада бір студенттің өз басының мұңы емес мынадай ғаламат сөздер де жазылып еді: «Жығылғанға – жұдырық» демекші, республикадағы әлеуметтік және ұлттық мәдени дағдарыстың шегіне жете шиеленісуі Желтоқсан оқиғасының отына май құйғандай емес пе? Талай ғасыр бойы бабаларымыз жан-тәнімен аялай қорғаған ұлан-асыр аймақ, өнерге бай өлкенің өзіндікі дегені өзгенікі болып, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында жүріп, ақырында, атақоныс, арқалы тілінің азып-тозуына әкеліп соғуы... ұлттық сезімді оятары хақ. Қайткен күнде де, желтоқсан күндерінде студент-жастар тарапынан естілген «Ана тілімізде сөйлейік», «Ұлттық мәдениетімізді көтеруге атсалысайық» секілді орынды шақырулар тектен-тек айтылмаса керек.».

Ол мақала өз алдына, желтоқсаншы Секеңнің мынадай отты өлеңдері де талай Қазақ баласының намысын жанығаны хақ:

...Қалың әскер келе жатты қамалап,

Қасқыр иттер жұлқынып жүр абалап.  
Соққысынан сауыт киген солдаттың  
Ұл құлайды, қыз жылайды «ағалап».

Өрт сөндіргіш машиналар өкірген,  
Қара судан қан шашады көпірген.  
Бір жағы – от, бір жағы – мұз құрсаңған,  
Өту қиын тозақтағы көпірден.

Қалың әскер бастады бір қасапты,  
Қарындастар қорықпастан тас атты  
Үш күн, үш түн арпалысты ерлерім,  
Бір жеңіліп, бірде жеңіп жасақты.

– Қазақ болсын! – деді ашынып жас жігіт,  
– Өз ұлтыңнан болғаны жөн басты үміт.  
Қазақ болсын, кім болса да, әйтеуір,  
Бір ұл шығар арасынан бас тігіп!

Дегені сол... дәлдеп ұрған сойылдан  
Жер құшты ұлан қарақұсы ойылған.  
Қандыкөйлек... қанды көздер... қанды жас...  
Қанды сурет кетпейді әлі ойымнан.

Қанға бөкті қар жамылған қырларың,  
Дегеннен соң: «қазақ болса, қыр бәрін!».  
Солып жатты, өліп жатты жас ұлан –  
Жазғы гүлдей жазығы жоқ құрбаның...

Ұлт намысы көкіректі сыздатқан,  
Қысқы кеште қабақтарға мұз қатқан.  
Есінде ме, сонау жылғы суық түн,  
Анау алаң қар төсеніп біз жатқан...

Есінде ме? Қалың әскер... қалың ел...  
Сергелдеңде – сайын дала, сары бел.  
«Елімайлап» еңіреген ер ұлдар,  
Әкімдерің әрі-сәрі, әбігер...

Ел қорғаған қазақтың ұл-қыздары,  
Оған қуә – Алатаудың құздары.  
Оған қуә – Алматының көшесі,  
Оған қуә – Желтоқсанның ызғары.



Серікбай Қылышбайұлы Қосан мырзамен дәл қай күні есімде жоқ, шамасы «Өркен» газетінде шыққан мақаладан кейін жақын таныса бастаған сияқтымын. Мен де сол кезде «История с историей» деген мақаламды «Өркен» газетіне беріп, соған байланысты Алтынбек Сәрсенбайұлымен жолыққан едім. 1990 жылы студент Серікбай сирек қолжазбалар залынан 1913 жылы шыққан «Қазақ» газетінің тігінділерінен Шәкәрімнің «Керек» атты өлеңін ескі түпнұсқадан жазып алып ұсынды. Сөйтіп Секеңнің арабша хат танығаны да кәдеге жарап, 1990 жылы біз шығарған «Қазақ» газетінің №2 нөміріне Шәкәрімнің «Керек» атты өлеңін кирилл қарпіне аударып жарияладық.

Содан бері Секең біз жазған дүниенің талайына бейресми редактор болды.

Сөзі қылыштай Серікбай Қылышбайұлы – «семізін сөздің сөйлеген» Сыр сүлейлері шыққан өңірден болғанынан ба, әлде ерекше таланттынан ба, шынында да, бұл екі қасиеті қоса дарығандықтан ба әрбір сөзі мен өлеңі шедевр боп шығатын ерекше жан.

Мәселен, мына бір сөз-портретке зер салып көріңіз: «Профессор Әбжан Құрышжанов ағайға жолықтым. Бұрын көрмеген едім. Орта бойлы, маңдайы жазық, ақ шашты, шоң мұрынды, бүркіт қабақ, қызылшырайлы сары жүзі кавказдықтарға көбірек ұқсайтын сұстылау кісі қарсы алды. Амандасып, жөн сұрасқан соң ағайды мүлде басқа қырынан таныдым. Енді мен жетекшімнің келбетінен өте білімді, дегдар, турашыл әрі адамшылығы мол ғалымды көргендей болдым. Ағай көп сөзге келмей, диплом жұмысының жоспары мен мазмұны қандай болу керек екендігін түсіндіріп, қолыма Құл Қожа Ахмет Әзіреті Сұлтан Ясауидің 1902 жылы Қазан қаласында араб қарпімен басылған «Диуани хикмет» кітабын ұстатты».

Сонымен қатар Секең адамгершілігі зор, зиялының нақ өзі, өзі ерекше құрметтейтін Берікбай Сағындықұлы жөніндегі мына пікірінің өзі-ақ оқыған адамды елжіретіп жіберетіні хақ: «Мен қорқып жүретін ұстазымды інім: «бажеке» деп арқадан қағып қояды. Мен болсам, «Қалайсыз, күйеу жігіт» деп айта алмадым. Өйткені мен үшін көңілімнің төрінде Берікбай ағай бәрібір де ұлағатты ұстазым болып қала береді... Берікбай Сағындықұлы – қазақ тіл біліміне, түркітану ғылымына ғана емес, жалпы

руханиятымызға үлкен еңбек сіңірген аға буын ғалымдарымыздың бірі, соңынан сан шәкіртін ертіп, зерттеушілік жолға баулыған ұлағатты ұстаз!».

Бізбен бірге оқыған курстастардың барлығы да жершілдіктен аулақ еді, оқу бітіргенше, Серікбайдың қай жерден екенін де сұрамаппын.

Ал Серікбай Қосан 1964 жылы 2 қыргүйекте Қызылорда облысы Арал ауданының Авань балықшылар қыстағында дүниеге келіпті. 1983 жылдан 1985 жылғы 3 мамырға дейін өз еркімен Кеңес әскері қатарына сұранып, Қиыр Шығыстағы Уссурийск қаласында және Приморье өлкесіне қарасты Хасан ауданы Занадворовка селосы жанындағы «Н» Танк полкінде Отан алдындағы борышын өткерген.

1986–1991 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқып, араб тілі және қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы мамандығы бойынша диплом алып шықты.

1991–1997 жылдары Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институты филология факультетінде қазақ тілі пәнінің оқытушысы, аға оқытушы, 1998 жылы бұрынғы ҚР ҰҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы еңбек жолын Қолжазба және текстология бөлімінің кіші ғылыми қызметкері болып бастаған. Аталған институттың «Ежелгі дәуір әдебиеті» бөліміне ғылыми қызметкерлікке ауысып, 2004 жылы ӘӨИ жанындағы Диссертациялық кеңесте 10.01.02. – қазақ әдебиеті мамандығы бойынша «Базар жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы (ақындық дәстүр, жанр, поэтика)» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаған. Ғылым академиясы Институтының бас ғылыми қызметкері әрі «Қолжазба және электронды жүйелеу» бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған. 2010 жылдан бастап ӘӨИ-дің «Ежелгі және орта ғасыр әдебиеті» бөлімін басқарған. «Ежелгі дәуір әдебиеті» бөлімінде қызмет ете жүріп, 2003-2005 жылдарға арналған «Көне түркі дәуіріндегі және орта ғасырлардағы әдебиет» атты іргелі зерттеу жобасын жүзеге асыруға атсалысты. Аталған ғылыми жобаның «Көне түркі әдебиеті», «Түркі-қытай мәдени байланыстары» «Алтын Орда дәуірі әдебиеті», «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» сынды тараулары бойынша зерттеу мақалаларын

жазды. Зерттеу нәтижелері М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 2-томына (2006) және 3-томына (2008) енді. Сондай-ақ «Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік идеясы мәселелері» атты 2009-2011 жж. арналған үш жылдық зерттеу жобасына жетекшілік жасады және ғылыми монографияның (2012) алғы сөзін, Сыпыра, Кетбұға, Жиёмбет жырау, Әйтеке би, «Жыраулар поэзиясындағы астана образы» атты тарауларын жазды. 2012-2014 жылдары «Түркі халықтары әдебиетінің типологиясы», 2014-2016 жылдары «XIX-XX ғасырлардағы Еуразия түркілері: әдеби-мәдени ықпалдастық атты гранттық ғылыми жобаларға жетекшілік жасады және олардың алғы сөз, кіріспе, негізгі тарауларын жазған. Зерттеу нәтижесінде «Көне түркі әдебиетінің типологиясы» (2014) және «Еуразия түркілері: әдеби-мәдени сұхбат» (2016) атты ұжымдық монография жарық көрді. Осы жылдар ішінде Санкт-Петербург, Астрахан, Қазан, Омск, Орынбор, Ташкент, Алматы қалаларының кітапханалары мен архивтерінде ғылыми ізденістер жүргізіп, қазақ әдебиеті, фольклор, тарих, этнография салалары бойынша көптеген құнды материалдар жинақтаған. 2006-2010 жылдары «Бабалар сөзі» 100 томдық сериясының 25-63 томдарына жауапты редактор қызметін атқарып, осынау маңызды мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырылуы үшін бар ынта-жігерін жұмсаған. 2003-2012 жылдар аралығында 100 томдық ғылыми басылымның 46 томына құрастырушы және олардың 38-іне жауапты редактор ретінде белсене атсалысып, «Мәдени мұра» бағдарламасына ғана емес, қазақ фольклортану ғылымына да елеулі еңбек сіңірді. 2016 жылы «Бабалар сөзі» 100 томдық ғылыми басылымын әзірлеуге сіңірген ерен еңбегі үшін әріптестерімен бірге ҚР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылды.

2012 жылы Түркия елінің Тарсус қаласында өткен «Қараджаоғлан шийр ақшамлары» атты түркі халықтарының қыр фестиваліне қатысып, арнайы жүлдеге ие болған.

2013 жылы ҚР БҒМ «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығының шақыруымен жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендеріне сарапшы болды.

2014-2015 оқу жылында ӘӨИ-де қызмет ете жүріп «Ғылым ордасы» жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығында «Көне түркі әдебиеті» пәні бойынша докторанттарға дәріс оқыды.

2014 жылы Қызылорда облысы әкімдігі жанындағы «Тарихи және мәдени мұраларды қорғау және пайдалану» жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңестің мүшесі болып сайланып, осы қоғамдық қызметінің аясында Сыр бойы мәдениеті, әдебиеті мен тарихына қатысты мазмұнды ғылыми баяндамалар жасап, өз ұсыныстарын еліміздің жетекші ғалымдарының назарына ұсынды. Бұл ұсыныстарының қатарында Қызылорда қаласының тарихы, Алаш қайраткерлері, Сыр бойының көне астаналары, ежелгі ескерткіштер, тарихи орындар, батыр-билер, хан-сұлтандар, әулиелер мен басқа да тарихи тұлғаларға байланысты маңызды жобалар бар болатын.

2017 жылы облыс Әкімінің тікелей ұсынысымен Қызылорда облысында жаңадан ашылып жатқан Облыстық «Рухани жаңғыру» орталығына қызметке шақырылды. Аталған Орталықтың «Рухани қазына» бөліміне үш жылға жуық жетекшілік жасады және аймақтың рухани сұранысын өтеу мақсатында ұсынылған 30-дан аса іргелі ғылыми-танымдық және қолданбалы жобаның бірқатары жүзеге асырылды.

2019 жылы Секеңнің жетекшілігімен жүргізілген ғылыми-жобалық жұмыстардың нәтижесінде «Сыр бойының сакралды ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаялар», «Қорқыт атаның даналық сөздері» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) және «Алаштың асыл мұрасы» атты 3 кітап жарық көріп, Сыр бойы халқының рухани қазынасы құнды мұралармен толықты. 2020 жылы өзі оқыған ауылдағы №22 Авань орта мектебінің 90 жылдық мерейтойына орай «Қырандар түлеген алтын ұя» атты энциклопедиялық басылымын, 2021 жылы өмірден ерте қайтқан журналист ұстазы әрі ауылдас ағасы Айдос Құлманұлының «Өмір күнделіктері» атты шығармалар жинағын құрастырып, «Қазақ университеті» баспасынан жарыққа шығарды, сөйтіп ел-жұртының ақ батасына ие болған.

Әдеби ортада Секең әрдайым қоғамдық пікірлерге атсалысып, түрлі мәселелер бойынша ой-көзқарастарын ортаға салып жүретін ғалым әрі қаламгер ретінде танылды. Көңіл

қуантарлық жайттың бірі, Секеңнің «Аралды аңсау» (1997), «Жүрегімде жүз өлең» (2007) атты екі қыр жинағын оқырман қауым жылы қабылдады.

Тәуелсіздік жылдарында «Ежелгі әдебиетті зерттеу мәселелері» (2010) «Балқы Базар жырау» (2012), «Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік сарыны» (2012), «Көне түркі әдебиетінің типологиясы» (2014), «Еуразия түркілері: әдеби-мәдени сұхбат» (2017), «Көне түркі әдебиеті. Зерттеулер. (2021) сынды бірнеше жеке авторлық және ұжымдық ғылыми монографиялары мен жүз елуден аса ғылыми-әдеби мақалалары жарық көрді. Өзі мұрағат көмбесінен тауып, тәржімелеген көне заман жәдігері «Тәзкіре-и Бұғра хан» (2007) атты еңбегі түркітанушылар тарапынан жоғары бағаланды. Осы аталған ғылыми және аударма жұмысы түркітану саласындағы ғылыми жетістері үшін берілетін «Күлтегін» мемлекеттік сыйлығына ұсынылған еді. (Ұзынқұлақтан: «Конкурент жоқтығынан конкурс өтпейтін болды» деген сәлем айтылды. Өттең мемлекеттік сыйлық әлі берілмей келеді, себебі Серікбай Қылышбайұлының сөзі қылыштай һәм Желтоқсан қаһарманы болғандығынан ба екен...).

Тек 2008 жылы отандық ғылым мен мәдениеттің дамуына сіңірген сүбелі үлесі үшін сол тұстағы ҚР Білім және ғылым министрі Ж.Қ. Түймебаев Құрмет грамотамен марапаттаған екен.

Иә, тағы да 2021 жылы өткен хакім Абайдың 175 жылдығына орай ғылыми-көпшілік басылымдарда жарық көрген топтама мақалалары үшін Қазақстанның емес, «ТҮРКСОЙ» Халықаралық ұйымының Алғысхатын иеленіпті.

Дәл осы 2021 жылы шығарған кітабымыздың да атауын «Тәуелсіздік түлектері» деп Секең қойған болатын.

Тәуелсіздік түлектерінің бірегейі Серікбай Қылышбайұлы Қосан мырзаны бүгінгі асқаралы 60-мен шын жүректен құттықтаймыз!

Секеңе жан жары Жанна Сайынқызының, Еңлік, Әлиман, Айбала атты үш қызы мен Хафиз есімді ұлының, Хамза, Айбын, Әдия, Раяна, Ахмет атты немере жиендерінің қызығын көре беріңіз дейміз. Зор денсаулық, мол бақыт, көңіліңе шаттық тілейміз!

*P.S.* Шекербек беттері мен баспасөзді бір сүзіп шықсам да, міне, кешкі жеті болды, Секеңді асқаралы 60-мен құттықтаған тұшымды да, көлемді жазбаны кездестіре алмадым, бәлкі көзіме түспеген болар. Ал Серікбай Қылышбайұлы Қосан мырзаның бүгінгі асқаралы 60-ы талай мақалаға жүк болуы керек-ақ еді. Мұндайда Ақорда ауылынан елең еткізер эсселердің лебі есетін еді... Ештен кеш жақсы, Ақорда құттықтауды бастап берсе, әкім-қараларың өздері-ақ іліп әктері хақ. Әйтсе де, 1986-ның жастары бәз біреулердің марапатына мұқтаж да емес, Тәуелсіздік түлектері мақтануға да, мақтауға да лайық ! (Қысқарту керек)

*P.S.* Шынында да, бүгін асығыс жазылды, кемшілігі болса, айып етпессіздер, Серікбай мырзаның талай игі істері жазбамызға сыймай қалды, әсіресе 1989-90 жылдардың өзінде менің жерлесім Олжас Сүлейменовке қарсы уәж ретінде, «Жас Алаш» газетінде жарияланған «Жалтақтамай өссек ше» деген мақаламыз бір тарихқа жүк еді, кезі келгенде жариялармыз...

*Жанна ТОЛЫСБАЕВА,*  
*филология ғылымдарының докторы,*  
*профессор*

## **БАЛЛАДА: ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ И СОВРЕМЕННЫЙ ИНВАРИАНТ ЖАНРА**

Генезис баллады мотивирует её тяготение к стиху народной песни. Если размером немецкой романтической баллады стал дольник, наиболее близкий акцентному стиху народной песни, то казахская литературная баллада продолжает апеллировать к семи- или одиннадцатисложнику, а русская казахстанская баллада не отдаёт предпочтения ни размерам силлабо-тонической, ни тонической систем стихосложения, но отличается особенной музыкальностью. Абсолютной деканонизации подвергаются представления о строфическом и рифменном постоянстве баллады. Изложенная концепция баллады позволяет системно изучить характер трансформации жанра и обозначить место баллады в ряду жанровых экспериментов современной поэзии Казахстана.

Наблюдения показали, что эксперименты современных авторов активно преобразуют балладный канон. Момент трансформации жанровых признаков баллады можно подтвердить или опровергнуть только при наличии жанрового дифференциала в заглавии или подзаголовке текста. Большинство заглавий современных казахстанских баллад включают определение жанра, в отличие от романтической традиции, которая отказывалась от жанровой номинации (пр.: «Лесной царь» И. Гёте, «Ленора» Г. Бюргера, «Светлана» В. Жуковского). Такая переакцентуация авторского внимания обусловлена содержанием культуры конца XX века, основная задача которой – привлечь весь массив мировой литературы к постижению духа современной эпохи. Работа поэтов с жанрами потребовала соблюдения профессиональной этики и таким образом повлияла на структуру заглавия, корректно указывающего на объект пародирования традиции.

Симптоматичны заглавия с двучленной структурой: «Эрмитаж немесе Бас туралы баллада» С. Қосан, «Қарапайым ақиқат (жүрек туралы баллада)» А. Егеубаева, «Гималай жолбарыстары немесе Малдық сана туралы баллада» М. Шаханова, «Джон Китс, или Баллада о единственном друге» А. Корчевского. Две составляющие таких номинаций, как правило, вступают в отношения художественного конфликта и «ведут» сюжет баллад. Немаловажным в таких заглавиях является и момент интриги, побуждающий читателя связать два образа или темы в балладный сюжет. |

Демократизация жанра баллады сказалась на снижении пафоса, появлении иронического аспекта, прозаизации заголовка («Кемпір мен көгершіндер» А. Егеубаева, «Баллада о цветочном киоске» Е. Курдакова, «Қара сұр ат» К. Шалқар, «Базардағы Баян сұлулар туралы баллада» С. Ақсұңқарұлы, «Баллада соседского двора» А. Соловьева, «Баллада проходного двора» В. Киктенко).

Несмотря на очевидную «обытовленность» жанра, современная баллада включает элемент ужасного, фантастического, который определял эстетический облик баллады XIX столетия. Традиционная система мистических образов (призраков, ведьм, чудовищ, темного леса, ночного путника) работает уже не в одномерной романтической действи-

тельности, но позволяет лирическому герою увеличить спектр чувств и эмоций, подключает несколько типов сознаний, чаще всего - детски непосредственное и взрослое:

Құбыжықтар қоршап жүрген сияқты,  
бір қорқыныш билеп алды бойымда...  
(Е. Бағай, «Балалық шақтың бір сәті» [20, 61 б.]).

В современных балладах романтическая традиция рождает иронический аспект. В балладе «Шимұрын» Ә. Кекілбаева преобладание «на краю» обыденного и непознанного миров иницируется двумя чувствами: страхом перед ночным чудовищем «шимұрын» и любовным влечением. Балладный катарсис, обусловленный появлением шимұрын'а, генеалогически восходит к традиции германской баллады и преодолевает её ироническим переосмыслением. Образ «шимұрын» описан в традиции немецкой баллады:

Шыр айналып шимұрын  
үй торып жүрген сықылды.  
Аруағы бабалардың қолдасын да!.. ,  
... Көзіме бір көрінші, Қамбар Ата...,  
... Құдай-ау, қайда кетіп бара жатыр,  
Кәрі-жас қалың қазақ шүлдірлеген?! [23, 12 б.].

В финале баллады в подтверждение состоявшегося диалога субъект размышлений получает ответ свыше: «Найзасын Махамбеттің бір ұстатшы-ау!». Так обращение и диалог размыивают не только генетическую традицию романтической баллады, но и сам балладный миробраз, важной содержательной особенностью которого является абсолютный изоляционизм противопоставляемых художественных пространств – ирреально-фантастического и рационально обывовленного.

В культуре конца XX столетия, нацеленной на тотальный диалог, баллада появляется, с одной стороны, как результат осмысленного обращения к историческому прошлому. Но в то же время каноны романтической баллады не выдерживают испытания другой ценностной парадигмой, поскольку её картина мира принадлежит иной культурной эпохе.



Повествование в балладе новейшего времени ведется, преимущественно, от первого лица. Субъектом современной баллады может являться детское и /или взрослое, национально-патриотическое и или культурно рефлектирующее, скорбящее и/или иронизирующее сознание, всегда отмеченное подчеркнuto личностным отношением к изображаемым событиям. Ситуация эмоциональной «задетости» прочитывается в обилии риторики:

Көлдөр кепкен қоғалы.

Ерлер кеткен...

Кімге соның обалы?..

(С. Ақсұңқарұлы, «Базардағы Баян сұлулар туралы баллада» [24, 7 б.] ),

междометий и оценочных восклицаний:

Біраздан соң /ой, алла!/  
Бірақ білдім кеткенімді адасып...

(Е. Бағай, «Балалық шақтың бір сәті» [20, 60 б.] ),

...Жо-жо-жоқ!

Айта көрме!

(И. Сапарбаев, «Ақын туралы баллада» [25,286.] ),

вопросительно-восклицательных синтаксических конструкций:

Қалай ғана жүрміз біздер жер басып,

Жау қолында жатыр басы - Кейкінің?!

(С. Қосан, «Эрмитаж немесе Бас туралы баллада» [26, 10 б.] ),

в большом количестве психологических пауз, помеченных многоточием:

Едіге ме? Бәлкім... әлде Көшім бе?

Жоқ, жоқ... Олар қара жердің төсінде...

(С.Қосан, «Эрмитаж немесе Бас туралы баллада» [26, 10 б.] ).

Искренность эмоционального переживания лирического героя подтверждается на лексическом уровне внерациональной текучестью речи. «невыверенностью» стиля. Так ностальгический пафос «Баллады проходного двора» В. Киктенко не снижает ни просторечная («Мол, него-же теперь-то...»), ни

сниженно-разговорная лексика («отщепенец», «мура», «на авось»). Не возникает стилистической неупорядоченности и тогда, когда в тексте появляются устаревшие слова, неологизмы, литературные реминисценции.

Современная баллада усложняет способы лирического самовыражения. В центре повествования всё чаще оказывается уже не одно, а два или три субъекта мысли. Размышление лирического героя о Другом есть один из способов маркировки балладного «чудесного» мирообраза, так обновляются «коды» обязательных для данного жанра действительностей - своей известной и чужой странной (см. «Иркутскую балладу» А. Соловьева, «Кара-буран» Е. Курдакова). В «Грустной балладе» Б. Шекерова, «Кара-буране» Е. Курдакова нарушен жанровый принцип субъектной организации: новеллистическое повествование ведется от третьего лица, автор оставляет за собой право на оценку действий субъектов. В «Еркіндік туралы баллада» Б. Айттолқын повествование также ведется от лица автора. Отстраненность авторской позиции от мира, в котором пребывает субъект, с первых строк принимает эпически выраженный характер:

«Дүние, мен келдім!» – деп,  
Қоста ол інгәлаған... [27, 127 б.].

В процессе создания жанровой картины мира «Түн балладасы» И. Сапарбаева перераспределяются функции лирического и эпического начал. Проявленное сочувствие автора-повествователя не отменяет балладного мирообраза:

Тірліктен түк хабарсыз түкті бала  
Өмірдің мәнін, дәмін ұқты жаңа...

Ал жесір жас шыланған кірпігіне.  
Бір ысып, бір суынып ... іркілуде...

Апыр-ай, кеудесінде жан бар ма еді?!

Излагающей известный миф о рождении – гибели Адониса, жанровый мирообраз намечается только в последних строках:

Из царства мертвых каждый год весною  
Адонис возвращается на свет...  
...И люди радость встречи понимают  
И празднуют Адонии в честь них.

Введение в мифологический сюжет «посторонних» образов рождает то состояние остранненного восприятия действительности, которое дифференцирует балладный мирообраз. Отличительным свойством этого текста является эпически плавное изложение событий. Отсутствие экспрессии объяснимо тем, что повествование ведется от лица эпического автора, «ходящего» от эмоциональной оценки событий.

Казахстанская баллада востребовала уникальное историческое мышление, которое проявляется не только в умении лирического героя адаптироваться в любой исторической ситуации или эпохе (см. «Балладу» О. Сулейменова, «Құрбандыққа шалынған сәби еді...» Ш. Сариева, «Джон Китс, или Баллада о единственном друге» А. Корчевского).

Баллада конца тысячелетия возрождает такое свойство сознания, как патриотизм, очищенный от фальшивой пафосности и тем более иронии. Объектом наблюдений героя всё чаще становятся темы и образы национальной истории: «Хас батырдың қас-қағым сәті» М. Әлімбаева, «Бейбарс» А. Жылқышиева, «Эрмитаж немесе Бас туралы баллада» С. Қосан, «Құрбандыққа шалынған сәби еді...» Ш. Сариева, «Құнанбай құдіреті» Д. Стамбекова. Интерес поэтов к национально-историческому материалу, проявленная позиция автора-повествователя, система действующих лиц, вовлеченных в динамичный сюжет, – эти и другие свойства текста свидетельствуют об усилении эпических тенденций в балладе конца XX века. Между степенью эпизации баллады и её содержанием существует прямая связь: чем непосредственнее обращение к национально-историческому прошлому, тем эпичнее художественное построение баллады.

Тип трансформации современной баллады отмечен тем, что последняя мобильно и гибко меняет соотношение эпического и лирического начал. В балладе С. Қосан «Эрмитаж немесе Бас туралы баллада» развернуто представлено историческое пространство и время. Прошлое помечено вещами, пережившими своих хозяев: Кораном А. Ясави, мечом Жангир-хана, чашей

батыра Едиге, домброй Арынгазы-хана. Топос Эрмитажа выводит конкретику каждого образа во вневременное измерение - в старину. Балладный хронотопический «отскок от реальности» как показатель состоявшегося жанрового мирообраза возникает при нарушении заданного музейного соотношения «вещь - историческое имя», тем более, что объектом такого рассечения стало тело Кейкі батыра. Дальнейшие философические размышления лирического героя никак не связаны с пространством Эрмитажа. Культурная память «выводит» субъекта рефлексии к жанровым традициям исторической песни и жоқтау одновременно:

...Көп қой бізде - Кейкілер мен Кенелер.  
Елсіз қырда, бейуақтарда алыстан  
Елестейді бассыз жүрген денелер... [26, 10 б.].

Повествование в духе народно-исторической песни находит продолжение в печальных размышлениях лирического героя о судьбах Кенесары, Махамбета, Абылай-хана, Мағжана Жұмабаева. Образы исторических героев утрачивают эпическую отстраненность и находят выход на современную действительность:

Махамбеттің бассыз қалған денесі,  
Желтоқсанда жанымызда жүргендей...

Биполярная картина мира баллады, по законам жанра не предполагающая гармонического единства её половин, в тексте С. Қосан находит символическое воплощение в образе вещи вне пользования, вещи без хозяина:

...Мынау – күбі, қымызы жоқ – құны жоқ,  
...Әне біреу алтында ер міні жоқ...,  
...Анау – найза қарағайдан сапталған,  
Талай жерде ел қорыған кие еді.  
Кісе, белдік алтынменен апталған,  
Ақ кіреуке енді кімдер киеді?

Так лирический способ организации художественного материала уравнивает эпическое пространство баллады.

Баллада С. Қосан отмечена четким структурированием жанрового мирообраза на всех уровнях текста: в номинативной антитетичности образов известного Эрмитажа и экспонируемой безымянной головы человека зашифровано два понимания культуры; казахской истории «в лицах» противопоставлен один фрагмент посмертной судьбы батыра; сюжетное недеяние лирического героя уравнивается напряжением его духовно-интеллектуальных сил. Созерцательность и отрешенность субъекта мысли во второй части баллады сменилась эмоциональной активностью: обращения к аудитории современников («Ей, бауырым...») выводят текст к традиции другого жанра устного казахского творчества арнау.

Композиционно выраженную роль может принимать состояние душевно-эмоционального транса, переживаемого лирическим героем.

Сюжет «Баллады о прерванной игре» И. Исаева обозначен в заглавии: восхищение драмой человеческой судьбы оторвало детей от синтеза собственной картины мира с жанром элегии, не связанным традициями устнопоэтического национального творчества («Баллада соседского двора» А. Соловьева, «Земная баллада» В. Киктенко, «Грустная баллада» Б. Шекерова, «Баллада о стрелочнике бывшей железнодорожной дороги» Б. Канапьянова) и романсом как жанром, заимствованным из другого искусства («Баллада о цветочном киоске», «Словно белый рассвет» Е. Курдакова, «Баллада проходного двора» В. Киктенко, «Баллада о короле-Генрихе» Л. Бунцельман). Балладные эксперименты О. Сулейменова, Е. Курдакова, В. Киктенко, Н. Черновой, В. Шостко свидетельствуют об интенсивности освоения ментальных особенностей казахского словесного искусства. Являясь носителями «другой» (некоренной) языковой культуры, названные авторы тем не менее обратились к жанрам народной поэзии как источникам обновления балладной картины мира.

Казахстанская баллада подвержена глубинным изменениям. Трансформация исследуемого жанра мотивирована синтезом жанров устного народного творчества и западноевропейской литературы.

Жанровый диалог включает одновременное взаимодействие балладной картины мира с исторической песней, героическим эпосом, жоқтау, мадақтау, арнау, қоштасу, қара өлең, элегией, романсом, притчей. Способность казахской баллады к пересозданию большого количества жанровых мирообразов повлияла на эпический ракурс отображения художественной реальности. Эпизация баллады проявилась на разных уровнях жанра:

– в развернутом зачине, включающем описание пейзажа («Тау басында көрген түс» Т. Әбдікәкімұлы, «Ақбөкен және алданған қыз» М. Оспанова) или места действия («Шимұрын» Ә. Кекілбаева, «Базардағы Баян сұлулар туралы баллада» С. Ақсұңқарұлы, «Эрмитаж немесе Бас туралы баллада» С. Қосан):

Мазасыздау күндері еді көктемнің,  
Петербург. Кәрі Нева жағасы...  
(С. Қосан, «Эрмитаж немесе Бас туралы баллада» [26, 10 б.]);

40 градус аяз.  
Алқынады қос өкпе...  
Базарда тұр Баян сұлу боп-боз боп...  
(С. Ақсұңқарұлы, «Базардағы Баян сұлулар туралы баллада» [24, 7 б.]);

– в сюжетном психологизированном повествовании:

Қыз қарайды іргеден түнерген тұнжыр түз жаққа.  
Мен қараймын іргеден абыржыған қыз жаққа.  
Ол да отыр қиналып, мен де отырмын ұялып.  
(Ә.Кекілбаев, «Шимұрын» [46, 8 б.]); –

– в смене типов и планов повествования («Құрбандыққа шалынған сәби еді...» Ш. Сариева строится на чередовании повествования от 1-го и 3-го лица; в «Балладе о Соловках» С. Ковалевой эпически масштабная картина создается сменой объектов рефлексии автора);

– в масштабности воссоздаваемых событий:

Содан бәрі өтті жылдар, сан ғасыр,  
Тылсым тарих ашпаса да жанға сыр,  
Әлем білген ерлігімен еңселі

Аңыз болған бас иеміз жанға асыл...  
(А. Жылқышиев, «Бейбарс» [38, 10 б.]);

– в авторской оценочности:

Ана ғой, ана болмай орала ма,  
Әр бала орны бөлек тола ала ма...  
(Ш. Сариев, «Кұрбандыққа шалынған сәби еді» [37, 102 б.]);

– в интертексте взаимовлияний малых жанров устного народного творчества и мирообраза литературной баллады:

Өз елінде ұлтан болған артық-ау,  
Бөтен жердің болғанынша сұлтаны...  
(А. Жылқышиев, «Бейбарс» [38, 10 б.]).

В балладах, созданных, преимущественно, казахскими авторами, жанровый синтез происходит более интенсивно, чем в балладах русскоязычных авторов. Так, например, картина мира «Эрмитаж немесе Бас туралы баллада» С. Қосан конструируется несколькими жанрами – арнау, новеллой, исторической песней. «Бейбарс» А. Жылқышиева реализует жанровый конфликт на встречном движении легенды и исторической песни; «Қарашаңырақ туралы баллада» С. Досжановой – через синтез жоқтау, коштасу, элегии; «Кұнанбай құдыреті» Д. Стамбекова – при взаимодействии оды, легенды, назидания, исторической песни; «Кұрбандыққа шалынған сәби еді...» Ш. Сариева – исторической новеллы, притчи, оды, посвящения-арнау; «Қара сұр ат» К. Шалқар – этнографической новеллы и элегии; «Шимұрын» Ә. Кекілбаева - юмористической новеллы и элегии.

Отказавшаяся от наследования западноевропейских канонов, баллада казахстанских авторов имеет полижанровую природу и в этом отношении восходит к принципам организации эпических фольклорных текстов. Но баллада не является жанром-суррогатом, цель которого – интерпретация известного устнопоэтического материала. Баллада вбирает в свою картину мира столько информации о культурно-литературном прошлом, сколько необходимо для актуализации именно этого, а не какого-либо другого мирообраза. По этой причине не все балладные эксперименты можно назвать удачными. В тех текстах, где авторы

идут на поводу своих гражданско-патриотических чувств, происходит перенасыщение эпического материала и жанровый мирообраз разрушается. Филологически-грамотное преобразование балладной картины мира, наблюдаемое в текстах М. Әлімбаева, Қ. Мырзалиева, Ә. Кекілбаева, Ұ. Есдәулетова, С. Қосан, Е. Раушанова, И. Сапарбаева, С. Ақсұнқарұлы, проявляется в соразмерности лирических и эпических способов освоения действительности как залого состоявшейся трансформации баллады.

*(Толысбаева Ж.Ж. «Баллада: история развития и современный инвариант жанра» // Толғау и баллада – жанры современной поэзии Казахстана: учебное пособие. – Ақтау, 2008. – 18-47 стр.)*

**Айнұр ӘБДІРӘСІЛҚЫЗЫ,**

*дінтанушы ғалым,*

*филология ғылымдарының кандидаты*

## **ҚАЗАҚ РУХЫНЫҢ ҚАЙНАРЫ ортамызға оралды**

Қазақ әдебиетінің алтын қоры тағы бір асыл мұрамен толықты. Орта ғасырлық рухани тарихымыздан сыр шертетін «Тәзкіре-и Бұғра хан» атты шежіре шығарма баспа жүзін көрді. Туындыны ескі түркі тіліндегі араб әріпті түпнұсқадан аударған – ақын, әдебиет зерттеушісі Серікбай Қосан.

Сұлтан Сатұқ Бұғра хан газының шежіресі болып табылатын аталмыш туынды Жамал әл-Қарши, Құрбанғали Халид секілді ортағасырлық авторлардың да, В.В. Бартольд, Ш. Уәлиханов сынды бертінгі зерттеушілердің де назарын аударып келген болатын. Отандық ғылымда тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде жасалған бірқатар зерттеулерде де «Тәзкіре-и Бұғра хан» жайлы айтылып өткенімен, шежіренің толық мәтіні бүгінге дейін қазақ оқырманына белгісіз болып келген-ді. Енді, міне, әдебиет тарихындағы тағы бір ақтандақтың орнын толтырған бірегей туынды қолымызға тиіп отыр.



«Аталған кітапты тәржімелеу кезіндегі ғылыми-деректемілік ізденістерді былай қойғанда қаншама дүнияуи және моральдық қиындықтарды бастан кешіргеніміз тек бір Аллаға, сосын санаулы әріптестерімізге аян» деп талай түйткілді бір ауыз сөзге сыйғызған екен автор. Сол санаулы әріптестердің – аудармашының қолжазбаны алғаш қолға алған күнінен бергі жанкешті еңбегіне куә жандардың бірі ретінде шежірені қуанышпен әрі толқыныспен қолға алған едік. Еңбектің мазмұнымен танысқаннан кейінгі толқуымыз алғашқы әсерді он орап алғандай болды.

Ең алдымен көзге түскені – аудармашының шежіреге кезекті бір аударма нысаны ретінде қарамай, оның арғы-бергі тарихын, ол туралы дерек көздерін, қолжазба нұсқаларын жіті зерттеп, өз жұмысына қажырлылықпен, сүйіспеншілікпен кіріскені болды. Автордың қолжазбатанушы ретінде қалыптасқан тәжірибесінің молдығы шежірені аудару барысында үлкен роль атқарғаны аңғарылады. Аударма иесі қолжазбаның ғылыми сипаттамасын жасай отырып, оның авторы, зерттеушілері, ғылымға белгілі нұсқалары, ескерткіштің тілі, ондағы тарихи-этнографиялық мәліметтер туралы кеңінен мағлұмат беріп өткен. Шежіренің аудармасымен қатар толық факсимилесінің енгізілуі, кісі есімдері мен жер-су атаулары көрсеткіштерінің жасалуы, орыс және ағылшын тілдеріндегі қысқаша аңдатпасының берілуі еңбектің ғылыми құндылығын арттыра түскен.

Ал аударма мәтіні жөнінде айтар сөз бөлек. Осыдан он бес жыл бұрын ғайыптан тайып қолыма Сопы Аллярдың атақты «Саббатул ажизин» атты шығармасының қарасөзбен жазылған түсіндірме-шархы түскен-ді. Бұлғар ғалымы Таж ад-дин Ялчығылоғлы жасаған түсіндірме еңбекті Әріпбай ұлы Әшім ас-Сурати, Момбайқызы Райхан сынды тараздық авторлар тәржімалап, жарыққа шығарыпты. Аударма еңбек ортағасырлық туындының бар бояуын сақтап жеткізе білген әсерлілігімен еріксіз тәнті еткен еді. Сол шығармадан кейінгі тілінің шұрайлылығына тамсана, тұшына оқыған дүнием осы Бұғра хан шежіресі болды. Аудармашы шежіре авторының жазу стилін, сөз қолдану мәнерін сақтай білген, түпнұсқа мәтіннің тілдік ерекшеліктері де аудармадан айқын танылады. Ортағасырлық мәтіндер аудармасы үшін бұл – үлкен жетістік.

«Тәжіре-и Бұғра хан» шежіресі Мұхаммед пайғамбарымыздан бастау алып, оның қасиетті әулетінің, сүйікті сахабаларының, әулие-сопылардың ғибратты ғұмырын, ислам дінін тарату жолында құрбан болған шәһид ерлердің тағылымды тағдырын бейнелейді. Бұл жәдігер бізге туған өлке, өскен жұрттың – бүгінгі қазақ жерінің бір кездегі талайлы тарихын танытуымен де қымбат. Шежіренің өзегін Қарахан мемлекетінің негізін қалаған Сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазы мен оның ұрпақтарының өмір тарихы және ғазуат соғыстары жайлы мәліметтер құрайды. Исламның түркі жұртына мәлім болып, біртіндеп ене бастауы VIII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың бас кезіне сәйкес келгенімен, жалпы түркілер еліне жаппай таралып, мемлекеттік дін дәрежесіне көтерілуі Сұлтан Сатұқ Бұғра ханның тұсында жүзеге асты. Оның ислам діні жолындағы күрескер – ғазуатшы ретінде «ғазы» атануы осыған байланысты болатын. Шежіреде дәріптелгендей, «дінді таратушы, жер бетінің сәні, мұсылмандардың күні, діннің шырағы, зерттеушінің айғағы, сопылардың падишасы, тариқат жолаушыларының көсемі, Алланың пәкзадасы» саналатын Сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазының бір күнгі ғазуат майданының нәтижесінде «жиырма мың кісі мұсылман болып, иман дәулетіне бөленген» екен. Көрнекті түркітанушы Зәки Уәлиди Тоғанның еңбегінде еске алынатын, Қожа Ахмет Ясауиге телініп жүрген жаңадан табылған хикметтерде кездесетін «Сұлтан Сатұқ Бұғра хан Пірмұған емес пе?» делінген жолдардың негізінде де осы тарихи тұлғаға қатысты дерек жатыр. «Пірмұған» – шарап құюшының, яғни рухани ұстаздың символы болып табылады. Пірмұған берген махаббат шарабының бір ғана тамшысы сопыны Аллаға-ақиқатқа ұласу халіне – экстаз күйіне жеткізеді деп саналады. Ясауи хикметтеріндегі «Пірмұған» образы арқылы көп жағдайда Мұхаммед пайғамбар бейнесі астарланатынын ескерсек, мұндай теңеудің Бұғра хан ғазыға да қатысты қолданылуы оның шын мәнінде биік дәреже иесі екендігін аңғартады.

Сондай-ақ шежіредегі Миграж оқиғасы суреттелетін тұста Мұхаммед пайғамбардың Сұлтан Сатұқ Бұғра хан рухын ғарышта, тақ үстінде, пайғамбарлар рухымен қатар көргені, «Осынша ұлық дәрежеде жаратылған бұл неткен рух?» деп Жебірейіл періштеден сұрағаны, «Сіз дүниеден өткен соң үш жүз отыз

жылдан кейін дүниеге келіп, Түркістан жұртын ислам дініне кіргізетін үмбетіңіздің рухы» деген жауап алғаны айтылады. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметінде» де осы тектес оқиғаның Ясауи рухына қатысты баяндалатыны белгілі. «Тәзкиредегі» өзге тұлғалар өмірбаянында да бірқатар ұқсас сюжеттер кездеседі.

Шежіре кейіпкерлерінің басым бөлігі ғұмырын Хақ жолына, кемелдікке ұласуға арнаған әулие сопы-дәруіштер мен әулие дәрежесіне көтерілген билеушілер болып келеді. Осы ерекшеліктен-ақ «Тәзкиренің» азаматтық тарих пен рухани тарих ажырағысыз бірлікте, егіз өріліп, қатар көрініс тапқан туынды екені байқалады. «Аңыз түбі – ақиқат» екенін ескерсек, аталмыш шежіре деректерінің бірқатар тарихи тұлғалардың өмір сүрген мерзімін нақтылай түсуге септігі тиюі де ғажап емес.

Бұғра хан шежіресі тарихи-филологиялық мәліметтерге өте бай. Бірқатар қайшылықты түсініктерді қайта қарауға мүмкіндік беретін мағлұматтар да баршылық. Мәселен, әруақтарға арнап шырақ жағу, ас таратып, дұға оқу, марқұмның қырқын өткізу секілді ғұрыптардың Тәңірлік сенім қалдықтары саналатыны белгілі. Ал «Тәзкиреде» әрбір шайқастан кейін шейіттерді ақ жауып, арулап көміп, қабір басына арнайы шырақшылар тағайындалып, оларға жер-су бөлінгені, қазан көтеріп, ас-су әзірлеп, әруақтарға бағыштап отыру үшін мал-мүліктің оннан бірі зекетке берілгені айтылып отырады: «Астарын беріп, Шейх [жарубкеш] шырақшы тағайындап, қырқын өткізіп, Сайид Нәсір Хожаны ұлық шейх қылды. Жиырма бес кісіні хатшы қылып, сіздер жарублық қылыңыз деп, қазан мен май шамды беріп, әр қайсысына бір жер тағайындады. Өзіреті падишахтың хақында дұға, тәқбир қылыңдар деп ескертті. Қашқардың барлық сыйлығы Өзіреті падишахтың қазаны мен басшы жарубкештерге болсын деп, көп жер-мүлікті тарту етті».

Шапағатшы әулиелер қабірін зиярат етіп, тілек тілеу үрдісі де ислам мәдениетіне жат еместігі шежіреден аңғарылады: «Хасан Бұғра хан ғазы келіп, Өзіреті падишахтың мазарын зиярат қылып садақа айтып, дұға қылып, қазандарын қайнатып, шырақтарын жағып, жалбарына жәрдем сұрап, дұға тәқбир қылып, мінәжат етті... «Әркімнің мұқтажы болса, Өзіреті падишахтың мүбәрак Гүлзарын зиярат етіп, шырақтарын жағып,

айналадағыларын көңілді етіп, қазан қайнатып, шырақ жандырса, қиямет күні ол мұқтаждар ғылым туының саясында орын тауып, шапағат көретініне еш шек жоқ-дүр» деп рауаят қылады».

Бұғра хан шежіресінде жалған дүниемен қоштасу, Мұхаммед пайғамбарға мадақ айту, шайқас алдында жауынгерлердің рухын көтеру, жазмышқа мойынсұнып, Аллаға тәуекел ету, сопы-дәруіштің хәл-күйін суреттеу сарынында жазылған өлең шумақтары көптеп қамтылған. Түпнұсқа мәтіндегі жыр жолдарына талдау жасау ортағасырлық түркі өлеңі құрылымына қатысты бірқатар мәліметтер берері сөзсіз. Ал қарасөзбен берілген мәтінде кездесетін: «нала-зарынан аспан-жер сілкінді», «іші өртеніп, аһ ұрғанда [тамағынан] түтін шықты», «тәтті жанның тотысы тәннің қапасынан безіп ұшпақ» сынды бейнелі сөз тіркестері түркі сопылық поэзиясында Ясауи хикметтерінен бастап жиі қолданылған көркем оралымдар болып табылады. Жалпы, «Тәзкиренің» өн бойында сопылық дүниетанымның, дәруіштік өмір салтының өріліп жатқанын аңғару қиын емес.

Шежіреде қамтылған ұлы жиһад жолындағы күрескерлер мен әулиелер тарихы аударма авторының да жаны сүйген, құлшына зерттеген тақырыбы болғанға ұқсайды. Арнайы зерттеусіз ұғымға жеңіл тимейтін діни-сопылық терминдердің мағынасын еркін түсініп, дәл аударуы, күрделі мәтінді жеңіл тілмен жеткізе білуі, сөз жоқ, түбегейлі дайындықтың, елеулі ізденістің нәтижесі. Шежіренің көлемділігіне, мазмұнының кең әрі күрделілігіне қоса ғасырлар табынан көмескі тартқан әріптерінің танылуы қаншалықты қиын екенін ескерсек, аудармашының еңбегін жанкештілік деп бағалауымыз артық айтқандық болмайды.

«Тәзкире-и Бұғра хан» жайлы айтылар сөз, андатар сыр аз емес. Бұл жүкті бір мақала көлемі көтере алмасы анық. Бұғра хан шежіресінің ең басты екі құндылығын атап өту ләзім. Біріншіден, аталмыш шежіре арқылы ортағасырлық әдебиетімізге тән тың туынды қатарға қосылып, санаулы шығармалармен шектеліп келген әдебиет тарихының зерттеу нысаны кеңі түсті. Екіншіден, жоғарыда айтылғандай, көптеген тарихи-этнографиялық, филологиялық, социологиялық соны деректер отандық ғылыми айналымға енгізілді.

«Тэзкире» сынды теберік дүниенің лайықты бағасын беріп, баспаға ұсынған редакция алқасын академик С.А. Қасқабасов бастаған белгілі ғалымдар тобы құраса, қаржылай демеушілік жасап, нардың жүгін көтерген Алматы қалалық Тіл департаменті көрінеді. Еңбекті жарыққа шығарған – «Толағай» баспасы.

Бұғра хан шежіресі аудармашының: «Осы кітапты қазақ халқының ұлы перзенті Шоқан Уәлихановтың «Қашқар саяхатына» 150 жыл толу қарсаңына орай тәмамдап, ғалым рухына бағыштауды жөн көрдім. Алла Тағаланың разылығы үшін» деген арнау сөзімен ашылыпты. Рухани мүдде үшін жасалған еңбек иесіне біз де «Алла разы болсын» дегіміз келеді.

Шығарманың мән-мазмұнымен таныстырған аңдатпа мақаласын автор «Тэзкире-и Бұғра хан» – қазақ рухының қайнары» деп атаған екен. Туындыны жүрегімен сезінген аудармашының оған берген бағасы да жүрегінен шығыпты. Иә, қазақ рухының қайнары ортамызға оралды. Қазынаңыз молайды, құтты болсын, ағайын!

*(«Ақиқат» журналы, 2007 жыл, №2)*

**Шохан ШОРТАНБАЙ,**  
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы,  
**Фарида РАШИТҚЫЗЫ,**  
әдебиеттану мамандығының 3-курс студенті

## **АБАЙ МҰРАСЫНА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛЫҒЫНА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС**

Белгілі әдебиет және фольклор зерттеушісі, түркітанушы ғалым, ақын, филология ғылымдарының кандидаты Қосанов Серікбай Қылышбайұлының 2024 жылы үш кітабы – «Шайырлық поэзия және көркемдік дәстүр», «Алғашқы ағартушылық және Абай мұрасы» атты монографиялары және «Алты қыр» өлеңдер жинағы оқырмандарға жол тартты. Соның ішінде Серікбай Қосанның «Алғашқы ағартушылық және Абай мұрасы» атты монографиясы – қазақ ағартушылық дәстүрлерінің, әсіресе Жәңгір хан мен оның замандастарының, ізбасарларының, және

ұрпақтарының қызметі арқылы көрініс тапқан рухани және мәдени дамудың тарихи маңызын ашатын құнды еңбек. Еуразия кеңістігіндегі түркі халықтарының мәдени-рухани байланыстары мен қазақ әдебиетіне тигізген әсер-ықпалы жан-жақты талқыланып, тың ізденістермен, нақты ғылыми мәліметтермен, жаңаша байыптаулармен жүйеленгені аңғарылады.

Монография «Жәңгір және қазақ-татар мәдениеті», «Абайтану: жаңа деректер мен ізденістер» атты екі тараудан тұрады, оның әрқайсысы бірнеше тақырыпшаны қамтиды. Жұмыстың негізгі бағыттары – Жәңгір ханның ағартушылық қызметі, оның татар зиялыларымен қарым-қатынасы, қазақ қоғамындағы алғашқы білім беру ісінің қалыптасуы және Абай мұрасындағы мәтінтану мәселелері, абайтану ғылымындағы ізденістер мен іркілістер, ағартушылық ұстанымының алдыңғы-кейінгі буын өкілдерімен сабақтастығы мен тамырластығы.

Жәңгір ханның ағартушылық қызметі монографияда жан-жақты қарастырылған. Кіріспеде Еуразия халықтарының рухани байланыстарының терең тамыры сөз болады. Автор Алтын Орда дәуірінен бастап Абай заманына дейінгі мәдени-әдеби ықпалдастықты атап өтіп, әсіресе, мақал-мәтелдер мен эпостық мұралар арқылы түркі халықтарының ортақ дәстүрлерінің сабақтастығын айрықша атап көрсетеді. А. Левшиннің, Ш. Маржанидің, В. Вельяминов-Зерновтың, Б. Ысқақовтың т.б. еңбектеріне сүйенеді, арғы-бергі тарихына шолу жасайды.

Автор Жәңгір ханның Ішкі Ордадағы білім беру ісін дамытудағы рөлін, татар молдалары мен ұстаздары арқылы жасалған рухани байланысты ерекше көрсетеді. Жәңгір ханның бастамасымен 1841 жылы ашылған алғашқы мектеп кейіннен Еуразия түркілерінің «усул-и жәдит» іліміне ұласқанын көреміз.

«Жәңгір хан және қазақ-татар мәдениеті» тарауы Ішкі Бөкей Ордасында Жәңгір ханның білім мен мәдениетті дамытуға қосқан үлесін сипаттайды. 1841 жылы ашылған мектептің негізінде түркі халықтарының ағартушылық қозғалысының бастаулары жатқанын дәлелдеген автор Жәңгір ханның татар молдаларымен бірлесе атқарған еңбегін жоғары бағалайды. Бұл тарауда автор тарихи деректер мен құжаттарға сүйене отырып, Жәңгір ханның өзі де бірнеше тілде еркін сөйлеп, білім-ғылымға ерекше мән бергенін нақты мысалдармен көрсеткен. «Жәңгір хан

Ордадағы жиырма жылдан аса билік кезеңінде Еуразияны мекендейтін түркі ұлттардың, оның ішінде ең алдымен Еділ мен Жайық өзендерінің салаларын жағалай қоныстанған қазақ, қалмақ, татар, башқұрт, ноғай секілді туысқан халықтардың рухани-мәдени тұрғыдан жақындасуына һәм өзара тығыз ықпалдастыққа түсуіне игі қадам жасады» (Серікбай Қосан. «Алғашқы ағартушылық және Абай мұрасы», 22-бет).

Еңбектің ерекше бір бөлімі Жәңгір ханның ұрпағы Ғұбайдолла Шыңғыс Жәңгір-Бөкейхановқа арналған. Қазақтың тұңғыш генералы ретінде танылған бұл тұлғаның өмірі мен қызметі Ресей империясының әскери және мәдени өмірімен тығыз байланыста суреттеледі. Ғұбайдолла сұлтанның қазақ жерінде алғашқы зообақ пен қару-жарақ мұражайын ашуы, отырықшылық мәдениет үлгілерін енгізуі монографияда нақты деректер арқылы берілген. Автор «Әке өсиетіне адал болып, оқуда да, қызметте де биіктен көрінген қабілетті сұлтан Ресей армиясы қатарында кавалерияның толық генералы шеніне дейін өскен. Қазақтың тұңғыш генералы, тұңғыш шығыстанушы-профессоры, тұңғыш мектеп пен емхана, тұңғыш зообақ пен қару-жарақ мұражайын ашып, қазақ арасында тұңғыш толыққанды отырықшылық мәдениеттің үлгілерін өз қолымен жасаған пассионар тұлға» (Серікбай Қосан. «Алғашқы ағартушылық және Абай мұрасы», 41-42 бб.) дей келе, 2003 жылы жарық көрген Ғ.К. Мұқатаев пен М.В. Ирхинаның авторлығымен жарық көрген «Султан Губайдолла Чингисхан полный генерал от кавалерии» атты құжаттық материалға негізделген кітапқа сілтеме жасап, бұл мәселені жүйелі, кешенді тұрғыда зерттеудің қажеттілігін алға тартады.

Зерттеуші ғалым Жәңгір ханның білім-ғылымға деген құлшынысын, оны өркендету жолындағы атқарған қыруар еңбегін ерекше атап өтеді. Қазан университетінің ректоры К. Фукспен, шығыстанушы А. Казембекпен, математик Н. Лобачевскиймен және өзге де білім, ғылым, өнер саласындағы белгілі тұлғалармен, ғалымдарымен байланысы, олармен жақын қарым-қатынасы Жәңгір ханның ғылыми-шығармашылық байланыстар жасаудағы зор еңбегін, ғылым әлеміндегі өзіндік орнын, рухани ізденістерінің ауқымын көрсетеді. Қазақ ханының бұл саладағы еңбектері, ізденістері, ұлтқа жасаған қызметі қазақ қоғамының ағартушы-

лық тарихын жаңа деңгейге көтергенін мақұлдаған абзал. Ұлты татар, мұсылманшаға жетік, орысша сауатты, еуропалық мәдениеттің де өкілі болып табылатын Фатима ханымның ханға серік әрі ақылшысы болғандығы даусыз.

Монографияның ерекше құндылығы – Абайдың рухани ұстаздарына және татар ағартушылығының ықпалына арналған зерттеулерінде. Автор татар зиялыларының, әсіресе Шиһабуддин әл-Маржанидің Абайға және жалпы қазақ мәдениетіне тигізген әсерін айқындауға тырысады. Шиһабуддин әл-Маржанидің дін мен зайырлы білімді үйлестіруге бағытталған еңбегі қазақ ағартушылығының негізгі бағыттарымен үндесетіндігі айтылады.

«Абайдың рухани ұстазы – Жәңгір ханның шәкірті» бөлімінде Айжарық Айтілеуұлы, болжам бойынша Абайдың ұстазы туралы деректер келтірілген. Ішкі Бөкей Ордасының ханы Жәңгірдің үміт күткен шәкірттерінің бірі болған А. Айтілеуұлы Бұхара медресесінде 15 жыл оқып, ислам ілімдері бойынша терең білім алады. Арқаға «Қамараддин Бижомартұлы» деген лақап атпен келген ұстаз кейбір ғалымдардың жазуынша, Қамараддин хазірет Арқадағы өмірінің алғашқы жылдарында Семей өңірінде болып, ақын Абайға да дін мен ғылым сабақтарын үйретуі мүмкін. 1852-1863 жылдары Сарыарқа жұртының бір талай зерек жастары Айжарық дамолладан білім алып, ислам медреселерінде тереңдей оқытылатын 12 пән құпиясымен танысады. Шығыстың классикалық әдебиеті, хикая-дастандар, шайырлық поэзия, қазақтың халық әдебиеті, сопылық ілім бағыттары, ислам философиясы, қоғам және хұқық және т.б. негізгі және қосымша пәндер қазақ шәкірттерінің өрісін кеңейтті. Әлихан Бөкейхановтың деректеріне сүйенсек, Абай мұсылмандық әліппесін ел ішінде – Қырдағы оқыған молдалардың бірінен алғандай көрінеді. Себебі оқуы терең – араб, парсы тілдерінің грамматикасына қоса, шарият ілімін қауазайтын 12 пәнді және Шығыс классикалық әдебиетін оқытатын медреседе оқу үшін бірінші «тіл сындырған». Абай өмірбаянының шәкірт кезеңінде Қамараддин есімді молда не хазіреттің есімі ұшыраспайды. Есесіне, жас Мұхтардың ХХ басында Семейдегі Камали атты кісінің медресесінде оқығаны туралы деректі жазушының өз өмірбаянынан оқуға болады. Ал Абайдың ұстазымен кездесуі ақынның 20 жастағы кезінде –



Айжарық дамолла Омбыда имам әрі кадет оқытушысы қызметінде тұрған мезгілінде орын алуы қисынға көбірек келеді. Автор өз пікіріне көптеген хаттар мен деректерді, зерттеушілер мақалалары мен деректерін ұсынады. Соған қарағанда Абайдай ұлт көсеміне тура жол көрсетіп, Мәшһүр Жүсіп, Сәдуақас, Ақан сері, Науан, Шаймерден сынды Алаш ұлдары бастаған ондаған сахара саңлағының көкірек көзін ашқан Қамараддин хазіреттей пассионар тұлғаның қазақ тарихы төрінен ойып орын алатын мезгілі жеткен сияқты.

«Китаб тасдик» және оның текстологиясы» бөлімінде ұлы ақынның көлемі жағынан ұзақ, мәтіндік сараптауы әрқилы болып келген 38-қара сөзінің мәнін ашуға талпыныс жасайды. Абай жинағындағы 38-сөз бен Мүрсейіт қолжазбасындағы алшақтықтарды айқындап, біріздендіруге күш салады. Мүрсейіт көшірген Абай қолжазбаларының кейінгі ұрпаққа жеткен нұсқасының үш тақырыпты: Китаб тасдик («Сенім кітабы»), Китаб Ғақлия, Абай мен оның балаларының өлеңдері мен поэмалары қамтиды. Ақын шығармаларының ашылмаған сыры мен қыры көп болғанына қарамастан, ғалым Абайдың отыз сегізінші қара сөзі, яғни «Китаб тасдик» пен оның текстологиясы туралы мәнді, мазмұнды талдау жасайды.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Абай нұсқасы» бөлімінде Серікбай Қосан нақты мысалдарды келтіреді. Ғалым Потанин нұсқасын 1936 жылы М. Әуезов жариялаған нұсқамен салыстырғанда бұл екеуінің түпкі негізі – бір ақынның өңдеуінен, дәлірек айтқанда қаламынан, туған «нәзиралық» эпос екендігі айқын байқалады деген тұжырымға келеді. Жыр мәтіндерінде ақын Абайдың қолтаңбасы барынша айқын сезіледі. Эпоста кездесетін өлең жолдары ұлы ақынның «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» яки «Айттым сәлем қаламқас», «Көзімнің қарасы» өлеңдеріне ұқсайды деп жазады. Серікбай Қосан Семей статистикалық комитет хатшысының 1882 жылы жазған деректерін ұсынып, Абайға ауыз әдебиеті үлгілерін жинастыру тапсырылу мүмкін дейді. Сонымен қатар Томскіден табылған «Қозы Көрпеш – Баян қыз» нұсқасының қолжазбасы мен Абайдың өз қолымен жазылған «Қазақтың түбі қайдан шыққандығы турслы біраз сөз» атты жалғыз дана зерттеу мақаласының жазу өрнегі, каллигра-

фиялық сын-сипаттары, қолтаңбалардың біртектілігі анық деп орнықты дәлел келтіреді.

Еңбектің ғылыми құндылығы оның тарихи деректерге, фактілерге және зерттеушілік көзқарасқа негізделгенінде. Автор қазақ ағартушылық тарихына қатысты алдыңғы зерттеушілердің еңбектерін талдай отырып, олардың аясын кеңейтеді. Зерттеуде қазақ-татар мәдени байланыстарының тамыры тереңнен басталып, Жәңгір ханның дәуірінде жаңа деңгейге көтерілгені айқын дәлелденген.

Сонымен қатар монографияда тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі тек фактілер арқылы ғана емес, олардың ағартушылық мұрасына деген терең көзқараспен талданған. Жұмыс Абай мұрасының жаңаша қырларын ашуға, оның ұстаздары мен рухани бастау көздерін тануға жол ашады.

Серікбай Қосанның «Алғашқы ағартушылық және Абай мұрасы» монографиясы – қазақ ағартушылық тарихы мен мәдениетіне жаңаша көзқарас ұсынатын маңызды еңбек. Жұмыс қазақ және татар халықтарының рухани байланыстарын, Жәңгір ханның тарихи рөлін және Абайдың ағартушылық қызметін терең талдайды. Бұл еңбек тарихшылар мен әдебиеттанушылар үшін құнды зерттеу болып қана қоймай, ұлттық руханиятты терең түсінуге ұмтылатын оқырмандарға да пайдалы болмақ.

*Мұхтар МҮБӘРАҚҰЛЫ,  
журналист-зерттеуші*

### **«МЫҢ КІСІЛІК МҰҢЫМ БАР»**

Ару Арал. Асыл Арал. Асау толқынды Аралдың қасиетті топырағы туралы сөз еткенде, сонау Нұртуған, Нұрмағамбет, Жаңаберген, Дәріғұл, Әбілхан Маханов секілді жырау-шайырлардан, Ә. Нұрпейісов, З. Шүкіров, Ж. Әбдірашов, Ш. Сариев сынды классик ақын-жазушылардан бастау алатын киелі мекен еске түседі. Әлемге аты асқақ Аралдың мыңжылдық терең тарихы, жауһар-жәдігерлері ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқаны әмбеге аян. Аңызға соққан желдің өтінде, атандай рухты елі бар, Аралдың құтты жері таланттар мен

тарландарға, ақын-шайырлар мен өнер, жыр жампоздарына ешқашан кенде болған емес. Сөз еткелі отырғаным, осы Арал топырағында туып-өскен, оқу-білім іздеп, Алматыға көшкен, өрелі өлеңді ерттеп мінген, әдебиеттану ғылымының тарихын зерттеп жүрген, түркітанушы ғалым, азамат ақын, филология ғылымдарының кандидаты, ҚР БҒМ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі Серікбай Қосанның өмірі мен шығармашылығы жайында болмақ.

Ақын, әрі ғалым Серікбай Қосан 1964 жылы 2 қыргүйекте Қызылорда облысы Арал ауданы Ақбасты елді мекенінде дүниеге келген. Орта мектепті бітірісімен, 1986–1991 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін шығыс-тану мамандығы бойынша тамамдаған. Еңбек жолын Қазақтың қыздар педагогикалық институтында оқытушы, аға оқытушы болып бастап, бүгінде жоғарыда аталған институтта қызмет етеді.

Күнделікті қым-қуыт тірліктің ығымен жүріп, қасымыдағы талантты жандарды бағаламайтынымыз ақиқат. Жуырда, қолыма ақынның 2006 жылы жарық көрген «Жүректегі жүз өлең» атты кітабы түсті. Байқап, бағамдап оқып отырсам, Серікбай Қосан нағыз кәнігі қалыптасқан ақын екен. Жазған өлеңдері өзінше үлкен әлем, мазмұны терең, тілі шұрайлы, ұйқасы мағыналы. Ақын шығармашылығымен тереңірек танысып көрейін деген ойға келіп, қолыма қалам алдым. Автордың «Атажұртым» атты өлеңінде:

Аралым-атажұртым, өскен жерім,  
Аймалап, айдарымнан ескен желің.  
Қайығын қиялымның толқын тербеп,  
Арманның ақ ескегін ескен жерім.  
Аңсаумен көкейімді тескен жерім,  
Алғаусыз ақ тортаңды жескен жерім.  
Кер басып кең дүниені жүргенменен,  
Дариға, басылар ма іштен шерім?! –

деп толғанып, өзінің Аралдай асыл топырақта кіндік қаны тамғанын, азаматтық қиял-сезімін қайыққа теңеп, оның ескегімен арманның асқақ жетегінде жетілгенін жеткізе келе:

Көк Арал, көк теңізді кешкен жерім,  
Басынан бағы жанбай өшкен жерім.  
Есіме қайта-қайта түсесің-ау,

Құрбыға қош дей алмай, көшкен жерім! –

дей келе, бүгінде басынан бағы тайған Аралдың мұң мен зарын, шер толғанысын өзіндік мақаммен жырға қосады. Ақынның «Шабыт шақыру» атты өлеңінде:

Кел, қиялым, көңілімді тербетші,  
Ойды қозғап, төңіректі зерлетші.  
Он айналып он сегіз мың ғаламды,  
Жүрек деген жыртық үйге төрлетші!  
Қағаз-дала, қалам-бала жүгіртіп,  
Ер көңілді өрге салып терлетші.  
Өзгелерден өзгешелеп өнерін,  
Өрнек салсын өлең деген өрмекші.  
Алатаудың етегінде ақының,  
Аламанға атын қосып көрмекші, –

деп, поэзия әлемінде өзге талантты ақындармен иық теңестіре алатынын, ауылдан асқақ Алатауға келіп, әдебиет пен мәдениеттің, ғылым мен өнердің ортасындағы аламан жыр бәйгесіне тұлпарын қосқанын шабыттана жырлайды. Ал «Жыр – сүннет» атты өлеңінде:

Өмір – қарыз, өлім – парыз, жыр – сүннет,  
Өкінішің өлең болып күрсінбек.  
Бірде менен періштелер сұрады:  
«Бұ жалғанда не бітіріп жүрсің?»-деп.  
Ойқашты бас оған, сірә не десін?  
Сезіп тұрмын жан мен тәннің егесін.  
Нәпсім айтты: «Не ақысы бар оның,  
Жан менікі, Жәбірейіл жемесін... –

дей келе, өмір мен өлімнің арасы бір сәттік ғұмыр және «өлең әлемі» жалқы емес, жалпыға бірдей берілген сүннет іспетті киелі ұғым екенін, өз оқырманына ұғындыра келе:

Өмір-қарыз, өлім-парыз, жыр-сүннет,  
Өкінішің өлең болып күрсінбек.  
Өмір шіркін өтіп жатыр біртіндеп,  
Жүрек шіркін соғып жатыр дүрсілдеп?... –

деп толғанады. Кезекті «Рухыма» атты өлеңінде:

Озды жылдар...  
Не бар дейсің мәңгілік?  
Тозды тәнім шыт көйлектей киілген.  
Түпнұсқамды іздеп жүрмін қаңғырып,  
Топырақтың арасынан үйілген...  
Мен де дос та, туысқан не бауыр жоқ,  
Әлдеқашан бәрі менен түңілген.  
Жүрген жерім елестейді қабір боп,  
Рухымды сезем көктен үңілген, –

деп, адами рух әлемінің яғни, жаратылыстың өзінше жұмбақ әлемінің құпиясын жырлай отыра:

Рухымды ғарыш жаққа асырдым,  
Шыбын жаным мұрынымның ұшында.  
Тірлік еттім аяғында ғасырдың  
(Жиырмасыншы)  
Нұр-Қағанның тұсында... –

деп бүгінгі азат еліміздің аспанында қаламын мұң тербетіп жүргенін, Нұрсұлтандай елбасының дәуірінде өмір сүргенін кәнігі абыз ақындарша жырлап, дараланады.

Ал «Замана тұр теңселіп...» атты өлеңінде бүгінгі қоғамның ащы бет-бейнесін аша отырып, жағымпаздық, рухсыздық, әділетсіздік секілді жағымсыз әдеттердің белең алып бара жатқанын қынжыла жырлайды:

Замана тұр теңселіп мас адамдай,  
Жақсылар жүр жауласып қас адамдай.  
Сахабадай сайланып әкімдер жүр,  
Пайғамбардың сарқытын асағандай.

Жылдар – қолға түспейтін қашағандай,  
Айлар қуып барады аш адамдай.  
Қайран күндер, қалады жұртта қаңсып,  
Шынылары шараптың босағандай.

Немесе:

Басшылар жүр бәрін сол жасағандай –  
Заманасын басқарған асабаңдай.  
Мейманасы тасыған заманаға  
Қайманасы жаутаңдап жас адамдай...

Күншілдер жүр тугалы өш адамдай,  
Күндестер жүр тілдері ошағандай.  
Менде жүрмін соларды жырға қосып,  
Көптен бері көңілі қош адамдай... –

дей келе, замана ағымын, оның бітім-болмысын қара өлеңмен өзінше өрнектеп, тізбектейді.

Ақынның тағы да басқа түрлі тақырыптардағы өлеңдері жетерлік. «Әр ақынның – өз Музасы болуы қажет» деп, мұзбалақ ақын Мұқағали айтқандай, Серікбай Қосанның да өз әлемі, өз Музасы бар. Оны төмендегі «Қараойдағы қара нар» атты өлеңінен байқаймыз:

О, Махамбет,  
Ақын да едің арғымақ,  
Батыр да едің,  
Бой жетпейтін нар қылап!  
Есіл ерім, енді арманың қалды ма?  
Еркін елің бар бірақ!

Бәрі де есте...  
Өткен істің бәрі ойда,  
Безбен уақыт келтіреді-ау орайға  
«Қара орманды өрт шалмасын» деп тілеп,  
Қара нарым, жатырсың ба Қараойда?

Автор дауылпаз ақын Махамбетке жансырын айта отырып, оны өзі қадірлейтін Музасына айналдырады. Алты Алаштың абыз ұлдары Махамбет, Абай, Мағжан, Мұқағали, Жұматайларды жыр етіп, өзіндік стиль мен жыр үлгісін көрсетеді.

Алланы айттың...  
Аламанды шақырдың,  
Ақорданың хандарына ақырдың...  
Алаш – ардан,  
Атан жырдан тайған күн,  
Айтшы, Маха,  
Құны қанша батырдың?

Мұқағали өтті өмірден «Махаң» деп,  
Абай сынды ардақтаған атам деп.  
Сен өлгенде туған Жамбыл ұрпағы  
Арзу еттім бір даңғылын атар деп.  
Астана елі алтын тұғыр қойса да,

Тақияңа тар келер ме, Махамбет?! –

дей келе, абыз ақынға мұң-шерін шағып, ел ордасы Астанада оған бір ескерткіштің тұрғызылуын арман етіп, мұңая жыр етеді. «Өлең – өмір айнасы» демекші, ақын өрелі өлеңінің өнегесі арқылы ұрпаққа ғибрат, тағылым береді. Жалпы алғанда, ақынды түсіну басқа, оны ұғынып, түйсіну басқа?! Ол үшін автордың парасатты, пайымды жыр жолдарын саралап, даралап оқу қажет.

«Бір кісілік ғұмырым, // Мың кісілік мұңым бар» деп ақынның өзі жырлағандай, осы бір кісілік ғұмырыңызда елеулі еңбегіңізбен алпыстың асуына шықтыңыз, шаңырағыңыз шаттық пен қуанышқа толы болып, өміріңіз ұзақ болсын дегім келеді, ақын аға!

*(Qamshy.kz, 02 қыргүйек, 2014 жыл.  
<https://qamshy.kz/article/2094>)*

**Айсұлу ОРЫНБАСАР,**  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
филология факультеті әдебиеттану  
мамандығының 3-курс студенті*

## **АЛТЫ ҚЫРДАН АСҚАНДА** *(Серікбай ақын өлеңдері хақында)*

Адамзаттың ішкі әлемін байытып, оқырманды терең ойларға жетелейтін өлең тудырып жүрген Қосан Серікбай Қылышбайұлы 1964 жылы 2 қыргүйекте Қызылорда облысы Арал ауданында дүниеге келген. Ақын, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының кандидаты.

Серікбай ақынның «Аралды аңсау» (1997), «Жүрегімде жүз өлең» (2007) және «Алты қыр» (2024) атты жыр жинақтары жырсүйер оқырмандарына жол тапты. Ел мен жер, тіршілік пен сүйіспеншілік, өткен мен бүгінді жырға қосқан ақын шумақтары лайықты бағасын алып келеді.

«Қара жерді қаламымен көтеріп, жырларына жарты әлемді жыққан» Серікбай ақын «Алты қыр» атты жыр жинағының алғашқы бөлімі «Дала мұңы» деп аталады. Бұл – дала мұңы да, ел

мұны да емес. Бұл – ақын мұңы. Бұл – Серікбай мұңы. Ақын болғасын ақын атаулысының барлығы мұңға жақын дерсіз, бірақ Серікбай ақынның мұңы тым бөлек. Ақынның Айды сырлас, қаламды серік еткендігінен бастау алатын жыр-шумақтар бергін келе ірі тақырыптарға ұласады. Ақын Арал мәселесін, тіл мәселесін ашына жырлайды.

Ақын өлеңдерін оқи отырып, ақынның айды сырлас, ал қолындағы қаламын сенімді серік еткендігіне көзіміз жетеді. Ақын:

Айға қарап мұңданып,  
Күнге қарап күлемін.  
Тұмшалайды түн ғаріп,  
Құс жолының сілемін, –

деп жазса, «Жартыкеш Ай» өлеңінде:

Жабырқайды Ай жалғыз,  
Жайын ұғар жан қайда?  
Жыласа да қай жалғыз,  
Жөнін біреу тыңдай ма? –

деген ақын кімнің жөнін жырға қосып отыр?! Жабырқаған, жалғызсыраған Ай жайын ба?! Әрине, жоқ. Ақын бұл өлең шумақтарына өз хал-қадірін арқау етіп отыр. Айдың жалғыздығын жазу арқылы ақын өз жан жалғыздығын, тыңдаушысын таппаған сөз қадір-қасиетін жырлап отыр. Осындай сарынды мына бір шумақтарынан да байқаймыз:

Бір кісілік ғұмырым,  
Мың кісілік мұңым бар.  
Сендім саған, Тәңірім,  
Сенен басқа кімім бар?.. –

деп ақын жүрек қамықса, енді бір өлеңінде:

Біреу ұғар, біреу ұқпас мұнымды,  
Қайда барып, кімге айтамын мұңымды, –

деп жазады.

«Қаламын сияға емес, мұңға малған ақын» өзін «Құдайдың құлымын» десе, қаламын «Менің құлым – қаламым» деп жазады.



Расында да, ақынның бар сырласы – Айы, ұзақ сапардағы серігі – қаламы, сенгені – бір Тәңірі ғана. Ақынды адастырмай ұзақ сапарда жетектеп келе жатқан да – осылар. Көңіліне алаң біткен ақынның тірлігі өз өлеңімен ғана өлшенерін ақынның өзі «Ақын сыры» атты өлеңінде жазады:

Ақын болып туғаным ба, шынымен?  
Тіл табыстым талайлардың мұңымен.  
Өттең, мынау тірлігімнің бағасы  
Өлшенер ме, өлеңімнің құнымен...

Серікбай ағайымыз өзінің ана тілінің, қазақ тілінің өткенін, тарихын, құдіреті мен қасиетін асқақтата жырласа, қазақ тілінің бүгінгі күнгі хәл-қадірін соншалықты ашына жырлап, көптің көкейіне сәуле түсіруге, ой салуға барынша тырысады. Ақынның қазақ тілінің тарихи өткенін тізбектей келе, түркі тілдерінің арасындағы мәртебесін көтере жырлағаны «Менің тілім» өлеңі еді. Ақын бұл өлеңінде сақ пен ғұннан, сармат пен қыпшақтардан қалған түркі тілінің бүгінгі күнге дейінгі жалғастығын айта келіп, «Мен барымда, сен барыңда, бауырым, Ана тілдің ұзақ болсын ғұмыры!» деп түйіндейді. Жоғарыда атап кеткендей, ақынның бүгінгі күнгі тіл мәселесін көтеретін «Айтсам тағы», «Ана тілінің ақырғы аманаты», «Ана тіліме» және т.б. өлеңдерінен көре аламыз. Ақын:

Айтсам тағы жылайсың-ау тілінді,  
Тілі шықпай жүрген жалғыз ұлыңды.  
Орыс тілі озып төрге білімді,  
Қазақ тілі шығарып жүр күлінді.

Бүйте берсе шығармайды дымыңды,  
Бұл екеуі биедей-ақ құлыңды.  
Бие арықтап кетер деген билердің  
Пышағына құлын байғұс ілінді... –

деп екі тілдің бүгінгі күнгі бақталастығын жазса, мына бір шумақтарына үш тілдің бәйгесін арқау етеді:

Өзің – қазақ, балаң – орыс шілдірлеп,  
Немереңе жалынасың «күлдір» деп.  
«Айн момент» ағылшынша анау да  
Атасының аузын ұрып, бүлдірмек...

Үш тіл ұшып: аққу, шортан, шаяндай,  
Қалар ма екем, қанатымды жая алмай?  
Ана тілін, ата рухын ту етіп,  
Алаш ұлы, ұмтылсаңшы аянбай! –

деп үн қатса, мына бір жолдарында:

«Һәм жабықтым, һәм жалықтым» жарлықтан,  
Жанашыр ұл көрінбейді зарды ұққан.  
Менің түрім – жыртық, жүдеу, аш бала,  
Орыс тілі құтырады – барлықтан, –

деген ақын естір құлақтың, түсінер сананың, зарды ұққан  
жанашыр ұлдың табылмайтындығын мұңая жырлайды. Бұл «Ана  
тілінің ақыры аманаты» атты өлеңінің аяғын:

Түс майданға – тілің үшін тартынба,  
Топқа түссең, шарболаттай жарқылда.  
Сонда ғана қазақ атың сақталып,  
Ана тілің қалар мәңгі артында! –

деген Серікбай ақын қазақ жастарын қазақ тілінің айбынын, қазақ  
атын сақтауға, шегінерге жолы жоқ майданда күресуге, тіл қатуға  
шақырады.

Нені аңсадым,  
Білмедім, нені іздедім?  
Дала дедім, көл дедім, теңіз дедім.  
Мүмкін, түпсіз тереңнен кен іздедім,  
Мүмкін, мұңды жүрекке ем іздедім, –

деген ақын кен де, байлық та іздеген жоқ. Ақын тек, өзі жырлап  
отырғандай, мұңды, жаралы, жамау жүрегіне ем іздеді. Мұңды  
жүрегінің себепкері – ақын болып жаратылуы болса, емі – өлеңі,  
қаламы еді. Ақын айналасындағы бар дүниені жүрегінен өткізіп  
барып толғанады. Сондықтан да болар, Серікбай ақынның  
өлеңдері әрі әсерлі, әрі терең, әрі мұңды. Қыр баласы екендігі  
өлеңдерінен көрінеді. Тау баласына тән биіктігі емес, дала  
баласына тән шексіздігі бар. Ақын жырлаған дүниелер санадан

өшіп, жерге сініп кетпейінше, ақын есімі де, ақын мұңға малынған қаламынан туған өлеңдері де өшпек емес.

**Н. ЕЛЕСБАЙ,**

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет  
және өнер институтының  
ғылыми қызметкері*

## **СЕРІКБАЙ АҒАҒА АРНАУ**

Құтты болсын, айтамын ағамызға,  
Ізет пен құрмет те бар арамызда.  
Жинаған дүние емес, елің үшін  
Қоры мол білім еді сабаңызда.  
Инемен құдық қазған еңбегің мол  
Түбінде ұрпақ жетер бағаңызға.  
Біздерді жұмысқа алып алғашында,  
Құйдыңыз ғылым нұрын санамызға.  
Мәтіндерді сараптап қолжазбадан,  
Назар сап, үңілдіңіз әр аңызға.  
Тарихи жыр, жыраулар – бәрін зерттеп,  
Ескерткіш орнаттыңыз бабаңызға.  
Жақсылығын жақсының айту керек,  
Бүкпелеп шындық сөзден танамыз ба?  
Ақындық майданында сіз бір тұлпар,  
Сан жүйрік ілесе алмас қараңызға.  
Ағалық ақыл айтар сіздей адам,  
Жер бетін жеті айналсақ табамыз ба?

**II**  
**ӘДЕБИЕТ. ФОЛЬКЛОР.**  
**МУЗЫКА**

## **ANLATIMA DAYALI ÜRÜNLERDEKİ CÜMLELERİN ZAMANI VE KULLANIM GEREKÇELERİ**

Anlatım esasına dayalı ürünleri masallar, efsaneler, mitler, destanlar, hikayeler, ağıtlar, fıkralar, alegorik manzumeler ve dini hikayeler diye sınırlandırabiliriz. Bu türlerle ilgili değişik araştırmacılar tarafından çok sayıda tanım yapılmıştır. Konumuzun dışında tutacağımız için bu tanımların çeşitliliğine değinmeden seçilmiş tanımları vermekle yetineceğiz.

Her anlatı türünün kendisine has özellikleri ve bu özellikleri arasında anlatı türünün cümle örgüsündeki zaman kipine dikkat çekmek gerekir.

Masal: Hadiseleri muhayyel bir dünyada cereyan eden, kahramanları insan ve kimi zaman da hayvan ve olağanüstü varlıklar olan, dinleyenleri eğlendiren ve bu arada eğiten, gerçeği bir takım remz ve sembollerle gerçeküstü kalıplara sokarak yansıtmaya çalışan mensur anlatım türüdür (Kaya, 2014: 529). Bu türün inandırıcılık gayesi yoktur. Ders çıkarma, değer yargılarını aktarma, hoşça vakit geçirme ve hayal dünyasının zenginleşmesini sağlama gibi fonksiyonları vardır.

Efsane: Efsane araştırmacıları tarafından genel kabul görmüş Grim kardeşlerin tanımına göre efsane: Gerçek veya hayali muayyen şahıs, hadise veya yer hakkında anlatılan bir hikayedir. (Sakaoğlu'ndan naklen "Jason, 1972: 134-144.) Efsaneler olağanüstü özellikler göstermesine ve mübalağalı ölçülerle ortaya konmasına rağmen halk tarafından değer verilen ve oluşumuna inanılan bir yapıya sahiptir.

Fıkralar: Hikâye çekirdeğini günlük hayattan almış bir vak'a veya tam bir fikrin teşkil ettiği kısa ve yoğun anlatımlı beşeri kusurlarla içtimai ve gündelik hayatta ortaya çıkan kötü ve gülünç hadiseleri, çarpıklıkları, zıddiyetleri, eski ve yeni arasındaki çatışmaları sağduyuya dayalı ince bir mizah, hikmetli bir söz, keskin

---

\* . Prof. Dr., Ardahan Üniversitesi, İnsani Bilimler ve Edebiyat Fakültesi, Türk Dili ve Edebiyatı Bölümü, Türk Halk Edebiyatı ABD Öğretim Üyesi,  
[erdoganaltinkaynak@ardahan.edu.tr](mailto:erdoganaltinkaynak@ardahan.edu.tr), ORCID ID: 0000-0003-1105-0479

bir istihza yoluyla yansıtan; umumiyetle bir fıkra tipine bağılı olarak nesir diliyle yaratılmış, sözlü edebiyatın müstakil şekillerinden ibaret yaygın epik-dram türündeki realist hikayelerin her birine verilmiş isimdir (Yıldırım, 1992:333). Fıkralar güldürürken düşündüren tek perdelik tiyatro gibidir. Genellikle yöneten ve yönetilenler arasında daha çok hor ve hakir görülenlerin galebesiyle sonuçlanan bir durum da arz ederler.

Destan: Pek çok araştırmacı destan tanımını yapmıştır. Genel olarak Bir milletin başından geçen ve derin etkiler bırakan olaylar ve tarihi / dini kişilerin mücadeleleri etrafında oluşan manzum, mensur veya manzum / mensur karışık hikayelerdir. Millidirler. Anlatım esasına dayalı diğer türler çevrilerek veya adaptasyon ile bir ulusa sunulup benimsettirilebilir. Ancak destanlar yapılarındaki milli olma özellikleriyle böyle bir olguyla karşı karşıya kalmaz.

Hikâye: Bir aşığın hayatı etrafında veya muhayyel bir kahramanın kahramanlığı hakkında anlatılan, destan, efsane, menkıbe gibi pek çok türleri içinde barındıran manzum / mensur karışık halk romanlarıdır. Anlatıcıları genellikle erkekler olup (aşıklar, meddahlar) belirli mekanlarda anlatılırlar. Anlatılışlarında belirli kurallar vardır. Hikâyenin manzum kısımları genellikle bir enstrüman eşliğinde ve olayın etkisini artırmak maksadıyla kullanılırlar.

Alegorik manzume: Metinden ziyade sembolizme dayalı hikayelerdir. Büyük oranda iki zıt ve birbirine karşı olan varlık, eşya ve maddelerin sembolize edilerek sunulmasıyla oluşur. Mesela gece ile gündüz, ay ile güneş, arı ile kelebek, öküz ile eşek vs... Bunların da asıl maksatları doğrudan söylenmeyecek olan şeyleri ders çıkarmak ve eğitmek görevleri üzerinedir.

Dinî hikâye: Büyük oranda dini, ahlaki veya tasavvufi konularda ders çıkarmak anlatılan konuyu başkaları üzerinden nakletmek üzere kurgulanmış hikayelerdir. Toplumun dini duygularını, eski inançlarını yenileriyle aynı boya ile boyayarak halka benimsetmeleri gibi görevler üstlenirler. Özellikle manevi konuların kökleşmesini sağlama görevleri vardır.

Bu tanımlar ışığında baktığımızda anlatıcının anlatım türlerine dayalı herhangi bir türü aktarırken kullandığı cümlelerdeki zaman kipinin birbirinden farklı olduğu ortaya çıkmakta ve bu şekilde birbirlerinden de ayrıldığı görülmektedir.

Masal anlatıcısı “mişli geçmiş” zaman kipini kullanmaktadır. Çünkü masallar yaşanılan veya görülen bir zamanda geçmemektedir. Masalların zamanı duyulan bir zamandır. İnandırıcılık özelliği olmadığı için de bu tür bir zamana ihtiyaç vardır. Anlatıcı anlattığının gerçekliğini ispat etmeyecektir. Yedi başlı ejderhanın altı kafasını bir kılıç darbesiyle kesen kahramana ejderha “bir kılıç daha vur” demiş. Kahraman “Ben anamdan bir kere doğdum bir kere vururum” demiş. –“mişli geçmiş” zaman kipi masallardaki başlangıç, geçiş ve bitiş formellerinin tamamını, tekerlemeler de dahil olmak üzere kapsar.<sup>1</sup> Anlatıcıları nadiren erkek ama genellikle kadınlardır. Bu nedenle masal anlatıcısına “masal ninesi” adı uygun olarak kullanılmıştır. Masal ninesi kendi gerçekliğini muhafaza etmek için gördüğünü değil de duyduğunu anlatır.

İnandırıcılık özelliği olsa da çeşitli olağanüstülükler efsaneler de “mişli geçmiş” zaman kipinde anlatılır. Efsane anlatıcısının bu zaman kipini seçmesi de tıpkı masallardaki gibi çok eski zamana dayalı olması, yakın tarihtekilerin ise görülen değil duyulan bir olaya ait olmasındandır. Bazı efsanelerde ise, mesela büyük ve tarihi binalarla ilgili efsanelerde banisi belli olanlar için geniş zaman kipi (ar / er / r) kullanılmaktadır<sup>2</sup>. Anlatıcıları toplumun her kesiminden bireyler olabilir.

Mitlerde anlatım destan ve hikayelerdeki gibidir. İnandırıcılık özelliği fazla toplumun her kesimi tarafından kabul edilir. Bu yüzden anlatıcı görülen geçmiş zaman kipini kullanır.<sup>3</sup>

---

<sup>1</sup> . (Erdoğan Altınkaynak, **Urum Masalları, 1017-1018**) Bir vakitte varmış, bir vakitte yokmuş, bir vakitte bir bezirgân yaşarmış. Oluyor onun üç oğlu. Güzel yaşıyorlar. Oğlanlar büyümüş, yetişkin olmuş. Babaları hastalanmış. — Ey, oğlum, demiş, ben öleceğim. Ben ölürsen, sen burada durma. Göç git, Dağıstan eteğine. — Güzel, baba, demiş. Ölmüş babası. Ama o zengin adammış. Gömmüşler. Her bir şeyi de yerine getirmişler... Oğlu evlenmiş. Karısı varmış, üç tane de çocukları olmuş. Öyle de güzel yaşıyorlarmış. Başlamış malları ölmeye. Günde malları ölüyor, günde malları ölüyor.

<sup>2</sup> . Saim Sakaoğlu, 101 Anadolu Efsanesi, Ankara 2004, s. 160), Vaktiyle bu gölün bulunduğu yer bir köymüş.... Hızır Aleyhisselam'ın yolu bir gün bu köye düşer. Bir kapıyı çalar. Çıkan kadından bir parça ekmek ister. Kadın kötünün biriymiş ekmek vermemiş. Hızır köyden ayrılırken “Allah bu köyü suya garketsin!” diye beddua etmiş. Zamanla köyün yeri suyla dolmuş ve bugünkü Efteni Gölü meydana gelmiş.

<sup>3</sup> . (Yaratılış Mitolojisi) Her şeyden önce su vardı. Yer, ay, gök, güneş yoktu. Tanrı (Kuday) ile kişi vardı. İkisi su üzerinde uçuyorlardı. Kişi, yel çıkarıp suyu

Fıkralar için de “-mişli geçmiş” ve geniş zaman kipi kullanılır. Anlatan bu durumda olayı gören değil duyardır. Ancak anlatıcı fıkra tipinin kendisi ise “görülen geçmiş (di/dı, dü/du)” zaman kipi de kullanılır. Anlatıcı bu durumda olayı geçmişte yaşıyandır. Büyük ölçüde bu tür fıkralara en güzel örnek “Avcı fıkraları” olarak karşımıza çıkar. Anlatıcıları toplumun her kesiminden olmakla birlikte bir fıkrayı kurmak ve anlatmak yetenek ister. Anlatı yeteneği olanlara “muzip”, “hazır cevap” gibi adlar verilir. Fıkra tipleri olarak da baş kahramanlar genellikle erkeklerdir. Nadiren şaireler içinde de fıkra tiplerine rastlanılır.

Hikâye ve destanlar aşıkların, kahramanların, toplumların başından geçen ve az çok tarihi bir şahsiyet veya toplum hafızasında yer alan bir olaya bağlı oldukları için, yaşanmış bir olayı aktardıkları için “görülen geçmiş (di/dı, dü/du)”<sup>4</sup> veya “ar/er”<sup>5</sup> geniş zaman kipi ile anlatılır. İnandırıcılık özelliği oldukça yüksek olan bu türler çok

---

dalgalandırdı; Tanrı'nın yüzüne su sıçrattı. Bunu yapınca da kendisinin Tanrı'dan güçlü olduğunu sandı; suya düşüp dibe battı. Boğulmak üzereydi. "Bana yardım et!" diye bağırap Tanrı'dan yardım istedi.

<https://acikerisim.aksaray.edu.tr/xmlui/bitstream/handle/20.500.12451/10523/akgun-halil%20can-2017.pdf?sequence=1&isAllowed=y>

<sup>4</sup> . **(Ergenekon Destanı)** Ancak yabancı koyunların yürüdüğü bir yoldan tırmanarak çok yüksek bir dağın boğazına vardılar. O dağındığer tarafına geçtiler ve gördüler ki geldikleri yoldan anca bir keçi binbir güçlükleyürüeyebilir ve düşerse paramparça olur. Vardıkları yerin ise geniş ve uçsuz bucaksız bir ülke olduğunu anladılar ve bunu görüncé tanrıya şükür ettiler. Burada yaz kış hem yiyecek bulup hem de yaşayabilirlerdi. Buraya Ergenekon adını verdiler. Burada Kıyan ve Nokuz'un oğulları çoğaldı. Kıyan'ın oğullarına Kıyat, Nokuz'un oğullarına Nokuzlar, bir kısmına da Dorlukin dediler. Bu iki kişinin nesilleri 400 yıl kadar uzun bir süre Ergenekon'da kaldılar. O kadar çoğaldılar ki bu dağa sığamadılar. Dışarıya çıkmak için bir yol bulmaya çalıştılar. Bir demirci: "Ben bir yer gördüm, orada demir madeni var. Zannedersen bir kattır. Eğer onu eritsek bir yol buluruz" dedi. O yeri gidip gördüler ve demircinin sözüne hak verdiler.

<https://www.scribd.com/document/501430863/Ergenekon-Destani>

<sup>5</sup> . **(Erdoğan Altınkaynak, Aşık İsrail'in Tasnif Ettiği Hikayeler, "Gülşah ile Aliş (Alişan), s.37 Ankara 2023.** Bir akşam vaktiydi, köy basıldı Naz Hanım Aliş ve Gülşah'a kaçıp trene binmelerini ister. Kendilerinin burada kalıp savaşıacağını söyler. Gülşah'ın elinden tutan Aliş trene sığınır. İki de korkudan vagona bir-birlerine sarılıp uykuya geçerler. Bir vakit geldi ki Ermeniler, köyde yaşayan kimsenin kalmadığını bağıarak sevinirler. Tren harekât haline geçer, Ermeniler trende saklanan



sayıda olağanüstülük barındırmaz. Olağanüstü özellikler barındıran kısımlar ise halkın inanç dünyasında kendisine yer bulmuş mitik veya dini unsurlardır. Hikâye ve destan anlatıcıları az sayıda profesyonel kadınlar olmakla birlikte genellikle erkeklerdir.

Alegorik manzumeler (hikâye-i geyik, hikâye-i gögerçin vb) ve dinî – tasavvufî hikâyeler ile meseller duyulan geçmişin hikayesi “-mıştı /mişti, muştı / müştü”, görülen geçmiş “dı/di, du/dü”<sup>6</sup> ya da geniş zaman “ar/er, r” kipleriyle anlatılmaktadır. Bu da bize gösteriyor ki alegorik manzumeler inandırıcılık durumuna göre zaman kipi almaktadır.

Dinî – tasavvufî hikâyeler içerisinde olay kahramanları din ulusu ve aziz kişilerle bağlantılı olduğu için mucize vasfındaki olayları halk kabullenebilmekte ve sorgulamamakta bu nedenle de inandırıcı veya ders çıkarıcı, dini veya felsefî bir olayı benimsetici bir unsur olarak kabul etmektedir. Zaman kipi tıpkı destan ve hikayelerde olduğu gibi görülen geçmiş “dı/di, du/dü” ya da geniş zaman “ar/er, r” kipleriyle anlatılırlar.

Şüphesiz bir edebi eserin içerisinde başka zaman kiplerinin olması gayet normaldir. Bir anlatıcı anlattığı ürünün içerisine çeşitli cümle türlerini (olumlu, olumsuz, soru, devrik, ünlem ve benzeri) ve her türlü zaman kipini emir kipleri dahil kullana bilir. Ancak bu anlatı

---

çocukları fark edemezler. Gülşah ile Aliş trenin mühimmat dolu olduğunu görürler. Aliş Gülşah’a dönerek, tren yokuşa dayandığında vagonu ateşe vereceğini söyler. Aliş cebinden çakmağını çıkarıp vagona ateş verir. Öldürdükleri insanların şerefine şarap içen Ermeniler, içtikleri şarabın Türk kanı olduğunu söyleyerek kutlama yaparlar. Tren tam yokuşa dayandığı zaman güçlü bir patlama gerçekleşir, kendini aşağı atan Gülşah ile Aliş, patlayan trende yaşayan kimsenin kalmadığını öğrenirler.

<sup>6</sup> . **Erdoğan Altınkaynak, Aşık Mehmet Hicrani’nin Hikayeleri, “Karınca ile Arı”, s. 188, Konya 2008.**

Dedi Arı:

Arı karıncaya der merhaba  
Seyredersiz elvan nakış bizdedir  
Nedir çektiğimiz bu cevri cefa  
Süsen sümbül lale nergis bizdedir.

Dedi Karınca

Bi habersiz bu dünyadan  
Bizden ibret alır şah u geda  
Bir çiçeğe dilenirsin burada  
Size nimet veren türap bizdedir.

türünün genel karakterini yansıtmaz. Anlatıcı problemi içerisinde anlatıcı eserin yapı ve karakterine göre zaman kipini belirleyip ona göre cümleler kurmaktadır. Bu da geniş olarak anlatı türünün inandırıcılık özelliği olanlarında görülen geçmiş, anlatı türünün inandırıcılık özelliği olmayan durumlarında da duyulan geçmiş zaman kipi kullanılmaktadır.

#### **Kaynaklar:**

1. Altınkaynak, E. (2008) **Aşık Mehmet Hicrani'nin Hikayeleri**, Konya, Kömen Yayınları
2. Altınkaynak, E. (2023) **Aşık İsrail'in Tasnif Ettiği Hikayeler**, Ankara, Kültür Ajan.
3. Altınkaynak, E. (2023) Urum Masalları, “Türk Dünyası Masal Araştırmaları”, Ankara, Atatürk Kültür Merkezi Başkanlığı.
4. Jason, H. (1972) Concerning the Historical and the Local Legends and Their Relations, **Jurnal of American Folklore**, 84, 331.
5. Kaya, D. (2014) **Türk Dünyası Ansiklopedik Türk Halk Edebiyatı Kavramları ve Terimleri Sözlüğü**, Ankara Akçağ Yayınları.
6. **Nüzhetü'l-Mecalis'den Seçme En Faydalı Dini Hikayeler, (1990)** (Tercüman: Naim Erdoğan), İstanbul, Pamuk Ofset.
7. Sakaoğlu, S. (2013), **Efsane Araştırmaları**, Konya, Kömen Yayınları.
8. Sakaoğlu, S., (2004) **101 Anadolu Efsanesi**, Ankara, Akçağ Yayınları,
9. Yıldırım , D. (1992) Fıkra (Türk Dünyası El Kitabı, C. III, Ankara, TKAE Yayınları.

#### **Dijital Kaynaklar**

1. <https://www.scribd.com/document/501430863/Ergenekon-Destani>.
2. <https://acikerisim.aksaray.edu.tr/xmlui/bitstream/handle/20.500.12451/10523/akgun-halil%20can-2017.pdf?sequence=1&isAllowed=y>.

***Зүфар СЕЙТЖАНҰЛЫ,***

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

## **СҮБЕБЕК АҚЫН МҰРАСЫ**

Халық ақыны Сүбеек Нұрбаев 1898 жылы Абай облысы Жарма ауданына қарасты Қандығатай деген жерде дүниеге келеді. 1974 жылы Аякөз қаласында қайтыс болады. Ақынның туып-өскен өңірінің батысы Абай елі, оңтүстігі Ақтайлақ би қарауындағы он жеті ақын шыққан елді мекендермен шектеседі. Сүбеектің ақын болып қалыптасуына өнерлі өңірдің әсері

болған. Ауқатты әулеттен шыққан Сүбебек жас кезінде сал-серілік дәстүрге бой ұрып жақсы ат мініп, жарасымды киім киген. Күй тартып, ән салған, домбыраны серік еткен көрінеді.

Ол «өзі туралы» өлеңінде:  
Тәуекел не де болса өле көрем,  
Қалғанша қашан қаным жалғыз қасық.  
Он бес пен он алтымнан ойға батып  
Жаттығып бала жастан алған машық (1,194), –

деп өзінің шығармашылықпен айналыса бастаған кезінен хабар-дар етеді. Әрі өмір бойы ақындық өнерді мақсат ететінін аңғартады. Ақын өмірінің соңына дейін өлеңді серік еткен, қолынан қаламын түсірмеген.

Сонда ақын қандай болуы керек дейтін мәселенің басын ашып, ақындық бағдарламасын айтады. Мәселен, «Ақынның сыры бөлек адамзаттан» деген өлеңінде:

Ақынның сыры бөлек адамзаттан,  
Өмірі оның шолпан туып батқан.  
Тыныштық, қамсыз өмір сүре алмайды,  
Адамдық міндеті үшін ауыр батқан (1,244), –

деген жолдардың «тыныштық, қамсыз өмір сүре алмайды» тармағында үлкен мән жатқанын көреміз, өйткені ақындық ауыр міндет бар. «Поэзия дегеніміз – бұл ғаламдық тіршіліктің дүрсілдеп соққан тамыры, сол тамырды кернеген қаны, лаулаған оты, күн көзіндей жарқыраған сәулесімен шарпыған ыстық қызуы» (2,182) дейтін тұжырымға сүйенсек, ақынның «сыры бөлек адамзаттан» деген сөзінің мән-мағынасын аңдағандай боламыз.

Енді бірде:

Бәрі өзіне сайма-сай,  
Қиянатпен күрессе,  
Бірдей болса алды-арты  
Қай жағынан келсе ыңғай.  
Сөйлегенде тілінен  
Тамшылап ағып тұрса май (1,234) –

деп ақындарға үлкен талап қояды. Ақынның атқаратын міндетін, өлеңнің көтерер жүгін пайымдай біледі. Ақын қиянатпен күресіп, жақсылықтың жаршысы болу керек екен. Оның ақындық өнер

туралы жазған өлеңдерінен білім-біліктілігі мол ойшылдығы байқалады және Абай үлгісі қылаң бергендей болады. Ақын туындылары көптің көңілінен шығуы керектігін қалайды.

Сүбеек Нұрбаев жас кезінде жазған бір шоғыр («Шындық», «Тыныш жүрген адам жоқ», «Өмір», «Жастарға», т.б.) өлеңдерінде қоғамның, өмір-тіршіліктің сан түрлі құбылыстарын, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды шынайы суреттеп, өзінше түйіндеу жасап отырады. 1917 жылы жазған бір өлеңінен мынадай жолдарды оқуға болады.

Пәленің бәрі не түрлі,  
Өтіріктен қозғады.  
Өрісін мұның ұзартып  
Кез келген бір созады.  
Шындық қана артынан  
Бәрін басып озады (1,174).

Осы өлеңінде ақын шындықты адами құндылықтардың бірі ретінде қарайды. «Тыныш жүрген адам жоқ» өлеңінде де адам бойында кездесетін теріс мінез-қылықтарды сынайды. Көре алмайтын күншілдерді, адалдықтан гөрі арамза-қулықты жақтап, не бір күні достасып, не бір күні қоштасып жүретін жетесіздікті сынға алады. Қысқа күнде қырық құбылатын мұндай жандар бар. Сондықтан ақын көңілінде жақсылық пен жамандық жаңғырады, адамға лайық тазалықты талап етеді.

Ақынның жастық шағы 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісі, Қазан төңкерісі сияқты аласапыран шақпен тұспа-тұс келеді. Өмірдің күнгей, көлеңкесі кезектескен кезең ақын өміріне әсер етпей қоймасы хақ. 1918 жылы жазылған «Өмір» атты өлеңінен мынадай жолдар ұшырасады:

Тұрмыстың сызын қайтейін,  
Миымды жарып барасың.  
Аяққа тұсау алданыш  
Ақыра тұл қаласың...  
Туған жерім, туған ел  
Күнде ит шығыс таласын, –

дейді.

«Бұл өмірді өмір деп, жұбанатын мен емес» деп түніле жазуы орынды. Бұл – бодандық өмірдің сиқы. Жазушы Жекен

Жұмақановтың осы жолдарын оқығанда аза бойын қаза болып, төбе шашың тік тұрады. Мұндай сөзді қазақ ақындарынан бұрын-соңды ешкім айтқан емес», – деуі көңілге қонады.

Тағы бір өлеңінде:

Арықпын жөнім тауып бағылмаған,  
Жүйрікпін күйім тауып шабылмаған.  
Өмірден солай жасап өткен жанмын,  
Керегім, іздегенім табылмаған (1,183), –

деуі де аз ғұмырының жартысы арғы бетте, жартысын бергі бетте өткізіп, тағдырдың сан түрлі тауқыметін басынан өткерген ақынның жан сыры деуге болады. XX ғасырдың алғашқы жарымында жөні табылмай, бабы келмейтін, іздегенін таппайтын саяси-тарихи жағдайлардан әлеуметтік ой түйеді.

Ақын бір шоғыр өлеңдерінде өнеге-өсиет түрінде ой сабақтайды.

Өскен ұям еді деп,  
Қарасаңшы артына.  
Үйлесімді іс қылсаң  
Өзіңнің шама-шарқыңа –

деп жастарға ақыл-нақыл сипатында кеңес береді. Ақынның шыны да, сыры да көрініп тұрады. Ақын бірқанша өленінде адам болмысына үңіледі. Бұл ретте оның кейбір түйін-тұжырымдары Абайдың толық адам іліміне жанасатындай көрінеді.

Қараңғы бірдей бәрі надан емес,  
Ішінде аралас қой алтын, жезі, –

деген сөзінен талғамы биік ақынды танығандай боламыз. «Алтын, жезі» аралас жүруі өмірдің өз шындығы екені аян. Енді бірде жастар бойынан кездесіп қалатын келеңсіздіктің де ақиқатын ашып айтады. «Сөз айтсаң кейбіреуге» өлеңінде:

Сөз айтсаң кейбіреуге бәрібір бос,  
Жан-жақты көп ойланып абайламас.  
Қызғаншақ ішінде бар тағы күншіл  
Мейірімсіз жүрегі мұз, денесі тас (1,202), –

деп адам бойындағы мінді иланымды ашып, өмірлік өнеге ұсынады. Адамгершілік ұстанымдарды арқау етеді.

Әркез кісілік-ізгілікті ұстанған ақын туындыларының өрім-өзегі өзі туып-өскен қоғамның, ортаның шындығын жырлаған. Кейбір адамдардың орынсыз қылықтарын көлгірсіп көлегейлемей, ашына айтады. «Ыза, жігер» өлеңінде:

Адамның бірі опасыз,  
Кез кеп қалсаң құнына.  
Залым, тантық, өзімшіл,  
Жығылма оның буына...  
Бірге кетсең сонымен  
Адамның ең қорысың.  
Ырыс емес, халықтың  
Маңдайдағы сорысың (1, 229), –

деп адам мінезіндегі пендешілікті «жаба тоқып» жасырмай, жамандықтан сақтандырады. Мұндай адамдар көптің сорына айналып, зияны тиюі мүмкін. Сондықтан ақын әлеуметтік өмірдің күйкі тірлігіне күйінеді.

Ақын С. Нұрбаев тағы бір өлеңінде «Елдікін алдап, арбап тартып жеуді» әдет еткен тойымсыздарды сын садағына байлап:

Баққаны қулық, сұмдық, ұрлық, өсек,  
Сияды қалыбына қалай десек, –

дейді. Қара басының қамын ойлайтын жексұрын адамдардың бейнесін көз алдыға келтіреді. Мұндай ат-абыройдан айырылған жандардың кесірі тиіп, кеселі жұғуы мүмкін. Сол себепті адамдардың адамшылыққа жатпайтын әдеттен қашық болуын мәнді мәселе ретінде көтереді. Сүббек поэзиясындағы қоғам, орта тудырған адамның мінез-құлық болмысын, жан әлемін ашатын өлеңдері ойға жетелейді. Қайткенде адам абыройлы болмақ дейтін мәселенің нақты кесімін айтады.

Іздесең басына егер абырой, бақ.  
Адал бол, арам жеңіп, қараймайды ақ...(1, 274).

Бұл туындылар тақырып мазмұн жағынан бір-бірінен алыс кетпейді. Сыршылдық пен нақтылық ұштаса түседі. Соңғы өлең-

дегі «аттыға жол, ауыздыға сөз бермейтін «кеудемсоқ, менмен мінезді жан көз алдыға келеді.

Басқаға ынта-ықыласы, құрметі жоқ біреудің тағдырын бір-ауыз сөзбен шешетін тілінің зәрін, қабағының кәрін көрсетуге дайын жанның кейпі көз алдымызға келеді. Мұндай мінез-әрекет ақынның көзбен көріп, көңілге түйген шындық екені аян. Сондай-ақ «Не пайда?» деп аталатын өлеңінде не жақындықты, не адамдықты сақтамайтын ақылы аз адамдардың сыны мен міні таратыла айтылады. Азаматтығы қалыптаспаған пысықайлардың сұрқы анық елестейді.

Кім айтса жалған өсек соған нанып,  
Сусыны мейірленіп, әбден қанып.  
«Ол рас, сенікі жөн, антұрған» деп  
Қайрайды қылшылдатып әбден жанып.

Мұндай сәт сайын құбылған екіжүзді адамдар жазығы жоқ жандарды күйдіреді не күйелейді. Ақын осындай талғамсыздықты дөп басып таниды, адамгершілікті алға тартып, өмір-тіршіліктің талабына ден қояды. Мұндай туындыларында шындық басым болғандықтан, оқырманды бейжай қалдырмайды. «Өнеге қандай жақсы үлгі көрген, жақсының тілін алып соңына ерген» деген тармақта қаншама мәнді ой жатыр. Күнмен көлеңкедей кездесіп жүретін өмірдің заңдылығы айтылса ғана ақиқат ашыла түседі, жат қылық әшкере болады. Сол арқылы оқушыға тәлім-ғибрат көрсетуді мақсат етеді.

Кез келген ақын өзінің туып-өскен атамекенін жанына жақын тұтады, өлең өріміне айналдырады. Осындай сезім Сүбеек ақыннан да табылады. Оның «Алжан тауына» (1921) деп аталатын өлеңінде өзінің туған жері Қандығатайды ерекше сезіммен жырлап, Алжан тауын мақтаныш етеді. С. Нұрбаев 1928-1932 жылдары тағдыр талқысына ұшырап, қуғын-сүргін көрген елмен бірге Қытай асып кетеді. Жат елде жабырқау тірлікті басынан өткереді. «Сағыныш» (1932) атты өлеңінде:

Шалқып жатқан көл қайда,  
Көл жағалай ел қайда?  
Салтанатты сән қайда,  
Шырқап салған ән қайда? (1,216), –

деп елі мен жерінің мұңын айтады. Өкініш пен қимастықты ұштастырады. Басынан бағы тайған елдің зар-наласы екенін сезесің. Өлеңде тағдыр бар, тарих бар. Ақын «Жалпы шолу» деген өлеңінде былай дейді:

Дүниені тұман басты аспан төніп,  
Жылтылдап өміріміз жанып-сөніп.  
Сақтаймыз жанымызды енді қайда,  
Тесік жоқ бас паналап кірер еніп (1,218).

Бұл жолдардан Қазан төңкерісі (1917) кезіндегі өмір шындығын естігендей боламыз. Ақын отарлық үстемдіктің қиын-қыспағын ащы да ашық суреттейді. Халықтың қамын ойлап күйінген ақынның жан күйзелісі анық көрінеді. «Басқа қайғы, байтал тұрғай заман болды» деп шарасыздық танытады, үміті үзілгендей күй кешеді. Алайда сол кездің саяси-әлеуметтік мәселесін айтып, ашулы ақынның қалам қарымын танытады. Тілінде ажарлы айшық болса, шығармаларының мазмұнында терең сыр жатады.

Қорыта айтқанда, С. Нұрбаев өз дәуірінің суреткері болғандықтан, сол ортаның шындығын жырлады. Қазақ халқы басқаның басқаруында болғандықтан ел ішінің береке-бірлігі бұзылды. Осындай келеңсіздікті көзімен көрген ақын ел-жұртының қамын ойлап толғанды, тағдыр тауқыметін шынайы өрнектеуге ұмтылды. Бір шоғыр өлеңдері әлеуметтік мәселелерді өрім-өзек етеді. Өмірдің мәні, адам мінезіндегі кінәраттарды сынай отырып, кісілікке үндейді. Өлеңдерінде ашыну да, нала-мұң да байқалады. Жастарға қарата жазған туындылары ғибратты ақыл-кеңес түрінде келеді. Жақсы адамның жарқын кейпін үлгі етеді. Сөйтіп ұлт қамын ойлайтын деңгейге көтеріледі. Қаламгерлік қарымы қалыптасқан ақынның қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін зерделейтін кез келген сияқты. Ол бір жағынан лирик болса, екінші жағынан эпикалық дастандар жазған. Оның «Қорқыт», «Батырлар жорығы» атты көлемді шығармалары бар. Ақынның артында қалған мол мұрасын талғам таразысына салып, идеялық-көркемдік, шеберлік деңгейін анықтап зерттеу алдағы күн міндеті болса керек.



*Курманбек АБАКИРОВ,  
филология илимдеринин доктору,  
Жусуп Баласагын Кыргыз улуттук  
университетинин профессору*

## **М. АУЭЗОВДУН «АБАЙ ЖОЛУ» ЖАНА А. ТОКОМБАЕВДИН «ТОКТОГУЛ» РОМАНДАРЫ**

Кайсы эл болбосун анын бүтүндөй маданиятын жана рухий-көркөм казынасын сактап, жаратып, таратуучулардын көч башында ырчы-акындар тура келгени талашсыз нерсе. Жалаң эле казак эли эмес, бүтүндөй түрк элдерине, андан ары жалпы адамзатка даңкы чыккан мына ошондой залкар адамдардын бири Абай Кунанбай уулун атактуу илимпоз жана жазуучу Мухтар Ауэзов өз романынын негизги каарманы кылып алганы ушундай көз караштан алганда таңгаларлык эмес болчу. Анын бүткүл элге берчү өрнөгү ченемсиз эле. Бирок каарман тандоо маселенин бир эле жагы, анын баштапкы гана чекити экенин М.Ауэзов эң сонун түшүнгөн. Кеп анын образын көркөмдүк жактан ийине жеткире иштеп чыгып, ал аркылуу бүтүндөй казак эли менен ошол доор-замандын жалпылаштырылган портретин, картинасын тартып, ошол заман үчүн гана эмес, бардык мезгилдерде адамзатты коштой келген социалдык, моралдык-нравалык ири проблемаларды көтөрүп, аларды көркөм ынанымдуу жүзөгө ашыра билүү чеберчилигинде жаткан. Мындай глобалдуу мүдөөнү М. Ауэзов эң сонун, болгондо да дүйнөгө белгилүү ушул мүнөздөгү чыгармалардын деңгээлинде ишке ашырган эле. Натыйжада «Абай жолу» социалдык-турмуштук өңүттөгү тарыхий-биографиялык роман-эпопеянын классикалык үлгүсү болууга жарамдуу чыгарма катары ар башка элдердин көптөгөн жазуучуларына кыйыр жана тикелей таасир берди. Алардын ичинде кыргыз жазуучулары да болгондугу талашсыз. Бирок «таасир» дегенибиз «мен мына» деп көрүнүп турбайт. Ал таланттуу авторлордун чыгармачылыгын ичкертеден сугарып, ышкысын козгоп, шыктандырган, туура жол тандап алууга көмөк көрсөткөн көрүнүш болуп эсептелет. Эгер ушул көз карашты кармансак, кыргыз элинин залкар акын-жазуучусу Аалы Токомбаевдин калеминен жаралып, бирок кандайдыр бир себептерден улам

соңуна чыгарылбай калган «Токтогул» жана М. Ауэзовдун «Абай жолу» романдарындагы үндөштүктөр адабиятчылар үчүн зор кызыкчылык жаратары бышык. Себеби бул эки чыгармада тили, салт-санаасы, турмуш-тиричилиги дээрлик опокшош казактар менен кыргыздардын бир эле замандардагы даңазалуу уулдарынын жана элдин тагдыры сүрөттөлөт. Ошондуктан аларды салыштырып иликтөө өтө кызык экендиги айтпаса да түшүнүктүү. Бул эми алдыдагы иш, ошондуктан адегенде бүткөрүлгөн бөлүктөрү эми гана элге тартууланып отурган «Токтогул» романы тууралуу кыскача сөз кыла кетели.

Кыргыз эл акыны Аалы Токомбаевдин «Токтогул» романын кыргыз прозасындагы социалдык-турмуштук өңүттөгү биографиялык-тарыхий романдардын алгачкыларынын бири дегенге толук негиз бар. Себеп бирөө эле, андагы борбордук каарман Токтогул да Абай сыяктуу эле даңазалуу тарыхий инсан. Аржак-бержагы бир-бир жарым кылым аралыгында жашап өткөн өнөр адамдары Жеңижок, Атай, Тоголок Молдо, К. Тыныстанов, Ж. Бөкөнбаев, А. Осмонов, Осмонкул, Саякбай (ж.б.) сыңдуу инсандар бир катар романдарга, повесттерге, поэмаларга көркөм-адабий каармандар болуп түшүшсө да, кыргыз адабиятында бул жагынан Токтогулга тең келчүсү жок. Аны алгач ирет поэтикалык сөз өнөрүн, дегеле өнөр аттуунун туу чокусу катары баалаган элдин өзү, анан Эшмамбет, Чонду, Жеңижок, Куйручук, Барпы, Тоголок Молдо, Ниязалы сыңдуу залкар замандаштары, өзүнүн Алымкул, Калык, Осмонкул, Атай, Коргол сыяктуу шакирттери ырга салып, адамдык жана өнөрпоздук портретине айрым штрихтер сүртүшсө керек. Ал эми Ж. Бөкөнбаевдин 1937-1938-жылдары жазылган «Токтогул» музыкалык драмасы менен ушул эле аталыштагы операнын (1940) либреттосунан тарта Токтогулдун сахнадагы жана көркөм адабияттын ар башка жанларындагы экинчи өмүрү башталып, К.Жантөшевдин «Эл ырчысы» (1951), Б. Жакиевдин «Миң кыял» (1965), Р. Шүкүрбековдун «Акындын үмүтү» (1959-1962), Т. Касымбековдун «Алымкан» (1962), К. Маликовдун «Айланган тоонун бүркүтү» (1964-1965), Т. Абдымомуновдун «Сүйүү жана үмүт» (1966) аттуу драмалары, Ж. Таштемировдун «Тоо булбулу» аттуу бүтпөй калган повести (1965) биринин артынан бири жазылат. «Токтогул» аттуу көркөм фильм да тартылат (1959). Кийин Т. Касымбеков бул темага кайра

кайрылып, Токтогулду «Келкел» романынын негизги каармандарынын катарына кошот. Совет мезгилинде жаралган бул чыгармалардагы Токтогулдун образы канчалык тарыхый негизине ылайык иштелип, канчалык таасирдүү, алымдуу-жугумдуу даражага жеткирилгендигин салыштырып иликтөө өз кезегин күтүп турат.

Ж. Бөкөнбаевдин драмасын эске албаганда А. Токомбаев Токтогул темасына алгачкылардан болуп кайрылып, кокусунан эмес, атайын даярдык көрүп, иликтеп, издеп, жеринде көп нерселер менен таанышып туруп гана романды жазууга киришкен. Эмнеси болсо да А. Токомбаевдин Токтогул тууралуу көркөм чыгарма, чакан ыр же аңгеме эмес, болгондо да калдайган роман жазууга белсенгени, анын бир бөлүгүн турмушту, адамдарды, өткөн турмушту мыкты таанып-билгендик жана бийик жазуучулук чеберчилик менен жүзөгө ашырып салганы кокустук эмес, бир далай мезгилде бышып жетилген зарылдык дегенибиз жөндүү болчудай.

А. Токомбаев «Токтогул» аттуу макаласын 1937-жылы «Кызыл Кыргызстан» гезитине (июль), анын орусчасын «Советская Киргизия» гезитине (июнь) жарыялаптыр. Демек, Токтогулдун мурасын жыйноо, иликтөө маселесин ал Ж. Бөкөнбаев менен бир маалда эле көтөргөн болуп чыгат. Мындан тышкары ал Токтогулдун 1940-жылы чыккан ыр китебине редколлегия мүчөсү болуп, «Токтогулдун адабий күчүнүн негизи» (1940), «Токтогул» (1943-ж., Токтогулдун көзү өткөнүнө 10 жыл), «Об ошибках, допущенных в издании произведений Токтогула» (1952) аттуу макалаларды, «Токтогулдун жери» (1938), «На родине Токтогула» (1954) аттуу ырлар циклин жарыялайт. Мунун баары «Токтогул маселеси» 30-40-жылдарда эле А. Токомбаевдин эсинен чыкпай көңүл борборунда болгонун, «Токтогул» романына материал топтоо, жазуу иштери кыйла узак мезгилди өз ичине аларын айгинелеп турат.

«Токтогул» романынын биз сөз кыла турган бөлүгү 1955-жылы «Советтик Кыргызстан» (кийин «Ала-Тоо») журналына, А. Токомбаев баралына келип, чыгармачылык дем-кубаты артып, даңазасы чыгып турган маалда жарык көрөт (1). Ал жазуучунун 1972-1973-жылдары жарык көргөн үч томдук чыгармалар жыйнагына алгач ирет киргизилип, 2014-жылы, залкар акын-

жазуучунун 110 жылдыгына карата өзүнчө китеп түрүндө жарык көргөн. Эми, 2024-жылы романдын уландысы болгон дагы бир бөлүгү жазуучунун өздүк архивинен табылып отурат. Аны жазуучу толук иштеп бүтпөгөн сыяктуу. Кол жазмада жана машинкада терилген текстте оңдоп-түзөөлөр арбын. Мунун өзү автор ага дагы кайрылып, алымча-кошумчалоо ниети бардыгын, кыскасы, толук аягына чыгара электигин тастыктап турса да, аны мурунку бөлүм менен бириктирип чыгаруу туура иш болду окшойт (2). Башка арга жок. Ошондуктан биз да романдын колубуздагы эки бөлүмү тууралуу ойлорубузду ортого салууну ылайык көрдүк.

\*\*\*

Кат-сабаты шартка байланыштуу кеч ачылса да А. Токомбаев өз мезгилиндеги билимдүү адамдардын алдыңкы катарында туруп, кыргыз фольклору менен ырчылар чыгармачылыгынан сырткары дүйнөлүк адабиятты, анын ичинде классикалык орус жана орус совет, казак, тажик, өзбек, татар адабияттарын өзгөчө терең билгендиги, алардын мыкты үлгүлөрүн кыска мезгилде чыгармачылык менен өздөштүрүүгө жетишкендиги талашсыз. Ал эми кыргыз адабияты жаралган күндөн тарта анын көз алдында торолуп, баралына келди. Демек, анын «ой-чуңкурун», башка авторлордун ар бир чыгармасынын күчтүү жана чабал жактарын да А. Токомбаев беш колундай билип, өз чыгармачылыгында улуттук адабияттын «жеңиш жана жеңилиш» сабактарын эске албай койгон эмес. Ал эми СССРдин мамлекеттик (1949), андан соң Лениндик сыйлыгына арзыган М. Ауэзовдун атактуу «Абай жолу» (1,2-китептери 1942-47-ж. чыккан) романын А.Токомбаев кантип окубай, кантип ой элегинен өткөрбөй койсун!? Балким, так ушул роман 30-жылдардын орто ченинен тарта Токтогулдун тагдырына кызыгып, маалымат, материал топтоп жүргөн А. Токомбаевге ал тууралуу роман жазууга түрткү болуп, шык бергендир. Так кесе айтыш кыйын. Бирок неси болсо да, А. Токомбаев «Токтогул» романын жазууга кокусунан эмес, бери дегенде 10-15 жыл даярданып, арбын чыгармачылык тажрыйба топтоп, изденүү машакатын баштан кечиргенден кийин гана киришкени айдан ачык.

Адегенде эле айта кетчү нерсе - А. Токомбаев бул романы менен жеке өзүнүн гана эмес, бүткүл кыргыз адабиятынын

(прозасынын) ошол 50-жылдарга чейинки тарыхында боло элек бийиктигине кол сермеген. Мындай кескин оюмду чыгарманын өзү жана А.Токомбаевдин «чыгармачылык өмүрүн бүтүндөй кара сөз жазууга жумшабаганына катуу өкүнгөн» чыгаан адабиятчы С.Жигитовдун пикири менен бекемдей кетсек болот. Ал «Токтогул» романын кыскача мүнөздөй келип, анда өзү айткан Алыкеендин «художниктик кудурети таасын көрүнүп, кара сөз жазуу жагынан мүмкүнчүлүктөрү кенен ачылгандыгын» белгилеп, ага мындай калыс баасын берет: «Турмуш жана табият көрүнүштөрү, окуялардын жүрүшү, каармандардын жүрүш-турушу, кыймыл-аракети, психологиясы эпикалык жайбаракаттык, сүрөткерлик таамайлык, кынтыксыз стиль менен сүрөттөлгөн... Сюжеттин өнүгүш логикасы, көркөм деталдар, психологиялык мотивировкалар абдан ишеничиликтүү» (3). Чыгарманын жазылып калган бөлүктөрүндө сүрөттөлгөн жана логика боюнча сүрөттөлө турган көркөм материалдын масштабдуулугу ушундай бүтүм чыгарууга толук негиз берет. Анын үстүнө, айтылгандай, мындай ишке анын бардык жагынан даярдыгы да, дарамети да жетиштүү эле. Ал Токтогулду романдын борбордук каарманы-кыймылдаткыч күчү катары да жөндөн жөн эле тандап албаган. Токтогулдун залкарлыгы, адамдык жана чыгармачылык тагдыры, кайталангыс феноменалдуу инсан катары кылымдар тогошкон: кыргыздардын салттуу феодалдык-патриархалдык коому орус бийлигинин үстөмдүгү менен эски кийимдин тигишиндей ыдырап, трансформацияга учураган, андан кийин Октябрь революциясынын кысымы менен кайра астын-үстүн болгон доор-мезгилин көркөм эпикалык формада чагылдырууга табылгыс фигура экендигин А. Токомбаев илгертпей түшүнгөн. Ал Токтогулдун өмүрүн көркөм баянга айландыруу менен эле чектелбей, ал жашаган мезгилдеги кыргыз коомунун ичтейин оң-терс жактары, бүткүл карама-каршылыктары менен бирдикте ачып берүүнү максат кылганы шексиз.

Романдын сюжети сыртынан түз сызыктуу көрүнгөнү менен аныгында кыйла татаал, чиеленишкен формага келтирилип, бирок окурмандын кызыгуу-ынтызарлыгын өчүрбөйт да, улам бир окуя, көрүнүш, образ экинчисинин жаралышын табигый түрдө шарттайт. Сөзгө чебер жана кылдат аңгемечинин кебиндей ыргак сакталып, бир окуянын же образдын чоо-жайы

кийинкилеринде ачылып, тереңдетилип, кеңейтиле берет. Бирок автордун айтайын деген оюна, бара турган жерине дейре көп нерселер бар экени да кылайып көрүнүп турат. Эскерүү формасындагы айрым «аңгемелер» гана өз милдетин өтөп, аягына чыгарылбаса, кыйла окуялардын аягы али көрүнбөйт, көптөгөн образдар жаңы гана кыймылга келип, «олуттуу иштерин али аткара» элек. Кыскасы, айтылчу кептер алдыда. Роман мына ушунусу менен да бүтпөй калган. Бирок анын бүткөн бөлүгү да «оңой» чыгарма эмес.

Роман мейкиндик-мезгилдик чен-бүктөмү өтө кеңири тарыхый чыгарма катары пландаштырылса керек. Себеби кыска романдардай же көлөмдүү чоң повесттей болгон романдын биринчи бөлүгүндө 10-11 жаштагы Токтогулдун бир жылга жетер-жетпес убактагы өмүрү баяндалат. Сыртынан ушундай. Ал эми иш жүзүндө анда Кетмен-Төбө кыргыздарынан ага чейинки 50-60 жылдык турмуш-тирлиги сыйдырылат да, Токтогулдун гана эмес андан улуу жана замандаш бир топ адамдардын ар түркүн тагдырлары көз алдыга тартылат. Тестиер Токтогул өз тирлигин өткөрүп жүрөт, ага удаалаш анын бар-жогу менен иши жок турмуш күргүштөп агып, ар түркүн максат көздөгөн адамдык мамилелердин оош-кыйыштуулугунан келип чыккан драмасы да, трагедиясы же жетиштүү окуялар биринин артынан бири ала салып өтө берет. Бирок алардын баарынын жаш Токтогулга тикелей же кыйыр тиешеси бар экендиги, алар жөнсалды баяндалып жатпагандыгы түшүнүктүү. Автордун чеберчилигинин бир өңүрү ушул жерде жатат. Керексиз, артыкбаш көрүнгөн нерселер романдын эки бөлүмүндө тең дээрлик жок.

Романдын биринчи бөлүгүндө дээринен эстүү жана сезимтал, баамчыл жана зирек бала Токтогулдун каардуу, ырайымсыз турмуштун ак-карасын ажырата биле баштоосун, анын адам, болгондо да ырга, күүгө ышкыбоз, кыялкеч, өнөрлүү адам катары торолуу жолунда тургандыгын, аны шарттаган коомдук-социалдык жана табигый факторлордун тек-жайын ачып берүү максаты коюлуп, аны автор ыраттуу жана объективдүү жүзөгө ашыра баштап, субъективизмге, идеологиялык көрсөтмөлөрдүн астында калуусуна жол бербөөгө умтулат б.а., турмушту автор эмес, турмуш авторду жетелеп жөнөйт. Кыскасы, жазуучу Токтогул феноменинин башаттарына кайрылып, аны кыйла

бекемдеп алгандан кийин гана «чоң сөздү» баштап, экинчи бөлүмдө кадыресе жөндөм-шыктуу, ыр-күү жандуу Токтогулдун даңазалуу Токтогулга айлана баштаган мезгилин сүрөттөөгө өтөт да, анын нукура элдик инсан катары калыптанышы соңуна чыгарылат. Мында табына келген күлүктөй таланты ташкындай баштаган, турмуштун ачуу-таттусун көрүп, түркүн социалдык топтогу адамдардын ичи-тышын баамдап-билип, көп нерселерге көзү ачылган, татаал турмуш сыноолоруна алынча даяр болуп калган, 15-17 жаштагы Токтогул көз алдыбызга тартылат.

Ой масштабдуу, чабыт кенен, бирок ал канчалык ишке ашканын толук бүтпөгөн чыгарма боюнча айтыш кыйын. Ушундан улам романдагы образдардын бир тобу көркөм-функционалдык жактан бүткөрүлбөй, биротоло адамдык сыпатына келтирилбей турат. Алардын ар кимиси, же негиздүүлөрү автордун ойломунда дагы бир катар эволюциялык процесстерден өткөрүлүп, бир даары аракетке жаңы келип кирсе, бир тобу активдүү каармандарга айланышы ыктымал эле.

Романдын 1-бөлүмүндө көптөгөн өзөктүү каармандар бүткөрүлгөн образ деңгээлине жеткириле элек болсо, алар сюжеттин андан аркы өнүгүшүндө (2-бөлүмдө) Токтогулдун ырчы, комузчу, дастанчы гана эмес, турмуштун бардык ысык-суугуна, каатаал сыноолорго даяр каарман-инсан катары жетилип калганы бир катар башка каармандар менен удаалаш сүрөттөлүп аягына чыгарылгандай болот. 1-бөлүмдө Токтогулга тикелей тиешеси бар айрым гана каармандар өмүр жолунун акырына чыкса, айрымдары өз функциясын аткарып, көркөм-тарыхый аренадан сырткары калат.

Чыгарманын 2-бөлүмүндө алардын бир тобу андан ары тереңдетилип, жүздөрү толук ачылат. Мында Токтогулга адамдык да, ырчылык өнөрдүн да сабактарын берген Жаркынбай ырчы, кандан-бектен кайра тартпаган кашкөйлүгү, калыстыгы менен калктын кадырлоосуна арзыган Супатай карыя, жандүйнөлөрүнүн тазалыгы, оптимисттик мүнөздөрү менен баамга урунган Кадыр, Сары, Жанайларга удаалаш эле Таластагы, Суусамырдагы чоң аш-тойлорго келишкен бир катар атактуу адамдардын кыска, бирок эсте каларлык кулк-мүнөздөрү көз алдыбызга тартылат. Балыкооз (Бекмурат), Айтике, Жамбыл, Шабдан өңдүү тарыхый инсандар эпизоддук кейипкерлер болсо

да, алардын айрым гана иш-аракеттери, сөздөрү, башкаларга жасаган мамилеси аркылуу адамдык нарк-насилдеринин чет-бучкагы болсо да айкын болуп калат. Атактуу казак ырчысы Жамбыл ачык симпатия менен сүрөттөлсө, Шабдан боюнча автор нейтралдуу позицияда турат. Ошентип, социалдык абалы жана адамдык наркы ар түркүн дагы далай адамдар Токтогулдун жаңы башталган турмуш жолунда каршы-терши кыймылда турат да, алдыда огеле көп сөз болчу өмүр, узун сабак тагдыр жатканы кыйыгылат.

Чыгарманын сюжеттик курулушу чебер устанын колунан чыккан (бүткөрүлө элек болсо да) буюмдай таасир калтырат. Токтогулдун балалыгын баяндаган түз сызыктуу сюжет бара-бара бутактанып, оорлошо баштаган дүйүм дарактай татаалдашат да, бирок чаржайыттуулукка, башаламандыкка жол берилбейт. Романдын ичине эскерүү формасындагы бир канча аңгеме жайгаштырылып, алар аралаш, удаалаш кетип, окуялардын ырааты, логикасы бузулбай кайра бирин-бири толуктап турат. А түгүл романдагы өзүнчө сюжеттик түзүлүшү бар аңгеме-баян, анын ичине дагы бир аңгеме орун алган учурда да ал артыкбаш, өөн көрүнбөй, ойго бай, сыйымдуу кыска сүйлөмдөр, чакан тексттер, турмуштагыдай реалдуу, ынанымдуу диалог-монологдор аркылуу портрет, кыймыл-аракет жана каармандардын башкалардан айырмалуу кулк-мүнөздөрү көрсөтүлүп, индивидуалдуу образдар түптөлөт да, алар акырындап тереңдетилип, кеңейтيله берет. Токтогулдун балалык кези, анын тушунда жана андан мурда болгон окуялар, адам тагдырлары, таптык коомдун мерездиги, социалдык тирешүүлөр бирде ыраттуу, бирде ретроспекция формасында берилип, өз тагдыры, өз жүзү бар ондогон каармандар көз алдыдан өткөрүлөт. Ошол доордун, ошол кездеги кыргыз турмушунун илеби уруп, изи таасын көрүнүп турган бул чыгармада тарыхый адамдар борборунда турса да бүтүндөй эл жашоосунун кеңири панорамасын ачуу-таттуусу менен бирге сүрөттөп, алардын ички, көзгө алыстан көрүнө бербеген жактарынын маңызын ачып берүүгө басым жасалат. Жазуучу Токтогулду адегенде эле ак таңдай акын, залкар комузчу, эл кастарлаган өзгөчө акылман, ашкере кайраттуу адам кылып жиберүүгө шашылбайт. Дээринен акыл-эстүү, табиятында талант-шык бугуп жатса да, Токтогул даяр түрүндө асмандан



түшө калбайт, ага бир жактуу мактоо-даңктоолор айтылбайт. Ал жайынча өсүү, калыптануу процессинде турган каарман болуп эсептелет. Кыскасы, кыргыз адабияты жаралгандан бери коштоп келген илдеттен кутулуп, каарманды биротоло «ак» же «кара» түскө боёгон салтты бузуп, А. Токомбаев ага нукура реализмдин принциптеринен мамиле жасайт. Каармандардын жандүйнөсүн козгоп, өкүнтүп, кубантып, коркутуп, шекшинтип, эки анжы кылып, тайманбас, чечкиндүү же арамза, ач көз же сабырдуу кылып отуруп Адам кылган же ошол адамдык нарктан ажыраткан толгон-токой турмуштук жана рухий көрүнүштөргө айрыкча назар салуу менен А. Токомбаев мурунку прозасында башталган алымдуу тенденцияны андан ары улап, тереңдетүүгө белсене киришкени мына ушул романда айрыкча таасын көрүнөт. Чыгармада көп сөздүүлүк, кайталоолор дээрлик жок. Бардыгы өз ордунда. Пейзаж, портрет, кыймыл-аракет, психологиялык абал, түркүн ситуация-кырдаал так-таамай жана элестүү.

Кыскача айтканда, мына ушундай көркөм-эстетикалык нарктуулугу менен (айрым майда мүчүлүштүктөрдү эске албаганда) «Токтогул» романы кайталангыс жагымдуу таасир берет да, кыргыз адабияты классикага айланчу дагы бир чыгармадан кур калган экен деген ойго келесиң. Ушунчалык жакшы башталыш акырына чыкпай калганына өкүнөсүң. Ошентсе да, романдын колубуздагы бөлүмдөрү деле каниет кылууга толук жарайт. Дегеле, бул романы менен А. Токомбаев түгөнбөс материалдык байлык жаратпаса да, элибиздин рухун бекемдеп, чындаган, жандүйнөсүн байытып, аны үзгүлтүксүз азыктандырып, алга сүрөп, күч-кубат, дем берип келген адамдарды, алардын көч башында турган өнөрү көөнөрбөс адамдарды залкар инсан Токтогулдун мисалында даңазалык кылгысы, ал аркылуу кыргыз элинин кылымга тете турмуш-тирлигинин көркөм картинасын жаратууну көздөгөн жана бул максатка жетүүнүн ишенимдүү жолуна чыккан. Муну А. Токомбаевдин Токтогулга көрсөткөн таазим-урматы деп түшүнсөк болчудай.

Бүтпөй калганына карабай «Токтогул» романын А. Токомбаевдин прозасындагы эң мыкты чыгармалардын катарына кошууга болот. Аны ушул абалында эле шарттуу түрдө бүткөн чыгарма катары орто мектептердин, ЖОЖдордун окуу программасына киргизип, окуучуларга, студенттерге кыргыз элинин

өткөн турмуш картинасын өтө таасын жана көркөм баян эткен эпизоддорун, кылдат жана терең иштелген адам мүнөздөрүн, көп түстүүлүгү, элестүүлүгү, таасирдүүлүгү кашкая көрүнүп турган сүрөттөмөлөрдү, турмуштун өзүндөгүдөй диалогдорду, чебер сүрөтчүнүн картинасындай пейзаждык этюддарды адабий-эстетикалык, лингвистикалык, педагогикалык максаттарда колдонууга болот. Мындай иштерге ылайыктуу көркөм материалдар романда жайнап турат десек болот.

Жогортодо айтылгандай, эки элдин сыймыктуу уулдары тууралуу жазылган М.Ауэзовдун «Абай жолу» жана А. Токомбаевдин «Токтогул» романдарындагы мында учкай гана сөзгө алынган идеялык-көркөмдүк маселелерди (тематикалык жакындык, образдардын көркөм-эстетикалык табияты, философиялык, педагогикалык ойлордун тереңдиги менен үндөштүктөрү, козголгон проблемалардын олуттуулугу жана тектештиги, сүрөттөө чеберчиликтери ж.б.) салыштыруунун өзү эки автордун чыгармачылыгында гана эмес, жалпы эле эпикалык прозасынын өнүгүшүндөгү бир катар мыйзамченемдүүлүктөрдү ичкертен ачып берүүгө ыңгайлуу шарт түзөр эле. А. Токомбаевдин романы толук эмес болсо да, анын бүткөрүлгөн бөлүмдөрү боюнча деле ушундай иштерди жүргүзүү мүмкүнчүлүгү бар жана ал өз кезегин күтүп турат. Анткени бүткөрүлбөсө да роман аныгында эле мыкты жазылган.

#### **Адабияттар:**

1. Токомбаев А. Токтогул: роман, 1-бөлүк. - Советтик Кыргызстан журналы, 1955, № 2, 5, 6, 7, 9, 11.
2. Токомбаев А. Токтогул: роман. - Б.: Улуу тоолор, 2024.
3. Жигитов С. Көч башылардын бири. - Китепте: Улуулулуктун татаал жолу: А.Токомбаев адабий макалаларда, эскерүүлөрдө, документтерде. Түзгөндөр: Т.Токомбаева, Б.Исакова. - Б., 2004, 252-б.).

*Сейілбек СӘКЕН,  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институтының жетекші ғылыми қызметкері,  
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор*

## **«ҚАРҒАБОЙЛЫ ҚАЗТУҒАН» ЖЫРЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ**

Мұрын жыраудан жазылып алынған «Қырымның қырық батыры» эпикалық топтамасының құрамындағы «Жеке батырлар» цикліне енетін жырлардың бірі «Қарғабойлы Қазтуған» деп аталады. Бұл туындыны оқи отырып көзіміз жететін ақиқаттардың бірі – түркі халықтарының атақты жырауы Қазтуғанның есімімен қосарлана айтылатын «Қарғабойлы» деген сөздің кейбір зерттеушілер қате жорамалдағандай аталған жыраудың дене тұрқының шағындығын аңғартатын эпитет емес, кісі атауы екендігі. Оны аталған кейіпкердің өзінің ағайыны әрі жауынгер серігі болып табылатын батыр туралы жырда: «Қатарласым Қазтуған», – деуінен [1, 188] де аңғаруға болады. Қарастырылып отырған туындыда Қарғабойлының Қазтуғанның ағасы екендігі, оның Қазтуғанмен тізе қоса отырып елді жаңа жерге қарай бастап көшуде де, босқан елді шабу мақсатын көздеп келген жауға қарсы соғыс жүргізуде де асқан қайрат-жігерімен және ерлігімен айрықша дараланғаны да бейнеленген.

Қазтуғанның өзін сипаттай айтқан толғауындағы:

«Бұдырайған екі шекелі,  
Мұздай үлкен көбелі»,–

деген тармақтар (2, 39) аталған жырауды қарға бойлы, яғни кішкентай ғана кісі ретінде көзге елестетудің қисынсыз екенін ұқтыра түседі.

Жыраудың өз толғауларында да, халықтың аңыздары мен жырларында да оның бастапқы қонысын тастай көшуге мәжбүр болғандығы айтылады. Мысалы, Мұрын жыраудың репертуарындағы жыр Темірдің төмен қасында, Жем өзенінің жағасында тұратын ноғайлар он сегіз күн кеңескенін баяндаудан басталады. Кеңеске қатысқан кісілердің қандай шешімге келгені:

«Асан қайғы, Ер Тоған  
Сыр дариясын жағалап,  
Нұрдың Қарабайыры,  
Солай асып жөнелді.  
Қарғабойлы, Қазтуған:  
«Шам шәһаріне жетем, – деп,–  
Мұнда тұрып, не етем?» – деп,  
Қарт Әділ Жәнібек  
Қалған жері осы еді.  
Асан қайғы көшкен жер  
Шыңғырлау, Торыат басы еді,  
Қыземшекті, Сарышоқы  
Осы судың қасы еді»,–

деген жыр тармақтарында айтылады (1, 183).

Келтірілген үзіндіде есімдері кездесетін Асан қайғы, Жәнібек атты тарихи тұлғалар Алтын Орда дәуірінде өмір сүргені белгілі. Соған орай Қазтуғанды да сол дәуірде өмір сүрген сөз зергері деп білетіндер бар. Дегенмен Қазтуған туралы өзге жазбалар бұл мәселе туралы ортақ байламға келуді қиындатады. Мысалы, Ш. Кәрібаев 1981 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына өткізген «Мырза айтар екен (Қазтуған сөзі)» атты мәтін:

«Сөйткен менің Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың.  
Қайырлы болсын сіздерге  
Менен қалған Еділ жұрт!» –

деген шумақпен аяқталса (2, 40), Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы тұрған, жинаушысы белгісіз «Қазтуғанның жер-сумен қоштасуы» атты толғаудың алдында берілген айтушы өзі сақтап жеткізген толғаудың шығу тарихы туралы: «Ноғайлының заманында Сүйінішұлы Қазтуған деген батыр болған. Қазтуған Ханада хан екен. Қонысы Жайықтың күнбатыс бетіндегі Нарын, Қабыршықты, Қарасу деген жерлер екен. Күндердің күні болғанда: «Осы қоныста отырып жұрағатым таршылыққа қалады»,– деп, орыстың Қалталы Қара Иван деген ханының заманында бір бөлек елді бастап күншығысқа ауған екен. Осы күнгі «Ауған» деген жұрт Қазтуғанның жұрты-

мыс. Кетерінде қонысымен қоштасып Қазтуғанның айтқаны», – деген түсініктеме берген (2, 42).

Ал М. Османовтың 1883 жылы Санкт-Петербургте жарияланған «Ногайские и кумыкские тексты. Хрестоматия» атты кітабындағы «Әліпез бидің баласы» атты мәтінде Қазтуған өз елі бастан кешірген босқыншылықты:

«Жайықтың бойы көк шым-ай  
Ерте аттандық, кеш түстік.  
Бұ кәуірдің орнынан,  
Шабуыл Мәскеу төрінен,  
Ока деген суынан,  
Басқыншақ деген жерінен  
Басып, шауып өткенбіз.  
Жағасына біткен талдарын  
Қырып, көпір еткенбіз.  
Бұл кәуірдің ұзын шекпен солдатын,  
Қысқа шекпен майорын,  
Төрт көпшік қыз алаққа,  
Жүктетіп жақсы ағама мен өзім,  
Бәлек сауқат еткенмін.  
«Бұл кәуірдің шет қаласы Терек-ті, – деп, –  
Айналасы шымдап соққан берік-ті, – деп, –  
Ішіндегі аз мұсылман, көп кәуір  
Әлдісі Қырым өтті, – деп, –  
Ішіндегі әлсізі  
Кәуір болмай, не етті?!» – деп,  
Қайтуға баққанда,  
Мен қуатсыз қайта шауып, өкіндім», –

деп суреттеген [2, 47]. Ал жырау өзі қоныс аударғанға дейін жоғарыда аталған жерлердің қайсысын мекендеді деген мәселеге келсек, ноғайлардың Жем, Жайық, Еділ өзендердің барлығын қоныс еткенін, олар көшпелі өмір салтын ұстанған халық болғандықтан, жағдайға байланысты мекенжайларын ауыстырып отырғанын ескерген жөн ең әуелі.

Ал М. Османовтың хрестоматиясынан алынып, жоғарыда келтірілген мәтінде жаңа жерге келген ноғайлардың Ресей патшалығының отаршылық саясатында пайдаланған казактар және өзге де содырларының шапқыншылығына ұшырап, жан тыныштығын Қырым хандығынан іздей босқанын, бірақ сол сапарында орасан зор шығынға ұшырағанын аңғартады.

«Қырымның қырық батыры» циклінде Қазтуғанның өзінің қарамағындағы елді Шамға алып кеткені туралы айтылуына келсек, эпос жанры үлгілерінде тек тарихи шындық қана емес, халықтың арманы да көрініс беретінін ескерген лазым. Мұрын жырау репертуарындағы жырдың осы тұсынан халықтың өз өкілдері Селжук сұлтандарының, хорезмдік жасақтардың, мамлюктердің кезінде Шамға дейін барып, өздерінің даңқты жеңістермен бүкіл мұсылман әлемінің мерейін үстем қылғанын ғасырлар бойы мақтанышпен ұрпақтарына жеткізіп отырғанын, сөз өнері туындылары арқылы сондай айшықты уақыттарды көксейтінін білдіріп отырғанын аңғартады.

Ауғанстан мемлекетінің де Қазтуған өмір сүрген кезеңге дейін қалыптасып үлгергені белгілі. Мысалы, Мұхаммед Шайбанидың тегеурінімен XVI ғасырдың басында атасынан қалған иелігін тастап кетуге мәжбүр болған Бабыр өзінің жазбаларында әуелі Ауғанстанға барғаны туралы жазған.

Ноғай ғалымы А.И.-М. Сикалиев Қазтуған Сүйінішұлы және онымен замандас ақындар туралы: «Жили и творили в тяжелом и грозном для ногайского народа XVII веке, когда шла борьба с нашествием джунгарских ханов. Это не могло не наложить отпечаток на их творчество, осуждающее агрессию и воспевающее мирную жизнь», – деп жазған (3, 55).

Сикалиев аталған еңбегінде келтірген Қазтуғанның толғауындағы:

«Алдаспан ман максым тапса,  
Бу ембойлык дегенинь  
Алты атасын сатады.  
Алемге алек келгенде,  
Алп Ногайым арка бойда  
Кан тоьгисе оьлгенде,  
Бу ембойлык тувғаным  
Атандай шеке берип яьады», –

деген тармақтарында (3, 49) бейнеленген әлеуметтік жағдай туралы тарихшы В.В. Трөпавлов: «Пребывание джембойлуков под калмыцким владычеством, отказ их от борьбы с тайшами, участие в набегах на ногаев настроили последних против эмбинцев. Озлобление это ярко выражено в поэме «Джембойлук»

ногайского поэта XVII в. Казтугана Сююнс-улы», – деп жазған болатын (4, 448).

Қалмақтардың шабуылдарының салдарынан ноғайлардың Жем бойынан Жайыққа қарай ығысуына тура келгеніне В.В. Трепавлов: «В конце XVII – начале XVIII в., когда массы кочевников хлынули с востока в приуралские степи, спасаясь от джунгарского нашествия», – деп тоқталған (5, 252 с.).

А.И.-М. Сикалиев жоғарыда аталған еңбегінде ноғайлардың осындай зорлық-зомбылықтың әсерінен туған жерін тастап, басқа жаққа қоныс аударуға мәжбүр болғанына тоқтала келіп, біз сөз етіп отырған тарихи тұлғаның жаңа мекені Кубань өңірі болғанын атап көрсеткен (3, 55). А.И.-М. Сикалиев аталған еңбегінде Қазтуғанның Кубаньға қоныс аударуын туысқан орыс халқынан пана іздеу ретінде қарастырған (3, 55). Ұлы Ноғай Ордасының тарихын білмеген адамның бұндай тұжырымды ақиқат ретінде қабылдауы мүмкін. Дегенмен тарихи деректер Кубань өлкесінің Ұлы Ноғай Ордасының ежелгі дәуірлердің өзінде ту тіккен жерлерінің бірі екенінен хабар береді. Оны В.В. Трепавловтың Ұлы Ноғай ордасы тарих аренасында болған кезде оның құрамында болған ордалар туралы: «Некоторые из них оказались недолговечными и слабыми – Кубаньская и Азовская; другие были более стабильными, поскольку складывались еще в эпоху существования ногайской державы – орды Едисан, Едишкуль и Джембойлук», – деп жазғанынан да (4, 434) аңғаруға болады.

Аталған ғалым сөз болып отырған өлкенің XVI ғасырдың орта шенінде ноғайлардың тығыз қоныстанған жері болғанын: «Не добившись заметных успехов, постов и достатка под началом биев Саид-Ахмеда, Шейх-Мамаю и Юсуфа, Гази со своими «улусными людьми» перебрался в Прикубанье и разорвал все отношения с Сарайчуком. Теперь он решил вмешаться в раздоры и свергнуть своего двоюродного деда Исмаила. Позднее Гази вместе с Юнусом (старшим сыном Юсуфа – С.С.) возглавил войско мирз-«казаков», – деп аңғартқан (4, 277).

Ұлы Ноғай Ордасының қуаты тасыған кезде оның халқы Жем, Жайық, Еділ өзендерінің бойын кеңінен жайлағаны белгілі. Дегенмен олардың өзара қырқыстарын ұтымды пайдаланған жат жұрттықтар олардың өз қоныстарынан бірте-бірте айырылуына

мәжбүр етті. Қазтуған жыраудың әр кездері айтқан толғауларындағы жер атаулары ноғайлардың сыртқы жаулардың қысымымен Жем бойынан әуелі Жайықтың жағалауына, одан кейін Еділдің бойына қоныс аударғанынан хабар береді. Тарихи деректер Ұлы Ноғай Ордасының халқы Еділдің бойында да тыныштық көрмегенін білдіреді. Аталған өңірде казактардың қысымына ұшыраған ноғайлардың Қырымға жиі қоныс аударуы XVI ғасырдың соңында басталғанын В.В.Трепавлов: «Еще в 1581 г. русские наблюдатели стали замечать ослабление и оскудение собственно Большой Ногайской Орды, территории улусов, сконцентрированных вокруг бия. Все больше кочевников перебирались на Крымскую сторону и казыевцам», – деп аңғартып (4, 328), халықтың мұндай босқыншылыққа ұшырау себебіне: «Главную причину перемещения Больших Ногаев я вижу именно в спасении от бесчинствовавших в Волго-Яицком междуречье казаков, а не в стремлении создать более удобные условия для нападения на Русь в союзе с крымцами и казыевцами», – деп тоқталған (4, 328).

Бірақ қоныс аударғандардың барлығы бірдей дйттеген жері – Қырым хандығына жете алмағанын М. Османов кітабынан алынған Қазтуғанның жоғарыдағы толғауы айқын көрсетеді. Ноғайлар жерұйық мекен деп көзге елестеткен Қырым өлкесіне жете алмағандардың бірі Қазтуған болғанын ноғай ауыз әдебиетінің білгірі А. Жәнібеков жинаған толғауларында аталған жыраудың казактарға қарсы күрестерін суреттейтінінен аңдауға болады.

Ал Мұрын жыраудың репертуарындағы жырда Қазтуған мен оның жақын-жуықтарының бейнелері классикалық қаһармандық эпос үрдісінде сомдалған. Олардың мындаған жаумен жалғыз жүріп соғысатын қаһарман болғандары қалмақтармен соғыс барысында көрінеді. Жыр кейіпкерлерінің мұндай қактығыстарға тап болуына Қазтуғанның Бозмая атты түйесінің ботасын тастап, бұрынғы өмір сүрген жері Жемге қарай қашып кетуі себеп болады. Қазтуған түйенің соңынан қуып кетеді. Сонда Қазтуғанның жалғыз қызы әкесінің артынан баруға анасынан рұқсат сұрайды. Анасы қызына жолға жалғыз шықпай, ақ сақалды қарияны қасына ерткені жөн екенін айтады. Осы мәселені шешу үшін қыз Қарғабойлыға барғанда, ол халқын жинап, олардың бірінің қызға басшы болып жолға шығуын



сұранғанда, олардың барлығы бұл ұсынысты орындауға келіспейді. Шарасы таусылған Қарғабойлы қызға өзінің қалған елді қамқорсыз тастай алмайтынын айтып, қызға жолға шықпай-ақ қою жөнінде кеңес беріп, Қазтуғанның аман-есен келетініне сенім білдіреді.

Дегенмен қыз еркекше киініп алып, жолға аттанады. Ол кетерінде анасы өзін ойлап, уайымдамауы үшін оған өзінің жауынгерлік өнерді жете меңгергенін дәлелдейді. Сол үшін ол анасының қолына құмалақ алып, лақтыруын өтінеді. Айтқанын істеген анасына қыздың көрсеткен өнері:

«Тұлпарға қамшы салады,  
Жерді басып тұрмады,  
Оғындай мылтық зырлады,  
Еңкейіп найза салады,  
Түскенше жерге құмалақ  
Біреулеп шаншып алады.  
Ат зырылдап өткенше  
Он-он бесін еңкейіп  
Құмалақтың алады»,–

деген тармақтар арқылы (1, 194-195) суреттеледі.

Қыздың бұндай өнері оның әкесінің артынан аттанған жолында кездескен қалмақтың қолымен ұрыста пайдаға асады. Шұбырған қалың қолмен қыздың қақтығысы ежелгі дәстүр бойынша жекпе-жектен басталады. Ұрыс алдында айтысқан бопсаласуды суреттеу арқылы жыршы Қазтуғанның жауынгерлік даңқы алысқа кеткенін аңғартады. Оған қыздың өзін «Қазтуғанмын» деп таныстыруының қарсыласына еткен әсері:

«Сонда қалмақ торығып,  
Ұрысуға қорқып,  
Дем ала алмай зорығып:  
«Қайтайын кейін мен»,– деді»,–

деп суреттелуі (1, 198) дәлел бола алады.

Жырда қыздың жаумен алты күн бойы соғысып, мың қалмақтың жеті жүзін өлтіргені, жаудың қалған үш жүзі қашып құтылғаны суреттеледі. Одан ары қарай аттанып, қайтып келе жатқан әкесімен жолыққан қыз әкесімен екеуі алдыңғы кеткен

ноғайдың соңынан келе жатып бұларды күтіп, қалың елден бөлініп, жалғыз өзі қалған Қазтуғанның кемпіріне жолығып, сол жерде жарты айдай демалған соң ілгері қозғалады.

Қазтуғанның қызын әлем эпосындағы амазонкалардың қатарына қосуға болатынына біз қазір қарастырып отырған жырдағы сарындарға салыстырмалы талдау жасаған бұрынғы еңбегімізде (6, 297-303) тоқталғандықтан, ол тұжырымдарымызды бұл жерде қайталап жатуды жөн көрмедік.

Жырда ілгері кеткен Қарғабойлының елін бастап барып Қазаншық деген судың басына орналастырғаны баяндалады. Сол жерде отырған халықты ноғайлардың сапарынан хабарланған Серен деген басшысы бар мың кісілік қалмақ қолы қуып жетеді. Жаудың жақындап келе жатқанын жансызы арқылы білген Қарғабойлы Қазтуғанды хабарландыру үшін адам жібереді. Қазтуған келгесін, екі батыр жауға қарсы аттанады. Ең алдымен Қарғабойлы қал-мақтың бас батырын жекпе-жекте өлтірген соң ағалы-інілі екі қаһарман қалмақтың мың кісілік қолымен соғысып, оларды қырғынға ұшыратады. Ең соңында Қазтуған қалмақтардың ханы Серенді жекпе-жек ұрыста өлтіреді.

Жыр соңында жырау өзі жаздырып отырған туындының дүниеге келу тарихына:

«Ел аңыз қып айтады  
Қазтуған ердің өмірін.  
Естіген елден ертектей  
Жыр қылып ұзын ырғасын  
Өрдім жырдың өмірін»,–

деп тоқталған (1, 217).

Мұрын жырау репертуарында «Асан қайғы, Тоған, Абат» атты жырдың да болуы, оның үстіне «Әмет» атты жырда Шөлгез деген кейіпкердің кездесуі жыршының өз шығармашылығы арқылы жыраулық поэзия өкілдері образдарының галереясын жасауды да мұрат тұтқанын аңғартады. «Қырымның қырық батыры» атты эпостың осы және өзге де ерекшеліктері оның замандастарымызды рухани жаңғыртуға қызмет ететін аса маңызды идеологиялық құрал екенін байқатады.

### Әдебиеттер:

1. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Батырлар жыры. 51-том. – Алматы: «Foliant» баспасы, 2008.
2. Жыраулар поэзиясы. – Алматы: «Silver Press» баспасы, 2022.
3. Сикалиев (Шейхалиев) А. И.-М. Ногайский героический эпос. – Черкесск: КУЧИГИ; 1994.
4. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М.: «Восточная литература» РАН, 2002.
5. Трепавлов В.В. Тюркские народы средневековой Евразии. Избранные труды. Казань: ООО «Фолиант», 2011.
6. Сәженов С. «Қарғабойлы Қазтуған» жыры және эпикалық дәстүр // кітапта: «Ғылым мен білім саласындағы мәдениеттер тоғысы» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. 29-30 сәуір 2011 жыл. Алматы: Сүлеймен Демирел атындағы университет, 2011.

*Prof. Dr. Mehmet Naci ÖNAL,  
Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi,  
Edebiyat Fakültesi Türk Dili ve Edebiyatı  
Bölümü öğretim üyesi,  
AKMB bilim kurulu asli üyesi.  
ORGİD No: 0000-0002-2397-0697*

## **MİTTEN MENKİBEYE KAMDAN İMAMA DÖNÜŞÜMLER VE İSTİSMARLAR**

### ÖZET

Halk inanışların temeli mitlerde aranır. Mitlerden efsanelere ve halk inanışlarına geçişler yıllar içinde dönüşmüştür. Bu dönüşümlerin doğal yollarla olması yanında insan eliyle yapay olması da söz konusudur. Eren ve evliya inanışları, Orta Asya'dan Anadolu'ya taşınırken çeşitli kurgularla bu doğallık zaman zaman bozulmuştur.

Geçmiş zamandan günümüze toplum yapıları açık, yarı açık ve kapalı toplumlar olarak gelmiştir. Halk inançları açık bir şekilde devam ederken, tekke ve zaviyeler toplum yararını gözetmiştir. Kapalı toplumlarda tekke ve zaviyelerin yerini cemaatler almış ve halkın yararı ve öte dünya endişesi yerini bu dünyaya yöneltmiştir. Doğal inanç yapıları, yapay dokunuşlarla dünyevileştirilmiş, din bu dünyada iktidarı ele geçirmek için kullanılmıştır.

### ABSTRACT

The basis of folk beliefs is sought in myths. Transitions from myths to legends and folk beliefs have evolved over the years. While these

transformations can occur naturally, they can also be artificial by man. While the beliefs of clergyman and saints were carried from Central Asia to Anatolia, this naturalness was distorted from time to time with various fictions.

From past to present, social structures have existed as open, semi-open and closed societies. While folk beliefs continued openly, lodges and zawiya took care of the benefit of the society. In closed societies, lodges and zawiya were replaced by communities, and the public's benefit and concern for the afterlife were replaced by this world. Natural belief structures have been secularized with artificial touches, and religion has been used to seize power in this world.

## **Giriş**

Efsane tanımı pek çok sözlük, ansiklopedi ve bilim insanlarınca yapılmıştır. Efsanelerin temel özelliği, inanç kodlu olmalarıdır (Önal, 2013: 19-23). İnanç temelli anlatılar mitlerle başlar, efsanelerle bir öykü bağlamında devam eder. Öykülerini yitirenler ise halk inanışları olarak bir veya birkaç cümleyle ifade edilir. İnancın göbeğinden beslenen mit ve efsaneler bir yönüyle kutsal kabul edilirler. Kutsal olarak atfedilen efsaneler adeta sihirli bir koruma oluşturup bu kodlar üzerinden sonraki kuşaklara aktarılır. İnanç kodları aynı zamanda kalıplaşmaya ve dogmaya müsait hale gelir. Eğer bu inançlar hafife alınır, alay edilir, ötelenirse bunları yapanlar, sihirli/gizemli bir şekilde cezalandırılır. Efsaneler, böylece umut ve korku arasında toplum katında kendine bir yer edinir.

Kut döneminden (İslam öncesi) ve İslami döneme geçilirken mitik inançlardan başka bir inanç aşamasına geçilmiş olunur. Bu aşamada dini bilgilerle birlikte mitik bilgiler parçalanarak aktarılır ve meşrulaştırılır. İslam adına kut döneminden pek çok kutsal bilgi İslam inançlarıyla uyumlaştırılmıştır. Bunun anlamı inançlar arasındaki ortaklığa dayanır. Metafizik dünyadan haber veren kamlardan erenlere, evliyalara dönüşmüş; Türkçe: bab, baba, eren, ermiş; Farsça pîr, Arapça şeyh adıyla anılır olmuşlardır.

Mitlerdeki inanç kodları destanlarda ve masallarda kaybolurken efsanelerde devam ettirilmiştir. Günlük yaşam içinde kutsala bağlı efsanelerin önemli bir bölümünü menkıbeler oluşturmaktadır. Menkıbeler de bir yönüyle mitolojiyi devam ettiren anlatılardır. Derin inanışların veya din adamının hatırasını devam ettirmek, toplumun düşünme biçimini ifade eden bir tarihe dönüşür. İnanışlar ve ahlak

sistemi tekrarlarla muhafaza edilir. İbadetler veya ayinler, toplum katında birliđi sađlayıp insan iliřkilerinde güven duygusunu pekiřtirir (Durkheim, 2006: 169).

### **Menkıbevi Toplumlar**

Menkıbeler, yaratılıřın gayesini hatırlatan, erdemli ve ahlaklı olmayı telkin eden tembihlerden oluřmaktadır. Gnlk yařamın temel dinamikleri arasında ahlak vardır. Bergson'a gre, ahlak ve din hem yařamdan beslenir hem de yařamı besler. Gnlk yařamın stats gemiřten gnmze dek aık, yarı aık ve kapalı toplumdan oluřmuřtur. Aık toplumlarda mistisizm bađlamında bir ahlak anlayıřı ne ıkar. Arzu edilen sreler gzetilir. Sorumluluđun iřtirak iinde olgunlařması beklenir. Mistik heyecandan dođan din, ahlak yařatılır. Sekin kiřilerin temsil ettiđi misyon, đt ve tavsiyeler gerekli tesiri yaratmayabilir. Bu prensipler yařanarak ortak anlayıřla birlikte ahlaklık iinde oluřur. Bunu elde etmek iin insan zeksiyla birlikte sevgi aracılıđıyla yařam biimlenir. Yapıp etmelerin tamamı zgr irade iinde gerekleřir (Dedeođlu, 2005: 139-140).

Kapalı toplumlarda ahlak, konikleřir, birbirini kontrol etmek suretiyle statik bir hal alır; geliřmelere ve yeniliklere kapalıdır. Din ve dinin temsilcileri (baba, eren, hoca, imam vb.) sorgulanmaz. Kayıtsız řartsız inanılır, itaat edilir. Biat kltr oluřturulur. Kapalı toplumlarda uyulması beklenen davranıřlar kontroller zerinde yrtlr. Sevgiden deđil, dramatik bir řekilde kiřiler, ruhsal olarak oluřturduđu sempatiyle kendini kabul ettirir. Sezgi ve sempatiyle ruha gelen paylařım arttırılmıř olunur (Dedeođlu, 2005:131-133).

Var olmak iin srekli deđiřmek, olgunlařmak prensipleriyle mistikler sevgiyle toplumu aydınlatırlar. Sorumlulukları deđiřtirecek ve onu ařacak olan řey sevgidir. Aık ahlak, kimseye kin duymayan evrensel bir ařka dayanır (Dedeođlu, 2003: 129). Yarı aık toplumlar ise geiř dnemi zellikleri tařırlar.

Mistik řahsiyetler herhangi bir olađanstlk gstermemiř olsa bile, halk onlara eřitli olađanstlkler atfeder. Bu olađanstlklerin uzun bir listesi vardır. Hoca Ahmet Yesivi'den, Sarı Saltuk, Yunus Emre, Hacı Bektař-ı Veli, Kaygusuz Abdal'a kadar pek ok eren ve ermiř iin anlatılar menkıbeler vardır. Olađanst anlatılar, ok bilinen řahsiyetlerden yerel eren ve evliyalara dek yzyıllar boyu devam ettirilmiřtir. Yzyıllar iinde anılan byk mutasavvıflar ve onların etrafında anlatılanlar gnmze menkıbe

örnekleri olarak gelmiştir. Çin ve Arnavutluk arasında uzanan coğrafyada İslam mistisizmi inanç ve dinlere ait mitolojiyi de içine alan geniş bir hoşgörüyü evrensel olan inanç yaşatılmıştır (Turhan Tuna, 2016: 22).

Önemli şahsiyetler hakkında anlatılan menkıbelerin İslami kuralları aştığı, en eski inançlarla karışmış olduğu bilinmektedir. Bu karışmaların halk katında bir karşılığı bulunmaktadır. Halk Müslümanlığı, kut dönemine kadar uzanan önceki birikimler ve kabullerle beraber oluşmuştur. Bu kabuller çoğu zaman İslami kuralların dışına düşmektedir. Halk Müslümanlığının mezar/türbe Müslümanlığına dönüştüğü görülmektedir. Ölmüş olsa, yüzyıllar geçmiş olsa bile türbe sahibinden çeşitli isteklerde bulunmak için, ziyaretler yapılır. Ziyaret edilen türbelerin önemli bir kısmı Orta Asya kültürünü yansıtan obooların devamı niteliğindedir. Yüksek dağlardaki hakanların ve kamların mezarları gibi dağların zirvelerindeki mezarlar, bunlara bağlı çeşitli anma ve kutlamalar dilekler söz konusudur.

Yatır ziyaretleri heyecan içinde beklentilerle gerçekleştirilir. İslam öncesi inançlardan bazıları: Bir sayının uğursuz sayılması, baykuşa uğursuzluk atfedilmesi, ağıt yakılması, ölenlerin arkasından yemek dağıtılması, muska yapılması, fala bakılması, gelecekte haber verilmesi, türbelerin bir inanç merkezi olması sayılabilir (Kalender, 2018: 38-48).

Kamların olağanüstülüklerin önemli bir kısmı, İslam sonrasında farklı coğrafyalarda zengin menkıbelerle devam ettirilmiştir. Erenlerin yardım ettiğine, hastalığı iyileştirdiğine, geleceği ve akıldan geçeni bildiğine, zaman ve mekânı kısalttığına (tayy-ı zaman ve tayy-ı mekân), kuşa ve çeşitli hayvanların donuna girebildiğine, bebek iken konuşabildiğine, kendi mezarını koruduğuna, su bulup çıkarabildiğine, bereketli ve bitmeyen yiyecekleri oluşturabildiğine, rüyada haber verdiğine, savaşanlara yardım ettiğine, nesnelere hareket ettirebildiğine inanılır (Önal, 2013: 79-86).

Türbe ziyaretlerinin tamamında yararçı bir talep vardır. Türbeye gelenler kam inanışını devam ettirip türbe sahibinden kendi faydası için dileklerde bulunur. Ev, araba, çocuk, eş, zenginlik gibi talepler dünyadaki müşküllerini gidermek içindir. Kendini arındırmak, olgunlaştırmak, daha iyi bir insan olmak gibi talepleri yoktur.

## **Dönüştürmeler ve Projelendirmeler**

İslam dünyasının yüzyıllar içinde çağdaş dünyanın gerisinde kalmış olması, dinin temsilince istismar edilmesine bağlanır. Aklın geri itildiği, sadece inanmaya dayalı selefi bir yaşam biçimi, İmam Maturidi'nin anlayışına da ters düşmektedir. Akıl yoluyla imanı idrak etmenin yerini, zaman zaman Eş'ari anlayışına, yani sadece iman etmeye, akli geri plana itmeye bırakmıştır (Heyet, 1998(?)/I: 24-25).

Tekke ve zaviyelerin Türkiye'de kapatılması sonucunda, mensupları yeraltına inmiş, kapalı bir şekilde inanç ve ibadetlerini devam ettirmişlerdir. Bu kapalı ve gizli saklı dini bilgilerin halk arasında gizliden gizliye öğretilmesi yeni sonuçlar doğurmuştur. Eski tarikatlar ve eren ve ermişler üzerinden kendilerini yenilediği iddia edenler görünür olmuştur. Bu yeni dini yapılar, tekkelerin geçmişteki saygın mirası üzerine konmuş, cemaatler olarak ortaya çıkmışlardır. Bunun anlamı dünyevileşmektir. Kapalı topluma dönüşen yapılar, kendi içlerinde yeni bir dünya inşa etmişlerdir. Bu yeni durum doğrudan ve dolaylı olarak siyasi bir renk içinde filizlenmiştir. 1980'li yıllardan sonra siyasi ve dini yapılar arasındaki bağlar giderek belirginleşirken gizli yapılar cemaatleşerek görünür olmuştur. Kapalı toplum anlayışı yarı açık topluma dönüşmüştür. Pek çok kapalı cemaat yapıları, biat kültürü içinde Eş'ari inanışını devam ettirmişlerdir. Yorumlara açık olan kalamî kollar ve selefi anlayışlar içinde çeşitlenmiştir.

Mitik inanışların yerini alan halk Müslümanlığı, kendi doğal seyri içinde devam ederken cemaat çevreleri bu tür Müslümanlığı hoş karşılamamış, onları yeniden biçimlendirmeye çalışmışlardır. Cemaat yapısının din adına telkinleri ve hükümleri yaygınlaşırken bir taraftan da siyasileşmeyi sürdürmüşlerdir. Daha çok taraftara sahip olmak gayesiyle içte kapalı ve dışta yarı açık bir yol izlenmiştir. Görünen ile görünmeyen, iç hizmet ile dış hizmet arasında takiye yapma yolu seçilmiş ve bu durum mubah görülmüştür.

Yeni liderlerin kutsallaştırıldığı bir anlayış biçimi yaygın hale getirilmiştir. Canlı bir eren veya evliya kamuoyuna sunulmaya başlanmıştır. Kapalı toplumların sırları içinde cemaatler de yeni menkıbeler üretmiş, bu kutsal anlatıları belli bir kişiye bağlamışlardır. Belirli kişi tektir ve mutlak otorite sahibidir. Liderin grup içindeki tartışmasız otoritesi, liderin kazanmasına aşırı bağlılık duygusu oluşturur. Lider bu gücü sayesinde gurubun bir üyesini yok edebilir

veya yaşatabilir. Bu yüzden sevildiği kadar korkulur da (Volkan, 2005: 90).

Maturidi'nin akıl yoluyla belirlediği itikat ile dini yaşamak, istismarları önleyebilir. Sevginin çok ötesinde kinle çevrelenen cemaatler, menfaat elde eden cahil kimseler olup taassuba dayalı çemberin dışına çıkamazlar. Kutsallık adına iş görüp kendi müstevlilerini korumak durumunda kalırlar. Gerçek ilahi aşk etrafındaki şahsiyetler, topluma ışık saçarlar. Ahlakı tamamlamak adına sorumluklar taşırlarken dini, dünyevi amaçları için kullananlar, aşkının kaynağı olan dini, ideolojinin kalıpları içine hapsederler. Kalıplar içinde, düşünmeyi ve düşünenleri reddeden kanoncu, menfaatçi din adamları ihanet eder (Topçu, 2017: 24, 31).

Mitik bilgilerinin tabuları modern toplumlarda cemaatlere dönüşmüş, bütün dünyada yaygın sapkın topluluklar ortaya çıkmıştır. İnsanların inançlarının istismar edildiği bir cemaat yapılanmasının sebebi, halk katında dini bilgilerin yeterli olmaması, dinin kutsallığı, gelecek kuşaklar hakkında endişe duyulması gibi sebepler sayılabilir. Aile birliğini sarsan yapı, toplumu bölmüş, yeni bir tür çoğalmayı sadece dini sempatiyle katılanları, ticari destek olanları ve (dış boyutlarıyla) ihanet çemberinde rol alanları, dine dayalı sosyal projenin bir mensupları olmuşlardır.

Uluslararası arenada dinler arasın diyaloglar dillendirilmiş, basın ve yayın organlarında İncil'den pasajlar, önemli tarihi şahsiyetlerin mistik söylemleri ve isimleri arasına yedirilmiştir. Aslında yurtdışı bağlantıları olduğu sonradan anlaşılan cemaatlerin, siyasi gücü elde etmek için dini bir enstrüman olarak kullandıkları, kanlı olaylar sonucunda ortaya çıkmıştır.

Aklın imandan ayrı düşünülmesi, akıl-iman doğal dengesinin bozulması, kişisel ve toplumsal iç huzursuzlukları da beraberinde getirmektedir. Kutsalın yenilenmesinde dinin anlaşılması için araya girenlerin Mevlana Celalaeddin-i Rumi'nin de ifade ettiği gibi: "vay o yanlış tevil edenlerin hallerine" ifadesiyle açıklanabilir. Dini kendi şahsi müstevlileri için kaynağından saptırarak yorumlayanlar, günlük yaşamın inançlarını istismar etmeye her zaman açıktırlar. Dinin ve ahlakın iki kaynağı zekâ ve sevgidir. Bilgi arayışındaki zekâ, sevgiye koşuttur (Dedeoğlu, 2003: 152). Bunun dışına düşmek tehlikeye açık olmak demektir.



İnanca dayalı zihinsel deęişimler, orta çağ düşüncesinin kanaatkâr ve ötekini düşünen yapısı, yerini para, altın, gümüş, mevki ve soylu olma merakına bırakabilir. Kazancının normalin ötesinde elde edilmesi (dolandırıcılık, hile, baskın, soygun vb.) yanında, hayal ürünü olan sihir ve kerametlerle, gerçek dışı düşüncelerle toplumlar yönlendirilebilir (Ülgener, 1981: 130). Günümüzde birisi, rüyadan haber aldığını, bir ses işittiğini veya hayal gördüğünü ileri sürdüğü zaman, o kişi kutsal birisi veya kâhin gibi görülmez, daha çok ruh hastası olarak kabul edilir (Handersen, 2009: 106).

### **Sonuç**

Mitlerden efsanelere, oradan eren ve evliyaların doğallığının zaman içinde, insan eliyle nasıl deęiştirildiği görülmüştür. Yaşamın doğal akışını yeniden düzenleyip birtakım projelerle insanın en değer verdiği inançlar üzerinden yapılanmalar söz konusu olmuştur. Modern zamanlarda aklını yeterince kullanmayanlar, kapalı toplumlara; miti modern yaşamlarına indirgemiş olurlar. Dünya deęişip gelişirken, toplumlar aklını ihmal ettiği için kapalı kalmaya, en fazla yarı açık bir dönüşüme mahkum olmuşlardır.

İnsanın kendini terbiye edeceği, içindeki kötülükleri iyiye yönelteceği, yaşadığı dünyayı ve öte dünyayı mamur edeceği anlayışı, yerini sadece bu dünyayı elde etmenin heyecanına bıraktığı cemaatleşmelere dikkat edilmesi, hayati önem arz etmektedir. Dinin kutsalları ile bu kutsal bilgileri anlaşılır hale getirmeye çalışanlar arasına, yabancı planlamacılar, şahsi çıkarlarını öne çıkaran birileri her zaman olacaktır. Açık toplum, özgür irade ve akılla-imanın denk olduğu bir dünya düzeni istismara karşı koyabilir.

### **Kaynakça:**

1. Boratav, Pertev Naili (2013). 100 Soruda Türk Folkloru. Ankara: Bilgesu Yayınları.
2. Dedeođlu, M. Münir, (2003), Sevgi Ahlakı Bergson ve Mistik Etik, Ankara: ÜBL Yayıncılık.
3. Durkheim, Emile (2018). Toplumsal İşbölümü, (çev. Özer Ozankaya), İstanbul: Cem Yayınları.
4. İnan, Abdulkadir (1998). Türklerde Su Kültü ile İlgili Gelenekler, Makaleler ve İncelemeler I-II. Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınları.
5. Handersen, Joseph L. (2009). "Modern İnsan ve Mitler," İnsan ve Sembolleri, Çev. Nihat Babaođlu, Okuyan Yay. İstanbul, 104-158.
6. Heyet, (1998?). İlmihal I, İman ve İbadetler, İstanbul: İSAM Yayınları.

7. Kalender, Emine (2018). Birgivi'nin Fikirleriyle Halk İnanışlarının Buluşması ve Ayrışması: Ödemiş Örneği, Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü Türk Dili ve Edebiyatı ABD, Muğla Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi.
8. Önal, Mehmet Naci (2001). Hoca Ahmet Yesevi Tesirindeki Muğla Erenleri, I. Türk Dünyası Lehçe ve Edebiyatları Sempozyumu Bildirileri, 21-22 Nisan 2000, Muğla.
9. \_\_\_\_\_, (2003). Dağ Kültü, Eren Kültü ve Şenliklerinin Muğla'daki Yansımaları. Bilig (25), 99-124.
10. Turhan Tuna, Sibel, (2016). Edebiyat ve Felsefe Bağlamında Dinî-Tasavvufî Türk Edebiyatında “İnsan” XIII. Yüzyıl Anadolu'sundan Başlıca Mutasavvıfları Üzerine Bir Deneme, Konya, Çizgi Yayınevi.
11. Ülgener Sabri, (1981). İktisadi Çözümler Ahlak ve Zihniyet Dünyası, İstanbul: Der Yayınları.
12. Topçu, Nurettin (2017). İslam ve İnsan Mevlana ve Tasavvuf, İstanbul: Dergâh Yayınları.
13. Volkan, Vamık D. (2005). Körü Körüne İnanç Kriz ve Terör Dönemlerinde Geniş Gruplar ve Liderleri, (çev. Özgür karaçam), İstanbul: Okuyanusu Yayınları.

*Али ТУРДУГУЛОВ,  
филология илимдеринин доктору,  
профессор, Ж. Баласагын атындагы Кыргыз  
Улуттук университети (Бишкек, Кыргызстан)*

## **ЭГЕМЕНДҮҮЛҮК ЖЫЛДАРДАГЫ КЫРГЫЗ ТАРИХЫЙ РОМАНДАРЫНЫН ӨНҮГҮҮ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

*Аннотация:* Макалада Кыргызстандын эгемендүүлүк жылдарынан кийинки мезгилдеги адабияты, анын алкагында тарихый роман жанрынын өнүгүү тенденциялары тууралуу сөз болот. Автор эгемен жылдардагы тарихый романдардын авторлорунун турмуштук фактыларга таянуу, тарихый окуяларга карата болгон автордук позиция, каармандардын образдарынын көркөм сүрөттөлүшү сыяктуу маселелерде мурдагы, совет мезгилиндеги жарык көргөн романдар менен салыштырып, кийинки романдардын өзгөчөлүктөрүн белгилөө аракеттерин жасаган. Мында эгемендүүлүк жылдардагы тарихый романдарды эки ири топко классификациялап, алардын бири экинчисине окшобогон белгилерин көрсөтүү маселеси да каралган.

*Түйүндүү сөздөр:* Адабий процесс, советтик адабият, цензура, эгемендүүлүк, тарихый роман жанры, улуттук иденттүүлүк, тарихый каарман, көркөм образ.

Түрдүгүлов Эли Түрдүгүлүлы,  
филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Ж. Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті  
(Бішкек, Қырғызстан)

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫРҒЫЗ ТАРИХИ РОМАНДАРЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

*Аннотация:* Мақалада Қырғызстанның тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдебиеті, сондай-ақ тарихи роман жанрының даму тенденциялары туралы айтылады. Автор тәуелсіз (егеменді) жылдардағы тарихи романдардың авторларын өмірлік фактілерге сүйену, тарихи оқиғаларға қатысты авторлық ұстаным, кейіпкерлердің бейнелерін көркемдік сипаттау сияқты мәселелерді бұрын, Кеңес заманында, жарияланған романдармен салыстыруға және кейінгі романдардың ерекшеліктерін белгілеуге тырысты. Мұнда тәуелсіздік жылдарындағы тарихи романдарды екі үлкен топқа бөліп, бірінің екіншісіне ұқсамайтын белгілерін көрсету мәселесі де қарастырылады.

*Түйін сөздер:* Әдеби үдеріс, кеңес әдебиеті, цензура, тәуелсіздік, тарихи роман жанры, ұлттық болмыс, тарихи кейіпкер, көркем бейне.

## DEVELOPMENT TENDENCIES OF KYRGYZ HISTORICAL NOVELS IN THE YEARS OF INDEPTNDENCE

*Abstract:* The article discusses the literature of Kyrgyzstan after the years of independence, as well as trends in the development of the historical novel genre. The author tried to compare the authors of historical novels of independent (sovereign) years with novels published earlier, in Soviet times, and to establish the features of subsequent novels in such matters as relying on life facts, the author's position in relation to historical events, the artistic description of the images of characters. Here, the issue of dividing historical novels of the years of independence into two large groups and showing signs of dissimilarity of one to the other is also considered.

Көркөм адабияттын роман жанры анын башка жанрларынан (поэзия, драматургия) кескин айырмаланып, өзүнчө спецификалык өзгөчөлүктөргө ээ. Романдан автордун дүйнөтаа-

нымын толук кандуу көрүүгө болот, анын окуялары да кызыктуу келип, окурманды жетелейт. Ал эми тарыхый роман мындан да кызыктуу, мында элдин, улуттун, этностун бүтүндөй дүйнөтөөнү, салтын, карманган принциптерин тарыхый окуялардын призмасынан каралган автордук концепция жатат. Улуттун тарихын таятма фактылар аркылуу эмес, не бир кызыктуу көркөм чыгарма аркылуу өздөштүрүү, менинче, таасирдүү да, түшүнүктүү да, жеткиликтүү. Фридрих Энгельс госпожа Маргарет Каутскаяга жазган каттарынын биринде: «Француз элинин жашоо турмушу тууралуу же болбосо Россия элинин тарыхы менен маданияты тууралуу ошол мезгилдеги тарыхчылардын, социологдордун, этнологдордун эмгектерине караганда Онорэ де Бальзактын же Лев Толстойдун романдарынан көбүрөөк маалымат алууга болоор эле» деген пикирин жазган. Демек, роман жанры көркөм адабий чыгарма болгонунан карабай, элдин турмушун кеңири чагылдыруу мүмкүнчүлүгүнө ээ. Ал ушунусу менен искусствонун башка жанрларынан кескин айырмаланып турат.

Адабият таануу илиминде жалпы теориялык-методологиялык маселе катары тарыхый тема түшүнүгү жашайт, анын жоболоруна ылайык тигил же бул элдин тарихында качандыр болуп өткөн окуялар, тарыхый личносттор, алардын иш-аракеттери жөнүндө көркөм баяндалат. Тарыхый роман, повесть, драма же поэма, тарыхый хроника, тарыхый эссе жана башка жанрларда эл ичинен өткөн мезгилди көргөн, билгендер, уккандардан жыйнаган окуялар боюнча же болбосо, архивдик документтердин негизинде тарыхый окуяларды сүрөттөп жазуу менен ошол доорго бүгүнкү күндүн талабынан баа берилет. Ырас, айрым бир романдардын каармандарынын ичинен тарихта болбогон, жашабаган образ болушу толук ыктымал, аны автор оюнан чыгарып (художественный вымысел), бирок ошол мезгилдин, доордун адамдарынын кулк-мүнөзүн типтештирип, жалпылаштырып берет, бул да көркөм ойлоонун бир ыкмасы.

Ырас, романда жазуучунун жеке дүйнө таанымы, турмушка болгон жеке көз карашы, жашоодогу тигил же бул тарыхый окуяга карата өзүнүн ою, пикири, жеке мамилеси болот, муну да четке кагууга болбойт. Ошондуктан айрым бир тарыхый романдарда элдин турмушундагы айрым бир фактылардын бурмаланып

интерпретацияланганы учурайт. Романистиканын теориялык жана методологиялык жоболорунда муну тарихый чындык менен көркөм чындыктын айкалышы деген түшүнүк жашайт.

1. Совет мезгилиндеги кыргыз жана Борбордук Азия элдеринин тарихый романдары. Коммунисттик идеологиянын капшабы искусство чыгармаларына катуу цензура коюп, мында коммунисттин гана көркөм образын жаратуу милдети турган. Мындай чектөөнүн залакасы жазуучунун чыгармачылыгын кыйла чектеп, ал жараткан каармандын образы ал өзү каалагандай, же турмуштун өзүндөй болуп түзүлбөстөн соцреализмдин талап критерийлерине ылайык түзүлүшү керек эле. Кыргыз адабиятында тарихый роман жазуу кошуна башка республикалар сыяктуу эле көркөм адабияттын поэзия, проза, драматургия жанрларынан кыйла артта калды, тарихый роман жазуунун түйшүгүнөн анын жоопкерчилиги жогору болуп, жазуучулардын буту ушуну менен тушалып турган. Ошого карабай бирин-экин тарихый чыгармалар жазылса, алардын да окурмандарына жетүү тагдыры чектелип, басмадан айрымдары гана басылып чыгып турган.

Енисей кыргыздарынын турмушу тууралуу кеңири панорамада жазылган жазуучу Түгөлбай Сыдыкбековдун «Көк асаба» тарихый романы жазылып аяктаганынан тарта отуз жылдан кийин гана басмадан жарык көрдү. Мунун натыйжасында аталган романга карата жазылган пикирлердин, адабий сын, адабият таануу тармагындагы изилдөөлөрдүн дээрлик жоктугу да мына ушуну менен түшүндүрүлсө керек. Кыргызстандын Россиянын составына кирүү жана Кокон хандыгынын тушундагы тарихый окуяларды көркөм чагылдырган Төлөгөн Касымбековдун «Сынган кылыч», «Келкел» тарихый романдарынын да тагдыры жогоруда сөз болгондой татаал болду. Акын, жазуучу, драматург Аалы Токомбаевдин 1916-1918-жылдардагы тарихый окуяларды кеңири чагылдырган «Кандуу жылдар» тарихый романы алгач жазылган абалында окурмандарга жетпей, цензуранын көрсөтмөлөрү менен оңдолуп, кайрадан жазылганы окурманга жетип олтурат. Улуу Ата Мекендик согуш мезгилин көркөм сүрөттөөгө алган жазуучу Узакбай Абдукаимовдун «Майдан» романы (азыр биз үчүн бул да тарихый темада жазылган роман болуп калды). Элдин турмушун реалдуу сүрөт-төй

алган Өскөн Диникеевдин «Көкөй кести» романы, С. Эралиевдин «Ак мөөр», А. Токтомушевдин «Алтын тоо» поэмалары, «Күндүн чыгышы» (А. Токомбаев), «Ак боз ат» (Ш. Садыбакасов) драмалары тарыхый темада жазылган мыкты чыгармалардын катарын толтурду.

Кыргыз Республикасынын жылпы билим берүүчү мектептеринде жана жогорку окуу жайларында тарыхый темада жазылган ар кандай жанрлардагы чыгармалар окутулуп келет, алардын көбү ошол совет мезгилинде жазылган, бирок цензурадан кебелбей өткөн тарыхый чыгармалар эле. Айталы, Ы. Шайбековдун 1916-жылдагы тарыхый окуялар тууралуу казалы «Кайран эл», Н. Байтемировдун «Тарых эстелиги», А. Чоробаевдин «Тайлак баатыр», А. Токтомушевдин «Какшаалдан кат», К. Жантошевдин «Курманбек», драмасы, М. Элебаевдин «Кыйын кезең» повести, К. Маликовдун «Жаңыл мырза», Ш. Садыбакасов «Ак боз ат» дарамасы, Осмонаалы Сыдыковдун «Шабдан казалы», К. Тыныстановдун «Жаңыл Мырза», А. Токомбаевдин «Кандуу жылдар», Ж. Турусбековдун «Ажал ордуна», К. Жантошев «Каныбек» романы ж.б.

Борбордук Азиянын башка улуттарынын тарыхый романдары деле мындай болбосо да ушуга окшогон тагдыр күткөн бир катар романдары совет мезгилинде жазылып жатты. Казак жазуучусу Илияс Есенберлиндин «Кочевники» (Көчмөндөр) тарыхый роман-трилогиясы, орто кылымдардын тарыхый чындыгын берген (же берүүгө аракет жасалган) «Золотая орда» (Алтын ордо) тарыхый романы, түндүк Казакстандын Балхаш, Арал деңиздеринин жээгинде жашаган казак элинин жашоосун көркөм чагылдырган Абдиламит Нурпеисовдун «Кровь и пот» (Кан менен тер) тарыхый романы, өзбек адабиятында Айбек деген псевдоним менен жазып жүргөн автордун «Өткөн күндөр» жана «Навои» тарыхый романдары, Бородиндин «Звёзды над Самаркандом», Чулпондун бир катар романдары жарык көрдү. Булардын деле көбү кайрадан оңдолуу, редакциялоо тагдырын башынан кечирди болушу керек. Орус классикалык адабиятындагы тарыхый темада жазылган эң алгачкы роман «Дмитрий Донскойдун» тагдыры да көбүнө окшош. Коммунисттик идеологиянын капшабынан орус романистикасы да жабыр тартты, айталы, Алексей Толстойдун «Пётр 1», Валентин Пикульдун

«Фаворит», Яндын «Чингизхан», «Батый», «К последнему морю», Исай Калашниковдун «Жестокий век» (Каар заман) тарихый романдарынын айрым жерлери кайрадан оңдолуп басылды, булар боюнча адабий сында да адабият таануу илиминде да изилдөөлөр жетиштүү. Ал эми Улуу Ата мекендик согуш мезгилин реалдуу чагылдырган К.Симоновдун «Живые и мёртвые» романы тууралуу буларды айтуу кыйын, бул тарихый чыгарманын тагдыры бир аз башкачараак болду...

Совет доорундагы кыргыз адабиятында тарихый темага арналган романдардан башка жанрлардагы чыгармалар да жетишүү жазылды, айталы, Касымалы Жантөшевдин «Каныбек» романынан башка «Курманбек» тарихый дарамасы, жазуучу Мукай Элебаевдин «Узак жол» автобиографиялык тарихый романынан башка «Кыйын кезен» повести, Кубанычбек Маликов менен Куттубаевдин «Жаңыл Мырза» тарихый драмасы, Шатман Садыбакасовдун «Ак боз ат» тарихый дарамасы, Осмонаалы Сыдыковдун «Шабдан казалы» уникалдуу тарихый чыгармасы, Касым Тыныстановдун фольклордун мастиалдарынын негизинде жазылган «Жаңыл Мырза» тарихый поэмасы, Жусуп Турусбековдун «Ажал ордуна» драмасы, К. Маликовдун «Балбай» тарихый поэмасы, акын Сооронбай Жусуевдин ыр менен жазылган «Курманжан датка» тарихый романы... Буларды көпкө чейин санай берүүгө болоор эле, дегинкиси, совет мезгилинде деле тарихый темага кайрылган, мунун тагдыр түйшүгүн аркалаган авторлор болбой койгон жок, болду.

2. Постсоветтик мезгил. Бул мезгилдин адабияты мурдагыдан кескин айырмаланып, Борбор Азиядагы элдердин жазуучулары кыргыз жазуучулары сыяктуу эле тарихый темага активдүү кайрылышты. Мунун субъективдүү-лүккө караганда объективдүү себептери басымдуулук кылат. Объективдүү себептери ушунда: постсоветтик жылдардын тарихый мезгилдин өзү (буга ылайык адабий процесс да) улуттук кайра жаралуу, улуттун өткөн тарихына (өтмүшкө) кайрылуу, ошондогу элдин тарихындагы ак тактарды аныктап алуу, а эң негизгиси, улуттук иденттүүлүктүн талап-критерийлерине ылайыкталган искусство жаратуу милдетинин алдында тургандыгы болду. Калем ээлери эми тарихый темага активдүү кайрылып, көркөм адабияттын ар кандай жанрларында улуттун унутта калган салты менен адат-

жөрөлгөлөрүн, башынан кечирген тарихый окуяларын, тигил же бул уруудан чыккан тарихый инсандын көркөм образын (бейнесин) түзүү аракетинде болушту, Албетте, мындай чыгармалар бир эле тарихый личносттун өмүрү эмес, ошол мезгилдин контекстиндеги улуттун тарихый окуяларын көркөм реализациялоо милдетин алды. Филология илимдеринин доктору, профессор К. Абакировдун пикиринде эгерде совет доорунда жазылган кыргыз романдарынын саны отуздун араң ашса, постсоветтик мезгилде кыргызда жүздөн ашуун роман жазылыптыр. Эмне үчүн мындай көрүнүш орун алганын мен жогоруда айттым.

Менин пикиримде, эгемендүүлүк жылдардан бери жазылып жарык көргөн тарихый романдарды мазмунуна карап эки ири топко бөлүп алууга болот. Биринчи топко улуттун тарихтын кайсыл бир мезгилинде, кайсы бир тарихый доордогу окуяларын кеңири панорамасын түзгөн, ошондогу окуяларды көркөм чагылдырган тарихый романдар: буларга Енисей кыргыздарынын турмушун көркөм чагылдырган «Көк асаба», өзүнүн өмүр-таржымалы тууралуу жазган автобиографиялык «Жол» (Т. Сыдыкбеков), он тогузунчу кылымдын аягы – жыйырманчы кылымдын башындагы, же болбосо, кыргыз элинин Россиянын составына кирүү жана Кокон хандыгынын тушундагы тарихый окуяларын көркөм чагылдырган «Сынган кылыч», «Кел кел» (Т. Касымбеков), 1968-1969-жылдардагы түндүк кыргыздардын бугу менен сарбагыш урууларынын ортосундагы кагылышууну көркөм сүрөттөөгө алган «Көчмөндөр кагылышы» (К. Осмоналиев) тарихый романы, М. Абакировдун «Көкөй кести», Р. Абдиевдин «Алай закымдары», Ш. Ажыбековдун «Ак Бейит», 1916-жылдагы кыргыздардын улуттук трагедиясын чагылдырган, үркүн темасына арналган К. Ашымбаевдин «Азат көчү», К. Бакиевдин «Дарыялар жайыкта кошулушат», А. Койчиевдин «Бакшы менен Чыңгызхан», «Мисмилдирик», А. Көлбаевдин «Жапырык», Б. Максүтовдун «Кызыл кыргын, кандуу кармаш», ага-ини Мейманалиевдердин «Императордун тукуму», А. Муратовдун «Сунулган баш, суурулган кылыч», С. Өмүрбаевдин «Улуу үркүн», Садык Гавайдын «Скифтин каргышы», К. Сапарбаевдин «Ор», А. Сарманбетовдун «Капсалаң доор», Т. Субанбековдун «Эр Садырдын үркөрдөй кошууну», «Куш базардан кийин»,



«Мамык хандын ажайып түшү», «Жүрөктөш жар» (повесть), «Тоо комдоттун уясында» сыяктуу тарыхый романдары, Б. Табалдиевдин «Катагандын кылычы», А. Токтогуловдун «Мезгил ызаасы», Ж. Токтоналиевдин «Абийир өлүмдөн бийик», Мырзапар Үсөндүн «Данакер», «Сакылар жери», Н. Чокотегиндин «Нарбаш», А. Нааматовдун «Аманат ыр», Олжобай Шакирдин «Куюн доор» тарыхый романдарын кошууга болот, ал эми экинчи топко С. Бейшембиевдин «Бөрү баатыр», П. Дүйшөнбиевдин түштүк кыргыздардын жоокерчилик турмушун чагылдырган «Нүзүп миңбашы», Ж. Эгембердиевдин «Канат хан», Т. Жолдубаевдин «Актоко», К. Иманалиевдин «Шабдан баатыр», А. Карыбаевдин «Сарт аке», Т. Касымовдун «Боронбай менен Төрөтай», Ж. Токтоналиевдин «Тагай бий», А. Мусабековдун «Кулукей баатыр», А. Мырзаевдин «Раззаков», А. Оморовдун «Темирлан», «Чыңгызхан», Э. Отунчиевдин «Жеңижок», «Молдо Асан», А. Рыскуловдун «Атакенин акболот», К. Сактановдун «Искендер Зулкарнайн», кыргыздар менен казактарга кол салган калмактар менен жунгарлардын чабуулун көркөм сүрөттөөгө алган А. Стамовдун «Хан Тейиш», Кыргыздардын тээ VI кылымдан тартып VIII кылымга чейинки тарыхый абалын, андагы айрым баатырлардын көркөм образдарынын циклдаштырылган образдарын түзгөн жазуучу Т. Субанбековдун «Барсбек кагандын көрөр көзү», «Жалдуу Каба», «Күнбосун ажо», «Каратүлөк чоронун эрдиги», «Жээренче чечендин акыркы күндөрү», «Түмөн кагандын балалык чагы», Ж. Токтоналиевдин «Хан Ормон», «Баатыр Шабдан» сыяктуу бир же бир нече тарыхый инсандардын өмүр-таржымалы аркылуу ошол доордун мүнөзүн чагылдырган романдарды кошууга болоор эле.

Көрүнүп тургандай, Кыргызстандын эгемен жылдарында жазуучулар тарыхый чыгармаларды жазуу ишинде чылбырын бош коюп, буга чейин болуп көрбөгөндөй активдүүлүгүн көрсөтүшүптүр. Ырас, бул чыгармалардын авторлорунун баары окурмандардын кеңири журтуна жазуучу катары белгилүү болушкан эмес, алардын айрымдары адабиятка жаңы эле баш баккандай, а айрымдары буга чейин бир катар чыгармалары менен элге таанылып калган авторлор. Ошонун эсебинен бул тарыхый романдардын деңгээли да ар кандай, тарыхый окуялардын көркөм чагылдырыш берүүдө алардын ар биринин ийгилик-

тер менен кошо өксүктөрү да жок эмес. Айталы, П. Дүйшөнбиевдин Нүзүп миңбашы Т. Касымбековдун айтылуу «Сынган кылыч» романындагы баш каармандардын бири, мында мунун көркөм образы кыйла кенен чагылдырылган. Биз жогоруда классификациялаган тарихый романдардын экинчи тобуна кирет. Тарихый личносттун көркөм образын жаратууда жазуучу «Нүзүп миңбашыда» айрым бир чаташуулар менен каармандын көркөм образын ошол мезгилдин контексинде ачуу, тарихый чындыкка дал келтирүү жагынан аксайт. П. Дүйшөбиевдин романындагы Нүзүп аскер башчы, тогуз жүз элүү – миң жоокердин (сарбаздын) командири, бүгүнкүчө айтканда, ал полктун командири. А «Сынган кылычтагы» Нүзүп жаш курагы кыйлага барып калган бий, ал болуштардан да бектерден да өйдө турган даражага ээ. Романда анын акылы менен көп нерселер чечилет. Мунун фонунда Абил бий такыр башка адам, бул да «аба-ырайын түзгөн» образдардын бири, мунун тымызын буйругу менен элдин дарты менен жашаган Бекназар баатыр өлтүрүлөт. Т. Касымбековдун романындагы Нүзүптү тарихта жашаган конкрет личность катары кароого болобу, жокбу, ал көркөм образ автордун оюнан чыгарылган образ болушу да мүмкүн, бирок ошол мезгилдеги адамдардын, айрыкча, бий, болуштардын иш-аракеттерин типтештирип чагылдырган каарман катары билишибиз абзел. Ал эми жазуучу П. Дүйшөнбиев аны тарихта жашаган инсан катары сүрөттөйт, балким, мунуку деле туурадыр.

Дегинкиси, тарихый роман элдин тарихын же андагы каармандарды болгонун болгондой чагылдыруу милдетин албайт, эл оозунан жыйналган маалыматтар автордун жеке лабораториясынан агылып же сыгылып чыгып, анан гана чыгарманын көркөм образына айланат, бул абалтан боло жүргөн салт, чыгармачылыктагы салт. Ошентип, жогоруда бөлүнгөн эки ири топтогу тарихый романдар окурманга таасир калтыруучу, андан тарихый сабак алуучу чыгарма болуу менен доордун, мезгилдин күзгүсү иретинде кызмат өтөгөнү менен баалуу. Эки доордун тушунда жашап, улуттук жана жалпы адамзаттык классикалык мурас калтырган жазуучу Чыңгыз Айтматовдун түшүнүгүндө өзүнүн элинин өткөн тарихын өздөштүрбөгөн, билбеген муун тамырсыз дарак сыяктуу көрүнөт. Мындай муун бара-бара түбүнөн соолуп,

келечегинен айрылып калуу же бери дегенде анысын элестете албоо коркунучу бар.

*Еркін ШҮКІМАН,  
Құрманғазы атындағы ҚҰК  
«Халық әні» кафедрасының профессоры*

## **«ҚАНАТТАЛДЫ» ӘНІ ХАҚЫНДА**

Ғасырлар бойы ауызша таралып жеткен халық мұрасы бүгінге бұзылмай қаз-қалпында жеткен жоқ. Заман озып, дәуір ауысып, ұрпақтан ұрпаққа жету барысында ауыз әдебиеті үлгілері әуелгі қалпын жоғалтып, мазмұны мен көркемдік сипаты, көлемі әртүрлі өзгерістерге түсіп жетті. Жазба әдебиеттің алғашқы нұсқаларының өзі бүгінге түпнұсқа қалпында жеткені некен саяқ. Оған мысал ретінде бүгінгі күнге дейін Абай мұрасына жасалып келе жатқан мәтіндік зерттеулерді айтуға болады. Ал қазақ әдебиетіндегі мәтінтану І. Жансүгіровтің 1922 жылы Х. Досмұхамедов құрастырған Абай жинағына қатысты «Абай кітабы» сыни мақаласынан бастау алса, нақты ғылым ретінде Абай мұрасын зерттеу тұсында – ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптаса бастады. Дегенмен, кеңестік-цензуралық бақылаудан өтпеген көптеген халықтық шығармалар қолдан түзетіліп, өзгертіліп, идеологиялық жағынан сол кезеңге сай талданып, талқыланды. Осындай тағдырды қазақ әні де басынан өткерді. Сол тұстардың өзінде қазақ әндерінің текстологиясымен айналысқан З. Қоспақов, С. Қасқабасов, Ж. Кәрменов секілді әдебиетшілер де, өнертанушылар да, өнерпаздар да болды. Олар аз да болса қазақ әндерінің мәтініне қатысты өз пікірлерін айтып, ойларын ортаға салып жүрді.

Өткен ғасырдың 30-ыншы және 50-жылдары қазақтың көптеген әндері қара тізімге ілініп, айтылуына тыйым салынғаны белгілі. Кейбір деректерде оның саны 300 деп көрсетіледі. Сол әндердің ішінде кез келген әншіні жанына жақындатып, жалынан сипата бермейтін бір ән бар. Ол – «Қанатталды». Ән тағдырының күрделі болғаны соншалық, бүгінгі күнге дейін авторы, мәтіні төңірегінде әртүрлі сөз айтылады.

Архив деректері бойынша «Қанатталдының» арыдағы орындаушылары – Ақмола, Атбасар өңіріне аты шыққан Сәтмағамбет Ахметов, Қапаш Жаманов, Қосымжан Бабақовтар болса, берідегі орындаушысы – Ж. Елебеков болды және оның айтуында қазаққа кең тарады. Ал Ж. Елебековтің өзі Р. Есімжановадан үйренген. Ол жайлы Х. Елебекова «Ән-аманат» кітабында: «Қанатталды» әнін Жүсіпбек Алматыға келген соң Рәбиға Есімжановадан үйренген, бірақ оған өзінше көп түзеу енгізді...» – деп жазады [1, 111]. Рәбиға Қосымжан Бабақовтың ағасы Есіжанның қызы екені мәлім.

Қ. Бабақов естелігінде: «1915 жылы Ақмола қаласында жаз жәрменкенің уақытында «Қосышғұлдың балалары граммофонға ән түсіреді екен, кім де кім жақсы ән берсе, оған жақсы ақша төлейді екен» деп Ғазиз ақын Атбасар, Ақмолаға, белгілі әншілердің бәріне хабарлады. Граммофонға ән берем деушілердің ішінде Исабай, Сәтмағамбет, Қапаш, Тұрсынбай, Сәлкен, Кәрімжан, т.б. болды. Барлығымыз Ғазиздің үйінде бас қостық. Мен «Көкаршынды» аяқтап бола бергенде Сәтмағамбет келді. Ол есіктен кіріп келген бетінде домбырасыз түрегеп тұрып «Шәмшіқамарды» аңыратып қоя берді. Содан кейін тыңдаушылар Сәтмағамбетке қолыңа домбыра ал деп еді, Сәтмағамбет домбыраның мойнын ортан белден ішегіне қосып орамалмен буды да, «Қанатталдыны» айтты», – деген дерек жазылған [2, 18-19]. Демек, Сәтмағамбеттің «Қанатталдыны» айтқаны анық.

«Қанатталдымен» байланыстырылған осы әншілер аттары алғаш Орталық ғылыми кітапхананың сирек қолжазба қорында сақталған, сол кездегі Ақмола облыстық «Сталин туы» газетінің қызметкері, журналист, жазушы Жұмабай Орманбаевтың 1951 жылы (4/IX.51) өз қолымен жазып қалдырған «Қанатталды» әнінің авторы жайлы «Бұл қиянатқа жол болсын» мақаласында да аталады.

Мақала авторы Ж. Орманбаев мемлекеттік филармония әртістерінің Ақмола сахнасында өнер көрсетіп, концерт арасында күйші Жаппас Қаламбаевтың қобыз аспабында «композитор Ыбырайдың «Қанатталдысын» орындағанын, алайда әннің басқа авторға жөнсіз телінгенін айтып: «Қанатталды» – Ақмола жұртшылығына мәлім ән. Бұл әннің жарыққа шығып, дүниеге келгеніне 40 жылға жуық уақыт өтті. Әнді шығарған автордың өз

аузынан «Қанатталдыны» тұңғыш естіген бірсыпыра буырыл бастар осы концертке қатысып та отыр. Бірақ әннің ол уақыттағы авторы ешқандай Ыбырай емес, Сәтмағамбет Ахметов еді. Сәтмағамбет өлгеннен кейін «Қанатталдыны» Қазақстанға таратқан әншілер Сейітжан, Қосымжан, Досымжан, Рәбиға Бабақ балалары, әнші Кеншінбай, Кәрімжан, Ахмет тағы да басқалар болды. Осы филармонияның атақты әншісі Жүсіпбек Елебеков «Қанатталдыны» осы әншілерден үйренген», – деп жазады [3].

«Қазақ әдебиетінің» 1964 жылғы 20 наурыздағы санында шыққан Т. Бекхожинаның «Сәтмағамбет әндері» шағын мақаласында: «Арқаның әнші әрі композиторы Сәтмағамбет жөнінде деректер тым аз. Музыка зерттеушілер кейінгі кезге дейін оның әйгілі «Қанатталдысын» ғана атаумен келген еді. Одан басқа дерек жоқ болатын. «Қанатталды» авторының басқадай әндері болу керек деп ойлайтынбыз. Біздің осы жорамалымызды әнші Құрман Бектұрсынов шындыққа шығарып отыр. Сәтмағамбет «Қанатталдыдан» басқа «Ақ еркеш», «Айым-миым», «Арман сол», «Шырқаулы ән», «Ақмандай», «Алтын шаш» сияқты әндермен қатар «Ақтұйғын», «Ғашықтық» секілді өлең-термелер және ел ішіндегі қожа-молдаларды келеке ететін «Ахмет қожа» тәрізді көптеген шығармалар қалдырған көрінеді», – деген [4]. Яғни бұдан әннің 1970 жылға дейін Сәтмағамбеттікі болып айтылып, жазылғаны байқалады.

Е. Мырзахметов: «...Осынау тамаша әннің халық әндері қатарына жөнсіз қосылып жүргені мені қайран етеді! Ол елі еркелетіп Сәтжан атаған Сәтмағамбет әншінің әні ғой! «Қанатталды» оның даусыз әні екеніне басқадай куә дерек іздемей-ақ әннің өзіне жүгінейікші. Біз білгенде ол:

Әндердің ұлы атасы «Қанатталды»,  
Арқада аңыратып Сәтжан салды.  
Талдырып, тамылжытып шырқағанда,  
Үзіліп, естігенде жұрт таң қалды! («Үзіліп» болса керек. – *Е. III.*) –

деп басталатын, сөздері теңіз түбінен терген інжу-маржандай мөлдіреп, жарқырап тұратын төрт ауыз ән еді. Соның бұл күндері соңғы екі ауызы ғана шолтиып қалыпты да, онымен қоймай әнді басқаға барымталап беру ниетін білдіріп жүрміз. «Қанатталды-

ны» халық әндері қатарынан алып, Сәтмағамбеттің әні деп жазу әділ болар еді-ақ!» – дейді [5, 224-225].

Алайда А. Жұбанов Сәтмағамбеттің туған жыл, өскен жері мен шағармашылығы, оның «үлкен орындаушының қолынан шыққан, өз алдына «почеркі» бар оннан аса әнінің Академияның қолжазба қорында» тұрғаны секілді қысқа деректер бергені болмаса, Сәтмағамбеттің «Қанатталдыға» қатысы жайында ештеңе демеген [6, 427-428].

Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап баспасөз беттерінде «Қанатталдының» авторы Сейітжан сал Көрпешұлы екені жазылып, кейінгі жинақтарға оның аты ән авторы ретінде жариялана бастады. 90-жылдардың ортасына қарай ән авторына қатысты өнерзерттеушілер арасында тартысты пікірлер туып, соңы Сегіз сері Баһрамұлына келіп тірелді. Оны Ж. Кәрменов құрастырған қазақ әндерінің антологиясында ән авторының Сейітжан сал Көрпешұлы болып берілгенінен байқауға болады [7, 291]. Е. Мырзахметовтің «басқаға барымталап» деуі де осыған қарата айтылған болса керек.

Е. Төлеутай да «Жүсіпбек Елебеков» еңбегінде жоғарыдағы Е. Мырзахметов мақаласын келтіре отырып: «Осы деректердің өзінен-ақ ән авторының кім екені анықталғандай. Дәлелді дәйектерден бас құраған барлық дерек бір арнаға тоғыса келе, әннің Сәтмағамбет әншісі екендігіне куәлік етеді. Сонда «Қанатталдыны» шығарған Сейітжан сал» деген өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап, осы уақытқа дейін үстем түсіп келе жатқан пікірді қайда қоямыз», – дей келе, Ж. Кәрменовтің «Қазақ әндерінің антологиясындағы» әндер мен ән авторларына қатысты деректердің, ондағы әндердің бір-ақ күнде Сегіз сері және оның төңірегіндегі Нияз сері, Мұстафа Сегізсеріұлы, Салғара Жанкісіұлы дегендерге теліне салуы күдік тудыратынын, соның ішінде «Қанатталдыны» шығарушы Сейітжан сал Көрпешұлы да жалған екенін айтып, оның бәрі Қаратай Биғожин «сүйреп кіргізген» өтірік тарихи тұлғалар екенін айтады. [8, 83-133].

Бұл турасында Қ. Бабақов: «...Жұрт «Қанатталдыны» Сәтмағамбеттікі дейтін көрінеді, менің ұғымымша, «Қанатталды» халық әні болуға тиісті. Ал Сәтмағамбет ән орындайтын, әншілігі болмаса, өз жанынан ән шығарған емес.

«Қанатталдыны» кім шығарды, негізі кімдікі – оны дәлелдеп айту қиын. Музыка мамандары мен ескілікті қариялар «Қанатталдыны» Ақан серіге меңзейді. Мүмкін солардың жорамалдауы мүмкін болуы. Оған дәлел «Қанатталды» әні Ақмола, Атбасар айналасындағы елдерде ғана айтылады. Ал Ақан сері Атбасар мен Ақмолаға жиі келіп базар алаңында, аспен тойда ән салғандығы айқын», – дейді [2, 18-22].

Бұл пікірлерден түйгеніміз – ән бірде халық әні, бірде Сәтмағамбетке (Сәтжан) тиесілі болып, тіпті Ақан серінің ауылынан да алыс еместігі айтылған. Ал 90-жылдардан бастап Сейтжан сал Көрпешұлына телінген. Ол аз десеңіз, кейінгі кезде М. Дулатұлының әні деушілер де шыға бастады.

Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңдерінде халық және халық композиторларының әндері кеңестік идеологияның насихат құралы ретінде пайдаланылып, мәжбүрлі түрде ән сөздері қайта жазылғаны белгілі. Оған бір ғана М.М. Ахметова мен Б.Г. Ерзакович құрастырған «Қазақтың советтік халық әндері», этнографиялық жинағын айтсақ та жеткілікті (мұндағы 180 әннің 100-ден астамы халықтық әндер).

Ал 1930 және 1950 жылдары мақсатты түрде қазақ әніне «тазалық» жүргізіліп, алдымен ән мәтіндеріндегі ескі сөздерге «көне заманды көкसेген феодализмнің сарқыншағы» деген ат қойылып, айдар тағылып, айтылуына тыйым салынса, екінші, қазақ зиялылары жеткізген («1000 ән», «500 ән-күй» / А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов) немесе сөзін жазғандығы себепті жолы қиылды.

Оған нақты мысал, мәдениеттанушы Бердалы Оспанның (Шерәлі Шерехан) «Мәңгі ел» журналына жарияланған «Қуғындалған әндер» мақаласындағы архивтік құжаттың тізім басында алдымен «Қанатталдының» тұрғанын көруге болады және ондағы ән мәтінін жазған 37-нің құрбаны болған ақын, жазушы Орынбек Беков екені көрсетілген [9].

Шығармалар  
дәптері 82

83

МОСКВА

ГРАММОФОННО-ПЛАСТИНОЧНОЕ ПРОМЫШЛЕННОСТИ  
«ГРАМПЛАСТРЕСТ»

С п и с о к

Грампластинок на казахском языке подлежащих немедленно к  
изъятию.

№ п/п:	Музыкальное название	Исполняет	Примечание
1.	"Қанат-тәлді"	әрт. Қудуспан Әлибеков	текст врага наро да Бекова О.
2.	"Амир-Уән"	әрт. Құрманғалиев	текст врага наро да Бекова О.
3.	"Гульяр" /уйғурском языке/	Абдумажит Руззев	сбежал в Китай
4.	"Шәму-Сәхар" /уйғур- языке/	т о л е	т о л е

Зам. Зав. Культпросветотделом  
Ц К К П /с/ К

/ГОРЛОВ/

Сол кезендерде сөзі сотталса да, ән ұмытылып қалмасын деген ниетпен қазақ ақындары жаңа ән мәтіндерін жазуға тура келді. Бұл жайлы жазушы, ғалым Т. Жұртбай 60-жылдардың аяғында қазақтың қарт радиожурналисі М. Майшекинмен жасаған сұхбатында ән сөзінің идеологияға сай бейімделгенін, елуінші жылдардың басында қазақ әндеріне шектеу болып, сөздері міндетті түрде орысша орындалуы тиіс болғанын, елуінші жылдардың ортасынан кейін М. Әуезов, Қ. Қуанышбаев, К. Байсейітова, Ж. Елебеков секілді әдебиет, өнер қайраткерлері бас қосып, авторларымен қосылып ұмытылып бара жатқанын қазақ әндерін авторы аталмаса да, әуенін аман сақтап қалу үшін ән сөзін өзгертіп қайта жаңғырту керектігін айтқан.



Сол сұхбатта: «Жүсіпбек ұзақ толғанып жүріп «Қанатталдының» әні мен сөзін түрлендіріп шығарды. Сөзін әніне сай жеріне жеткізе әрледі. Әсіресе, «Өмірден өз еркімен орын таппай, Кейінге «Қанатталды» әнім қалды», – деген жерінде қуғынға түсіп, жапа шеккен Сейітжан (маған Сәтжан емес, Сейітжан деп айтты) салдың арманы қапысыз жетті. Өмірден қанатым талды деп тұр ғой. Сол арасын өзгертпеді. Мәтіннің ішіне кіріктіріп жіберді. Бастапқыда радиодан, «Қазақконцерттен» өткізу үшін әннің атын «Қанатталды» деп, өмірдің өрінен орын таппай» деп айтып жүрді. Қазір Жүсіпбек оны өз мәтінімен «Қанатталды» деп айтады», – дейді [10].

Өндердің біразына И. Байзақов жаңа мәтін жазғаны белгілі. Оның 1948, 1951, 1956 жылдары жарық көрген «Таңдамалы шығармалар» жинағында өлеңдері мен поэмаларынан басқа «Қанапия», «Бір бидай», «Назқоңыр», «Ақ дәриға», «Үридай», «Жонып алды», «Сұржелгенше», «Заманым», «Алтай», «Ақ Айша» секілді 40-қа жуық ән сөздері берілген. Солардың ішінде осы «Қанатталды» әнінің де мәтіні кездеседі.

Ән сұлу, күндей күліп сорғалаған,  
Бұлбұлдай сайрап жүріп қорғалаған.  
Жымыып, күле қарап айлы аспанға,  
Сызылтып тоқсан түрлі жорғалаған.

Бірғалтып, мың құбылтып шырқағанда,  
Үзілтіп он екі алуан ән салғанда.  
Қалықтап ұшқан дауыс төмендемей,  
Аспанда қанатталды толғағанда.

Өндердің ұлы атасы «Қанатталды»,  
Арқада аңыратып Сейітжан салды.  
Қоңырлап құйқылжыған ырғағына,  
Сүйсініп, естігенде жұрт таң қалды [11], [12], [13].

Жинақ түсінігінде «Ән сұлу күндей күліп сорғалаған» деп басталатын өлең. 1948 жинағына тұңғыш рет басылған. Зәбира Жұбатова, Рәбиға Есімжанова, Қосымжан Бабақов және басқа әншілер осы өлеңмен орындайды. Түпнұсқасы Майшекин қолжазбасынан алынған», – деген түсінік берілген. Жоғарыда Е. Мырзахметов Сәтжандікі (Сәтмағамбет) деп келтіріп отырған

шумақ Иса жазған нұсқаның үшінші шумағы болып отыр. Бірақ бір түсініксіз жайт – Т. Жұртбай айтқандай, «ұзақ толғанып жүріп «Қанатталдының» сөзін әніне сай жеріне жеткізе әрлеп, әні мен сөзін түрлендіріп шығарған» Жүсіпбек пе, Иса ма? Егер елуінші жылдардың бас кезі болса, ол кезде Иса ақын өмірден өтіп кеткен жоқ па еді? Әлде Иса жазған сөзді Жүсіпбек қайта әнге салып түрлендірді дегенді айтып тұр ма? Осыған байланысты Т. Жұртбаймен ауызша сөйлескенімізде, ән сөзін Ж. Елебековтің өзі өңдегенін айтты.

Иса жазған «Қанатталдыдағы» Сейітжан мен Т. Жұртбай мақаласындағы «маған Сәтжан емес, Сейітжан деп айтты» дегендегі қай Сейітжан? Осы тұста Қ. Бабақовтың естелігіне қайта оралсақ.

«Әкеміз де, шешеміз де айтулы әнші болды. Бірақ шешеміз менің бес жасымда қайтыс болды. Он төрт баладан төрт ер бала, үш қыз бала әнші болдық. Қыз баладан: Күлжәмила, Бижан, Қанша, ер баладан: Сейітжан, Есімжан, Қосымжан, Досымжан», – десе, естелігінің тағы бір жерінде «...Ғазиз ақын Атбасардың жәрмеңкесіне бара жатып, Қосымжанның үйінде үш күн аялдайды. Оның аялдау себебі – Қосымжанның үлкен ағалары Сейітжан, Есімжан, Күлжәмила, Бижан дейтін апалары әнші еді» [2] деуіне қарағанда, жоғарыда өлең мен мақалада аталған Сейітжан – Қосымжанның ағасы Сейітжан емес пе? Өйткені Қосымжан білген әнді ағасы Сейітжан да білді деуге болады. Бір заманда, бір өңірде өмір сүрген Сәтжан (Сәтмағамбет) мен Сейітжанға ән бірдей телініп кетуі де ғажап емес. Әйтеу, жоғарыдағы зерттеулер Сейітжан сал Көрпешұлы емес екені анық дейді.

Бүгінде Ж. Елебеков, М. Ешекеев, Қ. Байбосынов сынды алдыңғы буын әншілердің айтуында жеткен «Қанатталдының» бірнеше нұсқасы болса, әннің алғашқы айтушыларының бірі Қ. Бабақов айтуындағы А. Затаевич нотаға түсірген нұсқасы архивтік қолжазбалардан табылып отыр. Ноталық үлгі қолжазбада бір шумақ мәтінімен жазылып алынған.

*И. Байзақов*

Бірғалтып, мың құбылтып шырқағанда,  
Үзілтіп **он екі алуан** ән салғанда.

**Қалықтап ұшқан дауыс төмендемей,**  
Аспанда қанатталды толғағанда.

*Қ. Бабақов*

Бірғалтып, мың құбылтып шырқағанда,  
Үзілтіп екі-ақ ауыз ән салғанда.

**Қалыптан шыққанда еш төмендемей,**  
Аспанда қанат талды-ай,

**Пау, талғандай-ау үні-ау шіркін, қанатталды.**

Көріп отырғанымыздай, мәтіні И. Байзақов жазды деген «Қанатталдының» екінші шумағымен мазмұндас, бірақ өзгеріске түскен [14].

Әннің ертедегі жинақтарда мынандай да мәтіні болды және бұл мәтінмен Ж. Елебеков шәкірттері орындады да:

Тау қалғып тамылжыған шілде күні,  
Бзыңдап шыбын-шіркей шықпайды үні.  
Жалғыз-ақ сорғалаған бұлбұл күйі,  
Даусынан естілгендей өмір жыры.

Х. Елебекованың айтуынша, бұл мәтін Орынбек Бековтің жазған нұсқасы екен. Бірақ мұндағы «шыбын-шіркей» сөзі кедей-кепшікті меңзеп тұр дегенге сайып, сынға ұшыраған. Кейіннен Қ. Байсейітов:

Гүл бақша көңілді бір әсем әнді,  
Тілейтін бұлбұл едім сайрағанды.  
Ән шырқап бой жаза алмай, шалқыта алмай,  
Қалықтап қайран дүние қанат талды, –

деген жаңа мәтін жазып, осы сөзі айтылып кетті. Бұл шумаққа байланысты Е. Төлеутай: «Осындағы «Гүл бақша көңілді бір әсем әнді» деп басталатын шумақты Қанабек қосты», – дейді Хабиба әжей. Алайда Қанабек Байсейітов өзінің «Құштар көңіл» атты естелік кітабында бұл турасында ештеңе жазбай кеткен. Осыған қарағанда, «Қанатталдының» байырғы сөздерін жаңа заман талабына лайықтап қайта жазған Орынбек Бековтің өзі ме дейміз. Өйткені бұл кез Рәбиға Есімжанованың Орынбек Бековпен тұрмыс құрған жылдарымен сәйкес келеді. Ал «Қанатталдыны» Алматыға алғаш алып келген Рәбиға Есімжанова болғандығына

Хабиба әжеміз айтып та, жазып та куәлік беріп отыр», – деп жазады [8, 131]. Бүгінгі күнде ән осы шумақпен басталып, екінші шумағы

Әнім еді сүйіп салған «Қанатталды»,  
Бұл әнім балқытушы еді тыңдағанды.  
Өмірден өз еркімше орын таппай,  
Кейінге «Қанатталды» әнім қалды, –

болып айтылып жүр. Осы шумақтың үшінші тармағы әуелде Ж. Елебеков айтуында «*Өмірдің өз еркімше өрін таппай*» болып айтылса, Қ. Байбосынов орындауында «*Өмірден өз еркіме өрін таппай*» болып, Қазақ радиосының алтын қорында сақталды. Ал кейіннен әншілер арасында «*Өмірден өз еркіммен орын таппай*» болып аздаған өзгеріске түсті. Қазақ әндерінің антологиясында «*Өмірден өз еркіме орын таппай*» болып берілген [7, 292]. Бірақ бұл шумақтың ертеден келе жатқан немесе О. Беков, И. Байзақов, Қ. Байсейітов жазған нұсқа екені белгісіз. Т. Жұртбайдың «Әсіресе «*Өмірден өз еркімен орын таппай, Кейінге «Қанатталды» әнім қалды*», – деген жерін өзгертпеді» деуіне карағанда, әннің арыдан келе жатқан өз сөзі емес пе екен? Бірақ оған да көз жетпейді. Біздің көңілімізге поэтикалық көркемдігі жағынан «*өмірден орын*» емес, «*өмірдің өрі*» тіркесі жақын тартады.

Ал Е. Төлеутайдың «Жүсіпбек Елебеков» еңбегінде Қ. Бабақовтың ұлы Мұхамедия ақсақалмен әңгімесінде: «Мұны әкем ақ қашқан, қызыл қуған заманның әні деуші еді. Шығаруын Сәтмағамбет шығарған. Бірақ бертін келе әні де, сөзі де тым өзгеріп кетті. Әсіресе сөзі көп жұлмаланған. Әкем былай айтушы еді», – деп «Қанатталдының» мүлде тосын сөздерін жазғызды:

Ғашықтық – бір ыстық күн желі тымық,  
Басына түскен жанның көңілі сынық.  
Қаратпас бай-жарлының шамасына,  
Адамды желіктірсе жігітшілік.

Бұрынғы қолдағы істің бәрі қалды,  
Біртіндеп төл мінезді адам азды.  
Асылзат шаһибаздар шабыт таппай,  
Шөлге ұшып, сайын далада қанатталды», –

деген мәтінін береді [8, 130]. Дәл осы екі шумақ М. Дулатұлының жинағына да «Қанатталды» деген атпен еніп, түсініктерінде: «Қанатталды» – 1919-1920 жылдары аласапыран кезінде шығарылған өлең. Қосымжан Бабақовтың жеке архивінен алынды. Әні бар. Оны айтып беруші Сейілбек Смайылбеков» деген дерек жазылған [15, 142]. Осы деректерге сүйене отырып, ақын Ықылас Ожай бауырымыз: «Қанатталды» өзінің ақы иесін таба алмай шынымен-ақ қанаты талған әндеріміздің санатында жүрген еді. Ендеше, бәрі өз қалпына келгенге ұқсайды. Бабатанымның «Өшкен жанып, өлген тіріледі» дегені, сірә да, осы болса керек. Тарам-тарам тартысқа түскен «Қанатталдының» денесін дамылдатып, табанын тіктейтін тиянағы, біздіңше, осы дерек секілді», – деп, ән иесі М. Дулатов деп шешіп, болашақта әннің Міржақып мәтінімен орындалғанын жөн көріпті [16]. Ән Қ. Байбосыновтың «Сыр сандық» жинағына да осы жаңа мәтінмен Сәтмағамбеттің әні болып енген [17, 317].

Біздің ойымызша, Ы. Ожайдың бұл сөзі дәлелге тиянақ бола алмайды. Оны айтып отырған себебіміз, бұл мәтін Қ. Бабақов естеліктерінде «Терме» деген атпен берілген. Өлең 10 жолдан тұрады. Егер ән-өлең Міржақыпқа тиесілі болса және Қосымжан Міржақыптікі еді деп жазбағанның өзінде Бабақовтың архивінен алына тұра Міржақып жинағына неге толық енбеген? Қараңыз:

Ғашықтық бір ыстық күн желі тымық,  
Басына түскен жанның көңілі сынық.  
Айтқан зар бір сағымның мысалындай,  
Қара су, қайғы-қасірет жатқан тынып.  
Беһуда құр жүрісте түк өнбейді,  
Егерде іздемесең жөнін біліп.  
Аспанда ұшып жүрген тұйғын жемін,  
Құладың алып жемес көктен іліп.  
Жарлы-бай, жаман-жақсы дегізбейді,  
О, шіркін, желіктірсе жігітшілік! [2]

Біріншіден, бұл мәтінде бір ойдан екінші ойға ауысып кететін термеге тән қасиет бар, нақыл сөз үлгісіне құрылғаны анық білінеді. Екіншіден, «Қанатталдының» бұл мәтінінің алғашқы шумағы «Терменің» алғашқы және соңғы екі тармағы болып жүр әрі өңдеуге түскен. Екіншіден, Міржақыптағы екінші

шумақ Бабақов естеліктерінде мүлде кездеспейді. Оның қайдан алынғаны белгісіз. Тек бұл шумақ мазмұнынан «ақ қашқан, қызыл қуған заман» мен «1919-1920 жылдардағы аласапыран кездің» көрінісі мен әннің шыққан уақытының ортақтығын білдіретін дерек сәйкестігін ғана байқауға болады. Ал сонда әртүрлі авторларға телініп, мәтіні бірнеше рет өзгеріске түскен және зерттелмей қателікпен Міржақып жинағына еніп кеткен екі шумақ үшін әнді басыбайлы Міржақыпқа теліп жіберу қисынға келе қояр ма екен?

Ал сөзі осыншама өзгеріске түскен әннің «әуені кімдікі, авторы кім?» деген сұрақ төңірегінде әңгіменің ауаны тіптен бөлек, «Қанатталдының» тамырын тереңге тарта түседі (Мақала көлемі көтермейтіндіктен ноталық үлгілер мен музыкалық салыстырмалы талдауларды ұсынбадық). Өйткені «Қанатталдымен» егіздің сыңарындай халық әні «Күлшім қыз», Майасар Жапақовтың «Тағылы» мен «Мәскеуге арнауы», ақын Тәушен Әбеуованың айтыс әуені, тіпті Сыр бойындағы Балқашбай Жүсіповтің орындауындағы А. Тоқмағамбетовтің сөзімен айтылған Нартайдың «Жайна» термесіндегі қайырымдық үндестіктер әннің арғы тегінде жыр-терме, ақындық әуен жатуы ықтималдығын байқатады. Қ. Бабақов қолжазбасында «Терме» болып берілуінде де осыған орай бір іздің жатқаны сезіледі. Ал терме – эпикалық дәстүрден бөлініп шыққан жанр екені белгілі.

#### **Әдебиеттер:**

1. Хабиба Елебекова. Үні кетпес құлақтан. – Алматы: Өнер, 1981. – 144 бет.
2. Қ. Бабақов естеліктері. ОҒК, Г- 936. 101 бет.
3. Орманбаев Жұмабай. Ахметов Сәтмағамбеттің әндері: «Қанатталды». Ән туралы пікір. ОҒК, сирек қолжазба қоры. 1136, №9.
4. Т. Бекхожина. Сәтмағамбет әндері / Қазақ әдебиеті. 1964 жыл 20 март.
5. Мырзахметов Е. Жолда қалған таяқ: Әңгімелер, хикаят және кейбір толғақты ойлар. – Алматы: Атамұра, 2008. – 232 бет.
6. Ахмет Жұбанов. Замана бұлбұлдары (Қазақтың әнші-композиторлары, әнші-орындаушылары туралы әңгіме-очерктер) – Алматы, 1975. – 464 бет.
7. Қазақ әндерінің антологиясы: Екі томдық (Құраст: Кәрменов Ж.) – Алматы: Өнер, 1991. – Т.1 – 336 бет.
8. Төлеутай Е. Жүсіпбек Елебеков: Ғұмырнамалық хикаят («Әйгілі адамдар» сериясы). – Алматы: Өнер, 2013. – 272 б + 32 бет жапсырма.

9. Бердалы Оспан. Қуғындалған әндер / «Мәңгі ел» журналы. №5(13) 09-10, 2015.
10. Т. Жұртбай. Рух көгершіндері / «Жас алаш» газеті. 13.12.2021.
11. Иса Байұзақов. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Қазақтың біріккен Мемлекет баспасы, 1948. – 330 бет.
12. Иса Байзақов. Шығармалары. Қазақ ССР Тіл және әдебиет институты. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1951. – 503 бет.
13. Иса Байзақов. Шығармалары. Қазақ ССР Тіл және әдебиет институты. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. – 503 бет.
14. А. Затаевичтің ән-күй жинағы. (3-жинақ). Қолжазба. ОФК, 231 Б.
15. Дулатов М. Оян, қазақ! Роман, өлең-жырлар, әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 192 бет.
16. Ожай Ы. Міржақыптың музыкалық мұрасы / 2016. 8 сәуір. «Ұлт» порталы. / [https://www.facebook.com/www.ult.kz/posts/1036854483056550/?paipv=0&eav=AfbROkboisjoSIHc2ocr75gqG\\_gx6qL\\_wrYPkGs\\_nTfOEN7stbdzsYHelWqDtlalRCQ&rdi](https://www.facebook.com/www.ult.kz/posts/1036854483056550/?paipv=0&eav=AfbROkboisjoSIHc2ocr75gqG_gx6qL_wrYPkGs_nTfOEN7stbdzsYHelWqDtlalRCQ&rdi).
17. Сыр сандық. Қазақ халық әндерінің антологиясы (Құраст.: Қ.Ә. Байбосынов, А.Ж. Нығызбаев, Қ.Х. Айтбаев.). – Астана, 2016. – 616 бет.

*Аманкелді МҰҚАН,  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер  
институты  
Театр және кино бөлімінің меңгерушісі,  
өнертану ғыл. кандидаты  
Алматы қ., [muksan@mail.ru](mailto:muksan@mail.ru)*

## **ТЕАТР САХНАСЫНА ЖАҢА КЕЙІПКЕРДІҢ КЕЛУІ** *(Әбділда Тәжібаев заманауи драматургия жасау жолында)*

*Түйін.* Белгілі ақын, драматург Әбділда Тәжібаевтың өмірі мен шығармашылығы бүгінгі таңда зерттеушілердің, соның ішінде театртанушы мамандардың да ерекше назарында. Бұл мақалада драматургтің шығармашылық келбеті, суреткерлік ізденісі, драматург болып қалыптасуы, шығармашылық ізденістері өзгерген заман талабына сай қазақ қоғамының қажет еткен пьесалары негізінде қарастырылады

*Резюме.* На сегодняшний день жизнь и творчество известного поэта, драматурга Абдильды Тажибаева находится в центре особого внимания исследователей, в том числе и театроведов. В данной статье

рассматриваются творческий облик драматурга, творческие поиски, становление драматурга, творческий поиск на основе пьес, необходимых казахскому обществу в соответствии с меняющимся временем.

*Summary.* Today, the life and work of the famous poet and playwright Abdilda Tazhibaev is the focus of special attention of researchers, including theater scholars. This article discusses the creative appearance of the playwright, creative searches, the formation of a playwright, creative search based on the plays necessary for Kazakh society in accordance with the changing times.

*Кілт сөздер:* Әбділда Тәжібаев, поэзия, драматургия, кейіпкер, образ, уақыт, замандас келбеті.

*Ключевые слова:* Абдильда Тажибаяв, поэзия, драматургия, персонаж, образ, время, современный герой.

*Key words:* Abdilda Tazhibaev, poetry, drama, character, image, time, modern hero.

Әбділда Тәжібаев бұрынғы Ақмешіт қаласында дүниеге келіп, Кеңес үкіметі тұсында Қызылорда атанған қаладағы жетім балалар интернатында тәрбиеленеді. Жетіжылдық мектепті Шымкентте оқыған ол С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін, кейін Мәскеудегі М. Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы жоғары әдеби курсты аяқтайды. Еңбек жолын «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде пошта тасушы болып бастаған ол кейін корректор, әр жылдары Қарсақбайдағы «Қызыл кенші», «Лениншіл жас» газеттерінде (1932-1934 жж.) редактордың орынбасары қызметтерін атқарған. Ә.Тәжібаевтың жастығына қарамай 1934 жылы Қазақстан Жазушылар одағының хатшылығына, ал 1939 жылы оның төрағалығына сайланған. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы (1958-1960 жж.), Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы қызметтерін атқара жүріп (1960-1962 жж.) қызу шығармашылық жұмыспен айналысады.

30-жылдары ақынның «Жаңа ырғақ», «Лирикалар» атты тұңғыш жинақтарынан бастап, «Оркестр», «Абыл», «Толағай» сынды романтикалық поэмалары дүниеге келді. Жас толқын Әбділданың алғашқы қадамынан жоғары бағалаған М. Әуезовтің 1939 жылы жазған «Әбділда ақын» атты шығармашылық портретінде: «Әбділда жаңа үлгімен, оптимистік екпінмен



толғанатын ақын. Сонда «толғау» сазын сапаландырып, өсіріп, жаңғырта дамытып әкетіп бара жатқан ақын. Соны революция лирикасына айналдырып, қазақтың социалистік поэзиясына әсерлі, сапалы көркем бір ағым кіргізіп келе жатқан ақын» (Әуезов 1985: 150), – деген пікірі, талантты жастың суреткерлік шабытына сол кезде берілген жоғары баға болатын. Ә. Тәжібаевтың халықтық аңыздар мен сюжеттер негізінде жазылған «Мерген», «Кілемшілер туралы ертегі», «Аққу», «Күй атасы», тағы басқа 30-дан астам поэма мен өте көп сандағы өлеңдері сыршылдық, ойшылдығымен, шыншылдық, оттылығымен ерекшеленеді.

Ә. Тәжібаевтың қазақ кеңестік драматургия жанрын дамытуға, театр өнеріне байланысты артында қалдырған мұралары мол. Соның ішінде көптеген пьесалар кезінде замандастардың келбетін ашуға, жаңа дәуірдің жастарын сомдауға арналған. Драматург бұл тақырыпты жазған пьесаларымен ғана емес, сол пьесаларды жазудағы ғалым-сыншылық қырымен де кеңінен танылды. Ә. Тәжібаевтың театр шикізаты драматургияға, осы жанрдың алға өркендеуіне деген автор-драматург ретінде тәжірибелік және әдебиет сыншы ретінде теориялық көзқарасы арнайы қарастыруға тұратын тақырып. Кеңестік қоғамның идеологиялық ұстанымдары басшылыққа алынған дәуір мен қоғам өміріндегі суреткердің зерттеушілік келбеті мен шеберлік қырлары сөз болады.

Ә. Тәжібаевтың қазақ-кеңес әдебиеті мен өнерінің қалыптасу, даму кезінде өмір сүруі және барлық шығармашылық үдерістің бел ортасында болуы оны қазақ театрының дамуының күрделі кезеңдерінен шет қалдырмады. Ұлт драматургиясын жасауға белсенді араласып, оған азық болар пьесалар жазуда біраз еңбек етті. Үлкен шеберлікті талап етер күрделі жанр ерекшелігін игеруде отандық және әлемдік драматургтердің үздік туындыларын зерделеп, сахнаға арналған өзіндік көркем шығарма жазуға барын салды. Драматургия саласында М. Әуезовпен бірігіп жазған «Ақ қайың» деп аталатын тұңғыш пьесасынан кейін қазақ театрларының репертуарына олжа салған көптеген пьесасы дүниеге келді. 1964 жылы жарыққа шыққан ақынның «Жүректілер» атты пьесалар жинағына драматургтің: «Майра», «Жалғыз ағаш орман емес», «Көңілдестер», «Қыз бен

солдат», «Монологтар» сияқты драмалары мен «Той боларда», «Дубай Шубаевич» секілді қазақ театрының сахналарында табыспен жүрген комедиялары енді. Сонымен бірге оның «Көтерілген күмбез», «Жомарттың кілемі», «Біз де қазақпыз» («Халқым туралы аңыз») атты аңыздық желіге құрылған пьесалары кезінде кеңестік идеология қалыптастырған шеңбер аясынан шығып кеткен шығармалар ретінде қыспаққа ұшырады. Бұл Кеңестер Одағы көлемінде БК(б)П ОК-нің «Драмалық театрлардың репертуары және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысына сәйкес (Қазақстан компартиясы басқару органдарының қызметі. 1946: <https://kk.wikipedia.org/wiki/>) жүргізілген кезекті жазалау науқаны болатын. Ұлттық тақырыпты көтерген қаламгер қуғындалды, халқының рухани мұрасын әспеттегені үшін жапа шекті. Сахнаға жаңа уақыт қажет еткен герой, замандастар образын алып келу мәселесі драматургтер мен театрлар үшін өткір тұрды. Осы кезде белсенді шығармашылықпен айналысып сахнаға көптеген образдарды алып келген автордың бірі Әбділда Тәжібаев болатын.

Ә. Тәжібаевтің драматургиясы, театр сахнасына арнап жазып қалдырған негізгі шығармалары мен драматургия туралы зерттеу, сыни еңбектері арқылы қазақ театрының репертуарлық саясаты қалай дамуы қарастырылады. Драматургтің театр репертуарын құрайтын қазақ кеңес драматургиясында із қалдырған өзінің және өзге авторлардың шығармалары, жалпы ұлт драматургиядағы XX ғасырдың ортасындағы ұстанымдарды білуге мүмкіндік береді. Зерттеуге драма, театр өнерінің теориясын қарастыратын театртанушылық, филологиялық, салыстырмалы-сараптамалық, текстологиялық, тарихи-хронологиялық, талдау әдістер колданылды.

Қазақ драматургиясының тарихы мен теориясына байланысты Ә. Тәжібаев «Қазақ драматургиясының очеркінен» (1960) бөлек Р. Рүстембекованың «Қазақ Совет комедиясы» (1975), М. Дүйсековтің «Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі (1977), Е. Жақыповтың «Дастаннан драмаға» (1979), Н. Ғабдуллиннің «Ғ. Мүсірепов-драматург» (1982) Н. Рымғалидің «Драма өнері» (2001)., Б. Құндақбаев «Мұхтар Әуезов және театр» (1997) және т.б. көптеген әдебиетшілер мен театр зерттеушілерінің арнайы зерттеу еңбектері жазылған. Десек те

драма теориясы мен практикасын бірге алып жүрген Ә. Тәжібаевтың драматургтік көзқарасын, драмаға деген сыншылық ұстанымдарын айқындайтын уақыт келген секілді.

Театр – автор арасында болған осындай тығыз қарым қатынас Ә. Тәжібаевқа қазақ драматургиясы жайлы келелі ой түюге, театр мен орындаушылар шығармашылығы жайлы театрсыншылық тұрғыда қалам тербетті. Оған ақындығына қоса біраз жылдар Қазақ ҚСР Ғылым академиясы жүйесіндегі М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылдануға сеп болды. Ол 1945-1948 жылдары Тіл және әдебиет институты аталған ғылыми мекеменің Жамбылтану бөлімінің меңгерушісі, кейін араға жылдар салып 1962-1984 жылдар аралығында ол М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Театртану бөлімінің аға ғылыми қызметкері, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарады. Осы жылдары ғалымның қаламынан шыққан қазақ әдебиетінің поэзиясы мен прозасынан бөлек драматургия жанрындағы жылт еткен жаңалыққа сергек қараған суреткерлік һәм сыншылық көзқарасы бірізділікпен даму үстінде көрініс береді. Сол еңбектің нәтижесінде оның қаламынан шыққан «Өмір және поэзия» (1960), «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» (1971) атты монографиялық жұмысын аяқтады. «Қазақ театрының тарихы» (1-2 тт., 1975, 1978) атты академиялық зерттеу еңбекті құрастыруға қатысып, басылымның редакциялық жұмысын басқарды. «Жылдар, ойлар» (1976), «Жаданның хаттары» (1980), «Хаттар сөйлегенде» (1980), «Өмір мен ерлік» (1985) атты сын, эссе, прозалық кітаптарында әдебиет пен өнерге қатысты тұщымды пікірлерінде қалдырды. Бұл кітаптарда жарияланған Әбділда – театр зерттеушісінің «Бүгінгі қазақ драматургиясы, «Жасарған пьеса, жаңарған спектакль», «Мемлекеттік драма театры туралы бір-екі сөз» т.б. мақалаларынан заманауи театр мәселесіне белсенді араласқанын көреміз. Сондай бір драматургияға арналған көлемді мақаласының аясында Әбділда ақынның драматургтік қарымын, театрсыншылық қырын танимыз.

Біз ақынның Әдебиет және өнер институтына екінші мәрте жұмысқа келуі және драматургия мен театр өнерін зерттеуіне бет бұруына байланысты дерекке тоқтала кеткенді жөн көрдік. Бұл

ресми анықтамалық дерекпен ақынның өзі айтқан дерегі арасында алшақтық бар болып көрінген бір фактіні анықтап өткеніміз жөн секілді. Өзінің: «Ғабит Мүсірепов те маған аға болған» атты естелігінде ақын: «Ғабит бірінші мен екінші хатшы болып сайланған жылы Ғабең көп айларды Мәскеуде, Еуропа, Азия елдеріндегі жиналыстарда өткізіп жүрді. Мен мұнда қарап жатпай, қазақ драматургиясы туралы бір пленум, қазақ балалар әдебиеті туралы екінші пленум өткіздім», – дейді. Сөз тасыған біреулердің бұл істелінген жұмыстар жайлы Ғ. Мүсіреповке дұрыс ақпарат бермеуі, екеуінің арасында суысуға алып келеді. Екеуара әңгіменің қандай тонмен өткендігі жайлы: «Ол Әбеке деген соң, мен Ғабеке дедім. Мен сол күні 1960 жылы Орталық Партия Комитетінің жәрдемімен Академияның әдебиет және өнер институтына ауыстым, әдебиеттің ғылыми жұмысына қоса жегіліп кеттім. Бұл да екеуміздің бір келісім таппай қалған жылымыз еді», – дейді [Тәжібаев туралы естеліктер, 2008: 282-283]. Демек, ақынның өзі жазып қалдырған жылды дереккөзге айналдыруымыз орынды және кейбір анықтамалық дереккөздерде жазылғандай ол бірден институттың бөлім меңгерушілігіне тағайындалған жоқ.

Ә. Тәжібаевтың Әдебиет және өнер институтына келуі, қазақ драматургиясының табиғатын зерттеу үшін докторлық тақырып алып жазуға байланысты ойының пайда болуы жайын біз «Қазақ поэзиясының жарық жұлдызы» атты профессор Тұрсынбек Кәкішевтің естелік мақаласынан табамыз. Институт қабырғасындағы Ә. Тәжібаевпен алғашқы кездесулерінен мағлұмат бере отырып Т. Кәкішев: «Қазақтың ұлы ақыны Әбділда Тәжібаевпен етене жақын кезім болған 60-жылдардың басы. «Қазақ әдебиеті» газетінде әлі ақтала қоймаған, ақталуға жақын тұрған Шәкерімнің өлеңдерін бір бетке бастырып, өте жылы да тартымды таныстыру мақаласын беріп, игі тілектерді мәре-сәре қылған еді... у-шу шығарған тұста Әбділда Тәжібаев Қазақ ССР Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Совет әдебиеті бөліміне аға ғылыми қызметкерлікке келген еді. Сол тұста менің «Қазақ әдебиеті сынының тууы» деген зерттеу еңбегім бөлімде талқыланып өтіп, жаңалық деп табылса да, дирекция жағы жалғыз поэзиямен өмір сүріп келген әдебиетте қандай сын жанры болмақ? Бар сауатымыз екі-ақ

пайыз, сынды кім жаза қоймақ? – деп бет қаратпай жатқан кез болатын.

Бір даудан құтылдым ба деп келген Әбекең «мен де оқып танысайыншы, Октябрге дейін сын жанры туды, дүниеге келеді дегеннің өзі қызық екен» деп он баспа табақтық қолжазбамды үйіне алып кетті. 3-4 күннен кейін бөлімде қайта кездестік.

– Әй, Тұрсынбек, сенің жұмысыңды оқи бастадым. Мынау «Халықтық эстетика» деген тарауың маған қатты ой салып, мазамды алып жүр. Мен де драматургия жайында бірдеме жазсам ба жүр едім. Соған түрткі салып жүрсің ау, тегі, – деп аяқ жағын тарамдатпады. Талай жерде әңгіме үстінде айтып жүр дегенді естідім. 1969 жылы «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» деген еңбегі жарық көріп, оның бірінші «Алтын құндақ» деген тарауында менің кітап болып шықпағы былай тұрсын, әлі дау-дамайдан арыла алмай жүрген монографияма сілтеме жасағаны бар» (Тәжібаев туралы естеліктер, 2008: 207), – дейді. Институтқа аға ғылыми қызметкер болып келгеннен кейін араға біраз жылдар салып барып ол «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» атты докторлық диссертациясын қорғайды және сол жылдан Театр және кино бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды.

Осы кездегі Одақтың Бас хатшысы Н. Хрущев Кеңестер Одағында социализм толық жеңіске жеткенін 1959 жылы кезектен тыс XXI партия съезінің трибунасынан жариялады. Онымен қоймай бұл жеңімпаз идея өз төңірегіндегі басқа елдерге де тарап халықаралық кеңістікте социалистік лагерьдің құрылғаны мәлім болды. Съезде қабылданған 7 жылдық жоспарға сай елімізде дамыған социализмді құру кезеңі басталып 20 жылдан кейін Кеңестер Одағының халқы коммунизмге аяқ басатынын межелеген. «Американы қуып жетіп, басып озатын» ұран да осы съезде Н. Хрущевтің аузымен айтылды. Бұл XX съезден кейінгі елдің жаңа бағыт ұстанған, өмірді, өнер мен мәдениетті жаңаша пайымдауға бет бұрған кездегі елдің халі болатын. Өзгерген заман, адам, замандастар бейнесі, заманауи драматургия мен театр үшін маңызды тақырып болды.

Осыдан кейін іле-шала өткен ҚЖО басқармасының 1960 жылы II пленумында Ә. Тәжібаев жасаған «Бүгінгі қазақ драматургиясы» атты баяндамасында қоғамдық-саяси мәні бар

осындай мәселелерге назар аударып отырып қазақ театры мен драматургиясының тынысына толымды баға береді, әрі қарай дамуына бағыт сілтейді. Театрмен белсенді жұмыс жасаған драматург қазақ әдебиеті, қазақ драматургиясы, театры, жалпы қазақ руханиятының бел ортасында жүрген ол театрдың тәжірибесі мен теориясын, драматургияның қыр-сырын терең біліп, олардың арасындағы байланыс негізін ашып, үйлесімін дөп басып берген суреткер екендігін анық көрсетті.

Ә. Тәжібаевтың сан алуан шығармашылық қырларының ірі саласы – драматургия. Драматургияның теориясы мен тарихы, тәжірибесін қатар алып жүрді. Көптеген пьесалары еліміздің сахналарында қойылып ол қазақ театрымен өте тығыз шығармашылық байланыста болды. Оның алғашқы драматургтік қадамы тәжірибелі қаламгер М. Әуезовпен бірге 1938 жылы жазған «Ақ қайың» пьесасы болды. 30-ға енді толатын Әбділданың жаңа сала – драматургиядағы алғашқы бет алысына баға берген М. Әуезовтің пікірі зерттеушілер үшін құнды. Ол: «Мен Әбділдамен драматургияда аз уақыт бірге қосылып жазып көрдім. Соны, жаңа жанрда алғаш жазғаны сол болса да, осы бірге істескен еңбек үстінде Әбділданың шалым-орамын, талант-тәжірибесін толық танып, шын бағаладым» (Әуезов 1985: 150), – дейді. Бұл еңбегі сол жылы елімізде жарияланған пьесалар бәйгесінде 2 орынды иеленеді. Осыдан кейін Ә.Тәжібаев өзге автормен, жеке дара да пьесалар жазып қазақ театр сахнасында жиі қойылатын авторларға айналады. Өнертану докторы, театртанушы ұстазымыз Бағыбек Құндақбайұлы «Ақын драматургиясы» атты мақаласында осы шығармашылық қырын саралай келе: «Драматургия саласындағы мол еңбектің нәтижесінде оннан астам пьесалар жазылып, театр репертуарын жасауға үлкен еңбек сіңіріп кеткен жазушы-драматург. Ақын пьесаларының дені бүгінгі күн тақырыбына арналған. Олардың ішінде «Жалғыз ағаш орман емес», «Көңілдер» өмір болмысының актуалды мәселелерін көтеріп, ымыраға келмейтін жаңа мен ескінің, жақсылық пен жамандықтың, адамгершілік пен зұлымдықтың тартысына құрылған» (Тәжібаев туралы естеліктер 2008: 184-185), – деген пікір білдіре отырып драматургтің маңызды бір қырына тоқталады. Ол өз заманының жыршысы болуы. Әрине, драматургтің тарихи тақырыпқа да барып сәтті шығармалар

жазғанын жақсы білеміз. Соның ішінде замандастарды театр сахнасына алып шығуда көп еңбектенген. Тақырып демекші, кеңестік дәуірдің гүлдеген өмірін, еңбек адамының жеңістерін жырлайтын бұл кезең жайлы «Қазақ әдебиетінен» келген Жарасқан Әбдірашевке берген сұхбаты бар. Сұхбатта әдебиет пен театрда қаулап көтеріліп жатқан «...тракторшы, шопан, дәрігер, дикан тағы сол сияқты тақырыптарға қалай қарайсыз? – деген сұрағына ақын Ә.Тәжібаев: «Мәселе – мамандықта емес, ең әуелі адамдықты, адамның асыл қасиеттерін көтеруде, оны жамандықтың шаң-тозаңынан таза ұстау үшін табандылықпен күресуде, сол жолда рухани күштілікпен тіресуде», – деген кесімді жауап береді. Ақынның бұл пайымы шығармашылықпен айналысамын деген бүгіннің де суреткері үшін темірқазық ой боларына иманымыз кәміл.

Қаламгердің ұлт театры мен драматургиясы жайлы жазған докторлық ғылыми зерттеу жұмысы – өзінше бір төбе. Т. Кәкішұлының пайымдауынша, Ә. Тәжібаевтың ғылымға қосқан үлесінің бір парасы драматургиядағы ұлттық салт-дәстүрдің молынан көрініс беруін ашуы. « ...қазақ өміріндегі театрлық көріністерді өзіміздің ауыз әдебиетіміздің үлгілерінен, тұрмыстірлікте көп кездесетін көріністерден (қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана т.б.) қазақ театрының ғана емес, драматургиясының элементтерін мол тауып, ғылымға жаңалық қосқан-ды)» (Тәжібаев туралы естеліктер 2008: 207) -дейді. Әр кездері жазылып жарияланған драматургия мен театр туралы ойлары да арнайы, бөлек зерттеуді қажет етеді. Бұл еңбектер жазылып арада өткен 60 жылда өзінің құндылығын жоғалта қоймаған. Ақын-драматургтің замандасы болған ұлттың біртуар тұлғалары - қаламгерлер пьесалары жайлы терең талдауды біз осы мақала мысалынан анық көреміз. Онда кешегі мен бүгінгі драматургия арасындағы өзгешеліктер, кейіпкерлердің ойлауы мен сөйлеуі, қазақ авторларының эволюциялық даму үстіндегі ізденістері кеңінен сөз болады. Бүгінгі ХХІ ғасыр драматургиясында да біз осындай өзгерістердің ізін, кеше жазылған пьесаны қоюға қиналған режиссердің бүгінгі кейпін көреміз. Уақыт көшіне ілесу, заманның тынысын тамыршыдай дөп басып жаза білу, әр кезде де қиын шаруа болған. Бұл ортаға салып талқылауды қажет ететін тақырыпты Ә. Тәжібаев осы мәселелерді дер кезінде көтеріп,

қазақ театрының азығы болған драматургия жайлы келелі сөз қозғайды.

Ол кәсіби драматург, білікті сыншы, сырлы сөзден өрнек салған талантты ақын ретінде қазақ театрына керекті тақырыпты, замандас кейіпкер келбетін көргісі келеді. Өзінің 1958 жылғы жазған «Мемлекеттік драма театры туралы бір-екі сөз» атты мақаласында драматургия мен театр жайлы ойына анық көз жеткіземіз. Ол: «Драматургиямыз бен театрымыздың өмірі – егіздің өмірі сияқты. Біріне-бірін қосақтамай сөйлеп те, жазып та көрген емеспіз. Мұның себебі түсінікті: пьеса алдымен театр үшін жазылады, біз көп пьесалардың журналдарда басылғанын, кітап болып шыққанын оқымастан бұрын, оларды театрлардан көреміз. Сондықтан жазушылар туралы да, қоюшылар туралы да пікіріміз бір желіге құрылады. Бұл театр мен драматургия тарихында қашаннан келе жатқан салт. Әдебиет пен театр сахнасының қосындысы спектакль боп аталған соң, оны бірлестіріп әңгімелеу әбден заңды» (Тәжібаев 1960: 431)-дейді. Ол әдебиет пен театр өнерін, мәтін мен оның сахнада ойналатын нұсқасын бөліп жармайды. Екі ірі саланың бірлігін, ертеден қалыптасқан үрдістің ажырамас ұғым екендігін қарастырады. Осыдан келіп оның шығармаларының, ондағы жанр ерекшеліктерінің бірі екіншісімен астасып, өзара ықпалдасып жатуы заңдылық болса керек.

Ә. Тәжібаев «Жасарған пьеса, жаңарған спектакль» атты мақаласында М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек» пьесасының жаңа редакциялық нұсқасының тұсаукесерінен кейінгі пікірімен білдіреді. Соңғы жасалған редакциялық нұсқаның жетістіктерін айта келе автор пьесаның финалдық сахнасына сыни көзқарасын білдіргенде: «Мен Мұқан пьесасына барынша әділ болуға тырыстым. Бірақ ең соңғы картинасына күдіксіз қарай алмағанымды да жасырмаймын. Әрине онда жақсы тіл, ақындық ойлар жоқ емес, Абыздың ақырғы монологындағы оптимистік рухқа да сүйсінеміз. Әйтсе де тау тағысындай жүректі де білекті геройлардың қол, аяғын нәрестемен бұғаулау, жыламсақтыққа түсіру, өлімнен қорықпаса да оған ақырғы демдеріне дейін қарсыластырмау, бұл шығарманың міні деп білемін... Өз ойымша Мұқан пьеса финалын сабыла іздеп, сарқыла қуанып тапқан демеймін» (Тәжібаев 1960: 477), – деп қорытады. Бүгінгі таңда «Еңлік –



Кебек» трагедиясы М. Әуезовтің осы соңғы түзетулерімен қолданыста. Жоғарыда айтылған Ә. Тәжібаевтың трагедияның соңғы сахнасындағы редакциялық ескертулеріне келсек, Есенді жеңген Кебектей батырға, Абыздай тау тұлғаға нәрестені құшақтатып, «қол, аяғын нәрестемен бұғаулау, жыламсақтыққа түсіру, ақырғы демдеріне дейін қарсыластырмау», жарқын өмірге, келешекке үлкен оптимистік көзқараспен қарайтын суреткердің өзіндік ұстанымының беріктігін, драматургтің трагедия финалындағы шешіммен келісе алмайтындығын көреміз. Бұл сол кездің тұлғаларына тән сыншылдық, көрген кемшілігін дәлелді айта алатын турашылдығын көрсетсе керек.

Қазақтың классик драматургтері, замандас қаламгерлер М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек» пен «Дос, бедел досын» және Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысы» мен «Сен қайтер едің» пьесаларын салыстыра отырып көркемдік деңгейін саралайды. Алдымен «пьеса поэзиялық дәрежеге жетпей тұрып сахналық та құнды шығарма бола алмайтынына» назар аударады. Екі бағыттағы ескілік кейіпкерлері мен замандас жастарды сипаттауда алғашқы Еңлік пен Ақтоқтыда бар романтикалық, поэтикалық үн театр өнерінің қай кезде де негізі болып қала беретіндігіне баса көрсетеді. Екі автор да аталмыш шығармаларында жалындаған жастардың өмірін суреттейді, екеуінде де жас шамасында сәйкестік бар. Бірақ автор: «...Кешегі алыс заман Ақтоқтысы жақынымыздай, сырласымыздай, ал бүгінгі өз қыздарымыздың құрбысы Ақбота сондай алыс сондай жат. Себебі Ақтоқты поэзиядан туған бейне, ал Ақбота поэзияға айналып үлгермеген кездейсоқтардың бірі, күнде естіліп, артынша ұмытқа айналатын көп хабарларымыздың бірі» (Тәжібаев 1960: 442), – дейді. Айтса, айтқандай-ақ. Бүгінгі күні де бұл драматургтер үшін өзекті мәселе, өзекті тақырып. Қоғамның келбетін ашатын замандастар бейнесін сомдаудағы драматургтер тарапынан беріліп жатқан сипаттамалар, оларды сомдаудағы бейнелік штрихтардың жұтандығы. Автор пьесаның көркем жазылуы мен сахнаға қойылуы, пьесаның оқылуы барысындағы адамдардың бойындағы «қасиеттері жүйке мен мидан, олардың терең сезімдері арқылы туып жатқан жоқтығын» баса көрсетеді. Драманың табиғатын тереңнен білгендіктен Ә. Тәжібаев замандастарының шығармаларындағы жіберілген кемшіліктерді барынша ашып көрсетеді.

Сахнаға сол дәуірдің замандастар образын әкелу мәселесі өзекті болып, оны әр суреткер өзінше түсініп, өзінше шешкенін қазақ театр тарихынан жақсы білеміз. Күрделі тақырыпты автор мен театр оңайлықпен игерген жоқ. Талай айтыс-тартыстар туып қызу пікірталастарға жалғасты. Оның астарында ресми кеңестік идеологияның таптық көзқарастары мен ұстанымдарға бағындырылған қақтығыстары жүріп жатты. Ә. Тәжібаевтың жоғарыда келтірілген ойын жалғайтын дерекке мысалды біз Сәбит Мұқановтың 1941 жылы 29 мамырда Мұхтарға Мәскеу қаласынан жолдаған хатынан да көреміз. Онда ол өзінің М. Әуезовке деген іштегі өкпе-назын ашық айта келе драматург пьесаларындағы осы мәселеге деген өзінің ойын былай білдіреді: «Менің есептеуім бойынша, совет өкіметін мойындағаннан кейін (1932-1941 жж. түсінік – М.А.) Советтік Қазақстанның өмірінен алынып жазылған оншақты пьесаң бар екен. Айтшы, сонда осының ішінде көркемдігі жағынан «Қаракөзбен», не «Еңлік-Кебекпен» теңдесетін біреуі бар ма? («Еңлік-Кебек» туралы пікірім жоғары. Мен оны бұл арада сенің совет дәуіріне дейінгі әдеби қайраткерлігіңнің тұсында жазылған шығарма деп бағалаймын).

Турасын айтқанда, совет тақырыбы туралы ізденістеріңнің кезінде сен өзің де, қазақ әдебиетіне де абырой әпермейтін бір пьесадан кейін бір пьесаны жаздың» ([Жұртбай https://abai.kz/index.php/post/17138](https://abai.kz/index.php/post/17138)), – дейді. М. Әуезовтің драматургиядағы 1941 жылға дейінгі жазған дүниелерін С. Мұқанов «қазақ әдебиетіне де абырой әпермейтін» туындылар қатарына жатқызады. Мұнда Сәбиттің Мұхтарға тісін батыра отырып айтқаны, әрине, бір жақты, қатты айтылған пікір десек те, жазылған, сахнаға қойылған Мұхтар шығармаларының көрерменнің ықыласына алдыңғы туындылары секілді іліге қоймағандығын баса айтқандығын көреміз. Біздіңше, М. Әуезов 2 жылға жуық түрмеде отырып шыққаннан кейін сол кезге дейінгі жазғандарынан баз кешіп, бұдан әрі қарай кеңестік өмірді жырлайтын «дұрыс» шығармалар жазуға отырады. Бұл жүйе алдында өзінің жаңарған, кеңестік жүйе суреткері екендігін дәлелдеуге жасаған әрекеті болды.

Ә. Тәжібаев өзінің драматургия жайлы ойын сабақтай келе: «Жаман пьесаны жақсы театр көтере алмайды, сондықтан театрларымызға жарамды пьеса керек десек, сол жарамды деген пьеса-

мыз ең алдымен әдебиеттік шығарма болуға тиіс» (Тәжібаев, 1960: 444), – дейді. Бұл тілегін ол өз замандастары М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ш. Хұсайынов, Ә. Әбішев, Қ. Сатыбалдин, М. Ақынжановқа және өзі – Ә. Тәжібаевқа да қарата, атын атап, түсін түстеп айтады. Ол «сан түрлі адамдары жөнінде көркем әдебиеттің құнды қазынасын байыта түсерліктей, тілге орамды, жүрекке жылы, оқушыны еліктіре аларлықтай пьесалар жазған жоқпыз», – деп, өзгелер мен өзінің кемшіліктерін де мойындайды.

Оқиғаны баяндауда сол кездегі кино өнерінің камераның көмегімен фильм жасаудағы соны әдіс-тәсілдерін, сахна өнеріне тигізіп жатқан мол ықпалы мен мүмкіншілігін, проза жанрының сипаттау, баяндау құралдарының мол мүмкіндіктерін айта келе, драматургиямен салыстыра қарап, автор, таза драматургия жанрының әрқашанда өзіндік деңгейі сол күйінде ешқандай қоспасыз-ақ керемет көркем туынды жасауға мүмкіндік беретініне сенімі нық екендігіне білдіреді. Ол: «Біз сахнаға киноны да, баяндаушыны да алып шықпаймыз. Екеуінің де драматургияға керегі жоқ; драматургия кеше де, бүгін де, ертең де өз құралдарымен ғана, яғни диалогімен, монологімен ғана күшті. ...Егер ең қымбатымыз, ең асылымыз адам дейтініміз рас болса, егер адамды ашу, адамды сүю, адамды көркейту мұратымыз дейтініміз рас болса, Шекспир драматургиясы бізге мәңгі жолдас, мәңгі дос» (Тәжібаев, 1960: 446), – деп, әлемдік классик авторды мысалға ала отырып, қазақ қаламгер-драматургтеріне жазу шеберлігін ұштауда, көркемдік биікке көтерілуде Шекспирді иық теңестіретін меже, нақтылы нысана ретінде үлгі етеді.

Драматургия табиғаты ширақ өрілген оқиға желісіне, кесек кейіпкерлер галереясына, олардың арасындағы қызу қақтығыстарға құрылады. Қақтығыс, тартыс болмаса оқиғаның өрбуі, сахнадағы әрекеттің алға қарай жылжуы – қиын да күрделі шаруа. Қоғамда бұған дейін болып келген тартыссыздық теориясы сахналық шығарманың бойындағы қуатын алып әлжуаз, болбыр баяндаулар мен қолдан жасалған идея мен шындық үшін күреске толы шығармалармен толған кеңестік-қазақ театр сахнасына жаңа дем, соны серпіліс әкелетін өткір драматургиялық коллизияға негізделген шығарма қажеттігін автор жақсы сезінеді және дәл сол кезде әріптестерінен талап етеді. «Иә, аты, атағы зор, әрі үлкен, әрі салмақты беделге айналған, даңққұмар, шенқұмар,

ақшақұмарлармен беттесу қиын. Оларды мақтай берсең, қостай берсең ғана жағасың, ал күдік жасасаң, мінін айтсаң біткенің: зор беделдің өсегі де қуатты, зеңбірекше аямай соғады да, шалқаннан түсіреді. Ал оның жарамсақтары құдіретті мәртебеге қошемет көрсетіп, қол соғады. Әдетте, біз әділдік жеңеді, адал еңбек өзіне лайықты қасиетті орнын алады дейміз. Ол дұрыс. Біздің міндет – сол әділдіктің жеңгенін, адал еңбектің өз орнын алғанын, Сальерилерлердің қалай әшкереленгенін, құлағанын көрсету ғой. Ендеше қазіргі бар, кейін де көпке дейін бола беретін конфликтілерді жұқартпауымыз, жасырмауымыз керек» (Тәжібаев, 1960: 456), – деген автор, театрдың шикізаты болып саналатын кесек драматургияның келбетін ашатын табиғатынан ауытқымауды, әр шығарманың қызу тартысқа құрылған табиғатын жеңілдетпеуді талап етеді.

Өзімен замандас драматургтардың комедия жазудағы мәселенің байыбын бір жақты ашу, «ақ немесе қара» деген бояумен көрініс берген ортақ кемшіліктерін бағалай келе ол: «Біз жарамсыз мінездерді, жат құлықтарды аламыз да, әбден жаман-даймыз. Бірақ солардың неліктен жаман болғанын түсіндірмейміз, көрсетпейміз» - деп, ол өзінің «Жалғыз ағаш орман емес» комедиясындағы жіберген «әттеген-айына» тоқталып талдайды. 1958 жылы Мәскеуде өткен Қазақстанның әдебиеті мен өнерінің екінші декадасына барған бұл спектакль сахнаға қойылуы барысында қаншалықты авторлық, режиссерлік дайындық сүзгісінен өткен болатын. Ақын-драматургтің сөз саптауынан өзі көтерген ортақ мәселедегі авторлық көзқарасын, принципшілдігін анық көреміз. Оқиға кейіпкерінің ішінен белгілі әрекетке баруын, оның «...көптеген себептердің ең күрделілерін тереңнен іздеп таппай, жаңашылдарға қарсы, саналы түрде көнбейтін, нақты себебін таппай «өмірден артта қалды» деген абстракциялық формулаға оңай сүйене салсақ штамптан құтыла алмаймыз. Штамп бар жерде ой тереңдігі жоқ, автордың ақындық қанаты да кең жазылмайды» (Тәжібаев, 1960: 460), – деген қорытынды жасайды. Әбділда – сыншы, Әбділда – драматург шығармасындағы артық-кем тұстардың түп-төркініне өнерде ауысып кетуі оңай, жеңіл жасалатын таптауырындық, штамп секілді жаңалық іздеуден шаршап, сергектік қалғыған тұста жіберілетін қателіктердің бетін ашып береді. Мұндай мойындаулар осы

ұрпақтың басында болған «сын және өзін-өзі сынау» үлгісінде жазылып шыққан және орынды ескертпелерімен құнды. Біздің бүгінгі таңда айтылған сынға ер тоқымын бауырына салып асау аттай мөңкітін өнер қайраткерлерінің жалаңаштанған нәзік психикасының жанында бұл ұрпақтың жаны сірі. Талай қиындықтар тезіне шыдас берген, талай өткір сынды басынан өткізген құрыштай шыныққан аға ұрпақтың өкілі екендігін көреміз.

Автордың сол кездегі жаңа қарқынмен дами бастаған қазақтың комедия жанрына қалам тербеген драматургтер пьесаларына берген бағасы мен сыни көзқарастары да бүгінгі күні өзінің өзектілігін жоғалтпаған. Қалың қазақ көремендерінің арасында үлкен қызығушылық тудырған Қалтай Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» комедиясына тоқтала келе: «...көркемөнердің күресетіні қылмыстың өзі ғана емес, оның шықан тегі, асқынған себебі, біз әрбір бұзықтықтың, терістіктің тамырын балталау үшін, ең алдымен оның философиясын әшкерелеуіміз керек. Қалтай пьесасының да осы жағы жетпей жатыр», – дейді. «Біздің пьесаларымыздағы иллюстрациялық элементтер драманың тіліне де әлсіздік, көпсөзділік элементтерін кіргізеді. Сәтті табылған драмалық ситуациядағы характерлердің өзара қатты қақтығысулары диалогтан от жылтылдатып, шоқ шашыратады ғой. Ал драманың өзі емес, оған сипаттама, кепілдік ретінде қосылған материалдарда ондай күшті болмайды» (Тәжібаев, 1960: 463), – деген ой қорытады. Сыншы атап өтетін әрбір шығарманың негізгі түп қазық – идеясын тауып алып сол төңірекке шиырлатып тереңнен қазу керектігіне назар аудартады.

Автор Садықбек Адамбековтың «Күн мен көлеңке» комедиясын жіліктей шағып талдай келе, «Тұман сияқтылардың да өз әрекеттеріне лайық өмір сүру қағидасы, үлкейтіңкіреп айтқанда, философия болуға тиіс. Өйтпейінше сахнадағы өмірдің заңдылығы көрінбей, логикалық сенімділігі жетпей жатады... Сатиралық комедияға жағымды геройларды алған екенсіз, оларға қызмет істеу керек. Оларға көреген көз, аңғарғыш зейін, естігіш құлақ, сезімтал жан, төзімпаз сабыр, айтар тіл, қорытқыш ой беру керек. Тұмандар осындай адамдардың ішінде өмір сүре алсын, соларға айла-тәсілін қарсы жұмсай алсын. Оқиға сонда қызады, пьеса сонда қызық болады. Біз бұзақы, теріс адамдармен қатар

жарқыраған өмірді, өмір жасаушы шеберлерді көрер едік» (Тәжібаев 1960: 466), – деген комедия жанрының табиғатын терең түсінген, «Той боларда», «Дубай Шубаевич», т.б. секілді комедия жазған драматургтің салиқалы ойын оқимыз. Әдебиеттің драматургия жанрымен 40 жылға жуық тұрақты айналысқан оның бұлай айтуға әбден құқығы бар. Себебі Ә. Тәжібаевтың комедиялық пьесаларымен соғыстан кейінгі жылдарда қазақ театрында жаңа серпілістер бастау алады. Жоғарыда аттары аталған қазақ комедияграфтарының шығармашылықтарына жол ашқан да Ә. Тәжібаевтың шығармалары болғаны анық.

Ақын-драматург өзінің белгілі «Монологтар» сахналық поэмасының кейіпкерлері қазақтың танымал тұлғалары, әрқайсысы тарих пен тағдыр шырмауында сергелдеңмен артында ұмытылмастай із тастап автордың замандасы ретінде үн көтерді. Әбділда бұл туындысында өзін толғандырған өзекті мәселені халқымыздың бұлбұл үнді әншісі Күләштің аузына салады. Күләш Байсейітова монологінің өн бойында осы замандастар образы, бүгінгі күннің кейіпкерлері өз деңгейінде көтерілмегені сөз болады. Күләш замандасының, танымал әнші-актрисаның көкейіндегі үн, асқақ арман болып тыңдармандарға бет бұрады. Онда Күләш:

«Дегенменен бір арман бар,  
Бүгінгі апа, сіңлілерді  
Көрсете алмай келемін.  
Таппай жүрмін композитор, ақынның  
Жас ғашықтар сырын айтқан өлеңін.  
Әрине, мен Жібегім мен Сараға  
Іздеп бақтым теңдікті.  
Жұбатқанмын драмада  
Жылап өткен Еңлікті,  
Айтып болдым, ағайын,  
Кешегі өткен тарлық пенен қорлықты.  
Енді айтатын жеткен жоқ па кезегім,  
Бүгінгі мына жарығы мол,  
Жылуы мол кеңдікті?  
Жаңа дүние, жаңа заман қыздарын  
Жасап жүрген еркектерше ерлікті  
Жазыңдаршы, мен ойнайын деп келем  
Жазғыштарға ең мықты.  
Бірақ олар танымады

Мен таныған, мен қызыққан қыздарды.  
Аймандарға, Шолпандарға айналып  
Бір-бірінен қызғанды,  
Мен ешқашан қарсы емеспін оларға,  
Баяным да, Ақтоқтым да ардақтым.  
Мейлі олардың бас-басына арнаулы  
Ескірмейтін ескерткіштер орнатсын.  
Құттықтаймын, қуанамын мен бұған  
Өйтсе-дағы бүгінгі қыз арманым.  
Қараңдаршы, тұр ғой міне алдымда  
Жарастықтың жалтылындай сандығым!

(Тәжібаев, 2009: 100), – деген сөздер. Күләштің опера сахнасында жасаған алдыңғы лек классикаға айналған образдар галереясынан бөлек толымды жұмысының әлі де болса көңілі толмайтынын бейнелі береді. Сахна саңлағының арманы мен аңсары ауған замандас бейнесінің қанша сұраса да әліге дейін көңілінен шықпай жатқанын баса көрсетеді. Бұл жоғарыда жазылған сыни мақаладағы ғалым-зерттеуші Ә. Тәжібаевтың поэзиядағы ақын-драматург Ә. Тәжібаевқа айтқан, бірінің ойын екіншісі толықтырған көрінісі. Мұнда, драматургия жайлы жоғары трибунадан айтқан сыни пікірлерінің жалғасын, көтерер тақырыптарының, замандас кейіпкерлерді сомдаудағы шығармашылық еркіндіктің тапшылығын айқындай түседі. Біздің ойымызша, бұл тақырып, өмірі де шығармашылығы да, өлімі де аңызға айналған Күләш атты қазақ сахнасының феноменіне, «чудосына» (Ғ. Мүсіреповтің анықтамасы. – *М.А.*) (Мүсірепов, 1997: 210) айналған талантты өнерпаздың көркемдік келбетін сахнадан замандастарының бейнесін жоғары деңгейде талантты етіп сомдай алатын тұлға – актрисаның ашылмай кеткен шеберлік қырлары, толық іске аспаған шығармашылық шабыттың іштегі тұнған мұңы секілді бейнелі берілген.

Ә. Тәжібаев театр өнерін дамытуға, оның драматургия-сының өсуіне кәсіби театр сынының орны жоғары екендігіне мән береді. Театрдың теориялық мәселелеріне байланысты театр тарихы мен театр сынының орны зор екендігін жақсы сезінеді. Оларды зерттеуші ғалымдардың аздығы қынжылтады. Театр шығармашылығы сыни көзқарассыз тоқырауға ұшырайтынын, әділ де салмақты болуы керектігін баса көрсетеді. Ол: «Театр мен драматургиямыздың мамандалған зерттеушілері мен айналып

болған жолдастарымыз жеткілікті емес. Драматургиямыздың дамуына бұл да үлкен бөгеттің бірі. Сын драматургияның проблемалық мәселелерін көтере білетін, аз тәжірибеміздің өзін мол қорыта білетін, шеберлік жайында ғылыми, дәлелді кеңес айта алатын өзге елдердегі озық драмашылдардың жақысы үлгілерін ұғындыра алатын, ешкімнен сескенбейтін, үлкен беделдер алдында майысып, қайыспайтын, өкпелесіп қалған жолдастарын қауып түсуге құмартпайтын болуы керек. Жасырмайық, бізде мұндай драматургия және театр сыны әлі жоқтың қасы» (Тәжібаев, 1960: 261), – деп ой қорытады. Біз ғалымның бұл ойын бүгінгі қазақ драматургиясының, театрының хал-жайына назар аударып отырып келтіргіміз келеді. Драматургияны, театрды зерттеп жазатын сыншы пікірінің қажеттігін баса көрсеткен автордың осындай өзекті ойы бүгін де күн тәртібінен алынған жоқ. Алып тастауға болмайды. Себебі біз Ә. Тәжібаевтың осы ойы арқылы қазақ драматургиясы мен театры, театр сынына, жалпы ұлт театрының келешегіне назар аударғымыз келеді. Театрының жарқын болашағы оның жасаған спектакльдерін тек қана жылы сөз, сыпыра мақтаудан тұрмақ емес. Сындалы ой, салмақты сын айтып, оның оң бағытын көре біліп, орнымен айтатын білікті мамандардың көзқарасы қажет.

Қазақ мәдениетінің көрнекті өкілі, ұлт поэзиясының, театрының қоржынына көптеген сүбелі шығармаларымен олжа салған Әбділда Тәжібаевтың өзге де шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік қырлары келер ұрпақтың назарында болары анық. Ол өзі өмір сүрген кеңестік уақыт талабы мен идеологиялық ұстанымдарына сай жаңа герой жасау жолында барынша еңбектенді. Шығармашылық таланты және қарқынды күш-жігерін жұмсап сахнаға алып шыққан қоғам келбеті мен замандастар бейнесін ұлт театры мен драматургиясы тарихында қалдырды. Суреткердің ұлт театры мен драматургиясындағы ізденістерін сараптай келе талантты ақын-драматургтің ғылыми-зерттеушілік келбетіне де назар аудардық. Бұл тақырып және суреткер тұлғаның бұдан басқа да қырлары әлі де болса тереңірек қазуды, ауқымын кеңейтіп зерттеуді қажет етеді. Ол зерттеулер келешек зерттеушілердің үлесінде.

#### **Әдебиеттер:**

1. Әуезов М. 20 томдық. ТШЖ. 17-т. – Алматы: Жазушы, 1985. – 374 б.



2. Жұртбай Т. Сәбит Мұқанов – әйтеуір Мұхтардың тегіне күмән келтіруден танбаған. <https://abai.kz/index.php/post/17138>.
3. Мүсірепов Ғабит. Күнделіктер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 288 бет.
4. Толағай тұлға тарлан ед... Әбділда Тәжібаев туралы естеліктер / құраст. Г. Мырзахметова. – Алматы: Білім, 2008.
5. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960.
6. Тәжібаев Ә. Үш томдық шығармалар жинағы: Поэмалар мен драмалар. 3-т. – Алматы: Ана тілі, 2009. – 272 бет.
7. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстан\\_компартиясы\\_басқару\\_орган\\_дарының\\_қызметі](https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстан_компартиясы_басқару_орган_дарының_қызметі).

**А. КӨШЕКОВА,**  
*ҚазҰҚПУ профессор м.а.,*  
*филология ғылымдарының кандидаты*

## **ЭПОС ҚАҒАРМАНДАРЫНЫҢ ТИПТЕРІ**

Эпостағы ат бейнесі ең алдымен бас қаһарманның ежелгі жыр нұсқаларында сиқырлы көмекшісі, ал соңғы батырлық эпостарда «жан серігі», жауынгер жолдасы ретінде көрініс табады. Қалай болғанда да, ат образы бас қаһарманмен тығыз байланысты. Соған орай эпоста бас қаһарманның қалай пайда болғаны туралы мәселе қозғалып отырған тақырып үшін өте маңызды болмақ. Е.М. Мелетинскийдің пікірінше эпикалық қаһарман өз бойына тотемдік бірінші ата-ана мен мәдени қаһарманның белгілерін жинақтаған алғашқы баба (первопредок) бейнесінен туындаған [1, 37]. В.Я. Пропп басты қаһарманның бейнесі «ру мен оның салттарын өмірге келтірген бабадан» бастау алған деген тұжырым ұсынады. [2,355 б.]. Ю.Э. Березкин шамандық мифтің қаһарманы «қауымның қатардағы мүшесі емес: ол-не асқан зор қабілеттері бар қаһарман, не қаһарманға карама-қарсы сипаттаған жолы болмаған жан» деп атап көрсетеді [3,15 б.].

А.Л. Баркова эпостағы бас қаһарманның шығу тегі жөнінде: «Біз алғашқы бабаның-шамандық мифтің қаһарманның үш басты қасиетін (туылуы мен іс-әрекеттерінің ғажайыптығы, аса орасандығы; өз тайпасына қамқорлық жасауы; магиялық қабілеттері) әрқилы үш жанр әрі қарай дамытқан деп болжам-

дауға құқылымыз: бірінші қасиеті-мифте (алғашқы баба құдайға айналдырылады), екіншісі-эпоста (алғашқы баба ұлы жауынгер-қорғаушыға айналады), үшінші қасиеті-ертегіде (алғашқы баба образының маңызы жойылады) дамытылады» деген тұжырым айтады [4].

Эпоста ат пен оның иесі бас қаһарманның бастапқыда бір тұлға болғанын жоғарыда атап өттік. Эпостың дамуының соңғы кезеңдеріндегі жырларда да ат тек қаһарман арқылы, оның іс-қимылы, шайқастары, батырлық жорықтары арқылы суреттеледі. Жеке атқа арналған қазақ эпосы жоқ, тұлпар-әрдайым көмекші тұлға ғана. Демек, эпостағы аттың образын зерттеп-зерделеу шығарманың басты қаһарманы тұлғасын талдау, оның эпостың әрқилы жанрларындағы типтік сипаттамаларын анықтау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау арқылы жүзеге асады. Жалпы алғанда, эпоста, соның ішінде қазақ эпосында эпикалық қаһарманның типтік төрт түрін, төрт ұрпағын кездестіреміз. Эпос қаһармандарын төрт типке бөліп қарастыру, әрине, түптеп келгенде, шартты болмақ, себебі бір қаһарманның басында әрқилы типтерге тән қасиеттердің болуы, жинақталуы мүмкін. Зерттеуші И.В. Шталь өзінің: «эпикалық суреттеулердің эволюциясы (Гомердің «Одиссейіндегі» қаһармандардың төрт ұрпағы)» атты мақаласында Одиссейдің өз бойына төрт ұрпақтыңда типтік белгілерін жинақтағанын көрсетеді [5,182-212 б.]. Соған қарамастан, эпос қаһармандарының төрт типін бөліп көрсетіп, сипаттап шығу ат пен батырдың қарым-қатынасының жанрлық ерекшеліктерге, тарихи-диахрондық өзгерістерге орай түрленуін тереңірек бағамдауға жол ашады деп пайымдаймыз.

Эпос қаһарманының бірінші типі

Бұл типке о дүниенің кейіпкерлері-әрқилы қасиетті жануарлар, жындар, пірлер, диюлар, құдайлар, аруақтар, т.б. жатады. Ана дүние немесе өлілер дүниесі туралы ұғым-түсініктер әр түрлі тайпаларда, халықтарда, аймақтарда әрқилы болған. «Алдын ала айтып қояйық, о дүние туралы толықтай біркелкі сипаттағы ұғым-түсініктері бар халықтар мүлде жоқ. Мұндай түсініктер әрдайым көп түрлі және, көбіне, қарама-қайшылықты болып келеді» деп тұжырымдайды В.Я. Пропп [6, 287 б.].

Ана дүние туралы түсінік, көбіне, адамдардың өмір сүріп жатқан дәуіріне және олардың басты тіршілік көзіне, шаруашы-

лық жүргізуінің түріне байланысты болған. Айталық, ең ежелгі аңшылық дәуірде адамдар ана дүниені, көбіне, аңдар, жануарлар дүниесі деп есептеген, бұл түсініктер фольклорлық шығармаларда аңшылық патшалығы (жыландар патшалығы, арыстандар, маймылдар т.б. патшалығы түрінде көрініс тапқан). Тірілер дүниесінде немесе шынайы дүниеде аңдар кейде болып, кейде сиреп, құрып кететін болса, өлілер дүниесінде аңдар үнемі толып жүреді, яғни ырғын молшылық пен аңшылықтағы кепілді табыстылық дүниесі деп есептеген. Өлілер дүниесіне сапар шегіп қайтқан жан, біріншіден, аңдарға билік жүргізе алатын қасиетке ие болады (аңдарды шақыратын ысқырықтар, түтететін қылшық, т.б.), екіншіден, өзімені бірге ана дүниеден молшылық алып келеді (жайған кездері үстіне үйіліп-төгілген көп тағам пайда болатын дастарқандар) деген сенім болған.

Аңшы аңдарға толықтай тәуелді, яғни аң бар болса, ол тоқшылықта өмір сүреді, жоқ болса, ашаршылыққа ұшырайды. Соған орай ол өзінің барлық ұғым-түсініктерін, мүддесі мен мұратын ана дүниеге жасырады, ол дүниені тек аңдарға ғана толтырып қоймайды, өзі өмір сүріп жатқан рулық қоғамды да сол дүниеге орнатады, яғни аңдарды билеушілері, «патшалары» болады деп есептейді. Ежелгі адам өлген соң, өзім де аңға айналамын, сөйтіп, аңдардың патшасына барамын деп сенген.

Кейінірек, адамдар бау-бақша өсіріп үйренген кездері ана дүние бау-бақшаға, жеміс-жидекке толы молшылық дүниесі деген түсінік пайда болады, бірақ бау-бақша өспейтін солтүстік халықтары арасында мұндай ұғымдар жоқ. Ал егіншілік пайда болған кездері адамдар ана дүниедегі егін молшылығын қамтамасыз ететін құдайларды ойлап табады. Сонымен, әлемнің жер-жеріндегі түсініктерді салыстырып қарастырғанда, ана дүниенің жануарлық, бау-бақшалық, күндік-егіншіліктік деп атауға болатындай негізгі үш түрі бар екенін байқауға болады.

Қазіргі монотеистік діндердегі ана дүниедегі «жұмақ» туралы түсініктердің, «ұжмақтың» молшылық, береке-бақуаттылық дүниесі болып суреттелуінің, ондағы адамдардың еңбек етпей-ақ мәңгі бақытты ғұмыр сүріп жататындығы туралы сенімнің ежелгі о дүние жөніндегі түсініктерден бастау алғандығын байқауға болады. Маркиз аралдарындағы осындай түсініктер туралы Д.Г. Фрээр: «аспан аймағы нан ағашы жемісінің ұнына,

шошқа етіне, байлыққа бай, бақытты ел деп есептетілді; ол жерде әйелдердің қиялмен елестетуге болатын ең сұлулары бар. Ол жерде жандар... әр күн сайын кокос жаңғағы майынан пайда болған өзендерде шомылады» деп жазады. Бұл түсініктер қазіргі үлкен монотеистік діндерде сөзбе-сөз қайталанды деуге болады.

Ана дүниеге баратын жолды, көбіне, жыландар, арыстандар, т.б. жануарлар немесе заттар, қарулар (мысалы, кіріп барған адамды шауып түсіретін қылыш-қақпалар, қозғалмалы таулар, т.б.) қорғап тұрады.

Ана дүниедегі жандар (мақұлықтар, перілер, т.б.) тірілер дүниесінен барған адамдарды көрмейді, сол себепті де, көбіне, соқыр жан кейпінде бейнеленеді. Бұл мотивтер қазақ эпостарында да ішінара болса да сақталып қалған, айталық, «Қарасай-Қазиді» эпосындағы ана дүниедегі Орақтың аруағын балаларына көмекке шақыратын Тонадан деген жыр соқыр болып суреттеледі:

Ұйқыдан түсіп қалғанын  
Тонадан соқыр біледі,  
Біледі де жылады,  
Беті-қолын жуады,  
Белін қындай буады,  
Аюдай ақырған Орақтың,  
Күндей күркіреген шырақтың  
Көріне жетіп келеді.  
«Аруағың болса тұр!»-деді,  
«Балана туған бар!»-деді (7, 140 б.).

Тонадан аты эпостың бір жерінде ғана аталады, оның кім екені нақтыланбайды. Тонадан өзінің соқыр болғанына қарамастан, Орақтың балаларының басына түскен мүшкіл халді «біледі», бірақ қалай білгені де баяндалмайды. Соқыр болғанына қарамастан, дүниеде болып жатқанның бәрін біліп отыру да ана дүние кейіпкерлеріне, яғни, бірінші типтің қаһармандарына тән қасиет. «Өзге әлемнің және оның тұрғындарының сипаттамаларында қарама-қайшы сипаттардың үйлесуінің ең бір жарқын мысалдарын финнің «Калевала» эпосынан көреміз: өртеніп жатқан өзен және отқа оранған тас өзінің жауын көріп тұрған басқа әлемнің соқыр иесі, ол ең қуатты сиқыршы болуымен қатар, «жаман шопан» кейпінде де көрінеді ұршықтың сынықтары,

сонымен бір мезетте қайық жасап шығаратын жүз тақта ақыр аяғында өзге әлемнің тұрғыны бір мезетте өте құрттай кішкене, әрі орасан үлкен...» деп жазады А.Л. Баркова [4].

#### Қаһармандардың екінші типі

Бұл типке о дүниеге, яғни өлілер еліне сапар шеккен, өзге әлемге барып қайтқан кейіпкерлер жатады. Басқа әлемге кейіпкерлер жануарлар әлеміне билік жүргізу, өмір мен өлімді билеу, ауру тудыратын жындарды құрту, дәрмен-қуат алу т.б. үшін сапар шегеді. Екінші типтің қаһармандары біздің қазіргі түсінігіміздегі ел-жұртқа үлгі болатын жағымды батырлар, ел қорғаны болған ерлер емес. Көп жағдайда бұл типтегі қаһармандардың іс-әрекеті, қылықтары бүгінгі күн тұрғысынан алғанда тым ерсі, ақыл-қисынға сия бермейді. Бұның өзі түсінікті де: бұл типтегі қаһармандар адамдық түсініктегі моральдық, құқықтық, этикалық-эстетикалық ұстанымдар енді ғана пайда болып, қалыптаса бастаған кездері өмірге келген. Сондықтан олар үшін кез келген адамдық ұстанымдарды бұзу-үйреншікті жайт, тіпті мұны олар өздеріне мақтаныш көреді.

«Алғашқы баба-қаһармандар, «көбіне, қағидаға сай жүріп-тұрмайтын еді, себебі қағидалар олардың тіршілігінің нәтижесінде ғана жасала бастаған болатын» [1, 222 б.]. Соған орай алғашқы бабаның және одан бастау алатын образдардың басты ерекшелігі кез келген сипаттағы қалыпқа сай келместік (анормальность) болды. Архаикалық түсініктер бойынша, адамдық тыйымдарды бұза білу құдайылықтың белгісі болды және оларды бұзуды өзіне мақтаныш деп білді [86-89 бб.]; сол себепті де алғашқы бабаның немесе архаикалық қаһарманның атқарған іс-әрекетіне еліктеу туралы әңгіме де болуы мүмкін емес, ол әрекеттер тек қорқып-шошумен шектесетіндей тандану тудыруы ғана мүмкін» деп тұжырымдайды А.Л. Баркова [4]. Бір сөзбен айтқанда, архаикалық қаһарман еліктейтін, пір тұтатын, үлгі алатын қаһарман емес.

Ежелгі архаикалық «Ер Көкше» эпосында оның бас қаһарманы Ер Қосайдың іс-әрекеттері эпостың аяғында былай суреттеледі: «Жеті жүз ұста жидырды, жетпіс арба көмір алдырды, өзі көмірдің ортасына отырды. Ұсталарға бастырды, өзі қорғасындай балқыды, көтінен найзаның сынығы түсіп қалды» [9, 167 б.]. Бұл үзіндіден адам санасының жетілмеген, балаң кезінде өмірге келген ежелгі шығармалардағы кейіпкерлер мен қазіргі заманғы

қаһарман туралы түсініктің арасындағы алшақтықты және оларды сипаттаудағы ерекшеліктерді байқауға болады.

Эпос қаһармандарының үшінші типі

Бұл типке елін, жерін жаудан қорғаған, достарының, жарының, ата-анасы мен туған бауырларының намысы үшін күрескен, әлсіздерге қорған болып, кедей-кепшікті желеп-жебеп қолдаған, нағыз жаужүрек, әділетті де адамгершілікті батырлар жатады. Қазақтың классикалық эпикалық батырларының басым бөлігі қаһармандардың осы типіне жатады (Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Қамбар, т.б.). Бұндай батырлар арқылы халық өзінің қаһармандық, батырлық идеалын паш етеді.

Қаһармандардың осы типі арқылы халық өзінің батырлық идеалын, әділдік, адамгершілік туралы ұғым-түсінігін паш еткен. Бұлар-кейінгі ұрпаққа үлгі ететін, халықтық тұрғыдағы жоғарғы моральдық, этикалық ұстанымдарға сай келетін қаһармандар болып табылады. Қазақтың классикалық эпикалық қаһарманы - тік мінезді бірбеткей, алған бетінен қайтпайтын өжет, қаптаған қалың жауды, саны қанша болмасын, жусатып қырып салатын орасан зор күш-қуатқа, көбі «атса-оқ, шапса-қылыш өтпейтін» қасиетке ие, қолдаушы пірлері бар, түр-келбеті келісті әдемі, ата-анасы мен туыс-бауырларына, туған еліне қайырымды, бір сөзбен айтқанда, ең жоғарғы талаптарға сай келетін, идеалды қаһарман болып суреттеледі.

Эпос қаһармандарының төртінші типі

Бұл типке өмірдегі қарапайым адамдарға барынша жақын, қиял-ғажайыптық қасиеттері жоққа тән, шынайы суреттелген кейіпкерлер жатады. Мұндай типтегі қаһармандарға «Қыз Жібек» лиро-эпосындағы Төлегеннің бейнесін жатқызуға болады. Осы топтағы басқа елге-жұртқа шабуыл жасап жүрген батырлардың кейпінде ерлік- жауынгерлік сипаттардан гөрі, комикалық, күлкілі бояулар көп, олар елді, жерді сыртқы жаудан қорғап, келелі істер атқармайды, керісінше, жоқ жерден дау-дамай шығарып, көпшіліктің тынышын алады («Айман-Шолпандағы»-Көтібар батыр). Бұл типтегі қаһармандардың көбі батырлық істерден де, соғыстан, жаугершіліктен де қашқақтайды, «қойын қоралап, малын бағып» тыныш бейбіт өмір сүргенді қалайдым (сол эпостағы Әділбек батыр) немесе ұрыс-жанжалды ақылмен-айламен шешкенді жөн көреді (Айман қыздың образы). Бұлар -

жаугершіліктің емес, бейбіт тірліктің адамдары, тек амалсыз жағдайларда ғана қолына қару ұстайды ( онда да сол қаруды жек көреді ).

«Төртінші буынның қаһармандарын дәл осы сөздің мағынасындағы қаһарман деп айту қиын: соғысты олар қиналыс деп қабылдайды (Одиссей Пенелопаға үйленгісі келген жігіттермен соғысқысы келмейді), олардың идеалы-«бейбіт» ерліктер, «егіншілік еңбектің ерліктері». Олар күшпен емес, айламен жеңгенді өздеріне ар көрмейді, олардың бойында қорқыныш сезімі де бар. Бұлар-әлсіздіктері де, кемістіктері де бар кәдуілгі адамдар» деп жазады қаһармандардың осы типі туралы А.Л. Баркова [4].

Сонымен, әлемдік эпостағы, сонвң ішіндегі қазақ эпосындағы қаһармандардың төрт типін қысқаша қарастырып өттік, олардың эпостың шығу тегі, дәуірі, жанрына қарай бір-бірінен түбегейлі ерекшеленіп тұратынын байқадық. Эпостың әр жанрына жеке-жеке шолу жасаған кездері қаһармандардың әрбір типінің өзіндік қасиеттеріне, әрбірінің атпен қарым-қатынасына, байланысына кеңірек тоқталып, жан-жақты талдауға тырысамыз.

Қаһармандардың төрт типін сұлбалық түрде көрсететін болсақ: өлілер әлемінің немесе өзге дүниенің иелері (құдайлар, әулие-әмбиелер, жындар, дию-перілер, т.б.); архаикалық эпос қаһармандары (магиялық құдіретке ие, шамадан тыс үлкен, орасан зор күшті, кез келген затқа, жануарға айналып кете беретін құбылмалы кейіпкер); батырлық эпостардың кейіпкерлері (елін, жерін қорғайтын құдіретті қаһарман, моральдық-этикалық тұрғыдан кіршіксіз таза кейіпкер), көбіне, соңғы дәуірдің эпостарында кездесетін қарапайым адам бейнесіндегі кейіпкер (аса зор күшті, құдіреті жоқ, пенделік кемшіліктері, осалдықтары бар кейіпкер). «Төрт буынның ауысуы қаһарманның құдайдан-жартылай құдайға, одан-идеалды адамға, кейін-жай қарапайым адамға қарай бірте-бірте адамдануы болып табылады» деп тұжырымдайды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Мелетинский Е. Поэтика мифа. – Москва: Наука,1976, С.208-209; Мелетинский Е. Миф и историческая поэтика фольклора.// Фольклор. Поэтическая система. – М.:Наука. 1977,-343 с.

2. Пропп В. Исторические корни волшебной сказки. – Ленинград: Изд.ЛГУ, 1986-368 с.

3. Березкин Ю. Мифы южноамериканских индейцев на сюжет обряда инициации// Фольклор и этнография. – Л.:Наука.С.15-32.
4. Баркова А.Л. Четыре поколения эпических героев//сайт:<http://mith.ru//alb/epic/four2/htm>
5. Шталь И. Эволюция эпического изображения (четыре поколения героев «Одиссеи» Гомера)// Типология народного эпоса. – М.,1975.С. 182-212.
6. Пропп В.Исторические корни волшебной сказки. Ленинград: Изд.ЛГУ, 1986-368 с.
7. Досмұхамедұлы Х.Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991.176 бет.
8. Гуревич А.Я. Эдда и сага. – Москва: Наука, 1979.-420 с.
9. Ел қазынасы - ескі сөз. (В.В Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). – Алматы: Ғылым, 1994.-616 б.

***П.Т. ӘУЕСБАЕВА,***

*М.О. Әуезов атындағы*

*Әдебиет және өнер институтының*

*жетекші ғылыми қызметкері,*

*филол. ғ.к., доцент*

## **ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДАСТАНДАРДЫ 100 ТОМДЫҚ «БАБАЛАР СӨЗІ» СЕРИЯСЫНА ӘЗІРЛЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ ТӘЖІРИБЕСІ**

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты серияны дайындау М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жүктелген. Бұл тапсырманың негізгі орындаушысы болып Институттың Қолжазба және текстология орталығына тапсырылды. Жұмыс қызу басталды. 100 томдықтың алғашқы томдарына қазақ фольклорындағы дастан жанрына тән шығармалар енетін болғандықтан қолжазба қорларындағы қажетті барлық материалдар жинақталып алынды.

XIX ғасырдың екінші жартысында фольклорымыздың сан алуан жанрды қамтитын таңдаулы нұсқалары, сондай-ақ шығыс сюжеттері желісінде жырланған көптеген дастандар жеке-жеке кітап болып басылып, мыңдаған данамен елге тарайды. Солардың ішінен алдымен томға енетін дастандарды сараптап, таңдап алып, кейін жиналу, жариялану тарихына тоқталдық. Томдарға кіретін мәтіндерді араб әрпіндегі түпнұсқаларынан (қолжазба, кітаптар-



дан) кирилл графикасына көшіруден басталды. Қолжазбаларды дұрыс тану үшін мәтіндерге мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді. Мәтіндерде, әсіресе шығыс желісімен жырланған дастандарда араб, парсы сөздері жиі кездеседі. Олардың біразы біздің қолданысымызға сол тілдерден әлдеқашан еніп, төл сөздерімізге айналып кеткен. Мұндай жағдайда біз қазақ тілінің қалыптасқан жазу нормаларын сақтауға тырыстық. Демек түпнұсқадағыдай фарзанд емес перзент, һөнер емес өнер, наһар емес нәр деп жазылды т.б. Сонымен бірге кейбір жағдайларда жыр ұйқасын бұзбау үшін, буын саны азайып я көбейіп кетпес үшін түпнұсқалық формаларды сақтадық. Бұлардан басқа араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген, шығыс әдебиетін жақсы білетін кейбір ақын-жыршы, айтушы, жинаушы, редакторлар, көшірушілер өз тарапынан түрлі мақсатпен, кейбір жағдайда орынсыз шетелдік сөздерді мәтін кестесіне енгізіп отырған. Ондай сөздер қазақ тіліне аударылып томның соңында арнайы сөздікте топтастырылды. Жұмыс барысында мәтіндер еш өзгеріссіз түпнұсқалық жазуы бойынша беріліп, сол түпнұсқалық сөз қолданысы толық сақталынды.

Біз енді мақаламызда «Бабалар сөзі» жүз томдығында жарияланған, «Батырлық дастандар» атты жинақта жарық көрген «Қисса Баһрам» дастанына тоқталмақпыз. Алдымен бұл шығарманың түпнұсқасы анықталып, жарыққа шыққан мәтінмен мұқият түрде салыстырылып, талдау жұмысы жүргізілді.

«Қисса Баһрам» дастанын алғаш рет Ш. Құсайынов 1908 жылы Қазан қаласындағы Университет баспасынан, 1912 жылы Домбровский баспасынан бастырып шығарған.

Шығыс сюжеті негізінде жырланған бұл дастанның негізгі идеясы – махаббат, ғашықтық. Бұл идея ертегілік биіктету, әсірелеулер жолымен кестеленеді. Пері қызын көрген жігіт ғашықтық сезімінен есінен танып, біраз уақыттан соң ғана есін жияды. Қызды көргенде ғашықтықтан есі ауып қалу – ғашықтық дастандарда жиі қолданылатын әсерлеудің түрі. Негізгі кейіпкер – патшаның ұлы, дастанда басты өзек – оның тағдыр тауқыметі. Дастан дінді уағыздамайды, негізінен, шығыс хикаяларының желісінен өрбиді. Сөйте тұра қазақы өң, бояу алған.

Дастанның қысқаша мазмұны мынандай: Кіші хан Құдайдан бала сұрап, мал-мүлкін кедей, ғаріп, пақырларға садақа

қылып үлестіріп береді. Алла жар болып, әйелі ұл туып, атын Баһрам қояды. Елден ерекше сұлу, әрі зерек болып өскен Баһрам аң аулап жүріп, бір киіктің соңынан еріп кетеді. Алтын киік болып жүрген қыз Гүлэндам екен. Баһрам толып жатқан қиындықтарды жеңіп, ақыры Гүлэндамды алып, мұратына жетеді.

Жыршы дастанды баяндауда әсерлеуге, қиялға бой ұрады. Қиял мен кереметтік элементтерді мол пайдаланған. Барынша ғажайып оқиғаларды баяндау арқылы тыңдарманның көңіл күйіне әсер етуді мақсат еткен. Ертегілік сарын дастандарда жиі кездесетіні белгілі. Осындай желі «Қисса Баһрам» дастанында да кездеседі.

Бұл туындыда дастанның өзіне тән ерекшелігін танытатын бірнеше тұрақты мотивтер (баласыздық мотиві, түс көру мотиві, сырттай ғашық болу мотиві) орын алады.

Ш. Ыбыраевтың: «Эпикалық сюжеттің байланысы (завязка) көбінесе бас қаһарманның бұрын өзіне белгісіз, бірақ болашақ тағдыры үшін шешуші мәні бар хабарды естуден басталады. Ондай хабар монолог, диалог, хат, реплика түрінде келеді де, кейіпкерді кезекті іс-әрекетке бағыттайды, оның белсенділігін арттырады. Хабарды алу формасы да түрліше: біреуден есту, түс көру, дауласу, қасиетті кітап («Ай сүдірлі білік») арқылы білу, т.б. деген пікіріне (1) сүйенсек, «Қисса Баһрам» дастанында мұндай мотив – хабар қыз Гүлэндамның киік бейнесінде кездесуі болып табылады. Бұдан әрі оқиға қызу дамиды. Дастан кейіпкері ертегі кейіпкеріндей қиял-ғажайып әлемінде жүреді. Жыршы қаһарманын ауыр қиындықтарға душар еткізеді, адам төзгісіз азаптарға салады. Баһрам мақсат-мұратына жету жолында көп мұхлат шегеді. Бұл жөнінде С. Қасқабасовтың мынадай тұжырымы бар: «Қай халықтың болмасын классикалық ертегісі қаһарманның үйден шығуымен (отлучка из дому) басталып, үйге қайтып келуімен аяқталады. Әдетте, мұны рамалық құрылыс (рамочное построение) дейді. Мұндай құрылыс тағы бір формада көрінеді: ертегінің басталу, аяқталу сөздері оқиғаға қатыссыз болады. Осының бәрінде кейіпкердің өмір жолы бейнеленеді. Шығарманың композициясы халық сүйген қаһарманды дәріптеу мақсатына сәйкес құрылған. Кейіпкерді мадақтау үшін ертегі оның алдына неше түрлі қиыншылықтар мен бөгеттер қояды, соларды аман-есен жеңген қаһарман мұратына жетіп, халық құрметіне бөленеді.

Сондықтан ертегінің бастамасы кейіпкердің жолға шығу формасында болып келеді. Бұл – бүкіл ертегі оқиғасының өзегі, ал сайып келгенде, кейіпкердің өтуге тиісті бірінші сынақ: үйден шыққан кейіпкер енді бейтаныс дүниеде жалғыз өзі сапар шегеді, алуан түрлі оқиғаны басынан кешіреді. Кейіпкер үйден шығысымен-ақ ертегінің оқиғасы күрделеніп, қоюлана түседі: оның орындайтын істері мен өтетін бөгеттері қиындай береді, бірақ ертегіге қосымша кейіпкерлер көп енгізілмейді, ал енгізілген күннің өзінде олар қаһарманның ерекше күшін, тағы басқа қасиетін аша түсуге қызмет етеді.

Ертегінің эпикалық, яғни оқиғалық бөлшегі түгелімен дерлік кейіпкердің мақлұқтар, құбыжықтармен кездесіп, олармен шайқасуынан тұрады. Неше түрлі жауыздармен қақтығысып, оларды жеңуі-ертегінің нағыз шарықтау шегі. Ал барлық жауын жеңген қаһарманның адал жарымен аман-есен еліне оралуы-көркем ертегінің шешімі (развязка) (2, 239-240). Сонымен, шығармадағы оқиғалар тізбегі дастанның халық ертегілерімен байланысын танытады, мысалы, Гүлэндәмнің киік болып келуі; Баһрамның жер бетінде дию, пері, жын, айдаһармен, ал теңізде үлкен жайынмен соғысы т.б.

Дастанның көркемдік бояуын қанық ететін нақышты кестелер аз емес. Қаланың, бақтың, сарайдың сән-салтанатын суреттегенде жыршы меруерт, лағыл, зүбәржат, інжу, т.б. неше түрлі асыл тастардың атын пайдаланады. Мысалы:

Шарбағын жасатыпты меруерттен;  
Қақпасы тоғыз есік зүбәржаттан (77, 79 жолдар);  
Бір шаһар көрінеді жасыл жауһар;  
Кірпіші – лағыл, жақұт, өңшең гауһар;  
Жаққаны көшесіне лағыл фанар;  
Зүбәржат, лағыл, інжу шарбағы бар (185-1890 жолдар).

Әсіресе қыздың кескін-келбетін, көрік-сұлулығын дәріптеуге ерекше көңіл бөлінген. Мұндай нақыштардың көбісі фольклорда бұрыннан бар формулаға айналған айқындау, айшықтау, теңеу түрінде ұшырасады. Бұл – дастанды жырлаушылардың ауыз әдебиеті дәстүрінен күшті ғибрат алғандығына байланысты. Сонымен бірге мұнда дастан поэтикасына ғана сәйкес суреттеулер мен нақыштар пайдаланылады. Мысалы: Ақ

беті ай мен күндей, көзі – жұлдыз (363-жол); Аяғы ақ күмістен, шашы – алтын (360-жол); Беті күндей, қасы айдай, көзі – жұлдыз (430 жол); Екі көзі – қызыл жақұт, өзі – гауһар (1265 жол); Көздері Гүлэндaмның – інжу-маржан (2424-жол); Дидары он төртінші туған айдай (2760-жол); Інжуден отыз тісі, ерні – ақық (2917 жол), т.б.

Демек, мұнда Б. Әзібаева жазғандай: «Как и следовало ожидать, образы, сравнения и эпитета семантически восходят к традиционному для восточных дастанов и всей литературы Востока образному стилю, связанному с символикой драгоценных камней... В целом при описании внешнего облика героини используются элементы разных стилей, связанных с символикой как драгоценных камней, так и космической и цветовой» (3, 117-118).

Дастанда дәстүрлі жоқтау, жылау үлгілері сәтті қолданылған. Мұндай жолдар дастанның адам сезіміне тигізетін әсерін күшейте түскен. Баһрамның Гүлэндaмға жылап айтқан жырында, ата-анасының Баһрамнан айырылып, жылап-зарлағанында халықтық дәстүрлі жоқтаулардағы формулаға айналған «болат едім майрылдым, қанатымнан қайрылдым, ел-жұртымнан айырылдым» деген секілді жолдарды кездестіреміз. Баһрам ұзақ үзілістен кейін ата-анасымен қайта қауышқанда жылаған сәті параллелизм тәсілі арқылы адамның жан-дүниесін тебіренерліктей бейнелейді.

Құрастырушы Ү. Субханбердинаның айтуы бойынша «Қисса Баһрам» дастанының қолжазбасы Қазан Мемлекеттік университетінің Н.М. Лобачевский атындағы ғылыми кітапханасының сирек кездесетін кітаптар және қолжазбалар бөлімінде сақтаулы (4, 368-369). Дастанның жырлаушысы туралы әзірге ешқандай мәлімет табылған жоқ. Оның сюжеті Фирдоусидің «Шаһнаме» эпопеясынан алынғанын А. Қыраубаева көрсеткен (5).

Осы мәтінді түпнұсқасымен, яғни 1908 жылы Қазан қаласында жарық көрген мәтінмен салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізгенде мынадай мәселелер анықталды:

1. Орынсыз түзетілген өлең жолдары:

Түпнұсқа:

1995 жылғы нұсқа:

Бәрі де нәсіп әйлап	16-	Бәрі де нәсіп ойлап	16-
душарласқан	жол	душарласқан	жол
Күй бар ғой	18-	Болған ғой	18-
ғашықтарға қанша	жол	ғашықтарда қанша	жол
түрлік		тірлік	
Бесінші Ғайыпжамал	33-	Бесінші Ғайыпжамал	33-
батыр ханнан	жол	батыр жаннан	жол
Таратамыз сөйлеп-ақ	34-	Таратып біз	34-
кұлақ салсаң	жол	сөйлейміз құлақ	жол
		салсаң	
Аялдап бес мың	183-	Ерткен бес мың әскер	183-
әскер, жалғыз қалды	жол	артта қалды	жол
Мұртаза	70-	Мәртазы Шаһмардан	70-
Шаһимардан арғы	жол	арғы затты	жол
затлы			
Бір өзін отыз мыңдай	66-	Бір өзіне отыз	66-
нөкер күтті	жол	мыңдай нөкер бопты	жол
Әлі һеш болмайды	82-	Біліп қой, еш	82-
мұндай қорған	жол	болмайды мұндай	жол
		қорған	
Сайранда сансыз	84-	Серік боп сансыз	84-
әскер қасына ерген	жол	әскер қасына ерген	жол
Сауық қып һәр	99-	Соқ қиып әр тарапқа	99-
тарапқа қылды тойды	жол	қылды тойды	жол

Осы салыстырудың нәтижесінде байқағанымыз – 1995 жылғы жинақта шыққан мәтін біраз жөндеуге түсіп, көптеген жеке сөздердің құрастырушы тарапынан өңделіп, өзінше өзгертілген. Бұл өзгерістерде ешқандай жаңалық, ешқандай сөз көркемдігі қосылып тұрған жоқ. Сондықтан түпнұсқадағы сөздерді өзгерту қате деп санаймыз.

2. Фонетикалық ерекшеліктері сақталмаған өлең жолдарынан мысал:

Түпнұсқа:

1995 жылғы нұсқа:

Ал тыңла, Баһрамнан 5-  
сөз келеді жол

Ал тыңда, Баһрамнан 5-жол  
сөз келеді

Бір-бірлеп баян	14-	Бір-бірлеп баян	14-
қылсам һәрбір бастан	жол	қылсам әрбір бастан	жол
Ол Зылихаға тағы да	20-	Ол Зылиха тағы да	20-
Жүсіп сыдық	жол	Жүсіп садық	жол
Сөзлері ең хирабат,	40-	Сөздерінің харабат	40-
бек заһирлу	жол	бек зәһәрлу	жол
Жүргізген мыңлар	58-	Жүргізген мыңдап	58-
әскер жүз карапта	жол	әскер жүз карапта	жол
Дәулеті аның дағы	59-	Дәулеті оның дағы	59-
жан бітпеген	жол	жан бітпеген	жол
«Тыңдамасын одан	64-	Тыңдаймысың одан	
басқа патша» депті	жол	басқа патша депті	64-
			жол
Қимматты бұл	72-	Қымбатты бұл	72-
жүргізген әр түліктен	жол	жүргізген әр түліктен	жол
Елін хан болыпты	83-	Илаң қан болыпты	83-
жақсы көрген	жол	жақсы көрген	жол
Сөйлейін һәр тарапқа	94-	Сөйлейін хәр тарапқа	94-
ғашық жайын	жол	ғашық жайын	жол

Сонымен, түпнұсқада берілген «тыңла», «һәрбір», «сөзлер», «аның», «қиммат», «һәр», т.б сөздердің фонетикалық ерекшеліктерін сақтаудың орнына құрастырушы тарапынан өзгеріске түскенін байқадық. Құрастырушы жыршының не сол заманның әдеби тілінің ерекшеліктерін ескермей, кітап, әдебиет-сүйер көпшілік қауымға арналғандықтан, қазіргі әдеби тілге жуықталып өзгертіліп, ауызекі сөйлемнің ерекшелігін бұзған. Түпнұсқадағы фонетикалық ерекшеліктер сақталған болса, оларды зерттейтін тілші ғалымдар үшін де көп пайдалы болар еді. Болашақта осындай түзетулер енгізіле берсе, дастандағы өткен дәуірлерге тән лексиканы зерттеу мүмкіндігінен айырылу қиын емес.

3. Түпнұсқадағы араб, парсы, қазақ сөздерін дұрыс оқымағандықтан пайда болған қателер де кездеседі.

Түпнұсқа:		1995 жылғы нұсқа:	
Мақам жақсы бір		Мұқым жақсы бір	
қисса сөйлейін деп	3-жол	қисса сөйлейін деп	3-жол

Сөзлері ең хирабат, бек заһирлу	40- жол	Сөздерінің харабат бек зәһәрлу	40- жол
Тағдырда жазған шығар Зүлжалалым	54- жол	Тағдырда жазған шығар зуалжалам	54- жол
Жаралған арғы заты лулу нұрдан	80- жол	Жаралған арғы заты лала нұрдан	80- жол
Көрген жан зиһініне қалды қайран	110- жол	Көрген жан зейініне қалды қайран	110- жол
Тәурат, забур, төрт кітап жатқа алып	113- жол	Төрт зәбур төрт кітап жатқа алып	113- жол
Құдайдың кім таласар берген баққа	118- жол	Құдайдың кім тіл сарур берген баққа	118- жол
Һәм оқып жәлалымен қылды	120- жол	Һәм оқып жалалын мен қылды хатім	120- жол
хатым			
Халыққа фариад әйлап, афған салды	126- жол	Халыққа фариад ойлап, афған салды	126- жол
Күніндей қияметтің ғауға толып	127- жол	Күнінде қимайтының қоға құлып	127- жол
Ақайд, мәнтақ, сәлму, тәпсір оқып	135- жол	Ғақайд, мәнтәф, сәлім, тафсир оқып	135- жол
Мал сойып һәр тарапқа тойлар	145- жол	Мал сауып әр тарапқа тойлар	145- жол
қылды		қылды	
Үстіне кафтан киді, бадал қырды	148- жол	Үстіне кафтан киді ботал қырлы	148- жол
Күніндей қияметтің ғауға толды	149- жол	Күніндей қиямет тек ғауға толды	149- жол
Баһрамның ойынына тап болады	178- жол	Баһрамның ойынына талып құлады	178- жол
Ер Баһрам –	202- жол	Ер Баһрам	202- жол
Гүләндамға тауысар сана		Гүләндамға түсер сана	

Қолжазба төте емес, қадим әліпбиінде жазылғандықтан, онда кездесетін араб, парсы, көне түркі сөздерінің сауатты, дұрыс оқылып, жазылуын араб, парсы тілдерін меңгермеген адамға үлкен қиындық тудыратыны анық. Жоғарыда келтірілген

мысалдарда кеткен қателіктер соның салдары деп есептейміз. Және мұндай мысалдарды дастанның өн бойынан көптеп кездестіруге болады.

4. Түсіп қалған сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдер, шумақтарға мысал:

Түпнұсқа:		1995 жылғы нұсқа:	
Жүруге жарар едім,	956-	Жүрер едім,	956-
дәрменім жоқ	жол	дәрменім жоқ	жол
Фағфур хан қызы	997-	Фағфур ханның	997-
айдай Гүлэндaмға	жол	қызы Гүлэндaмға	жол
Сөйлейік ол кәпірдің	1199-	Сөйлейік ол	1199-
көп ахуалын	жол	кәпірдің ахуалын	жол
Жүреді Баһрамның	1370-		
көңілі өсіп	жол		
Сақтады Жаппар	914-		
Құдай Баһрам жасты	жол		
Ер Баһрам жер	948-		
астынан сермегенде	жол		
Жалғыз өзі шарбақта	1469-		
зарлап жатыр	жол		
Со игі-ай маған	1474-		
болған ғашық екен	жол		
Сұрамадым сол	1480-		
менім не қылғаным	жол		
Ірі қара сойғаны			
қисабы жоқ,	2358-		
Жын, періні жиып	2360-		
алып тойдырады.	жол		
Фағфур хан той			
қылады жұртын			
жиып,			
Жігіттер, тырысып			
сіз дініңді күт,			
Кетерміз иман оқып	2709-		
бұл дүниядан.	2712-		
Енді бізге бұл дүния	жол		
ақыр заман,			



Опасыз үшбу дүния  
дахилына

Түпнұсқада асты сызылған өлең жолдары, шумақтар, не сөздер 1995 жылғы басылымда түсіп қалған. Сол себепті, біріншіден, өлең ұйқасы бұзылған, екіншіден, ішкі логикалық – көркемдігі біртұтастығынан айырылған.

5. 1995 жылғы мәтінде логика жағынан үйлесіміз өзгертілген өлең жолдары да кездеседі:

Түпнұсқа:		1995 жылғы нұсқа:	
Перденді бетіндегі	780-	Қарадөңді бетіннен	780-
жұлып тастап	жол	жұлып тастап	жол
Диюда Зақып деген	828-	Дию Дазақып деген	828-
бір алып бар	жол	бір алып бар	жол
Бүлік салды осы жын	833-	Билік салды осы	833-
елімізге	жол	жын елімізге	жол
Көрісер жігітпен сол	841-	Көршіміз жігітпен	841-
амал бар ма	жол	сол амал бар ма	жол
Қараса, қарсы	860-	Қараса қарсы	860-
алдында бір үңгір	жол	алдында бір аң	жол
тұр		жатыр	
Бетінде таудай тасты	861-	Астында таудай	861-
көрді дейді	жол	тасты көреді дейді	жол
«Үңгірден шығады»		Қай жерден шығады	
деп жиылып тұрды	865-	деп жиылып тұрды	865-
	жол		жол
Ғашығы-ай		Құсасы	1055-
Гүлэндамның жанға	1055-	Гүлэндамның жанға	жол
батты	жол	батты	
Дұшпанды неше		Дұшпанға неше	1128-
жерден қойдай	1128-	жерден қиды қырып	жол
қырып	жол		
Байлаған бәрімізді	1190-	Байлаған бәрімізді	1190-
бір жайға	жол	бір шайға осы	жол
Күркірер кәпір	1204-	Көзі көрер кәпір	1204-
залым аждаһадай	жол	залым аждаһадай	жол

«Ғылым» баспасынан шыққан «Батырлық дастандар» жинағында пунктуациялық қателер өте көп кездеседі. Бұл мәселе өз тарапынан мәтінді дұрыс оқып, түсінуге біраз қиыншылық келтіретіні белгілі. Тағы бір айта кететін жайт, ол дастандардың түпнұсқасы көбіне араб әрпімен жазылғандықтан, кейде бір сөздің өзі әр түрлі оқылады, оны мағынасына қарай дұрыс айырып, қалпына келтіруге күш салынды.

Ең соңында айтарымыз: бұрынғы басылымдардағы, жеке еңбектердегі жеке жол, жеке сөздерді әркім өзінше өзгертіп, өзінше сөз қосуы дұрыс бола бермейді. Демек, негізінен, түпнұсқада сөз тізбегі қандай болса, жаңадан баспада жариялауда сол сөз, сол ұғым өз қалпында жариялануы қажет. Осы «Қисса Баһрам» дастанының өлең шумақтары, өлең жолдары толық түгенделген, мәтіндегі сөздері дұрыс жазылып алынған, толық нұсқасы 2006-жылы жарық көрді (6, 191-286).

Осы орайда алғашқы кезде «Ғашық наме», кейін, «Ғашықтық дастандар» деген атпен шыққан жинақты және «Батырлық дастандарды» құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған филология ғылымының кандидаты Ү. Субханбердинаның еңбегін атап өткен орынды. Бұл зерттеушіге дейін ешкім қолына алып, қадим әрпіндегі шығармаларды кирилл әрпіне түсіріп, дастандарды жарыққа шығармаған.

Зерттеуші осындай қиын да қыруар жұмысты бір өзі атқарып шыққан. Еңбекқор ғалымның арқасында қалың оқырман қауым шығыс елінің осынау тамаша шығармаларымен танысып, табысып, көпшілік көңілінен шығып, жинақ ғылыми айналымға түсті.

Жоғарыда аталған олқылықтар тек жеке зерттеушіге ғана байланысты емес. Ол өткен заманның ғылымға қойған қасаң талаптарымен фольклорға деген сыңаржақ көзқарастарға байланысты. Бүгінгі тәуелсіз ақыл – ой мен рухани мұраға жаңаша көзқарасты қажет ететін ғылым талаптары бұрынғы жасалған еңбектердің құнын жоққа шығармайды. Қайта тың тұжырымдармен толықтыра түседі деп ойлаймыз.

Сонымен қорыта келгенде, 1992-1995-жылдар аралығында фольклорлық мәтіндерге арналған жинақтардың ғылыми айналымға түсіп, көпшілік оқырманның сұранысына айналуы бұл кітаптардың көптеп жарыққа шығуынан деп есептейміз.

### **Әдебиеттер:**

1. Ыбыраев Ш. Эпос мотивтерінің жіктелу жүйесі // Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 281 б.
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
3. Азибаева Б.У. Казахские народные романические дастаны. – Алматы: Ғылым, 1990. – 142 с.
4. Батырлық дастандар. – Алматы: Ғылым, 1995. – 376 б.
5. Ежелгі дәуір әдебиеті / Құрастырған Қыраубаева А. – Алматы: Мектеп, 2002. – 278 б.
6. Қисса Баһрам // Бабалар сөзі. Ғашықтық дастандар. 20 том. – Астана: Фолиант, 2006. – 191-286-бет.

**Р.С. ЖАҚСЫЛЫҚБАЕВА,**  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*  
*Баспасөз және электронды БАҚ*  
*кафедрасының доценті,*  
*филология ғылымдарының кандидаты*

## **ӘБІШТІҢ ШЕБЕРЛІК ӘЛЕМІН ЗЕРДЕЛЕГЕН ҒАЛЫМ**

Шығармашылық – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі десек, өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуына көмектеседі. Табиғатынан шығармашылыққа бейім жандар өз ортасында да сол болмысын айқын аңғартып тұрады. Сондай болмысы ерек жандардың бірі ретінде ғалым-ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты Молдахан Абдраевты атап өтер едік.

Молдахан Абдраевтың ғылыми-зерттеу бағытына негіз болған тұлға – мемлекет қайраткері, белгілі публицист, Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев. Жазушының журналистік қызметін, қаламгерлік мұратын, жазушылық қолтаңбасын жіті зерттеп, шығармашылық жолын ғылыми айналымға түсірді.

Зерттеуші Молдахан Абдраев Әбіш Кекілбаевтың публицистік шеберлігінен заман сипаты мен уақыт шынайылығын тани отырып, ғылыми ой түйе білген. Мәселен, М. Абдраев зерттеуі арқылы жазушы Ә. Кекілбаевтың 5-сыныпта оқып жүргенінде-ақ сын әлеміне саяхат жасағанын, әуелі өлең жазып, одан соң қарасөзбен бауырлас болғандығын, тауының шағылмауына, жігерінің жығылмауына түрткі болған, талай буынның ұстазы Тауман Амандосов екендігін білдік. Зерттеу еңбегінен біз «Құс қанаты» повесінің идеялық-көркемдік салмағын, «Бір шөкім бұлттың» шырғалаңға толы айшықты сәттерін, «Көз жасы» еңбегінің шынайылық сюжетін айқын аңғардық. Әбіш Кекілбаев шығармаларын оқығанда философиялық сұлулыққа, заман тербелісінің тетігін тапқандай дәуір дүбіріне тап болатынынды орамды талдаулары арқылы көзінді жеткізгендей болады. Ғалым ретінде өзі де Әбіш Кекілбаев шығармашылығына былайша баға береді: «Әбіштің осындай архитектуралық толғаныстарынан, ұлттық пішіндерді аршып алуға әбден болады. Жаратылысқа деген жанының тазалығы, елге, жұртқа, тіпті, әлемге тілеген тыныштылығы кемеңгерлік сипатын аша түседі. Лек-легімен төгіліп жатқан пайымдаулар, шымыр сөз, шебер сөйлемдер автордың көсемсөзділігіне шүбә келтірмейді, шеберлігіне күмән туғызбайды»... [1].

Молдахан Абдраев Әбіш Кекілбаевтың публицистикасында рухани тереңдік, зерделі ой жатқандығын: «Әбішті тану – әлемді тану, Әбішті оқу – рухани дүниенді кеңейту, Әбішті зерттеу – зерденді зияттандыру», – деп атап өтеді [1, 77б]. Бұл пікірден біз Әбіш публицистикасының көркемдік деңгейінің жоғарылығын, оқырман танымын кеңейтетін, деректерге бай екендігін байқаймыз. Жазу өнеріндегі артықшылықты осылайша зерделі зерттеу арқылы аңғарта білген.

Жақында Молдахан Абдраевтың «Телевизия интеллектуалды коммуникациялық инновация: отандық және әлемдік тренд» атты оқу құралы университет баспасынан жарық көрді. Телевизияны адамзат өміріндегі ақпараттың боямасыз тасымалдаушысы десек, бүгінгі ақпараттық кеңістікті телевизиялық бейнекадрлар арқылы көріп отыратынымыз айқын. Осы мақсатта Абдраев Молдахан «Телевизия интеллектуалды коммуникациялық инновация: отандық және әлемдік тренд» атты оқу құралын

телехабарды ұйымдастыру технологиясы мен жанрлық ерекшеліктерін сараптап, студенттерге тәжірибелік оқу жиынтығы ретінде ұсынды. Еңбекте автор кадр сыртындағы мәтінді оқу, режиссерлік, операторлық, артредакторлық, т.б. журналисік кәсіби құндылықтардың түрлі әдіс-тәсілдерін ұштастыра отырып, тележоба, тележоспар, телетақырып, телемәтін, телесценарий жасау шеберлігіне де машықтай түсетін технологияларды атап өтеді. Бұл студенттер үшін аса қажетті дүние екендігі даусыз. Сондай-ақ бүгінгі талапқа сай Интернет, БАҚ және онлайн ақпараттық инфографиялық кескінді жоспарлау да тасадан тыс қалмаған.

М. Абдраев оқу құралында «Телевизия – сұлулық пен әсемдіктің аралы», «Телевизиялық бейнеөңдеудің тілі мен мазмұндық стилі», «Телехабар – дауыс пен дыбыстың психологиялық аспектісі», «Сөз бен дыбыс қайтуы жоқ процесс» т.с.с. тақырыпшалар арқылы өз пайымы мен көзқарасын байыпты сарапқа сала отырып, бірнеше зерттеуші, ғалымдар пікірі арқылы ой сабақтастыра білген. Тележурналистика шеберлігінің бір қыры ретінде сөзгерлік қабілет пен ойтұжырым интеллектуалдығы екендігін, дыбыстың эстетикалық ой түзілімін сұлу тілмен суреттеп, идеялық ұғымдардың туындауына себепкер болатынын Қазақ телерадиосының ардагер айташы-дикторлары – Әнуарбек Байжанбаев, Мұқағали Мақатаев, Еркін Ібітанов, Сауық Жақанова, Тыныс Өтебаев, Әбдірәлі Бөлебаев, Омархан Қалмырзаев, Құсман Игісінов сынды тұлғалар еңбегі арқылы дәлелдеп, айқындай түседі. Заманауи тақырыпқа бағытталған ойтұжырымдары студенттерге теориялық негіз бола отырып, телевизияның мүмкіндігіне жол ашады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Молдахан Әбдраев республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде еңбек етіп, баспасөз арқылы шыңдалып, жазу машығын қалыптастырғанын жақсы білеміз. Сондай-ақ Шығыс Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясында және облыстық «Дидар» басылымында басшылық қызмет атқарды.

Зерттеуші Қуандық Шамақайұлы: «Тележурналист өнер туындыларын эфир арқылы көрерменге жеткізуді ұйымдастыру-

шының деңгейінде қалып қоюға тиіс емес. Көрерменге ұсынылатын кино, спектакль, концерт, көркем-публицистикалық көрсетілімдер, деректі фильмдер, түрлі өнер туындыларының көрмелері мен туындыгердің шеберлігі жайындағы арнайы репортаждардың бәрі де журналистен белгілі бір мәтінді талап етеді. Әдеби-көркем, өнер туындыларын бағдарламаға дайындаудың өзі журналистен ерекше сезім мен оны түсіне білу түйсікті талап етеді. Әсіресе, сазды әуеннен тұратын жеке телехабарлар, сазгерлер мен көркем өнер шеберлері жайында телефильм, мұражай, тарихи ескерткіштер, мүсін туындылары жайында бағдарламалар даярлағанда жоғарыдағы талап тіптен күшейе түспек. Сондықтан, тележурналист үшін өнертанушы мамандығы да кәсіби қызметтің деңгейіне қойылады», -деп атап өтеді [2]. Осы тұста Молдахан Кәріпбайұлы белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Асанбай Асқаров туралы «Асқаровтың қолтаңбасы», ақын, жырау Кенен Әзірбаев туралы «Екі Кенен тумайды», «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газетінің 100 жылдығына орай, «Қазақ» газетінің 100 жылдығы мен Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 140 жыл толуына орай «Ұлт санасының зергері», «Ұстаздың биік тұлғасы» (Салық Зиманов туралы), «Әз Наурыз құтты болсын!», «Ешкімге ұқсамайтын елес бейне» (С. Әбдрайымұлы туралы), «Ғасырдың жүгін арқалап» (Ө. Әбдиманұлы – 60 жас), «Ғалымның дара тұлғасы» (Қ. Әбдесұлы – 60 жас) атты деректі фильмдердің авторы әрі редактор-режиссері болды. Өз ісінің білікті маманы ретінде осындай соны да көңілге қонымды дүниелерін ерекше атап өткенді жөн көрдік.

Киелі Тараз топырағының перзенті ретінде бойына мол рухани байлықты дарыта білген Молдахан Кәріпбайұлы – өз ортасында сыйлы, шәкірттеріне үлгі азамат. Қарымды жазушы Әбіш Кекілбаевтың журналистік мектебін жан-жақты зерделеген «Кестелі сөз кемеңгері» еңбегін жазған білікті ғалым.

#### **Әдебиеттер:**

1. Абдраев М. Кестелі сөз кемеңгері. – Алматы: Қазақ университеті. – 2013. – 47-48 бб.
2. Шамақайұлы Қ. Журналист шығармашылығы. 25 маусым. 2013. /<https://abai.kz/post/17229>.

*Жанар УМЕРДЖАНОВА,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
Алматы облысы «Арыстан»  
мамандандырылған лицейі*

## **БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АШТЫҚ НӘУБЕТІНІҢ БЕЙНЕЛЕНУІ**

Жазушы өзінің балалық шағы туралы баяндаған «Балалық шаққа саяхат» кітабында елдің тым жүдеу, ашқұрсақ тұрмысының себебі ретінде кеңес өкіметінің конфискация саясатын көрсетеді. Мысалы, «Ауылдың қасындағы қара жолдың шаңын аспанға көтеріп, қора-қора мал айдап өтеді. Аттылы-жаяу адамдар малмен бірге кетіп бара жатады. Айқай-шу, жылаған әйел-қыздар. Бұл «кәмпеске» (91-бет). Ауылды дүрбелеңге түсірген кәмпеске туралы осылай бір ескертіп алады да қазақтың малынан тамтық қалмағанын былайша көрсетеді: «Жер-суға сыймай жататын малдан бұл кезде тамтық қалмаған. Қазекен мал бағудың ғасырлар бойғы азабынан «кұтылған». Мал жоқ болған соң, енді әлгі аталғанның бәрі жоқ». Жазушы осылай деп елдің жағдайын оқырманның көз алдына бірден елестетіп алады да, бұдан ары тереңдей көрсетеді. «... Ауылдың қасындағы төбесіз ескі тамның біреуісін бір жас жігіт мекендейді. Аяқ-қолдары шелектей боп көгеріп ісіп кеткен. Оқта-текте ел қыдырып, қайыр тілейді. Өзінде жоқ ел оған не беруі мүмкін?» ( 99-бет). Дәл осы жолдар елді жұтатқан аштықтың бір көрінісі, аштан өлмеу үшін анда-санда қайыр тілейтін жап-жас жігіт бейнесі арқылы көрінеді. Ол да бір күні сол мекендеген ескі тамынан шыға алмай қалады. Есік алдында күн нұрына қалғып-шұлғып тұрған балалар да, адамдар да аштықтан әлсіреген жандар бейнесі. Себебі ішкерге ас жоқ. Алға сүйрейтін, үміт беретін тірлік те жоқ. «...Істеуге іс жоқ. Ішуге тамақ жоқ. Күн нұры мен таза ауаны қорек етіп, маужырап тұрғанды біледі (113-бет). Енді сәл-пәл тамақ қоры бар адамдардан басқалары тіленіп қайыр сұрайды. Егіннің піспеген көгі болса да ұрлап әкеліп, түнде-есік терезелерін жауып қойып, уатып, балаларына аштан өлмеу үшін жүрек жалғатады. Тіпті қарным ашты деп балалар дауыстап жылай да алмайды, себебі үйлерінде түк жоқ екенін біледі. «Егер бар болып, қарынға тамақ

салып алса, жан сақтаудың бұл да – таптырмайтын тәсілі. Ал жоқ болса, уақысы жоқ. Адам тамақ ішпей де өмір сүре алатынын біз тәжірибеде көріп жүрген жандармыз.»(100-бет).

Міне, осылай жалпы ауылдың аштық жайлаған сүреңсіз бейнесін көрсетіп алады да, бала Бердібектің үйіндегі жағдайға біртіндеп көшеді. Бердібек өзге оқушылармен бірге сабаққа барады. Әкесі Ыдырыс колхоздың қызыл өгізімен ұстаханаға көмір тасиды. Анасы аурушаң. Үйде бар талқанды талғажау қылып өзі жемесе де баласының аузына тосады. Бірде үйдегі жейтін талқан да таусылып, ештеңе де қалмайды. Анасы амалсыздан үйдегі бар бетке ұстар мүлкі – қалың айнасын алып, баласын ертіп, Майраның үйіне келіп, оның анасына: –Мына айнаны Майраң бетін көріп жүрсін деп әдейі әкелдім. Үйде бір түйір дән қалмады. Бір кішкене ұн бер, балама күлше пісіріп берейін, – деді шешем [1. 186]. Осылай бір табақ ұн, бір табақ арпа сұрап алып, өзектерін жалғайды. Бала аштықтан бір азап шексе, өзі сырттай ұнатып жүрген Майрасының алдында жоқтығынан қатты ұялып, жерге кіріп кете жаздайды. Енді ауыл совет председателі Батырқанның үйінде нан да бар, ет те бар. Ал жай колхозшының үйінде жеуге ештеңе қалмаған.

Жасөспірімдер арасындағы ата-аналарының материалдық тұрмысының төмендігінен де кемсітушілікке ұшырау осы хикаяттың бар жерінен кездеседі. Жас зерттеуші Б. Ақыш: «Балалық шаққа саяхат» повесіндегі психологиялық-моральдық тартыс» мақаласында бала Бердібек пен оған үнемі күш көрсететін Жанбосын арасындағы психологиялық қысымға назар аударады. Иә, Бердібек жақсы оқиды, алғыр, намысқой, бірақ кедей, аш құрсақ жүреді, ал бай баласы Жанбосын қарны тоқ, ақ нанға тойып, әдемі жаңа бұжыр бәтіңке, жаңа киім киіп, Бердібекті барлығымен төмендетеді, оның жақсы оқитынын қызғанады, ал Бердібек те оны өктемдігі мен жаман ниеті үшін жек көреді. «Жазушының Бердібекті осындай күрес үстінде, қайшылықтар арасында көрсетуі кейіпкер бейнесін мейлінше нанымды етіп шығарған» [2, 178-бет.] Иә, кішкене балалар да әлеуметтік теңсіздіктен жапа шегеді. Бала Бердібек те «мен Батырқанның баласы болып тұмағанымға өкінетін едім. Батырқанның баласы болып тұсам ғой – әдемі киім киіп, ақ нан жеймін» деп ойлайды.



Қазіргі тоқтықтан қоқыс жәшіктеріне тасталатын нан қалдықтарын көргенде, менің есіме осы хикаяттағы мына сөздер түседі: «Тапа-тапа ақ нандар менің түсіме де кіреді...Ояна кетсем, түсім. Ішім удай боп ашып кетеді» (163-бет). «Бір аштықтың бір тоқтығы болады» деген халықтың нақыл сөзі бар, енді сол бір тоқтықтың аштығы болмаса екен деп ойлаймын. Жазушы осы өз басынан кешкен ауыр тағдырын жастарға үлгі болсын деп жазған, себебі ел басынан осындай ауыр кез өткендігін есте қалдыру ниеті болса, екіншіден, осындай жоқтық пен жалаңаштықты көрсе де, соған мойымай, адам болуды, жақсы оқуды, адал болып, адам болуды насихаттайды. Адамдарға белгілі тұлғалардың өмірбаяны психологиялық тұрғыдан жақсы ісер етеді, адамдарды тәрбиелейді, өмірге деген құштарлықтарын арттырады. Жазушының өз бейнесі де талай қазақ жастарына үлгі болды. Қиындыққа қарсы тұруға, жетім болса да, аш, жалаңаш болса да, жақсы оқып, еңбектеніп, түзу жолдан таймаса, ақыры жеңіске жететінін осы кітап мың сан оқырманына түсіндіріп, адамдарды жігерлендірді. Балалар әдебиетіне еркін ойлы жасөспірімдер бейнесі енді.

Ол кездегі уақыттың балалары қазіргі кездегі балалардай әке-шешесіне психологиялық шабуыл жасамайды, жоқтықты, аштықты түсінеді. Автор анасы ауырып қайтыс болған соң, жетімдіктің не екенін сезінеді. Сондықтан өзге ата-аналарынан айырылып, бақытсыздыққа ұшыраған балаларды еш уақытта «жетім» деп тілдемендер деген өтініш білдіреді.

Бала Бердібектің қайсар тұлғасы халықтың жадынан өшпей, қиындық пен жетімдік тауқыметін тартқан адамдарға қамықса, қамқорлық танытатын, жол сілтейтін Темірқазық жұлдызындай болды.

Үш дәптерден тұратын Еркін Мамыровтың өмірбаяндық деректеріне сүйене жазылған жазушының «Өлгендер қайтып келмейді» романы 1940 жылдардың басы мен 1960 жылдарға дейінгі уақыттағы жасөспірім Еркін мен жігіт ағасы, белгілі жазушы болған Еркіннің есею, өсу жылдарын суреттейді. Романның басы жүдеу кез болса да сүйінші сұраған хабардан басталады. Себебі басты кейіпкеріміздің ағасы алты айлық бухгалтерлік курсқа оқуға кеткен Сәрсембек ағайының әйел алып келуінен басталады. Шағын Тұйық ауылы той тойлап, педучилище бітірген Қанышаның әдемілігін қызыға сөз етеді. Қанышаның

туысы Балжанның қызы Ғалияға бір көргеннен Еркін ғашық болады. Қиялында құдашаға ғашық болып жүрген Еркін сұлу қызбен киноға барып, ауыл балаларының алдында беделін бір өсіреді. Ауыл совет председателі Нұрәлі де басында бұл отбасымен жақсы араласады. Осы шағын да кедей болғанмен, өзара тату ауылдың қуанышын соғыс деген сөз бұзады.

Облыстан келген комиссияның үшеуі Тұйық ауылын тексеріп, аупарткомда Тұйық колхозы туралы мәселе қаралады. Одан Қаратоғанға барады, әскери даярлық сабағынан мұғалім болады. Ауру шешесі мен жеңгесін Нұрәлі сиыр саууға шығарып қойған соң, Еркін оларды көшіріп әкетпек болады. Бірақ Нұрәлі рұқсат етпей қояды.«Жоқ, тағдыр мені ешқашан аямайды дегенім асылық айтылған сөз екен. Дәл осы жолы аяп, оң көзімен қарады. Болашағым, әлі жүзеге асып үлгермеген армандарым бар екенін ескеріп, мейірбандық жасады» [4,173] деп, қатал тағдырына рақмет айтып, Еркін Алматыға келіп, екіжылдық мұғалімдер институтының тарих-филология факультетіне оқуға түседі, бір жылдан соң төрт жылдық пединститутқа ауысып оқиды. Зағипа деген мұғалім қызға үйленеді.

Яғни, өз өмірінің кей кезеңдерін Бердібек Еркін Мамырбаев деген кейіпкер өмірімен астастырып берген.

Бірнеше жылдан соң Еркін «Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім бастығы болып қызмет атқарады. «Тұтастай алғанда, қазақ қырының соғыс кезіндегі қайғылы аспанын, азалы жерін, күрсінген адамдарын сенімді бейнелеген «Өлгендер қайтып келмейді» хикаятының арқалаған әлеуметтік салмағы, көркемдік-эстетикалық күші бұл шығарманың әдебиетіміздің соңғы жылдардағы бір олжасы екенін айғақтайды [5.1] – деп ғалым Р. Нұрғали айтпақшы, осындай тартыстардың шешімі соғыстың бітуі мен аяқталады.

Еркін кедергілерді жеңіп, жаңа өмірге ерекше құштарлықпен кіріседі, шығармашылық жұмыспен айналысып, белгілі жазушы болады.

Жазушы Бердібек Соқпақбаевтың балаларды өзін-өзі жетілдіруге, спортқа, жеңіске шақыратын негізгі туындысы 1951 жылы жазылған «Жекпе-жек» атты повесі болып табылады.

Бұдан өзге зерттеу тақырыбымызға өзек болған «Балалық шаққа саяхаттағы» автордың өз бейнесін алайық. Қалай тірі

қалғанына, соншама қиындықты жеңіп, осындай атақты жазушы болғанына оқырманның бәрі таңғалады. Аштық жайлаған кер заманда тамақ тауып жеу үшін Бердібек бала қулыққа да барады. Мысалы, бала Бердібек сәл болса да қарнын тойдыру үшін ауылда балаларға түрлі «өнер» көрсетіп, қу тамағын асырайды. Мысалы, нанды орысша, кәмпитті қалмақша жеуі (324-328-бет), ағаштан кішкентай ойыншық трактор жасап, оны нанға айырбастайды (326-бет). Нағашысының үйінде жүріп, Рамазан екеуі қарны ашқан соң, торсықтағы қымыздан ұрлап ішіп, таяқ та жейді (320-бет), Әлғожа үйінде жүргенінде сабан арқылы сүтті қазаннан сорып, білдірмей ішудің жолын табады (324-бет), қысқасы, аштан қалмаудың жолын іздеп табады. Кейде талқан жеп, жан сақтайды. «Тапа-тапа ақ нандар менің түсіме де кіреді. Маған жей ғой деп үлкен етіп үзіп береді. Мен қаужандап жеп жатам. Ояна кетсем, түсім. Ішім удай боп ашып кетеді» (163-бет). «Үйде ауызға саларлық түк жоқ екенін бірден білдім. Қазақ бұны нырай қалдық дейді. Яғни, ауадан басқа жейтін түк жоқ деген сөз» (184-бет).

«Таңертең шай, кеште шай. Түсте кейде шай, кейде талқан көже. Оқта-текте өлген малдың еті келіп қалады (288-бет). Жоқшылық тек біздің өлкеде болмаса керек. Ішкергі Алматы, Шелек төңірегінен жанбағыс іздеп, жекжат-жұраттарын сағалап шұбырып келіп жатқан жұрт. Түр-түстерінен кісі қорыққандай» (98-бет).

Мінеки, осы аштық пен жоқшылық жайлаған заманнан бізге рухы мықты Бердібек Соқпақбаев сияқты жазушы жеткен. «Балалық шаққа саяхат» повесі сол аштық пен жоқшылық басым болған кеңес өкіметінің 1930–1940 жылдары аралығын қамтиды. Бәріне шыдаған, тірі қалған қазақ ауылы, қазақ қоғамы Ұлы Отан соғысы жылдары соғысқа жарамды ер адамдары майданға аттанып, бала-шаға мен қарттар, жарамсыз деп танылған азаматтар тылда еңбек етеді. Еркін Мамырбаев ағасы Сәрсембек майданға алынады. Осыдан бастап Еркіннің тауқыметті тағдыры басталады.

Қазіргі кездегі жастар мен жасөспірімдер үшін «Балалық шаққа саяхат» пен «Өлгендер қайтып келмейді» романының тәрбиелік мәні жоғары, бұл – өмір мектебінің сабақтары. Қиналған адаға қуат беретін, жарқын болашаққа сендіретіндей шыншыл өмірден алынған өміршең кітаптар.

Қазірде кей бала отбасындағы тұрмысы төмендіктен кемсітушілікке ұшыраса, құрдастары күш көрсетсе, өзіне-өзі қол жұмсау фактілері кездеседі. Егер осындай шындыққа толы, қиындықты жеңе білген жеңімпаздар туралы кітаптарды оқып, фильмдерді көрсе, өмірге деген көзқарасы өзгеріп, өмір сүруге деген құштарлығы артар еді. Салыстыру арқылы өз өмірі жазушы өмірінен гөрі жақсы екеніне қанағаттанып, өмірлік күш-қуат алар еді деп ойлаймын. Талаптанса, қиындыққа мойымаса, күрессе, жеңіске жетеріне жазушының балалық шағы туралы жазылған повесі жол сілтейді. Өмір қиындыққа толы күрес жолы екенін, онымен күресе білу керектігін осы екі туынды жақсы көрсетеді. Сондықтан төменгі сыныптан жоғары сыныпқа дейін жазушы Бердібек Соқпақбаевтың екі кітабынан үзінділер беріліп отырса, мектептерде оқушылар конференциясында талқыланса, оқушылардың өздерін-өздері тәрбиелеуіне, өмірді сүюіне, қиындықтармен күресе білуге үлкен көмек болар еді.

Қорыта айтқанда, белгілі балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары адам бойындағы төзімділікті және тапқырлықты, өмірге құштарлықты, отаншылдықты насихаттайды. Балалар мен жасөспірімдерді, жалпы адамды қандай жағдай болса да шындықты айтуға шақырады. Әр шығармасы арқылы, кейде өз өмірін мысалға келтіре отырып, қиындықтарды жеңе отырып, жеңіске жетуге жетелейді. Оқырмандарын кейіпкерлер іс-әрекеті арқылы әділетсіздікті жеңуде жоспарлы түрде іс-әрекет жасауға, қиындықпен күресуге шақырады.

Қазіргі Қазақстанда өзіне-өзі қол жұмсаудан ДДСҰ есебінде 3-орында, ал бұл шығармалар қандай қиындық болса да өмірді сүюге, өз орны үшін күресуге үндейді.

Биыл туылғанына 100 жыл толған талантты жазушымыз Бердібек Соқпақбаевтың барлық шығармалары осындай өмірді сүюге, кедергілерді жеңуге шақыратын қиың туындылар болып келеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Соқпақбаев Б. Шығармалары. 2-том. – Алматы: Қазақпарат, 2014. – 380 б.
2. Соқпақбаев Б. Өлгендер қайтып келмейді: Роман және әңгімелер (Таңдамалы). – Алматы: Жазушы, 1979. – 464 б.

3. Соқпақбаев Б. Өлгендер қайтып келмейді: Роман және әңгімелер (Таңдамалы). – Алматы: Жазушы, 1979. – 173 б.
4. Соқпақбаев Б. Шығармалары. I том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2014. – 380 б.
5. Нұрғали Р. «Өлгендер қайтып келмейді» Қысқаша мазмұн жобасы. // Әдебиет порталы. 22.05.2015.

**Майра ЖҮНІС,**  
*ф.ғ.к., профессор;*  
**Жанэля ТҮЗЕЛБЕК,**  
*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың*  
*2-курс магистранты*

## **ӘБЖАН ҚҰРЫШЖАНҰЛЫНЫҢ КІРМЕ ЛЕКСИКА ҚАБАТЫ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУЛАРЫН ОҚИТУ**

Қазіргі тіліміздің лексикалық қорындағы жеке сөздердің шығу тегін анықтау үшін тілші мамандар қолданған аса маңызды тілдік талдаудың бір түрі – *этимологиялық талдау*, яғни сөздік қордың құрамындағы кейбір сөздердің этимологиясын бұрын өмір сүрген ру-тайпалардың, тайпалық бірлестіктердің, халықтың халық болғанға дейінгі тілдік қолданысын қарастыру арқылы айқындай алған ғалымдар көп емес. Солардың ішінде, қазақ лингвомедиевистикасын жүйелеп зерттеуші, қыпшақтанудың негізін қалаған, шоқтығы биік ғалым, профессор Әбжан Құрышжанұлы дейміз. Себебі ғалым қазақ тілінің әрбір сөзін қолжазба ескерткіштердің тіліндегі *нақты тілдік фактілер арқылы ғылыми болжам* ұсынып, зерттеулерінде қазақ тілінің түбі болып саналатын көне түркі тіліндегі 100-ге жуық жазба ескерткіштер жөнінде арнайы ізденістерінің нәтижесінде, оларды жинап, оқу құралын ұсынған авторлардың бірі (Құрышжанұлы Ә., авторлар ұжымы Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі, 1975).

Ғалым қазақ тілінің тарихи грамматикалық негізін қалыптастырушы әрбір тілдік элементті көзінің қарашығындай қорғап, бұлтартпас ғылыми болжамдарын негіздей алғанымен ерекшеленді. Қазақ тілі дамуының **қыпшақтық және ататүркілік** күйін анықтау мақсатында **базистік лексиканы** барынша тереңірек зерттеген ғалым тіліміздің ғылыми ортада тарихи

грамматика терминдерінің қалыптасуын да жіті бақылап, ой елегінен өткізіп, нақты деректерден тұратын дәлелді этимологиялық талдаулар ұсынып отырған. ҚазТАГ тілшісі А. Садықовтың «Социалистік Қазақстан» газетіне 1983 жылы жариялаған «Орта ғасырлық қолжазбаның екінші өмірі» деген мақаласында: «1303 жылы жазылған XIII-XIV ғасырлардағы көне қыпшақ жазба ескерткіші түркологияға кеңінен мәлім. «Кодекс куманикус» қазақ тіліне тұңғыш рет ауларылғанын, ол дербес екі бөлімнен тұратынын айта келе, ҚазССР Ғылым академиясының тіл білімі институтының ғалымдары қолжазбаның көшірмесімен пайдаланды. **Электронды машинаның есіне 3500 қуман сөзін және олардың аудармасын салды.** Олар алфавиттік. Жиілік, кері жиілік сөздіктерін жасады. Сонымен пайдаланып, көне қолжазбаларды оқыған кезде, қажетті сөзді тауып, алып, оны аудару оңайға түседі. Бұл мақаладан аңғаратынымыз – қазіргі қазақ тілінің қыпшақтық негізін қалаған ғалым, ұлттық корпуссты ұсынушы Асқар Жұбановпен бірге жұмыс жасаған профессор Әбжан Құрышжанұлының құрастырған жиілік сөздігі қазіргі ұлттық корпус жасауға негіз болды деп айта аламыз.

**Ғалымның базистік лексиканы** қарастырған этимологиялық ізденістерін келесі мақала еншісіне қалдырып, алдымен, қазақ тілінің **кірме лексика қабатына** байланысты ғылыми мақалаларындағы тұжырымдарын қалай оқытамыз деген сұраққа жауап ізделді. Елімізде соңғы жылдары сөз төркінін танудағы шынайы дәйек пен сөздің семантикалық өрісін танудағы *дәлдік, нақтылық, қысқалық* ұғымдары ойды жеткізудің құралы ретінде *сөз саптау, сөзді тауып, орнымен айту, астарлы сөйлеу, сөз қолданысындағы сөз әдебі* сөз төркінін (этимологиясын) танымаудан шығатыны белгілі болып отыр. 5-7 сынып оқушыларының сөз төркінін аңғаруға деген ықылас-ниеті ескере отырып, арнайы зерттеу нысанын оңтайлы жүзеге асыру үшін қолайлы жас ерекшелігі деп шештік. Себебі бұл 10-12 жас аралығындағы бала бойындағы барлық нәрсеге қызығып, жеке адам ретінде қалыптасып, белгілі нәтижеге ұмтылып, алғашқы жеңістері арқылы айналасын мойындатуға тырысатын кезең болғандықтан, оның өсіп келе жатқан ой өлшемін, логикасын, мәнге деген ұмтылысын зерттеушілік қасиеттерін ашу үшін тиімді талдау сөз төркінін тануы этимологиялық талдаулар арқылы іске асады деп ойлай-

мыз. Көздеген мақсатымыз да сол жас ерекшелігін ескере отырып, баланың кітаптағы біліміне қосымша *сөзтану жүйесіндегі түрлі талдауларды*, соның ішінде профессор Әбжан Құрышжанұлының тәжірибелі зерттеулеріндегі қолданыстарын қарапайым түрде тапсырмалар бере отырып, игертуге, сол арқылы сөзді этимологиялық талдауда еңбек еткен басқа да ғалымдардың еңбектеріндегі жүйелі сөйлеуге қажетті материал – оқушы лексиконындағы байырғы сөздерді жаңғырта оқытуды ұсынамыз. Әбжан Құрышжанұлының қазақ тіліндегі *авторлық этимологиялық талдауларын* жинақтап, оның негізгі ұғымдарын анықтап, сөз төркіні тануды қалыптастыратын этимологиялық талдауларға құрылған тапсырмалар мен жаттығуларды 5-7 сынып оқушыларының жас ерекшелігін ескере отырып ұсыну. Түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушы бойында *сөзтанымдық, ұтқыр сөйлеу, сөз саптау мен сөз пайымдау әдеттерін* қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолданып, баланың логикалық ойлау қабілетін, сөз сырын ашуға қызығушылығын оятуды қарастырамыз. *Зерттеудің нысаны* – Әбжан Құрышжанұлының қазақ тілі кірме лексика қабатына қатысты этимологиялық талдаулары.

*Зерттеудің мақсаты* – Әбжан Құрышжанұлының қазақ тілі кірме лексика қабатына қатысты этимологиялық талдауларын саралап, кірме лексика қабатындағы этимондар сөздігіне жүйелеп, оларды Шаталовтың «тірек сызба» әдісі арқылы 5-7-сынып оқушыларына тапсырмалар ұсынылды. Мұғалімдер 5-7-сыныпта лексика мен морфология тарауларын өткенде этимологиялық талдауларын ықшамдап, «тірек сызба» әдісі арқылы құрастырылған тапсырмаларды қосымша көмекші құрал ретінде қолдануға болады. *Мақаламыздың негізгі дереккөзі* ретінде Әбжан Құрышжанұлының «Тіл тарихы жайында ойлар» (ғылыми мақалалар жинағы) және әр жылдары жарияланған зерттеулері [1] алынды. Қазақ тілінің сөздік құрамында ерекше орын алатын ең көне, әрі байырғы, құнарлы да, жиі қолданылатын бай қазынаның көзін ашатын лексикологияның *өзекті саласы* – *этимология* [2, 4].

Салыстырмалы-тарихи лексикологияның, ***түркі түбірінің фоно-морфо-семантикалық құрылымы проблемасының*** теориялық негізделуімен, этимологиялық реконструкцияның әдістердің үнемі жетілуімен сипатталды.

Лексикасының тарихи құрылымын фонетикалық, морфологиялық және семантикалық аспектілері арқылы анықтап, сөз төркінін ізденістері өте қажет.

Қазақ тіліндегі компаративті зерттеу әдістерін тұңғыш қолданып, оның не үшін салыстырмалы-тарихи, не үшін тарихи-салыстырмалы болып бөлінетінін және екеуінің екі басқа нысандарды зерттеуге арналғанын қолдану арқылы түсіндіріп, көрсеткен, дүниежүзінде алғаш рет қыпшақтануды қолжазба ескерткіштерді тікелей зерттеу арқылы ғылыми негіздеген, қазақ ұлтының танымал ғалымы Әбжан Құрышжанұлының еңбектерінен көруге болады. Ескерткіш тіліндегі қыруар тарихи сөз үлгілерін жеке-дара ғалымдар ғана ден қойып, көңіл бөліп қарап, мағына жағынан дамуын (Б.Сағындықұлы) [3], ал түбіртану бойынша қаншама ғалымдар (Ә.Қайдар) [4] зерттеу жүргізгені белгілі.

Педагогикалық әдістемелік үрдістерде В.Ф. Шаталов әдісі деген атпен енген тірек – сызба белгілерін (сигналдарын) сабақта қолдану мұғалімдердің көпшілігінен үлкен қолдау тауып отыр, оқыту үдерісінде кеңінен қолданылуда [5,12]. В.Ф. Шаталов бұл құрылымды былай түсіндірді «Тірек сигналдары дегеніміз – ойынның элементі, уақыт үнемділігі және бала психологиясын қызықты құбылысқа бағыттау. Бірақ ең басты мақсат – берілген тақырыпты логикалық байланыстар негізінде оқушының түсінуі мен ұзақ уақыт есте сақтауы» [5, 35].

Ә. Құрышжанұлы әрі қарай, «Кодекс куманикус» ескерткішін аударған ғалым, граф Геза Күннің келтірген этимологиялық болжамын жеткізеді: «күтен» сөзінің түбірі – күт» (күту, бағу, бағып-қағу, асырау, күтімін қарау, асырап-бағып күту) деген етістік, «-ен белгілі бір іспен айналысатын адам» деп ойды жалғастыра отырып, өз тарапынан: «ертерек кезде қойшыны да «қой күтуші» дейді екен. «Кодекс куманикустың» мәтінінде осындай тіркес бар. Сол сияқты елін бағып, халқының қамын жейтін, қол астындағы қауым-жұртты бағып-қағып қарайтын адамды да (әкімді, бастықты, қолбасшыны, елбасын, қолында билігі бар адамды) «күтуші» деген мағынада «Күтен» деп атайтын болған». Күтен хан бастаған қыпшақтардың қазіргі Мажарстан (Венгрия мемлекеті) жеріне барғандарының саны 30 мыңдай болғанын да осы мақаласында келтірген.



**1. Дыбыстардың түсіп қалуы мен редукция құбылысына қатысты этимологиялық талдау:** Ә. Құрышжанұлының «Қазақ тілінде Х дыбысының қолданылу тарихынан» деген мақаласында [1] Орхон-Енесей жазба ескерткіштері тілінен бірнеше мысалдар келтіреді: **алал** – *халал*; **арам** – *харам*; **қатын** – *хатун*; **мақұлық** – *махлұқ*; **Мұқтар** – *Мұхтар*; **мұқтаж** – *мұхтаж*; **қызмет** – *хызмет*; **қиял** – *хиял*; **уақыт** – *вахыт* сөздерін салыстырса, әрі қарай татар мен қазақ (сөз саны -33), ұйғыр мен қазақ (сөз саны – 44), моңғол мен қазақ (сөз саны - 34), араб пен қазақ (сөз саны - 18), парсы мен қазақ (сөз саны - 18), тәжік пен қазақ (сөз саны - 64) салыстырып, барып қорытынды жасаған. Осынша көп мысалдар мынаны көрсетеді. «...туысқан түркі тілдері мен ауыс-түйіс қатынасы бар бөтен тілдерде қолданылатын х дыбысы қазақ тіліне келгенде, не мүлдем түсіп қалады, не қ-мен жуан айтылады, не к-мен жіңішке» айтылады» - деп көрсетеді [1, 95]. Жазылуында ат төбеліндей аз сөз ғана бар: хат, халық, колхоз, совхоз, цех, тарих, Ахмет, Хайролла, мәслихат сөздері х-мен жазылғанымен, айтылуында қ-мен айтылады. Бұл ерекшелікті ХІХ ғасырда байқаған В.В. Радловтың «теперь киргизы, большею частью, читают арабские слова с турецкими звуками» - деп жазған еді. Н.И. Ильминский болса: «қазақ тіліндегі осындай ерекшелікті еске алып, қазақ жазуын орыс графикасының негізінде жаңа алфавитке көшіру қажеттігін алғаш көтере отырып, х дыбысын қазақ әріптерінің қатарынан шығарып тастаған» [1, 95].

XVIII ғасырдағы қолданылған 1785 жылы іс қағаздарына сай кеңсе тілінде, 1790 жылы жазылған документте, 1822 жылғы жазылған документте, кітаби тіл өкілдерінің бірі ақын Мақыш Қалтаев шығармаларында, 1917 жылға дейін жазылған Спадияр Көбеевтің прозасында кездесетінін тілдік фактілермен дәлелдеген. Кейіннен түзген ұлттық әліпбиде де (Ақымет Байтұрсынұлының атын айтуға болмайтын кезде жазылғандықтан аты аталмаған – Т.Ж.) х дыбысы жоқ, 1938 жылы ғана үкімет қаулысымен х дыбысы қазақ алфавитіне енгізілген [1, 4]. В.Н. Зинovieв орыс сөздерін түбірін сақтап жазу қағидасына орай х көбейгенде, «казахами требует длительный систематической тренировки органов речи и слуха» деген болатын, бұл - тіл табиғатын бұзатын қиянат [1, 4]. М. Балақаевтың да ескертулерін

келтірген. Өзіндік пікіріміз бір дыбыстың тіліміздегі сөздерге әсері қалай болатынын жіті бақылап, өз заманында өте өзекті мәселені көтерген екен. Қазір **х дыбысының этимологиялық ізін** тіпті байқамай қолдана беруге болмайды деп қорытынды жасаймыз.

**2. Зерттеушінің морфологиялық критерийге келетін мақаласы «Көнерген сөздер жайында» деп аталады** [1, 95]. Онда ғалым бірнеше сөздерді көнерген сөз қатарына алып қарастырған: «**Аужай**» сөзінің ау бөлігін талдайды, сонымен қатар «**бетінің суын бес төгіп**» фразалық тіркестегі су сөзінің байланысын ашады. Зерттеу нысаны болып отырған автордың жоғарыда аталған этимологиялық талдаулар жазылған ғылыми мақалалары **сөз этимологиясы корпусына** енгізілуі тиіс деп ойлаймыз.

**3. Келесі бір мақаласы «Көшпелі сөздер» деп аталады** [1, 95].

**«Артель» деген сөздің тірек-сызбасы**


<p><b>Артель</b></p>	<p><b>Мәселенің қойылысы:</b> Қазіргі түркі тілдеріне, мысалы, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр, құмық, ноғай, қазақ, т.б. орыс тілінен енген деп жүрміз. Баспасөз беттерінде 1920 жылдардан бастап бар. Орыс тіліне XVI ғасырда түркі тілдерінен енген XX ғасырда қайта оралған.</p> <p><b>Зерттелуі:</b> Орыс тілінен енуі туралы үш пікір бар:</p> <p>Түркітанушы Л.З. Будаговтың айтуынша, тобол татарларының <i>орталай</i> деген сөзінен шыққан;</p> <p>Орыс тілін зерттеуші маман А.Г. Преображенский татар тілінің <i>ортақ</i> және <i>ел</i> немесе <i>орталық</i> деген формаларынан шығарады.</p> <p>Ал үшінші бір топ ғалымдар <i>арт</i> (<i>арт жақтағы</i>) және <i>ел</i> сөздерінің қосындысы болар деп жорамал жасайды.</p>
----------------------	--

Егер, біздің ойымызша, *артель* сөзі орталай дегеннен жасалса, онда алғашқы сөздің қ дыбысы қалай және не себептен түсіп қалады?

Сонымен бірге егер байқауымызша, *арт*, *ел* деген сөздердің мағыналары да өз ізімен жуысып, барынша қалыптасып тұрған жоқ сияқты.

**Нәтиже:** Біздің байқауымызша, орыстың *артель* сөзі **орда ел** деген түркі тіркесінен жасалған болуы керек. Қазіргі ұғымымызда **орда** «белгілі бір мекен, орын» деген мағыналарды білдіреді. Ерте кезде орда «бір рудың, тайпаның жиылуы, бір жерге топтасуы, жауға қарсы, болмаса басқа да мақсаттарға орай қоғамдасуы» дегенді білдірген. Кейін бұл сөз «хан, сұлтандардың отыратын жері, ордасы, аулы», сонымен бірге «әскер, әскери бөлімше (корпус)» т.б. деген ұғымды білдірген. Оның үстіне **артель** деген сөздің мағынасы тек «ортақтас» болу ғана емес, сонымен бірге «көп адамның бір жерге топтасуы, шоғырлануы, күш біріктіруі, бірігуі, бір-біріне көмектесуі» дегенді де көрсетеді. Орыс тілінің өзіндік айтылу ерекшеліктеріне байланысты, **орда ел** деген сөздің құрамында **д** дыбысы **т** дыбысымен алмасқан, мұндай алмасу заңдылықтары орыс тілінде де, түркі тілдерінде де жиі кездеседі.

7-сынып оқушысына 1-тапсырма: Мәтінді оқып шығып, диаграмма құрыңыз (кейс стади әдісі).




### «Атаман» деген сөздің тірек-сызбасы

<p><b>Атаман</b></p>	<p><b>Мәселенің қойылысы:</b> <i>Атаман</i> сөзі де осы тұлғасын сақтап орыс тілінен ауысқан. Ол көптеген түркі тілдеріне енген: азербайжан, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр, қазақ, құмық, ноғай, татар, т.б.</p> <p><b>Зерттелуі:</b> Сөз түбірі туралы тюркология мен славян тіл ғылымында әр түрлі пікірлер бар. Біріншісі - <i>атаман</i> сөзі «жиын, топ» деген мағынадағы <i>ватага</i> сөзінің төркіні көне түркі тілдерінде <i>отаг</i> (қазіргі қазақ тіліндегі <b>отау</b>) деген формаға барып саятын секілді. Ерте кезде моңғол мен түркі халықтары ауыл-ауыл болып, шоғырланып отырған жерді отаг деп атаған.</p> <p>Екінші пікір бойынша, <i>атаман</i> сөзі түркі тілдеріндегі <i>ата</i> және <i>түмен</i> (не <i>томан</i>- «он мың әскер» деген мағынаны білдіретін сөз) бірігуінен жасалған. Үшінші бір зерттеушілердің пікірі бойынша, <i>ата</i> («әке, үлкен әке» деген мағынада)</p>
----------------------	---

	<p>сөзіне <i>ман</i> (үлкейтіп көрсету үшін жалғанатын қосымша) қосылу арқылы жасалған. Ол сөз орыс тілінде сонау XII ғасырдан бастап-ақ қолданылып келеді.</p> <p><b>Нәтиже:</b> Шынында да, қырым татарларының тілінде жайылымға шыққан қойшылардың ең үлкенін, аға шопанды, <b>атаман (одаман)</b> деп атайтын көрінеді.</p>
--	---

7-сынып оқушысына 2-тапсырма: Мәтінді оқып шығып, SmartArt -ты толтырыңыз (мәнін анықтау әдісі).



Қорытынды: 1-2 сөйлем

**7-сынып орғанайзеріндегі сөздерге қарай:**

1-5 балл – 50%

6-8 балл – 70%

9-10 балл – 100%

<b>Ә. Құрышжанұлының «Көшпелі сөздер» немесе қазақ тілінің кірме лексика қабатындағы этимондар</b>				
	<b>Кодталған сөздер</b>	<b>Үйрендім</b>	<b>Мазмұны есімде</b>	<b>Үйренбедім</b>
	артель			
	атаман			
	доға			
	есауыл			
	севрюга			
	үтік			
	штан/стан			
	ярлық			
	нашатыр			
0	жәмшік			
1	атлас			

Қорыта келгенде, этимологиялық талдаулар бір сөздің аясында ғана емес, белгілі тарихи кезеңге тән оқиғалар мен тарихта болғанын растайтын деректер арқылы талданған. Автордың кез келген ғылыми еңбектеріндегі этимологиялық талдаулар өзіндік шынайылығымен, өзіне ғана тән сөз төркінін тану жолдарымен ерекшеленеді. Сондықтан да Әбжан Құрышжанұлының әрбір сөздің түп-төркінін тану жолы да ғылымда Темірқазықтай алдымызда жол сілтері анық деп білеміз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Құрышжанұлы Ә. Тіл тарихы жайында ойлар. – Алматы: Қыздар университеті. 2008. – 200 б.
2. Құрышжанұлы Ә. Қазақ тілінде Х дыбысының қолданылу тарихынан // Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Қыздар университеті. 2004. – 240 б.
3. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. – А., 2003. – 250 б.
4. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. 256-бет.
5. Шаталов В.Ф. Точка опоры. – М.: Педагогика, 1987.

**Шохан ШОРТАНБАЙ,**  
*эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың*  
*аға оқытушысы,*  
**Әсия САЛЫҚБАЕВА,**  
*№148 мектеп-гимназия мұғалімі*

## **БИЛЕР СӨЗІ ЕСКІРМЕЙДІ**

Қазақ қоғамында би-шешендер институтының маңызы айрықша бағаланады. Сөздің қадір-қасиетін, киесін ерте ұғынған халқымыз оралымды ойлардың, сан қилы сөз саптаулардың, парықты пікірлердің мән-маңызына тұшындыратын, құнарлы тіл, қонымды ақыл сабақтасатын шешендік шиырлардың адамның жан-жүйкесіне, санасына қаншалықты әсер ететінін шым-шымдап сіңдіріп, бойды шымырлататын сөзбен кестелеп, ақылмен әдіптейтін ақыл-ой иелерін ерекше қадірлеп, төрден орын, жиыннан төр ұсынған. Тарихтан белгілі, сақ, ғұн көсемдерінің де, болмаса, көне грек, араб шешендерінің де, әйтпесе, өзіміздің дала даналарының да оймақтай оймен немесе салмақты сөзбен-ақ кесімді, уәлі пікір айтқаны, олар араласқан, шешкен, күрмеуін тапқан шешімдер мен мәселелердің тарихта таңбаланғаны шындық. Сөзі алты қарыс Анақарыс бабамыздың оралымды ойларының халық жүрегінде сақталғаны, Плутарх шешеннің кесімді пікірлерінің өз заманында-ақ хатталғаны, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің шешімді сөздерінің ұрпақтан-ұрпаққа аманатталғаны да ақиқат.

Қоғамдық-әлеуметтік қатынастарды реттеу, ел басқаруға араласудан бастап ел өміріндегі түрлі дау-дамайларды шешуге атсалысқаны, ел мен жер тағдырына алаңдағаны, ұрпақ қамын жегені, осы орайды оң шешім айтып, әділ төрелік жасағаны да мәлім. Сондықтан да билердің абырой-беделі биік, билік шешімдері өтімді болған. Ұлт тарихында сөз атасы Майқы, Аяз билерден бастау алатын би-шешендердің сан алуан тобы болғанын, олардың қоғамға сіңірген еңбегі, ділмар шешендігі жөнінде талай зерттеулер жазылғаны да белгілі. Ұлы дала билерінің сөз өнеріндегі орны, рухани-мәдени өміріміздегі атқарған ұшан-теңіз қызметі, әдеби тіл тарихын, сөйлеу әдебі мен мәдениетін қалыптастырудағы маңызы туралы Шоқан Уәлиханов, Ахмет

Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезовтерден басталған әдеби-ғылыми зерттеулер легі Әмина Мәметова, Балтабай Адамбаев, Нысанбек Төреқұлов, Жанғара Дәдебаевтармен, т.б. жалғасты. Бүгінгі таңда би-шешендердің қазақ қоғамында және руханиятындағы орны мен маңызы, әдеби мұрасының тағылымдық-тәрбиелік мәні жөнінде кешенді зерттеулер жүргізіліп, монографиялық зерттеулер жазылып, жинақтар құрастырылды. Отандық әдебиеттану ғылымында би-шешендер институтының әдеби және ғылыми негіздері, түп-төркіні мен қалыптасу, даму кезеңдері, әдебиет тарихындағы орны мен маңызы жан-жақты сараланды.

Осы орайда филология ғылымдарының докторы, әдебиеттанушы ғалым Нысанбек Төреқұлдың осы саладағы ізденістерінің мәнді де маңызды екенін ұмытпағанымыз жөн. Қазақтың бай ауыз әдебиеті үлгілерін, соның ішінде, қанатты сөздерді, би-шешендік сөз үлгілерін жинақтауда, жариялауда атқарған еңбегі мол. Әр жылдары «Қазақтың қанатты сөздері», «Сөз тапқанға қолқа жоқ», бірнеше кітаптан тұратын «Қазақтың жүз шешені», «Даланың дара ділмарлары», т.б. кітаптары жарық көрді. Қазақ қоғамындағы би-шешендердің артында қалған мұрасын, жинап, жариялаумен қатар олардың тұлғалық, қайраткерлік қырына, тарих міндеттеген жауапкершілікті қалай атқарғанына, әдебиетті жасаушылардың байырғы өкілдері ретінде қосқан үлестеріне кеңінен және жан-жақты тоқталды. Әрбір би-шешеннің әдеби мұрасын жинақтау оңай емесі белгілі: ауыздан-ауызға таралған, хатқа, қағазға кеш түскен, бірнеше нұсқаларға телінген, көшпелі сюжеттің кебін киген би толғаулары мен шешендік сөздердің жекелеген авторға тиесілі екені анықтаудың өзі зор ыждаһатты қажет ететін жауапкершілігі мол, абыройы аз дүние. Мәтінтанушының мен библиографтың міндетін қоса атқарып, олар өмір сүрген дәуірдің геосаяси жағдайын, тарихы мен жағырапиясын да жетік білу шарт. Ел аузынан жиналған жәдігерлерді жүйелеп, қолдағы дерек пен дәйекті салыстырып, мәтіндегі ерекшелік пен өзгешелікті айқындап, ғылыми тұрғыда біріздендірудің, яғни жанрлық тұрғыдан саралап, тұжырым жасаудың жөні бөлек, ауқымды еңбек екенін байқаймыз. Осы ретте Майқы биден Сыпатай биге дейінгі аралықтағы билер мұрасы қамтылған



«Даланың дара ділмарлары» деген атпен 2006 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан еңбектің атқарар жүгі ауқымды.

Солардың бірі – Есей би Алдамұратұлы. Әдебиеттанушы ғалым Нысанбек Төрекұлдың дерегіне жүгінсек: «Есей Алдамұратұлы (1693-1740) Ұлы жүзден шыққан белгілі беделді би болған. (соңғы бір деректе есімі Есейхан деп аталады) Қазақ шежіресінде оның ата-тегі былай таратылады: Үйсін Бәйдібек батырдан Ысты, одан Ойық, Тілік рулары тарайтыны белгілі. Соның Ойығынан Қызылқұрт, Аузыүсіген, Көкшекөз, Сөтек келеді. Қызылқұрттан Ұлан, Алдамұрат, Есіркеп туады. Есей – Алдамұраттың бел баласы. Есей жас кезінен насат батыр тұлғалы әрі ақылды, есті боп ер жетеді. Оны батырлыққа, ақындыққа, шешендікке алғашқы баулыған өзінің батыр, би әкесі мен сол елдің анасы аталған үлкен әжесі, сол өңірдің алып тұлғалы батырлары, би-шешендері екен. Есей жігіт кезінде-ақ ел билігіне араласып, өзінің өділ де, алғыр, тапқыр сөзімен ел аузына ілігеді. Оның палуандығы, додапаздығы, мергендігі, ат бапкерлігі жөнінде аңыздар көп айтылады».

Деректерге сүйенсек, алдымен батыр тұлғалы, ақылына парасаты сай Есейдің ел мен жер тарихына бей-жай қарамағандығын байқаймыз. Жоңғар шапқыншылығы дендеп тұрған алмағайып дәуірде көшпенділердің тұрмысы да тұралайтыны анық. Есей ел аралай жүріп, қиыр жайлап, шет қонған қандастарының да қамын ойлай жүргені айтылады. Атақоныс, туған жер ұғымының халқымыз үшін қаншалықты маңызды, мәнді екенін білеміз. Ерте есейген Есейдің де осынау іске жауапкершілікпен қарап, елге жайлы, жері шұрайлы өлкелерге қандастарын көптеп қоныстандыру, басын біріктіріп, көш-көлікті ұйымдастыру, шашырай қонған елді ұйыстыру, т.б. секілді шаруалардың басықасында болуы да оның азаматтық болмысын аша түскендей. Теріскейдегі елді Қарасу, Сасық, Үлкен Бөген өзендерінің бойына қоныстандырып, отырықшылыққа үндеуі де сол кезеңнің көзі ашық азаматтарының қатарынан табылғаны деп топшылауға болады. Ол кезеңде шашырамай, ру-ру, ауыл-ауыл болып отырудың қауіпсіздік үшін де қажет екенін бағамдауға болады. Атақонысынан айырылып, тарыдай шашырап, босып кеткендердің қаншама екендігін білудің өзі ауыр.

Тағы бір аңғаратынымыз – Есей бабамыздың ес біліп, етек жинаған сәттен-ақ жақсылармен жанасып, би-шешендердің тәрбие-тәлімін бойына сіңіріп, замандас батырлармен тізе қосып, ел мүддесі үшін қызмет етуге даярлығы.

Ел мен жердің тағдырына алаңдаған, би мен батырдың қасиетін ұққан Есейдің де ендігі жерде елдік мәселелерден шет қалмауға тырысқанын байқаймыз. Өмірлік тәжірибесі көмекке келді, батыр мінезді, елжанды азаматтың бойынан сөздің құдіреті де көрініс тапқандай. Дау-дамайға араласып, ауыл төңірегінде қалып қоймай, еларалық қарым-қатынастың дұрыс түзілуіне де септігін тигізді. Жаугершілік заманда Қабанбай, Бөгенбайлармен тізе қосып, майдан шебінде болғаны туралы да деректерде айтылады. «Ел басына күн туса, етігімен су кешер» деген сөздің растығына күмән келтірмейміз, жау жағадан алған шерлі жылдардың қасіретін санамызға сіңіріп өскенбіз, елі үшін туған қай азаматтың да атқа қонып, ел қорғағаны мәлім. Солардың қатарында Ер Есейдің болғаны да қуантады. Ел арасында айтылатын мергендігі де танылатын тұсы осы сәттерде болған секілді. Палуандығы мен атқұмарлығы да майдандағы батырға сеп болғанын сеземіз. Қиян-кескі ұрыста жүректі жеңеді, айралы амалын асырады, палуандық та қажетке жарайды. «Сегіз қырлы» жігіттің мысы артық қашанда.

Ендігі айтарымыз, Есейдің би ретіндегі болмысы мен айтқыштығы. Төле бидің өзі айтыпты деген сөз жеткен бүгінгіге:

«Есей әрі батырым, әрі ақылым,  
Ешкімге есесін жібермейтін,  
Сөзге шешен ақыным.  
Жауға алдырмайтын,  
Жанашыр жақыным.  
Елдің сүйеніші - Есей  
Халықтың тіреніші – Есей  
Жауды бүлдіретін де Есей,  
Дауды тындыратын да Есей».

Тауып айтатын Төленің төрелігіне төрелігіміз жүрмейді, әрине. Елдің сүйенішіне, тіренішіне айналғанына тәнтіміз және тамсанамыз. Бабамыздың кісілік болмысын бір-ақ ауыз сөзбен бедерлеген бейнелі сөзге, қонымды пікірге ден қоямыз. Заманынан озып туған ердің батырлығы мен ақындығына, ақылдылығы

мен шешендігіне, жақынын жауға алдырмайтын алымдылығына, жанашырын дауға қалдырмайтын шалымдылығына сүйсінеміз.

Әлсізге әлдінің, момынға күштінің тісі бататыны адамзаттың жаратылғанынан бергі кезеңде белең алғаны баршамызға аян. Құқай көргеннің де құдайы барын ескерсек, әлдінің де әлегін шығаратын, күштінің де даусын бәсеңдете алатын құдірет болса, ол – сөзге тоқтау, сөзбен жығу және жеңу. Сөзге тоқтаған, сөз таппаса, меселі қайтқанның мәселесін бір білсе, қазақ біледі. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» дегенді бір түсінсе, қазақ түсінеді. Бойына сөз қонған, аузы дуалы, сөзі уәлі бидің өзі, шешеннің көзі – Есей би. Жастайынан дала ділмарларын тыңдап өскен, тәлімін түйіп, тағылымын алған Есейдің де айтқыштығына, тапқырлығына тұтастары тәнті болған, сөзіне тоқтаған. Байдан збір көрген жалшының, шалдан қасірет шеккен қаршадай қыздың тағдырын табан астында оң шешіп, ризалығын алуы – сөздің құдіреті, сол сөзді тауып айтқан шешеннің, байлам айтқан бидің құдіреті! Сұрағанына қол жеткізген жалшының, азаттыққа ұмтылған қыздың тағдырын шешуі – мал дауы мен қыз дауының шешімі – Есей бидің кесімі! Сұңғыла ойының, кескекті сөзінің шешімі!

Лекіте айтылған сөз, оралымды ой желісі Есей бидің тапқырлығын танытады, тауып айтар шешендігін аңдатады, көпті көрген көсемдігін аңғартады. Әрбір айтылған сөздің астары қалың, айтылған ойдың қалыбы қатпарлы. Сөздерінің өміршеңдігіне бүгінгі күнмен өзектес бола алғандығы дәлел, ойларының бүгінгі ұрпаққа да қажет екендігімен құнды, сөздің киесін түсіндіре алған тілімен де құнарлы.

Өсиетке терең бол,  
Өсек сөзге керең бол.

Қай дәуірде айтылса да, құнын жоймайтын, құнарлылығын кемітпейтін – Кісілік кодексі!

Ағайынмен жауласпа,  
Басың азаяды.  
Көршінмен дауласпа,  
Асың азаяды.

Қай кезде де қадірлі сөз, түсіне білгенге. Құндылықтар өзгерген осы кезеңде де өзгермейтін ой, өміршең қағида – Даналық тәпсірі!

Етегің түріп елге жет,  
Терің төгіп еңбек ет.

Атамекен, туған қоныс ұғымын бабаларымыздың қаншалықты қадірін білгенін байқаймыз. Елге қызмет етудің сан үлгісі болар, ал оған жету жолында еңбек ету – Азаматтық іс!

Билер сөзінің өміршеңдігі – рухани өмірімізге азық болуында, осы тұста айтарымыз, Есей бидің есті сөздері өміршеңдігін жоймақ емес.

#### **Дереккөздер:**

1. Қазақ би-шешендері: танымдық жинақ (Құраст. С. Қорабай) – Алматы: Айғаным, 2016. – 201 бет.
2. Төрекұл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2006. – 592 бет.
3. Дәдебаев Ж. Адам және заман. – Алматы: Өнер, 2007. – 368 бет.

***Н.М. МУРСАЛИМОВА,***

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері*

## **«ҚАРАСАЙ, ҚАЗИ» ЭПОСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ**

Эпостық жырлар – қазақ халқының рухани мәдениеті мен әдебиетінің, сондай-ақ тарихының ең маңызды әрі құнды мұраларының бірі, халықтың өмір сүру салты, дүниетанымы, әдет-ғұрпы мен ұлттық санасының көрінісі. Әсіресе, қазақ эпикалық жырлары ерлік дәстүрін дәріптеумен ерекшеленеді. Мұнда батырлардың ел қорғаудағы ерліктері, қайраттылығы мен отаншылдық рухы басты тақырып ретінде көрініс табады. Сонымен бірге ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып, әр кезеңнің рухани құндылықтарын бойына сіңіріп, халқымыздың тарихи жадының сақтаушысы болып келді.

Эпос тақырыбына арналған еңбектерде зерттеушілердің барлығы да жырдың әлеуметтік мәні мен қоғамдық маңызына тоқталмай өтпеген. Көне эпостардың типологиялық ерекшеліктерін анықтауға Е.М. Мелетинский, В.Я. Пропп, В.М. Жирмунский, Б.Н. Путилов, Ж.К. Лебедева сияқты ғалымдар атсалысты. Өткен ғасырдың соңына таман қазақ фольклорын түркі халықтарының мұрасымен салыстырып зерттеуге А. Диваев елеулі еңбек сіңірді [1, 48-б.].

Фольклортанушы Ә. Қоңыратбаевтың зерттеулеріне сәйкес, ноғайлы дәуірінің батырлар жырларындағы жазба деректер тарихи параллельдермен салыстыра қарастырылғанда, олардың нақты тарихи оқиғалардан гөрі, ноғайлы кезеңінің кейінгі ауыр жағдайларында орын алған ұқсас оқиғалармен байланысты екені анықталған. Ғалым эпостарда батырлық пен адамгершілік құндылықтарының айқын көрініс тауып, басты орынға шыққанын атап өтеді. Сонымен қатар Қоңыратбаевтың пікірінше, XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар соғысының сюжеттері мен эпизодтары ноғайлы дәуіріндегі батырлар жырларында белгілі бір өзгерістерге ұшырап, бейімделген түрде алынған [2, 127-б.]. Аталған болжам эпостарда ноғай батырларының негізгі қарсыластары ретінде қызылбастармен қатар, қалмақтардың да кездесуімен дәлелденеді. Бұл дерек батырлық жырлардың тарихи шындықпен байланысын зерттеуде маңызды рөл атқарып, эпикалық шығармалардағы оқиғалар мен кейіпкерлердің нақты тарихи контекстпен ұштасуын көрсетеді.

Қарасай мен Қазиді басты кейіпкерлер болып бейнеленген «Әділ сұлтан» жырын академик В. Радлов жазып алып, 1896 жылы «Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч.7. Наречия Крымского полуострова» жинағында жариялаған. Бірақ бұл тұлғаларға қатысты жыр нұсқаларының хатқа түсу тарихы XIX ғасырдың басынан басталады. Санкт-Петербург университетінің сирек қорындағы «Әділ сұлтан» жырының бір үлгісін, В. Радлов, Ғ. Қараш (Әділ сұлтан, Қазан, 1910), Ә. Мүтәліпұлы (1924) нұсқалары, Г. Ананьев жазып алған (1895) «Қырымлы Әділ сұлтан» аңызы және қазақтың «Қарасай, Қазиді» жырының тағы бір нұсқасын салыстыра зерттеген – тарихшы А. Исин. Ол алғашқы түпнұсқаға қатысты: «Бізге жеткен жинақтағы шығармалардың соңғы көшіріліп жазылған уақыты –

XIX ғасырдың алғашқы ширегі деп есептеуге келеді» [3, 12-б.] дей отырып, «Әділ сұлтан» жыры қырымлы, ноғайда да, қазақта да XVII ғасырдан жырлана бастаса керек. Қазақта «Әділ сұлтан» әңгімесі бертін келе, XIX-XX ғасырларда көбінесе «Қарасай, Қазы» жырымен қабыса дамыды. Бұл дәстүрді қазақ топырағында әйгілі «телегей теңіз» Абыл жырау Тілеуұлы Өтембет (1777-1864) бастап, кіші ізбасарлары Қарасай, Қалнияз Шопықұлы (1816-1902), Нұрым Шыршығұлұлы (1825-1898), одан кейінгі Қашаған Күржіманұлы (1841-1929) осылай жырлап, бергі дария – Мұрын Сеңгірбекұлы (1859-1954) және Айсая Байтабынов (1875-1955) осы жолды ұстана жалғастырған» [3, 69-б.] – деп қорытындылайды. Яғни, бұл жерде қазақта «Әділ сұлтан» әңгімесі «Қарасай, Қазы» эпосымен бірге дамып, өзара байланыста екенін дәлелдейді.

«Қарасай, Қазы» жырының жариялануы мен зерттелуіне ұзақ уақыт бойы тыйым салынғаны бәрімізге белгілі. Бұл жағдайға 1944 жылғы 9 тамызда ВКП(б) Орталық Комитеті қабылдаған Татар партиялық ұйымындағы бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмыстарды жақсарту жөніндегі қаулы мен 1947 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің ҚазССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысы туралы қабылдаған қаулы себеп болған [4]. Осы орайда эпостанушы, ғалым Д. Есенжанова өз зерттеуінде төмендегідей пікір білдіріледі: «Бір кездері екі күн бойы айтылатын бұл батырлық жыр – тоқырау заманының зардабын көп тартқан эпос. Себебі Кеңес үкіметі кезіндегі фольклортану ғылымында орын алған «тарихи мектеп» теориясының қазақ жырларына тигізген салқыны күллі рухани мәдениетіміздің өңменінен өтіп, әбден әлсіретті. Қазақ батырлық жырлары орынсыз сыналып, кейбірінің атын атаудың өзі үрей тудыратын кезең болды. Тарихта болған деген батырлардың жырда аты кездессе болды, ғылымда оны зерттеуден қашқақтау бағыт алды. Сарындар мен мазмұнды да тікелей кеңестік қоғам тарихымен байланыстыру орын тепкен еді. Осындай біржақты пікірлердің әсерімен зерттелінбей қалған жырдың бірі – «Қарасай, Қазы» еді» [5, 7-б.]. Ал ғалым Т. Әлібек: «Ел тәуелсіздігін алған кезден бастап қорларда ұзақ жылдар жатып қалған, қолдан түзетіліп-күзетіліп қалған қаһармандық эпостардың бойына қан жүгіріп, екінші өмірі басталды» [6] деп

бұрын зерттелмеген «Қарасай, Қази» эпосының рұқсат берілмеген барлық нұсқаларымен танысуға, сондай-ақ осы уақытқа дейін айтылмаған жаңа қырларына ден қойып, тың қорытындылар мен тұжырымдар жасауға болатындығын айтады.

«Қарасай, Қази» эпосының зерттелу тарихы ең алдымен «Қырымның қырық батыры» тақырыбы аясында қарастырылған. Академик С. Қасқабасов: «Жалпы, «Қырымның қырық батыры» тарихи тұтастану барысында өмірде болған адамдармен қатар жырға шежірелік сипат беру мақсатымен өмірде болмаған кісілерді де сюжетке енгізген» [7, 194-б.] – деп тұжырымдайды. Бұл пікір эпостың жанрлық ерекшеліктеріне негізделген.

Кеңес дәуіріндегі фольклорлық мұраны жинақтау және зерттеу мәселесі мәдени және ғылыми маңызды бағыттардың біріне айналды. Бұл кезеңде халықтық мұраларды ғылыми тұрғыдан жинау, жүйелеу және сақтау жұмыстары қолға алынып, ұлттық қолжазба қорларын қалыптастыру ісі қарқынды дамыды. Фольклорлық материалдарды жүйелі түрде жинау мен зерттеу үшін арнайы экспедициялар ұйымдастырылып, аймақтық халық шығармашылығын зерттеу жұмыстары кеңінен жүргізілді. Осы әрекеттердің нәтижесінде, фольклорды жинаумен және оны сақтаумен айналысатын мамандардың қатары артып, бұл өз кезегінде фольклорды зерттеу саласының негізін қалады. Кеңес дәуірінде Мұрын Сеңгірбайұлы мен Нұрпейіс Байғаниннің шығармаларын жазып алған қолжазбалардан басқа да бірқатар фольклорлық материалдар жинақталды. Мысалы, И. Ұйықбаев, Б. Ысқақов, К. Сейдаханов, Қ. Саттаров, Ә. Оспанов, Б. Жақыпбаев, А. Тұрғанбаев, Ш. Кәрібаев, А. Байтабынов, Т. Кенжалин, Ж. Сапаров, Қ. Алпанов, Қ. Сыдиықов, Ш. Керімов, Т. Ғайтов, Ә. Алманов, Х. Иманғалиев, Ж. Төрениязов, Ғ. Жұбаназарұлы, А. Көрпеев, М. Айтжанова, З. Мамадәлиева сынды жинаушылардың еңбектерін ерекше атауға болады. Сонымен қатар 1939-1998 жылдары ұйымдастырылған Торғай, Ақмола, Батыс Қазақстан, Қарақалпақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Қызылорда өңірінде жасалған экспедициялар мен «Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиеті үлгілерін жинау» экспедициясы кезінде жазып алып, оларды «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімінің қоры мен

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырды.

Қолжазба қорларында сақталған «Қарасай, Қазидың» жырының аталған нұсқалары әртүрлі өңірлерден жиналып, түрлі жыршылар мен айтушылардың орындауынан жазылып алынған, сонымен қатар кейбір нұсқалары белгісіз қолжазбалардан көшірілген. Сол себепті жырдың мазмұнында белгілі бір оқиғалар мен эпизодтардың үзіліп қалуы немесе уақыт өте келе жаңа элементтермен толықтырылғаны байқалады. Бұл жағдай жырдың мазмұнында өңірлік ерекшеліктер мен өзгерістердің орын алуына ықпал еткен. Аталған нұсқалардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды ескере отырып, таңдаулы нұсқалары алғаш рет «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 41, 42, 46 томдары жарияланса, жүзтомдықтың 50-томы «Қырымның қырық батыры» эпикалық цикліне арналған [8].

Ғалым Т. Әлбеков «Қарасай, Қазидың» жырын сюжеттік құрылымындағы айырмашылықтарына сәйкес шартты түрде екі версияға бөледі: бірінші версияға Мұрат Мөңкеұлы, Қашаған Күржіманұлы, Нұрпейіс Байғанин, Құдайберген Шоқаев, Айса Байтабынов, белгісіз жыраулар (4 нұсқа), Қайролла Иманғалиұлы (екі нұсқа), Өмірзақ Қалбаев, Таңатар Кәрібаев, Тілеумағамбет жырау, Жақып жырау, Атаубай Мәмбетұлы, Қартбай жырау Қылышұлы, Қобылаш Бекмаханбетов, Жақсылық жырау, Қ.Аяпов, Ш.Кәрібаев, Әбді Үмбетұлы, Сейіт жырау жырлаған нұсқаларын, ал екінші версияға зерттеу нысанасына алынбаған Нұртуған Кенжеғұлұлы мен Төренияз Ерімбетұлының жеткізген жыр нұсқаларын жатқызады [6, 112-147 б.].

Аталған екі версияны салыстырғанда, олардың сюжеттік желісі, композициялық құрылымы, тақырыптық-идеялық тұжырымдары, кейіпкерлердің бейнеленуі, топонимдік атаулар жүйесі және басқа да аспектілерінде елеулі айырмашылықтар байқалады. Мысалы, алдыңғы жыр нұсқасы Қарасай мен Қазидың ата-тегі туралы шежірелік мәліметтермен және Орақ батырдың (кей нұсқаларда Мұса немесе Мамай хандардың) соңғы аманатымен басталады. Бұл версиялардың композициясы бір-бірімен байланысты және оқиғалар рет-ретімен дамып отырады: Қарасай мен Қазидың ғажап тууы, жауға аттануы, ерлік жорықтары, Әділ сұлтанның жау қолында тұтқынға түсуі,



Әділдің құстар арқылы хабар жіберуі, Қарасай мен Қазидың оны қызылбас тұтқындарынан құтқаруы және батырлардың жауды жеңіп, елге оралуы. Сонымен қатар, Әділ сұлтанның ерекше дүниеге келуі, оның қолбасшылық қабілеті мен ерлік істері де кеңінен баяндалып, әсіресе оның тұтқынға түсуі эпикалық түрде жырланады.

Ғалым Т. Әлібеков ұсынған осы екі версия «Қарасай, Қазидың» жырындағы сюжеттік құрылымдардың айырмашылықтарын айқындай түседі.

Сонымен қатар ғалым Қашаған нұсқасының сюжетін төмендегідей ірі жеті оқиғаның аясында топтастырады. Жыр қара сөзбен басталады және басқа нұсқаларда кездеспейтін Ноғайлы еліне белгілі Құрманбай байдың есімі аталады.

1. Орақтың күндес бауырларының қолынан мезгілсіз мерт болуы.

2. Қарасайдың жауға аттануға дайындалуы.

3. Қарасайдың жау өтінде Қырым батырларымен кездесуі.

4. Қалмақпен соғыс.

5. Ноғайлы әскерінің елге келуі.

6. Қарасай мен Қазидың қалмақтармен соғысы.

7. Қарасай мен Қазидың, Әділдің елге жеңіспен оралуы.

Зерттеушінің Қашаған нұсқасының сюжетін жеті ірі оқиға аясында топтастыруы жырдың құрылымын жүйелі талдауға мүмкіндік береді. Бұл нұсқаның ерекшелігі – қара сөзбен басталуы және басқа нұсқаларда кездеспейтін Құрманбай бай сияқты кейіпкердің енгізілуі, бұл оның ноғайлы дәуіріндегі ел аузында белгілі болған тарихи немесе аңыздық тұлғалармен байланысты екендігін көрсетеді.

«Қарасай, Қазидың» эпосы Едіге әулетінен тараған бірнеше ұрпақтың өкілдері қатысқан шығармалардың бірі ретінде ерекшеленеді. Бұл эпос көптеген дарынды жыршылардың айтуымен өңделіп, уақыт өте келе жаңартылып отырған, сондай-ақ сюжетке қосымша жанама эпизодтар енгізілген. Жыршылар сол кезеңнің дүрбелеңге толы шындығын суреттей отырып, тарихи оқиғаларды көркемдік тұрғыдан айшықтап, өз қиялдарында сомдалған бейнелерді әсірелеу арқылы жырға қосуға айрықша назар аударған.

Сонымен қатар жыр нұсқаларында батырдың ғажайып тууы, батырға лайық ат іздеу, түс көру және оны жору, әулиенің болашақты болжауы, батырдың жалғыз ерлік жасауы, кәміл пірдің көмегі, Әділ ханды жау тұтқынынан босатып алу, достық пен опасыздық, ақылды әйел, әке аманатын орындау сияқты мотивтер эпос жанрына тән әсерлі суреттелген. Жырда әртүрлі уақыт пен орындардағы тарихи оқиғалар жинақталып, эпостық кеңістік тұтастанған әрі жырдың көп қабаттылығы айқындалған.

«Қарасай, Қазидың жыры мен «Әділ сұлтан» поэмасының ноғай және қырым-ноғай нұсқаларындағы айырмашылық – соңында Қазидың атының аталмауы. Қазіргі зерттеліп жатқан эпостық топтамалардың барлық нұсқаларында Қарасай мен Қазидың батырлардың үнемі бірге соғыстарға қатысып, бір-біріне көмек көрсеткені, қиын сәттерде бірін-бірі құтқарғаны айқын көрініс табады. Батырлар сирек жағдайларда әлсіздік танытқан кезде, әсіресе Қазидың тарапынан Қарасайға сын немесе сөгіс айтылған эпизодтар кездеседі. Бұл екі кейіпкердің оқиғалар барысында егіздердей біртұтас әрекет етуі олардың батырлық бейнелерін одан әрі нығайта түседі. Мысалы, XIX ғасырдың аяғында түркітанушы В.В. Радлов жазып алған эпостың қырым-ноғай нұсқасында Қазидың есімі Осман сұлтаны Әділ-Гирейдің «шақыру хатында» ғана кездеседі: «Қарасай, Қазидың серескер болсун!» (Қарасай, Қазидың серескерлерімен жетсін!). Бірақ одан әрі аты айтылмайды. Оның орнына Қарасаймен бірге Шірін руынан Дәулет, Сижиут руынан Мәмбет, Үйсін руынан Сүлеймен, Азовтан Әбіл-Қасым және т.б. кейіпкерлер кездеседі [3, 94-б.].

Жоғарыда «Қарасай, Қазидың жыры мен «Әділ сұлтан» жырымен бірге дамығандығын айттық. Яғни, «Әділ сұлтан» жыры қырымлы-ноғайда XVII ғасырдан бастап жырланған. Ғалым А. Исин Санкт-Петербург университетінде сақталған қазақ қолжазба кітабын зерттей отырып, аталған жырды 1910 жылғы Орынборда шыққан нұсқасы, «Әділ сұлтан» жырының қырымлы-ноғай нұсқасы, «Әділ сұлтан» туралы аңыздың кара ноғай нұсқасы, «Әділ сұлтан» жырының ноғай нұсқасы деп бөліп қарастырады [3]. Аталған нұсқалардың мәтіндерін негізге ала отырып, «Қарасай, Қазидың жырының нұсқаларымен салыстырылды.

«Шайыр» жинағына [9] енген «Әділ-Сұлтан» поэмасында да Қазидың тұлғасы батырлар арасында кездеспейді. «Қарасай-Қази» дастаны мен «Әділ-Сұлтан» лиро-эпосының барлық нұсқаларында Әділ-Гирей қызылбастардың шегарасына жеткенде әйгілі батырлардың барлығын барлауға, жау күші туралы мәліметтер жинауға жұмсайды [10, 41-б.]. Бұл нұсқада Қоңыраттың ұлы Ұзын Айдарға, Үйсіннің ұлы Сүлейменге және Мансұрдың ұлы Гафуға «барлауға» шығу ұсынылады, бірақ олардың барлығы бұл ұсыныстан бас тартады. Мәселен:

Атқанын атқа балаған,  
Адырнасын алға өгіздей мөңіреткен  
Қоңыраттың ұлы Ұзын Айдар жығылды,  
Сұлтанның бір өкпесі жан алқымға тығылды.

Үшінші жасай келгенде  
Қырымнан келген қырық ажы,  
Қырық ажының бастығы  
Тама Сүлеймен жығылды [3. 81-91-б.].

Ал «Қарасай, Қази» нұсқаларында Қазидың орнына Орақтың ұлы Қарасай шығады.

Жырдың бұл нұсқасын ел аузынан хатқа түсіріп, алғаш жарыққа шығарған Ғ. Мұштақ (Ғұмар Қараш). Ол өзі жазып алған қысқа жырды «Әділ сұлтан» деген атпен 1910 жылы Орынбор қаласында Шәңгерей Бөкеевтің қамқорлығымен құрастырып шығарған «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» атты жинаққа енгізді. Бірақ жинақта көрсетілгендей, Орақтың үшінші арманын орындау мақсатында Әділ, Қарасай мен Қазидың Қиғаш тауына аттанып, Дербент қаласын жаулап алуына байланысты бөлігі ғана қамтылған.

«Әділ сұлтан» жырының қырымлы-ноғай нұсқасы – қырымлы (қырым-татар) және кейінгі замандарда қырымлы халқының құрамына қосылып кеткен Қырым ноғайларының әдеби мұрасы. Жырды Қырымда көшіп-қонып жүрген Қырым ноғайлары жырлаған. Алғаш рет В. Радлов жариялаған [11]. Жырда Әділ сұлтанның бір жастан он жасқа дейінгі жетілуі жырланады. Әділ сұлтанның жорығын баяндауы Солтүстік Кавказ даласындағы ноғайлар жырлаған жырға өте ұқсас.

«Әділ сұлтан» туралы аңыздың қара ноғай нұсқасы. Бұл нұсқаны қара ноғайдың өзге тарихи аңыздарымен қоса 1895 жылы Г. Ананьев құрастырған. Ноғайдағы эпикалық аңыз дәстүрлі түрде қарасөз және жыр үлгісімен өрбиді. Г. Ананьев қара ноғай аңызын қарасөзбен келтіргенімен, оның, негізінен, жыр екендігін аңғару қиын емес. Халықтық прозада қарасөзбен айтылған әңгімелер болуы мүмкін, бірақ сюжет желісінде ноғай және қырымлы-ноғай жырларымен айқын байланыс пен ұқсастықтар көрінеді. Атап айтқанда, бұл нұсқадағы сюжет ноғайдың 1924 жылы жазып алынған жыр нұсқасымен ұқсас. Жырды айтушылар Әділдің он бір жастан жиырма жасқа дейінгі жетілу жолын эпикалық сарынмен дәріптеуді ұнатқан. Ананьев өз жазбасында бұл өсу кезеңін қозғамай, бірден түрік сұлтанының Қырымды толық бағындыру ниетімен Әділ сұлтанды алыс жорыққа жіберу арқылы одан құтылуды көздеген ойымен бастайды. Осы жарлық негізінде Әділмен бірге Қарасай, Сүлеймен және Қоңырат жорыққа аттанады. Жорық барысында Қарасайдың парсы бекіністерін барлап келгеннен кейін Әділге «қайтайық» деген кеңес беруі, бірақ Әділдің бұл кеңеске ашуланып, тоқтамай алға аттануы – бұл сюжеттер ноғайдың екі нұсқасында да бірдей. Әрі қарай, қара ноғай нұсқасында жауды қуғанда Сүлеймен мен Қоңыраттың қаза табуы, ханның батпақта қалып, шыға алмай қалуы, Қарасайдың алыстан іздеп шақыруына тәкаппар Әділдің жауап бермеуі, Қарасайдың ханды таба алмай Қырымға оралуы баяндалады.

Бұл нұсқа ноғай эпосындағы эпикалық және прозалық элементтердің үйлесімін көрсетеді, әрі оның түрлі нұсқаларындағы оқиғалар желісінің тұрақтылығын айқындайды.

Әділ сұлтанның парсы тұтқынында қалып, азат өмірді аңсап, құстармен аңға шыға алмайтындығына қапаланып толғаны – ноғай эпосының 1924 жылы жазылған нұсқасында кездеспейтін, бірақ қазақ жырларында кездесетін сюжеттер қатарына жатады. Мұндай ұқсастықтардың болуы – бұл жырлардың бір ортақ бастаудан таралғандығын көрсететін табиғи құбылыс. Қазақ және ноғай жырларының арасындағы мұндай сюжеттер мен тақырыптық байланыстар, екі халықтың тарихи және мәдени ортақтығының көрінісі ретінде түсіндіріледі.

Бұл нұсқада Данабике түсінде Қырымды су алып, хан сарайлары жабылып, есіктерге құлыптар ілінгенің көреді. Түсті жору сюжеті Г. Ананьев жазбасында жоқ. Керісінше, түсті баяндау мен оны жору 1924 жылы жазылып алынған нұсқаның үлкен бір бөлігін құрайды.

Қара ноғай нұсқасындағы ана зары қысқа да әсерлі. Жырдың бұл тұсы қырымлы-ноғай нұсқасымен өзектес. «Ұлымды жау қолына қалдырып кеттіңдер» деп ананың мырзаларды жазғыра сөйлеуі де сыйымды. Әділдің қазасы ноғайдың екі нұсқасында да қысқа, бір-екі ауыз сөзбен жеткізілген: парсылар Әділдің көздерін ойып, аяқ-қолдарын кесіп өлтірген.

Сонымен, «Әділ сұлтан» жырының бастапқы құрылымы қара ноғай нұсқасында айқын: түс көру, оны жору, түс күдігінің шынға айналуы. Дамытылу жолы – «жорық жыры», түрік сұлтанынан пәрмен келуі, Әділдің аттануы, жорық ауыртпалығы, сұлтанның тұтқынға түсуі.

«Әділ сұлтан» жырының ноғай нұсқасын 1924 жылы Қаңлы ауылының тұрғыны Ә. Мүтәліпұлынан Ә. Жәнібеков жазып алған. А.И. Исин аталған нұсқаны негізгі 6 құрылымдық бөлікке бөледі [3, 106-б.]:

Әділдің 11 жасынан 20 жасына дейінгі жетілуі.

Түрік патшасынан хат келу, оны оқу әңгімесі.

Әділ сұлтан жорығының баяны.

Сұлтанның тұтқынға түсу әңгімесі.

Әділ сұлтан анасының түсі және оны балшының жоруы.

Әділдің қазасы туралы балшының жоруының тура келуі, халқының Әділді қалыптасқан рәсіммен еске түсіруі.

Негізгі екі бөлікті әңгіме – біріншісі, жорық әңгімесі (екінші, төртінші сюжеттер), екіншісі, Әділдің анасының түсі, оны жору, түстің шынға айналуы (бесінші, алтыншы тақырыптар). Эпос табиғатына сай құбылыспен алғашқы сюжет – жас Әділдің жетілуін жырлау осы екі әңгіменің дәстүрлі басы болып бітеді.

Ноғай жырлары – көркем әрі ықшамдалған эпикалық туындылар болып табылады. Бұл жырлар артық ұзақ толғаулар мен қайталанатын жолдары жоқ, қысқа әрі мазмұнды сипатта беріледі, осылайша ноғай халқының орта ғасырлық поэтикалық дәстүрінің биік шыңын көрсетеді. Ноғай жырларының ерекшелігі

– олардың біркелкілігі мен тұрақты құрылымы. Оларды қазақ жырларымен салыстырғанда, айтарлықтай айырмашылықтар бар. Қазақ жырлары, көбіне, айтушы мен жеткізушіге байланысты әртүрлі нұсқаларға ие болып, кейде сапалық жағынан да әркелкі болады. Ноғай жырларының тұрақты құрылымдық ерекшеліктері халықтың сөз өнеріндегі өзіндік даралығын көрсетеді. Бұл жырлардағы композициялық тұтастық пен көркемдік жүйе ноғай халқының фольклорлық дәстүрінің ерекше сипатын айқындап, олардың поэтикалық мұрасының тұрақтылығын және сақталуын қамтамасыз етеді.

«Қарасай-Қази» эпосының кейбір нұсқаларында оқиғалар барысы басты кейіпкерлердің қызылбастарды жеңіп, Қазвин бекінісін жаулап алуымен қатар, тұтқында қалған батыр Әділді құтқару міндетін орындауымен сипатталады. Мысалы, Қалбаев Өмірзақ нұсқасында Қарасай мен Қази қызылбасқа баратын жолды зерттеп, жалғыз аяқ тар жолдың әскердің жүруіне қолайсыз екенін аңғарады. Әділ мен Қази соғыс тактикасын талқылап жатқанда, Қоянақ екі батырды татуластырады. Қырық мың әскердің тар жолға сыймайтынын түсініп, әскер үш бөлікке бөлінеді: Қарасай мен Қази он төрт мың қолды, Әділ хан он үш мың қолды, Исаұлы Ахмет он үш мың қолды бастап аттанады. Қарасай мен Қази жауды жеңіп, еліне қайтқанымен, Әділ жау қолына түседі. Әділ жауға түскен кезде, оның анасы мен қарындасы Омар мен Оспан есімді құлдардан қорлық көреді. Екі құл Илия есімді әйел үшін өзара жанжалдасып, ақырында бірін-бірі өлтіреді. Қарасай мен Қази досы Әділді іздеп жүргенде, оның анасы пір болып, батырдың қайда жатқанын айтып, зынданның орнын көрсетеді. Қарасай мен Қази Әділді жау қолынан босатып, қызылбастарды жеңіп, еліне аман-есен оралады. Кәрібаев Танатар нұсқасында «Қарасай-Қази» эпосының оқиғалары тарихи және эпикалық сипат алады. Орақ пен Мамай батырлардың қазасын естіген қалмақ ханы Қондыкер ноғайлы еліне қарсы шабуылға дайындала бастайды. Ол «Қарасай мен Қази жас, сондықтан елін оңай басып аламын» деп ойлайды. Алайда, қарт кемпір Қондыкерге: «Қарасай мен Қазиды жас деп басынба, олардың арғы аталары батыр болған, олар еліне жау тигізбейді, одан да Қырымға бар» деп ақыл береді. Қондыкер бұл кеңесті тыңдап, Қырымға елші жібереді. Ол Қырым ханы Әділ сұлтанға «Ноғайлы менің

қоластыма кірсін, кірмесе, Қиғаш тауда соғысуға дайын болсын» деген шарт қояды. Қырым ханы Әділ сұлтан бұл талапты қабылдамай, Қарасайдан көмек сұрайды. Алайда ол Қарасай мен Қазидың жастығына күмән келтіріп, Қырымның қырық батырын жинап, жасырын түрде жауға аттанады. Бұл әрекетті естіген Қарасай мен Қазидың батырлар оның соңынан қуып, шайқаста үлкен ерлік көрсетеді. Олар Әділ ханның жау қолына түскенін білгеннен кейін, оны құтқаруға бел байлап, әрекетке көшеді.

«Қарасай, Қазидың» жырының барлық нұсқаларында кездесетін тұрақты типологиялық мотивтер қазақ, ноғай нұсқаларында да жырланады. Мәселен, батырдың өзіне лайық ат іздеуі, жалғыз жүріп ерлік жасауы, достық пен опасыздық, ақылды әйел, әке аманатын орындау, түс көру т.б. сияқты.

Мысалы, «түс көру, болжау» мотивтері «Қарасай-Қазидың» Қашаған Күржіманұлының нұсқасында Әділдің қарындасы Ілия түс көріп, қуанып оянып, ұйықтап жатқан шешесін тұрғызады. «Түсімде ағам жанымға келіп қолымнан тағам беріп жүрмін, торға түсіп қалдым», – деп, өзінен-өзі налиды. Сөйтсе шешесі де түс көріп жатыр екен. «Түсімде балам қасыма келіп, дәм татып, содан соң жеті қабат темір үйдің төрінде жатырмын, Қарасай досым мені іздемеді», – деп арыз айтты дейді кемпір [4, 71-72 б.].

Құдайберген Шоқан нұсқасында ноғайлы әскері кеткен соң Әділдің шешесі Бәйбіше ханым түс көреді. Бірінші түсінде: Алтын сарай қаласына асқар тау келіп құлайды; екінші, үшінші түсінде: соққан желді тоқтатқан алтын сырығы, қашқан асауды тоқтатқан құрығы ортасынан үзіледі. Қызы Ілия алғашқысын «ағасы Әділ жорықтан аман келіп, Қырымға хан болады» деп жориды. Ал қалған екеуін жақсылыққа жори алмай, анасы екеуі артынан қуып барып, ағасын тоқтатпақ болады [4, 159-160 б.].

Айса Байтабынов нұсқасында қалмақ қолы келіп Орақ, Мамайдың үйірлі жылқысын айдап жөнеледі. Қарасай Тайқараға мініп жау соңынан қуып жеткенде, қалмақтың Қараман атты батыры Орақ екен деп қатты сасады. Жас батыр жылқыны жаудан айырғанымен, соғыспай кеткенді намыс көреді. Қолында құрықтан басқа қару жоқ болса да, соғысқа кіреді. Неше күн соғысып, ақыры қалың қолдың қоршауында қалып қояды. Қараулек түс көріп, Қазиды соңынан жібереді. Сөйтіп, Орақтан қалған қос бөрі жауын жапыра жеңіп, қалмақтың ақылды батыры Көкеман

келісімге келіп, не десе де айтқанына көнуге мақұл болады [12, 23-26 б.].

«Әділ сұлтанның» ноғай нұсқасының 1969 жылы шыққан «Ноғай йырлары» жинағында Әділдің шешесі түс көріп, балшыға барып айтады:

– Ай-ай балшы, сен балшы,  
Бал ашып бир карашы.  
Мен буюгеше туьс коьрдим,  
Каты яман ис коьрдим.  
Яман болса, сен балшы  
Душпаныма йорашы,  
Аьруьв болса, сен балшы  
Аьдилиме йорашы!  
Явырын япкан кара айдар,  
Язылынъкы коьринди... [13. 85-б.] –

деп қайғылы түсін баян етеді.

Жырдағы әулиелік және болашақты болжау қасиеттері Қараулек, Сыпыра жырау, Орманбет, Шалкиіз сынды кейіпкерлердің бейнесінде айқын көрініс табады. Атап айтқанда, алғашқы белгісіз жыршының нұсқасында Сыпыра жырау Қараулекке жорыққа шығатын батырлардың болашағын болжатады. Сыпыра жырау аттанатын әскердің жеңіспен оралатынын, бірақ батырлардың бірінің жау қолына түсетінін алдын ала айтып, өз батасын береді. Қазі жұрттың соңында қалып, анасының батасын алуды сұрайды. Қоштасу сәтінде Қараулек баласына шүберекке оралған, қырық болаттың қылауымен жасалған дәріні табыстайды. Кейін Дербент қаласына шабуыл кезінде Қарасай батыр ауыр жараланады, бірақ сол дәрінің арқасында аман қалады.

«Достық пен опасыздық» мотиві де жырдың барлық нұсқаларына тән сарын болып табылады. Бұл ретте Қарасай мен Қазидың отбасынан, жанашырларынан өзге Әділ хан (Мұрат нұсқасында кездеспейді), Ахмет, Алау, Сүлеймен, Әмет, қарт Қоянақ, Қобыланды (Айса, Ш. Кәрібаев), Ер Тарғын (Мұрат, Қашаған), Әуез, Құбығұл (Ш. Кәрібаев), Ер Көкше (Қашаған нұсқасында – Ер Қосай), Сыпыра (Ш. Кәрібаев, Айса), Орманбет (Айса), Шалгез (Қашаған) сияқты ондаған ноғайлы батырларымен, билермен, жыраулармен, жау болса да кейін достық құшағын



жайған Жаседілмен (Нұртуған нұсқасында – Жасарал), қызылбас пен қалмақтың қызы Күнсұлумен (Нұрпейіс нұсқасында), Күнқияшпен т.б. ағайынды батырлардың жанқиярлық достығы, сол жолдағы іс-әрекеттері жыр нұсқасының қай-қайсысында болмасын шебер сомдалған. Әсіресе Қарасай, Қазі мен Әділ ханның (Нұрпейіс нұсқасында – Еділ хан) достыққа адалдығы Дербент соғысында анық байқалады. Әділ хан тұтқынға түскенде ағайынды батырлар қауіп-қатерге қарамай жандарын пидә етіп жүріп оны босатып алады [6, 112-б.].

«Қарасай, Қазі» жырында «ноғайлы заманы», «ноғайлы батырлары» деген ұғым көп кездеседі. Әйтсе де жырдағы аталатын тарихи адам аттары мен жағрафиялық атауларға сүйеніп, жырдың жасалған уақытын дәл басып айту қиын. Жырдағы баяндалатын оқиғаны да «ноғайлы дәуіріндегі пәлен соғысқа құрылған» деп кесіп айту мүмкін емес. Жалпы алғанда «Қарасай-Қазі» жырының «ноғайлы дәуірінің әдебиеті» деген атпен бізге жеткен асыл мол мұраның бірі екендігі сөзсіз [5, 99-б.].

«Әділ сұлтан» жырының Орынбор нұсқасы мен ноғай және қырым-ноғай нұсқаларында тарихи оқиғалар кеңінен баяндалады. Соңы Әділ сұлтанның өлімімен аяқталады. Көлемі жағынан өте қысқа. Осы тұрғыда ноғай нұсқаларына Қ. Саттаров Қарақалпақстан экспедиция кезінде жинаған «Қарасай, Қазі» (ӘӨИ. 920/37-бума) нұсқасы ұқсас екені анықталды. Аталған нұсқада Әділ, Қарасай, Қазі Айсадан туған бес батыр Қоянақ қартты басшы қылып, Қарасай мен Қазидың атасының арманын орындау үшін Қызылбасқа аттанады. Осы сапарда Қарасай, Қазі жаудың көп әскерімен соғысып, Қазбан деген қаласына басып кіреді. Әділдің әскері жалғыз аяқ тар жолмен келе жатқанда, Қорғасынның көп әскері жолдың екі жағын қоршап алады. Әділдің аты сүрініп, терең орға құлайды. Жыр аяқталмай қалған. «Қарасай, Қазі» эпосының басқа қазақша нұсқаларын жыршылар кең ауқымда жырлаған, бірін-бірі қайталайтын тұстары да аз емес.

Қорыта айтқанда, «Қарасай, Қазі» жырының барлық нұсқаларында жыршылардың Едіге бидің кейінгі ұрпақтарының қоғамдағы беделі мен ерлігін, қолбасшылық қасиеттерін мадақтау мақсатын көздегені айқын көрінеді. Эпикалық дәстүрге

сәйкес, жырда негізгі қаһармандарды мінсіз тұлғалар ретінде бейнеленуге тырысқан. Негізгі оқиғалар Қарасай мен Қазидың төңірегінде өрбігенімен, Әділдің де қаһармандық бейнесі жан-жақты ашылып, оның ерлігі мен батырлығы да жырда маңызды орын алады. Жырдың сюжеттік желісінде ноғайлы батырларының ерлік істері мен қоғамдағы рөлі мадақталады. Жыршылар, эпикалық дәстүрге сай, басты қаһармандарды мінсіз әрі қаһарман тұлғалар ретінде көрсетуге ұмтылған. «Қарасай, Қазидың» жырының көптеген нұсқасында Едіге бидің ұрпақтарының ерлігі мен қолбасшылық қасиеттері ерекше дәріптеледі. Бұл жырдың эпосқа тән ортақ қағидалары мен мотивтеріне сай жасалғаны айқын. Жырдағы тарихи оқиғалар мен тұлғалардың нақты дереккөздермен сәйкестігін дәлелдеу қиын болғанымен, жалпы «Қарасай, Қазидың» жырының ноғайлы дәуіріндегі халықтық әдебиеттің бірегей мұрасы екендігі күмәнсіз. Бұл жыр ноғайлы заманының мәдени және тарихи көрінісін, сол кезеңдегі батырлар мен қаһармандардың ұжымдық бейнесін сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізген әдеби ескерткіш болып табылады.

«Қарасай, Қазидың» жыры – ноғайлы дәуірінің әдебиеті ретінде бізге жеткен асыл мұралардың бірі. Бұл жыр өзге эпостар сияқты, халықтың тарихи жады мен эпикалық дүниетанымын айқындап, халықтың рухани әлемінің ажырамас бөлігіне айналған.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ибраев Ш. Түркі эпосының поэтикасы мен типологиясы (қазақ батырлық жырлары негізінде). – Астана, «Сарыарқа» баспа үйі, 2012. – 336 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
3. Исин А.И. «Әділ сұлтан» эпикалық жыры // Зерттеу, қолжазба факсимилесі, транслитерациясы, транскрипциясы, түсініктемелері.– Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. – 148 б.
4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2007. Т. 41: Батырлар жыры. – 2007. – 448 б.
5. Есенжанова Д. Елдік пен руханият: құндылықтар қазынасы «Қарасай – Қазидың» жыры жайында. Монография. – Алматы: Асем–Систем, 2010. – 212 б.
6. Әлбеков Т. Тәуелсіздік идеясын жырлайтын қазақ эпостарының қолжазба нұсқалары: жиналу, сақтау, жариялау және сюжеттік ерекшеліктері мәселелері. Монография. – Алматы, 2011. – 247 б.
7. Қасқабасов С. Таңдамалы. – Т.2. Мифология. Фольклор. Әдебиет. Зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2014. – 344 б.

8. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2008. Т. 50: Батырлар жыры. – 2007. – 464 б.
9. Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары. Орынбор, 1910.
10. Абткаримов У.М. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. №2 (127). – 2019.
11. Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч.7. Наречия Крымского полуострова. СПб., 1896. 217 стр.
12. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2007. Т. 42: Батырлар жыры. – 2007. – 432 б.
13. Ногай халк йырлары. Сост. С.А.Калмыкова. – Москва, 1969. 209 стр.

**Н. ЕЛЕСБАЙ,**

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан  
(n.a.sh\_janiya@mail.ru)*

## **ШЕРНИЯЗ ЖАРЫЛҒАСҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ**

XIX ғасыр қазақ халқының қоғамдық, саяси өмірінде ірі тарихи оқиғалардың орын алуына байланысты көптеген тұлғалардың да есімі тарихта қалды. Бұл дәуірде күн сайын дендеп кірген отаршылдық елді жер-суынан, қонысынан ығыстырды. Осы кезде Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс күллі қазақ жерін шарпыса, Исатай – Махамбет, Жанқожа батырлар бастаған жекелеген көтерілістерден халықтың өз тәуелсіздігіне, еркіндігі жолында жасаған күрескерлік рухын анық сезінуге болады. Бұл заманның келбеті әсіресе Нысанбай Жаманқұлұлы, Махамбет Өтемісұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Сүйінбай Аронұлы, Жамбыл Жабаев, т.б. көптеген ақын-жыраулар шығармаларында көрініс тапқан. Осындай заманының шындығын шынайы суреттеген, сөздері бүкіл қазақ жеріне кең жайылған, артында мол рухани мұрасы қалған жырау әрі шешеннің бірі – Шернияз Жарылғасұлы болды.

Шернияздың туған, қайтыс болған жылдары жөнінде алғаш Қажым Жұмалиев оның бүгінге жеткен шығармалары негізінде ғылыми болжам жасайды. «Нұртуған ақынның айтуынша, Жәмет жыраудың аузынан жазылып алынған бір мәліметте: «Аққете Шернияз жиырмаға келгенде Исатайдың дабысына құмартып,

сонымен таныс болуға, бозжорға атпен іздеп барыпты» дейді. Бұл 1836-1837 жылдар шамасы болу керек. Өйткені Исатайдың Жайықтың бергі бетіне атағы шыққан жылдары осы кез. Ал Балмырзаның Нұрымға айтқан өлеңінен, яғни 1881 жылы Шернияздың қайтыс болғаны мәлім болады» [1, 420] деп, шамамен 1817-1881 жылдары өмір сүрген деген қорытынды жасайды. Көп жылға дейін осы мерзімдеу ғылыми айналымда қолданылып келді.

Алайда белгілі жазушы, ақын әрі драматург, Шернияз мұрасын жинаушылардың бірі Берқайыр Аманшин 1976 жылы Қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданы Жантерек ауылынан солтүстік батысқа қарай он бес шақырымдай жерден Шернияздың бейітін табады. Құлыптаста: «Кете руғы Айдар тайпасы Малай бөлімі Шернияз Жарылғасұғлы опат 60 жасында 1867 жылда....» деген жазуды оқып: «Бұл, біріншіден, мына бейіт анық Шернияздың бейіті екенін ақиқат дәлелдеумен құнды болса, екіншіден, ақынның қазіргі жазылып жүрген өмірбаянына үлкен өзгеріс (дәлдік) енгізеді» [2, 128] деп, ақынның 1807 жылы туып, 1867 жылы өмірден өткенін нақтылады. Ал туып-өскен жері қазіргі Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Жарыпшыққан өзенінің бойы.

Ақын мұрасының жиналуы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Бұл ретте ең алғашқылардың бірі болып Ташмұхамет Баймұхаммедұлының 1884 жылы ескі қадім жазуымен хатқа түсірген «Шернияз» [3] атты ескі қолжазбасын атауға болады. Бұл Шернияздың елге кең таралған «Баймағамбет сұлтанға арнауының» бір версиясы.

Мұнан соң Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да осы арнаудың бір нұсқасын ел арасынан жазып алған [4]. «Туындының 1925 жылдан бергі басылымдары осы нұсқаның негізінде жариланып келгені мәлім. Алайда ол арнайы редакцияланғандықтан, кейбір сөздер, тіркестер, шумақтар өзгертілгені, үзіліп тасталғаны байқалады» [5, 14], дейді белгілі қолжазбатанушы ғалым Т. Әлібеков. Мұның дәлелі ретінде 2001 жылғы Б.Қорқытов құрастырған «Шернияз» жинағында аталған «Мәшһүр нұсқасы» жарық көрген. Алайда түпнұсқамен салыстыру барысында өзгеріске түскен, түсіп қалған шумақтарының бар екені анықталды. Бұл арнау өлеңнің Орталық ғылыми кітапхана мен М.О. Әдебиет және өнер

институтының қолжазбалар қорында мұнан басқа Шәймерден нұсқасы (1911 жыл) және Шәйхы Кәрібаев жинаған матриалдар ішінде [6] белгісіз екі нұсқа кездеседі. Аталған нұсқалар Қазақстанның әр өңірінен жиналғанына қарап Шернияз сөздерінің қазақ ішіне кең таралғанын, халықтың сүйіп тыңдағанын байқауға болады. Бұл туралы Қажым Жұмалиев: «Шернияз сөздері халыққа ерте күннен мәлім. Қазақстанның қай түкпірі болсын Шерниязды жақсы біледі. ... Халыққа көп тарағандығы жағынан Шернияз қазақтың қай ақыныменен де таласа алады» [7, 261-262] деген пікір білдіреді.

Шернияз шығармалары алғаш 1924 жылдан бастап І. Жансүгірұлының Сәуле журналына, Х. Досмұхамедұлының «Қызыл Қазақстан» журналына, Ө. Ахметовтің «Ленин туы» газетіне берген матриалдары негізінде там-тұмдап болса да жарық көре бастады. Ал ақын шығармаларының жеке жинағы 2001 жылы Арыс баспасынан жарыққа шыққан Атырау ақын-жазушыларының кітапханасы «Қазына» атты көп томдығының 3-кітабында жарық көрді.

Және соңғы рет 2018 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық униерситеті жанынан құрылған «Авторлық ауызша әдебиет» ғылыми орталығы ақынның толыққанды жинағын әзірлеп, жарыққа шығарды ([8, 292].

Ақын шығармаларының сандық тұрғыдан да, сапалық тұрғыдан да мол қоры, әсіресе 1948 жылғы Қазақ КСР ҒА Тіл және Әдебиет институты ұйымдастырған Ақтөбе, 1957 жылғы Батыс Қазақстан, 1958 жылғы Шығыс Қазақстан, 1959 жылғы Орынбор, 1964 жылғы Оңтүстік Қазақстан экспедициялары кезінде жинақталған. Дегенмен бұл жерде бір көңіл аударатын жайт, рухани дүниелердің мол қорының жиналуы міндетті түрде авторлық мәселесін туындатады. Себебі фольклорлық мұралар болсын, жеке ақындар шығармашылығы болсын біріндегі мәтіннің, әлде мәтіндегі шумақ, сөз тіркестерінің екіншісінде көрініс беруі, қайталануы кездеседі. «Ортағасырлық, тіпті, ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ авторларының жеке қолжазбасы, тіпті, қолтаңбасы сақталып қалмағандықтан, туындыларын мерзімдеу тұрмақ, авторлығын (атрибуция) дәлелдеу қиынға түседі. Кейде бір автордың шығармасы екінші біреуге телініп жүретін болса, енді бірде бүтіннің өзі бөлшектеніп, бірнеше адамның шығарма-

шылығына кірігіп кетеді. Сондықтан көне әдеби мұраларды мерзімдеу барысында жекелеген шығарманың біртұтастығы ерекше мәнге ие болады» [[9, 9]. Мәселен, кейбір халық әндері мен шығармалардың Сегізсеріге таңылуы, не болмаса классикалық айтыстың үлгісі саналған «Біржан мен Сара айтысын «Әріп Тәңірбегенұлы шығарыпты» деген секілді, т.б. даулы дүниелер жетерлік. Мұның бәрі текстологиялық зерделеуді, мәтіндік салыстырулар мен ғылыми тұжырым жасауды қажет етеді.

Халыққа кең жайылған Шернияз сөздерінің де өзінен кейінгі ақындар шығармаларында қайталануы заңды құбылыс болған. Әсіресе Шернияздың Баймағамбет сұлтанның алдына баруы, өлеңімен қаһарлы ханды жүйеге жығып, қалауын алуы ертеден келе жатқан жыраулық дәстүрдің жаңғыруы іспетті. Сонымен бірге «Бақтыбайдың Тезек төреге айтқаны», «Сүйінбайдың Тезек төреге айтқаны», «Жанақ ақынның Рүстем төреге баруы» сияқты әңгімелер және бұлардың хан алдындағы іс-әрекеттері, амал-айласы, сөз қолданыстары Шернияздың Баймағамбет ханның сынақтарынан өтуін еске түсіреді. Яғни хан-төрелердің алдында өлең айтып, қылмыстарын бетіне басып, әшкере етеді, соңында сөз құдіретіне қаһарлы ханды да бас игізіп, қалауын орындатқызады.

Әсіресе Шернияздың Баймағамбет сұлтанға, Сүйінбайдың Тезек төреге барғандағы айтқан сөздері, оларға ақындықтарын сынау мақсатында хандардың қойған түрлі сынақтары бірін-бірі қайталап тұрғандай әсер қалдырады. Нақтырақ айтқанда қыздарын, әйелін, өзін мадақтатуы артынша жамандатуы және сыйға кәрі түйе (Сүйінбайда кәрі ат) беруі, оған ақындардың малмен сөйлескен болып, ханды масқаралаған іс-әрекеттері, арнаулары да ұқсайды.

Мәселен, Шернияз Исатай көтерілісі жеңіліске ұшырағаннан кейін, Баймағамбет сұлтан Исатай маңындағыларды Сібірге жер аудартып, қатаң жазаға ұшыратады, көтеріліс ұраншысы Шернияз да талай жыл қашып жүріп, ақыры Баймағамбет сұлтан ордасына келеді. «Астымда ат жоқ, үстімде киім жоқ, ханның қасы адамсыз болмас, көп адамның ішінде барғанмен сөзімді тыңдамас. Бұған оңашада, ханның көзіне бір ерсі жұмыс істеп көрнейін» деп ойлайды. Кешкісін келіп бір үйге қонады. Таң алакеуімде сол үйден түрегеліп, ханның ордасының еңсесіне

келіп, тымағын аяғының астына басып, қолын қусырып, қыблаға карап, басы тоқырайып жалаңбас тұрады.

Таңертең иығында жанат ішігі бар, қолында мыс құманы бар дәрет алуға шыққан хан Шерниязға көзі түсіп: «Аяғынан басын қадірсіз көріп тұрған бұл қай бетпақ?» – дейді. Сонда Шернияз ханға өлеңменен жауап беріп, өзін таныстырады. Хан: «Сыртта тұрып өлең айту менің ақсүйектігіме сын» деп үстіндегі жанат ішігін тастай беріп, «мынаған оранып үйге кірген соң, өзіме бересің», – дейді де, өзі ішке еніп, намазын оқып болған соң қыздарына: «Ана сорлыға, түгел киім киіндіріңдер», – дейді. Киімдерді қасына апарған соң, «ал, мыналарды ки де, ананы таста!» [8, 128] – дейді. Сонда Шернияз сөйлейді:

«Байеке, құтты болсын кеңесіңіз,  
Исатай ішке кеткен егесіңіз.  
Ақ сұңқар түлегенде түк қалады,  
Бұ да бір қалған түгім демесеңіз.  
Жамылып ішігінді шекем қызбас,  
Қайтейін басы бүтін бермесеңіз?»

Хан, сөзден тосылып, ішікті басы бүтін Шерниязға береді. Ал Тезек Сүйінбайға «сыртқы шайы шапанымды шешіп ки» дегенде, Сүйінбай қос шапанының жеңін бірден тартады. Тезек ішкі шапанын бергісі келмегенде Сүйінбайдың айтқан сөзі:

«Ақсүйек болғаннан соң ата тегің,  
Ұстатып шапаныңның қалдың жеңін.  
Сыймай ма екен бұл шапан маңдайыма,  
Бойыңда тегің болса кие бергін!» –

дегенде «Қу Екей тонағалы келіп пе едің» деп, сөзден тоқтап екі шапанын қабат береді. Бұл арада айтылған сөздері ұқсас болмағанымен, оқиға желісі бір, яғни хандардың жүйелі сөзге тоқтап, үстіндегі кимін шешіп беруі.

Баймағамбет Шерниязға үйінің салтанатын, қыздарын, қатынын, өзін мақтатқызады, артынша «енді жамандашы, недеп айтар екенсің?» деген бас кетерлік шарт қояды. Сонда Шернияздың «Хан бұйрығы екі болмас» деп, қыздарын жамандағаны:

«Байеке, сіздің қызда жаман бар ма?»

Сіздің қызды жамандар заман бар ма?  
Бір нәрсе қиыстырып айтар едім,  
Бармайды аузым құрғыр жамандарға.  
Қызыңның бес тиындық біреуі жоқ,  
Құдай «ханша» дегізді амал бар ма?» –

дейді. Және ханның қатынын жамандап айтқаны:

«Байеке, заманыңда тасуың-ай,  
Шеріңнің сөйлер сөзге басымын-ай.  
Ханымның бойы аласа, мұрны қайқы,  
Тап мінген мегежіннің қаншығындай.  
Өлең – жел, айдалаға жаққан оттай,  
Япыр-ау, көргенімді жасырам ба-ай!» –

деген секілді улы тілмен әшкеріп етеді. Шернияздың мақтап айтқан өлеңдерінің өзінде астарында ащы мысқыл, кекесін жатады. Ал, «жаманда» дегенде тіпті шегінен асырып, жеріне жеткізе, шерін тарата жырлайды. Енді дәл осы жамандаулар Сүйінбайдың Тезек төренің әмірімен оның қыздарын, қатынын жамандап айтқан сөздерінде сөзбе-сөз қайталанады:

«... Сонда Тезек Сүйінбайға:

– Сен менің барлық мінімді айттың, енді қатын, қызымның мінін айтқын, – дейді. Сүйінбай:

– Қой, тақсыр, қатын мен қыз мені жеккөрініш қылады.

Тезек:

– Жоқ, айтасың, – деп болмапты. Сонда «сен тыңда, мен айтайын», – деп Сүйінбайдың айтқаны:

«Тақсыр-ау, сіздің қызда жаман бар ма?  
Қызыңды жамандайтын заман бар ма?  
Болғанмен жаман, жақсы – төре қызы,  
Қылғанды Құдай ханша амал бар ма?  
Жалғанда зәрің суық төре екенсің,  
Қол салып қойынына амалдарға».

«Қатынымды жаманда» дегенде Сүйінбайдың айтқаны:

«Тезек-ау, осы күнде асуыңды-ай,  
Суындай сусамырдың тасуыңды-ай.  
Қатының басы жалпақ, мұрны кейкі,  
Келбеті мегежіннің қашырындай ([10,106].



Арнау өлеңдегі мұндай ұқсастықты, үндестікті басқа ақындардың сөздерінен табу кемде-кем. Шернияз: «Байеке, сіздің қызда жаман бар ма? Сіздің қызды жамандар заман бар ма?» десе, Сүйінбай: «Тақсыр-ау, сіздің қызда жаман бар ма? Қызынды жамандайтын заман бар ма?» дейді. Жолма-жол, сөзбе-сөз қайталаулар. «Қазақстанның екінші бір бұрышында өмір сүрсе де, белгілі халық ақыны Сүйінбайдың өлең-жырларында Шерниязға үндестік бар. Тегі бұл екі адам бірінен-бірі үйренбеген де шығар, ұзынқұлақтан есімдерін естіскендері болмаса, тіпті, олай болмауы да мүмкін. Олардың байланысы жөнінде ешбір дерек жоқ. Шернияздың Баймағамбетті әшкерлегені секілді, Сүйінбайдың Тезек төрені шенеуіндегі ұқсастық, замана шындығының біртектес, тамырлас болуынан туса керек» [11, 15].

«Шернияздың немеурін сұрап хан ауылына келуі» ([12] атты аңызда бір жылы әйелі өліп, қалың беріп, қатын алуға немеурін дәметіп хан ауылына келеді. Немеурін сұрай келгенін хан біліп, айттырмай-ақ ертесі мал өргенде бір ат, бір түйені желіге байлап қояды. Шернияз кетерінде сыртқа шығып, сырттағы малды өзіне беретұғынын біліп, анықтап қараса түйенің аузында ақ тісі жоқ кәрі екен. Түйенің алдына келіп, үйге естіртіп:

«Ассалаумағалайкум, түйемісің,  
Көтіңнен кейін қарай сиемісің,  
Мен жүрсем жетегіме жүремісің?  
Түйедей көп жасаған көрінесің,  
Қаратай, Шуман ханды білемісің?» –

деп, қайтадан түйе болып:

«Әликім ассалам, түйемін-ау,  
Көтімнен артқа қарай сиемін-ау.  
...  
Қаратай, Шуман ханды айтамысың,  
Оның арғы атасы Айшуақ,  
Нұралы ханды да білемін-ау!» –

дегенде: – Сөйлетпей әкел, – деп семіз жас нар беріпті.

Ал Сүйінбай мен Тезек төре айтыс нұсқаларының бірінде Тезек Сүйінбайды мұқатқысы кеп аузында бір тісі жоқ, сары атты көлденең тартады. Сонда Сүйінбай:

«Тақсыр-ау, мынауыңыз сары ат па еді,  
Аузында бір тісі жоқ кәрі ат па еді?  
Кірпігі жануардың қурап қапты,  
Тұсынан Абылайдың бар ат па еді?» –

деп, оның осы ұсақ мінезін өз малының аузымен бетіне басады. Тезек төре сөз жүйесіне жығылып өзінің жүйрік тұлпары Шалқасқаны береді. Ақындардың сөзі сүйектен өтсе де, шындыққа бас иіп, оны құрметтеуі – арғы заманнан келе жатқан хандардың, ақсүйектердің бойындағы түркілерге тән қасиет. Қандай қатал болса да, хан-төрелердің сөз қадірін жоғары бағалап, жүйелі сөзге жығылған тектілігі, жомарттығы бүгінге дейін таптық тұрғыда бағаланып келгенін жасыруға болмайды. Хан, төрелердің мұндай ауыр сынының ар жағында өзіндік мақсаттары да бар. Ол мықты ақыны, жырауы болса «басым хандыққа, ел билеуге жеткен» деп те түсінген. «Атам Абылайдың тұсында Бұқар жырау шыққан екен, әкем Әділдің тұсында Қабан ақын шыққан екен. «Әр ханның тұсында бір сұрқылтай» деген. Мен хан болған жоқпын десем, мен де қосылады екем. Менің сұрқылтайым сен екенсің. Бұдан былай «Тезектің ақынымын» деп жүргін» [13] деуінің астарында үлкен мән жаста керек.

Жоғарыда айтылған сөздерден «Бірі Батыс Қазақстанда, бірі Жетісуда бір дәуірде өмір сүрген екі ақынның арнауларындағы ұқсастық және екі ханның ақындарға қойған шарттары алдын-ала келісіп алғандай бірін-бірі қайталауынан қандай қорытынды жасауға болады, әуелгі авторлық мәтін кімге тиесілі?» деген сұрақ туындайды. Мұның төркіні дәстүрлі шығармашылық сабақтастық та, соңғылардың алдыңғылардан үлгі, өнеге алу, ұтымды сөздерін тиісті жерде өз туындыларында пайдалануында жатыр. Себебі Шернияздың жас шамасы Сүйінбайдан үлкен. Сүйінбайдың қазіргі әдебиетімізде орынққан туған жылы 1815 деп көрсетілгенімен қолжазбаларда 1827 жылы өмірге келгені жазылған ([14, 200]. Бұл бір. Екіншіден кейбір деректерде Сүйінбай Қатағанмен айтысқанда жиырмадан жаңа асқан жас жігіт еді» делінілді. Және астың 1850 жылдардың басында қырғыз елінде, Ыстықкөл маңында өткені туралы мәліметтер де кездеседі. Мәселен, Қырғыз Республикасы Шыңғыс Айтыматов атындағы Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қорында «Қатаған менен Сүйүмбайдың айтысканы»

атты айтыс нұсқасы сақтаған. Онда «Кенесары-Наурызбай соғысынан кейінгі қазақ-қырғыздың алғаш елдесіп, соғыста өлген шейттерге ас беріп, ат шаптырады... Сүйінбай 23 жаста, Қатаған 40-50 жастың ортасында екен» дейді. Бұл мәліметтер жоғарғы «1827 жылы туған» деген ойымызды тағы да қуаттайды. Сонда Шернияз Сүйінбайдан 20 жасқа үлкен екені белгілі.

Әсіресе Шернияздың «Байеке, сіздің қызда жаман бар ма?» дейтін өлеңі өз заманында бүкіл қазақ жеріне кең жайылған. Баймағамбет сұлтанға барғандағы оқиғалар ел ішінде әңгіме болып, тез таралған. Еліміздің әр түкпіріне дәл қалпында жетпесе де бастапқы арнасын бұзбай айтылғанға ұқсайды. Бұған Х. Сүйіншәлиевтің: «Шернияз аты үш жүзге мәлім. Оны әр облыс ақындары сүйсіне жырлайды. Көкшетауда – Алыш. Жетісуда Сүйінбай мен Омарбек, Балқашта – Шашубай күні кешеге дейін Шернияз өлеңдерін жырлап келген-ді. Бұлардың әрқайсысы оның жырын өз естулерінше айтып жүрген. Бірақ, олар Шернияз өлеңдерінің негізгі арнасын бұзбай сақтап отырған» [15, 388] деген пікірі дәлел болады. Соған қарағанда Сүйінбай Шерниязды жақсы білген, оның өлеңдерін, әсіресе Жетісу жерінде нәсихаттаушыларының бірі деп бағалауға болады. Бұған дәлел ретінде Сүйінбай жырлаған:

«Айдан ару нәрсе жоқ,  
Түнде бар да, күндіз жоқ.  
Күннен ару нәрсе жоқ,  
Күндіз бар да, түнде жоқ», –

деген шағын өлең, Шернияздан «Толға десең, толғайын» [2,40] деген ұзақ толғауының үзіндісі іспетті. Мәселен, Шерниязда:

«Айдан жарық нәрсе жоқ,  
Түнде бар да, күндіз жоқ.  
Күннен жарық нәрсе жоқ,  
Күндіз бар да, түнде жоқ.  
Мұсылманшылық кімде жоқ,  
Тілде бар да, дінде жоқ...», –

деп жалғасып кете береді. Стильдік жағынан екі ақын да жеті-сегіз буынды, кейде он бір буынды өлең жолдарын тиісінше пайдаланады. Бұл жағынан бір-біріне ұқсап кетеді. Алайда

көркемдік қуаты жағынан Сүйінбай өлеңдері басым болса, Шернияз өлеңдері терең философиялық ойға, өткір кекесінге, ащы ажуа құрылады.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың ортасынан бастап, Шернияз сөздерінің халық арасына өте кең таралғанына байланысты, оны әр жерде әр ақындар өзінше жырлаған. Әсіресе Сүйінбайдың Тезек төреге барғандағы ханның құрулы қақпанынан, шалыс айтса бас кетер сынағынан аман өтуіне, Шернияздың Баймағамбет сұлтанға барғандағы істері тәжірибе болды, керек жерінде Шернияз сөздерінде пайдалана білді. Әрине, арасы алшақ жатқан екі өңірге Шернияз сөздері қалай жетті дегенде, белгілі текстолог, қолжазбатанушы ғалым С. Қосанның «Әлбетте, Батыс Қазақстан мен Сыр өңірі ақындарының арасындағы шығармашылық тығыз байланыстың орнауына олардың қазақы жөнімен туыстықта болуы ғана емес, сол уақыттағы Кіші жүз руларының көші-қонына қатысты геосаяси ахуалы себеп болса керек. Тарихи деректерге қарағанда, Әлім бірлестігіне кіретін Шөмекей, Кете, Шекті рулары Байұлының Беріш, Адай, Жаппас, Алтын, Есентемір, т.б. руларымен қоныстас болып, Ақтөбе, Атырау өлкесіндегі Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз, Қобда, Елек сияқты өзен сағаларын жайлаған» [5, 25] деген пікірі шындыққа жақын. Міне, осындай қарым-қатынастың нәтижесінде Шернияз өлеңдері Сыр өңірінен Жетісу, онан шығысқа, сөйтіп, ауыздан-ауызға, құлақтан-құлаққа жетіп отырған. Сондықтан өзінен кейінгі ақындар шығармаларында Шернияз сөздерінің қайталануы заңды құбылыс. Ал, авторлық мәтінді анықтауда ең бірінші хронологиялық тұрғыдан, екінші ақындардың сөз қолданысындағы стийдік ерекшелкідер және шығармаларындағы сөз болатын кейіпкерлерді өмір сүрген өңіріне, тарихына қарай текстологиялық талдаудың нәтижесінде анықтауға болады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Жұмалиев Қ. Шернияз Жарылғасұлы. «Қазақ әдебиеті тарихының» 2-томына жазылған зерттеудің алғашқы машинкаға басылған нұсқасы. (1949). Әдебиет және өнер институты қолжазба қоры.420-бума.
2. Шернияз. Құрастырушы Б. Қорқытов. (2001). – Алматы: Арыс баспасы.
3. Қолжазба: 885-папка, 2-дәптер. Әдебиет және өнер институты .
4. Қолжазба: 1178-папка. Орталық ғылыми кітапхана .

5. Т. Әлібеков – «Шернияз ақынның қолжазба мұралары»; С. Қосанов – «Шерниязға Базар жыраудың шығармашылық қатысы». Шернияз Жарылғасұлы және ұлт-азаттық поэзия. Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. (2012). – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің редакциялық баспа бөлімі.

6. Қолжазба: 879/3-пака. Әдебиет және өнер институты .

7. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 4-том. (2005). – Алматы: ҚАЗАқпарат.

8. Шернияз Жарылғасұлы / Шығармалар. Құрастырғандар: Б. Ыбырайым, Н. Елесбай. (2018). – Алматы: Ұлағат баспасы.

9. Қазақ текстологиясы: эпостық жырларды мерзімдеу (датировка) мәселелері. Ұжымдық монография. (2017). – Алматы: Әдебиет әлемі.

10. Сүйінбай Аронұлы. Толық шығармалар жинағы/ (2015). – Алматы: Әдебиет әлемі.

11. Үш ғасыр жырлайды. (1965) – Алматы: Жазушы баспасы.

12. Қолжазба: 822-папка, 7-дәптер. Әдебиет және өнер институты.

13. Қолжазба: 386-папка, 1-дәптер. Әдебиет және өнер институты.

14. Қолжазба: 1292-папка. Орталық ғылыми кітапхана.

15. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. (1967). – Алматы: Қазақстан.

*А. САРГЕЛТАЕВА,*

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті, Алматы қ., Қазақстан*

## **Ә. НҮРПЕЙІСОВТИҢ «СОҢҒЫ ПАРЫЗ» РОМАНЫНДАҒЫ ТҮС КӨРУ ТӘСІЛІ**

Ә. Нұрпейісов «Соңғы парыз» романында түс көру тәсілін мүмкіндігінше молынан пайдаланып кейіпкердің психологиялық күрделі ішкі табиғатына тереңдей енуге тырысады.

Романда түс көру тәсілі өзіндік жаңа бір қырынан тың түрлік, бейнелік, құрылыстық, композициялық тұрғыдан танылады. «Соңғы парыз» романында Жәдігердің түс көруі тым көп. Ол көбіне неше түрлі «түсініксіз» түстер көріп аласұрып шығады. Айталық, «Ол кезде түнде де түсінде пырақ мініп құс боп ұшып жүргені. Басқа жұртқа ұқсап жер баспай кіл көкте ұшып жүргесін ол күндері бұл адам боп бетіне не ызғар не зэр жимай ашуланатын жерде де бет алды ыржалақтап күле беріпті». Міне, бұл сөйлемде «түс» сөзі көтеріңкі көңіл күйді тұспалдайды. Арман мен бақыт

құшағында жүретін жас кезде кез келген адамның оның үстіне өз сүйгеніне қол жеткізген Жәдігердей бақытты жанның көтеріңкі көңіл-күйі психологиялық тұрғыдан нанымды [1].

Ә. Нұрпейісов өз шығармасына түс көру тәсілінің үрейлі түрін таңдапты әрі ол үнемі бір түсініксіз көмескі түрде көрініс береді: «Қанша өткені белгісіз бір кезде түсінен шошып көзін ашып алса... есік алдында сығырайған соқыр шамның майы таусылып сөніп барады екен. Оянған бойда неден шошынғанын есіне алды. Кім екенін білмейді, кім де болса қостағы жігіттердің бірі сырттан аптығып жүгіріп кірді: «Ойбай неғып отырсыңдар Көк Өгіз қамаудағы суды сарқып ішіп кетті ғой. Сүйдеді де қолымен жер тіреп отыра бере еңіреп жылап жібергені» [2, 142-143].

Түсіне жиі кіретін Көк Өгіз – Жәдігердің де, автордың да айтар арманынан, мақсат-мұратынан, өзек өртер өкінішінен сыр тартып, соны тұспалдайтындай. Бұл жай Достоевскийдің мына сөзімен сәйкес келетіндей: «Түстің таңғажайыптылығы сонда, өз санаңда неше жылдан бері жауабын күтіп жүрген сауалыңды қайта жаңғыртып, бейне бір сәуегейлікпен шешіп береді. Және ол Сізге жаңа, өте күшті сезім не қуаныш не реніш сыйлайды». Көк Өгіз боп көрінген мифтік тұлға – экологиялық апаттың символдық бейнесі, уақыт пен кеңістік байланысын, автор көтеріп отырған философиялық, әлеуметтік-қоғамдық мәселені осы Түс тұспалдап ашып береді. Бұл – түс көру тәсілінің тағы бір қыры, яғни түрлі себептерге байланысты ашық айтуға болмайтын ақиқатты астарлап танытары сөзсіз.

Жәдігердің түсі бар-жоғы үш сөйлеммен баяндалады. Бірақ түс туралы ойлар, соның әсерінен туған психологиялық, эмоциялық көңіл күйлер, ішкі ой қайшылықтарына толы жан мен сезім арпалыстары шығарманың өн бойына өзек болады. Жәдігердің үрейлі түсінен кейінгі ішкі жан дүниесіндегі арпалыстарды, бет-жүзі мен денесіндегі әрбір қимыл-қозғалыстарды, әртүрлі сезімдік-эмоционалдық құбылыстарды автор шебер бейнелейді.

Жәдігер түсіндегі Көк өгіз бен сол жаман хабарды жеткізген жігіттің кім екендігін біле алмай күні бойы азапқа түседі. Өз ортасынан іздеп жанталасады. Осынау безгек ұстағандай беймаза көңіл күй кешкен кейіпкердің ішкі жан дүниесіне автор да осы осалдау жерді пайдаланып, көбірек үңілуге, енуге тырысады.

«Анада көрген бір түсінде бала кезде ауылдағы қариялардан естіген сол алып Көк Өгіз Арал теңізін түбіне дейін сарқып ішіп, аспан мен жер арасына сыймай, ауыл сыртындағы қырға қарай ыңыранып кетіп бара жатты. Тірлікке талшық қылып отырған мандайдағы жалғыз теңізден айрылған халық сонда да түсінде улап-шулап аза бойы қаза болып еді. У-шу, азан-қазан боп жатқан халық арасында, бұл дауыс салып өкіріп оянған-ды» [3]. Жәдігердің үрейлі түсінен кейінгі ішкі жан дүниесіндегі арпалыстарды, бет-жүзі мен денесіндегі әрбір қимыл-қозғалыстарды, сан алуан түрлі сезімдік-эмоционалдық құбылыстарды автор ең жоғарғы деңгейдегі жан қозғалыстары арқылы бейнелеуге бағыттайды.

Жәдігер түс туралы ойларын әлі де тоқтата алар емес. Сәт сайын қайта айналып, есіне түседі де отырады. Мысалы, «Ойламайын десең де, осының бәрі жаңағы жаман түстің жалғасы сияқтанды». «Көңілге алмайын десе де жаңағы түсі құрғыр ойынан шықпайды».

Түс табиғатына тән осы қасиетті жазушы кейіпкердің түстен кейінгі күмән мен күдікке толы екі ұшты ойларын, дел-сал халін, күрделі психологиялық ахуалын жан-жақты ашу үшін өте сәтті пайдалана білген. «Оянғанда түсінде көрген көріністің бәрі есінде сайрап тұрса да, тек жаңағы неме еңікереп кіргенде бұл басын көтеріп отыр ма еді әде жатыр ма еді? Қасында кім бар кім жоғы белгісіз, бар білетіні әлгі жігіттің аузынан шыққан жаман хабарды есіткенде тұла бойы түршігіп кеткені. Зәре иманы ұшқан жігіттер сүріне-қабына сыртқа ұмтылғанда бұл кеудесін көтеріп құр қомпандағаны болмаса қол-аяғы қорғасын ұйығандай қозғала алмады» [3].

...Үй ішінде реңін анық аңғара алмай қойған әлдекімге әлдене тіл қатқысы келетін сияқты: оған бірақ дыбысы шықпады. Дыбыс шықпағанға әуелі түсінбей таң қалып еді: іле-шала қорқып, көзі алақ-жұлақ етті. Кім білсін? Ертеңгі бар үмітін қамау судың балығына артып отырған қыруар халықтың ырысын ішіп кеткен Көк Өгізден қорықты ма, әлде тілі байланып қол-аяғынан айрылғанынан қорықты ма, ол арасын білген жоқ. Бар білгені қалшылдап ұшып барады екен. Бұл дәл сол кезде оянғанды» [3].

Түс көру тәсілі романдағы оқиға мен іс-әрекеттердің одан әрі логикалық, динамикалық түрде дамуына әсер етеді. Осындағы ұйықтау мен ояну мезеті, түс көру процесі өте тереңдетіле

талданады. Автор Жәдігердің түс көру сәтіндегі жан азаптарын ғана емес, физикалық ауырлықтарды, сезімдік сезінулерді (тілінің байланып қалуы, денесінің қалшылдауы, қара терге түсуі, бастырылып, сөйлей алмауы, жүре алмай қалуы, үрейі ұшқаннан түрінің бұзылып, тілсіз, көзінің алақ-жұлақ етуі т.б.) бастан кешуі арқылы жеткізеді. Бұлардың бәрі сана актісі кезіндегі күрделі психо-аналитикалық хал-ахуалды, сезімдік-эмоциялық тонды құрайды. Және түс көрушінің жан әлеміндегі сан алуан құбылыстардың өзара байланыстарын көрсетеді.

Мұндай тәсілді Ә. Нұрпейісовтің өте талғампаздықпен, кәсіби шеберлікпен пайдалана білгені байқалады. Кейіпкердің түстен шошып оянған сәттегі берекесі қашқан бейсаналы көңіл-күйі жазушының жиі оралып, қайта-қайта тереңнен талдайды. Жәдігер түсінде ештеңеге түсінбей үрейленсе, енді қорқынышты түстен кейінгі көңіл-күйден арыла алмай жан азабын шегеді. Әсіресе ол мына жерде дамып, әсерлене түседі: «Қос үрей көңіл жуық арада сабасына түсер емес. Басынан кешкен жаңағы сұмдық өңі емес, түсі екенін білсе де, абыржыған ала құйын көңіл аптығын баса алмай, қол-аяғына енген діріл әл-дәрменін әкетіп барады. Қараптан қарап алқынып, қара терге түсті. Бұл бұнан бұрын да жаман түстен талай жүрегі шайлығып, заразап боп жүрген-ді. Неге екенін қайдам, әсіресе кейінгі кезде әлгі тажал өгіз түсіне жиі кіреді» [3, 53].

Түсінде көргенін көз алдына елестетуге тырысады. Ондағы әрбір детальді дәл танып, көзін жеткізгісі келеді. Кейіпкер түсінігіндегі үрейлі түстен кейінгі ой-сананың жүйесіздігі, көпке дейін өз-өзіне келе алмауы, түсті неге жорырын білмей, ішкі бір үрей қорқыныштан елегізіп, бір сәтсіздік күтуі де ұзаққа созылады. Жәдігердің жанын толқытқан үрейлі түстегі – Көк Өгіз өлімнің жаңа құдайындай. Негізі қазақ санасында сонау ғасырлар қойнауынан бері өлімнің, үлкен бір қауіп-қатердің баламасы ретінде берік орныққан өгіз – мифтік тұлға. Аталарымыздың жерді ұстап тұрған өгіз, ол бір мүйізінен екінші бір мүйізіне ауысқан кезде жер сілкінеді, халыққа қауіп төнеді деген аңыз арқылы сәби кезімізде санаға сіңген символдық образ Жәдігердің, ХХ ғасырдың ойлау жүйесінде қайта жаңғыртылып, экологиялық апатты тұспалдайды.



Жалпы кейіпкердің жан дүниесіне, ішкі драматизмге көбірек көңіл бөлетін жазушы түс көру тәсілін осы мақсатта мейлінше молынан пайдалануға тырысады. Кейіпкерді үнемі толғандыратын Арал тағдыры түс көруге мәжбүр етеді. Мұздың әлсіздігіне, жұрттың қарсылығына қарамастан балық аулауға шыққан Жәдігер жалғыз кетеді. Осы кездегі бастан өткерген ең ауыр психологиялық жағдай, өлім мен өмір арасындағы бірде саналы, бірде бейсаналы сәттер өмірі аузына алмайтын «Алласын» тастамай аман қалған Жәдігердің есіне де жиі оралып, енетін болды. Түсіне де кірді. Түсінде де жер астынан шыққандай қарсы алдынан ақсиған-сақсиған бірденелер шыға келеді. Түсінде де, дәл өңіндегідей, әлгі ақсиған-сақсиғандарға машина тұмсығымен соғады. Содан кейін түсінде де қара терге түсіп ұрынып қалатын да, кеудесі қысылып ыңырсып оянатын. Көзін удай ашытып бара жатқан ащы терді көрпенің шалғайымен сүртер еді де, ұйқылы-ояу жатып осы оқиғаның соңы, арғы жағы қалай болғанын еске алатын. Еске алған сайын сүймен ұшынан су шығатын жерден аман өткеніне таң қалатын.

Бұл – түс болғанымен тап осы көріністі өңінде өз басынан өткергені белгілі. Алайда түс пен өңнің арасындағы бір елестей боп өткен сол бір сәттегі жан мен тән арпалысынан ақиқатқа жете алмаған ол үшін бәрі құпия. Еске алып та, түс көріп те өзінің сол сәтте не істеп, не қойғанын есіне түсіре алмай әлі күнге таң. Тап осындай жағдай не түс емес, не өң емес, екі ортадағы естің кіресілі-шығасылы бір мағынасыз мезетті Жәдігер студент шағында Бәкізаттың бөлмесіндегі қыздардың сайқы мазақ күлкісінен кейінгі ашу үстінде де бастан өткерген еді. Қыздардың қалжыңқой, қыршаңқы мінездеріне шыдай алмай ашуға булыққан жігітке олар бейне бір «қас-қағымда әлде бір қол-аяғы шидей, мұрны біздей мыршай сары пәлекетке ауысқандай болады». Оны автор тағы да түс арқылы бейнелейді: «Сол күні түнімен ұйқтай алмаған-ды. Тек таң алдында көзі ілініп кеткен екен, біреу бұған «жүр, ойнайық!» дегені. Бұл жалт қарады. Жаңа ғана есіне түсіре алмаған түлкінің күшігіндей біз тұмсық, сепкіл бет, мыршай пәлені көргенде шошып оянып еді... Бәрі, бәрі есіне түсті. Бұл өзі баяғыда...» [3]. Осы түстен соң Жәдігер сары қызды бейне бір шайтан көргендей еске алатын болған. Қатты шошынған баланың түсіне сол күнгі оқиға тап сол мазмұнда қайтала-

нады. Оны автор былайша бейнелейді: «Бұл түсінде дәл өніндегідей осы пәледен тезірек құтылғысы кеп азарда-безер. Одан құтылудың басқа амалын таппағасын қолындағы күлшесін беріпті. Жаңа ғана қасында аузы-басы бұлтындап нан жеп тұрған кішкентай қыз бала, о, Жасаған... бұның назары сәл басқа жаққа ауып еді, о да кәпелімде басқа бейнеге ауысып, ор ауыз сары лаққа айналыпты. Жеп тұрған да бұл берген нан емес, бір бау көк құрақтың қауылдырығын жалмандап сытыр-сытыр жеп бола сала, тағы да бұған көзін сатып телміре қапты. Ар жағында күдік қалдырғысы келмегендей нағыз лақтың даусына салып «мә-ә-ә» деді. Бұл бәрібір сенер-сенбесін білмей, кірпігін қағып қап қайта қарап еді, көк құракты кішкентай аузы шүпілдеп сытыр-сытыр жеп жаңағы ор ауыз сары лақ жоқ, лақ дегені лақ емес, екі шекесіне екі мүйіздің көк тұқылы қылтиған сары шайтан... шайтанның нағыз өзі... Бала шыр етіп оянған-ды»[3].

Сәби кезінде санасының бір түкпірінде сақталып қалған психологиялық процесс, қорқынышты түс Бәкизат бөлмесіндегі қыздардың дарақы күлкілері мен мағынасыз мазақтарынан соң қайта еске түсіп, мазасын алады. Оны автор сананың шатасуы, өң мен түс арасындағы елес арқылы астармен әжуалай суреттейді. Жалпы, Жәдігер қайда жүрсе де түс көреді де жатады.

Роман басындағы көрген түсінде Көк Өгіз болып енген түс тағы бір мифтік образға айналып, Көксерке мен Ақбалық болып енеді. Олар адам секілді сөйлейді. Мифологиялық аңыз-әңгімеге құрылған түс қызғылықты оқылады: «Босқын балықтың басында Көксерке мен Ақбалық, Ақбалықтың аппақ енесі күмістен құйғандай, тек салыңқы қарынның алдыңғы жағындағы қанаттары кып-қызыл, көздері қап-қара, лай су ішінде де аппақ денесі қылау шалмай жарқ-жүрқ етеді де отырады. Бұдан әрмен қарай бұл екеуінің жол бастап келе жатқанын, кездескен кедергілерге көрсеткен қарсылықтарын, адам тілімен сөйлеп, балықтарды бірлікке, топтарын жазбай жүруге шақырған ұрандарын, одан бір жыртқыштың кездесіп, шайқасқаны жайлы қиял-ғажайып психологиялық көріністерді көркем тілмен кестелеп береді. «Аппақ Ақшабақ шыңғырып жіберді. Жыртқыштың тісінде кетіп бара жатқан Ақшабақ па, әлде... жас сәби ме, сол арасын ажырата алмай қалды». Бірақ оның жан ұшыра шар еткен даусынан оянғансың-ды. «Апыр-ай, мына түсі құрғыр қандай жаман еді?

Жігіттер жақсы ниетпен сапарға аттанып шыққанда... Әй, бірақ... Тәйірі, түс түлкінің боғы. Не болса соны көңілге алып керегі қанша» - деп, сен іле-шала өзінді жұбатқан болғансың-ды» [3].

Міне, бұл түстің өзгелерден ерекшелігі оқиғаның фантастикалық сарын алып, мифтік образдардың көркемдік жүйеде сомдалуы десе де болады. Саналы және бейсаналы әрекеттер әлемі, ой ағымы, т.б. секілді психологиялық процестерді Ә. Нұрпейісов өз шығармашылығында түс көру тәсілі арқылы тереңдете береді. Мысалы, Жәдігердің түсінде көрген Ақбалық мұның өзі жайған торға түсіп, он бес күннен соң қан-қан болып алдында жатады деп кім ойлаған?! «Бұл не ғажап?! Ондағы түспен қазіргі мына өңінің арасын анықтап ажырата алмай ақылы дал. Өлгі бір түсінде көргені, ояна келсе, аумай-төкпей өңінде келеді. Түсінде келген жамандық ояна келгенде аумай-төкпей алдыңнан шығып жатады. Жәдігер осылай сары уайымға салынады. «Әлде ояу, әлде ұйықтап жатқанын білмейді... Сөйткенше, қыр жақтан, аспан мен жер арасынан алып Көк Өгіз көрінеді. Жәдігердің өзі айтқандай көзі ілінсе болды түсіне Көк Өгіз немесе «балық, балық бер» деген бастықтар кіреді. Кейде Жәдігер өң мен түсін осылай шатастырып жатады.

Романда түс көргіш кейіпкердің бірі – Әзім. Ол басына күн туып қудалауға ұшыраған сәттен бастап, шым-шытырық ойлардан шатасып, түн бойына түс көретін болған. Бұрынғы бақыттан басы айналып жүрген кезінде түс те енбейтін оған. Өйткені ол кезде ұйқысы тыныш, көңілі тоқ еді. Жәдігердің түсіне Көк Өгіз кірсе, Әзімнің түсіне басына іс түскенде үлкен кісінің үкімін жеткізіп, басына қара түнек орнатқысы келетін қара тәшір кіреді. Ешкімнен көрмеген қорлықты осыдан көрген академик ғалым сол кездесуден соң-ақ тынышын жоғалта бастады. Осы күнге дейін зерттеген, жұртты мойындатып жүрген ғылыми жаңалықтары (Аралды тақыр жерге айналдырып, ақ мақта егіп, байлыққа бату идеясы) желге ұшып, бар беделден айрыла бастайды. Міне, осынау рухани күйреу сәтінде ол бар ермекті осы түстен көреді. Автор оны былайша береді: «Осыдан кейін өзімен-өзі оңаша қалса, көз алдына қыт-қыт күлген тәшір қара кіреді, не қарақұрт кіріп оянады, оны неге жорырын білмеді, тәшір қара тастай қараңғы үйдің бір жерінен шыға келетіндей екі көзі алақтап отыр-

ғаны, сосын шамды сөндірмей, самаладай үйде жағып қойып ұйықтайтын болды».

Түстегі қара Тәшір мен қара құрт бейне бір Әзімнің жылдар бойы жүрегінде жасырын жатқан қара ниетінің көрінісі секілді. Оның түн бойына кірпік ілмей жан азабын шегуі – жан жолдасы болған Жәдігерге, сүйгені Бәкизатқа, туған жері – Аралға, қарамағындағы адамдарға жасаған қиянатының қарымтасы. Мұндай үрейлі түстер Әзімнің басында кейін де жиі қайталанары.

Ә. Нұрпейісов осылайша адам санасы мен өміріндегі ең бір тоқырау процестерін тілге тиек етеді. Дәуірдің бір өліара шағындағы шағын ауыл, бір-екілі адам тағдырындағы трагедиялық хал концепциясы арқау етіледі.

#### **Әдебиеттер:**

1. Пірәлиева Г. Адам жанының арашасы: [Ә.Нұрпейісов 70 жаста] //Ақиқат. – 1994.- N10. – 65-72 б.
2. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
3. Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз: Роман. – Алматы: Жазушы, 1999. – 472 б.
4. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Санат, 2006. – 440 б.

**Гульдария ШОРАНОВА,**  
*NEF «Арыстан» мамандандырылған лицейі  
қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімі,  
педагог-зерттеуші*

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ СИМВОЛДЫҚ СИПАТТАҒЫ СӨЗДЕР**

Ыбырай Алтынсарин ірі ұстаз, ағартушы ретінде қазақ халқының мәдениет тарихында ерекше орын алады. Оның қарапайым халықты сауаттандыруда еткен еңбегі зор. Алтынсарин қазақ халқының тарихында ғалым-ағартушы, көрнекті ұстаз және өлкедегі алғашқы халықтық мектептерді ұйымдастырушы деген атқа ие болды. Өзі ашқан мектептерде балаларды өз тілінде оқытуға арналған оқулықтар мүлде болмады. Осы тұста ұлы ұстаз өзінің қажырлы еңбегімен кітап жазуды қолға алды. Кітапты оқитын бала қазақтың баласы болғандықтан жазған әңгімелері халық тұрмысымен тығыз байланыста болуын басты

мақсат етті. Осы айқын мақсаттың арқасында балаларға арналған «Қазақ хрестоматиясы» басылып шықты.

Осы «Қазақ хрестоматиясы» оқулығында берілген жазушының бір әңгімесін алып тереңірек танысалық. «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесі. Әңгіме негізінде көпшілікке түсінікті қарапайым жазылған, ата мен немере арасында болады. Ата немересіне қарапайым жәндіктердің іс-әрекетін әңгімелеп отыр. Қарапайым болса да бұның астарында не бар, соны тізбектеп ашып көрелік.

Жазушы бұл әңгімеде неге өрмекшінің іс-әрекетін тілге тиек етті. Себебі бұл жәндік адамдарға өте таныс. Адамдар арасында өрмекші туралы түрлі ырымдар бар. Мысалы күндіз бір іспен айналысып отырғанда тура төбеңнен өрмекші жібімен сырғанап маңдайыңа түссе ол сенің жеке өмірінде жақын арада болатын қуанышқа балайды. Ғасырлар бойы өрмекшілер мен олар туралы белгілер ақша мен өркендеу, үй және күнделікті өмір, отбасылық қарым-қатынастармен байланысты болды. Біздің ата-бабаларымыз бұл кішкентай буынаяқтылардың өзін қалай ұстайтынын бақылап, олар туралы ақпарат жинап, өрмекшілердің болашақ пен тағдырға қалай әсер ететіні туралы қорытындылар жасаған. Бұл халықтық белгілер мен нанымдар бүгінгі күнге дейін өзекті, өйткені әрбір дерлік үйде немесе пәтерде бір немесе бірнеше өрмекші өмір сүреді. Біздің ата-бабаларымыз өрмекшілер тірілер әлемін о дүниелікпен байланыстырады деп сенген. Көптеген жыл бұрын пайда болған ең танымал белгі үйде немесе пәтерде өрмекшінің пайда болуы ақша белгісі екенін айтады. Бұл отбасының барлық мүшелеріне қатысты және лотерея ұтып алу, жалақыны көтеру, жұмыста бонус түріндегі ақшалай сыйақы немесе жарыста жүлде алу болуы мүмкін. Теріс энергия әрқашан пәтердің бұрыштарында жиналатындықтан, өрмекшілер, нағыз «күзетшілер» сияқты, үйді және адамдарды қиыншылықтар мен қиыншылықтардан қорғайтын осы жағымсыздықты басып алатын торды тоқиды. Сондықтан өрмекшілер ежелден ошақтың сақшысы деп санаған. Міне, осыған орай өрмекшіні жазушы халық сеніміне орай әңгімеге арқау еткені анық.

Бұдан соң жазушының әңгімесінде орын алған жәндігі құмырсқа, оның да іс-әрекеті адамдарға таныс. Күнделікті өмірде оның не істеп жатқанын, қайда бара жатқанын бақылауға болады.

Осы бір кіп-кішкентай жәндіктің өлермендікпен еңбек ететінін адамдар жақсы біледі. Көбінесе олар туралы оң белгілер, үйде құмырсқалардың пайда болуын жақсы ырымға балаған. Ал құмырсқалар үй етіп таңдаған үйдің тұрғындарына да сол қасиеттер беріледі деп адамдар сенген. Жалпы құмырсқа еңбектің символы. Тіпті Абай ағамыздың аудармасы И. Крыловтың «Шегіртке мен құмырсқа» мысалында құмырсқаның еңбекқорлығын паш етеді. «Сабанда жатып дән жиған, құмырсқаны іздеп табады. Селкілдеп келіп жығылды, аяғына бас ұра...» деген өлең жолында кішкентай құмырсқаның ақылдылығы мен еңбекқорлығы қайран қалдырады. Ұлы ақынның алған мысалы әр баланың көкейіне қонатыны сөзсіз. Міне, осы сияқты жазушы Ыбырай Алтынсарин де әңгімесіне еңбектің символы ретінде құмырсқаны алып отыр.

Әңгімеде баяндалатын қарлығаштарға байланысты көптеген халықтық белгілер мен ырымдар бар. Олардың интерпретациясы әртүрлі бөлшектерге байланысты. Бұрын қарлығаш бақытпен гүлденудің символы болып саналған. Қазақ бұл құсты қасиетті деп санап құрметтеген. Қазақ аңыздарының біреуінде Төле бидің шаңырағына қарлығаш ұя салған екен. Бұл кез жоңғар шапқыншылары қазақ ауылдарына қынадай тиіп тыныштық бермеген заман екен. Жаудан қашқан бүкіл ауыл көшіп кеткенде жалғыз Төле би ғана жұртта көшпей отыра берген екен. Сақырлап келіп ентелей кірген жаудың басшысы Төле бидің неге жұртта отырғанының себебін сұрайды. Сонда Төле би қарылаштың ұясын меңзеген екен. Жау басшысы Төленің қарлығашты қасиетке балап отырған сеніміне қайран қап кері қайтқан екен. Содан халық Төле биді «Қарлығаш би» деп атап кеткен дейді. Сонымен қатар «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деген ертегіде де қарлығаш адамзаттың досы боп баяндалады. Ержүрек қазақтың батыры Бауыржан Момышұлы өзінің «Ұшқан ұя» повесіне де осы қарлығаш туралы ертегіні кіргізген. Оның себебі қарлығаштың қазақ халқы үшін қасиетті құсқа балайтынын айтады. Халық оны бейбіт өмір мен бақыттың символы деп түсінген. Ежелгі орыс мәдениетінде бұл құстарды көктемнің шығуымен байланыстырған. Әдетте, қарлығаштар оңтүстіктен жылы күндердің келуімен оралады, ал олардың пайда болуы қыстың аяқталуы мен көктемнің басталуын білдіреді. Сондықтан, егер қарлығаш үйге

ұшып келсе, бұл жақсы белгіге саналды. Бірақ әртүрлі аймақтарда бұл оқиғаның басқа түсіндірмесі бар. Кейбір жерлерде терезеге ұшатын қарлығаш қонақтардың жақын арада келуі немесе жеке өмірдегі өзгерістердің хабаршысы болып саналады. Кейбіреулер үшін бұл денсаулық пен әл-ауқаттың белгісі болса, басқалары үшін жақын болашақта мұқият болу туралы ескерту болуы мүмкін.

Этнографтар жазғандай, мифологиялық көріністерде қарлығаш бейнесі кең символизмге ие. Гректер арасында ол Афродитаға арналған. Христиандықта қарлығаш Мәсіхтің инкарнацияларының бірі болып саналады. Ол дұға ететіндерді, рухани азыққа шөлдегенді білдіреді. Қарлығаш – жақсылықтың, бақыттың, бастаудың, үміттің, оңды көшудің, қайта туудың, таңның, көктемнің, күннің шығуы, еңбексүйгіштік, үй жайлылығы символы ретінде нанымдардан баян етеді. Әлемде қанша халық болса сонша қарлығаштар туралы наным-сенімдер, аңыздар бар. Көптеген халықтар үшін қарлығаш – қалыңдықтың, үй мен нанның қамқоршысы деп таныған. Тағы бір аңыз бойынша, қарлығаш Ескендір Зұлқарнайынға қауіп туралы ескерткен екен дейді. Бұнда ол қауіп-қатердің алдын алатын жаршы ретінде көрінеді. Украин шаруалары қарлығаштардың үйге ұя салғанын жақсы белгі деп санаған. Халық наным бойынша, олар ұя салған жерде бақыт болады. Егер олар белгілі бір аумақты тастап кетсе, онда адамдарда індет күтілу керек деп есептелді. Латвиялықтардың аңызында су тасқынынан кейін қарлығаш Құдайдан отты ұрлап, адамға берді. Шайтандар оны отпен қуды, бірақ оны ұстай алмаған. Олар құсты отпен ұрғандықтан оның басы қара боп күйіп қалған. Ал Демокрит адамдар өрмекшіден тоқуды және өруді, ал үй салуды қарлығаштан үйренді деп қатты сенді. Ертеде қарлығаштарды барлық жерде құрметтеген. Олардың сүйікті құс болғаны сонша, олар ғибадатханалар мен үкіметтік ғимараттарда ұялай алатын. Немістер арасында қарлығашты күн күркіреу құдайының құсы ретінде ол үйді найзағай мен өрттен қорғайды деп сенген. Қораға қарлығаш қоныстанса, мал сау болады деген. Швейцарияда олар үйлесімділік бар үйлерде ғана ұя салады деп сенді. Қарлығашты өлтіру, ұясын бұзу немесе балапандарды алу үлкен күнә болып саналды. Міне, балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин

өз әңгімелеріне адамдар өмірінің тұрмыс-тіршілігіне таныс заттарды көрегендікпен пайдалана білген. Осылар арқылы балаларға әңгімені оқып білуде нені үлгі етіп алатынына басты назар аударған. Енді бұл әңгіменің тәрбиелік мәні еріншектік пен жалқаулыққа бой алдырмау, жақсы өмір сүруге құлшынысын арттыру. Жазушының мақсаты жастарға айтпағы, дүниедегі жақсылықтың барлығы адамның еңбегі арқылы келетінін көрсету. Еңбек адамды дамытады, жаңа нәрсені үйренуге, оның дамуы мен дағдыларын арттыруға мүмкіндік береді.

Ендіге кезекте автордың келесі шығармасы «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесіндегі символдық сөздерді толғаймыз. Бұл шығармада символ болатын сөздер: Қыпшақ Сейітқұл, кетпен, қорған.

Біріншіден, есімі аңызға айналған егінші Қыпшақ Сейітқұл Маманұлы жайлы айта кетсек. Қыпшақ Сейітқұл Маманұлы XVIII ғасырдың жетпісінші жылдары мен XIX ғасырдың отызыншы жылдарында қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Қарабидайық мекенінде дүниеге келген. Ол Орта жүздегі бес таңбалы қыпшақтың торы бірлестігінен тарайтын жеті арыс кітаба руынан шыққан.

Қыпшақ Сейітқұл асқан шебер, сөзге шешен адам болған. Мұраптың егіншілік дәстүрін халық арасына кең таратып, насихаттау үшін ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл» деген әңгіме жазып, оқулығына енгізген. Ыбырай Алтынсариннің бұл әңгімесінде Қыпшақ Сейітқұлдың рөлі өте маңызды және бірнеше аспектілерді қамтиды. Сейітқұл әңгімеде көшбасшы ретінде көрсетіледі. Ол өз қауымын жаңа жерге көшіріп, суармалы егіншілікті енгізу арқылы олардың өмірін жақсартады. Бұл оның жаңашылдыққа деген ұмтылысын және қоғамды дамытуға деген ынтасын көрсетеді. Әңгімеде Сейітқұлдың адал және әділ адам ретінде сипатталуы оның моральдық құндылықтарын көрсетеді.

Ендігі кезекте кетпен деген еңбек құралының символдық мағынасын зерттейік. Кетпен Сейітқұлдың егіншілікпен айналысуының символы ретінде көрсетіледі. Әңгімеде Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кіріседі. Сонымен қатар кетпен адамның табиғатпен үйлесімді өмір сүруін және жердің байлығын тиімді пайдалануын



білдіреді. Бұл символ адамның табиғатпен тығыз байланысын және оның ресурстарын дұрыс пайдалану қажеттілігін көрсетеді. Жапонияда күріш өсіруде қолданылатын «хо» құралы кетпенге ұқсас. Бұл құрал еңбекқорлық пен табандылықтың символы болып табылады. Жапон мәдениетінде күріш өсіру маңызды рөл атқарады, сондықтан «хо» құралы да еңбек пен адалдықтың символы ретінде қарастырылады.

Үшінші болып «қорған» символдық мағынасын береді. Қорған қауіпсіздік пен қорғаныстың символы. Сейітқұл жұртын жаудан, ұрыдан және даладағы бөриден қорғау үшін қорған салдырады. Бұл оның өз халқын қорғауға деген ұмтылысын білдіреді. Қорғанның символдық мағынасы – адамның өз отбасын, жұртын және мүлкін қорғауға деген ұмтылысын және қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігін білдіреді. Қорғанның салынуы Сейітқұлдың қауымының бірлігін нығайтуға деген ұмтылысын бейнелейді. Қорған арқылы Сейітқұл өз қауымын бірлесіп жұмыс істеуге және ортақ мақсаттарға жетуге ынталандырады.

Қытайдағы Ұлы Қытай қорғаны қауіпсіздік пен қорғаныстың символы болып табылады. Бұл қорған ежелгі Қытайды жаулардан қорғау үшін салынған және оның символдық мағынасы – елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету. Ұлы Қытай қорғаны елдің мәдениеті мен тарихын қорғаудың, сондай-ақ оның болашақ ұрпақтарына мұра ретінде қалдырудың символы болып табылады.

Келесі қаралған әңгіме «Бай баласы мен жарлы бала». Бұл әңгімедегі символдық сөздер: Асан мен Үсен, пышақтың сынығы, үйрек, жұмыртқа.

Бірінші символдық мағынасы бар сөз байдың баласы мен кедейдің баласы «Асан мен Үсен». Асан – байдың баласы, ал Үсен – жарлының баласы. Бұл кейіпкерлердің есімдері арқылы автор байлық пен кедейліктің арасындағы айырмашылықты және олардың өмірге әсерін көрсетеді. Асанның байлығы оның өмірінің жеңілдігін білдіреді. Ол табиғатта өмір сүрудің қиындықтарын түсінбейді және қиындықтарға тап болғанда, үмітсіздікке бой алдырады. Үсен болса, табиғатта өмір сүрудің қиындықтарын жақсы біледі және оларды жеңуге дайын. Ол қиындықтарға тап болғанда, шешім табуға тырысады.

Асан мен Үсен арасындағы айырмашылықты түсіндіру үшін, біз Франциядағы Виктор Гюгоның «Қайғылы адамдар» романындағы Жан Вальжан мен Козеттаны мысалға ала аламыз. Жан Вальжан – кедейлік пен әділетсіздікке тап болған адам, ал Козетта байлық пен жайлылыққа ие болады. Бұл кейіпкерлердің өмірлері арқылы автор әлеуметтік теңсіздікті және оның адамдарға әсерін көрсетеді. Асан мен Үсеннің оқиғасы арқылы автор байлық пен кедейліктің адамның мінез-құлқына және өмірге деген көзқарасына қалай әсер ететінін көрсетеді. Асанның байлығы оның өмірін жеңілдетсе де, ол қиындықтарға тап болғанда әлсіздік танытады. Үсен болса, кедейліктің қиындықтарын жеңіп, өмірдің сынақтарына төтеп беруге дайын.

Асан мен Үсеннің оқиғасы арқылы автор әлеуметтік теңсіздіктің қоғамдағы рөлін және оның адамдардың өміріне қалай әсер ететінін көрсетеді.

Келесі символдық сөз «пышақтың сынығы» болмақ. Пышақтың сынығы қиындықтарды, толық емес жағдайды және өмірдегі кедергілерді білдіреді. Бұл символ Үсеннің өміріндегі қиындықтарды және оның тапқырлығын көрсетеді, өйткені ол сынған пышақты да пайдалы зат ретінде қолдана біледі.

Сонымен қатар пышақтың сынығы өмірдің кейбір аспектілерінің толық еместігін және адамның сол қиындықтарды жеңу үшін тапқырлық пен шыдамдылық көрсету қажеттілігін білдіреді. Пышақтың сынығы Үсеннің өміріндегі қиындықтарды жеңу үшін тапқырлық пен шыдамдылық көрсету қажеттілігін бейнелейді. Бұл символ оның өмірдегі кедергілерді жеңу үшін қандай күш-жігер жұмсағанын көрсетеді. Үсеннің сынған пышақты да пайдалы зат ретінде қолдана білуі оның тапқырлығы мен өмірге деген икемділігін көрсетеді.

Жапон самурайларының тарихында катана олардың мәртебесі мен рухының символы ретінде қарастырылады. Сынған катана жауынгердің өміріндегі қиындықтарды және оның рухани күйзелісін білдіреді. Самурайлар үшін катана тек қару ғана емес, сонымен қатар олардың рухының, мәртебесінің және адалдығының символы болған. Сынған катана жауынгердің рухани күйзелісін және оның өміріндегі қиындықтарды жеңу үшін қандай күш-жігер жұмсағанын көрсетеді. Бұл символдар арқылы автор қиындықтарды жеңу үшін тапқырлық пен шыдамдылық-

тың маңыздылығын көрсетеді. Пышақтың сынығы мен сынған катана адамның өміріндегі кедергілерді жеңу үшін қандай күш-жігер жұмсағанын және олардың рухани күйзелістерін бейнелейді.

Үшінші символдық сөз – үйрек. Үйрек табиғаттың сыйы. Ол табиғаттың бізге беретін байлығын білдіреді. Үйрек кейде қауіпсіздік пен қорғаныстың символы ретінде де қарастырылады. Ол табиғатта өмір сүру үшін қажетті дағдыларды меңгеру арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді білдіреді. Қытайда үйректер бақытты некенің және мәңгілік махаббаттың символы ретінде қарастырылады.

Ежелгі Египетте үйрек қасиетті құс ретінде қарастырылған. Ол құнарлылық пен қайта туылудың символы болған. Үйрек бейнелері жиі қабірлерде және храмдарда кездеседі, бұл олардың рухани маңыздылығын көрсетеді. Египет мәдениетінде үйрек құдайлардың сыйы ретінде қарастырылып, олардың бейнелері діни рәсімдерде қолданылған. Сонымен қатар үйрек табиғаттың байлығын және оның адам өміріндегі маңыздылығын білдіреді.

Ендігі кезекте әңгімеде кездесетін жұмыртқа сөзі символдық мағына береді. Жұмыртқа болашақтың символы болып табылады. Ол өмірдің жалғасы мен үмітті білдіреді. Жұмыртқа табу балалардың болашаққа деген сенімін және олардың өмір сүру үшін қажетті ресурстарды таба білуін көрсетеді. Жұмыртқа сонымен қатар, жаңа бастамаларды және өмірдің үздіксіздігін білдіреді.

Францияда Пасха мерекесінде шоколадтан жасалған жұмыртқалар кеңінен таралған. Бұл жұмыртқалар қайта тірілу мен жаңа өмірді білдіреді. Пасха жұмыртқалары балаларға сыйлық ретінде беріледі, бұл дәстүр өмірдің жалғасы мен қуанышты білдіреді.

Иранда Наурыз мерекесінде хафт-син деп аталатын дәстүр бар, онда жеті түрлі зат қойылады, олардың бірі– жұмыртқа. Жұмыртқа жаңа өмір мен қайта туылуды білдіреді. Бұл дәстүр көктемнің келуін және табиғаттың жаңаруын атап өтеді.

Қазақ мәдениетінде де жұмыртқа маңызды рөл атқарады. Мысалы, Бәйтерек монументі қазақ халқының қайта өрлеуі мен болашаққа деген үмітін білдіреді. Бұл монументтің жоғарғы жағында алтын жұмыртқа орналасқан, ол өмірдің жалғасы мен

жаңа бастамаларды символдайды. Жұмыртқа көптеген мәдениеттерде болашақтың, үміттің және өмірдің жалғасының символы ретінде қарастырылады. Бұл символдар арқылы адамдар жаңа бастамаларды, өмірдің үздіксіздігін және болашаққа деген сенімді білдіреді.

Ұлы ағартушының еңбектері мен идеялары қазіргі таңда да өзекті. Оның арманы – білімді, мәдениетті, рухани бай қазақ халқын көру еді. Оның «Оқысаңыз, балалар, шамнан шырақ жағылар...» деген көріпкелдікпен айтқан сөздерінің астары қандай терең. Бұны түсінген жас бейқам отыруы мүмкін емес. Қазіргі заман – білім мен технология заманы. Барлық жетістіктің кілті білімде. Ұлы ұстаздың да айтпағы осы еді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Алтынсарин Ы. «Таза бұлақ» жин. – Алматы: Жазушы, 1988.
2. Алтынсарин Ы. «Екі томдық шығармалар жинағы». – Алматы, 2003.
3. Ғаламтор беттеріндегі сайттар: <https://media.stoloto.ru/article/simvol-udachi-kak-rabotaet-podkova-v-nashi-dni?ysclid=m4dzk2m7n2944611934>;  
<https://www.astromeridian.ru/magic/what-does-cherry-symbolize.html>.

***Іңкәр САҒЫНОВА;***

***Шамиырақ ҚОБАНОВА,***

*Атырау облысы Жылыой ауданының*

*№ 10 Амангелді атындағы ЖОББМ*

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері*

## **ЫБЫРАЙ САЛҒАН ДАРА ЖОЛ**

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым демектің бәрі де ақымақтық» келеді [1, 24-25], – деген ұлы Абайдың ой-толғамдары ойға оралады. Таңбалы тарихқа зер салсақ, әдебиет, өнер, білім саласындағы біртуар тұлғалар арқылы қазақ халқының мәртебесі, мерейі өсіп, абыройы аспандады. Сол зеңгір көктегі санаулы шоғыр жұлдыздардың сапында ұлы Ыбырай есімі зорайып тұр. Оның ерек есімі кешегі Кеңес үкіметі тұсында да қалтарыста, тасада қалмады, ұмытылмады. Шығармалары оқулық беттерінен түсіп көрген жоқ. Өзінің

отыз жылдық торқалы тойын атап өткен тәуелсіз Қазақстанның рухани құндылығы хақында сөз қозғала қалса, ең алдымен ұлы ұстаз бейнесі көз алдымызға келді.

Ыбырай Алтынсарин – нағыз халықшыл педагог, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер, суреткер, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған ол атасының - белгілі би және старшын Балқожа Жаңбыршиннің қолында тәрбиеленді. Ыбырай бала күнінен бастап білімге және өз бетінше оқып білуге бейім екенін байқатты. Білген үстіне біле түссем деген құмарлықпен өз халқыма неғұрлым көбірек пайда келтірсем деген арманға ұмтылыс жас Ыбырайдың өмірлік ұстанымына айналды. Өзінің мінез-құлқы жағынан қарапайым әрі еңбексүйгіш еді, көп оқыды, өзге халықтардың қол жеткен табыстарын неғұрлым көбірек біле түссем деп армандады. Алған білімін өз халқының пайдасына асыруға талпынды.

Алтынсариннің жалпы жаратылысы жөнінде бір сөз. Ол орта бойлы, дөңгелек жүзді кісі болған. Ақсарылау жан қызметте, мейман боп бір жерге барарда, кейде парик киген көрінеді. Жас кезінде шашы сирек өскен. Ер жете біраз шашы түсіп қалған. Шамамен, 10-15 күнде бір рет шашын қырғызып тастайды екен. Қызметке көбіне парикпен барған. Ал, үйде жүргенде тақия, жиегі құндызбен көмкерілген жұмсақ бөрік, үстіне бешпет пен ұлттық шапан, іс-сапарға шыға қалса, өз бойына жарасатын қос қайырма жағалы, шұға қара костюмын киген. Аяғына кәдімгі калошы бар етік, қыс айында киіз байпақ кигенді ұнатқан [1, 70-71].

Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

Ыбырайдың өмірі мен ісіне көз жіберіп, оның жұмыс еткен жағдайын еске алсақ, ол іске кіріскен кезінде, сонау Торғай, Қостанай, Орынбор қолтықтарындағы қазақ далаларында қараңғылықтың қаймағы бұзылмай, мұрты кетілмей жатқан болатын. Ыбырайдың жолына кесел келтіретін үлкен-үлкен бөгеттер

болатын. Өзімен білімі тең, көзқарасы бір, өз қасында серігі жоқ, ең қараңғылықтың дәл ортасында жалғыз өзі болса да, Ыбырай бар бөгетке қарсы барып, күрес майданына шықты. Сүйгені де, сүйенері де халық болды. Сол халықтың келешегі үшін басын бәйгеге тігіп, желіні ұзаққа тартып, белсеніп іске кірісті. Кезіндегі жағдайды санаса отырып, Алтынсарин екі түрлі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойды: біріншісі – мектеп ашу, бала оқыту; екіншісі – халықтың ой-санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері. Ақын өмірдегі сарқылмайтын мол байлық білім екендігін айта келіп білімге адамның қолы жету үшін ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндірді. Есті бала мен ессіз баланы қарама-қарсы қойып, жастарға кімнен үлгі алып, кімнен безу керектігін көрсетті. Ыбырай қазақ жастарын оқуға шақырумен қатар, адамгершілікке, махаббат-достыққа, еңбекке, жігерлікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке шақырды [1, 43-44].

Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды. Ыбырай жасаған оқулық ең алдымен, орыстың қала берді Еуропа оқымыстыларының педагогикалық көзқарастары мен оқыту, тәрбиелеу әдіс-тәсілдеріне негізделіп жасалды, бірақ ұстаз оларды талғам-талғаусыз, сол күйінше ала салған жоқ. Керісінше, оған енетін материалдарды қазақ балаларының түсінік-танымына сай етіп алды, өзі де осы талапқа орай әңгіме, өлеңдер жазып құрастырған хрестоматиясына қосты. Сөйтіп, ұлы ағартушы-ұстаз халқымызды білім бұлағынан сусындатып, өзге мәдениетті елдердің қатарына қосуға бойындағы бар күш-қуағын, білімін сарқа жұмсады. Бұл бағытта тыңнан жол салып, соған бүкіл саналы өмірін арнады. Ыбырай ауыл шаруашылық, қолөнер мектептерін ұйымдастырды. Қазақ жерінде алғаш қыздар мектебін ашты.

Ыбырай – ақын. Ол көптеген өлеңдер жазды. Өз шығармаларында Отанын, халқын сүюге, оқып білім алуға шақырды. Оның «Бұл кім?», «Әй, достарым», «Әй, жігіттер», «Жаз», «Өзен», «Ананың сүюі» және тағы басқа өлеңдері бар.

«Бір Құдайға сиынып,  
Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге –  
Ықыласпен тоқылық!» [2, 3].

Сиса көйлек үстінде  
Тоқуменен табылған.  
Сауысканның тамағы  
Шоқуменен табылған.  
Өнер-білім бәрі де –  
Оқуменен табылған» [2, 3], –

деп Ыбырай ағамыз осы өлеңінде оқу-білімнің пайдасы мен қараңғылықтың зиянын салыстыра отырып сипаттайды. Ғылым-білімнің басты жауы – қараңғылықтың мән-жайын ашып береді. Ақын мұнымен де қанағаттанбайды, сол оқудың үйдегі әкешешенің үміт тілегімен ұштасып жататынын да әсерлі жеткізеді.

Ақын «Өнер-білім бар жұрттар» деген өзінің тамаша өлеңінде ол халықтың тұрмыс жағдайын жақсартатын техникалық прогрессті шеберлікпен суреттейді. Қазіргі жоғары технологиялар мен ақпараттандыру уақытта да бұл өлеңнің маңызы зор. Өйткені, бұл өлеңінде ақын ғылымның жетістіктерін тікелей мадақтайды, мәдениетті елдің озық салтын баяндайды. Қазіргі кезде де жасөспірімдерді техникалық сауат ашып, білім алуға, материалдық және рухани байлықты азық етуге шақырады.

Ыбырай – жазушы. Ол жазба әдебиетке тән проза жанрының да негізін қалады. Ол – тұңғыш рет балаларға арнап әңгіме жазған жазушы. Ыбырай әңгімелерінің басты ерекшелігі – жақсы мен жаманды салыстыра отырып әңгімелеу арқылы балалардың санасына ой салу, тәрбиелеу. Еңбекті сүю мен қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. Ы. Алтынсариннің «Екі жолдас», «Бір уыс мақта», «Қыпшақ Сейтқұл», «Талаптың пайдасы», «Жиренше шешен», «Әке мен бала», «Мақта қыз бен мысық» және тағы да басқа әңгімелері бар.

Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметін айқындай түсетін, ғұмырлық мақсатын білдіретін бір сала – оның әр

жылдарда әркілі билік сатысындағы орыс адамдарымен жазысқан хаттары. Ол бұл хаттарында қазақ үрдісінде сирек кездесетін, оның өзінде мұсылманша хат жазу дәстүріне, жаңа үлгіге жол ашты. Ұстаздың шығармашылық мұрасының жалпы мәні айтылып жүргенмен хаттарын жанрлық жақтан, онда қозғалған қоғамдық-әлеуметтік мәселелер бойынша арнайы сараланған зерттеулер жоқ деуге болады.

Ғылыми айналымда жүрген деректерге қарағанда Ыбырайдың хаттары 1860 жылғы қарашадан 1889 жылдың 15 шілдесіне дейін жазылып тұрған. Хаттарда ол жалпы хат жазысу салтының жөн-жосығымен амандық-саулық сұрасудан өзге сол кезеңдегі қазақ қоғамының көкейкесті мәселелерін де күн тәртібіне қойып отырды. Сол себепті, тарихи мәні де осында. Хаттардың XIX ғасырдағы отаршыл Ресей империясындағы қоғамдық ой-сананы қозғауға белгілі бір дәрежеде ықпалы, бұратана ұлттарды басқару мәселесінде өзіндік әсері болғаны даусыз.

Ыбырай қандай ситуацияда да өзіндік шешімін тауып отырған алымды адам. Сылтаудың, сырғытпа сөздің жауы, нақты істің досы.

Ыбырай орыстың билік басындағы адамдарына қазақ баласын оқытудың пайдасын нақтылы дәлелдермен айта білген. Тауы қайтып, таусылып отырған шақта да тоқтамаған. Тасты тескен тамшының міндетін арқалаған.

– «Мұнда мектеп жоқ, келесі көктемеге дейін дайын болатын да емес. Қазақ балаларының маған оқығысы келетін жақсы көңілін суытып алмау үшін мектеп ашылғанша оқып жатқан балаларға бір пәтер босатып бергізіңіз деп Баронға ресми түрде өтініш жасадым. Бірақ, ол өтінішімнен жақсы нәтиже шықпады.

... Дегенмен, қазір үш шәкіртім бар, олар менімен бірге тұрады. Қазақтар мені құшақ жая қарсы алды, мектепке балаларын беруге ынталылар толып жатыр» [3].

Ыбырайды тұрмыс-тіршілік қамынан гөрі қазақ баласын оқуға тарту жайы көп мазалайтын. Ол өзінің Ильминскийге жазған хаттарының барлығында дерлік мектептер ашу, оқулықтың, оқудың жайын үздіксіз қозғап отырған.

Ыбырай Алтынсарин өзінің оқу-ағарту ісіне тікелей қатысты нұсқама хаттарында оқыту әдісімен бірге сол кезеңдегі



оқу-ағарту жұмыстарын ұйымдастырудың да ең тиімді, ұтымды бағыттарын бағдарлап отырды. Орынбор оқу округі попечителіне баяндама хаты сол кезеңдегі оқыту ісін ұйымдастыру жөнінде қаншалықты нақтылы сөз қозғағанын, өмір алға тартып отырған ұсыныстардың шындығын саралай, бағалай білгендігін көрсетеді. Қазақ даласының белгілі бір өңірінде ағарту орындарының салынуы нәтижесінде бұл аймақтарда ХІХ ғасырда игі іс мейлінше жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Мектеп үйлері қандай болуы керектігі, қысқы мекен жайында да шынайы, аса керек ұсыныстар берді. Қазақ баласының оқуға тартылуы, ол оқитын мекен-жайдың мектеп үйі дейтін талапқа сай келуі, оқу құралдарының сапасы, оқыту әдісі, т.б. мәселелер Ыбырай назарынан тыс қалған жоқ.

Білімге деген құштарлық, халқына қалтқысыз қызмет ету Ыбырай Алтынсариннің негізгі ұстанымы болды. Ол мәдениет пен білімнен артта қалған ел-жұртын көрші елдің өнер-білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты. Ыбырай Алтынсариннің жұмысы жастарды тілді игеруге, сауатты және жоғары білікті маман болуға шақыру болды.

Ыбырай Алтынсарин – өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

#### **Әдебиеттер:**

1. «Қазақ даласының дара ұстазы» // Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жыл толуына орай облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинағы. – Атырау, 2016 жыл. – 131 бет.

2. Алтынсарин Ыбырай (Ибраһим). Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2003. – 112 бет.

3. Қобанова Ш. «Ұлы ұстаздың хаттары» // Құлсары газеті, 2021 жыл, 25 ақпан, №8 (875).

## **ІІІ БӨЛІМ**

### **ӘДЕБИЕТ ПЕН ТІЛТАНУ ӘЛЕМІНДЕГІ ЖАҢА ІЗДЕНІСТЕР**

**Ж.А. ИСАБЕКОВА,**  
*PhD докторант, әл-Фараби атындағы*  
*ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан*  
*(E-mail: djuzi-85@mail.ru)*

**Э.С. СЕЙСЕНБИЕВА,**  
*PhD, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы*  
*ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан*  
*(E-mail: elka1975@inbox.ru)*

## **Р. МҰҚАНОВАНЫҢ «САРҚАНШЫҚ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ НАРРАТИВТІЛІКТІҢ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ**

*Аңдатпа.* Мақалада нарратологияның қызметіне теориялық түсініктер шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, әр түрлі көзқарастардың оқиғаға қатысын шығармадағы нарратордың орнын талдап көрсетеді. Нарратологияның теорияларына салыстырмалы талдау келтірілді. Роза Мұқанованың «Сарқаншық» әңгімесіндегі нарратор, баяншының орнын анықтап, нарратордың қызметі салыстырмалы түрде талданады. Баяншы мәтінінің негізгі мағыналық қалыптастырушы және құраушы факторлары, оның негізгі бірлігін, көптеген зерттеушілердің пікірлері бойынша әуезелеушінің негізгі категорияларын айқындап көрсетеді. Нарратордың оны басқа мәтіндерден ерекшелейтін типтік ерекшеліктерін анықтау үшін баяншы мәтіндерінің сипаттамасына толығырақ тоқталып, салыстырмалы саралау жасалды. Негізгі философиялық ерекшеліктерге қарамастан, адам өзінің оқиғасын баяндау арқылы көптеген сәттері, оның ой-пікірлерінің нәтижесінде тарихтағы адамның өмір сүруінің өткен жолын білуге әсерін түсінуге әсер етеді.

Мақалада нарратордың басқа мәтіндерден айырмашылығын көрсететін типтік ерекшеліктерін анықтау үшін нарратив мәтіндерінің сипаттамасы толығырақ көрсетілген. Сонымен қатар, нарратордың негізгі категориялары туралы көптеген отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірлерінен мысал келтіріледі. Мақаланы жазу барысында Р. Барт, Ж. Женетт, М. Риффатер, А.Прието және орыс әдебиеттануында М.Ю. Лотманның мен Р. Якобсонның, Б. Шмидтің еңбектерімен қоса, А. Байтұрсынұлы, Б. Майтанов, Т. Есембеков, Ж. Дәдебаев, А. Темірболат және т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері негізге алынды. Сондай-ақ ғылыми мақаланың нәтижелі болуы үшін герменевтикалық, салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи, сипаттау, жинақтау әдістері қолданылды.

*Кілт сөздер:* автор, әңгіме, автор бейнесі, интермәтін, дискурс, нарратор.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында автор, автор бейнесі, нарратор, нарратив, баяншы, баяндау, кейіпкер ұғымдары басқа қырынан танылып, жаңаша сипатқа ие болуда. Нарратор шығарманың ішкі құрылымын, яғни жасырын түрдегі психологиялық мәселелерді анықтау үшін кейіпкерлердің қажеттіліктері мен мотивтерін, негізгі қақтығыстар мен қорғаныстарды, негізгі қорқыныштарды анықтау, сондай-ақ сюжетке кіретін немесе субъект байқамайтын кейіпкерлерді, заттар мен жағдайларды талдау бүгінгі әдебиеттің қажеттілігінен туындап отыр. Осыған дейін әдебиеттану ғылымында «нарратив», «әңгіме», «тарих» ұғымдарын жиі синоним ретінде қолданылып келді. Шындығында, бұл ұғымдарды әдебиетте араластыра қолданады, себебі өте ұқсас құбылыстарды суреттейді.

Қоғамдық сана мен әлеуметтік тартысты көріністер, адам тағдыры көркем шығармашылықтың негізгі өзегін құрайды. Автор шығарма кейіпкерлері мен олардың іс-әрекеттері арқылы өзі суреттеп отырған қоғамның бар болмысын ашып көрсетеді. Әр қилы тағдырлар негізінде адам әлемінің тылсым қырлары мен өмір шындығын суреттеп, оны көркем түрде қабылдауға бейімдейді. Осы тұрғыда көркем туынды автор мен кейіпкерлерді көркем кеңістік шеңберіне енгізе отырып, оларды бір-бірімен тығыз қарым-қатынасқа түсіреді.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының теориялық негізін қалаушы А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танышқыш» еңбегінде нарратор термині туралы: «Әдебиет сөзін тәртіппен топқа бөлу керек. Жұртынан шыққан олар ауыз сөзді де айтылу түріне қарай негіздік үш тапқа бөлген:

1. Әуезе.
2. Толғау.
3. Айтыс.

Не үшін олай бөлген мәнісі әр табын бас-басына баяндағаннан көрінбекші... Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады» [1, 103] – деп анықтама бере отырып, баяншының ролін шығармадағы нақтылап анықтаған.

Жалпы, прозалық шығармаларда автор әрі баяншы, әрі әңгімеші, әрі әуезелеуші, әрі нарратор, әрі кейіпкер болуы әбден мүмкін. Осы тұрғыда «автор бейнесін» айқындайтын ерекшеліктерді саралау қажеттігі туындайды.

«Автор бейнесі» мәселесі ең алғаш әдебиет зерттеушілері В.В. Виноградов, М. Бахтин, А.Н. Соколов, В. Шмидтің еңбектерінде нақты қарастырылған. Жоғарыда аталған ғалымдар нарратор образы мен автордың образын жеке дара қарастырып, көркем туындының өн бойында автор бейнесінің көріну тәсілдерін айшықтайды.

А.Н. Соколов «Теория стиля» еңбегінде: «Автордың образы, кеңірек, дәлірек айтсақ, суреткер тұлғасының оның шығармашылығындағы көрінісі... бұл стиль емес, өнердегі басты стильдік бірлік тұлға емес. Автордың немесе автордың жеке басының бейнесі әдеби-көркем шығарманың маңызды және айқындаушы компоненттерінің бірі болып табылады» [2, 156-157] – деп, автордың көркем туындыдағы қызметі мен ерекшелігін атап көрсеткен.

Орыс филолог-ғалымы Г.К. Косиков нарратология туралы былай тұжырым жасайды: «Нарратив (ағылшынша: narrative) – әңгімелеу, баяндау. Нарратология теориясы сюжеттік баяндаудың құрылымын (ағылш. plot, story; франц. histoire, récit; intrigue; неміс. geschichte) және сюжет түзілісінің барлық заңдылықтарын зерделейді. Нарратологияның негіздері Аристотельдің «фактілердің реті» түрінде қорытындыланатын «әрекетке, оқиғаға еліктеуден» («mimēsis praxeōs») туындаған «баяндау» («mythos») ілімінде жатыр» [3].

Нарративтілік туралы, батыс ғалымдарының пікірінше, екінші бір ұғым, ол структуралистік нарратологияда қалыптасты. Бұл концепцияға сәйкес, баяндауда шешуші фактор – коммуникация құрылымы емес, баяндалатын құрылымның өзі болып табылады. «Нарративті» термині «дескриптивті» немесе «сипаттамалық» терминіне қарсы қойылып, делдалдық баяндау инстанциясының бар-жоғын емес, баяндалатын материалдың нақты құрылымын көрсетеді. Структуралистік мағынада нарративті деп аталатын мәтіндер, бейнеленген әлем деңгейінде уақыттық құрылымға ие болып, қандай да бір күйдің өзгерісін баяндайды.

Нарратология немесе нарратив, баяндау теориясы – шығармадағы автордың баяндау тәсілін зерттейтін ғылыми пән. Нарратология көркем шығармадағы әртүрлі нарративтің жалпы белгілерінің көрінуін, олардың арасындағы айырмашылықтар мен нарративтің пайда болу және даму заңдылықтарын бір жүйеге келтіруді мақсат етеді.

Нарратология екіге бөлінеді: бірінші, классикалық (бұл жағдайда нарративтіліктің белгісі ретінде нарратордың қатысуы жатады); екінші, құрылымдық (бұл жағдайда нарративтілік баяндалатын мәтінге қарама-қарсы уақыттың дамуы бойынша анықталады).

Нарратологиядағы әдеби мәтін 2 жоспар арқылы қарастырылады: баяндалатын оқиға (мазмұн жоспары) арқылы; хабарлау ретінде (көрініс жоспары).

Осы диахрония негізінде нарратологияның басқа да түсініктері пайда болады ол фикционалдылығы, яғни жасандылығы, ойдан шығару және фактуалдылығы – бар болуы, іс жүзіне асыру, нарратор (баяндаушы) типтері, баяндау инстанциясының иерархиясы, сатысы (шынайы және абстрактілі автор, нарратор, идеальный және нақты оқырман, оқырман бейнесі), автор бейнесі (баяндаушыны бөліп ажырату немесе оқырманмен тілдесу және ойнау мақсатында баяндаушы-кейіпкердің жеке мінез-құлқы мен биографиялық белгілерін айшықтау) және т.б. [4]

Аталған терминдердің теориялық мағынасына тереңірек бойлау үшін Қазақстан Жастар одағы сыйлығының, Т. Айбергенов атындағы сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Роза Мұқанованың 2004 жылы «Муза» жинағына енген «Сарқаншық» әңгімесіне талдау жасамақпыз. Жазушының «Сарқаншық» әңгімесінің пішіндік құрылымында автор мен нарратордың болмысы – бір-бірінен ажырамастай шебер қиоластырылып жазылғын шоқтығы биік шығармаларының бірі.

Автор шығарма өзегінің негізгі арқауы болса да, ол әрдайым тура сол қалпында көріне бермейді. Автор өз туындысында автор-нарратор, автор-әңгімеші, автор-нарратор, автор-кейіпкер ретінде де танылып, өзінің көркем кеңістігін құрайды. Р. Мұқанов «Сарқаншық» әңгімесінде автор әрі

баяншы, әрі әңгімеші, әрі нарратор, әрі кейіпкер болып, бір ғана әңгіме аясында көркем туындының табиғатын тамаша аша білген.

«Бұралқы Сарқаншық... Ителгідей ілмип, ықылық атасың. Емхананың айналып ұзақ жүрдің, елегізіп әлдекімнің соңынан еріп, бірге кетпек болып шешімге келесің, бірақ сенімнен жаңылып қалармын деп айнып та үлгересің. Айнығаның дұрыс. Айну – ойлану. Жаңылудан сақтайды. Көздерің-ай... Иттің де көзі мойылдай болатынын, тұңғиық болатынын бірінші рет көрдім. Сені аяуға қорықтым. Аяушылық жасау АЛЛАНЫҢ игілігінде ғой, дертіңе шипаны АЛЛАДАН тіледім» [5, 14] – деп, Роза Мұқанова өз туындысында өзі әрі автор-нарратор, әрі автор-әңгімеші болып бірігіп кеткен. Нарратор қызметіндегі автор оқиға кейіпкерлерінің бірі ретінде қатысып отыр.

Бір автор өзінің әрбір туындысында оқиғаға өзін қаншалықты қатыстыруына байланысты түрліше көрініп отырады. Жоғарыда аталған шығармада әуезелеуші (нарратор) тұлға бір қалыппен көрінеді. Туынды оқиғасы мен идеясы авторды өзіне бағындыра білгендіктен, «Сарқаншық» әңгімесінде нарратор шығармаға көбіне тәуелді болып отыр. Сондықтан «Сарқаншықта» автор оқиғаға әрі автор, әрі нарратор ретінде қатысқан. Осылайша автор өз әңгімесінің баяндалу мүмкіндіктерін барынша әсерлі етіп, шығармасының мәнін оқымарғанға қызықтыра түсіп жазу шеберлігі мен стилінің ерекшелігін байқатады.

«Сарқаншық» әңгімесіне талдау жасау барысында нарратор терминіне қатысты теориялық зерттеулерге тоқталсақ, В. Шмид «Нарратология» еңбегінде бейнелеу тәсілі мен диететикалық өлшемдері бойынша нарратордың түрлерін былайша жіктеп көрсеткен. Диететикалық өлшем бойынша диететикалық (диететический) және бейдиететикалық (недиететический) нарратор деп қарастырған. «Өзі туралы диететикалық тұлға ретінде баяндайтын нарраторды диететик деп атаймыз. Диететикалық нарратор баяндауда да (субъекті ретінде), баяндалатын әңгімеде де (объект ретінде) көрінеді» [6,82] – деп, көркемдік-тұспалдық бағытта бірігетін баяндаушы-нарратор қызметін айтқан.

«...Қаланың көп қаншығы сені жек көретін. Қызық, сен ешбір қаншықпен дос та, қас та болмапсың, бірақ олар сені көрсе, шабаланып, шәуілдеп, быржың-тыржыңы басылмай, әуре

болатын. Бәлкім, төбеттерін қызғана ма?... Бірақ олардың тұрақты төбеті жоқ қой. Әйтеуір, сені жек көретін, жақтырмай, шәуілдеп, шаңқылдап, сені бас сауғалап алысқа ұзағанша жақтары талмай, қағына, көше бойын шаң-шұң қылып шуласып қалатын. Сондықтан болар, сен ит атаулыдан бөлек, өзіңмен-өзің жеке дара жүретін едің. Мүмкін, сен иттіктен гөрі Адам болғанды армандаған шығарсың. Әйтпесе мынау адамдар емделетін аурухана саған неге ұнады? Бірақ сен байғұс бұл жердің аурухана екенін білмедің-ау. Сен сезімтал итсің, қалайша сезбей қалдың, Сарқаншық. Бұл дерті бар жандардың қажып, шаршап келетін, жанына шипа іздеп келетін мекен. Тіпті кейбірінің мәйіті шығатын соңғы тұрағы. Солай, сондай ғой бұл жер, Сарқаншық» [5, 17] деген жолдарда автор тұлғасымен де, туындыдағы басқа детальдармен де көркем кеңістікте нарратор-әңгімелеуші болып, жазушы диететикалық нарратор тәсілін қолданған.

Сонымен қатар автор диететикалық нарраторды ұтымды пайдалана отырып, нарратологиядағы типологиялық топтастыру бойынша аталған әңгімеде оқиға бірінші жақтан баяндалады. Шығарма желісіндегі емделуші кейіпкер итті аурухана төңірегін тұрақтауын, басқа да емделушілердің ит туралы пікірлері мен иттің жұмбақ тағдырын баяндап, бірінші нарратор сипатында көрінген. Сонымен қатар сентименталды кейіпкер тұлғасындағы бірінші нарратор әңгімедегі оқиғаның негізгі қозғаушысы мен дамытушысы қызметін де атқарып тұр.

Жалпы, нарративтіліктің минималды шарты – бір күйдің кем дегенде бір рет өзгеруі. Ал өзгеріс қанша астарлы түрде бейнеленгеннің өзінде де мәтінде нарративтілік қасиет әркез байқалып отырады. «Сарқаншық» туындысында да иттің тағдырында орын алған өзгерістер бірінен кейін бірі ретімен баяндалу арқылы әңгіменің нарративтілік мәні арта түскендей.

Мақаламызға арқау болған әңгімедегі нарративтілікті талдау барысында: «Жағдайдың өзгеруі нарративтіліктің шарты ретінде келесі құрылымдық белгілерді білдіреді: 1. Екі, ең болмағанда, бастапқы және соңғы күйден тұратын уақыттық құрылымның болуы; 2. Бастапқы және соңғы күйлердің эквиваленттілігі, яғни олардың бір мезгілде ұқсастығы мен қарама-қайшылығы; 3. Күйдің өзгеруі бір әрекет етуші немесе әсерге ұшыраған субъектіге («агентке» немесе «пациентке») немесе сыртқы



жағдайдың бір элементіне қатысты болуы керек» [6, 16], – деген тұжырымға сүйенеміз. Әңгімеде емделуші мен иттің аурухана ауласында суреттеліп, бір уақыт кеңістігіне бағына баяндалған. Ауру адам мен иттің бір мезгілде ауруға ұшырап, олардың жалпы адамзаттың жақсы-жаман әрекеттеріне қайшылықты көзқарастары шебер көрініс тапқан.

«Неге қалада жүрмін? Қаланың иті болғанша, даланың иті болмадым ба? Неге адамдар арасына құмар болдым? Иттіктен бір саты болса да биігірек болуды несіне мақсат тұттым?»-деп өкініп ұзай бердім бе. Ит ғұмырдың өз сұлулығын көңілге місе тұтпай, иттікті менсінбедің. Менсінбей жүріп кез болдың ба екен бір дертке, Сарқаншық» [5, 21] – деген жолдарда агент иттің ішкі әлемі күйдің өзгеруіне, нарративтіліктің дамуына ықпал етіп отыр.

Нарратология жайлы ой қозғаған ғалымдар (Платон, Четман, Шмид) мәтіндерді нарративті және сипаттамалық деп екіге бөледі. Ал нарративті мәтіндерді ішінара баяндаушы нарративті мәтіндер мен миметикалық нарративті мәтіндерге жіктейді [6, 21]. Осы тұрғыда әңгімедегі оқиға нарратор арқылы баяндалғандықтан, «Сарқаншық» шығармасын баяндаушы нарративті мәтіндер санатына жатқызамыз.

Р. Мұқанованың аталған әңгімесінде оқиғалылық айтарлықтай қысқартылып берілген. Туындыдағы әңгімелеу өмірдің құпияларын түсінуге, әлеуметтік заңдылықтарды тануға, эмоциялық қайта бағдарлауға, моральдық және өмірлік шешімдерді қайта қарауға негіз болып, менталды оқиғаны жүзеге асыруға бағытталған. Алайда жазушы менталды өзгерістерді толық бейнелемейді. Өйткені автор үшін барлық оқиғалардың саны емес, сол оқиғалардың іске асуы маңызды болуында. Жазушы өзгерістер мен оқиғалардың орындалуына түрткі болып, нарратор қызметінің маңызын тереңдетіп отыр.

Қорыта келе, жазушы Р. Мұқанова «Сарқаншық» шығармасында өзі автор, нарратор, баяншы болып қоғамның ащы шындығын бұралқы иттің бейнесі арқылы шебер суреттеген.

#### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 бет.

2. Соколов А.Н. Теория стиля. – Москва.: Издательство «Искусство», 1968.
3. Зарубежная эстетика и теория лит. – М.: Изд-во Моск. унив., 1987.
4. [https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazirgi-korkem-prozadagy-avtor-narrator-keiipker\\_19393](https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazirgi-korkem-prozadagy-avtor-narrator-keiipker_19393).
5. Мұқанова Р. Муза. Әңгімелер мен драмалық хикаттар. – Алматы: Жазушы, 2004. – 328 бет.
6. Шмид В. Нарратология. – М.: Языки славянской культуры, 2003. – С. 312.
7. Храпченко М.В. Творческая индивидуальность писателя и развитие литературы. – Москва, 1972. – С. 242.
8. Майтанов Б. Сөз сыны. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Ғылым, 2002. – 344 б.
9. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы / Т.О. Есембеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.

**Жанат САЛТАҚОВА,**

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD*

## **М. ЖҰМАБАЙҰЛЫ ҚҰРАСТЫРҒАН ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БАСЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мағжан Жұмабайұлының 130 жылдық мерейтойына орай «Академиялық басылым» сериясы бойынша М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары ақын шығармаларының академиялық жинағын құрастырып, жарыққа шығарды. Жинақ Халықаралық Түрік академиясының қаржылық қолдауымен басылды. Академиялық басылымның үшінші томына «Педагогика» (1922), «Бастауыш мектепте ана тілі» (1923), «Қызыл әскер әліппесі» (1926), «Сауатты бол» (1926, 1930) қатарлы еңбектері мен мақалалары топтастырылды. Жинаққа енген «Қызыл әскер әліппесі» оқу құралы мен «Қырғыздың ауыз әдебиеті» мақаласы ақынның бұрынғы жинақтарына енбеген, алғаш рет жарияланып отыр.

1925 жылдың соңында Қазақстанда сауатсыздықты жою науқаны басталғаны белгілі. Осы науқанға байланысты «Хат танымайтын бірде-бір коммунист, комсомол, кәсіподақ, қосшы мүшесі болмасын!» деген ұрандар күнделікті баспасөзде жария-

ланды. Бұл ағартушылық істерге Мағжан Жұмабайұлы да атсалысты. «Ақын алдымен өз нысанасын белгілеп алды. Сонау «Шолпан» жинағында «Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме» деп жар салғаны есіне түсті. Ендеше, бүкіл елі сауатын ашайын деп жатқанда ол қалайша үлкен істен сырт қалмақ? Бұған Мағжан секілді ыспар педагог араласпағанда, кім араласпақ? Ол «Күншығыс кіндік баспасы» басшыларына барып, ұсыныс енгізді. «Оқулықсыз ешқандай сауат аша алмайсың. Үлкендерге арнап оқулық жазуға керек. Осы аса жауапты істі мойныма алып, жазуға отырсам, қарсы болмайсыздар ма?» деді. Баспа басшылары бұл ұсынысты қуана қарсы алды», – деп жазады филология ғылымдарының докторы, мағжантанушы Ш. Елеуенов<sup>1</sup>.

«Қызыл әскер әліппесі» – Мағжан Жұмабайұлының XX ғасырдың басындағы сауатсыздықты жою науқаны кезінде әскерлерге арнап жазған оқу құралы. Оқулық осы уақытқа дейін еш жерде жарияланбаған, ақын жинақтарына енбеген. 1926 жылы «Мемлекеттің әскерлік баспасынан» төте жазуда жарық көрген, мұқабасында «Тізген: Жұмабайұлы Мағжан» деп жазылып, керней тартып тұрған қызыл әскердің суреті бейнеленген.

«Қызыл әскер әліппесі» ақынның оқу құралын жазудағы алғашқы тәжірибесі болуы керек. «Сауатты бол» кітабын осыдан кейін қолға алуы мүмкін. Себебі, екі әліппедегі сөздер бірдей болғанымен, «Сауатты болда» (1926 ж.) оқу-жаттығу тапсырмалары бөлек. «Қызыл әскер әліппесінде» басым бөлігінде қазақтың мақал-мәтелдері мысалға алынса, «Сауатты бол» кітабында сол кезеңдегі саясатқа, өркениетке байланысты сөздер, сөйлемдер берілген. Мысалы: *Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме. Ер жаңылып қолға түсер, құс жаңылып торға түсер. Көп қорқытады, терең батырады. Қара арғымақтан жал кетсе, қарға адым жер мың болар. Еңбек аздан өнбек аз. Еңбек қылсаң емерсің. Жасыңда қалжың болсаң, өскенде мылжың боларсың.*

Оқулықта әскери адамның қоғамдағы маңызы, қызметі, тәртібі туралы мәтіндермен қатар, ауылшаруашылығына байланысты пайдалы кеңестер топтастырылған. Кітаптағы әскерлерге

---

<sup>1</sup> Елеуенов Ш. Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі: оқу құралы. – Астана: «Астана полиграфия», 2008. – 70-б.

арналған танымдық мақалалар сол кезеңдегі «Еңбекшіқазақ», «Сәуле» сияқты баспасөз құралдарынан және А. Байтұрсынұлының «Сауат ашқыш», «Оқу құралы» еңбектерінен алынып, соңында оқу-жаттығуға арналған мәтіндерге ауыз әдебиеті үлгілері: «Нияз қыпшақ Жауғаш би сөзі», «Жөн сұрау», «Қобыланды батырдың Алшағырмен айқасқаны» және Жүсіпбек Аймауытұлының «Ерлер» атты әңгімесі, Махамбет Өтемісұлының өлеңі берілген. 1926 жылы 200 данамен жарық көрген бұл оқулық ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасының Сирек кітаптар қорында сақтаулы.

«Сауатты бол» – ХХ ғасырдың басындағы сауат ашу мектептерінің қысқа курсына бағытталып дайындалған оқулық. Оқу құралы Мағжан Жұмабайұлының көзі тірісінде Мәскеуде үлкен таралыммен 4 рет басылып шыққан (1926, 1928, 1929, 1930). 1926 және 1928 жылдары араб әрпінде, ал 1929 (50 мың), 1930 жылдары (65 мың тиражбен) латын әліпбиімен жарық көрген. Оқулықтың мазмұнын негізгі үш бөлімге бөліп қарастыруға болады. Бірінші бөлімде – әліппе, әріптану, сөз құрау, екіншісі бөлімде – саясатқа қатысты танымдық мәтіндер, үшінші бөлімде – шаруашылық, тұрмыс саласына қатысты мақалалар қамтылған.

Алғашқы әріптану бөлімінде автор 1926 жылғы төте жазу әліппесімен таныстыра отырып, оқытушыларға мынаны ескертеді: 1. Дыбыстың жазылуы оқушы үшін жеңіл болатын болсын; 2. Осындай дыбыстарды бірге қосқанда оқушының көп естіген, көп көрген затын білдіретін жеңіл бір сөз шығатын болсын. Әр жылдары жарық көрген кітаптардың ішкі мазмұны бастапқыда бірдей болып көрінгенімен, салыстыра келе арасында айырмашылықтар бар екеніне көз жеткізуге болады. 1926 жылғы оқулықтың мұқабасында ең жоғары жағында ірі әріппен «Главполитпросвет. Всероссийская чрезвычайная комиссия по ликвидации неграмотности» деген сөздер жазылған. Оның астында төте жазумен автордың аты-жөні «Жұмабайұлы Мағжан» деп көрсетілген. Кітап оқып тұрған кедейдің (сол заманғы түсінік бойынша) суреті берілген. Соңғы бетінде «Составитель М. Жумабаев. Букварь для взрослых. На языке казах. Центральное издательство народов Союза ССР» деген орыс тілінде мәлімет бар. Көлемі – 64 бет.

1928 жылғы басылым төте жазуда жарық көрген. Кітаптың мұқабасындағы мәліметтер (автор, редактор есімдері, кітап, баспа атаулары) екі әліпбиде араб, латын әріптерінде қатар жазылған. Редакторы – Тоқтабайұлы Кәрім. Автор қазақтың жаңа графикасы енгізілуіне байланысты жаңа тарау енгізген. Ол тарауда жаңа графиканың оқылуы туралы әдістемелік нұсқау, жаңа әліппенің жазу, баспа түрлері, соңында латын әрпінде мақал-мәтелдер мен Қожанасыр әңгімелері берілген. Көлемі – 96 бет.

1929 жылғы кітапта «Қазақстан білім ордасы ұнатқан. Қазақстанның сауатсыздықты жоюшы төтенше комиссиясы басқаруымен, ең соңғы баспасынан латыншаға аударылып басылды» деген жазу бар. Және Лениннің суреті, қазақ тұрмысына байланысты суреттер (жылқы, атты қазақ, қозысын емізіп тұрған саулық қой, ауыл маңында жайылып жүрген үйірлі жылқы, тымақ киген қазақ) штрихпен орындалған. Ал 1930 жылғы кітап осы 1929 жылғы басылым бойынша жарық көрген. Соңғы екі жылда жарық көрген басылымдардың көлемі бірдей – 97 бет.

1930 жылғы басылымда сол кездегі Қазақстанның сауатсыздықты жоюшы төтенше комиссиясының инспекторы Бурабайұлы кітаптың алғысөзінде: «Мұны оқытқанда, мұғалімдердің өте-өте ескертуі, кітапқа жазылған сөздерді ғана оқытып қоймай, басқа да жуан-жіңішкелі болып айтылатын сөздерді қатарластырып айтқызып, оқушыларды жаттықтыруы керек. Екінші, ескертетін нәрсе – бұрын сөзді жіңішкертіп айту үшін сөздің басына дәйекші қойса, сол сөздің бәрі жіңішкертіліп оқылатын еді. Болмаса, сөздің ішінде бір жіңішке дыбыс болса, сол сөздің бәрі жіңішкертіліп оқылатын еді. Енді олай емес: бір сөздің ішінде әлденеше буын болып, олардың бірі жіңішке, бірі жуан болса, сонда жуанына жуан, жіңішкесіне жіңішке дыбыстар қойылып отырады», – деген ескертуі бар.

1928, 1929, 1930 жылғы басылымдардың соңында протокол, өтініш жазу, поштамен ақша жіберу тәртібі яғни іс-қағаздарды жүргізу тәртібін үйретеді. Бұл 1926 жылғы басылымда кездеспейді. Алғашқы 1926 жылғы төте жазумен және соңғы 1930 жылы латын әрпімен жарық көрген кітаптарды салыстырылу барысында 1930 жылғы басылым мәтіндермен толықтырылған, редакция тарапынан көптеген өзгерістер енгізіл-

ген. Және әр тақырыпқа сай суреттер берілген. 1926 жылғы басылымның әліппесінде мысалдар барынша молынан берілсе, 1930 жылғы кітапта мысалдар қысқартылып, сол заманға сай саяси сөздер қосылған. Мысалы:

*1926 жылғы басылым*

*1930 жылғы басылым*

**Л**

**Л**

**Қазақ – қыр халқы**

**Қала**

*ал қала қалқа халқы*

Ал сал  
Қалақ салақ  
Қыр қарлы. Қазақ қыр халқы.  
Қазақ халқы қала салар.

*аралаласақалтақызыл*

Қарқаралы қазақ қаласы.

*қал сақалқыл қылықты  
Ат ал. Қарала ат аласа. Қар  
қала. Қыр қарлы. Қазақ халқы.  
Қазақ қыр халқы. Қазақ халқы  
қала салар. Алса алар. Салса  
салар. Қыл қара. Қалта сал.  
Қызыл ат қылықты. Ат  
сатылар. Халыққа қара. Ис лас.  
Салық салар. Салт атты  
қартты қара. Қарқаралы қазақ  
қаласы. Қазақ халқы қала салса  
салар. Қыр халқы азық сатар.  
Қала халқы алар.*

**П**

*апан ақпан пұл тарту*

**П**

**Оспан сауаттын ашады**

*тапалоспан план серту*

Доп қап  
Топыр жапан

*арна дұспан топыр бөпе*

«Арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен».

*Біз тең болмадық кем болдық,  
неліктен?*

«Қонақ келсе ет пісер, ет піспесе бет пісер».

*Надан болғандығымыздан.*

10 20

*Шаруамыз наиар, кедейміз. Бұл  
неліктен?*

Барлық халық хат танып, сауатты болса, саналы болар.

*Надан болғандығымыздан.*

*Біздің қазақ халқының әрбір жүз  
адамының тоқсан алтысы хат*

*білмейді. Мұжықтың жүзден 72-сі хат білмейді. Қала халқының жүзден 41-і ғана хат білмейді.*

*а. Қала халқына қарағанда қыр халқының сауатсызы неге көп?*

*а. Қазақтың сауатсызы неліктен көп?*

*б. Жас күндерінде сендер не себептен оқымадыңдар?*

*с. Болыстарыңда жүз адамның нешеуі сауатты, нешеуі сауатсыз?*

*Қазақстанда 2 мың 6 жүз 43 баулу мектеп бар. Бұларда оқушы барлық баланың саны 156 мың 865.*

*Қазақ мектебі – 776. Оқып жүрген қазақтың жас баласының саны – 46 мың 977.*

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, алғашқы басылымдағы әріпті есте сақтау үшін берілген мысалдар, соңғы басылымда қысқартылған, өзгерген. «П» әрпіне арналған мәтінде сол кезеңдегі қазақ мектебінің жағдайынан хабар беретін мәліметтер 1930 жылғы басылымда қысқартылған. Оның орнына мақал-мәтелдер мен тоқсанға дейінгі ондық сандардың тізбегі берілген. Екі басылымдағы әліппе бөлімінен жоғарыдағыдай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Екінші бөлімде әртүрлі баспасөзде жарияланған Халел Досмұхамедұлы, Смағұл Сәдуақасов, Нығмет Нұрмақов, Сара Есқызының танымдық мақалалары берілген. Сонымен қатар ХХ ғасырдың басындағы сауатсыздық жайы, халық ағарту жүйесін-дегі қазақ, орыс мектептерінің жай-күйі, олардағы оқушылардың саны туралы, және өкімет орындарының төменнен жоғарыға дейінгі сатылары: партия, кәсіподақ, комсомол, пионер, кооператив, қосшы ұйымдары туралы түсініктер, тазалық пен денсаулық, әйелдің босануы, т.б. тақырыптар мен дәрігерлік кеңестер қамтылған.

Үшінші бөлімде мал, егін шаруашылықтары бойынша дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін мысалға ала отырып, егіншілікті жаңа заманауи тәсілдер арқылы дамытуға арналған пайдалы кеңестер ұсынылған.

Екі басылымды (1926, 1930) салыстыру барысында екінші, үшінші бөлімдердегі бірнеше мәтін тақырыптарының өзгертілгенін көруге болады. Мысалы: 1926 жылғы басылымдағы «Қара шаруаның бір тұлғасы сиыр асырау» тақырыбы 1930 жылы «Сиыр асырау» болып, «Жоңышқа егу керек» (1926 ж.) – «Жоңышқа шаруашылықтың кілті. Жоңышқа егіндер» (1930 ж.) болып, «Қазақ республикасы» (1926 ж.) – «Қазақстан» (1930 ж.), «Қосшы» ұйымы» (1926 ж.) – «Қосшы» ұйымы мен жер-ағаш жұмыскерлерінің одағы» (1930 ж.) болып редакцияланған.

Мәтіндердегі көбінесе соңғы қорытынды бөлімдері, нақтылай айтқанда, Қазақстанға байланысты деректер 1930 жылғы басылымда қысқартылған. Қысқартылған мәліметтер:

1) Қазақстанда 1916-шы жылы 10 миллионға жуық қой болған. 22-ші жылы қойдың саны кеміп  $2\frac{1}{2}$  миллион шамасына түсіп қалған. Соңғы жылдарда қой тағы көбейіп келеді. Осы күні 6 миллиондай қой бар. (Бұл есептің ішінде Сырдария мен Жетісу губерниялары жоқ). **«Қойды жақсылап бақ»** (1926 ж.).

2) Соңғы кезде үйір-үйір мал түгіл жалғыз сауын сиырға да қолы жетпей қалған қазақ аз емес. Тұралап қалған кедейді сиырдың орнын басып аш қылмайтын мал – ешкі. Тегінде ешкі пайдалы мал. Пайдасы мынау: **«Ешкі асыра»** (1926 ж.).

3) Қазақстанда барлығы 874 ұйым дүкені бар. Мұның 210 гана қазақтікі. **«Ұйым дүкені»** (1926 ж.).

4) Қазақстанда 1924 жылы қара шаруаға 2 миллион сомдық машина-сайман сатылған. Бұл машинаның жартысына жақыны қара шаруаға қарызға берілген. **«Машина серіктестігін қалай жасауға болады?»** (1926 ж.).

5) Қазақстанда 1924 -ші жылы 1 миллион 913 мың 215 десте егін егілген. Ал 1925-ші жылы 2 миллион 439 мың 714 десте егілген. Сөйтіп, Қазақстанның егіні жыл сайын көбейіп келеді. **«Пар болса, егін шықпай қалмайды»** (1926 ж.).

6) Қазақстанның орда комитетінің төрағасы, Қазақстанның ақсақалы Мыңбайұлы Жалау жолдас. Жалау жолдас бұрын жұмысшы болған. Қазақстанның халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Нұрмақұлы Нығымет жолдас.

Қазақстанның астанасы, Орда комитет, Совнарком тағы басқа орда мекемелердің тұрған жері Сыр өзені бойындағы Қызыл Орда қаласы. Қазақстанның астанасы бұрын Орынбор



қаласы еді. Орынбор қалың кедей бұқараның қатынауына қашық деп былтыр қалың елдің ортасындағы Қызыл орда қаласын астана қылды. **«Қазақ Республикасы»** (1926 ж.).

Сонымен қатар 1930 жылғы кітапта бірнеше мақалаға сөйлемдер, мәтіндер қосылған:

1) *Октябрь төңкерісін жасаған жұмысшылар мен қара шаруалар. Бұлар өкіметті өз қолына алды. Жер мен фабрика-зауытқа ие болды. Байлар үстемдігін жойды.*

*СССР орысша «Социалдық Кеңестер Республикаларының Одағы» деген төрт сөздің бас әріптері.*

*Сұраулар: Октябрь төңкерісін жасаушылар кім? Кеңес өкіметі қашан құрылды? Кеңестер өкіметі бұрын езілген ұлттарға не берді? Кеңес өкіметін не үшін қорғау керек? «СССР» (1930 ж.).*

2) *СССР-дағы алты республиканы және Қазақстанды жоғарғыдағы системадан көрсетіңдер. «СССР-ға кіретін республикалар» (1930 ж.).*

3) *Сұраулар: Кеңес өкіметінің губерниядағы, уездегі, болыстағы жоғарғы мекемелері қандай мекемелер? Оған адамды кім сайлайды? Сайлауға кім қатыса алады? Кім қатыса алмайды? Байлар, молда-қожалар, саудагерлер неге сайлауға қатыса алмайды. «Кеңес Ресейін кім билеп отыр?» (1930 ж.).*

Екі басылымдағы мәтіндерді салыстыру барысында кейбір мәтіндердегі сөздің, сөйлемдердің өзгертілгенін байқауға болады. Мысалы: 1926 жылғы басылымдағы «Қара шаруаның бір тұлғасы сиыр асырау» атты мәтіндегі «Шаһардан ұзын мойын қашық жатқан, жүк кіресі қымбатқа түсетін, не қалаға жеткенше ыстықта май ағып кететін жердегілер сиыр малын базарға сататын түрде ұстау керек» деген сөйлемдегі «Шаһардан» сөзі 1930 жылғы кітапта «Қаладан» болып, «Қазақ Республикасы» атты мақаладағы (1926 ж.) «Қазақстанның жер ауданы – 2½ миллион шаршы шақырым. Қазақстанның барлық халқы 5 миллион, 265 мың 300 адам. Мұның 2 миллион 929 мың 156-сы қазақ. Өзгесі орыс, украин (хохол), өзбек және басқа елдер. Қазақ Республикасында 8 губерния және автономиялы (ішкі билігі өз қолында) қарақалпақ аймағы бар. Адай уезі жер ыңғайы бойынша еш бір губернияға бағынбай Орда комитеттің тура өзіне қарайды» деген мәліметтер 1930 жылғы басылымда:

«Қазақстанның жер ауданы 3 миллион шаршы километрдей. Халқы 6 миллион 677 мың 400 адам. Мұның 4 миллион шамасы қазақ. Өзгесі орыс, украин (хохол), өзбек, қарақалпақ, тараншы, татар, түрікмен, дұнған, қырғыз, тағы басқалар. Қазақстанда 13 губерния (Орал, Теңіз, Адай, Ақтөбе, Қостанай, Қызылжар, Ақмола, Сырдария, Қызылорда, Кереку, Семей, Қарқаралы, Алматы) және автономиялы қарақалпақ бар. Адай уезі жер ыңғайы бойынша еш губернияға бағынбай кіндік комитеттің тура өзіне қарайды. «Қазақ» деген сөзде неше буын бар? Неше дыбыс бар? Өздерің екі-үш, төрт буынды сөз табыңдаршы» болып, «Кеңес Ресейін кім билеп отыр?» атты мәтіндегі (1926 ж.) *«Кәне, айтыңдар: Кеңес өкіметінің губерниядағы, уездегі, болыстағы жоғарғы мекемелері қандай мекемелер?»* деген сұрақ (1930 ж.) *«Сұраулар: Кеңес өкіметінің губерниядағы, уездегі, болыстағы жоғарғы мекемелері қандай мекемелер? Оған адамды кім сайлайды? Сайлауға кім қатыса алады? Кім қатыса алмайды? Байлар, молда-қожалар, саудагерлер неге сайлауға қатыса алмайды»* деп өзгертілген.

1926 жылғы басылымда жарық көрген, 1930 жылға енбей қалған мақалалар: *«Қазақ малының тұқымын асылдандыру», «Қазақ малының саны», «Тұқымды аңызға сеппестен бұрын шығымдылығын айыруға болады», «Тары ек», «Қазақ тілі», «Жұмыскер мен қара шаруа бауыр», «Дала мен қыр».*

1930 жылғы басылымға *«Шаруашылықты өркендету», «Сүт артелі», «Малды қауіпсіздендіру», «Қарыз», «Шаруа қарызы», «Трактор», «Қазақстанда машина сайман тарату», «Шарт жасасу», «Көп нәубетті егіс», «Кәлектіп шаруашылығы», «Кеңес шаруашылығы», «Қазақстанда жұмысшылар», «Қазақстанда өнерлі кәсіп құрылысы», «Кеңес өкіметі – малай жалшының өкіметі», «Көзі ашылған кедей», «Кеңес Ресейін кім билеп отыр?», «Асабиақым қоғамы», «Төрешілдік – бюрократтық деген не?» «Қазақ төрешілдігі», «Әйел босануы», «Жүкті әйелге ақыл», «Бала асыраған әйелге ақыл» атты мақалалармен қатар *«Жаңбырлы күн», «Ертеңгі ұран», «Егінші»* атты өлеңдер де жаңадан қосылған.*

Оқулық көп жылдар бойы жарияланбады. Ақын мерейтойларына арнап дайындалған таңдамалы жинақтарға, көптомдықтарға да енбеген. Алғаш рет 2013 жылы филология ғылымдары-

ның кандидаты, профессор Б. Қанарбаеваның құрастыруымен 1926 жылғы төте жазуда және 1929 жылғы латын әрпіндегі басылымын біріктіріп, қазіргі әріпте кітап етіп жарыққа шығарған<sup>8</sup>. Құрастырушы алғысөзінде төрт басылымның екеуіне қолы жетпегенін атап өтеді (1928, 1930) және екі басылымның да ерекшеліктерін сақтай отырып, өзгеріссіз бастырған. Сонымен қатар, 1926 жылғы басылым «ҚарЛаг» – тарихтан тағылым, өткенге тағзым» атты ғылыми-ағарту жобасы аясында 2015 жылы жарық көрген<sup>9</sup>. Төте жазудан қазіргі әріпке түсіріп, баспаға әзірлеген – филология ғылымдарының кандидаты Ж. Шекен.

«Сауатты бол» кітабының мазмұны сол заманғы кеңес саясатын дәріптеуге арналған тақырыптарды қамтылғанына, төрт рет басылым көріп, ең көп тиражбен тарауына (1929 жыл 50 мың, 1930 жылы 65 мың тираж) қарап, қарапайым халықтың сұранысы жоғары және мемлекет тарапынан зор қолдау болған еңбек деп болжауға болады.

Ұсынылып отырған үштомдыққа ақынның осы уақытқа дейін ғылыми ортаға мәлім шығармалары барынша түгенделіп, мәтінтану ғылымының сарасынан өткізіліп, әр мәтінге енгізілген өзгертулер мен толықтырыла дәйектелген ғылыми түсініктер берілді. Мәтіндерде кездесетін жер-су атауларының, есімдердің көрсеткіштері, сөздіктер, пайдаланған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тіліндегі түйіндемелер сияқты қосымшалармен жасақталды. Жинақтың соңында еңбектердің түпнұсқасы ретінде мәтіні ұсынылған басылымдардың факсимилесі қоса берілді.

---

<sup>2</sup> Жұмабайұлы М. Сауатты бол [Мәтін]: оқу құралы /жауап. ред. Б. Қанарбаева. – Алматы: Экономика, 2013. – 124 б.

<sup>3</sup> Жұмабайұлы М. Сауатты бол [Мәтін]. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2015. – 121 б.

**А. ОРАЛБЕК,**  
*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және  
өнер институтының ғылыми қызметкері  
(Ora-10@mail.ru)*

## **ШОРТАНБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ТЕКСТОЛОГИЯСЫ**

Шортанбай Қанайұлы 1818 жылы Түркістан облысының Қаратау өңірінде дүниеге келген. Алайда, бозбала шағынан Арқа өңірінде өмір сүріп, оның шығармашылығының ең шарықтау кезеңдері де осы Арқа даласында өткен. Тіпті өмірінің соңына дейін сол жерде болып, 1881 жылы дүниеден өткен. Бұл туралы ақын:

Жалғанның түбін тауып ем  
Қаратауда жүргенде.  
Сарыарқаның наны үшін,  
Шалқып жатқан малы үшін  
Арқаға таман ауып ем, – дейді.

Шортанбай – XIX ғасырдағы «зар заман» ақындарының көрнектілерінің бірі. Жырау өзіне дейінгі Бұқар, Тәттіқара, Ақтамберді жыраулар мен Шал ақынның мол мұраларын бойына сіңіре білген. Өмірінің дені Арқа өңірінде өткен ол Жанғұтты шешенмен достық қарым-қатынаста болып, сыйластықпен ғұмыр кешкен.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ даласында орын алған қоғамдық және әлеуметтік өзгерістер, сол кезеңде өмір сүрген ақындардың шығармашылығында кеңінен көрініс тапты. Қазақ халқы үшін бөтен және таңсық жаңалықтар, теріс мінез-құлықтар мен жағымсыз ниеттер, сондай-ақ даланы шарпыған өзгерістер халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына теріс әсерін тигізді. Осы үдерістердің нәтижесінде қарапайым халықтың басына түскен қиындықтар, олардың мұң-зарлары мен арман-тілектері ақындар шығармаларында жаңа бағытта жырланды. Әр ақын бұл құбылыстарды өзінше суреттеуге тырысты.

Осы ақындардың қатарында ерекше орын алған тұлғалардың бірі – Шортанбай Қанайұлы. Оның атақты «Зар

заман» өлеңі заманының қоғамдық наразылығының айқын көрінісі болып, сол кезеңдегі ақындарды «зар заман ақындары» деп атауға негіз болды. Шортанбай шығармаларының басты тақырыптары – заманның өзгерістері, қоғамдағы әділетсіздік, халық тұрмысының ауырлығы, қоныс тарылуы, отаршылдықтың зорлық-зомбылығы, тоналған елдің мұңы және алаяқ саудагерлердің қулық-сұмдығы. Шортанбайдың шығармашылығы әлеуметтік сынның маңызды мысалы ретінде қарастырылады, оның еңбектері арқылы қазақ халқының сол кезеңдегі ауыр тұрмыс-тіршілігі тереңірек түсініледі. Шортанбай өз заманын «зар заман» деп атауының себебін мына бір өлең жолдарымен түсіндіріп берген:

Мына заман қай заман?  
Азулыға бар заман,  
Азусызға тар заман.  
Тарлығының белгісі:  
Жақсы жаннан түңілген,  
Жаман малға жүгінген.  
Мұның өзі зар заман,  
Зарлығының белгісі:  
Бір-бірлерін күндеген,  
Жайына тыныш жүрмеген.

Патша үкіметінің қазақ даласына енгізген реформалары мен жаңалықтары қазақ халқы тарапынан бірден қолдау таппағаны анық. Көшпелі өмір салтын ұстанған халық үшін бұл өзгерістер күтпеген және тосын құбылыс болды. Дәстүрлі шаруашылық жүйесінен алыстағысы келмейтін қазақтар үшін патша үкіметі тарапынан жүргізілген шаралар, әсіресе жерді тарылту мен мал шаруашылығының жағдайына әсер ететін отаршылдық саясат, олардың тұрмыс-тіршілігін қиындатты. Еркіндікке бейімделген дала халқы үшін отырықшылық өмір салтына көшу идеясы мүлдем жат болды және үлкен қарсылыққа ұшырады. Бұл реформалар нәтижесінде қазақ қоғамында әлеуметтік-экономикалық өзгерістер тереңдей түсті, ал жер мәселесі және шаруашылықтың қиындауы халықтың наразылығын арттырды. Осы жайттарды көрген Шортанбай:

Енді еркіндік заман жоқ,

Дұшпанның құрған торы бар.  
Ендігі туған жігіттің  
Маңдайының соры бар, –

деп өсіп келе жатқан жеткіншектің болашағынан алаңдаған.

М. Әуезов «Зар заман ақындары» атты мақаласында: «Зар заман деген XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгері, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір арнаға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың алғашқы буыны Абылай заманынан басталған, арты Абайға келіп тіреледі. Зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады» деген пікір білдіреді [1, 182]. Осы пікірге сүйенсек, Шортанбайдың «Зар заман», «Тар заман», «Опасыз жалған», «Осынша жазды ел неден», «Байды Құдай атқаны» сияқты өлеңдерінің тақырыбынан-ақ сол тұстағы поэзия бағытының беталысын байқау қиын емес.

Шортанбай Қанайұлы туралы деректердің бізге жетуі, негізінен, ауызекі дәстүр мен халық жадында сақталған мәліметтерге байланысты жүзеге асты. XIX ғасырдың ортасынан бастап жазба әдебиетінің элементтері көрініс бере бастағанымен, Шортанбай жөніндегі ақпараттардың көпшілігі ақынның көзін көрген, оның шығармашылығымен жақын таныс болған құймақұлақ ақсақалдар мен жыршылардың айтқан әңгімелерін жинаушылар арқылы хатқа түсірілген. Ақынның мұрасын жинақтап, қағаз бетіне түсіруде халық жадында сақталған ауызша деректер ерекше рөл атқарды, бұл Шортанбай шығармашылығының бүгінгі күнге жетуіне айтарлықтай ықпал етті. Бұл тұста ғалым Қанипаш Мәдібаева «Зар заман ағымы» деп аталатын оқу құралында: «Шортанбай өмірі жайлы біраз мәліметтер бізге негізінен, 17-18 жасында ақынның атқосшысы болған Әбеу дейтін ақсақалдан, жырау толғауларын айтқаны үшін жиырма жылға жуық ғұмырын саяси лагерьде өткізген Анарбек жыршы-дан, тоқсанға келіп қайтқан Қали ақсақалдан Кәмел Жүністегі жазып алған деректері арқылы жетіп отыр», – деп жазған [2, 65].

Зар заман ақындарын зарлатқан XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық құбылысты академик С. Қирабев Шортанбай Қанайұлы жайын сөз еткен зерттеу мақаласында:

«Шортанбай заманы – патша өкіметі отаршылдығының әбден күшіне кіріп, қазақ өлкесін емін-еркін билей бастаған тұсы болатын. Ең алдымен билеу жүйесіне өзгерістер кірді. Хандық жойылып, әуелі аға сұлтандық, онан соң болыстық жүйелер пайда болды. Олардың басында бұрынғыдай елге ұйтқы болатын дана көсемдер мен қол бастаған батырлар, сөз бастаған шешендер емес, орыс әкімшілігіне ұнай білетін пысықтар мен басышының ыңғайына көнгіш жағымпаздар қойылды. Олар ел мұңын, халық мұқтажын жоқтауға емес, отаршылдық саясат пен құлқынына ғана қызмет етті. Елдің берекесі кете бастады», – дейді [3, 303]. Ғалымның пікірінше, бұл кезең қазақ қоғамында терең әлеуметтік және саяси өзгерістермен ерекшеленді, әсіресе отаршылдық саясаттың күшеюі және жер мәселесінің шиеленісуі халықтың тұрмыс жағдайына ауыр зардаптар тигізді. Шортанбай және оның замандастары осы кезеңнің қайшылықтары мен ауыртпалықтарын өз шығармаларында бейнелеп, халықтың мұң-зарын, үмітсіздігі мен наразылығын жеткізді. С. Қирабаевтың зерттеуі бұл ақындардың туындылары сол кездегі қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси өзгерістердің терең көрінісі болғанын дәлелдейді.

М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Ы. Дүйсенбаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Мағауин, С. Талжанов, К. Жүністеги, А. Шәріп, С. Дәуітов, Қ. Мәдібаева, Б. Омарұлы, т.б. зерттеуші ғалымдар Шортанбайдың өмірі мен шығармашылығына жан-жақты талдау жасап, өз пікірдерін білдірген. Шортанбайдың шығармалары ХІХ ғасырдың соңына қарай әртүрлі басылымдарда жарық көріп, ел назарына әбден ілінеді. Ақын шығармашылығы сол кездегі зерттеуші, ғалымдардың да назарынан тыс қалмай, ақын мұрасы жайлы түрлі пікілер ортаға салынып, тоғыспайтын ойлардың арты айтысқа айналғаны да ақиқат. Сол дәуірдегі қазақ даласындағы ірі басылымдардың бірі «Дала уәлаятының газетінің» де кезекті сандарында ақын мұрасы жайлы Ә. Бөкейхановтың мақаласы, Д. Сұлтанғазиннің, М. Төлеубайұлының пікірлері басылды.

М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде Шортанбай заманына және сол заманға арқау болған ақын шығармаларына баға берген. Сонымен қатар М. Әуезов, М. Жолдыбаев, Ә. Қоңыратбаев қатарлы ғалымдар тобы Шортанбай толғауларын

1933 жылы әдебиет оқулығына енгізген. С. Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1931), «Қазақ әдебиеті» (1932) еңбектерінде Шортанбай шығармалары жарияланған. С. Мұқановтың «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабында да Шортанбай мұрасына саяси көзқарас аясында баға беру мәселесі қарастырылды. 1957 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихының» бірінші томында Е. Ысмайловтың Шортанбай туралы зерттеулері енген. Осындан-ақ Шортанбай өмірі мен шығармашылығы туралы жазған ғалымдардың қарасының көп екенін байқау қиын емес.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры мен Орталық Ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында ақын мұрасы сақтаулы. Шортанбай жайлы мәліметтер мен жыр-толғаулары, айтыстары, мысалы ӘӨИ. қолжазбалар қорындағы 1957 жылғы Гурьев экспедициясы кезінде Тұрманбетов Кенжебайдың айтуынан Б. Адамбаев жазып алған «Шортанбайдың өлер алдындағы сөзі», «Шортанбай Қанайұлы шығармалары» (592-бума), «Шортанбай Қанайұлы өлеңдері» (863/1-бума, 17-дәптер), «Бала зары» (879/3-бума, 41-дәптер) т.б. ОҒК. сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс зерттеушілерінің кітап етіп бастырған Шортанбай шағармаларының фотокошірмелері, түрлі қолжазба материалдары бар. Осы көрсетілген қолжазбалардың ең бір маңыздысы деп саналатын 1921 жылғы Сырдария экспедициясы кезінде табылған Әбубәкір Диваевтің Шортанбайдың өз аузынан жазып алған өлеңдері мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазып алған нұсқалары болып табылады.

«Зар заман» ағымы ақындарының шығармаларына баға беру, жинау, жариялау жұмыстары орыс ғалымдарының назарына ілігіп, ең алғаш XIX ғасырдың екінші жартысынан қолға алынып, кейбіреулері кітап болып басылды. Бұл ретте әдебиеттанушы ғалым Ж. Смағұлов «Зар заман: зерттеу мен зерделеу» атты шолу мақаласында: «негізінен алғанда «зар заман» ағымы ақындары шығармаларын жинап-жариялау және ғылыми бағалаудағы алғашқы қадам XIX ғасырда қолға алынған. Олардың ішінде отаршылдық саясатқа қарсы осыған дейінгі толғау жанрынан өзгеше бағытта. Жалпыға ортақ сарындағы әдеби құбылыс



ретінде танылған «зар заман» ағымы туғызған Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» атты толғауы орыс ориенталист-фольклоритерінің назарына ілікті. Ол 1870 жылы В. Радловтың «халықтарының әдебиет үлгілері» атты көп томдық еңбегінің үшінші томында жарияланды. Шортанбайды қазақ поэзиясының көрнекті өкілі ретінде алғаш бағалаған да осы В. Радлов болды. «Зар заман» мен «Заман ақыр» секілді ғибрат өлеңдер Ертістің шығысындағы дала қазақтарының молдалары шығарған қолтума дүниелер» деп баға бергенде, осы дәуірдегі жаңашыл сипатта дамып отырған бұл ағымға баса көңіл аударды» деген пікірі сөзімізге дәлел.

Осыдан бастап Шортанбай шығармашылығына деген қызығушылық арта түсіп, оның өлеңдерін барынша жинау жұмыстары одан ары қанат жая түсті. Қазақ даласындағы көрнекті тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын іздеп, жинап, жариялауда өзгеде орыс ғалымдарының еңбеі орасан. Олар сол ақын-жыраулар шығармаларының хатқа түсіп, кітап болып басылуына түрткі болған. Осы барыста Шортанбай шығармашылығына ден қойған тағы бір орыс ғалымы, этнограф Н.Я. Коншин болды. Н.Я. Коншин Шортанбай өлеңдерін жинастырып, қағазға түсіруді Қарқаралы қаласында тұратын Қоянбай Тұраров және Жүсіп Бөртебаев деген кісілерге тапсырған. Ғалымның тапсырмасы бойынша Жиыны 611 жолдан құрылған өлеңдер топтамасын жасаған. Әрбір кесек жырға сандық ретпен бәйіт атауын берген. Үлкенді-кішілі он екі бәйіт құрастырған.

Шортанбайдың Я. Коншин қорынан табылған жаңа бәйіттері туралы Жазушы М. Мағауин «Шортанбайдың жаңа зары» атты мақаласында: «Арнайы тапсырма – Шортанбайдың ел арасындағы әзірше беймағлұм жырлары турасында болса керек. Қоянбай да осы міндеттің мүддесінен шығуға тырысады. Бірақ кейде қолжазба нұсқалар арқылы да тарағанмен, негізінен ауыздан ауызға өтіп сақталған, оның үстіне басылған кітап әсерімен жаңғырған толғау-жырларда әрқилы қайталаулар ұшырамауы мүмкін емес еді. Тұтас бәйіттер болмағанымен, жекелеген түйдектер, толғам, тармақтар. Қолымыздағы нұсқаны мұндай үстемелерден тазарту, жаңа бір бәйіт үлгісін жасау – кезінде бір пара халық арасына осы қалпында тараған тиісінше таңбаланған мұраға қиянат болар еді. Оның үстіне, бәйіт атымен берілген

кейбір бөліктер біраз қуатынан айырылып, жартыкеш қалыпқа түсер еді. Сондықтан Қоянбай Коншин нұсқасын сол қалпында жұртшылық алдына тартып отырмыз... Н.Я. Коншин Шортанбай толғауларын қолға түсірген соң, сөз жоқ, көп ұзамай оның орысша жолма-жол аудармасын жасатып алуға талап етеді. Бұл жұмыс Санкт-Петербург университетінің студенті, 1901 жылы елге жазғы демалысқа келіп жатқан Райымжан Мәрсековке тапсырылады. Р. Мәрсековтің осы архив бумасында сақталған аударманы бітірген соң Коншинге жазылған арнайы хаты 1901 жылы 7 июльде Өскемен дуаны, Айыртау болысынан жолданыпты. Білімдар студент ең алдымен Қоянбай қолжазбасын бәйіт реті, тармақ жігімен бастан-аяқ қайта көшіріп шыққан, содан соң Шортанбай өлеңдерінің жолма-жол аудармасын жасаған екен. Жаңа көшірме қайбір тұста демесек, бұрмасыз, нақпа-нақ, толғаулардың текстологиясын қалыптауда қосымша көмекші болды, ал аудармалар іждаһатты, сапалы, сол замандағы жақсы деңгейде» [4, 172], – деген пікір білдіреді. Жазушы М. Мағауиннің зерттеуінде шығарманың түпнұсқасы «Жыр насихат» деген атпен сақталған екен.

«Бір насихат айтайын,  
Тыңда мұны, жарандар.  
Есіткенің ұмытпа,  
Қайсыңда сенің сана бар?  
Жақсы адамның белгісі,  
Төңірегіне қаранар,  
Артық-кем сөзге бармайды,  
Өз ақылын шамалар.  
Үйіне келсе бір ғаріп,  
Қаңғырып нағып жүрсің деп,  
Бір тостаған дәм берсе,  
Кемітіп көзін ояды.  
Сөйтіп жүріп бір жаман,  
Жұт пенен жауға кез болып,  
Айрылып малдан қалады.  
Кісіге берген малы жоқ,  
Құдайға берген қайыр жоқ,  
Құдайдан бұған рақым жоқ,  
Адамнан табар мейір жоқ.  
Тірі қор сонда болады.  
Атамыз қазақ алаш-ты,  
Шаруасы малмен жарасты...» [4, 174]

Жазушы М. Мағауин Я. Коншиннің қорынан табылған ақынның осы бір жаңа бәйітін еш күмәнсіз Шортанбайдың өзіне тән туынды деп, аталған мақалсында шығарманы жариялайды. Сондай-ақ ақынмен замандас сол кезеңдегі Мұрат Мөңкеұлы, Дулат Бабатайұлы сияқты ақындар шығармашылығында да кездеспейді. Өлеңнің кейбір бірді-екілі таныс жолдары болмаса, негізгі ой, болмыс Шортанбайға тән екеніне еш күмән келтірмейді. «Бір насихат айтайын» деп бастау жалпы ғибраттық өлеңдерге тән ортақ дүние деп түсінеміз.

Заманындағы халық өмірінің бет-бейнесін алғаш болып өз деңгейінде көрсете біліуімен, сонымен қатар өз тұсында алғаш шыға бастаған жазба әдебиетінің қалыптасуына атсалысуымен Шортанбай шығармаларының бағалы екенін байқауға болады. Шортанбай заман тынысын маймөңкелемей, бетіне баса айтатын өткір ақын. Өзіне дейінгі жыраулық дәстүрді мықты ұстана отырып, ойын бастан-аяқ көркем, бір келкі жеткізе білген. Ойлағанын табиғатпен ұштастыра, астастыра айтады. Бұндайда ақын эпитет, метафора, параллелизм сияқты көркемгіш құралдарды орнымен, сәтті пайдалана білген. Бұған ақынның «Бала зары», «Зар заман», «Келер заман» деген белгілі толғауларынан алған кез келген шумақты мысал етіп алуға болады. Мысалы, «Бала зары» атты толғауында:

Мейір кетті пендеден,  
Сүйтіп ердің елінен.  
Ақыл сұрасаң азбассың  
Көпті көрген көнеден.  
Қасиет кетті төреден,  
Ғаділдік кетті билерден,  
Абырой кетті әркімнен.  
Қайын енесі ас ішпес  
Қабағын түйген келіннен.  
Жалғыз Құдай болмаса,  
Енді үміт жоқ өзгеден, –

деп қазақ даласындағы болып жатқан ұнамсыз қылықтар мен жағымсыз жайттарды, қасіретке айналып бара жатқан қасиеттерімізді дөп басып айтқан.

Шортанбай шығармалары өзінің көзі тірі тірісінде ауызша да, қолжазбалар түрінде де ел арасында кең таралған. Жыраудың

«Бала зары» деп аталатын осы бір толғауы үш рет басылым көріп, өзі ғұмыр кешкен Сарыарқа өңірінде кеңінен тараған. Біріншісі, «Шортанбай Қанайұлының бала зары һәм қисса қаһарман» деген атпен 1888 жылы Қазандағы «Типография Императорского Университета» баспасында қадым жазуында жарық көрсе, екіншісі, 1897 жылы «Қисса Шортанбай, Шортанбайдың бала зары» деген атпен Қазандағы «Типо-Литография наслед. М. Чирковой» баспасынан қадым жазуында жарық көрген. Ал үшінші басылымы да 1901 жылы «Қисса Шортанбай, Шортанбайдың бала зары» деген атпен Қазандағы «Типо-литография Императорского Казанского Университета» баспасынан қадым жазуымен басылып шыққан. Аталған үш кітаптың фото көшірмелері Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазлар қорында (Ш: РФ 68, РФ 405, РФ 357) сақтаулы. Жырау шығармаларының ішіндегі бізге жеткен ең мәнді әрі көлемдісі осы «Бала зары» толғауы.

Жазушы С. Мұқанов: «Шортанбайдың үш зары бар: «Зар заман», «Бала зар», «Өлер зар». Осы үш зарында да ол халықтың басына түскен зарды, заманының зарын толғаған. Бұл үш зар – үш поэма және сюжет жағынан біріне-бірі жалғас, бірінің мазмұнын бірі өрбітетін поэма», – дейді [5, 132].

Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында 1941-1949 жылдар аралығында жиналған «Шортанбай ақынның шығармасы» деген атпен сақтаулы 70 бет шамасындағы қолжазба бар (780-бума). Аталған бумада «Зар заманның» бірнеше нұсқасы бар. Сонымен бірге В. Радлов ел арасынан жинап, 1870 жылы «Образцы народной литературы тюркских племен» деген атпен кітап етіп батстырған үш томдық жинақтың үшінші томында «Зар заман», «Заман ақыр» деген өлеңдері бар (Ш: CD-15 – 2571). Ал Лютштың 1883 жылы Ташкентте баттырған «Киргизская хрестоматия» атты кітабының 138 кадрдан тұратын фотокөшірмесі бар (Ш: РМ 688). Осы кітаптың 225-249 беттерінде де «Зар заман» өлеңі бар. Екеуі де бір ақынның өлеңі. Бірақ өлеңнің жиналған жерлері әр түрлі. В. Радлов «Зар заман», «Ақыр заман» өлеңдерін Семей, Бұтырма өзенінің бойынан, Қапал, Верный (Алматы) төңірінегінен жинаған болса, ал Лютш «Киргизская рестоматиясындағы» дүниелерді Шымкент, Түркістан,

Қызылорда, Жамбыл қазақтарының арасынан жинап, жазып алған.

780-бумадағы (ОФК), Радловтың жинағындағы және Лютштың батырған кітабындағы «Зар заман» өлеңі, үшеуі бір-бірімен үндесіп, сабақтасып жатады. Бұндағы аздаған айырмашылық «Киргизская хрестоматиядағы» «Зар заман» Шортанбайдың «Бала зары» деген өлеңіндегі сөздермен басталады. В. Радловтың бастырған кітаптың 722-бетіндегі «Зар заманда»:

«Жандарал болды ұлығың,  
Майыр болды сыйларың.  
Айырылмастай дерт болды,  
Нашарға қылған зорлығың.  
Князьді көрдің піріндей,  
Тілмәшті көрдің биіндей,  
Дуанды көрдің үйіндей.  
Абақты тұр көріндей,  
Байлар ұрлық қылады,  
Көзіне малы көрінбей.  
Билер пара жейді екен,  
Сақтап қойған сүріндей.  
Заманның түбі бұзылды,  
Текеметтің түріндей.  
Ойлағаны жамандық,  
Жарадан аққан іріндей...», –

десе [6], Лютшт бастырған кітаптың 240-241 беттеріндегі «Зар заманда»:

«Генерал болды ұлығың,  
Майор болды сайларың.  
Князьді көрдің піріндей,  
Тілмашты көрдің бегіндей.  
Дуанды көрдің үйіндей,  
Абақты көрдің көріндей.  
Байлар ұрлық қылады  
Сан қарасы қарасы көрінбей.  
Билерің пара шайнайды  
Сақтаған сары сүріндей.  
Заманың, тәңір, бұзылды,  
Текеметтің түріндей.  
Ойлағаны жамандық  
Жауырдан аққан іріндей», – дейді [7].

Аталған екі жинақтағы өлеңдерден аса үлкен айырмашылық байқалмайды. Екі жинаушы бір өлеңді Қазақстанның әр түрлі аймақтарынан жинаған. Алайда өлең құрылысы, мазмұны негізінен бірдей. Осыдан-ақ Шортанбай шығармашылығы сол ХІХ ғасырдың өзінде-ақ халық арасына кең жайылғаны көрініп тұр.

Шортанбай өлеңдері толық жиналып, хатқа түсті деу жаңсақ пікір. Жоғарыда аталған кітаптарға немесе ақынның басқа да жинақтарына енбей қалған шығармасы бар болуы әбден мүмкін. Бұл ретте ғалым Сәйділ Талжанов «Әбеди мұра және оны зерттеу» деп аталатын еңбегінде: «Шортанбайдың сол кезде халық арасына кең жайылғаны көрініп-ақ тұр, қазір 3500 жолдай Шортанбай өлеңі жиналған, бірақ бұл ақынның өлеңдері әлі түгел жиналып болған жоқ, өйткені осы күні Қарағанды, Қарқаралы, Ақмола төңірегіндегі қазақтардың Шортанбай өлеңі деп айтып жүрген өлеңдері бұл жиналған өлеңдерінің ішінде жоқ. Мысалы:

Бай да өлген, батыр да өлген, патша да өлген,  
Өлмей тірі қалған жоқ – ажал келген.  
Ұжмақтың кілтін ашып көрген жан жоқ,  
Дүниенің ең қызығы тірі көрген, –

деген өлеңді Шортанбай көптен көріспей жүріп кездескен досы Жанғұттыға айтқан екен деседі. Ел аузында осы тәрізді басқа да өлеңдері де, сөздері де болу керек», – деп топшылайды.

Шортанбай шығармалары сол замандағы басқа ақындардан стилдік жағынан ерекшеленіп тұрады. Шортанбай өлеңдерінің тақырыптары көбінде жалпы қоғамдық беталысқа қаратылып жазылса, Мұрат Мөңкеұлы, Дулат Бабатайұлы сияқты ақындардың өлеңдері көбінесе жеке адамдарға арналып, сол арқылы жалпы әлеуметтік жағдайды бейнелейді. Әрине, аталған үш ақын да зар заман ағымының өкілдері. Дегенмен олардың өлеңдерін бір-бірінен ажырату қиын емес. Шортанбай өлеңдері көбінесе жыр үлгісінде жазылады. Бұл жөнінде ғалым Б. Кенжебаев: «Жыр өзінің тақырыбына, мазмұнына, айтылуына, әуеніне қарай жыр, толғау, терме, тақпақ деп аталады. Ал бірақ құрылым (шумағы, өлшемі, ұйқасы) жағынан бұлардың бәрі бір. Осыдан олар өлеңнің бір түріне, жырға жатады», – дейді. [8, 79]. Шортанбай

өлеңдерінің тақырыбы елдің экономикалық әл-ауқаты, діни көзқарасы, ар-ұят мәселесі болып келеді.

Ағартушы, ғалым Б. Алтынсарин да Шортанбай өлеңдерінен айналып өтпеген. Ол өзінің 1879 жылы шығарған «Қырғыз хрестоматиясы» атты кітабындағы (ОҒК, фото көшірме, ш: РМ 254) «Ақыр заман» өлеңін Радлов жинағынан алған. Мақсаты қазақ баласын ағарту болғандықтан, Алтынсарин өлеңдегі кейбір діни сөздерді басқа сөздермен ауыстарған. Өлеңнің Радлов жинағындағы:

«Заман ақырдың хандары  
Қасындағы сұлтандары,  
Тақ үстінде отырғандары,  
Жарлыдан алып байларға  
Ақыл қылса керекті», –

деген жолдары Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясының» 54-бетінде:

«Азғын елдің хандары  
Тақ үстінде отырғандары,  
Жарлыдан алып байларға  
Сыйлар берсе керекті», –

деп берілген [9]. Сонымен бірге Радлов жинағындағы:

«Заман ақырдың қожасы  
Қайырылып келер есікке  
Бұл үйде кім бар екен деп  
Көзін салар тесікке.  
Бала-шағасын бастырып,  
Төрге шығып отырып,  
Дұға қылса керекті», –

деген жолдарын Алтынсарин өз жинағында:

«Азған елдің қожасы  
Қыдырып келер есікке.  
Бұл үйде кім бар екен деп,  
Көзін салар тесікке.  
Балаларын бастырып,  
Қатындарын састырып,  
Төрге қарай ұмтылып,

Тамақ үшін қылқынып,  
Дұға қылса керекті», –

деп берген [9]. Екі жинақтағы өлеңнің айырмашылықтарға назар аударар болсақ, Радлов жинағындағы «ақыр заман» сөзінің орнына Алтынсарин «азған елдің» деген сөзді ауыстырып пайдаланған. Екі жинақтағы өлеңдерді толығымен қарасаңыз, сөзімізге дәлел болар жолдарға куә боласыз.

Шортанбай – көне түркі сөздерін, арап, парсы поэзиясының қыр-сырын әбден меңгерген, Ясауи ілімінен сусындаған ақын. Жастайынан медреседе білім алып, арабша хат таныған ақынның діни сауаты айтарлықтай мол болған. Арқа жеріне баруының де бір себебі осы дін жағымен байланысты деген де пікірлер бар. Бұл жөнінде ғалым Мұхамедрахым Жармұхамедұлы өзінің бір зерттеу мақаласында: «Шортанбайдың тағы бір топ жырлары күнәдан арылып, Құдайға құлшылық жасаудың жолдарын сипаттайтын Ясауи өлеңдерімен егіздің сыңарындай ұқсас өрілетінін де атап айтуға тиіспіз. Оқып көрелік:

«Аз тартайын десең күнәні,  
Саһарменен тұрғаның.  
Хақ дидарын көрерсің,  
Ақырет қамын қылғаның...  
Медресе, мешіт салдырып,  
Мүфтиге берсең баланды.  
Азан, тәкбір айттырып,  
Мешітке қойсаң моллаңды.  
Сираттың желі соққанда,  
Руза, намаз панан-ды» [10].

Осыған ұқсас тағы бір піркірді Т. Тебегенов 1993 жылғы «Ана тілі» газетінің кезекті бір санында жариялаған «Шортанбай» атты мақаласында жазған. Мақалада: «Шортанбай түсінде аян беріп тұрған әулие бабасының «Даналықнама-сындағы» осы жыр жолдарын күбірлеп жатып оянып кетті...

Ақылмен жетімдердің көңілін аула,  
Мұстафадай жетім іздеп елді қаула.  
Дүниенің қызығынан қашық болып,  
Одан безіп дариядай тастым, міне...



Шортанбай жастайынан мұсылманша білім алды. «Құранды» меңгергеннен кейін ол Құл Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет, Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйын», Сүлеймен Бақырғанидың «Хакім атасын» оқыған. Бұлардан сусындай жүріп сопылық-ойшылдық, діндарлық поэзияның негізгі сипаты исламның қасиетті қағидаларын арқау ете жырлау екерекігін ұқты», – деген түсінік берілген. Екі зерттеушінің пікіріне сүйенсек, Шортанбайдың ежелгі түркілік-мұсылмандық, сопылық әдебиет дәстүрі тағылымында қалыптасқан ақын екендігі, имандылықты уағыздау бағытындағы ақын екендігін де аңғару қиын емес.

Арқа даласына барған Шортанбайға сол өңірдің атақты әнші-ақындары Біржан сал мен Ақан сері, Үкілі Ыбырай мен Мәди, Жанак, Шөже, Орынбай, Кемпірбай сияқты арқалы ақындардың әсер еткені белгілі. Ақын мен ақын жолыққанда бір-бірін өлеңмен қағытпай, әзілдеспей тұра алмайды. Бойындағы бар талантты іркіп қала алмайтын Шортанбай айтыс өнерінде де із қалдырған ақын. Сол кездегі бірнеше белгілі ақындармен сөз додасына түскен. Арқадағы ақындық ортамен қоян-қолтық араласқан Шортанбайдың үлкенді-кішілі айтыстары оның атағының аспандауына ықпал етті. «Шортанбай мен Шөже», «Шортанбай мен Орынбай», «Шортанбай мен Асан бұғы» сияқты көлемі әр түрлі айтыстары оның осы жанрдағы шеберлігін байқатады.

Шортанбай айтыстарының кейбір нұсқалары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында қолжазбалар қорында сақтаулы. Мысалы, «Шортанбай мен Орынбайдың айтысы» (ӘӨИ 301-бума, 8-дәптер), «Шортанбай мен Сәтібай» (ӘӨИ 1059-бума), «Шөже мен Шортанбай айтысы» (ОҒК 253-бума) т.б. Сондай-ақ «Шортанбай мен Асан бұғының айтысы» да ақынның өресі биік айтыстарының бірі. Аталған айтыс жайлы ғалым Т. Кәкішевтің редакторлық етуімен құрастырылған еңбекте: «Шортанбай Қанайұлының жырлары 1993 жылы ғана жеке жинақ болып шықты. Сол кітапта Шортанбай мен Асан Бұғының айтысы, құрастырушылардың қолында болмауы себепті, үзінді түрінде жарияланған. Біз Шортанбай мен Асан Бұғы айтысының толық нұсқасын ұсынып отырмыз. Бұл мәтін Жезқазған облысы

Ақадыр ауданы «Оспен» кеңшарында тұратын, сексеннің сеңгіріне шыққан Әбдіғұл ақсақалдан алынды. Ал Әбекең айтысты кезінде тоқсаннан асып, алпысыншы жылдар ортасында қайтыс болған әкесі, есімі республикаға белгілі ақын-жыршы Мая сар Жапаковтың айтуында қағазға түсірген», – деген анықтама берілген. [11, 50]

Қорыта айтқанда, ХІХ ғасырдың орта шенінде қалыптасқан зар заман ағымы ақындары мен олардың шығармашылығындағы стилдік, тақырыптық айырмашылықтар, өздеріне тән ерекшеліктері өлеңдерінен айқын аңғарылып тұрады. Бұл жөнінде ғалым Қ.Мәдібаеваның «Зар заман ағымы» атты еңбегінде сол кезеңдегі ақындардың шығармаларын жеке-жеке талдап, өзара жіктеп, нақты көрсетіп берген. Зерттеуімізде айтылған, ел арасында Шортанбайдікі деп айтылып жүрген, жинақтарына енбей қалған бір шұмақ өлеңінен басқа, өзге ақындарға телініп жүрген шығармасын кездестірмедік. Шортанбай шығармашылығына ден қойған басқа да ғалымдардың зерттеу еңбектерінде бұл жөнінде нақты пікірлер жетерлік. Сол себепті Шортанбай шығармаларының нақты ақынның өзіне тән, авторлығы айқын шығармалар екенін дөп басып айта аламыз.

**А. ӨТЕМІС,**

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология  
факультетінің 2-курс докторанты;*

**С. ЕРЖАНОВА,**

*ф.э.д., профессор,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМНІҢ КӨРІНІС ТАБУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (Тыныштықбек Әбдікәкімов поэзиясы бойынша)**

*Аннотация.* Бұл мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы психологизм көрініс туралы баяндалады. Поэзия жанры әдебиеттің лирикаға толы, автордың ішкі тебіренісі мен сезім күйін көрсететін ерекше түрі. Бүгінгі таңда әдебиетті өзге де іргелі ғылымдармен салыстырып зерттеу сөз өнерінің ажарын аша түскендей. Сол себепті

мақаламызда қазіргі қазақ поэзиясындағы ізденістер оның ішінде психологизммен байланысын қарастыруға тырыстық. Қазіргі белгілі лирик ақындарымыздың бірі Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Сені сүй», «Боранды түнде» атты өлеңдері нысанамызға алдық. Өлеңді оқи отырып, астарында жатқан мағынасын, ақынның көңіл күйін, психологиялық әсерін, сезімін, өкініші мен күйінішін, қуанышы мен жұбанышын ашып көрсетуге ден қойдық. Өлемнің бірінші ұстазы Аристотельдің «Сенсорлық қабылдау» атты тұжырымын, бірқатар психоаналитик, психология ілімдерінің негізін қалауға үлесін қосқан ғалым З. Фрейд ойлары, Л.Я. Гинзбургтің «психологизм» терминіне байланысты тұжырымы, С.П. Белокурованың да зерделі ойы зерттеуіміздің мақсатын орындауға әсер етті. Қазіргі қазақ поэзиясындағы психологизмдік көріністерді ашу өзекті саналады.

*Кілт сөз:* психологизм, поэзия, сенсорлық қабылдау, көркемдік деталь, әдебиет.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі тың жаңалықтарға толы жанры – поэзия. Поэзия – жүрек үні, сезім тебіренісі, ақынның лирикалық «Мені» арқылы жарыққа шығып, оқырман көңіліне сезім арқылы әсер ететін ерекше жанр түрі. Поэзияны бүгінгі таңда тек әдебиеттанудың төңірегінде ғана емес, көптеген іргелі ғылымдармен салыстыра, салғастыра зерттеулер қарастырылып келеді. Психологизм – жан туралы ғылым, жанның, ішкі «Меннің» сезімін, эмоциясын, ерік-қалауын, бейсаналықтың санадан тыс жатқан көрінісін сипаттайтын іргелі салалардың біріне жатады. Ал поэзияда ақынның сезімін, ішкі жан тебіреністерін, эмоциясын, темпераментін, қалауын, ерік-жігерін байқамау мүмкін емес. Белгілі ғалым Л.Я. Гинзбург психологизм терминіне мынадай анықтама береді: «психологизм – бұл психикалық өмірді оның қайшылықтары мен тереңдігінде зерттеу». Оның ішінде тұжырымы «психологиялық талдау тікелей түрінде жүзеге асырылады автордың ой-толғаулары не кейіпкерлердің сезімі түрінде, не жанама түрде бейнелеу - олардың ым-ишарасын, керек әрекеттерін бейнелеуде автор оқырманға аналитикалық тұрғыда жасырын күйінде түсіндіреді» [1, 286]. Демек ғалымның бұл жоғарыда келтірген пікіріне сүйенсек, психологиялық талдау арқылы ақынның оқырманға аналитикалық тұрғыда анықтай алатын ой-толғауын аңғара алмақпыз.

Поэзиядағы психологизмнің тағы бір маңызды әдісі – көркемдік деталь. Сыртқы белгілері (портрет, пейзаж, заттар әлемі) бұрыннан бері қолданылып келеді. Ақынның жанама форма түрінде психологиялық сипаттамасын танытады. Сондай-ақ психологиялық мағыналарды айқындауда ақынның пейзажды сипаттаудағы егжей-тегжей детальдарына да мән берген жөн саналады. Табиғаттың белгілі бір күйлері қандай да бір жолмен адамның белгілі бір сезімдері мен тәжірибелерімен байланысты (психологиялық параллелизм). Бұл жағдайда кейіпкердің ішкі жағдайы ол табиғиға сәйкес келуі немесе оған қарама-қайшы болуы мүмкін. Мысалы, Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Боранды түнде» өлеңін алып қарастырсақ:

Қап-қараңғы үрейдің арқасындай  
Мына түннен азырақ қорқасың да.  
Күлген сайын сырттағы күрең боран.  
Жын жылайды пешіңнің қолқасында.  
Сен қоса жылата жаздағаны-ай!..  
От ойнағыш қап-қара көзде ғана.  
Ботасынан айырылған боз інгендей,  
Боздайды кеп, көшеде боз баған.  
Бар-ау сенің өткенге өкінерің?..  
Сыртта боран сәт сайын екіленіп,  
Кейде адамша күрсінсе,  
Кейде  
үнсіз  
терезенді жалайды, мекіреніп.  
Киелі өлең өзекте өлтіріліп,  
Ай жоғалар аспанда, жер түгілі!..  
Жатыр неге қыңсылап сендік жүрек –  
– Көз ашпаған бір мұңның бөлтіргі!...» –

деген жолдарда ақынның армандаған қиялы және қайғылы көңіл күйімен бірге параллель жүретін сияқты көрінеді. Мәселен, ақын аталған өлеңде түнді үреймен қатар қойып сипаттайды, «Қап-қараңғы үрейдің арқасын түнге балап, күрең боран, сыртта боран сәт сайын екіленіп кейде адам секілді күрсініп, кейде мекіреніп терезені жалап тұрғанын» [2, 14] танытады. Тіпті ақын өзінің үрейін түнді сипаттау арқылы жеткізсе, өкінішін боранның сәт сайын күшейіп бірде терезесін соғып, бірде адамша күрсінетінімен қатар суреттеп көрсетеді.

Шығармада психологизмді жаңа құбылыс ретінде қалыптастыруын ақынның табиғаттағы күйлерді пайдалануын, шығарма арасында кіріктіруінен байқай аламыз. Осы кезде әлемнің бірінші ұстазы Аристотельдің ой-тұжырымы еске түседі. Аристотельдің пікірінше, «Барлық адамдар табиғатынан білімге ұмтылады. Оның дәлелі – сенсорлық қабылдауға ұмтылу. Сенсорлық қабылдау кезінде оның санаға пайдалы не пайдасыз екені жөнінде ақпарат берілмейді. Сенсорлық қабылдау кезінде қабылдаулардың ішінде көзбен қабылдауды бірінші кезекте қарастырады. Әрекет етпестен ештеңе істемеген сәтте көруді ғана ұнататынымызды жеткізеді» [3, 478]. Ал мұның себебі – көру, басқа сезімдерге қарағанда, біздің білімімізге көп үлес қосып, заттардың көптеген айырмашылықтарын ашып көрсетеді. Сөзімізге тиек болсын деп ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Сені сүю» атты өлеңін алайық.

Аталған өлеңде ақын қара, ақ түстерін (Ақ өлең, қара ұйқы), күн, нұр, от («самайдың тұсынан аққан күн», «маңдайдан нұр тарату») сөздерін көзіміз шалады. Бұл келтірген мысалдар адамның сенсорлық қабылдауы арқылы сезінетін күй. «Сені сүю» өлеңінде келесідей шумаққа мән берсек:

«Әр лүпілі ділімнің – мәңгілік мұң тарихы.  
Сен ғанасың еститін, көре алатын, танитын!  
Уысына үміттің уыз тігіп фәни Күн...  
Елесіңнің ернінен қажарылар Қара Ұйқым!  
Қажарылар Қара Ұйқым!...  
Қажарылар қара ұйқым, ақтарылып ақ Өлең,  
Санамдағы сәскенің сәулесіне бөленем.  
Сәулесіне бөленем санамдағы сәскенің.  
Сені сүю – азадан ада әлемге көшкенім!  
Сені сүю – қуатты қорқынышым, көз ілген.  
Дәл көзіңнің алдынан, бірге өтемін өзіңмен.  
Менде нәзік сезімге қанаты ыстық тіл басып,  
Жымыуың – маған мың әулиеммен ымдасу!  
Сенсіз қалсам,  
дүрлікпе пендешілік тірлікке...  
сыймас,  
іште құдайы күбірлеген – бұл басым», –

деп [2, 53] келетін жолдарда ақынның ішкі мұңын бүтін бір тарихқа балағанын, ол мұңды тек сүйгені ғана естіп көре

алатынын аңғара аламыз. Өзінің үмітіне күн өткен сайын үміт жалғап келе жатқанын, енді бірде сүйгенінің елесін сезіну арқылы ұйқысының қара түнде қақ жарылатынын танытады. Ұйқыны қара түске телуі де тектен тек емес. Сенсорлық қабылдаудың бір түрі көру арқылы біз қара түстің интерпретациясын әртүрлі сипаттаймыз.

Т. Рахымжанов өзінің «Романның көркемдік әлемі» атты еңбегінде көркем шығармадағы психологизмді табиғат пейзажының мезгілдік, мекендік қызметін айта отырып, оны кейіпкерлердің ішкі жан сезімімен қайғы-қасіретімен, жан толқынысымен диалектикалық бірлікте қарастырады. Сондай-ақ шығармадағы психологиялық талдау құралына пейзаждың психологиялық, лирикалық, символикалық, объективті-заттық түрлерін де жатқызады. Табиғат көріністері мезгілдің, мекеннің, уақыттың міндетін атқарумен қатар, қаһарманның табиғат пейзажымен ара қатынасын, көңіл күй әуендерін де аңғартады. Сондықтан халықтың ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерінен жалғасып келе жатқан психологиялық параллелизм күрделене келе, кейіпкер психологиясынан мол хабар береді.

Ғалым-сыншы Ш. Елеуқенов «Адамның ішкі сырын ойлап білген» деген мақаласында: «Психологиялық талдау өнері толыққан шығармада характер өздігінен дамиды сияқты. Жерге себілген дәннің алдымен өркенге, одан өсімдікке, енді бірде дәнге толы сабаққа айналғанын биологтар зерттейді десек, белгілі бір қалыпта жүрекке түскен сезімнің әрекетке айналуын, не ұлғая келе, басқа бір саналы сезімге айналуын жазушы зерттейді. Сөйтіп, психологиялық талдау адамның белгілі бір әрекет үстіндегі сезім күйінің өзіне ғана емес, негізінен, оның бір күйден сан күйге ауысып дамыған диалектикалық процесін суреттейді», – дейді.

Грек елінің ұлы философы Арситотель жан мен тәннің бірлігі хақында: «Меніңше адам жанының барлық құбылысы тәнмен байланысты: наразылық, момындық, үрей, қайғыға ортақтасу, ерлік, қуаныш махаббат пен жек көру сезімдерін дене де бастан кешіреді», – деп пайымдады.

Адамды жеке тұлға ретінде ғана бейнелеу поэзияның түпкілікті идеясын, мақсатын айқындай түспейді. Шығармада адамның жеке тұлғалығынан тыс оның қоғаммен қарым-қатына-

сы, өмір тәжірибесімен келген психологиялық және моральдық көзқарастары да көрініс табады. Адамзат әлемінің дамуына байланысты және ойлаудың күрделене түсу себепті тұлғаның дүниетанымы кеңейіп, адамзаттың рухани мәдениеті байи түскені кәміл. Ал бұл өз кезегінде шығармашылық әрекетке әсерін тигізери анық.

Көркем мәтіндегі психологиялық жүйені білдіруге шығарманың ішіндегі қоршаған орта да әсер етеді. Ғалым С.П. Белокурова интерьер ұғымын осыдан келіп келесідей келтіреді: «көркем шығармадағы ішкі жағдайды бейнелеу, үй-жай бөлмелері, қабырғада ілініп тұрған картина т.б. өз кезегінде әрекет етеді». Демек кейіпкерді сипаттау арқылы және кейіпкердің психикалық тәжірибесі мен ойларын бөлменің интерьерін сипаттау арқылы да ашып көрсетуге болады [4].

Психоаналитик-ғалым Фрейдтің ойынша, «Бейсаналықты түсіну өте маңызды. «Меннің» бір бөлігі ешбір күмәнсіз бейсаналыққа тән. Ал «Мендегі» бұл бейсаналық алдын ала мағынасында жасырын емес, әйтпесе оны бейсананы санасыз белсенді ету мүмкін емес және сананың өзі көп қиындықтар туғызбас еді. Тану қажеттілігімен бетпе-бет келгенде, бейсаналық сипаты біз үшін мағынасын жоғалтатынын мойындауымыз керек. Түптің түбінде бейсаналық немесе сананың өзіндік құны тереңдік психологиясының қараңғылығындағы жалғыз жарық болып табылады» [5]. Яғни, Фрейдтің пікіріне зейін қойсақ, бейсаналықты жасырын ұстау мүмкін емес, саналы әрекеттің астарында да бейсаналықтың сілемдерін аңғара аламыз. Демек ақын шығармашылық әрекетінде лирикалық «Меннің» бейсаналы түрде қабылдап алған әрекеттерін анықтауға болады деген болжамға келеміз

Қорыта келгенде, қазіргі қазақ әдебиетіндегі тың жаңалықтарға толы жанры – поэзия. Поэзияны бүгінгі таңда тек әдебиеттанудың төңірегінде ғана емес, көптеген іргелі ғылымдармен салыстыра зерттеулер қарастырылып келеді. Ал поэзияда ақынның сезімін, ішкі жан тебіреністерін, эмоциясын, темпераментін, қалауын, ерік-жігерін байқамау мүмкін емес.

#### **Әдебиеттер:**

1. Гинзбург Л.Я. О психологической прозе [Текст] / Л.Я. Гинзбург. – Л.: Художественная литература, 1977. – 448 с.

2. Әбдікәкімов Т. Ақшам хаттары. Алматы: «Жалын» баспасы, 1993. – 129

3. Мир философии: Книга для чтения. Исходные философ. Проблемы, понятия и принципы. – Москва: Политиздат, 1991. – 672 с.

4. Белокурова С.П. Интерьер [Текст] / Словарь литературоведческих терминов. – СПб.: Паритет, 2006. – С. 60.

5. Фрейд З. Я и оно // Избранное. – Москва, 1989. – 370-374 с.

**Оралай АЛЕЙДАРОВА,**

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының докторанты*

*E-mail: aleydarova02@gmail.com*

## **БЕЙІМДЕЛГЕН БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ПӘНАРАЛЫҚ АСПЕКТ НЕГІЗІНДЕ**

*Аңдатпа.* Мақалада бейімделген балалар әдебиетінің пәнаралық сала ретінде зерттелуі қарастырылды. Мәтінді бейімдеудегі филологиялық, лингвистикалық қағидалар негізге алынып, классикалық шығармаларды бейімдеудегі білім беру бағдармаларының маңызына тоқталады. Мақалада бейімделген балалар әдебиетінің жалпы әдебиеттен, балалар әдебиетінен ерекшелігі зерделенеді. Түпнұсқа мәтінді екінші деңгейлі нұсқаға түрлендіру бейімдеу және сығымдау арқылы жүзеге асырылады. Бұған мысал ретінде С. Қамшыгердің «Ұлы дала батырлары», Ақселеу Сейдімбектің «Алпамыс батыр» жырын қара сөзбен бейімдеген нұсқасы талданады.

*Кілт сөздер:* бейімделген балалар әдебиеті, мәтінді бейімдеу процесі, сығымдау, лингвистикалық қағидалар, білім беру.

Балалар әдебиетін зерттеу ісі кейінгі жылдары көш ілгерілеп, айтарлықтай жетістіктерге жетті. Отандық және шетелдік зерттеушілер балалар әдебиетіне едәуір ден қойып, әдебиеттанудың осы бір тармағының жан-жақты зерттелуіне үлес қосты. Ал әдебиеттің осы арнасының ішінде бейімделген балалар әдебиетіне тиісті көңіл бөлінбей, толымды зерттеулер әлі жүргізілмей келеді. Бұған себеп те жоқ емес. Бейімделген мәтін ауқымы тек шығарманың түпнұсқасын ғана қамтиды. Әрі ғалымдардың көпшілігі бейімделген балалар әдебиетін балалардың оқу және когнитивтік деңгейіне бейімдеу үшін түпнұсқа шығарманы



жеңілдету ғана деп санайды. Бейімдеу түпнұсқа мәтін жазылғалы неше оқиға, дәуір, ұлттық өзгерістер орын алғанына қарамастан оқырманның әртүрлі деңгейіне сай жеңілдету үшін жасалады. Түзетулер де оқырмандардың ерекшелігіне қарай жеңілдету деңгейі мен әдісіне қатысты. Алайда бейімделген балалар әдебиетін мұқият зерттей келе, бейімделген балалар әдебиетінің жай ғана жеңілдетуге балама емес екені, оған тарихи контекст, әдеби дәстүр және балалар әдебиетінің дамуы сияқты көптеген фактор көбірек ықпал ететіні анықталды. Дәл осы жағдайда бейімделген балалар әдебиеті зерттеулері бірте-бірте терең, теориялық және пәнаралық сипатқа ие болды.

Сонымен, балалар әдебиетін бейімдеу бойынша зерттеулер – балалар әдебиетін зерттеу мен бейімдеу зерттеулері арасындағы интерфейстік зерттеу. Онда екі зерттеу саласына ортақ сипаттамалар бар, сондай-ақ интерфейстік сипатына байланысты нақты пәнаралық атрибуттарды көрсетеді.

Бертінге дейін балалар әдебиетін әдебиеттануда дәстүрлі педагогикалық және тәрбиелік мәніне қатысты қарастырып келді. Яғни балаларға арналған көркем шығармалар оларға қандай да бір ой салып, өсіп-жетілуінде бір бағдарды ұсынуға тиіс. Бұған балалар әдебиетінің қалыптасуына қоғамның балалық шақ туралы түсінігі тікелей әсер ететіні себеп болса керек. Жалпы, әлемде арнайы балаларға арналған кітаптар он сегізінші ғасырға дейін сирек жазылған, ал балалар әдебиеті тек XIX ғасырдың екінші жартысында ғана өркендей бастаған.

Бейімделген балалар әдебиетінің білім беру саласымен байланысы – біздің зерттеу жұмысымыздағы басты бағыттың бірі. Балалар әдебиеті мен оның тәлім-тәрбиелік мәні әуелде бітесе дамыған деуге болады. Ересектерге арналған әдебиеттен айырмашылығы – балалар әдебиетінің пайда болғаннан бастап қазірге дейін анық тәрбиелік мәні бар. Дегенмен балалар әдебиетінің тәрбиелік қызметі шығарма мазмұнымен ғана шектелмейді. «Балалар әдебиеті әдеби қарым-қатынас процесінде жасырын білім беру функцияларын да қамтуы мүмкін» [1, 55]. Оған қоса балалар әдебиетінің тәрбиелік қызметі – мәдени құндылықтарды, мінез-құлық нормаларын және ересектер әлеміндегі үстемдік ететін моральдық нормаларды беру. Балалар әдебиеті мен тәрбиенің тығыз байланысы кейде оқулықтарды бейімдеудің оқу

бағдарламасы стандарттарынан анық көрінеді. Бейімделген балалар әдебиетінің қарапайым балалар әдебиетінен айырмашылығы – бейімделетін шығармалар көбіне классикалық шығармалар. Ал мұндай шығармалар өте көп, сол себепті қайсын бейімдеу керек? Мұны әр елдің оқу бағдарламалары, білім беру жүйесі анықтайтыны сөзсіз. Мәселен, «Мектеп» баспасынан шыққан жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағытта шыққан «Қазақ әдебиеті» оқулығында да «Абай жолы» роман-эпопеясын бейімдеп берген [2, 126].

Ақын Саят Қамшыгердің «Ұлы дала батырлары» деп аталатын 2024 жылғы шыққан кітабында 30 батырлар жырын бейімдеп, сығымдап берген. Яғни бұл кітапта батырлар жырының жалпы сюжеті, кейіпкерлері сақталған, алайда жалпы мазмұндық-идеялық негізін қалдырып, екі бетпен мазмұнын жеткізген.

Бейімдеуді зерттеу – балалар әдебиетін зерттеудегі маңызды сала. Ересектерге арналған мәтіндерді балаларға арнап бейімдеу кросс-жанрлық бейімдеу, ал романдарды фильмдерге бейімдеу кросс-медиа бейімдеу деп аталады. Өртүрлі жанрлардың түрлі сипаттамасы мен шарттылығы бар, ал оқырмандар мен олардың қабылдау деңгейі әртүрлі. Оқырмандарда үздіксіз жүретін түрлі өзгерістер шығармалардың стильдік ерекшеліктерін, баяндау әдісін, стильдерін, құрылымдық ерекшеліктерін де, шығармаларда бейнеленетін танымдық, әдет-ғұрып, моральдық нормалар мен идеологияларды да соған сәйкес түзетуді қажет етеді. Мұның бәрі – бейімдеуді зерттеуді қажет ететін мәселелер. Жанраралық бейімделу қарапайым, күрделі болып көрінгенімен, өзгерістер жиі кездеседі.

Біз жоғарыда балалар әдебиетінің білім беру саласымен қалай байланысарын талқыладық. ХХІ ғасырға аяқ басқалы бері пәнаралық байланыс балалар әдебиетін зерттеудің маңызды даму бағытына айналды. Тіпті жалпы әдеби зерттеулерде де пәнаралық байланыс әрқашан дамудың маңызды қозғаушы күші болды. Психология, әлеуметтану, антропология, тарих, философия және өзге де пәндер әдеби зерттеулердің маңызды теориялық негіздері мен маңызды тұжырымдамаларын қамтамасыз етіп, психоанализ, структурализм және экзистенциализм сияқты көптеген әдеби зерттеу парадигмаларын тудырып, әдеби зерттеулердің дамуына

үлкен ықпал етті. Пәнаралық зерттеулер балалар әдебиетін зерттеуде ерекше маңызға ие.

Коммуникативті түрде бейімделген әрі табысты мәтін жазау – күрделі, кешенді міндет. Мұны шешу барысында оқырманның жас ерекшелігі, әлеуметтік және ұлттық сипаты, тілдік құзыре деңгейі сияқты көптеген факторды ескеру қажет. Әрине, белгілі бір аудиторияға арналған мәтіндер басқа топқа сәйкес келмеуі мүмкін. Егер шетелдік оқушылардың көркем шығарманы оқуға қажеттілігі туындаса, түпнұсқа мәтін олардың коммуникативті мүмкіндіктеріне сәйкес қайта бейімделуге тиіс.

Бейімделген көркем мәтін – бастапқы дереккөзден, яғни түпнұсқа көркем мәтіннен туындаған екінші мәтін. Ол бастапқы мәтінмен тақырыптық және сюжеттік негіздің бірлігін сақтай отырып, табысты коммуникация мақсаттарына жету үшін белгілі бір лингвистикалық және лингвистикалық емес қағидалар мен тәсілдерді біріктіру арқылы түрленеді.

Көркем мәтінді бейімдеу процесі белгілі бір лингвистикалық және лингвистикалық емес қағидалардың жиынтығынан тұрады. Олардың өзара әрекеттесу сипатына қарай зерттеуші А. Брыгина бейімделген мәтінді үш негізгі түрге бөлінеді: текст-фрагмент, текст-монтаж, текст-вариант [3, 38].

Бейімдеудің лингвистикалық емес қағидалары (мысалы, цитата келтіру, алып тастау және т.б.) көркем шығарманың құрылымын өзгертуге байланысты, ал лингвистикалық қағидалар (мысалы, ауыстыру, редукция және т.б.) тіл саласына әсер етеді.

Бейімдеу қағидалары мен тәсілдері қарама-қайшылық және иерархия қатынастарында болады: бір жағынан, ауыстыру бейімдеу тәсілдерінің иерархиясындағы ең жоғары деңгейде орналасқан, себебі ауыстыру арқылы кешенді сөйлеу-ойлау операциясының әсерімен бейімдеу процесі жүзеге асады; екінші жағынан, бейімдеу қағидаларының құрылымы бірнеше қарама-қайшылыққа бөлінеді, мысалы: ауыстыру – ауыстырмау, алып тастау – қосу және т.б.

Бейімделу процесінде, негізінен, үш тілдік емес принцип жұмыс істейді: дәйексөз (автор мәтінін сөзбе-сөз сақтау), алып тастау (автор мәтінін алып тастау) және ауыстыру (түпнұсқа мәтінінің құрамын өзгерту).

Қазіргі уақытта балалар әдебиетін бейімдеу зерттеулері нарратологиямен, білім беруді зерттеумен, әдеби когнитивтік

зерттеулермен сәйкес келеді. Сол себепті бұл мүмкін болатын тоғыспалы бағыттар белгілі бір дәрежеде балалар әдебиетін зерттеуде қалыптасып, дамудың күшті әлеуетін көрсетті. Зерттеушілер балалар әдебиетін бейімдеу зерттеулерінің пәнаралық теориясы мен тәжірибесін зерттеу үшін мысал ретінде нарратология, білім беру және когнитивті зерттеулермен балалар әдебиетін бейімдеу зерттеулерінің қиысуын зерделеуге ұмтылады.

Білім мен танымнан басқа, балалар әдебиетін зерттеу әлемдік әдебиетпен, феминизммен, этникалық зерттеулермен, мифтанумен, әлеуметтанумен, кинотанумен, ойынтанумен, ғылыми-фантастикалық әдебиеттермен, библиографиямен, баспа ісімен және кітапханалық ақпараттанумен тоғысады. Қазіргі уақытта балалар әдебиетін бейімдеу зерттеулері нарратология-мен, білім беруді зерттеумен, әдеби когнитивтік зерттеулермен және тұтынушылық теориямен жақсы сәйкес келеді. Сондықтан бұл тоғыспалы бағыттар белгілі бір дәрежеде балалар әдебиетін зерттеуде қалыптасып, дамудың күшті әлеуетін көрсетті.

#### **Әдебиеттер:**

1. Хайфэн Хуэй. Балалар әдебиетін бейімдеу зерттеулері: білімге ерекше назар аударатын пәнаралық теориялық ресурстар. <https://www.torrossa.com/en/catalog/preview/5802507>.
2. Орда Г., Дәрібаев С., Сатылова А. Қазақ әдебиеті оқулығы. Жаратылыстану-математика бағыты. «Мектеп» баспасы, 2019. – 121 бет.
3. Брыгина А.Б. Көркем мәтінді бейімдеудің лингвистикалық принциптері: дис.... канд.филол. ғылымдар. ... – М., 2004. – 200 б.

**A. TOIBAZAR,**  
*Doctoral student of Al Farabi  
Kazakh National University;*  
**G. DAUTOVA,**  
*Acting Associate Professor, PhD*

## **HEROIC EPICS OF THE KHAKASS TURKIC PEOPLE AND THEIR PECULIARITIES**

*Abstract.* Heroic epics, which have been developing over the centuries and whose very place in world civilization is a spiritual value, a spiritual heritage, occupy a special place in the genre of folklore. This article will

identify the genre features of the heroic epics of the Khakass people, one of the Turkic peoples of Southern Siberia, and will also focus on researchers, performers of heroic epics of the Khakass people. In addition, the structure of the Khakass epics is considered, the fact that mythological elements in the motifs of the three-story world, dying, Tulpara, often found in Turkic folk epics, are characteristic attributes of the Khakass epics, elements of ancient epics predominate, is evaluated.

*Keywords:* Khakass Turks, heroic epics, hero, time and space, silhouette motif.

The Khakass, belonging to the minorities of Southern Siberia, officially adhered to the Orthodox branch of Christianity, the vast majority still adheres to the shamanic tradition. Shamanic rituals occupy an important place in the material and spiritual life of the Khakas, as well as other peoples of Siberia. The shamanic Faith of the Khakass was comprehensively studied by such scientists as N.F.Katanova, S.D.Mainagashev, L.P.Potapov, N.A.Alekseev, V.Ya. Butanaev, V.A.Burnakov.

The heroic epics of the Khakas are called the giant nymakh, less often chaalyg nymakh, that is, psalms about the military exploits of heroes. The term nymakh is a term applied to fairy tales and legends during the time of the Khakas. The giant at the beginning of this term is used in the meaning of "Heroic". Giant means "Heroic saga or epic". The giant texts known as nymakh or chaalyg nymakh, there are also texts known as Kip-chokhs of the history of matyrylar [1, p. 31]. These epics, called historical legends, tell about the struggle of the Khakas against the Mongol and Dzungarian invasions between the XIII and XVII centuries. In these songs, where the realistic side prevails over the giant bumps, the name of the invading enemy is called "mule".

The Khakass giant nymakhtar khaiji or the giant nymakhchi by the singers "khomys" (kobyz) or musical instruments called "chatkhan" (Zhetygen) are performed accompanied by the so-called "chatkhan" (Zhetygen) [2, p. 172].

Khakass Haiji are divided into three groups: service Haiji, kichig Haiji, Hurug Haiji. While the haiji, who sing epics to a magnificent melody accompanied by "chatkhan" or "khomus", are called ulug haiji, and the Haiji, who sing epics without adding anything on their part, are called kichig haiji. Hurug haiji is a name

given to singers who cannot sing epics correctly, do not know the episodes completely, and have acting abilities.

The vast majority of Khajiit, who glorify the Khakass heroic epics, came from the red clan. The most famous Khakass hijacks are S.P.Kadyshev, P.V.Kurbizhekov. Khakass heroic epics: *Ai Huujan*, *fossa aurea*, *Chus aureus*, *Khan Orba*, *Khan Mirgen*, *Aurea Taija*, *autumnale nigrum*, *Fossa alba Chibeketc.*

Scientists who studied the Khakass heroic epics: M.A.Ungvitskaya, V.E.Mainogasheva, M.I.Borgoyakov, V.Ya.Butanaev, Ya.I.Sunchugashev, P.A.Troyakov, O.V.Subrakova, etc. Scientists translated, published and researched Khakass heroic epics.

The first information about Khakass folklore was reflected in the reports of the participants of the Kamchatka expedition of 1733-1743. It was attended by members of the Russian Academy of Sciences, famous scientists I.Gmelin, G.F.Miller and others.

In the first half of the 19th century, folklore works gradually began to be published. The expedition of the Finnish linguist and ethnographer M. A. Kastren played an important role in the ethnographic and linguistic study of the peoples of Siberia. A great contribution to the study of the Siberian Turkic peoples in the second half of the XIX century was made by the famous Turkologist V.V.Radlov. He published a ten-volume collection of "samples of folk literature of Turkic tribes". The first scientist from Khakas, N.F.Katanov, made a great contribution to the collection of Khakass epics. He introduced into scientific circulation all the genre forms of Khakass folklore. The study of Khakass folklore began in the XX century. He was directly connected with the opening of the Khakass Scientific Research Institute of Language, Literature and History. The staff of this institute collected materials on folklore. In the study of Khakass folklore, V.E.Mainogasheva paid great attention. In the academic series "epics of the peoples of the USSR" and "Monuments of folklore of the peoples of Siberia and the Far East", the popular heroic psalms of the Khaks "Altyn Aryk" and "Ai Huuchin" are published.

The structure of the giant nymakh consists of a biographical story of the hero (first, second, third generation). Heroic legends associated with the heroes of the first generation make up the first plot

of the epic. Here, the main focus is on the epic biography of the hero. His father, or grandfather, is just celebrating. This plot is also found in the epics of the Turkic peoples, such as Altai, Shor, Tuva. In the Khakass epics, most of the epic tells about the hero in the second generation. The epics tell stories about the heroes of three generations (father-son-grandson). Due to the fact that the family and clan continue on the father's side, the father's inheritance remains the son's inheritance, the son continues the business left by the father. In the Khakass epics, it is mainly traced that what the father could not do was carried out by the son.

In Khakass heroic songs, especially in the motifs of creation, one can clearly see the influence of myth. Even in the Khakass epics, the action takes place in a three-story world consisting mainly of the sky, the surface of the earth, and underground, as in other Turkic epics of Southern and northern Siberia. These three worlds become the place of navigation for the heroes of the epic. In a short time, the hero can travel through all three of these worlds, originating from a mythical imagination, mythical consciousness. Since the three worlds are connected to each other through a shaft passing through the middle, they can move from one world to another. The gods are on the ground, the dead are coming out of this hole underground. The shaman's spirit also follows these paths on its mystical journey to heaven or underground. The heroine plunges underground, fights the evil forces of the underworld, and searches for a bride – a plot that is widespread in the Altai, Khakass, and Tuvan epics.

In Kazakh folklore, one can observe such scenes from heroic fairy tales as "Er Tostik", " Kün astyndağy Künikei qyz", etc. However, in the ancient Kazakh epic, the action does not take place in as many as three worlds, as in *Olonkho*, but mainly above and below the ground. About him Sh. Ualikhanov says that "people also live in the sky, they connect the belt to the throat, we live in the center of the world, so we connect the belt to the belt, and those who live underground (they also have their own day, month, stars) connect the belt to the legs" [3, p. 21].

The manifestations of the lower world, which are evidence of mythical consciousness in ancient times, especially in the epics of the Altai and Yakut peoples, have one common structure in the Khakass heroic epics. All epics begin with a description of how the surface of

the Earth was formed. We see two colors that dominate the epics: white and black. White color means good, justice, and black color is considered a sign of evil, lies, and injustice.

In the Khakass epics, time and space are often linked to each other. The hero grows up in a short time and rides on a saddle. Fighting with competitors sometimes takes years. He travels with horses to the lower world, to the upper world. The function of speed in mythical space is performed by a steed flying in the epic. The mythical characteristic of the horse is vividly reflected in the epic. Since in the epic the character and size of the path are measured by a mythical distance, only a flying silhouette can overcome it. "In the Sakha, Khakass and Altai epics, the names-Sun, Moon, cloud, etc. are depicted with the features of a celestial appearance. Tulpar has a length from the sun, a kilometer across. The space in the heroic myth travels with such a silhouette both in the heavenly world and underground.

Good heroes will never be killed by enemies. Even if he is killed, he will burn again thanks to the medicinal plants. For example, in the Khakass epic "Altyn Aryg", where mythological motifs are common, the Golden Aryg penetrates the earth from the side of Huu Frost from the inanimate beating in the blessed rock with a stream of water of life into itself and in the name [4, 97]. The Golden Aryg is a hero to me from humanity. The golden Aryg was given to Tengri on earth to defeat his enemies. However, the Golden Aryg dies at the end of the epic, not paying attention to the features given to him by God. Many superstitions of the Turkic epics are considered to be people sent to the land of Tengri. The difference between the Khakass heroic epics from other Turkic peoples lies in the fact that the vast majority of the main characters are Ayel. Ai Huuchin in the epic "Ai Huuchin" batyr is a female hero. He was born to a stallion mare. The name my brother went by. Horse meat is not eaten after the surname has become a horse. Ak Chibek Aryg ta is a woman. He comes out of the cave with a name. Because they have amazing strength, they cannot get married and be happy with ordinary people. He lives his life, defending his country, his land from enemies. The female heroes are extraordinarily beautiful, both the moon and the sun. The hair of the equestrian hero is intertwined with each other. The presence of several strands of hair means that in the Khakass culture the girl has a loose head. After marriage, girls comb their braided hair and braid it back into double



strands. In the Khakass people, a double strand means that a girl is married to a woman.

In the Khakass epics, horses occupy the same important place as the main characters. Sometimes it gets in the way, gives advice so that the characters don't make mistakes. All the silhouettes are talking to their owners. The common feature of names in epics is to be "miraculous". The name of the hero is not given before he receives a Tulpar. The name must be attached when the hero's name is pronounced. The dust coming from behind the horse flying over the tree, under the clouds, rises into the sky. The ground sways from the horse's gallop, and the sound of hooves can be heard from the three-day road. In the Khakass epic, after the elder gave the name to the hero on the white felt, "the people called my name. Now let me take the horse.

Thus, the hero also gets a silhouette and clothes along with the name. When the hero makes a mistake, tulpari speaks to him humanly and gives him advice: "My wise Lord, although He gave you a camel, he did not give you intelligence. Are you lost in your mind? You're an idiot," he objected and headed towards the hero.

In the Khakass epic "Ai Huuchin" Ai Huuchin notes that "the elusive winged Red lattice horse is "Tengri-foal", "Ala Kula-horse", which he rode, is the name sent by Tengri:

Qairylmas qanaty bar Qyzyl tory at  
Tãñir qũlyny bolsa,  
Qarğyğan Ala qũlam da  
Tãñir jıbergen at [1, 257 б].

In the Khakass epic "Ai Huuchin", where samgai flew in the sky, moving the heavens, "Khan-Boz-horse" and "dark red horse", madame lands like a bird on a peak [1, p. 323]. In the epic "golden Aryg", "deep lakes form in the places of the white horse's past" [4, 287], in the epic "Black Raven", when the Golden Sarach is riding a yellow horse, lakes form from the places where the horse kicks, flames emanate from the stones [4, p. 127].

Many mythological elements can be found in the Khakass epics. The heroes, like themselves, fight both human enemies and various creatures living underground. Dead heroes are resurrected several times. The two heroes fight each other like a mountain fighting a mountain. In the end, the winning hero also throws his horse's neck

after killing a competitor. The plots in the Khakass epics, which begin with the capture and sports of the enemy's country, end with the hero breaking out of the enemy, destroying and defeating the enemy, marrying the hero's wedding.

#### **References:**

1. Ergun P. Hakas Destancılık Geleneği ve Ay Huucun. - Konya: Kömen Yayınları, 2010. - 391p.
2. Türk dünyası aşık edebiyatı / edit. N. Ata Yıldız, F. Ahsen Turan. - Ankara: İlksan Matbaası, 2016. - 812 p.
3. Uälihanov Ş.Ş. Tañdamaly. - Almaty: Jazuşy, 1980. - 416 p.
4. Hakas destanlar I / hzl. Arıkoğlu E. - Ankara: TDK yayınları, 2007. - 729 p.

***Т. ТУРДАЛИ,**  
докторант 1-курса  
филологического факультета  
КазНУ имени аль-Фараби*

## **МИФОЛОГИЧЕСКИЕ И МАГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ЖАНРА ФЭНТЕЗИ**

Введение. Жанр фэнтези, как многогранное явление литературы и культуры, стал важной частью современного искусства. Основываясь на богатых культурных традициях, включающих мифологию и магию, он раскрывает безграничные возможности человеческого воображения. Популярность жанра проявляется не только в литературе, но и в кино, видеоиграх, комиксах и других видах искусства. Чтобы глубже понять специфику жанра фэнтези, необходимо изучить формирование и развитие его мифологических и магических основ. В данной статье рассматривается роль мифологии и магии как основы жанра, их взаимосвязь и теоретический анализ.

Фэнтези – это жанр, который описывает миры, оторванные от законов реального мира, основанные на вымышленных и волшебных элементах. Его основные черты:

- Сверхъестественные элементы: магия, боги, мифологические существа.

- Создание уникальных миров (worldbuilding): автор создаёт уникальную вселенную с собственными законами и правилами.

- Мифологические архетипы: в персонажах и сюжетах отражаются древние мифы и легенды.

Мифология и её роль в жанре фэнтези. Мифология является фундаментом жанра фэнтези. Архетипы, персонажи и сюжетные линии, встречающиеся в древних мифах, возрождаются в произведениях фэнтези в новых формах.

### 1. Мифологические архетипы

Согласно теории архетипов Карла Густава Юнга, мифы сохраняют важные образы коллективного бессознательного человечества. Эти архетипы активно используются в жанре фэнтези:

- Путешествие героя: концепция "героя с тысячей лиц" Джозефа Кэмпбелла лежит в основе многих произведений фэнтези. Например, образ Фродо из "Властелина колец" Дж. Р. Р. Толкина воплощает этот архетип.

- Демоны и монстры: мифологические существа являются неотъемлемой частью фэнтези. Они символизируют древние страхи и чаяния человечества.

### 2. Возрождение мифов

Жанр фэнтези перерабатывает мифы, создавая новые смыслы. Этот процесс называют «интертекстуальностью». Например, скандинавская мифология нашла отражение в современной фэнтези, как в романе Нила Геймана "Американские боги".

### Магия как вторая основа жанра фэнтези

Магия является ключевым элементом, двигающим сюжет и влияющим на действия персонажей. Для понимания её роли в литературе важно рассмотреть её структуру и символическое значение.

### 1. Виды магии

Магия в фэнтези представлена в двух основных формах:

- Систематическая магия: основана на строгих правилах и законах, как в произведениях Брэндона Сандерсона.

- Интуитивная магия: менее структурированная, эмоциональная и таинственная, как магия в произведениях Толкина.

### 2. Связь магии и мифологии

Магия часто основывается на мифологических представлениях. Шаманизм, колдовство и идеи управления силами природы в древних культурах стали основой магических элементов в жанре фэнтези.

Современные теоретические вопросы жанра фэнтези. Основанность жанра фэнтези на мифологии и магии позволяет рассматривать его как уникальное явление в литературе. Однако его методы соединения реального и фантастического требуют глубокого теоретического анализа.

#### 1. Диалектика реализма и фантастики

Хотя миры фэнтези являются вымышленными, они должны казаться убедительными для читателя. Одним из главных условий жанра является "приостановка недоверия" (suspension of disbelief).

#### 2. Символизм и аллегория

Фэнтези насыщено символизмом. Например, произведения Дж. Р. Р. Толкина отражают страхи западного мира в послевоенный период.

Заключение. Жанр фэнтези – это уникальное литературное явление, рожденное на пересечении мифологии и магии. Основанный на мифологических архетипах и магических элементах, он демонстрирует безграничность человеческого воображения. Кроме того, фэнтези служит ценным методологическим инструментом для изучения современной культуры и философии. Будущее развитие жанра будет зависеть от новых интерпретаций мифологии и магии, что подчеркивает актуальность дальнейших исследований.

#### **Литературы:**

1. Оксенчук, А.Е. Зарубежная детская литература: учеб.-метод. пособие / А.Е. Оксенчук. – Витебск: УО «ВГУ им. П.М. Машерова», 2010. – Режим доступа: <https://lib.vsu.by/xmlui/handle/123456789/2192>. – Дата доступа: 10.09.2022.

2. Громова, В.В. Феномен популярности жанра фэнтези в современной массовой литературе для детей / В.В. Громова // Вестн. Черепов. гос. ун-та. – 2012. – Т.1, №4. – С. 74 – 77.

3. Травкин, С.В. Магическая реальность фэнтезийного мира: к вопросу о жанрообразующих признаках романа фэнтези / С.В. Травкин // Вестн. Минского гос. лингв. ун-та. – 2017. – Вып.6. – С. 298 – 307.

4. Психология развития и возрастная психология / С.И. Самыгин [и др.]. – Ростов н/Д : Феникс, 2020. – 315 с.

5. Штайнмайер, М. Перспективы: Феномен фэнтези / М. Штайнмайер // Видеохостинг YouTube [Электронный ресурс]. – 2013. – Режим доступа: <https://youtu.be/0cb2Z7hvKq>

**А. УТЕШОВА,**  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторанты;*  
**Н. МӘТБЕК,**  
*доцент, филология ғылымдарының кандидаты*

## **МАДИНА ОМАРОВА ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИСТИКАЛЫҚ САРЫН**

Қазіргі қазақ прозасындағы қаламгерлер қолтаңбасынан жаңа көркемдік кеңістік пен уақыттың лебін танимыз. Өмір құндылықтары қатты көңіл бөлетін проза бүгінде махаббат, отбасы, ұлт пен ұрпақ қамы, әке мен бала, ер мен әйел, ана мен бала, қыз бен жігіт, т.б сынды дәстүрлі тақырыптардан биіктеп, олардың психологиялық мәніне тереңдеп, кейіпкерлерінің ішкі жан әлеміне үңілу басымдық беруде. Қазіргі әдебиеттегі соны ізденістерге барып жүр- ген жас прозашылар кәдімгі дәстүрлі көркем прозадан гөрі мистикалық сарындағы туын- дылар жазуға көшкен сияқты.

Қазақ әдебиетіндегі Қойшыбек Мұбарак, Мақсат Мәлік, Мадина Омарова, Лира Қоныс прозасынан оқырманының санасын сескендіріп, үнемі үрейде ұстап отыруды саналы түрде таңдауынан мистикалық прозаның ерекшелігі көрінеді. Бұл жазушылар туындыларында халықтың бай мәдени қабаттарын құрайтын тотемдік ұғымдарды трансформациялау арқылы қоғамға қатысты жеке көзқарасын, идеясын, түпкі ойын жеткізуде белсенді қолдануда.

Мистика – ежелгі грек философтары Платон, Сократ, Герместердің эллинистік мұраларында кездесетін байырғы ұғымдар қатарына кіреді. Аталған неоплатоншылар мистикаға «табиғаттан тыс тылсым дүниенің бар екендігіне сену» деген анықтама береді. Орта ғасырда христиан, ислам, иудаизм, даосизм сынды діндерде мистиканың элементтері кездеседі.

Орыс фольклортанушысы М.И. Шахнович: «Мистика» (грек тілінен алынған *mystikos* – «құпия») – табиғаттан тыс күштердің бар екендігіне сену және әртүрлі магиялық тылсым әдістер арқылы олармен тікелей байланысқа түсуге болатын діни-идеологиялық сенім көрінісі», – деген түсініктеме келтіреді [1]. Т.Ф. Ефремова «мистика – адамның басқа әлеммен тікелей қарым-қатынасы, діни сенім. Түсініксіз тылсым жұмбақ дүние, сөзбен түсіндіруге келмейтін құбылыс» – деп тұжырымдаса, орыс жазушы В.Даль «мистика – ілім, наным, түсінік немесе құпиялықты ашу мен ритуализмге бейімділік» – деген түсініктеме берген. Еуропалық ғалым Аннемари Шиллер «Мир исламского мистицизма» атты зерттеу еңбегінде «Мистицизм барлық діндер арқылы өтетін «ұлы рухани ағым» деп жазады. Орыс әдебиетінде мистикалық мотивтерді Н.В. Гогольдың «Пропавшая грамота», «Ночь перед Рождеством», «Заколдованное место», «Портрет» әңгімелерінде, М.А. Булгаковтың «Мастер и Маргарита» романында адам болмысының сырлары ашылған. Бұл туындылардың кейіпкерлері осы өмірде кездеспейтін бейнелер. Олар ирреальды әлемде және сол әлемнің заңымен өмір сүреді. Мистикалық әдебиеттің ерекшелігі де осындай сипатымен көрінеді. Шетелдік әдебиеттану ғылымында мистиканы психологиядан бастап, дін тарихымен және философиямен байланыстыра зерттеуге көбірек ден қояды. «Әдебиеттегі мистика жанры ертегі, миф сынды фольклорлық жанрларының қазіргі уақытта өмір сүріп жатқан жалғасы іспеттес. Бұл жанрда фольклорда кездесетін түрлі фетишизм, тотемизм, анимизм, шаманизм, т.б. элементтері жазба көркем әдебиеттің дискурсына қатысып, сан алуан көркемдік қызмет атқаратыны белгілі» [2], – дейді зерттеуші Г.М. Ахметова.

Қазақ әдебиетінде халықтың рухани әлемін дамытуға талпынған, мифология мен мистикалық сарынға жүгінген шығармалар тәуелсіздік жылдарынан бастап жарияланды. Қазіргі қазақ прозасында халық дүниетанымында орныққан мифтік, фольклорлық, тотемдік символдар арқылы қоршаған орта проблемаларын интерпретациялау үрдісі бар. Жазушылар жұмбақ құбылыстардың астарына үңілу отырып тың көркемдік-пәлсапалық идеяларды жеткізуге ұмтылады. Әдебиетте құпияға толы адам болмысы мен табиғат құбылыстарын ашуға деген талпыныс

қарқын алғанымен, жазушылар сан қатпарлы мистика әлеміне терең бойлап, түрлі әдістерді іздестіріп келеді.

Қазақ прозасына жаңа бағытты қалыптастырған жазушылардың бірі Т. Әбдіктің «Парасат майданы», «Оң қол», «Ақиқат» туындыларын осындай ізденістерден туған деуге болады. Жазушы шығармаларында психологиялық формалар мен философиялық түйін, мистикалық сюжет тәсілдерін шебер қолданған. Басты идеясы жарқын болашақ, бақыт, ізгілік үшін күрес деп негіздеуге болады. Кейіпкердің ішкі психологиялық әлемі арқылы, қазіргі адамзатты толғандыратын мәселелерді шешуге тырысқан. Әлемдегі зұлымдықтар мен жауыздықты бетпердесін ашу үшін ғажайып, тылсым дүниенің жұмбағына жүгінген.

Қазір зерттеушілер «қазақ прозасында тұтастай мистикалық сарында жазылған шығарма жоқ деп айтсақ болады, мистикалық кейбір элементтері кездеседі, немесе көркем туындыдағы мистикалық сюжет деп атауға болады» [3] деген пікір де айтады. Мистикалық шығарманың кейіпкері өзіміз танитын кейіпкер, қаһармандарға ұқсай бермейді, тылсым күштердің оқиға орны аспан не жердің әлемі, демек кейіпкер дерексіз болып келеді, содан шығар, бірыңғай мистикалық жанрда жазатын жазушылар әлі кездеспейтінін айтады. Қазақ прозасында таза мистикалық шығарма бола алатын, сондықтан мистикалық элементтері бар десек дұрыс болар еді.

Қазіргі қазақ жазушылары тың көркемдік әдістерді дүниеге келтірумен қатар, халықтың ауызекі әдебиетіндегі байырғы классикалық фольклоризмдер мен мифтік, аңыздық тотемдік ұғымдарды қайта жаңғырта қолдануда. Осы тұста бүгінгі мистикалық прозадағы автор интенциясын айқындауға септесетін көркемдік әдіс-тәсілдер ретінде ежелгі тотемдік мифтерді, жоғары, орта және төменгі деп аталатын үш әлемді байланыстырып тұрған зооморфты бейнелер мен магиялық элементтерді атауға болады.

Ғалым Г. Пірәлиева «Дәл қазіргі рухани құндылықтар қадірі құлдыраған заман бейнесін берерлік қатыгездікті осындай әфсаналық сипаттағы мораль кодекстері, ойлы дүниеге опасыздық танытқандарға ой саларлық оқшау оқиғалы, оғаштау ойлау жүйелері, жаңаша жазу стилдері бүгінгі көркемдік

танымдағы өзгеше өрнекті, тың талпыныстарды танытады» дейді.

Көркемсөз өнері дамыған сайын әдебиет түрлері мен жанрлары, бағыт-бағдарлары өзара тоғысып, көптеген гибриді туындылар пайда болды. Яғни мифтік, аңыздық шығармалар мен басқа да өнер түрлері жазба көркем әдебиетке сан қырынан ықпал етіп, түрлі соны ізденістен туған шығармалар жазылуда. Фольклорлық сюжеттер мен мотивтерді жаңаша сипатта интерпретациялау қазіргі қазақ прозасынан айқын көрінеді. Әсіресе мистикалық сарындағы шығармаларда түркі халықтарының дүниетанымындағы культтік ұғымдар репрезентацияланған.

Қазақ әдебиетіндегі мистика көне түркі мифологиясымен біте қайнасқан. Яғни әрбір халықта кездесетін әлдебір тылсым дүниенің астарында тарихи шындықтың жатуы заңдылық. Мистиканың әдебиетпен байланысын зерделей отырып, оның көркемдік қызметін қазіргі қазақ прозамыздың төңірегінде қарастыру бүгінгі әдебиеттану үшін маңызды. Көркем туындыда қазіргі өмір реализмі көркем бейнеленеді. Автор көркем мәтінде қазіргі заманның белгілерін әртүрлі қолданады. Бір жазушы оқырманның қауіпті және белгісіз нәрсеге деген барлық құштарлығын оятса және өз шығармаларының беттеріне қорқынышты шындықтың атмосферасын жеткізсе, ал енді біреуі біздің заманымыздың пародиялық бейнесін жасайды.

Қоғамның даму процесінде әдебиет те өзгеріске ұшырайды және оның өзгеруіне жауап береді және әдебиет біздің заманымыздың өзіне тән ерекшелігін көрсетеді.

Қойшыбек Мұбарактың «От ару», Мақсат Мәліктің «Үшінші әлемнің тұрғыны», Мадина Омарованың «Күзгі бір кеште», «Жұмбақ» атты көркем туындылары арқылы қазіргі қазақ прозасы тенденциясында мистикалық әдістің психологиялық, діни-философиялық, мәдени тарихи тәсілдері мен адамзаттың әлемге деген қарым-қатынасының концептуальдық жүйесін көруге болады.

Қаламгерлер өз заманының рухани қажетіне сай ықшам жазылған, тез қабылданып, жедел оқылатын аз көлемді шағын жанрдағы психологиялық мәтіндерді жазуға мәжбүр. Көркем өнердің мәңгілік құндылығынан гөрі бүгінгі өмір ырғағына көшкен, көңіл көтеруге бейімделген, барлық жастағы оқырманға



бағышталған көпшілік әдебиеттің – детектив, триллер, мелодрама, фантастика, бестселлер т.б. сынды жанрлық түрлерінің дәуірі де бүгінгі дәуір. Жазылу мәнері жағынан түрлік ізденістерге толы көркемдік танымдағы тәмсіл-толғаныстар, эссе-суреттер бүгінгінің болмыс бейнесін бедерлейді. Толғаныстар, эссе-суреттер бүгінгінің келбетін танытады.

Қазіргі қазақ прозасында өзіндік орны бар қаламгерлеріміздің бірі – Мадина Омарова. Жазушының «Жол үстінде» әңгімесіне назар аударсақ әңгіме бірінші жақтан баяндалады. Шағын әңгіменің қысқаша фабуласы мынадай: түннің суық ауасында жолаушылап келе жатқан қыз алдынан қарауытып кетіп бара жатқан жігітке тіл қатады. Ауылдасы – ит асырайтын Алмабектің баласы екен. Бірақ жүзін көрсетпейтін әрі сақ ауланып сөйлейтін ауылдасын танымайды.

Әдетте, мистикалық шығармалардағы оқиға түн мезгілінде болады. Бұл әңгіме басталысымен бірден аңғарылады. «Түн болатын. Ауадан бөлек иіс сезіледі. Қараңғылықтың иісі. Суық. Екеуміз келе жатырмыз. Алдымыздағы жыланша ирелендеген қара жолдың шегі көрінер емес. Көзімді жұмдым да, жолдан шығып кетем бе деген қауіпке шыдай алмай қайта аштым. Бәрібір түнек» [4, 127]. Кейіпкер мен жолсеріктің арасындағы диалогтан бұлардың баратын бағыттары бір екенін, бір ауылда тұратын жандар болғанымен бір-бірін танымайтындығын да әңгіменің мына жерінен байқайсыз:

«– Біздің ауылдан емес сияқтысыз ғой, – деп әңгіме бастадым. – Неге? Көкқайнарданмын. – Танымайтын сияқтымын. – Неге? Ол есіне әлдене оралғандай жүрісін жеделдете түсті. – Ауыл кішкентай ғой, бәрін білемін деп жүрсем... Түрін көргім келіп бетіне қанша үңілсем де, қараңғылық құрған шымылдық көлегейлеп жібермеді. – Мен сізді танымаймын. – Сен етікші шалдың қызы емессің бе? Конторда есепші болып істейсің. – Иә. Әкем былтыр қайтыс болған. – Білемін. – Ал сіз ше? – Мен Алмабектің баласымын. – Қай Алмабек? Ит асырайтын ба? – Иә. Мырс ете қалды».

Бас кейіпкер алақандай ауылдағы кімнің-кім екенін, не іспен айналысатынын да жақсы біледі. Жігіттің әкесі Алмабекті ауыл ғана емес бүкіл ауданға аты мәшһүр екенін тілге тиек етеді.

Бірақ оның баласы барын білмейді. Десе де кейіпкер өзі ауылдан көрмеген бейтанысына мынадай сұрақ қояды:

«– Орталыққа жай барып па едіңіз? – Мен бе? Таңданғаны сонша суыт жүрісінен жаңылып, бетіме үңілген. Содан кейін сабасына түсті білем, баяғы жылдамдығын қайта тапты. «Есі дұрыс емес пе» деген ойдың басыма жаңа келгеніне қайран қалдым. Өзі сақау, өзі жынды. Құдай, саған не жаздым? – Керісінше, орталықтан келемін. Ауылда тығыз шаруа болып. Түкке тұрмайтын шаруа, бірақ өзім келмесем бітпейтін болды. – М-м-м.. Түсінікті».

Мистика жанрына сай әңгіменің құпиясы кейіпкеріміз үйіне жетіп, әжесімен сөйлескеннен соң шешіледі. «Есі шығып қарсы алған апама қайғылы пішінмен: – Жаяу келдім, – дедім. – Ойбай-ау, жалғыз ба? Қасқыр жеп кетсе қайтер едің. – Қайтушы ем. Қызықсыз... Бетіме бағжиып қараған апама мән бермеген күйі көрпенің астына кіріп кеттім. Апам көзін алар болмаған соң: – Жалғыз келген жоқпын. Алмабек шалдың баласы екеуіміз келдік, – деп шынымды айттым. – Қай Алмабек? – Иттері бар ше. Апам ернін сылп еткізді. – Оның баласы өліп қалмап па еді. – Өлмей-ақ тірі. Бірге келдік деп тұрмын ғой. Апам сандықтың үстіне отыра кетті. – Оның жалғыз сақау баласы авариядан кеткен. Он жыл болды, міне. – Сақау деймісің? Мен жүн көрпенің салмағын елемей көтеріліп алдым. – Сақау болатын...» [4, 127]. Иә, жол серікте сақау болатын. Алмабекті жалғыз басты кісі білетін кейіпкеріміз оның баласы болғанын да естіді. Ал келесі жолдарды оқығанда: «Ертеңінде ұлыған иттердің дауысы астында қалған ауыл Алмабек қарттың қазасын естіді» бас кейіпкеріміз кіммен жолдас болған деген ойда қаласыз. Жол үстіндегі серігі асығыс болатын. Мүмкін жан алғыш болар. Кім білсін...

Шағын ғана әңгімеде мистика жанрының бірнеше элементтері кездесетінін байқаймыз. Оқиғаның қараңғы түнде орын алуы; жолсеріктің жұмбақ адам екендігі; ең қызығы кейіпкерімізбен бірге келген жігіттің бұрын қайтыс болып кеткендігі, яғни елеспен сапарлас болуы; осы құпияның шығарма соңында берілуі де бұл жанрдың ең басты ерекшеліктерінің бірі дер едім.

Әңгіме қысқа болғанмен, мұнда салмақты әрі күрделі ғылыми пайымдарға жүк боларлық детальдар аз емес. Поэтикалық тұрғыдан алып қарағанда, пейзаж (түн, ызғар, ирелендеген

жол, жарық т.б.), диалог (қыз бен апасының, қыз бен «о дүниеден келген жігіттің» арасында өрбиді), монолог (қыздың жол үстінде жігіттен мардымды жауап ала алмай келе жатқандағы неше алуан ойлары) сынды көркемдік бірліктердің орны үлкен. Шығарманы оқып отырған оқырман басында қалыпты әрі шынайы эпизодтар деп қабылдағанымен, түйініндегі апасының бір ауыз сөзін оқығанда, әңгіме шешімінің мүлдем басқа арнаға ауыстырып жібергеніне куә болады. Өйткені мұнда иррационалистік құбылыстар басты назарда ұсталады. Біз өмір сүріп отырған қоғамда ғылым қарыштап дамыды дегенімізбен, дүниенің сырына жеткен ешкім жоқ деген ой оқырман санасын билеп алады.

«Жол үстінде» деп аталатын М. Омарованың әңгімесіндегі өмір өлім категориясына қарама-қарсы алынады. Сонымен бірге, үш кейіпкер – қыз, апасы және бейтаныс жігіттің диалогтары арқылы олардың құндылықтар жүйесі белгілі бір деңгейде айқындалады. Мысалы, сақау жігіт үшін еш нәрсе құнды емес. Ал жас қыз үшін үміт, тіпті махаббат, өмір, мейірім құндылықтары маңызды. Қазақ танымында өмірден өтер кісіні о дүниелік туыстары шақырады деген түсініктің бар екені рас. Сонымен бірге әңгімеде жол әдейі алынған деп ойлаймыз. Динамикалық кеңістікте түн қараңғысында келе жатқан қыз бен о дүниеден келген жігіт қана емес, айналаның бәрі бұлыңғыр халде күн кешіп, тынымсыз алға жылжитын бүгінгі адамның тұлғасы болса керек деп топшылаймыз. Тірі адамды бес күн ғұмыр кешетін жолаушыға теңейтін мотивтер әдебиетімізде бар. Сол секілді, негізгі кейіпкерлер бейнесінің жолаушылап келе жатқанда ашылуы осыны аңғартса керек. Жолаушылап келе жатқан жігіт пен қыздың бірімен-бірінің әңгімесі жараса қоймағаны да өмір мен өлімнің аражігін айыруға сеп болып отыр. Бір жағынан, өлімді ұмытқан, ол туралы қам жеп, артына қандай ізгі мұра қалдыраам деген ойдан алыс қазіргі қоғам мүшелеріне сабақ болсын деген ой қылаң береді. «Қайда барса да, қасына артық-кемсіз он ит ертіп, дүниені азан-қазан етіп жүретін». Шығармада өзара контрасты бірліктер аз емес. Қысқа болса да, осындай сипатымен де әңгіменің көркемдік салмағы арта түскен. Қараңғылық пен жарық, аспан мен жер, өмір мен өлім, жылу мен суық, жігіт пен қыз, әке мен бала, қыз бен ана, жас пен кәрі, үміт пен үрей – бәрі де осы шағын шығармадан табылады. Тіпті негізгі екі

кейіпкердің бірі сау болса, екіншісінің ақыл-есі кем секілді, тіпті тілі де мүкіс, сақау. Осы секілді қарсылықты мәндегі бірліктердің көп болуы да мына әлемнің шынайы да тылсым табиғатын ашуға қызмет етіп тұр. Мадина Омарованың «фольклорлық құндылықтарды өз ой-санасында қорытып, жаңаша серпін беру арқылы адам жан жүніесіндегі қайшылықтар мен өзгерістерді көрсетудің, жеке тұлғаның болмыс ерекшелігін ашудың психологиялық құралы дәрежесіне көтере алған» жазушы екенін осыдан аңғаруға болады.

Мадина Омарованың мистикалық сарында жазылған шығармаларының бірі – «Жұмбақ» әңгімесі. Әңгіме бірінші жақтан баяндалады. Әрине, оқиға түнде орын алады. Бас кейіпкердің достары телефон шалып, өздерінің жол апатына ұшырағанын, біреулерді шақыра салуын өтінеді. Көпірдің маңайында тұратындарын да айтады. Бірақ, бас кейіпкердің «Барлығың амансыңдар ма, әйтеуір?» сауалына «-Жоқ, жоқ аман емеспіз» деген жауапты оқығанда тіксініп қаласың. Жан ұшырып, достарын құтқармақ болып жедел жәрдемге, құтқару қызметіне телефон шалып, өзі де таксимен жеткенде достарының таңертең қайтыс болып кеткендігін біледі. Сонда бұған қоңырау шалған кім? Досының аруағы. Аруақпен сөйлескені түсі немесе ойдан шығарылған дейін десең жол апаты шынымен орын алғаны белгілі болып тұр. Досының өзімен сөйлескен дейін десең олардың барлығы таңертең қайтыс болып кеткен. Әңгіменің жұмбақтығы осы. Жұмбақ әңгімеде түн жарымындағы телефон шырылы, аруақпен тілдесу, жан тынышсыздығы суреттелген.

Сонымен қатар Мадина Омарова «Күзгі бір кеште», «Патша қызының өлімі», «Қария», «Жартас басында» т.б. әңгімелерінде мистикалық стильді қазақ тірлігіне сіңісті үлгіде жеткізе білген. Автор өзінің осы қадамын былайша түсіндіреді: «Мені эзотерикалық әдебиет, қалыптасқан түсініктен тыс, тылсым дүние жайлы ілім қызықтырады. Осы қызығушылығымның жемісі ретінде кейде осы бағытта қалам тартамын. Содан соң готика жанры жайлы сөз айтқанда, тасада тұрып, айқаймен секіріп шығып, бірін-бірі қорқытатын балалар ойыны көз алдыма елестейді. Бұл да ләззаттың бір түрі. Бұл жерде көркемдік жағынан өнер деңгейіне жеткен болса, шығармаға кез келген тақырып өзек бола алатынын дәлелдеп жатуды артық санаймын».

Қаламгер қазақ прозасында интеллектуалдық дамудың үрдісі жүріп, жаңа құндылықтармен толығып жатқанын анықтай түскендей. Модернистік поэтиканың сана ағымы, фантастикалық бейнелеу, түс, т.б. түрлерін пайдаланған. Характерлердегі сапалық өзгешеліктер жаңа философиялық таным, дүниетану жаңа стильдік бедерлер, көркемдік ерекшеліктермен берілген.

Мәдина Омарова – әртүрлі эксперименттерге бара білетін, қарасөзбен лирикалық нәзік иірімдер жасай білетін жазушы. Оның шығармашылығында «қатал реализм мен жылы лирика, гуманистік сарын кірігіп жүретін де, әрқайсы жеке тұрып әңгіменің негізгі қырына айналатын жерлері де бар» [5] екенін көрнекті әдебиеттанушы Р. Әбдіғұлов жазған болатын.

Мистикалық сана көріністерінің бүгінгі әдебиетке де жат емес екенін автордың прозасынан көріп отырмыз. Уақыт өткен сайын мифтік образдар мен ежелгі композициялық-сюжеттік детальдардың жаңа тұрпатта қайта сөз өнеріне еніп жатқаны осының дәлелі болса керек. Бірақ бүгінгі қаламгер мифтік танымның жемісі болып саналатын бірліктерді қаз-қалпында қабылдамайды, өзінің шығармашылық лабораториясында өңдеп, бұрынғыға әрі ұқсайтын, әрі ұқсамайтын кейіпте оқырманға жаңаша ұсынады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Шахнович М.И. Современная мистика в свете науки. – Наука, 1965. – 205 с.
2. Ахметова Г.М., Ахметова А.М. Қазіргі мистикалық шығармалардағы тотемдік бейнелердің символдық мәні / ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №3 (183).2021.
3. Асқарова А.Ш. Қазақ және шетел прозасындағы мистика «Keruen» scientific journal Volume 73, Number 4 (2021).
4. Омарова Мадина. Қадір түні: Проза. / Мадина Омарова. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2012. – 320 б.
5. Әбдіғұлов Р. Жаңа прозаның біздегі белгілері / «Қазақ әдебиеті», 1-7 ақпан, 2013 жыл. №5 (3325).

**Г. МУЖИГОВА;  
Э. СЕЙСЕНБИЕВА,**

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті, Алматы қ., Қазақстан*

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ҰҚСАСТЫҚ ПЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

*Түйіндеме.* Мақалада қазақ және орыс халықтарының ертегілерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктері туралы айтылады. Әр халықтың ертегілерінің өзіндік ерекшеліктері мен әдебиетте алатын өзіндік орны бар. Соның ішінде, ертегілердегі кенже баланың дәріптелуі мен ұқсастықтарына тоқталып, қазақ және орыс ертегісіне салыстырмалы талдау жасалады.

*Кілт сөздер:* ертегі, орыс ертегісі, кенже ұл, фольклор, ауыз әдебиеті.

Орыс ертегілерінің ішінде жиі-жиі кездесіп отыратын, әсіресе патша немесе ғашықтық оқиғалар айтылатын ертегілерінде ұшырасатын жалқы кейіпкер бар. Ол – Иван Ханзада. Патшаның ең жақсы көретін кенжесі Иван царевич ағаларына қарағанда, ақылды, жол тапқыш, қалаған бақытына қол жеткізе алады. Алыс сапарларға аттанып, қауіпті жолдарда келе жататын оған кез келген жолындағы мақұлықтар, аңдар жәрдем беруге дайын тұрады. Бұл жағынан келгенде, ол қазақтың «Ер Төстігіне» ұқсайды. Бірақ «Ер Төстіктің» мақсаты бүтіндей бір елдің мақсатына сай келетін болса, ханзаданікі өзіне жар іздеу, сөйтіп жеке басының махаббатын табу. Қазақ ертегісіндегі Ер Төстіктің жер астына түсіп, сонда жауларын жеңуі адамның барлық табиғат күштерінің алдында күштілігін, үстемдігін көрсететін бірден-бір белгілі [23, 67].

«Иван ханзада мен сұр қасқыр» деп аталатын ертегіде Берендей деген патшаның кенже ұлы Иван туралы айтылады. Патшаның тек алтын алма ғана өсетін алмасына түнде ұры түсіп, алтын алмалардаң түгін қалдырмай шоқып кететін болады. Содан алтын алмаларына іші ашыған патша ештеңе жемей, уайымдап бүк түсіп жатып алады. Әкелеріне жандары ашыған ұлдары ұрыны ұстауға серт береді. Бірақ ешкімнің де қолынан ұрыны ұстау келмейді. Содан кейін Иван – ханзада ғана жемістерді шоқып

кетіп жүрген Алтын құс екенін байқап қалады. Алтын – құсты іздеуге үш ағайынды түгел аттанады. Жолда келе жатқанда кіші ханзаданың атын сұр қасқыр жеп қояды. Ол артынан ханзадаға келіп, одан кешірім сұрап, Алтын құсты қолға қалай түсіруге болатындығын, оның амал-әдістерін айтады. Алайда ханзада елді дүрліктіріп, қолға түсіп қала бергендіктен, қасқыр оның бәрін өзі орындап, ақыры бұлардың қолы сұлуға да, алтын ер-тұрманды атқа да, Алтын құсқа да жетеді. Сөйтіп, сұр қасқыр ханзадамен қоштасып, өз жөніне кетеді [24.56]. Алайда жолда бұларға кезіккен ағалары қастық ойлап, інілерін өлтіреді де, бәрін өздеріне меншіктеп алады. Елена сұлуды қорқытып, оған үйде ештеңе айтпауды бұйырады. Міне, осы кезде тағы да сұр қасқыр жәрдемге келеді. Ол тірі сумен ханзаданы тірілтіп алып, ағаларын қуып жетеді. Оларды паршалап өлтіріп тастайды да, Иван ханзаданы аман-есен жарына қосады. Берендей патшаның еліне аман-есен жетіп, олар сонда бақытты ғұмыр кешеді» [25.90]. Орыс ертегілерінің көпшілігі осылай бітеді. Бұл ертегінің қазақ ертегілермен ұқсастығы да бар, айырмашылықтары да бар. Ұқсас жақтары: кенже баланың әкесінің жақсы көретін ұлы екендігі екі халықтың ертегілерінде де айқын көрінеді. Демек, әкесінің үміт күтіп, тақтың мұрагері етуге дайындайтыны да – кенже ұл. Халықтың кіші ұлды дәріштеп, оның ерлігін айрықша көрсететіні бір кездегі таным-түсініктің жемісі. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісінде Төстіктің әкесі Ерназар «Сегіз ұлым бір төбе, Төстігім бір төбе» дейді. Жоғарыдағы орыс ертегісінде де осы жайт ашық аңғарылды.

Екінші ұқсастық: қаһармандардың алыс сапарларға шығып, жолдағы сан түрлі қауіп-қатерден бөгелмей өтуі. Бұл сынақ кенже ұлдың басқалардан артықшылығын дәлелдеу үшін қосылады. Жалпы ертегілердегі «сапарға шығу» мотиві туралы фольклортанушы ғалым С. Садырбаев былай деп ой қозғайды: «Таңғажайып ертегілердің тағы бір басты ерекшеліктері өмір үнемі қозғалыста көрінеді. Бір орында тұрған зат болмайды: от тауы, мұз тауы, ұшқан құс, жүгірген аң, сұлулар еліне жол тартқан жолаушы – бәрі бір нүктеден шығып, екінші бағытқа бет алып бара жатады. Аң адамға, адам аңдарға кездеседі. Олардың арасында жамандық пен жақсылық үшін күрес бір сәтке тоқтамайды. Өте ерте дәуірде пайда болған ертегілерде адамның сұлуы, құстың әдемісі, сән-салтанаттың сарайы – бұлар көбінесе

перілер елінде деп бейнеленді. Олардың мекені көбінесе жер асты, не су асты болып келеді. Соған орай тоғыз қабат жердің, тоғыз түрлі теңіздің астына перінің сұлу қызын іздеп, жер үстінен біреу аттанды. Оның да жолы тым ауыр». Сондай ауыр жолдардан өтетін Ер Төстіктің бейнесі кенже ұлдардың дәріптелуінің толық классикалық үлгісі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандармен бірге ертегілерде жолға шыққан қаһармандармен бірге жүретін жәрдемшісі болады. Ол жай ғана жануар (мініс ат) болмауы керек, қаһарманға қиын-қыстау кезде көмек бере алатындай болуы тиіс. «Ер Төстік» ертегісіндегі Шалқұйрық сондай ат. Шалқұйрықтың Төстіктің тақымына түсуіне оның жары Кенжекейдің қосқан үлесі зор. Кенжекейдің ақылды, білгір адам екендігінің өн бойында суреттеледі. Ол Ер Төстікке қосылып, елінен аттанарда, әкесіне кісі жібереді де, еншісіне Шалқұйрықты, Құба інгенді, ақсырмалы сауытты сұратады. Бірақ әкесі қызының бұл өтініш қабыл алмайды. Сонда Кенжекей орынды дәлелдер айтып: «Шалқұйрықты сұрағаным – ерге қосын артсын деп едім, ақ сырмалы сауытты сұрағаным – Ер Төстік Ер еді, сол Ер кисін деп едім», – дейді. Сөйтіп, ол әкесінен енші қалайды [26.53]. Бұлардың бәрін өз қара басының қамы үшін емес, бәрін де батырларға лайықты нәрселер деп тауып, Ер Төстіктің қажеттігі үшін алады.

Көшіп келе жатып, Кенжекей өзінің қайын атасы Ерназарға: «Сорқұдықтың басына көшін қондырмасын» деген ақыл салады. Бұл ақылды Ерназар қабыл алмай, Сорқұдыққа келіп қонады. Кенжекейдің ақылын алмаған Ерназар кейіннен қайғылы жағдайға душар болады. Бұл жерде халық ертегісі Ерназарды сынайды да, Кенжекейдің ақылды екендігін, батырға лайықты жар, жолдас бола алатындығын бейнелейді.

Кенжекей өзінің білгірлігімен Ер Төстікке де ақыл қосып отырады, ол шындықты жасырмай, тура айтады. Неліктен Ер Төстікті әкесі жалмауызға бермек болғанын, егеуінің қайда қалғанын тура айтушы Кенжекей болады.

Әкесінің жалуамызға қалдырған егеуін іздеуге Ер Төстік аттанады, жылқыдан алты аяқты ала атты мінеді де, жеті аяқты жирен атты жетегіне алады. Бірақ Кенжекей бұл аттардың алыс жолға жарамайтындығын, қиындық бола қалған жағдайда Ер Төстікке жолдас бола алмайтындығын біледі де:



Алты аяқты ала атын,  
Қулық бие құлынын,  
Табанынан тас батса,  
Маңдайынан күн өтсе,  
Алты күнге жарамас.  
Жеті аяқты жиренің  
Кәрі бие құлыны,  
Табанынан тас батса,  
Маңдайынан күн өтсе,  
Жеті күнге жарамас, –

деп, білгірлік жасайды. Сонан кейін ол бүкіл әбзел, айыл-тұрман, сайманымен қамдаған Шалқұйрықты мінуді ұсынады. Ол Шалқұйрықтың батырға серік бола алатынына сенеді. Шалқұйрықтың қандай қасиеттері бар екендігін ескертеді. Кенжекей баптап, тарту еткен Шалқұйрық кейіннен Ер Төстікке көп қызмет етеді, батырдың сенімді серігі болады. Осындай даналықтарымен халық ертегісі Кенжекейдің жағымды образын жасап, Ер Төстіктің абыройын көтерген айнымас жары етіп суреттеп, Кенжекейдің образын толықтыра түседі.

Ер Төстік көп жылдар жер астында жүріп қалғанда, ел-жұрт енді Ер Төстік келмейді, жалмауыздың қолында қалды деп күдер үзген. Бірақ батырдың күшіне сенген ақылды Кенжекей ғана Ер Төстік келеді деп үмттеніп, оны күтумен болады. Бұл оның жолдастыққа адалдығын, кіршіксіз махаббат иесі екендігін көрсетеді [27.80].

Мал шаруашылығын кәсіп етіп, бір кездегі күн көрісі соған байланысты болған халық өзінің әңгіме- жырларына, ертегілеріне төрт түлік малдың бәрін де енгізіп отырған. Төрт түліктің адам баласына істеген қызметін, келтірген пайдасын суреттейтін көптеген әдемі ертегі жырлар туған, халық ауыз әдебиетінде төрт түлік мал адам баласына тигізген пайдасымен ардақталады.

Орыс халқының «Құрбақа-патшайым» ертегісінде кенже ұлдың қалай бақытқа жеткендігі туралы қызықты түрде әңгімеленеді: «Қартайып қалған бір патшаның үш ұлы бар екен. Бір күні патша өзінің балаларын жинап алады да, өзінің көп өмірі қалмағандығын, сондықтан осы кезде балаларын үйлендіріп, қызықтарын көргісі келетіндігін жеткізеді. Ол үшін қолдарына садақ беріп атқызады, садақтың жебебі жай жерге түссе, сол

жердің қызына ұлдары үйленуі тиіс болады. Алдыңғы екеуінің жебесі байлардың аулаларына түсіп, олар сол қыздарға үйленеді. Ал кішісі Иван ханзаданың жебесі батпақта отырған құрбақаның қасына түсіп, содан ол құрбақаға үйленуге мәжбүр болады. Патша содан бір күні үш ұлын жинап алып, келіндерінің ісмерлігін тексергісі келгендігін жеткізеді, Иван ханзада үйге күйзеліспен келгенін көрген құрбақа-ханым көйлектің дайын болатынын жеткізеді. Ертеңіне патша алдыңғы екі ұлының әкелген көйлектерін жаратпай, тек кіші ұлының ғана алып келген көйлегіне мақтау айтады. Содан кейін патша келіндері дайындаған наннан ауыз тиюді қалайтынын жеткізеді. Иван ханзада құрбақа-ханымның арқасында бұл сынақтан да мүдірмей өтеді. Үшінші сынақ, олар патша сарайын өз әйелдерімен келуге тиіс болады. Бұл сынақтан өтудің қиындығын ойлаған Иван ханзада жол бойы күйзелумен болады, бірақ жұбайы одан қайғырмауды сұрап, бәрі жақсы болатынын жеткізеді. Ертеңіне шынымен де қонақтар кенже ұлдың әйелінің атақты Василиса сұлу екенін көріп, таңғалысады. Василиса сұлу тойдың сәнін келтіріп, түрлі өнерлерін көрсетеді. Тойдан кейін оның қайтадан құрбақа кебінін кигенін қаламаған Иван оны алып өртеп жібереді. Бірақ сұлу әйелі кебінді бекер өтегенін, енді өзінің Өлмес- Кошейдің қолына түскенін айтып, көзден ғайып болады. Ақыры Иван-ханзада әйелін іздеп шығып, талай қиыншылықтарды бастан өткеріп, Өлместің еліне жетеді. Мыстан-кемпірдің жәрдемімен Өлместің жанын алып, содан кейін әйеліне қосылып, бақытты ғұмыр кешеді».

Бұл ертегінің Шығыс халықтарының аңыз-ертегілік сюжеттерімен ұқсастықтары бар. Мәселен, XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Шораяқтың Омарының «Үш ұл» атты қиссасында патшаның кенже ұлы Әділбектің де басында маймыл әйелге үйленіп, содан кейін ол әйелінің сұлулардың сұлуы Ғайнижамал екенін біледі. Әрі патша әкенің тапсырмалары қазақ ақынының қиссасында түгел сақталған. Енді қайтіп әйелін маймыл терісінде көруді қаламаған Әділбек маймыл кебінін алып, өртеп жібереді. Бірақ әйелі енді жындардың қолына түскенін айтып, өзі басқа жаққа ұшып кетеді. Әділбек те талай қиындықты бастан кешіріп, ақыры әйелімен қосылады.

Орыс пен украин халықтарының мұрагерлік құқықтық дәстүрлерді де қарастыруға болады.

Шығыс халықтарының ертегілері мен славян халықтарының ертегілерінің бәр-біріне ұқсас келетіндігі олардың кезінде мәдени танымдарының бірдей болғандығын көрсетеді [28.92].

Қорыта келе, мұсылман дінін қабылдаған ШЫҒЫСТЫҚ ертегілерде оқиғаның басқаша өрбігенін байқауға болады. Бұл жерде қиналғандарға жол көрсетіп, олардың арман-тілектеріне жетуіне жағдай жасап беретін Алла Тағала бар. Сонымен қатар кейіпкерлердің Құдайға мінажаты, ғашықтық сөздеріне орын беріледі. Ислам дінімен енген адамды сую, ғашықтық дастандардың Шығыс халықтарында белең алғанын аталмыш ертегілерден табуымызға болады.

**Әдебиеттер:**

1. Қайыпов С. Т. Проблемы поэтики эпоса «Эр Тештюк» – Фрунзе: Илим, 1990. – 320 б.
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 2014ж. – 272 б.
3. Қазақ ертегілері. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2017. – 264 б.
4. Қасқабасов С. Ертеке пен эпостың сюжеттік типологиясы. – Алматы, 2011ж. – 317 б.
5. Тұрсынов Е. Древнетюркский фольклор: истоки и становление. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 167 стр.

***Нұрасила АТАХАНОВА,***  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың*  
*1-курс докторанты*

## **РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВТЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ**

*Аннотация:* Отарбаевтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі қарастырылған. Автор жазушының шағын әңгімелері, повестері, романдарын ғылыми саралау арқылы стильіндегі көркемдік-эстетикалық ізденістерді нақты талдаулармен көрсеткен. Тарихи тақырыпта көз жазған каламгердің қазақ әдебиетінде Бейбарыс сұлтан, Жәңгір хан, Махамбет, Сырым батыр, Шоқан Уәлиханов, Мұхамед Салық Бабажанов, Абай Құнанбайұлы, Дина Нүрпейісова, күй атасы Құрманғазы, Сүгір күйші, Сталиндік жеке басқа табынудың құрбаны болған Мұстафа Шоқай, Темірбек Жүргенов, Фариза, Мұқағали сынды тарихи тұлғалардың көркем бейнесін жасағаны прозалық, драмалық шығармалармен бағамдалды. Жазушы шығармаларында постмодерндік автоматты хат, сана

ағымы, «мимикалық реализм», «автор өлімі», интерпретациялау тәсілі арқылы ұлттық құндылықтар мен қоғамда шешімін күтіп тұрған өзекті мәселелерді көтергендігі ғылыми тұрғыда дәлелденді.

*Кілт сөздер:* әңгіме, повесть, роман, драматургия, трагедия, тарихи драма, постмодернизм.

Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Айтматов академиясының академигі, жазушы, драматург Рахымжан Отарбаев. Әр жылдарда «Орал өңірі», «Қазақ әдебиеті» газеті «Жалын» альманахында жауапты қызметтер атқара жүріп қазақ журналистикасына біршама үлес қосты. Қазақстанның Қырғызстандағы елшілігінің атташесі, Маңғыстау облыстық радио-телевидение компаниясының төрағасы, Атырау облыстық Махамбет атындағы қазақ драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі, Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры сынды жауапты қызметтерде жүріп те шығармашылықтан қол үзген жоқ.

Қаламгер проза, драматургия, публицистика жанрларын мазмұны мен түрі жағынан байытты. Жазушының «Құпия түн» (1987), «Жұлдыздар құлаған жер» (2000), «Шер» (2006), «Қараша қаздар қайтқанда» (2006), «Отверженный мир» (2007), «Дауысыңды естідім» (2008), Аспандағы ақ көбелектер (2009), «Біздің ауылдың амазонкалары» (2012), «Шыңғыс ханның көз жасы» (2014) прозалық жинақтары мен Таңдамалы шығармаларының 2 томдығы, «Айна-ғұмыр» (2013) атты пьесалар жинағына енген «Бейбарыс сұлтан», «Мұстафа Шоқай», «Сырым батыр», «Бас», «Абай: сот», «Мұқағали мен Фариза», «Аяулым Анфиса», «Нашақор жайлы новелла», «Двойник» драмалық шығармалары – ұлттық әдебиетке қосылған бай мұра. Жазушы-драматургтың бірсыпырасы шығармалары түрік, араб, орыс, қытай, ағылшын тілдеріне аударылып, Англия, Франция, Түркия, Моңғолия, Египет, Қытай, Мәскеудің ірі-ірі баспаларында бірнеше рет басылды. Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы, Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, қырғыз тілінде бірнеше кітаптары және 2016 жылы Түркияда «Бас» романының таныстыры-

лымы өтіп, «Ақ көбелектер» әңгімелер жинағы жарық көрді. Сонымен қатар Рахымжан Қасымғалиұлы Қазақстан елші-лігінің «Қазақстан-Түркия» бауырластық медалімен, «TÜRKSÖY» тағайындаған «Haldun Taner» халықаралық медалімен марапатталды [1,363]. Драматургтың бірсыпыра пьесасы республикалық, аймақтық театрлармен бірге, шетел театрларында сахналанып жүр.

Ұлттық әдебиетте стильдік ерекшелігімен, жаңашылдығымен танылған қаламгер мұрасы көзі тірісінде әдебиеттанушы ғалымдар мен сыншылар тарапынан жоғары баға алды. 2017 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдары шығарған ұжымдық монографияда «Рахымжан Отарбаев» атты шағын шығармашылық портрет берілсе, «Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер (1991-2016 жж.)» атты ұжымдық монографияда әдебиеттанушы ғалым Г. Орда драматургтың бірсыпыра пьесаларына талдау жасады [2,4-10].

Жазушы ұлттық әдебиеттегі өнер мен өнер иелері туралы тақырыпқа күйші-композитор Дина Нүрпейісова туралы «Күй – «Кербез» (1987), күй атасы Құрманғазы мен Сейтек күйші туралы «Аман бол, шешем...» (1987), «Мұқым салған ән» (1987), Ш. Уәлиханов пен орыс географиялық қоғамына мүше болған белгілі этнограф-ғалым Мұхамед Салық Бабажанов туралы «Кездесудің бір сәті» (2002), ақындар Махамбет пен Пушкин туралы «Махамбет пен Пушкин» (2002), «Актриса» (2012) әңгімелерімен үлес қосты. Тәуелсіздік тұсында бұл қатар О. Сәрсенбаевтың «Шамшырақ», И. Жақановтың «Ықылас», З. Қабдоловтың «Менің Әуезовім», Д. Досжанның «Алыптың азабы», «Мұхтар жолы», «Абай айнасы», «Алыптың азабы», Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», Н. Әбуталиев «Наркескен», Е. Әкімқұловтың «Қалдаяқов – ән патшасы», А. Жақсыбаевтың «Иса ақын», Т. Мәмесейіттің «Таңжарық», Т. Әсемқұловтың «Біржан сал», Е. Төлеутайдың «Жүсіпбек Елебеков» романдарымен толықты [3, 338-350].

«Біздің аулдың амазонкалары» жинағына тәуелсіздік тұсында жазылған таңдаулы әңгімелері топтастырылған. Әңгімелердің көпшілігіне Қанішкен мен Қошалақтағы ауыл қазақтарының өмірі арқау болған. Аң қуып, шап терлетіп шауып жүріп бар ғұмырын өткізген аңшы шал Қапас, «Надандық, сені

кайтейін?» деп сайлауға дауыс жинап жүрген Жетестің әңгімесінен көп дүниені аңғауға болады. Жетес – әлем жаңалықтарынан хабары бар көзі қарақты жастардың өкілі. Оның әңгімелерінен Американың Перизенді Билл Клинтон мен Моника арасындағы жеке басқа қатысты оқиғаларды да естиміз. Аңшыны Американың ұлттық байлығы болып табылатын шибөріні атқаны үшін сотталатынын айтуынан көп білетіндігімен бірге саясат пен жаңалықтан хабарсыз, шалғайдағы ауылда жатқан аңшы шалды қорқытуын аңғарамыз. Түнімен ұйықтай алмай сана ағымына берілген аңшының ертеңіне ғұмыр бойы серік етіп отбасын асыраған мылтығына қарағысы келмеуінен, өзінен-өзі үрейленіп кешке дейін кемпірінің жолына қарап алаңдауынан оның ішкі жандүниесіндегі арпалыс сезімерін көреміз. Атып алған екі шибөрісінің біреуі Астанадағы балдызының, екіншісі кемпірінің иегі желінген пальтосының жағасында жалт-жұлт етіп жүруі – бұл үшін қылмыскердің бұлтартпас айғағындай сезіліп тұла бойын үрей билейді. О.Дарк айтатын сана ағымы мен «мимикалық реализм» аңшы Қапастың күні бойғы арпалыс сезімдері мен үрейінен көрініп тұр.

Р. Барт постмодернизм теориясында қаламгердің оқырманға ой тастау арқылы шешімді оқырманға қалдыру тәсілін «автор өлімі» терминімен түсіндіреді. Авторлық ұстаным кейіпкерлер сөзімен берілетін болса, Жетес пен Қапардың сөздері арқылы автордың оқырманға ой салуын «автордың өлімі» терминімен ұштастыруға болады. Жетестің: «Сырты – түк, іші – боқ қайдағы малды айтасың? Олар өзінді отырғызып қойып, құйрығынның астынан мұнайыңды жым-жылас қып сорып кетіп жатқан жоқ па, мұнайыңды!» – деген сөзі бүгінгі қазақ қоғамындағы өмір шындығын көз алдымызға алып келеді [4, 15].

Қазіргі таңда қазақта сатылмаған ештеңе қалмады, тіпті жер асты байлықтарымыздың өзін шетелдік инвесторлар жекешелендіріп алған. Қоғам өміріндегі осындай өзекті мәселені жазушы Жетестің сөзімен беріп отыр.

Аңшы Қапардың: «шәуілдеген жаман шибөрі Американың ұлттық байлығы болсын. Мен сонда Қазақстанның кімімін? Өкпесіне тебер өгейімін бе? Бұ дүниеде жиғаным, о дүниеде иманым бұйырмай кететіндей сұрауым жоқ па? Оң қол қиянатқа жүгірсе, сол қол арашаға ұмтылмас па?.. Бұл ел ел ме әлде ашық-

тесік жатқан малқора ма?...» [4, 21-22], – деген сөзінен оқырман ой түйеді. Қазақтың күнкөрісі болып отырған малына тыныштық бермейтін шибөріні Америка ұлттық байлық санаса, сонда бұлардың шибөрі тартқан малының сұрауын кім бермек? Мал екеш малдың да сұрауы болса, қазақ үшін адам құны сонша төмендегені ме? Өмірбойы дүние жинамай, ішіп-жемін ғана ойлаған аңшы Қапастың шибөрі құрлы құны болмағаны оны ой ағымына, жан күйзелісіне алып келді. Санасындағы сан сауалға жауап іздеген кейіпкердің ішкі жандүниесіндегі арпалыстың басты себебі де сонда жатыр. Көріп отырғанымыздай, жазушы шешімді оырманға қалдырған, мұны посмодернизм теориясы зерттеушілер «автор өлімі» деп түсіндіреді.

Сана ағымына құрылған келесі әңгіме – «Қытайдан жеткен сәлемдеме». Жазушы әңгімеде еліміз тәуелсіздік алған соң ата-баба жеріне ат басын тіреген қытайдан отанына оралған қазақтардың өмірінен сыр шертеді. Әңгіменің негізгі оқиғасы Базаркүлдің Өмірбайға «Әй, шал, не естігенің бар? Әлгі туыс қуалап шекара асып кеткен Тақай оралыпты. Қоржын басы тоқ. Қызылды-жасылды дүниені теңдеп келіпті» деген сөзімен басталады. Тақай – Өмірбай сияқты арғы беттен келген қазақтардың бірі. Тақайдың Өмірбайға алып келген қысқа тоны, Базаркүлге деген қымбат мата мен магнитофон кейіпкердің өткен өміріне шегініс жасатады. Оқырман негізгі оқиғаға кейіпкер монологімен қанығады. Жазушы сана ағымын Өмірбайдың монологына сыйғызған. О. Дарк автоматты хат, сана ағымы, «мимикалық реализмді» постмодернизмге тән құбылыс деп түсіндіреді. Жазушы автоматты хаттың орнына екі баламен Қытай жерінде қалып, құдай қосқан қосағына сәлемдеме беріп отырған Әсемайдың сәлемдемесіне сыйғызған. Қытай асып келген қымбат заттар Өмірбайдың есіне өткен өмірін түсіреді. Кейіпкердің осы күйі былай суреттеледі: «Түн ортасы әлдеқашан ауып кетсе де Өмірбайдың кірпігі желімденер емес». Өмірбайдың жесір қалған Әсемай мен жетім қалған екі баласын ойлап түнімен ұйықтай алмауы оны сана ағымына жетелейді. Ақ қашып, қызыл андағайлап тұрған заманда Өмірбайдың ата-анасы үркіншілікке ұшырап шегара асады. Бір үйдің жалғыз баласы ештеңеден тарлық көрмей өседі. Ол үйленген жылы Оспан көкесі тар бұғауға басы сыймай, алдымен байырғы үкіметпен ұстасып,

кейін гоминданға қарсы шапқанда, әкесінің айтуымен бұл да шеріктердің қатарына қосылған. Шегарадан өтерде совет өкіметі отанына опасыздық жасаған Оспан батырға қатысы барларды шетінен ұстап, түрмеге тоғытып жатқанын естіген ол үлкендердің ақылымен Оспан көкесінен де, «бала белде, қатын жолда» деп екі баласы мен әйелінен де бас тартады. Сол сәтті жазушы былай суреттейді:

«Үсті-басы безгек тигендей қалшылдап темекісін қайта тұтатты. Көк түтін бұрқ етіп, көз алдын бір мұнар тұмшалап тұрып алды.

Иә, сымдай тартылған орыс офицері алдына салып айдап әкелген. Жауаптасу қысқа болды.

– Әйеліңіздің бары рас па? – деді домаланған қытай.

– Жоқ. Қайдағы әйел? Оспан батырды да ғұмыры көрген емеспін, – деді бұл.

– Балаларыңыз ше?

– Ешкімді білмеймін. Үкіметке қарсы соғысқаным жоқ, – деді тағы да құты қашып.

– Жалғыз бастысыз ба?

– Иә...

«...Әмеке-ау, «Иә, соңымда Әсемай мен қос ұлым қалды, жібере көріңіз» десеңіз, бізді шекарадан әне-міне өткізгелі тұрған. Көрші бөлмеде отырып барлық жауаптасуды есіттік. Бізден танып шығып, құрбандыққа қиып кеткеніңіз қалай?! Жүрегіңіз жұмсақ еді ғой...» [4, 33]. Осындай жағдайды басынан өткерген Өмірбай Әсемайдан сәлемдеме келгенде қалай жаны жай тапсын. Күйеуден шыққан Базаркүлді біз қызымен алғанмен, екеуінен бала болмады. Ұрпақсыз қалдым деп жүргенде, тірідей жетім қалған қос құлыннан хабар келіп тұр. Сана ағымы кейіпкердің жан дүниесіне талдау жасау, қат-қабат ағымдар тізбегінен тұратын болса, Өмірбайды түнімен ұйықтатпаған қат-қабат ойлар мен оның ішкі дүниесіндегі арпалыстар жазушының постмодернизм элементтерін шебер пайдаланғанын танытады.

«Біздің ауылдың амазонкалары» – қыр қазақтарының өмірінен хабар берер әңгіме. Теңіз тамағына төніп отырған үш әйел – бірге өскен бір ауылдың қыздары: Айман, Қарғаш, Бибі. Оқиға үш әйелдің сиырларын іздеп шығуымен басталады. Оқырман бұл кейіпкерлердің өміріне лирикалық шегініс арқылы



канығады. Постмодернистер айтатын «автор өлімі» мұнда да кездеседі. Автор әңгіме атауына Оңтүстік Америкадағы әлемдегі ең ұзын өзен атауын алып отыр ма, әлде көне мифтердегі еркектерге төзбейтін жауынгер амазонка әйелдерді айтып отыр ма деген ой келеді. Жазушы мұнда да жауапты оқырманның өзіне қалдырған. Әңгіме атауына екі болжам да сәйкес келеді. Олай дейтініміз, біздің кейіпкерлеріміз де Амазон өзені сияқты теңіз жағасында отыр. Екіншіден, үшеуі де жалғызбасты: біреуі күйеуге шықпаған, екіншісінің күйеуі өмірден ерте өтіп жесір қалған, үшіншісін күйеуі тастап кеткен. Сиыр іздеген үшеудің Уэли қарауылды піштірмек болған әрекеттері жауынгер амазонка әйелдерін еске түсіреді.

Сонымен бірге үш әулеттің түтінін түтетіп отырған кейіпкерлердің өмірі кеңестік дәуірдегі мыңдаған қазақ қыздарының тағдырынан хабар береді. Ресейліктер Байкал – Амур магистралін салып жатқанда, Коммунистік партияның ұраншыл саясатымен отанға қызмет ету үшін ауылда қалып сауыншы болған комсомол қыздар өздері армандаған оқуларына жете алмай, бір-бір жігіттің отауын түтетіп ауыл арасында қала берді. Сол кезде өңірі жалтыраған киіммен әскерден келген Әлидің көрші ауылдағы Уәсиланы алып келуі бұлардың ішіне қызғаныш отын түсіріп еді. Үшеуі сиырларын қораға қамағаны үшін піштіріп тастамақ болып ортаға алғанда, олардан сытылып шыққан Уэли із-түзсіз жоғалып кетеді. Оны қасқыр тартып кеткенін де, суға батып кеткенін де тірі жан білмейді. Әңгіме:

«Қарауыл содан бері жоқ. Ел боп іздеді. Қалың қамысты жалғыз талдап тінтті. Таптырмады. Бір хабарын берген жанға сүйінші де ұсынды. Жын көтергендей. Жер жұтқандай. Тек сол аяғы молақ сұр қасқыр ғана Уәсила жатқан терезенің алдына кеп таңға дейін «У-у-у...» деп ұлып шығады дейді», – деп аяқталады...» [4, 326].

Әңгіменің осылай аяқталуы оқырманға постмодернистер айтып жүрген «автор өлімін» және есімізге салады. Қасқыр неге түнімен Уәсиланың терезесінің алдына келіп ұлиды? Уәлидің жаны осы қасырға қонды ма, әлде оны жеген аяғы молақ сұр қасқыр ма? Бұл да жұмбақ күйінде қалған. Авторлық ұстанымды кейде кейіпкер сөзімен берсе, енді бір жасырын қалдыруға болады. Бұл жерде авторлық ұстаным жасырын тұрғандықтан,

оны оқырман өз бетінше түсінеді. Себебі шығарманың ендігі иесі – оқырман.

Жазушының «Дүние ғайып» (2009), «Бесқасқа Беріштің хикаясы» (2009), «Шыңғыс ханның көз жасы» (2014) хикаяттары бір-біріне мүлде ұқсамайтын тақырыптарды көтеруімен ерекшеленеді. Мәселен, «Дүние ғайып» туындысында қазақ үшін белгісіздеу қыстың көзі қырауда қар үстінде ит жегіп жүретін эскимостар өмірі суреттелген. Емрон мен Айнан арасындағы тартыспен адамзат баласының бірі-біріне деген бақастығы шынайы суреттелсе, «Бесқасқа Беріштің хикаясы» шығармасында сан ғасырлық тарихы бар ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер ру аралық қарым-қатынаспен көрініс тапқан.

Жазушы шығармашылығының үлкен бір белесі – «Шыңғыс ханның көз жасы» хикаяты. Көзі тірісінде аты аңызға айналған Шыңғысхан бейнесі кеңестік дәуір әдебиетінде біржақты бағаланып оған теріс баға берілгені белгілі. Аталған туындыда тарихтан белгілі оқиғалар психологизм арқылы шындала түскен. Түс, монологтарды тиімді пайдаланған автор кейіпкер басынан өткен түрлі тағдыр тауқыметіне тәуелсіздік тұғырынан баға береді. Шығарманың тарихи сипаты зерттеушілердің еңбектеріндегі тарихи деректер мен Есукей, Олуэн, Жошы, Бату, Сүбедей баһадүр, Ақбура әулие, Мұхаммед Хорезмшах, Қайыр хан тәрізді тарихи тұлғалардың бейнелерімен толыға түскен. Шығарманы оқып отырғанда төрткүл дүниені тітіреткен Шыңғыс ханның көз жасы арқылы оның да ет пен сүйектен жаратылған пенде екеніне иланасың.

«Бас» романы жөнінде тарих ғылымдарының кандидаты Сұраған Рахметұлының «Бас» романы хақында» [5] атты мақаласы «жазушының әлі де жарық көруге асықпай жүрген тосын шығармаларының бірі» деген ескертпесімен жарық көрді. Қаламгердің Махамбеттің өмірі, сол тұстағы тарихи кезең мен қазіргі қазақ өмірі туралы аталған романды интерпретациялаған «Бас» пьесасы да бар.

Проза мен драматургияны қатар игерген қаламгер қаламынан туған драмалық туындылар «Айна-ғұмыр» драмалық шығармалар жинағына енді [6]. «Бейбарыс сұлтан», «Жәңгір хан», «Бас», «Абай: сот», «Сырым батыр», «Махаббат мұнарасы», «Мұстафа Шоқай», «Фариза мен Мұқағали» тарихи драма-

ларына пьесалардың аты айтып тұрғандай, бұл туындыларға қазақ тарихынан үлкен орын алатын тарихи тұлғалардың оқырманға беймәлім өмір белестері арқау болды. Драматург «Нашақор жайлы новелла», «Двойник» пьесаларындағы кейіпкерлер тағдырымен өмірдің көлеңкелі жақтарын шынайы бейнеледі. Жекелеген кейіпкерлердің тағдыр тауқыметі біз өмір сүріп отырған егемен елдің трагедиясы ретінде суреттелді.

Қазақ әдебиетіндегі Бейбарыс сұлтан туралы тарихи деректер, мәмлүктер туралы зерттеулер мен Морис Симашконың «Емшон» атты тарихи повесінің қатары драматургтың «Бейбарыс сұлтан» тарихи драмасымен толықты. Мәмлүктер әдебиетін зерттеуші А. Әлібекұлы Бейбарыс өмір сүген дәуірге: «Құл саудагерлері сұлтандарға ең жақсы, күшті мәмлүктерді жеткізуге тырысты. Сұлтандар оларға сұраған құнын артық төледі. Кресшілерге қарсы әскер мен өздерін қорғайтын арнайы дайындалған сенімді жасақты көбейту мақсатында билік иелері саудагерлерді осылай ынталандырып отырды», – деген түсінік береді [7,13-14]. Туған жерден жыраққа құлдыққа сатылған Бейбарыс пен Қалауын өмірлерінің соңына дейін бірге болды. Пьесадағы Бейбарыс бейнесі жөнінде Г. Орда: «Бейбарыс – тек қана жауға қарсы күресті басқарушы әскербасы емес, ол – соғыста тұтынатын қару-жарақты жасаушы. Қылыш соғушыларға алмас қылыш қайтпас болатынын, оттан суырып суға салу керектігін үйретіп жүргенінен оның темірден түйін түюден хабардар екендігі көрінеді. Сонымен бірге ол – қасына Тәңірбердідей тарихшы ұстау арқылы сол дәуірдің шындығын хатқа түсіріп кеткен шежіреші», – деген баға береді [2,16]. Ғалымның осы пікірін шығармадағы Бейбарыстың шежірешіге көпшілік біле бермейтін сарай құпиясын жаздырып отырған эпизоды растайды.

«Бейбарыс сұлтан» пьесасы – оқырманға беймәлі болып келген Бейбарыс сұлтанның өмірі туралы жаңа мәлімет беретін туынды. Автор кейіпкердің өсу, толығу жолын оның төңірегінде жүріп жататын мемлекет аралық және сарай төңірегіндегі қақтығыс, тартыстармен көрсетуге тырысқан. Пьесада Бейбарыс Мысыр елінде өмірден өтеді. Қазіргі таңда Мысырға барғандар Бейбарыс сұлтан жатқан жерге зиярат жасайды. Осы шығарма негізінде түсірілген «Сұлтан Бейбарыс» фильмінде ол «өзге елде

сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болу» үшін қартайған шағында тақты тәрк етіп, туған жерін іздеп өмір бойы мұрнынан иісі кетпеген қазақтың жусанды даласына аяқ тірейді.

«Бас» пьесасында Махамбеттің бас сүйегінен өлердей қорыққан ғалымдардың әрекеттері тарихи ахуалмен астаса суреттелген. Махамбет, Қарауылқожа, Исатай, Ықылас Төлеевич, Баймағамбет Айшуақович бейнелері туындының тарихилық сипатын ашуға қызмет етсе, «Махаббат мұнарасы» пьесасында Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романын бүгінгі күн тұрғысынан сараптап, шығарманың сахналық нұсқасын интерпретациялаған. Драматургтың екі дәуір шындығын арқау еткен «Бас» пьесасы бірнеше тілге аударылып, отандық және шетелдік театрларда сахналанды. Пьеса түрік тіліне аударылып, Түркия мемлекетінің театрында қойылды.

«Абай: сот» трагедиялық драмасы ақынның 150 жылдығы қарсаңында жаңаша көзқараспен жазылған туынды. Драматург Абайдың ақындығы емес, ел ішіндегі билігі мен төрелігін көрсетуге тырысса, «Нарком Жүргенов» пьесасына Нарком Темірбек Жүргеновтің өмірі мен қызметінің соңғы жылдары негіз болған. Пьесадағы Жамбыл, Сәкен Сейфуллин, Күләш, Шара, Темірбек Жүргенов, Брусиловский тәрізді тарихи тұлғалар шығарманың тарихилық сипатын көрсетсе, үш жылдың ішінде қазақ даласында 22 институт, 85 техникум, облыс орталықтары мен ірі қалаларда драма театрлар мен музыкалық ұжымдардың ашылуы – Темірбек Жүргеновтің іскерлігінің, ұйымдастырушылығының көрінісі.

Қазақ әдебиетіндегі жазушы Ә. Таразидың «Мұстафа Шоқай» романы мен ақын Қ. Бегмановтың «Шерлі Түркістан» поэмасының қатары Р. Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» пьесасымен толықты. Алғашқы екі автордың Мұстафа жүрген жолмен Қазақстандық экспедицияға қатысып, қайраткер жүрген сапардан жинаған материалдарын өңдеп, оқырманға кең құлашты эпикалық шығарма ретінде ұсынғаны белгілі. Әкім Таразидың романына Мұстафаның гимназияны бітіріп жатқан бозбала шағы арқау болса, Қасымхан Бегмановтың поэмасына қайраткердің басынан өткен аласапыран жылдар, Рахымжан Отарбаев пьесасында саяси қайраткер өмірінің соңғы кезеңі суреттелген. Драматургтың тарихи драмасына М. Шоқайдың Маңғыстау

арқылы Бакуге, одан Тбилисиге ат басын тіреп, 22 жыл бойы Түркияда тұрып Парижге жер аударылған эмигранттық өмірі арқау болған. Шығарма ОГПУ қызметкерінің Әміре Қашаубаевты Парижде Мұстафа Шоқаймен кездестің деп тергеп жатқанынан басталады. Мұстафа мен Әміренің Париждегі кездесуі жөнінде Жолтай Әлмашұлының «Ән-ғұмыр» пьесасында толығырақ айтылғаны белгілі. Туған жерден баз кешіп көрші жатқан Ташкентте бас сауғалап жатқан Мұстафаның ол жерде тұрақтап қала алмауы сол кездегі саяси ахуалдан хабар береді. Пьесаға кейіпкердің Алаш үкіметінің басшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Башқұрт үкіметінің басшысы Зәки Валидимен кездесуі, Ташкент, Орынбор, Түркия, Баку, Париж қалаларындағы тіршілігі арқау блған. Жат жерде жүрген тарихи тұлғаның құпия жағдайда өмірден өтуі де күдік тудырады. Автор пьесада кейіпкер тағдырына қатысты саяси ахуалды шынайы бейнелеуге ден қойған.

Қоғам өміріндегі шешімін күтіп тұрған өзекті мәселелерді арамызда жүрген замандастарымыздың тартысы, қақтығысы арқылы сахнаға алып келді. «Нашақор жайлы новелла» трагедиясындағы Жалқытайды есірткіге тәуелді еткен Бозөкпе, Жанна, Камилла, полиция қызметкерлері – біз өмір сүріп отырған қоғамнан алынған таныс, бейтаныс кейіпкерлер. Драматург ХХІ ғасырдың қасіретіне айналған есірткіні қоғам трагедиясы ретінде шынайы суреттеген. «Двойник» пьесасына біздің заман бизнесмендерінің өмір тіршілігі арқау болған. Өз серіктесін киллер жалдап өлтірткен Байдың қаржы полициясының тергеуінен құтылу үшін «двойник» іздеп әуре сарсаңға түсуі –қоғам шындығы. Шығармада ХХІ ғасырдағы қоғам өміріндегі өзекті мәселелер қоса қабат өрбіп отырады. Олар – ақшаға құныққан ашкөздердің қазақ қыздарын шетелдіктерге саудалауы, қазақ халқының материалдық байлығын жатжұрттықтардың тонап жатуы – өмірден алынған шындық. Автор жеңіл күлкі, ащы әжуамен ел өміріндегі шешімін күтіп тұрған өзекті мәселелерді көтерген. Жеңіл күлкінің астарында үлкен мәселенің жатуы – драматургтың шеберлігі.

Қазақ әдебиетіндегі замандастар бейнесін толықыратын келесі туынды – Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назар-

баевтың балалық шағы туралы «Нұржауған-ғұмыр» драмасы. Шығарма Абыл мен Әдемінің Райымбек атаның басына түнеп бала сұрайтын оқиғасымен басталған. Оқырман пьесадан Қазақстанның тарихынан үлкен орын алатын тарихи қайраткердің балалық шағы туралы мәлімет алады.

Қорыта айтқанда, Рахымжан Отарбаев – қазақ әдебиетін постмодернизмнің элементтерімен байытқан жаңашыл қаламгер. Постмодерндік шығармалармен жеке бір ұлттың ғана емес, жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарды көтеруге болатынын көрсетті. Ұлттық әдебиетке Бейбарыс сұлтан, Жәңгір хан, Махамбет, Сырым батыр, Шоқан Уәлиханов, Мұхамед Салық Бабажанов, Абай Құнанбайұлы, Дина Нүрпейісова, күй атасы Құрманғазы, Сүгір күйші, Мұстафа Шоқай, Темірбек Жүргенов, Фариза, Мұқағали тәрізді ұлт қаһармандарының жарқын бейнесін алып келіп, тәуелсіздік тұсындағы әдебиетті мазмұны мен түрі жағынан байытты. Тарихи тұлғалардың бүгінгі тәуелсіздік жолындағы күреске толы өмірі өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге. Ол – тарихи тақырыптармен бірге біз өмір сүріп отырған қоғамның шындығын көрсететін замандастар бейнесін әдебиетке алып келген қарымды қаламгер.

#### **Әдебиеттер:**

1. Жұматаева А. Рахымжан Отарбаев / Кіт.: Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: «Print express», 2017. – 512 б.
2. Орда Г. Кіріспе. Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер (1991-2016 жж.). Ұжымдық монография. – Алматы: «Print express», 2020. – 330 б.
3. Әбдезұлы Қ. Өнер адамдары тәуелсіздік әдебиетінде. / Кіт.: Қазақ романы: Өткені мен бүгіні. Ұжымдық монография. – Алматы: «Алматы баспа үйі», 2009. – 644 б.
4. Отарбаев Р. Біздің ауылдың амазонкалары. Өңгімелер. – Астана: Фолиант, 2012. – 424 б.
5. Рахметұлы С. «Бас» романы хақында // Қазақ әдебиеті. – 28 қазан. – № 43. – 2016 жыл.
6. Отарбаев Р. Айна-ғұмыр. Пьесалар. – Астана: Фолиант, 2013. – 512 бет.
7. Әлібекұлы А. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі): Монография. – Алматы: «Арда», 2008. – 176 б.

**А.А. ЕРМАГУЛОВА,**  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты;*  
**Н.Қ. МӘТБЕК,**  
*доцент, филология ғылымдарының кандидаты*

## **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ**

*Аңдатпа.* Мақалада қазақ әдебиетінің оқыту әдістемесі мен мақсат-міндеттері, көне түркі жазба ескерткіштерінің ежелгі дәуір әдебиетінде алатын айрықша орны қазіргі әдеби жәдігерлерді зерттеудегі ізденістер барысы талқыланады. Ежелгі жазба мұралар тарихы сыры мол тарихи тұнған жәдігерлердің мол қазынасына зерттеу әлі де қажет ететіні сөзсіз. Мақалада біз Көне түркі жазба ескерткіштерінің асыл мұрасы Енисей жазба ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен әдеби жазба мұралардағы концепциясына тоқталамыз. Енисей жазба ескерткішінің зерттелу тарихы мен аудармасы мен бірсыпыра зерттеу еңбектері мен мақалалар қарастырылады.

*Түйін сөздер.* Түркі, жазба ескерткіш, әдеби мұра, концепт, оқыту әдістемесі.

Кіріспе. Қазақ әдебиетінің оқыту әдістемесі мен дамуы, қалыптасу кезеңдері оның ғылым ретінде қалыптасудың алғы-шарттары әдебиет теориясы мен тарихын сөз етіп қана қоймай, жүйелі түрде кіріктірілген ғылым ретінде соңғы уақытта әдістемелік оқулықтар мен зерттеу жұмыстары осы бағытқа қарай жүйелеуді қажет етіп отыр. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының тууын Қазақстандағы жоғары оқу орындарының ашылуымен ғана байланыстыру – жаңсақ пікір. Әдебиет әдістемесі пәнінің туып, қалыптасуын тікелей тіл мен әдебиет пәні мұғалімдерін даярлау тарихымен сабақтастыруға болады» [1.16]

Қазақтың бай әдеби мұрасы мен сөз күдіретін сонау ертеден-ақ түсіне білген қазақ халқы үшін әдебиеттің дербес сала ретінде халықтың мол мұрасымен, рухани дүниесімен дамып келе жатқаны әмбеге аян. Ал, әдебиетті оқыту әдістемесі – дербес ғылым. Кез келген ғылым саласы ретінде басқа ғылым салаларымен байланысты дамып, өз реттілігін тауып отырады.

Әдебиеттану ғылымының мәселелері негізінде әдебиеттің даму кезеңдері, тарихы мен шежіресі, әдеби бағыттар мен

тарихи-әдеби үрдіспен астасатыны сөзсіз. Қазақ халқының құрылуына негіз болып, ру-тайпалардың геофикалық орнына қарай Қазақстанды, Орта Азияны, Еділ бойы мен Каспий жағалауын мекендеген өзбек, қырғыз, әзербайжан, түрікпен, әзірбайжан, қарақалпақ, татар т.б халықтарының құрамына енген ру-тайпалармен аралас өмір кешкен. Сөйтіп әлеуметтік жағдайы, экономикасы, мәдени өмірі мен экономикасы тығыз байланысты түркі тілдес халықтардың әдебиеті ортақ сабақтасып, жартылай көшпелі және отырықшылықпен айналысқан түркі халықтарының батырлығы, ерлік жырындағы эпостық жырлары поэзия тілінде тасқа қашалып жазылып, көне түркі жазба ескерткіштерінің рухани дүниесімен байытты.

Бұл ескерткіштердің тарихы тасқа қашалып, мұраға қалған өсиетті сөздерін зерттеуде шетелдік зерттеушілердің назарын өзіне аудартқаны әмбеге аян. Н. Витсен, С. Ремезов, И. Страленберг, С. Паллас, Н. Ядринцев, В. Томсен тасқа қашалған көне ескерткіштердің сыры мен құпиясын ашуға ат салысқан болатын. «Қазақстан аймағынан табылған көктүрік бітік (тастағы таңбалар) жазуларының мағынасын ашуға әрекеттенген қазақ ғалымы А. Аманжолов болды...» [2.16].

Қазіргі таңда көне жазба ескерткіштері терең зерттеу мен зерделеуден өтіп төмендегідей салаларға бөлініп қарастырылады:

1) **Көне түркі жазба ескерткіштері:** оның ішінде Орхон жазба ескерткіштері, Енисей жазба ескерткіштері, Талас жазба ескерткіштері, Қазақстан аумағынан табылған ескерткіштер болып, сараланып зерттеліп сүзгіден өткен шығармалармен толысып, әдебиеттік қормен жетіліп келеді.

2) **Діни-дидактикалық әдеби жәдігерлер:** «Кодекс Куманикус», «Абыздар құлшылығы» т.б.

3) **Әдеби жазба жәдігерлер:** «Оғызнама», «Қорқыт ата кітабы», «Дана Хикар хикаясы» болып топтастырылып, көне түркі жазба ескерткіштерінің мол қазынасы мен руханиятына айналды.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің әдеби мол мұрасы ғалымдардың зерттеу жұмыстары барысында қазіргі Моңғолия мен Орхон өзені бойынан, Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірлері өзен жағалауы бойынан табылған. Тарихымыздың алтын діңгегі, жазба әдебиетінің қайнар бұлағы «Орхон жазба ескерткіштерінің» әдебиет



пен тарихымыздың рухани мұрасына айналғаны заңдылық. «Орхон жазба ескерткіштері негізінен Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Онгин, Күлі Шор, Мойын Шор, Теркін-Тариат, Суджі жазба ескерткіштері жатады. Бұлардан басқа оннан аса майда жазулар да бар» [2.17].

Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілдік құрылымы мен жазу графикасы қазақ тіліне ұқсастығы мен жақындығын ғалымдар С. Малов, В. Насилов еңбектерінен кездестіруге болады. Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор Х. Сүйіншалиев: «Тілдік құрылысы жағынан ескерткіш жазуы ескі қазақ тіліне мүлде жақын. Сөйлем мен сөз тіркесі ұғуға жеңіл...» [3.24].

Түркі шығармаларының ішінде ойып тұрып орын алатын, тұтас бір ғана ұлттың ғана емес түркі жұртының мұн-мұқтажынан құралған көлемді шығармалар қатарында Күлтегін жазба ескерткіші мен Білге қаған жазба ескерткішіне тоқталамын. Түркі тарихының батыры, жорықтың сарбазы, шығарма авторы Күлтегін жырында тасқа қашалған қаншама үлгілері сөзге тиек болады. Мысалы: «9. Халқы былай деген: – Елді халық едім, елім енді кәні? Кімге елді құрып орнатамын? – дер екен, – Қағанды халық едім, қағаным кәні? Қандай қағанға іс-күшімді берермін? – дер екен. Осылай деп тағбаш қағанына (қайта) жау болған» [2.25]. Тарихта Күлтегін батырдың ағасы, рухы бір жандардың руханиятына айналған Білге қағанның да орыны бір төбе. Білге қаған ескерткіші туралы «Көркемсөз ескерткіштерінің ішінде ежелгі түркі мемлекетінің көрнекті, әскери қолбасшысы Білге қаған мен қарт Тоны туралы тасқа қашалып жазылған әдеби жәдігерліктер», – деп жазылады [4.34].

«13. Тәңірідей Тәңірі жаратқан түрүк Білге қаған(ға менің) сөзім: «Әкем түрүк Білге қаған отырғанда, түрүктің ендігі бектері... кейінде (батыста) тардұш бектері, Күлі Шор бастаған, ұласқан шад-апыт бектер, алда шығыста төліс бектері, апа-тарқан...» – деп оқиға желісін баяндайды.

Тарихтың жылнамалары жылжып, уақыт өзгерісіне қарай шежірелер тарихы да өзгеріп, көне түркі әдеби мұралары да толықтырылып қоғам игілігіне қарай алға жылжып келеді. ««Күлтегін», «Білге», «Тоныкөк» ескерткіштерінің тақырыбы, көтерген мәселесі, кейіпкерді бейнелеуі, көркемдігі тұрғысынан қазақтың эпостық жырларына өте жақын», – дейді көрнекті ғалым, ұстаз А. Қыраубайқызы.

Расында да, көне түркі әдебиетінің жыр-шумақтарына үнілсеңіз көз алдыңызға ерлік пен батырлық, қантөгіс пен жанқиярлық әрекеттерді байқайсың, оның себебі де сол – ұлан-ғайыр өлкенің батырлары мен қайсар рухты қаһармандардың ерлігі рухани мол мұралық жәдігерлерге толы.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетін оқытудағы әдеби жәдігерлердің ішінде «Көне түркі жазба ескерткіштерінің» мол мұрасы, тарихы жатыр. Әр заманның жылнамасы өзгеріп отырса да рухани дүниеге бай, көне жазба ескерткіштерінің тілі мен қолданысы заман талабына қарай жаңарып отырғанымен де еш құндылығын жоғалпай, төл әдебиетіміздің (Ежелгі дәуір әдебиеті) шоқтығы биік, өлмейтін рухты жырлары «Ұлы дала жауһарларына» айналып отыр. Көне түркі жазба ескерткіштерінің күллі түркі жұртшылығына ортақ Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк ескерткіштері (Орхон-Енисей жазба ескерткіштері) – мазмұны мен тілі, түрі мен құрылымы жағынан да өлең құрылысы мен сюжеттік композициясы мен ерекшеленетін төлтума шығармалар.

#### **Әдебиеттер:**

1. Жұмақасва Б.Д. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі». – Алматы: «Қыздар университеті», 2015.
2. Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы, 1-том. – Алматы, 2019.
3. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006. – 890 бет.
4. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 261 бет.
5. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. – Алматы: Әл-Фараби, 1996. – 127 бет.

*Самал КАЛЫБЕККЫЗЫ,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
докторанты, Алматы қ., Қазақстан*

## **БҰҚАРАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ (Ю.М. Лотман еңбегі негізінде)**

*Аңдатпа:* Бұл мақалада қазіргі бұқаралық әдебиеттегі ерекшеліктер Лотман еңбегі негізінде талданады. Әдебиеттің қоғам мен адам өміріндегі маңыздылығы айтылып, бұқаралық әдебиеттің түрлері қарас-

тырылады. Көркем әдебиетпен байланысы және айырмашылығы көрсетіледі.

*Түйін сөздер:* әдебиет, қоғам, бұқара, табыс, оқырман, мәдениет, көркем әдебиет.

Бұқаралық мәдениетті зерттеу қазіргі әлеуметтанудың өзекті мәселелерінің біріне айналуда. Бұл қазіргі заманғы өнер зерттеушілерінің теориялық құрылыстарына, әсіресе оның ХХ ғасырдың техникалық жетістіктерімен тікелей байланысты түрлеріне тікелей әсер етеді.

Бұл жағдайда бұл тақырыптың өзі соншалықты жаңа емес екенін және материалға да, дәстүрлі әдебиет тарихының зерттеу мәселелеріне де тікелей қатысы бар екенін еске салу орынды.

«Бұқаралық әдебиет» ұғымын тарихи-әдеби және теориялық тұрғыдан анықтауға тырысу – қазіргі заманғы материал мен тарихи-мәдени өткенді әлеуметтанулық зерттеу арасындағы байланысты көрсетуге бағытталған әрекет.

Ю.М. Лотман – кеңестік және ресейлік мәдениеттанушы, әдебиеттанушы және семиотик. Семиотика, мәдениет және әдебиет саласындағы зерттеулерімен танымал. Оның бұқаралық әдебиет теориясы бірнеше негізгі аспектіні қамтиды.

Мәдениет мәтін ретінде: Лотман мәдениетті оқуға және түсіндіруге болатын мәтін ретінде қарастырды. Бұл тұрғыда бұқаралық әдебиет қоғамдық идеялар мен құндылықтарды бейнелейтін және қалыптастыратын мәдени мәтіннің бөлігі ретінде қарастырылады.

Мәдениеттер диалогі: ол бұқаралық әдебиет әртүрлі мәдени дәстүрлердің диалогінің нәтижесі екенін атап өтті. Бұл өзара әрекеттесу бұқаралық әдебиеттің әлеуметтік және тарихи жағдайларға байланысты бейімделуіне және өзгеруіне мүмкіндік береді.

Бұқаралық әдебиеттің функциялары: Лотман сонымен қатар бұқаралық әдебиеттің ойын-сауық, білім беру және әлеуметтік түсініктеме беру сияқты әртүрлі функцияларын атап өтті. Бұқаралық әдебиет өмірді шынайы бейнелеуге және сынауға, сондай-ақ қоғамдық пікір қалыптастыруға қабілетті.

Құрылым және семиотика: Лотман әдеби шығармаларды талдауға семиотикалық тәсілді қолданды, әр шығармада түсін-

діруге болатын белгілер мен белгілердің элементтері бар екенін атап өтті. Бұл бұқаралық әдебиетті мағыналардың әртүрлі деңгейлерінен тұратын күрделі құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Бұқаралық және элиталық әдебиет: Лотман сонымен қатар бұқаралық және элиталық әдебиеттер арасындағы айырмашылықтарды қарастырып, оларды бір мәдени процестің екі жағы ретінде қарастырды. Ол бұқаралық әдебиет өзінің танымалдығы мен қарапайымдылығына қарамастан қоғамның мәдени өмірінде маңызды рөл атқарады деп сендірді.

Бұқаралық әдебиетке деген қызығушылық орыс классикалық әдебиеттануында қоршаған дәуірден оқшауланған және оған қарсы шыққан «ұлы» жазушыларды зерттеудің романтикалық дәстүріне қарсы тұру ретінде пайда болды. Академик А.Н. Веселовский адамзаттың батырлары, көсемдері мен жасаушылары – Карлайл мен Эмерсон идеяларының рухында – XVIII ғасыр рухындағы саябаққа негізделген зерттеулерді салыстырды, онда «барлық аллеялар Сарайға немесе кейбір жалған классикалық ескерткіштерге желдеткішпен немесе радиустармен азайтылады және әрқашан ескерткіш болып шығады дегенмен, ол барлық жерден көрінбейді, сәтсіз жарықтандырылады немесе оған орталық алаңда тұру мүмкін емес».

«Қазіргі ғылым, – деп жазды ол әрі қарай, – сол уақытқа дейін олардың артында тұрған, дауысы жоқ бұқараға көз жүгіртуге мүмкіндік берді; ол олардан өмірді, қозғалысты, қарапайым көзге көрінбейтін, кеңістік пен уақыттың тым кең көлемінде жасалынған барлық нәрсені байқады; тарихи процестің құпия серіппелерін осы жерден іздеу керек еді, тарихи ізденістердің материалдық деңгейінің төмендеуімен бірге ауырлық орталығы халық өміріне көшірілді».

А.Н. Пыпин, С.А. Венгеров, В.В. Сиповский, академик А.Н. Веселовскийдің өзі, кейінірек В.Н. Перетц, М.Н. Сперанский және басқа да көптеген зерттеушінің еңбектерінде көрсетілген бұл тәсіл қарапайым және бұқаралық әдебиетке деген қызығушылықты тудырды. Идеологиялық құбылыс ретінде айқын демократиялық сипатқа ие бола отырып, мұндай тәсіл ғылыми мағынада зерттелетін дереккөздер шеңберінің кеңеюімен, әдебиет тарихына фольклористика мен ішінара лингвисти-

калық зерттеу әдістерінің негізінде өскен әдістердің енуімен байланысты болды.

Кейбір жағдайларда әдебиет тарихына мұндай көзқарас ұшыраған сын бұқаралық және тарихи маңыздылық арасындағы теңдік белгісі жиі қойылып, белгілі бір шығармалардың идеялық немесе эстетикалық құндылығы ескерілмегендігімен байланысты болды. Данышпанның туындылары да, талантсыз жазбалар да кейде «жазба ескерткіштерінің» біртұтас қатарына қосылды.

Бұқаралық әдебиетке деген қызығушылықтың жаңаруы 1920 жылдардағы кеңестік әдебиеттанушылардың, ең алдымен В.Б. Шкловский, Б.М. Эйхенбаум және Ю.Н. Тыняновтың еңбектерімен байланысты. Бір жағынан, бұқаралық әдебиет бұл зерттеушілерді қызықтырды, өйткені бұл дәуірдің орташа әдеби нормалары барынша толық анықталған. Екінші жағынан, Ю.Н. Тынянов талап етті – канонизацияланбаған, әдеби нормалармен заңдастырылған дәуірден тыс шығармаларда әдебиет болашақ дәуірлердің инновациялық шешімдері үшін резервтік қаражат алады. «Түзу сызықтың жалғасы жоқ, жөнелту, белгісіз нүктеден итеру – күрес», – деп жазды Тынянов. «Жаңа көркемдік формаларды құру-бұл өнертабыс емес, ашылу актісі, өйткені бұл формалар алдыңғы кезеңдерде жасырын түрде бар». «Ұмытылған» ақындарға назар аудару 1929 жылы Б.М. Эйхенбаум мен Ю.Н. Тыняновтың редакциясымен шыққан «XIX ғасырдағы орыс поэзиясы» жинағының авторларын біріктірді.

Екінші жағынан, бұқаралық поэзияға деген қызығушылық пайда болды: орыс әдебиеті тарихының мамандары XIX ғасырдағы академиялық әдебиеттану заңдастырған фактілер ассортиментінің тарлығы мен кездейсоқтығын түсінді. Зерттелетін материалдың шекараларын кеңейту жаңа тарихи-әдеби тұжырымдамаларды ұсынудың негізгі шарттарының біріне айналды. Сонымен, В.М. Жирмунский 1924 жылы былай деп жазды: «әдеби дәстүр мәселелері дәуірдің бұқаралық әдебиетін кеңінен зерттеуді қажет етеді». Г.А. Гуковский бұқаралық әдебиетті зерттеуді қатты талап етті. XVIII–XIX ғасырлардағы қолжазба жинақтарының жаппай анонимді поэзиясын, тізімдерде болған және баспа жазуын зерттеу негізінде салынған әдебиеттің мүлдем басқа бейнесін жасайтын жерасты сатирасын зерттеу принциптерін Г.А. Гуковский мен В.Н. Орлов 1933 жылы Востоков,

Гнедичке арналған «Ақын кітапханасы» басылымдарының томдары тұжырымдады, «әдебиет, ғылым және өнер әуесқойларының еркін қоғамының» ақындары, кейінірек Мерзляков XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы ақындардың зерттелген мәтіндерінің репертуарын кеңейту тенденциясын бекітті.

Алайда болашақта бұқаралық әдебиетті зерттеу үрдісі іс жүзінде жойылды және бұл академиялық институттар шығарған әдебиет тарихы туралы жалпылама еңбектердің дизайнында айқын көрінді.

«Бұқаралық әдебиет» ұғымы («бұқаралық әдебиет» терминін біз нақты тарихи құбылыстарға қолданамыз және оны әлеуметтануда кең таралған «Бұқаралық мәдениет» ұғымымен XX ғасырдың белгілі бір құбылысы ретінде араластыруға болмайды) – әлеуметтанулық ұғым. Бұл белгілі бір мәтіннің құрылымына емес, оның осы мәдениетті құрайтын мәтіндердің жалпы жүйесіндегі әлеуметтік қызметіне қатысты. Осылайша, «бұқаралық әдебиет» ұғымы, ең алдымен, белгілі бір топтың мәтіндердің белгілі бір тобына қатынасын анықтайды. Тютчевтің поэзиясы сияқты бір шығарма, атап айтқанда, бұқаралық әдебиетке тиесілі болды, ал екінші жағынан, мысалы, ол олай емес еді.

«Бұқаралық әдебиет» ұғымы белгілі бір шындық мәдениетті міндетті антитеза ретінде білдіреді. Бұқаралық әдебиет туралы кез келген бөлікке (мысалы, фольклорға) таралу, құндылық және т.б. белгілері бойынша бөлінбеген мәтіндерге қатысты айтудың мағынасы жоқ.

Бұқаралық әдебиеттерде өзара қарама-қайшы екі белгі болуы керек. Біріншіден, ол әдебиеттің сандық жағынан кең таралған бөлігін білдіруі керек. «Кең таралған – кең таралмаған», «оқылатын – оқылмайтын», «белгілі – белгісіз» белгілерін бөлу кезінде бұқаралық әдебиеттер таңбаланған сипаттамаларға ие болады. Демек, белгілі бір ұжымда ол мәдени тұрғыдан толыққанды және осы рөлді орындау үшін қажетті барлық қасиеттерге ие болады. Алайда, екіншіден, сол қоғамда нормалар мен идеялар белсенді болуы керек, олардың көзқарасы бойынша бұл әдебиет өте төмен бағаланып қана қоймай, ол мүлдем болмаған сияқты. Ол «жаман», «дөрекі», «ескірген» немесе басқа

белгілер бойынша алынып тасталған, қабылданбаған, апокрифтік деп бағаланады.

Осылайша, бір мәтінді оқырман қос жарықта қабылдауы керек. Оның дәуірдің жоғары мәдениетіне жататындығының белгілері болуы керек және белгілі бір оқу орталарында оған теңестірілуі керек. Алайда, сол дәуірдегі басқа оқырман үшін сол мәтінде қандай да бір жүйеден өшіру белгілері болуы керек: басым, құнды немесе кем деген. Кейде бұл өшірудің өзі мәтінге деген қызығушылықты арттырады. Мысалы, Пушкин дәуірінде оқырман поэтикалық құндылықтардың екі параллель иерархиясымен айналысады: бірі ресми баспа әдебиетіне, екіншісі «қабылданбаған» қолжазба дәптерлеріне қолданылады.

Жоғарыда айтылғандардан, бұқаралық әдебиет деп аталатындар, негізінен, біртекті құбылыс бола алмайтындығы айқын көрінеді.

Ең алдымен, оған өзін-өзі оқытатын жазушылардың, кейде төменгі әлеуметтік топтарға жататын әуесқойлардың шығармалары кіреді. 1920 жылдардағы әлеуметтанушы әдебиеттанушылар тарапынан үлкен қате түсінік болды. Бұл жазушылардың шығармашылығын халық мәдениетінің өзіндік көрінісі ретінде қарастыруға болады деп сену құбылысы еді. Көбінесе олар белгілі бір нормалардың, талаптардың, негізгі әдебиеттер мәтіндерінің ең дәл, кейде құлдық көшірмелерін жасайды. Мұндағы нормалардан ауытқу тек қабілетсіздіктен туындайды. Белгілі бір автордың өзіндік ұмтылысы, оның көркемдік кемелдік туралы идеясы дәл осы «нақты» әдебиетте қабылданған нормаларды сақтаудан тұрады. Бұл мұндай әдебиетті қызығушылықсыз етпейді. Біріншіден, дәл осы жерде біз дәуірдің әдебиетінің жеңілдетілген, орташа нормаларға дейін азайтылған суретін аламыз, оның негізінде талғамның, оқырмандық түсініктердің және әдеби нормалардың орташа зерттеу модельдерін құру оңай. Бұл идеялар мен нормаларды білу өнердің «жоғары» жетістіктерін түсіну үшін өте маңызды болғандықтан, поэтикалық техниканың қарсыласуын жеңе алмай қиналған бастаушы ақындардың немесе әуесқой вирштердің мектеп жаттығуларымен танысу мүлдем пайдасыз емес. Алайда бұқаралық әдебиетте оның көрінісі негізінде жасалған жоғары мәдениеттің бейнесі портрет екенін ұмытпау керек. Қазіргі заман жоғары әдебиеттің екі тамаша бейнесін жасайды.

Олардың бірі әдебиеттің сыны мен теориясынан туындайды. Мұнда нормалар әдебиетке жатқызылады, оның қандай болуы керектігі көрсетіледі. Бұл идеалды нормалар әдебиеттің өзі туралы айтатын тілге айналады. Өзін-өзі тануға ұмтылған әдебиет өзін теоретиктерінің қаламымен және өзі туралы аңыз аясында қабылдайды. Бұл аңызға сәйкес келмейтін мәтіндер қараудан шығып, жоқ деп жарияланады. Бұл аңызға айналған портрет ұрпаққа беріледі. Ол тазартылған, қарама-қайшылықсыз және тарихи материалда қатаң логикалық заңдылықтардың болуының елесін жасайды.

Сонымен, жаңа әдеби жүйенің пайда болуы материалдарды қажет етеді. Бұл материал, әдетте, алдыңғы дәуірлерде артық және кездейсоқ болып көрінген құрылымның резерві болып шықты. Бұл резерв ең жоғары әдебиетте де бар, өйткені ол сөзсіз күрделі, бай, өз теориясына қайшы келеді. Ол одан тыс жерлерде де бар. Эстетикалық теория белгілі бір кезең үшін неғұрлым қуатты, мағыналы, прогрессивті болса, соғұрлым ол тірі әдебиетті өзіне бағындырған сайын, кейінгі кезеңнің мәтіндердің әдеби емес шеңберіне жүгінуі соғұрлым белсенді болады. Алшақтық неғұрлым көп болса, соғұрлым жоғары әдебиетте таусылмаған құрылымдық мүмкіндіктер болды. Осыған байланысты әдебиеттің теориялық өзін-өзі бағалауының тарихи функциясының диалектикалық күрделілігі айтылады. Бұл жүйе жалпы мағынада оны тілдік типтегі барлық құрылымдармен байланыстыратын қасиеттерді көрсетеді. Ақпараттың қуатты ұйымдастырушысы, қарым-қатынас шарты ретінде әрекет ете отырып, ол кедергі, тежегіш болады. Өзінің әлеуметтік функциясын орындау үшін ол үнемі қозғалыста болуы керек.

Әдебиеттің теориялық өзін-өзі бағалауы екі жақты рөл атқарады: осы мәдени дәуірдің бірінші кезеңінде ол көркемдік қарым-қатынастың жаңа жүйесін ұйымдастырады, жасайды. Екіншісінде дамуды тежейді. Дәл осы дәуірде бұқаралық әдебиеттің рөлі – әдеби догмалар мен теорияларға еліктеуші және сыншы ретінде белсендіріледі.

Бұқаралық әдебиет құрылыс принциптері бойынша фольклорға жақын деп саналады. Бұл көркем тілдің тұрақтылығын, жақсы аяқталатын поэтиканы және басқа да көптеген жалпы белгілерді көрсетеді. Алайда тағы бір нәрсені атап өту маңызды:



бұқаралық әдебиет қазіргі заманның күрделі «жоғары» мәдениеті дәстүрі бар қоғамда және осы дәстүр негізінде пайда болады.

Біріншіден, бұқаралық әдебиет графикалық түрде бекітілген мәтін – бұл бүкіл жұмыс деген ұғымнан туындайды. Оқырман өзінің сана құрылымын белгілі бір ақпарат деңгейіне дейін қиындатуға дайын емес. Бұқаралық әдебиеттің мәтіндерінде, мысалы, XIX ғасырдағы роман сияқты, соңы жоғары модельдеу рөлін атқаратыны кездейсоқ емес. Бұқаралық әдебиетте соңының модельдеу функциясы жоғары болып қалатындығы оның бізге таныс кеш өнер түрлерімен байланысын көрсетеді. Алайда бұл мәселеде фольклорлық типпен туыстық қатынасты атап өтуге болады. Бұл жақсы аяқталу поэтикасының міндеттілігінде көрінеді. Рас, ертегідегі жақсы аяқталу және таблоидтық романдағы жақсы аяқталу түбегейлі ерекшеленеді. Ертегіде жақсы аяқталуы мүмкін жалғыз нәрсе. Ертегінің жаман соңы – бұл жай ғана соңы емес, әңгіменің жалғасуы керек екендігінің дәлелі. Бұқаралық әдебиетте оқырман жаман аяқталуға мүмкіндік береді, сонымен қатар, тек осы күту аясында және *happy end* поэтикасы маңызды. Ол қос функцияда әрекет етеді.

1. Өмірдің қарама-қайшылығында (өмірде бәрі нашар аяқталады, романда бәрі жақсы); бұл антитеза өтемдік функцияны белсендіре отырып, сәйкестік поэтикасымен туыстықты ашады.

2. «Жоғары әдебиет» дәстүріне қарама-қарсы (мысалы, байыпты прозаны бейімдеу кезінде бұқаралық өнер нормаларын ескере отырып, жаман жақтарын жақсыларға ауыстыру тенденциясы – «көрермен түсінбейді»). «Жоғары әдебиеттің» антитезасында бұқаралық өнер (және жақсы аяқталу мәселесіне қатысты) өмірдің басқа түсіндірмесін жасайды – танымдық функция алға шығады.

Басқа сындарлы принциптерге қатысты көрінетін бұқаралық әдебиеттің «қарабайырлығының» бұл қос табиғаты оның мәдениеттің жалпы жүйесіндегі функциясының сәйкессіздігін де анықтайды.

Белгілі бір мағынада мәдениетті жою құралы ретінде әрекет ете отырып, ол бір уақытта жаңа құрылымдық формалардың құрылысына қатыса отырып, оның жүйесіне тартыла алады.

Осылайша, Лотманның бұқаралық әдебиет теориясы оның алуантүрлілігін, динамизмін және кең мәдени жүйе контекстіндегі маңыздылығын көрсетеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Лотман Ю.М. Массовая литература как историко-культурная проблема / О русской литературе. – Санкт-Петербург: Искусство-СПБ, 1997.
2. Цветкова Б.Л. Массовая литература как культурный феномен / Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. Серия: Социальные науки. №2 (42), 2016.
3. Черняк М.А. Массовая литература конца XX начала XXI века: технология или поэтика? / Массовая литература XX века. – М. Издательство «Флинта», 2019. – 430 с.
4. Чекалов К.А. Формирование массовой литературы во Франции. – М: ИМЛИ РАН, 2008. – С. 8, 24.

**Тұрсынбай ЕШИМОВ,**  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың*  
*магистранты,*  
*yeshimov.tursynbay@mail.ru*

### **ӘНГІМЕ ЖАНРЫНДАҒЫ ПОСТМОДЕРНИЗМ**

*(Р. Мұқанова мен А. Алтай шығармашылығы негізінде)*

*Аңдатпа:* Әлем өркениетінің әр түрлі салаларындағы үлкен қозғалыстар мен өзгерістердің тарихта түрлі атаулармен таңбаланып, айтылып жүргені мәлім. Сондықтан да қазіргі қоғамдық-мәдени өмірдегі өзгерістердің «жаңа» атаумен қолданылуы тарихи тұрғыда заңды процесс. Жалпы, қазіргі таңда әлемдегі өзгерістер мен жаңаша ойлау, тың структуралық құрылыстар «постмодерн» ұғымымен түсіндіріліп жүр. Яғни постмодерн – бүгінгі қоғамдық өмірді «бейнелейтін» жаһандық термин. Постмодернизм қазақ әдебиетіне де өз әсерін тигізді. Әсіресе ХХІ ғасырдан бастап қазақ әдебиетіндегі шығармаларда постмодерндік сана, постмодернизмге тән құрылым бұзушылық айқын көріне бастады. Постмодернизмге тән мұндай белгілер А. Алтай мен Р. Мұқанова шығармаларынан да мол ұшырасады. Қаламгер әңгімелерінде қазақ әдебиетінде сирек кездесетін симулякр және пастиш, постмодерндік шығармалардың басты ерекшелігі саналатын интертекстуалдылық жиі ұшырасады. Және сананың өзгерген күйі, постмодерндік курс сынды ерекшеліктер де мол.

*Түйін сөздер:* постмодернизм, интертекстуалдылық, реминисценция, аллюзия, цитация, пастиш, симулякр.

Бүгінгі қазақ прозасында шығармаларын постмодерндік үлгіде жазған немесе шығармаларында постмодерндік айырым белгілер жиі және айқын көрінетін қаламгерлер ретінде Р. Мұқанова, Д. Амантай, А. Кемелбаева, А. Алтай, А. Жақсылықов, А. Ықсан, Ж. Қорғасбек сынды авторлар айтылып жүр. Бұл аталған қаламгерлердің ішінде Д. Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы қазақ әдебиетінде постмодерндік үлгіде жазылған айрықша шығарма ретінде бағаланып жүр. Өзге авторлардың шығармаларында постмодернге тән белгілер толайым табылып жатпаса да бірді-екілі элемент ретінде ұшырасады. Бұл жөнінде Г. Сәулембек «Қазіргі прозадағы постмодернизм» атты монографиясында Еуропа әдебиетіндегі постмодернизм мен қазақ әдебиетіндегі постмодернизмнің екі бөлек нәрсе екенін, екі өркениеттегі постмодернизмнің туындау себептері де екі түрлі екенін айтады: «Әдебиеттегі постмодернизм Еуропа мен Америкада онда қалыптасқан канондық модернизмнен кейін пайда болса, посткеңестік кеңістіктегі елдерде (XX ғасырдың басында қалыптаса бастап социалистік реализмнің әсерімен ығыстырылып, жасанды түрде үзіліп қалған) модернизмге қайта оралу барысында пайда болды» дейді [1.15 б.]. Сондай-ақ, ғалым постмодернизмнің әдебиетімізге тәуелсіздікпен қатар келуінің мынадай басты себептерін атайды: «еліміздің егемендік алуымен әдебиеттегі саяси-идеологиялардың жойылуы, шектеулерден арылу, «мәдени шекараның» бұзылуымен жаңа мәдениеттердің, діндердің келуі, нарықтық заман мен жаһандану процесі» [1.16 б.].

Қазақ әдебиетінде постмодернге тән сана ағымы және формалық, структуралық белгілер Р. Мұқанова мен А. Алтай әңгімелерінен де байқалады. Мәселен, Р. Мұқанова әңгімелерінде интертекстуалдылық байланыс (аллюзия, реминисценция, цитация құбылысы), пастиш, симулякр, постмодерндік дискурс сынды біршама белгілер бар.

Автордың «Құдірет-кие», «Сарқаншық», «Монастырь», «Шерменде», «Қаралы төбе», «Мәңгілік бала бейне», «Құбыжық», «Айда» әңгімелерінен интертекстуалдық байланыстың бірнеше үлгілерін көре аламыз.

Жалпы, интертекстуалдылық дегеніміздің өзі бір мәтінде

бірнеше мәтіннің көрінуі. Ал постмодернге тән бұл тәсіл Р. Мұқанова әңгімелерінде мол ұшырасады. Мәселен, цитация (ашық және жасырын цитата үлгілері) жиі байқалады.

Автордың «Күдірет-кие» әңгімесіндегі «Түні бойы арпалысып келе жатқан Өлең-шеше әлсін-әлсін жұмыла берген көзін сүртіп, ұйқы-дұшпанға берілмей келеді» [2. 5 б] деген жолдардан интертекстуалдық байланыстың екі түрін аңдаймыз. Мұндағы «ұйқы-дұшпан» деген тіркес әрі жасырын цитатаға әрі аллюзияға мысал болады. Олай дейтініміз халқымыздың ауыз әдебиетіндегі кең таралған, танымал «...Үш арсыз: Ұйқы. Тамақ. Күлкі...» тәмсілі бұл арада аз ғана өзгеріске түскен нұсқа ретінде көрініп (жасырын цитата), әрі оқырманды белгілі бір кезеңдердегі шындыққа, күрделі оқиға желісіне жетелеп тұр (аллюзия).

«Сарқаншық» әңгімесінен де цитацияны байқаймыз. Мәселен, шығармадағы «Жақсы ит – өлігін көрсетпейді» дейтін де сөз бар бізде» деген жолдардан ашық цитатаны көреміз [2. 16 б].

Жалпы, цитата терминіне «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде» былайша анықтама беріледі: «Дәйектеме (цитата) – баспасөз материалдарында, ғылыми еңбектерде, кітаптар мен түрлі қолжазбаларда, баяндамалар мен сөйлеген сөздерде келтірілетін, белгілі бір мәселе жөнінде айтылған немесе жазылған ойтұжырымдардан сөзбе-сөз алынған үзінділер» [4, 124 б]. Алайда, интертекстуалды байланыс тұрғысынан алғанда шығармадағы цитата форма тұрақтылығын сақтай бермейді. Бұл жөнінде Алмагүл Адилова: «...Көркем мәтіндегі мұндай келтірінді құрылымдар ашық цитация деп аталады. Ал кейде цитата мүлде өзгеріп кеткендіктен танылмайды, бұл жасырын түрдегі цитация деп есептеледі» [5, 32 б], - дейді.

Р. Мұқанованың әңгімелерінде цитация құбылысының түрліше формадағы көріністерін байқаймыз. Мәселен, автордың «Монастырь» әңгімесінде М.Мақатаевтың «Біздерде монастырь жоқ, Мен оған барар едім» деген сөзі эпиграф ретінде алынып, қолданылған. Ал қаламгердің «Қаралы төбе» әңгімесіндегі «Қаралы төбе басында қартайып, қайғы ойлаған қарт отыр» [2. 77 б] деген жолдарынан Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінің ізін, ықпалын анық аңғарамыз. Демек, бұл да – интертекстуалдық байланыстың айқын мысалы. Нақтылай

айтсақ, бастапқы форманың өзгеріске ұшыраған нұсқасы жасырын цитата. Ал аталған шығармадағы ашық цитата үлгісін мына жолдардан байқаймыз:

Жартасқа бардым,  
Күнде айқай салдым,  
Одан да шықты жаңғырық [2. 81 б].

Автордың танымал туындысы «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінен де интертекст үлгілерін таба аламыз. Әңгімедегі Ләйлә қыздың монологындағы «Қасиетті жер еді, қадірден әбден жұрдай болды. «Жақсының арты жын» деуші еді. Шынымен-ақ адам естіп, көз көрмеген қасіреттің бәрі Абай ата басқан топырақтан шығып жатқан жоқ па?» [2. 110 б] деген жолдардан ашық цитата үлгісін көреміз.

«Құбыжық» әңгімесінде де жасырын цитата үлгісі ұшырасады: «...Анда бар деп сілтейді. Анда барам – Қорқыттың көрі. Мында бар деп сілтейді, мында барам – Қорқыттың көрі. Сөйтіп жүріп біттім» [2. 123 б.].

Сондай-ақ, автордың «Аида» әңгімесінен де ашық цитатаның айқын және бір үлгісін көреміз. Мұнда халық әні «Шапибай-ау» әнінің:

Дегенде Шапибай-ау, Шапибай-ау,  
Атымды талға байлап келдім жаяу.  
Атымды талға байлап келсем жаяу,  
Шапи қыз отыр екен ұйқылы ояу [2. 230 б.] –

деген бір шумағы өзгеріссіз алынып отыр.

Қаламгер шығармаларында интертекстуалдық байланыстың аллюзия, цитация сынды үлгілерінен өзге реминисценцияны кездестіреміз. Бұл интермәтін үлгісі «Шерменде» әңгімесінен байқалады. «Иен даланы дүбірге бөлеп, бірінің басы қосылып, қауышып мез болысып жатса, енді бірі туғанынан адасып қайғы жұтып, көш сапарымен ілесе берген. Бірақ бұл көшті соңғы көш, ақыр көш деп ойламаған» [2. 75 б.] деген сөйлемдердегі «соңғы көш» тіркесі оқырман санасына қазақ әдебиетіндегі үлкен романдардың бірі «Соңғы көш» шығармасын түсірері анық.

Жоғарыда келтірілген мысалдарда мақал-мәтелдер, халық арасына кеңінен тараған, актив қолданыстағы тіркестер бар. Біз

оларды да цитата деп алуды жөн көрдік. Өйткені, бұл жолдардың баршасы да көшпелі өмір кешкен, сол себептен де рухани мұрасы хатқа емес жадқа көбірек таңбаланған қазақтың «халық ауыз әдебиеті» деп аталатын орасан қомақты қорында бар.

А. Алтай әңгімелерінен де интертекстуалдық байланыстың бірнеше түрін және көптеген мысалдарын көре аламыз. Әсіресе, интертекстуалды байланыстың бір түрі саналатын реминисценция А. Алтай шығармаларынан жиі ұшырасады. Жалпы, шығармадан реминисценцияны табу оқырманның өресі мен танымына тікелей қатысты. Оқырман мол білімді, әрі әдеби шығармалардың отандық және әлемдік үлгілерімен қаншалық етене таныс болса, шығармадан интертекстуалды байланыстың түрлерін табу ықтималдылығы да артады.

Автордың «Қабірші» әңгімесі тақырыбы және мазмұны жағынан Д. Исабековтің «Сүйекші» әңгімесін еске түсіреді. Ал автордың «Мәйіт» әңгімесіндегі мына жолдар сәйкесінше «Қабірші» әңгімесін еске түсіреді: «Иқанның да, Иванның да кәсібі кісі қызығарлық емес еді. Олар – кәдімгі көр қазушылар: могольщик, қабірші, ақымшы, лақатшы... Өлі мәйіттің ең ақырғы «сауабын алушы». Және аталған әңгімедегі («Қабірші») «Баяғы Рахман молда айтып еді ғой: «Күнәнді мына жүрген пенде атаулы өлшей алмайды. Мен де саламақтай алмаймын. Жаңа туған сәбиден басқа адам атаулы періште емес... Күнәң болса – көр қаз. Мынау жалған дүниеде мұсылман үшін күнәнді жуудың ең үлкені, ең парасаттысы – мәйітке көр қазу. Ол үшін ештеңе сұрама. Кедей-кембағал болсын, бай-мырза болсын, бергенін ал. Бермей жатса – ренжіме» [3, 213 б] деген жолдар теологиялық таным мен дінге тән жағдайларды (пәтуа) еске салады. Керазу» әңгімесінде «Кетерінде: «Іргені түгел көтерген жөн болмас... Түптің түбінде қайтып оралармыз» [3, 301 б] деген жол қазақ халқына кең танылған «Бай мен жарлы баласы» (Асан мен Үсен) әпсанасын еске түсіреді.

Сондай-ақ автордың «Шың» әңгімесіндегі «Қызыл Қасқыр шыңы баяғы бір бұлың-бұлың бөрі күнгі биігінен үн қатты...

Ақиық Алтайда бөрі атаулыға бөрідей тиген заман болыпты. Көк бөрілердей бас бөрілер де, Қызыл бөрілердей Жас бөрілер де төніп келген ажалдан аман құтыла алмапты. Хас бөрілер харап болған... Сол шақта осы Қызыл Қасқыр күр-күр еткен

Күршім өзенін кесіп өтіп, Салқын Шоқының қапталындағы иық-тас шың басына жетіп, дәл бүгінгі таң алдындағыдай ұзақ ұлуына басқанды. Көкте күн қорғалап, төменде ай сорғалап, Қызыл бөрімен бірге бөрі атаулыны жоқтады-ай» [3, 252 б] деген жолдар автордың «Қызыл бөлтірік» әңгімесін ә дегеннен-ақ еске салады. Демек, бұл да реминисценцияның бір мысалы бола алады.

А. Алтай әңгімелерінде аллюзия да жиі ұшырасады. Аллюзия реминисценцияға қарағанда мығыналық қабаты қалың, әрі оқырманды ойлануға жетелейтіндей етіп жасалынады. Реминисценция шығармадағы өзге мәтін белгілерін еске салса, аллюзия тұтас оқиғаны, мазмұнды еске салады және ойлануды, саралауды қажет етеді.

Мәселен, автордың «Стақан» әңгімесіндегі мына жолдардан аллюзияны аңдаймыз:

«Қазақтардың тарихы – көмулі жатқан Әли Бабаның қазынасы... Нағыз шындық, нағыз тарих жабулы ғой [3, 173 б]. Автор мұнда «Әли Бабаның қазынасы» тіркесін қолдану арқылы оқырманды ойға жетелеп, белгілі бір шындықты еске түсіру арқылы өз ойын білдіріп тұр.

Автордың «Киллер сауысқан» әңгімесіндегі «Өзі де қазір жай сауысқан емес, жемін жер жігінен танитын Мәді сауысқан болып алған» [3,154 б] деген сөйлемнен ислам дініндегі танымал «бейне» Мәді образын байқаймыз. Алайда автордың бұл шығармасында Мәді ислам дініндегі «құтқарушы» бейнесіне қарамақайшы қойылып, «қатыгез, қауіпті» мағынасында қолданылған. «Казино» әңгімесінде де аллюзия бар: «Жошы жалт қарады. Өлгі жолаушы Ажалы жанында жоқ. Оның үні Жошының өз ішінен құмыға естілді. Бір ғажабы бұл құлағымен емес, күллі ой-санасымен сезінді.

«Жоққа сенбе! Көзіңе көрінбесе — сенбе!»

Хи-хи-хи, сорлы! Уысыңа сыймаймын... Сайтанды сарала қамшы ғана сойып сала алады, тілләсін сол ғана ала алады... Ал сенде аттың асыл тері сінген қамшы жоқ. Хи-хи-хи!»[3,98 б]. Әңгіменің осы жолдарынан интертекстуалдық байланыстың екі үлгісін көреміз. Бірінші, «Жоққа сенбе! Көзіңе көрінбесе – сенбе!» сөздері қоғамда көп талқыланатын атеистік ұстанымдағы адамдардың сөзі. Бұл ашық цитата. Екінші, «Сайтанды сарала қамшы ғана сойып сала алады». Бұл сөйлем негізінде аңыздық

оқиға жатыр. Демек, бұл аллюзияға мысал бола алады.

«Керазу» әңгімесінде «Үмітсіз – шайтан... үмітпен жазып отырмын» [3, 297] деген жолдан да аллюзияны (теологиялық таным) аңдауға болады.

Ал автордың «Оба жылғы сауық әңгімесідегі» мына жолдар тарихымыздағы қаралы жылдар, қуғын-сүргін кезін, кезең шындығын еске салады: «Бір жастан асар-аспаста Бақанаста ұстаздық етіп жүрген әкесі ұсталып кетіпті де, «халық жауының» отбасы ретінде көзтүрткі болған шешесі байғұс, Көкжидедегі күшік (жалайыр ішіндегі ру) төркіндеріне қоныс аударыпты. Әкесі болса «үндеместе» хабарсыз кеткен... [3, 347 б].

Постмодернизмнің және бір басты белгісі – симулякр. Ол – жоқ нәрсенің көшірмесі, яғни шындық емес шындық Бұл тәсіл қазақ әдебиетінде Ж. Қорғасбектің «Өлмейтін құс», «Жаконданың жанары» әңгімелері мен Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» повестерінде айқын көрінеді. Шығармаларын біз талдап отырған автор әңгімелерінде жоғарыда аталған шығармалардағыдай симулякр анық та дәл кездеспейді. Алайда, А. Алтайдың «Шаһид» әңгімесінде симулякрге тән құрылымдық өзгешелік бар. Әңгіменің басында баяндалған күй мен оқиға оқырманды бірінші (өзге) кеңістікке жетелесе, шамалыдан соң автордың шалт бұрылыс жасап, екінші (шынайы) кеңістікке жол ашуы оқырманды таңдандырады анық.

А. Алтайдың бұл әңгімесіндегі симулякрдың көрінуі өзгешелеу. Өйткені, симулякр табиғатына сай шығарма соңында ғана маңсұқталуы тиіс шындық бұл шығармада әңгіменің алғашқы бөлігінде-ақ терістелген. Бірақ, постмодернизмнің өзі құрылым мен мазмұнның жүйесіздігі екендігін ескере отырып, біз бұл шығармадағы құрылым бұзушылықты симулякр ретінде көрсетіп отырмыз.

Бұл шығармадағы симулякр түс көру мотиві негізінде жасалған. Алайда, шығарманың басында: «...Қылпып тұрған қоңыр сапты ұстарамен бұғақты тамағын орып кеп жіберді. Қызыл-қошқыл қан неміс паркетті еденнің үстін жуа жөнелді» [3, 102 б],- деп, оқиға осы шақпен баяндала келіп, «Сол бір шақ паркет еденге көтеріліп кеп, өз қанының үстіне малшына былш етті. Бір мезгіл жұма қалған көзін ашып қалса, әлгінің бәрі өңімен өлшенбес түсі екен. – Біссілла! – деген дауысы шығып кетті» [3,



103 б] деп осы шақты өткенге, сол арқылы шындықты елеске, елесті «жокқо» айналдыру арқылы аяқталады.

А. Алтайдың «Қызбейіт» әңгімесінен «пастиш», яғни шығарма мазмұнының қайта құрылымдануын байқаймыз. Автордың бұл әңгімесі көне миф негізінде жазылған. «Қызбейіт» әңгімесіне негіз болған миф автордың «Алтайдың алқызыл модағайы» романына да негіз болған. Автор бұл жөнінде: «Бұл әңгіме маған сондай ыстық. Арада жиырма бес жылдай уақыт өтсе де ешқайда жариялай қоймаппын. ...Ал бірақ бұл аңызға бергісіз әңгіме уақыт өте келіп ой қиялыма тереңнен ұя салып, жан дүниемді жаңаша толқыта түсіп, «Алтай балладасы» (Алтайдың алқызыл модағайы) романының тууына жол ашты», - дейді. Демек, шығарма сюжетінің көне мифтен алынғаны автор тарапынан да расталған. Осыны ескере отырып, көне халық мұраларының да негізгі мазмұны болатындықтан, алайда бұл шығармада сол мазмұн қайта құрылғандықтан біз мұны пастиш деп көрсетуді жөн көрдік.

Қорыта айтқанда, қаламгерлердің шығармаларынан пост-модернизмге тән көптеген ерекшеліктерді байқауға болады. Алайда, ол белгілердің баршасы да айқын аңғарыла бермейді. Сондықтан да, авторлардың шығармаларын әлі де постмодерндік ерекшелік тұрғысынан тереңнен зерттеп, саралау қажет.

#### **Әдебиеттер:**

1. Сәулембек Г.Р. Қазіргі прозадағы постмодернизм: монография / – Алматы: Дарын, 2023. – 199 б.
2. Мұқанова Р. Шатыр астындағы Мен. Әңгімелер мен драма. – Алматы: Жазушы, 2008. – 288 бет.
3. Алтай А. Киллер сауысқан. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: «Арда+7», 2013 – 400 бет.
4. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 бет.
5. Адилова А. С. Қазіргі қазақ көркем мәтіндеріндегі цитация құбылысы: Монография. – 252 б. – Алматы, Эверо, 2015.
6. Ісімақова А. Қазақ әдебиеттану. – Алматы: Елтаным, 2015. – 284 б.
7. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: АрунаLtd7, 2005. – 576 б.
8. Есембеков Т.У. Көркем мәтін поэтикасы: – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 228 б.

*Нұрайлым АРҒЫНБЕК,  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ  
2-курс магистранты,  
argynbek.n@mail.ru*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАҢА АТАУЛАР МЕН ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

*Аңдатпа:* Мақалада қазақ тілінде жаңа атаулар мен жаңа қолданыстарды оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылады. Тілдің қоғамдағы маңыздылығы мен жаңа терминдердің жылдам енуі тіл үйрету процесін күрделендіре түседі. Бұл материалдар мен терминдерге бейімделу оқытушылардың инновациялық тәсілдерді қолдануының қажеттілігін арттырады. Автор оқыту барысында жаңа қолданыстарды тиімді үйрету үшін қазіргі педагогикалық әдістерді зерттеп, олардың тіл үйренушілерге тигізетін ықпалын талдайды. Талдаулар барысында нақты мысалдар мен статистикалық мәліметтер ұсынылып, инновациялық әдістердің тілді игеру процесін жеңілдететіндігі дәлелденеді. Сонымен қатар, тілдік орта мен контекстуалды оқытудың рөлі көрсетіледі. Бұл зерттеу қазақ тілінің дамуына үлес қосатын практикалық ұсыныстарға бағытталған.

Қазіргі жаһандану заманында тілдің қоғамдағы рөлі мен маңыздылығы бұрынғыдан да арта түсті. Әрбір ұлттың тілі оның мәдениеті мен рухани болмысының негізі болып саналады. Қазақ тілі де бұл үрдістен тыс қалмады. Қазақстанның тәуелсіздік алуы және әлемдік кеңістікке енуі қазақ тілінің дамуына жаңа серпін беріп, тілдік қордың заманауи талаптарға сай кеңеюіне, жаңа атаулар мен терминдердің пайда болуына ықпал етті. Әсіресе, ғылым мен технологияның дамуы, экономикалық және саяси өзгерістер жаңа сөздер мен атаулардың қазақ тілінде кеңінен қолданылуына алып келді. Жаңа атауларды меңгеру мен оларды дұрыс қолдану тілді дамытудың, қоғамдағы өзекті мәселелерді түсінудің және жаңа ұғымдарды толыққанды жеткізудің маңызды құралы болып отыр. Осыған байланысты жаңа атауларды оқыту әдістемесін жетілдіру өзекті мәселеге айналды. Мақалада қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен олардың қолданылуының тиімділігін арттыру жолдары, бұл үрдісті оқытудағы негізгі әдіс-тәсілдер қарастырылады. Жаңа сөздерді оқушылардың санасына сіңіру

және оларды тілдік қарым-қатынаста белсенді қолдануға үйрету маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Қазақ тілін жетілдіру және оның сөздік қорын заман талабына сай дамыту – тіл мамандарының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен олардың қолданылуын зерттеу барысында отандық және шетелдік лингвистердің еңбектеріне сүйену қажет. Бұл тұрғыда қазақ тілінің даму бағыттарын анықтаған және оны жаңғыртуға арналған ғылыми зерттеулерге ерекше назар аударылды. Тіл білімі саласында ғалымдарымыздың еңбектері қазақ тіліндегі жаңа терминдердің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеуге негіз болады. Айталық, тілші ғалым М. Әуезов қазақ тілінің байлығы мен оны заман талабына сай дамыту қажеттілігін атап өткен. Оның пікірінше, тілдің дамуы қоғамдағы өзгерістерге сәйкес жүзеге асуы тиіс, сондықтан жаңа ұғымдарды қалыптастыру мен енгізу маңызды. Сонымен қатар, А. Байтұрсынұлының еңбектері тілдің жаңаруына ерекше мән беріп, оның лексикалық құрамын байытудың маңыздылығын көрсетті. Ғалымның пікірінше, жаңа атаулар мен ұғымдарды дұрыс қалыптастыру үшін тілдің грамматикалық заңдылықтарын сақтау қажет [1, 64].

Сонымен бірге жаңа сөздердің дұрыс қолданылуы мен олардың қоғамдағы орны туралы зерттеулер де назардан тыс қалмады. Әсіресе бүгінгі заманда жаңа технологиялар мен ғылыми жетістіктердің тілге әсері зор. Осы орайда, шетелдік ғалымдар тілдің жаһандану процесіндегі өзгерістеріне ерекше назар аударуда. Әлемдік тіл білімі саласында жаңа сөздер мен терминдердің тез таралуы мен олардың ұлттық тілдерге әсері жиі талқыланады. Мысалы, Р. Якобсон және Н. Хомский сынды лингвистер жаһандану дәуірінде тілдің жаңа лексикалық қабатын меңгерудің маңыздылығын көрсетіп, бұл үрдістің тіл мәдениетіне әсері туралы зерттеулер жүргізген. Қазақ тілін зерттеуші ғалымдар А. Салқынбай, Қ. Әбдуәлиев және Б. Қалиев сияқты мамандар да жаңа терминдердің қалыптасу заңдылықтары мен оларды оқыту әдістерін зерттеуге үлкен үлес қосты. Бұл ғалымдардың еңбектерінде жаңа атаулардың тілдегі маңыздылығы мен олардың қолданылу ерекшеліктері кеңінен қарастырылған. Олар жаңа сөздердің оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттыруға және олардың ой-өрісін кеңейтуге әсер ететінін атап көрсетеді [2, 98].

Тілдің дамуы және оны заман талаптарына сай жаңарту – қоғамның үздіксіз жүріп жатқан үрдісі. Жаңа сөздер мен атаулардың қалыптасуы ғылым мен техниканың, мәдениеттің және қоғамдық өзгерістердің ықпалымен жүзеге асып келеді. Бұл процесс қазақ тілін жаңартып қана қоймай, оның байлығын арттыруға және қоғамның түрлі салаларында қолданылу аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Жаңа атауларды оқыту арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, оларды жаңашылдыққа бейімдеуге жағдай жасалады. Мысалы, қазіргі таңда технологияның дамуына байланысты көптеген жаңа терминдер қазақ тіліне еніп отыр. Оларды оқушылардың санасына сіңіру және тиімді қолдануға үйрету маңызды.

Мысал ретінде «смартфон», «вебинар», «интерактивті тақта», «бағдарламалау» және «электронды пошта» сияқты сөздерді қарастыруға болады. Бұл сөздер қазақ тіліне заманауи технологиялардың енуімен байланысты пайда болды және олардың дұрыс қолданылуы оқушылардың тілдік сауаттылығын арттырады. Мысалы, «смартфон» термині ұялы байланыс құрылғысының жетілдірілген түрін білдіреді және ол қазіргі заманғы оқушылардың өмірінде маңызды орын алады. Бұл сөзді оқушылар тек түсініп қана қоймай, оны өздерінің күнделікті сөйлеу барысында қолдануы тиіс. Оқушыларға смартфонның мүмкіндіктерін қазақ тілінде түсіндіріп, оның технологиялық артықшылықтары туралы айту олардың тілдік қорын байытады.

Тағы бір мысал ретінде «вебинар» сөзін қарастырайық. Бұл сөз «интернет» және «семинар» сөздерінің қосындысынан шыққан. Вебинарлар қазіргі таңда қашықтан білім беру және кәсіби оқыту салаларында кеңінен қолданылады. Оқушыларға бұл терминді түсіндіріп, вебинарлар арқылы білім алудың артықшылықтарын көрсету олардың жаңа технологияларға деген көзқарасын жақсартады. Сонымен қатар, «интерактивті тақта» деген жаңа термин де қазіргі заманғы білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Бұл термин сабақ өткізу барысында мультимедиялық құралдарды пайдалануды білдіреді. Интерактивті тақтаны тиімді қолдану арқылы мұғалімдер оқушылардың қызығушылығын арттырып, оларды оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандырады. Оқушылар интерактивті тақтаны

пайдалану арқылы сабақтағы материалдарды жақсы меңгереді және оларды дұрыс қолдануға үйренеді [3, 55].

Қазақ тіліндегі жаңа сөздердің тағы бірі – «бағдарламалау». Бұл термин компьютерлік технологиялар мен бағдарламалық жасақтамаларды құрумен байланысты. Оқушыларға бағдарламалаудың негіздерін қазақ тілінде үйрету олардың ақпараттық технологияларға қызығушылығын арттырып, болашақта бұл салада кәсіби маман болуға ынталандырады. Жаңа сөздерді меңгеру арқылы оқушылардың сөздік қоры кеңейеді және олар заманауи терминдерді қазақ тілінде еркін қолдана бастайды. Сонымен қатар, «электронды пошта» сөзі де заманауи байланыс құралдарын білдіреді және ол оқушылардың күнделікті өмірінде кеңінен қолданылады. Электронды поштаны қолдану тәсілдерін түсіндіру және бұл терминнің мағынасын дұрыс жеткізу оқушыларға маңызды ақпараттарды дұрыс қабылдауға және оларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Осындай жаңа сөздерді оқыту барысында оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі интерактивті әдістер қолданылуы тиіс. Мысалы, оқушыларға жаңа сөздерге байланысты ойындар ойнату немесе шығармашылық тапсырмалар беру олардың тіл үйренуге деген ынтасын арттырады. Жаңа сөздерді мәтіндерге енгізіп, оларды дұрыс қолдануды үйрену оқушылардың қазақ тіліндегі сөздік қорын байытады және оларды белсенді сөйлеуге дағдыландырады. Сонымен қатар жаңа сөздерді тек жаттап қана қоймай, олардың мағынасын түсіну және өмірде қолдану әдістерін үйрену де маңызды. Бұл оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, оларды жаңашылдыққа бейімдейді.

Қазақ тіліндегі жаңа атауларды меңгеру оқушылардың тек тілдік сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың ғылым мен техника саласындағы білімдерін де жетілдіреді. Жаңа сөздерді қолдану арқылы оқушылар заманауи әлемнің өзгерістеріне дайын бола алады және оларды күнделікті өмірде еркін қолдануға үйренеді. Сонымен бірге, жаңа сөздер арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеті де дамиды, себебі олар жаңа ұғымдарды түсіну және оларды дұрыс қолдану үшін ой-өрісін кеңейтуге мәжбүр болады. Жаңа атаулардың қазақ тіліне енуі тілдің байлығын арттырып қана қоймай, оның қолданыс аясын да кеңейтеді. Мысалы, экономикалық өзгерістерге байланысты

«инвестиция», «акция», «маркетинг» сияқты сөздер кеңінен қолданылуда. Бұл сөздерді дұрыс қолдану арқылы оқушылар экономикалық терминологияны меңгереді және оны өз өмірінде қолдануға үйренеді. Жаңа сөздер оқушыларға тек теориялық білім беріп қана қоймай, оларды практикалық тұрғыда қолдануға мүмкіндік береді. Оқушылардың жаңа атауларды дұрыс меңгеруі олардың қазақ тілінде сауатты сөйлеуіне және заманауи әлемнің талабына сай білім алуына ықпал етеді [4, 245].

Қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен олардың оқытылуын зерттеу барысында бірнеше ғылыми-зерттеу әдістері қолданылды. Біріншіден, теориялық талдау әдісі арқылы жаңа сөздердің қалыптасу заңдылықтары мен олардың тілдегі орны зерттелді. Бұл әдіс жаңа атаулардың мағыналық құрылымын, семантикалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Екіншіден, салыстырмалы зерттеу әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы қазақ тіліндегі жаңа сөздердің шет тілдеріндегі баламаларымен салыстырмалы талдау жүргізілді. Үшіншіден, практикалық әдіс ретінде бақылау және эксперимент әдістері қолданылды. Зерттеу барысында мектеп оқушыларына жаңа атауларды меңгертуге бағытталған арнайы сабақтар өткізілді. Сабақтар барысында оқушылардың жаңа сөздерді қалай меңгеретіні, оларды қарым-қатынаста қолдану деңгейі бақыланды. Сонымен қатар, жаңа сөздерді оқыту әдістемесін жетілдіру үшін мұғалімдерге сауалнама жүргізіліп, олардың пікірлері мен ұсыныстары зерттелді. Зерттеу әдістерінің бірі ретінде интерактивті оқыту тәсілдері де қолданылды. Бұл әдістер оқушылардың жаңа атауларды тез меңгеруіне, оларды сөйлеу барысында белсенді қолдануына ықпал етті. Сабақтарда түрлі ойындар, пікірталастар және шығармашылық тапсырмалар беріліп, оқушылардың тілдік белсенділігі арттырылды. Сонымен бірге, сабақтарда мультимедиялық құралдарды қолдану арқылы оқушылардың қызығушылықтары оянып, жаңа сөздерді тез әрі оңай меңгеруге жағдай жасалды. Мұндай әдіс-тәсілдер жаңа атауларды тиімді үйретуге көмектесіп, олардың оқушылардың сөздік қорына тез енуіне ықпал етті.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі жаңа атауларды оқытудың тиімді әдістерін көрсетіп берді. Сабақтар барысында оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру деңгейі айтарлықтай

артқаны байқалды. Олар жаңа атауларды сөйлеу және жазу барысында белсенді түрде қолдана бастады. Зерттеу нәтижелері жаңа сөздерді меңгеру оқушылардың тілдік қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар олардың ойлау қабілеттерін де дамытатынын көрсетті. Мысалы, оқушылар жаңа технологиялық терминдерді меңгеру арқылы ғылым мен техника саласындағы жаңалықтарды түсінуге, оларды өз өмірлерінде қолдануға машықтанды. Сонымен қатар жаңа атауларды дұрыс қолдану тілдік қарым-қатынас сапасын жақсартып, оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлеуіне жағдай жасады. Зерттеу барысында жаңа сөздерді меңгертуге арналған ойындар мен интерактивті әдістердің тиімділігі де дәлелденді. Сабақтарда қолданылған шығармашылық тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың жаңа ақпаратты тез қабылдауына мүмкіндік берді. Оқушылар өздеріне таныс емес жаңа сөздерді мәтіндер мен сөйлеу барысында дұрыс қолдануды үйреніп, олардың мағынасын терең түсінді. Сонымен қатар сабақтар барысында оқушылардың тіл байлығы артып, сөздік қоры жаңа терминдермен толықты. Бұл нәтижелер қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіруде жаңа тәсілдер қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Жаңа атауларды үйрету арқылы оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға, олардың сөздік қорын байытуға және тілдік құзыреттілігін жақсартуға мүмкіндік туды [5,75].

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен олардың қолданылуын оқытудың тиімділігі зерттеу барысында дәлелденді. Жаңа сөздерді оқыту оқушылардың тек тілдік дағдыларын ғана емес, олардың жалпы ойлау қабілеттерін де дамытуға ықпал ететіні анықталды. Тілдік өзгерістер мен жаңа атауларды меңгерту арқылы оқушылар заман талабына сай білім алып, тілдік қарым-қатынасқа бейімделе алады. Мақалада қарастырылған әдіс-тәсілдер жаңа сөздерді тиімді үйретудің жолдарын көрсетіп, оларды оқу бағдарламасына енгізудің маңыздылығын дәлелдейді. Жаңа атауларды меңгеру оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың тілдік мәдениетін де жетілдіреді. Сонымен қатар жаңа сөздер арқылы оқушылар ғылым, техника және заманауи өмір салаларына қатысты ақпараттарды меңгеріп, тілдік және мәдени тұрғыда дамиды.

### **Әдебиеттер:**

1. Салқынбай А. Тілдік инновациялар және олардың қазақ тіліндегі көрінісі. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2017.
2. Әбдуәлиев Қ. Қазақ тіліндегі жаңа сөздердің қалыптасу ерекшеліктері. – Астана: Фолиант, 2018.
3. Қалиев Б. Жаңа атауларды оқыту әдістемесі: Теория және тәжірибе. – Шымкент: Оңтүстік Қазақстан баспасы, 2019.
4. Мұсабаева Л. Қазақ тілінің лексикалық қоры: Заманауи өзгерістер мен жаңалықтар. – Алматы: Мектеп баспасы, 2019.
5. Айдарбекова Г. Тілдік жаһандану және жаңа атаулардың енуі. – Астана: Еуразия ұлттық университеті баспасы, 2021.

*Асылзат ЕСЕНТҮГЕЛ,  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
2-курс магистранты;  
Б. САРБАСОВ,  
ф.ғ.к., профессор м.а.*

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫ**

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің құндылығын танытатын ежелгі түркі дәуіріндегі жазба ескерткіштер мен орта ғасырлық әдеби жәдігерлер кешегі кеңес заманында аз зерттелгені белгілі. Халықтың рухани мұрасы саналатын рухани мазмұндағы көне түркі әдеби шығармаларды шығыстанушылар мен түрколог ғалымдар зерттеп жариялағанымен де, ежелгі мұраларымыздың маңыздылығын арттыратын мәтіндерді кеңінен насихаттауға тоталитарлық жүйеге негізделген «кеңес үкіметі» мүмкіндік бермеді.

Қазақстанның Тәуелсіздік алуына байланысты осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында елімізде алғаш рет іске асырылып отырған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әдеби жәдігерлер» атты ғылыми басылым сериясын дайындап шығарды. Қазақ халқының ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлердің түркі тілдес халықтарға ортақ көне жазба ескерткіштердің бұрынғы тыйым салынған біраз бөлігі



бірінші рет қазақ тіліне аударылып, оқырман қауымға осы серияның алғашқы томдары ұсынылды.

А. Байтұрсынұлы – алғаш рет «Әдебиет танытқышта» қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлерге бөліп қарастыру мәселесін көтерген. Ғалым «жазу әдебиетті» діндар дәуір яғни діншіл; сындар дәуір яғни ділмар дәуір деп екіге бөледі. Ғалым осы дәуірлердің аясында туған әдеби жанрларды жіктеу, жүйелеуді алға қойып отыр. Қазақ әдебиетінің осы екі дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуір деп тұжырымдайды.

Қазақ әдебиетінің көне дәуір желісінің үзілмей келе жатқан күрделі мәселесі жөнінде Б. Кенжебаев әр мақаласында астын сызып атап-атап көрсетеді. Мысалы, ол қазақ халқы жазба әдебиетінің тарихын ғылыми негізде, әдебиеттің заңдылығына сай етіп «VIII-IX ғасырлардан бастау қажет, ертедегі шағатай, ұйғыр тілдерінде жасалған жазу-сызулардан, жазба әдебиет нұсқаларынан, әдеби шығармалардан бас тарту өзіміздің ертеден келе жатқан әдеби дәстүрімізден бас тарту болады» [1, 299], – дейді.

Ғалым әдебиет тарихын дәуірлерге бөліп қарастырады дедік яғни «Жазу әдебиет» атты бөлімде: «... Жазу қазаққа дінмен бірге келген. Қазақтың өлеңді, сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. ...Шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған» [2, 316], – деп жазба әдебиеттің алғашқы дәуірін дін жағының басымдылығымен байланыстырып «Діндар дәуірге» бөледі.

Ғалым Д. Ысқақұлы «Әдебиет алыптары» (2004) атты кітабында А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» туралы және қазақ әдебиетінің даму түрлері қандай? Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен айырмашылығы қандай? Деген сауалдарға жауап іздейді: «А. Байтұрсынов жалпы әдебиетті ауыз әдебиеті және жазба әдебиет деп екіге бөледі. Ауыз әдебиетін жіктегенде бүгінгі жүйемізден өзгешелеу принцип ұстанған. Мысалы, ауыз әдебиетін жұмсалатын орнына қарай сауықтама, сарындамаға айырады. Мұндағы бізге түсініксіздеуі – «ертегісімек». Ол туралы «Ертегісімек деп ертегіге ұқсас, бірақ ертегіден көрі

әдемірек, шынға бейімірек, тұрмысқа жақынырақ, дүниеде болуға ықтимал молырақ түрде шығарған әңгіме айтылады» – делінуі және оған мысалға «Алдар көсе», «Жиренше шешен», «Қожанасыр», «Атымтай Жомарттың» келтірілуі мәселенің аңыз-әңгімелер туралы екендігін аңғартса керек. Демек, ертегісімек – аңыз-әңгімелер екен» [3, 27].

Сөз орайы келгенде айта кететін нәрсе – шығыс, ежелгі түркі әдеби мұрасы және орыс әдебиетінің ықпалы мен әсері. Әдеби мұраларға, олардың поэтикалық және категориялық ұғымдар құрылымы тұрғысынан келсек, бұл ретте сыртқы мәдени әсердің, әсіресе орыс, европа әдебиеті ықпалының лебін аңғару қиын емес. Қазақ ақын, жазушыларының шығармаларының образдық жүйесі, көркемдік-эстетикалық сипат-өзгешеліктері, тіпті сөз жасау мәнері де әлемдік әдеби ағымның (европа және шығыс) иірімдерінде қалыптасты деп айтуға толық негіз бар. Дегенмен бұл процестің мазмұндық сипатынан гөрі бітімдік жағы үстем болды. Осы сөзіміз дәлелді, орнықты болуы үшін орыс ғалымы А.Н. Веселовскийдің мына ойын тілге тиек етелік: «Влияние чужого элемента всегда обуславливается его внутренним согласием с уровнем той среды на которую ему приходится действовать. Влияние действует более в ширину, чем в глубину, оно более дает материала, чем вносит новые идеи. Идею создает сам народ» [4, 14-15].

А. Байтұрсынұлы көне әдебиет нұсқалары мен ежелгі әдеби жәдігерлерден және классикалық қазақ әдеби шығармалардан мол хабардар болған. Мұны біз «Әдебиет танытқышты» зерттеу барысында байқадық және көнеден бүгінге дейін үзілмей жеткен желіні көрсетеді. Ежелгі түркі әдеби мұраларындағы асыл сөз өнерінің поэтикасын ғалым А. Егеубай «Құлабыз» (2001) атты монографиялық еңбегінде Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн шығармашылығын зерттеп, қазақшаға аударуда барысында: «Қазақтың ұлы ғұламасы хатқа түсіріп, табиғатын тармақтап өткен сарындама, сауықтама сынды халық әдебиетінің сипаттары, бітімдері біз сөз етіп отырған ежелгі түркі әдебиеті шығармаларында жиі көрінеді» [5,176] деп, А. Байтұрсынұлының теориялық тұжырымдарына сүйенгендігін жазады.

Тіліміздегі асыл сөздердің бәрі яғни батырлық жырлар мен дастандар, ертегілер мен аңыздар, шешендік және ғұрыптық

жәдігерліктер, мақал мен мәтелдер, жұмбақтар мен нақыл сөздер, өлеңдер мен толғаулар ғасырдан ғасырға ұласып, атадан балаға мирас болып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

А. Байтұрсынұлы осылай «Әдебиет танытқышта» қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің жанрлық дамуын, қалыптасуын, поэтикалық сыр-сипатын, тәрбиелік мәнін, оны қалай зерттеудің методологиясын жүйелеп, саралайды.

Қазақтың мақал-мәтелдері де халық даналығының бірнеше ғасырлық асыл мұрасы болып саналады. Мақал мен мәтел қысқа да нұсқа етіп айтылған халықтың өсиеті және де өзіндік өткірлігімен ерекшеленеді. Азды-көпті шешен сөйлейтін кез келген қазақ өз сөзіне осы мақал мен мәтелді арқау етеді.

Алаш зиялыларының бірі Ахмет Баржақсин қазақ әдебиеті, оның ішінде мақал, мәтел турасында 1915 жылы «Қазақ» газетінде өз ой-пікірін былайша жеткізеді: «Мақалдар халықтың әртүрлі іс-жұмыстарына дұрыс жол көрсеткендіктен сүйкімді болып көп тараған. Мақал мен мәтелде пікір сонша тығыз айтылған, өлеңнен сөзді тастау қандай қиын болса, бұлардан да сөзді тастау сондай қиын. Бұларда артық сөз болмайды. Мақал турасында әр халық әр түрлі қылып сөйлейді. Оңтүстік халықтары (араб, парсы, түрік және т.б.) мақал – тілдің гүлі дейді. Қытайлар – бұрынғы данышпандардан қалған өсиет, немістер – көше арасындағы данышпандық, италияндықтар – халық мектебі, ағылшын, француздар – көп көргендіктің жемісі, орыстар – қанатты сөз, әдемі сөз. Қазақтар «Шариғат – ағып жатқан бұлақ, бұрынғылардың сөздері жағалай біткен құрақ» [6, 183], – деп жазады.

Мысал, мақал, мәтел, ділмар сөз, ғұрып сөздерді А. Байтұрсынұлы қазақ ауыз әдебиетінің «сарындама» саласы, оның ішінде «салт сөзіне» жіктейді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіретін, қазіргі қолданыстан кездестіріп әрі өзіміз жиі сөз арасында ұшқырлығымызды байқату үшін пайдаланып жүрген мақал-мәтелдердің көпшілігі дерлік Махмұд Қашқаридың еңбегінен бастау алған екен, тіпті, айтып жүрген мақал-мәтелдеріміздің біразы атамыздың жіпке тізілген маржандай әдемі ой тізбегі екенін «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбекте молынан кездеседі. Мәселен:

«Алып жауда көрінер, Байсалды дауда көрінер» «Батыр – жауда сыналады, Жуас – жайда сыналады» деп атамыз мақалдарда адамның бойындағы қасиеттердің қай майданға жарамды екенін білдірген. «Алып» деп отырғаны туған елі, туған жері үшін қасық қаны, шыбын жаны қалғанша күресетін, өліспей беріспейтін батыр болатын болса, оның дәл осы ерлігі тек соғыста, яғни, жау арасында көрінетін, жауынан елін балапанын қорғаған құстай қорғаштаса, халқының алдында мерейі биік болатынын, ал сөз бастаған шешеннің арыздасып, бір-бірінің бетін көрмей кетуге де бар екі жақты татуластырып, елдің жаманын жасырып, жақсысын асырып отыратын адам екенін және оны елі дәл осы асыл қасиеттері үшін сыйлайтынын екі бет қып жазып отырмай, тек екі ғана жолға шебер қиюластырып тіркестірген. Қазір біз қолданып жүрген «Батырлық айқаста танылар», «Болат қайнауда шынығады, Батыр майданда шынығады» сынды мақалдар жоғарыда келтірілген мақалдардың сәл ғана бұрмаланған нұсқалары болып табылады [5,177].

«Ерте үйленген қартайғанда қуанады, Жазда тырысқан қыста қуанады» мақалы «Қыс азығын жаз жина» деген ой тіркестерін, дүбәрә жалғанның, халқымыз айтпақшы, «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деп, мәні мен сәні бала екенін ұғындырып тұр. Махмұд Қашқари атамыздың сөз басын ерте сөзімен бастауы да тегін болмаса керек. «Ерте» сөзінің өзі «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» деген мақалмен ұштасып тұр. Осы орайда, Жүсіп Баласағұннан қалған «Ерте тұрғанның құты артады» мақалы да өзінше осы осы жерге үйлесіп-ақ тұр.

«Әдебиет танытқышта» сараланған, табиғатын тармақтап берген сарындама, сауықтама сынды халық әдебиетінің сипаттары, бітім-болмысы ежелгі түркі әдебиеті шығармаларында да жиі кездеседі. Мақал-мәтелдер, даналық сөздер, қанатты сөздер өздерінің тұрақты құрылымдарымен ұзақ сақталып, табиғи бітімін жоғалтпағанын танытады. Осындай даналық сөздер мен мақал-мәтелдер X-XI ғасырларға дейін кеңінен таныс болған. Ж. Баласағұн мен М. Қашқаридің ел арасындағы осы ділмар сөздері ықылым замандардан өшпей сақталып келе жатқандығын байқаймыз.

Мұны М. Қашқари, Ж. Баласағұн шығармаларын қазақшаға аударған ғалым А. Егеубай өз еңбегінде атап-атап көрсетеді. Мысалы: ««Кісі сөйлесер, мал иіскелесер», «Тесік інжу жерде қалмас», «Далада бөрі ұлыса, үйде иттің бауыры сыздар», «Бөрі қонсысын жемес», «Арыстан күркіресе, аттың аяғы шалынар», «Тілмен түйілген тіспен шешілмес» және тағы басқа мақал-мәтелдер қазір де қазақ халқының мақал-мәтелдері деп қарауға әбден болады» [53, 176], – дейді.

Осы жоғарыда аталған зерттеуінде А. Егеубай А. Байтұрсынұлының теориясын яғни әдеби пән сөздерін, әдебиетке енгізген тұрақты ұғым-атауларды, жанрларды сараптау жайындағы жіктеулерін орынды пайдалана білген және батыл қолданған. Ежелгі әдеби мұраға қатысты А. Егеубай айтқан теориялық толымды тұжырымдары, өзі жетік талдап, таныған ежелгі түркі әдеби ескерткіштерін ғылыми айналымға енгізген тың деректері – қазіргі қазақ әдебиеттануына қосқан қомақты үлес. Мысалы: « ... Тіл (лұғат) әуезділігі, өлең ағындары (А. Байтұрсынұлының термині) орайында да ежелгі мұралар мен классикалық қазақ әдеби шығармаларының арасындағы ұластықты аңғару қиын емес. Нақтырақ үңілсек сөз әуезділігі, сөйлеу әуезділігі деп қарау дұрысырақ. Бертін келе бұл қара сөзде недәуір бұзылып, өленді сөзде көбірек сақталып қалған. Әлгі «өленді сөйлем интонациясы» деп бөле-жара атап, түстей-тіндігіміз де сондықтан. Мәселен: 1. Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз. Кісі көркі – жүз, жүздің көркі – көз (Ж. Баласағұн «Құтты білік», 274-бәйіт). 2. Қарысқанда керек ірбіз білегі. Жауласқанда – арыстанның жүрегі – 2310-бәйіт. Шендестіру («Әдебиет танытқыш») ұғымын көпке дейін қазақ әдебиетшілері біресе «контраст» деп, біресе қарама-қайшы баламалар арқылы көркемдік әсерді үдету деп тағысын-тағы мағыналық жағынан түсіндіре қолданып жүрді. Осы шендестіру жалпы ежелгі түркі әдебиетінің дәстүрлі көрінісі. «Құтадғу білікте» ұғымдар мен ой, өмір, таным бәрі-бәрі осы шендестіру жолымен ширатылып, толымды шыққан. Ол дүние мен бұл дүние, күн мен түн, қылыш пен қалам, надандық пен парасат, жақсылық пен жамандық, қыс пен жаз, ер мен ез, бай мен шығай, зұлымдық пен адалдық ... ежелгі замандарда да, қазір де тұрмыс-тіршілікте кездесетін

сипаттар. Заңдылықтар. Соның бәрі де дастанның тұла бойында шендестіру арқылы көзге ілініп, көңілден кетпестей түйінделген.

Ұғымдарды, суреттерді, теңеулерді шендестіре, кейде тіпті шарпыстыра қолдану Ж. Баласағұнның шебер қолданатын машықты көркемдік әдісі: Жаксы атты ер білсең алғыс алады. Жаман атты ер өлсе, қарғыс табады – 246-бәйіт. Көп сөйлесең «Езбісің» деп, жек көрер. Сөйлемесең «Мылқау екен» деп сөгер – 174-бәйіт» [5, 182].

Сонымен қорыта айтқанда, А. Егеубай ұлттық рухани дүниеміздің осынау күрделі, ауқымды мәселелерін тереңнен қозғап, талдаған және ұлттық әдебиетіміздің игілігіне айналдыра білген ғалым. Көне түркі дүниесінің әдеби мұралары кейінгі, орта ғасырдың соңын ала тарамдалып, тамыр тартқан түркі тілдес ұлттық әдебиеттердің өсіп-өнген құнарлы топырағы. Әсіресе, Ж. Баласағұн мен М. Қашқаридің даналық ойлары мен дарын-қасиеттері және мұраларының орны ерекше.

А. Байтұрсынұлы дүниежүзілік әдебиетте, оның ішінде орыс әдебиетінде болған және болып жатқан жаңалықтардың бәрін дерлік жете білген және оның өзін практикалық ісінде қолданып, насихаттап отырған. Автор өзінің ғылыми ой-пікір, тұжырымдарын шашыратпай, белгілі бір арнаға бағыттап, жинақтап, терең талдай білді. Ғалымдық тұлғасының өзіне тән осындай ерекшелігіне оның публицистік қаламының ұшқырлығы, жазушылық дарынының нәрлілігі, аудармашылық қабілетінің сан-салалығы айрықша ажар береді. Орыс, қазақ, татар тілінде қалам тербеп, ойын да, көркемдік сезімін де жеткізе білетін ғалымның еңбектері қуатты дарынның әр қырын танытқандай. Ғалымның қазақ мәдениетіне, әдебиетіне, тіліне сіңірген еңбегінің сүбелісі де, көрнектісі де қазақ әдебиеттану ғылымы саласы болып табылады.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – қазақ әдеби, теориялық ойының өткен ғасырдың 20-жылдардағы жетістігін кешенді түрде қарастырған және кәсіби деңгейде қорытындылаған еңбек. Ғалым ежелгі әдебиет нұсқаларын және орыс тіліндегі теория оқулықтарының, кітаптарының жетістіктерін кеңінен пайдалана отырып, қазақша жатық тілмен теория тұжырымдарын сөйлете білді. Бұл сол кездегі қазақ оқушысы

үшін тың, соны еңбек болып есептелінеді. Қазір де солай болып саналады.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуға. XX ғасыр басында тұңғыш рет Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми-теориялық еңбегінде ұлттық әдебиеттанудың негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршең зерттеулерін қалдырды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961. – 376 б.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы // Құраст., А. Ісімақова, Г. Пірәлиева – Алматы: Алаш, 2003. – Т.І. – 408 б.
3. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: Фолиант, 2004. – 304 б.
4. Веселовский А.Н. Избранные статьи. – Ленинград: , 1939. – 272 с.
5. Егеубай А. Құлабыз. Монография. – Алматы: Жазушы, 2001. – 216 б.
6. Баржақсин А. Мақалдар // Қазақ. – Алматы: Ғылым, 1998. – 560 б.

***А. НУРАҚБАЕВА;***

***Н. МӘТБЕК,***

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*

*Алматы қ., Қазақстан,*

*e-mail: aigulnurakbay@gmail.com*

*nursulu.m@mail.ru*

## **ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ӘНГІМЕЛЕРДІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазіргі қазақ әдебиеті идеялық, тақырыптық және көркемдік тұрғыдан жаңа белестерге көтеріле отырып, заман талабына сай жетіліп келеді. Әрбір жанр өз мүмкіндіктеріне сүйеніп, қоғамның сұраныстарына жауап беруді көздейді. Соның ішінде проза жанры да шығармашылық ізденістің биік деңгейіне жетіп, әдебиет әлемінде маңызды орын алуда. Бұрынғы зерттеулерде эпикалық жанрларға басымдық берілсе, қазіргі кезде шағын жанрларды зерделеу әдебиеттану ғылымының өзекті бағыттарының біріне айналып отыр.

Қазақ прозасындағы шағын әңгіме жанры – ұлттық әдебиетіміздің қалыптасуы мен дамуында ерекше орын алатын құбылыс. Бұл жанр қазақ қоғамының рухани, мәдени және әлеуметтік өмірімен тығыз сабақтасып, идеялық-эстетикалық құндылықтарды жеткізудің қуатты құралы ретінде маңыздылығын арттыруда.

Әңгіме жанрының эволюциясы – әдебиеттің табиғи заңдылығы. Белгілі ғалым Зейнолла Қабдоловтың «Әңгіменің жанрлық табиғаты құбылмалы» деген пікірі оның көпқырлы болмысын дәл сипаттайды [1, 418]. Шынында да, әңгіме – терең сезім, ұшқыр қиял мен шығармашылық шеберліктің үйлесімінен туындайтын ерекше өнер. Жазушының шеберлігі бұл жанрдың дамуында негізгі рөл атқарады, сондықтан әңгіменің табиғаты туралы тұжырымдар әдеби үдерістің ілгерілеуімен бірге жаңарып отыруы қажет.

Шағын әңгіме жанрын түсіну үшін оның протожанры ретінде әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін айқындау маңызды. Академик Зейнолла Қабдолов өзінің «Сөз өнері» еңбегінде әңгімені нақты анықтауға тырыспаған. Ол мұны жанрлық құрылымның күрделілігімен түсіндіріп, әңгімені қатаң анықтама шеңберіне сыйғызу мүмкін еместігін атап көрсетеді. Дегенмен ол әңгіменің шағын эпикалық жанрлардан ерекшеліктерін нақтылайды.

Қабдоловтың пайымдауынша, әңгіменің басты сипаттарының бірі – көлемінің шағындығы. Ғалым С. Антонов пен С. Моэмнің пікірлеріне сүйене отырып, ол әңгімені бес-он бет аралығындағы, бір ғана оқиға желісін қамтитын, артық қосар немесе алып тастар ешнәрсесі жоқ шығарма ретінде сипаттайды. Осындай ықшам шеңберде оқырманды терең эстетикалық әсерге бөлеу үшін жазушының еңбегі мен шеберлігі айрықша маңызды. Әңгіме көлемінің шектеулігі жазушыдан жинақылық пен тереңдік талап етеді. Оқиғаның тартымдылығы, кейіпкер психологиясының ашылуы, сөздің дәлдігі мен көркемдігі – барлығы жазушының қоршаған орта мен болмысты терең тануынан туындайды [1, 418].

Қазіргі әңгіменің түп-тамыры халық ауыз әдебиетінде жатыр. Ежелгі дәуірлерден бастап халық өз өмірі мен тұрмысын ауызша әңгімелер арқылы бейнелеп келген. Сондықтан



фольклорлық дәстүрлер бүгінгі әңгіме жанрының қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Тұңғыш әдебиет теоретигі, ғалым Ахмет Байтұрсыновтың 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» еңбегі қазақ әдебиетінің даму тарихындағы маңызды зерттеу болып табылады. Бұл еңбекте А.Байтұрсынов: «Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталады. Онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталады. Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкенкішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәр-бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар: Ұлы әңгіме сөзін алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды. Ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды; ұсақ әңгіме мүше алып оралып келе қоятын аттарша бастайды... Нағыз ұсақ әңгіме болатындар Ысмағұлдың «Автономиясы», Міржақыптың «Қызыл қашары», Бейімбеттің «Айт күні» сияқты әңгімелер», – ұсақ әңгіме жанрының ерекшеліктерін нақты сипаттап, оның қазақ әдебиетіндегі орнын айқындап, олардың көлемі мен мазмұндық ерекшеліктеріне қарай ажыратып, ұсақ әңгімелердің шағын көлемде үлкен мағыналық жүк көтеретінін ерекше атап өткен [2, 25].

Шағын әңгіменің жанрлық ерекшеліктері жайлы әдебиеттанушы ғалым С. Шарабасов: «Қысқа әңгіме – үлкен өмірдің шақпақ үзiгiндеi. Бұл жанр түрiнiң спецификасы еркін, қызу қанды эсседен, публицистикалық суреттеулерден, сатиралық миниатюралардан мүлдем бөлек. Қысқа әңгімелер – шағын жанрдың ерекше түрі. Бұл өзекті проблемаға құрылған, композициясы жағынан өте сығылған пружина іспетті дүние. Қысқа әңгімелерде ішкі динамикасы, характердің қақтығысы сұмдық ұшқыр. Тiлi барынша шақ, ұста жұмсалады. Міне, осы қасиеттер қысқа әңгімелердің төтенше әдеби-эстетикалық заңдылығы екендігін түсіндіреді», – деп тоқталып өткен [3, 16].

Қазіргі қазақ әдебиетінде шағын әңгіме жанры көркемдік тұрғыдан кемелденіп, ықшам әрі идеялық тереңдікке ие болып келеді. Оның құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктері жанрдың өзіндік қасиеттерін көрсетеді. Шағын әңгіме көлемнің ықшамдылығы арқылы оқырманның назарын негізгі идеяға шоғырландырады. Қосалқы сюжеттерсіз, бір бағытқа тоғысқан мұндай құрылым оқырманды мәтіннің өзегіне терең бойлатады.

Қазіргі жазушылар Ғалымбек Елубай, Лира Қоныс, Ерболат Әбікен, Аягүл Мантай және Қанағат Әбілқайыр секілді авторлар қазақ прозасында шағын әңгіменің әлеуетін шебер қолдана отырып, заманауи қоғамның маңызды мәселелерін жеткізіп келеді.

Қысқа, нұсқа жазудың шебері, қаламгер Ғ. Елубайды әдеби орта «қазақтың Чеховы» деп атап жүр. Оған себеп, Чеховтың қысқалық концепциясын ұстанып, сөз саптауында. Ол өзінің шағын әңгімелері арқылы өмірдің өзекті мәселелерін толғайды, сол арқылы адам образын көркем жинақтауда өзіндік дара қолтаңбасын таныта алды. Жазушы өз әңгімелерінде дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік көрінісін бейнелей келе, соған лайық адам характерлерін жасауда үлкен табыстарға жеткенін көреміз.

«Аспанда тіреуіш жоқ», «Шала бауыздалған ақ ешкі», «Құралай тышқанның боғы», «Ай жамылған әруақтар», «Бір реткі өлім жазасы», «Су жұтқан іздер», «Бүйі қаптаған жаз», «Тумай тұрып өлімге кесілгендер» атты шағын әңгімелері оқырманды ой жетегіне жетелеп, ерек әсер қалдырады [4].

Шағын әңгімелердің маңызды ерекшелігі – поэтикалық функциясы. Ол оқиғаны барынша қысқартылған, эмоция мен мағынаға бай түрде жеткізеді. Оқиғаның қысқалығы кейіпкердің дамуына, сюжеттің толық ашылуына шектеу қояды. Мұндай тәсіл оқырманды оқиғаның мағынасын өздігінен толтыруға, жасырын ойды түсінуге итермелейді.

Бұл жанрдың тағы бір маңызды ерекшелігі – күтпеген аяқталу, оқыс шешім. Әдетте, мұндай әңгімелер оқырманды таң қалдыру үшін тосын аяқталумен ерекшеленеді. Жанрдың бұл ерекшелігі жазушыларға қысқа мәтін ішінде күтпеген сюжет бұрылысын енгізуге мүмкіндік береді және оқырманға ой салып, әңгіменің астарындағы мағынаны іздеуге итермелейді.

Мысалы, Л. Қоныстың «Айгүл», «Менің Аяным», «Адам», «Сәтсіз сегіз қадам» әңгімелері күтпеген аяқталуымен тартымды. Оның «Менің Аяным» атты қысқа әңгімесінде қыздың қыр соңынан қалмай жүрген ғашық жігіт қыздың ішінде енді сезім ояна бастаған сәтінде басқа бір қызға үйленіп жатқанынын көрумен оқыс аяқталады. Мұндай аяқталу оқырманның ішінде алай-дүлей сезім тудырып, мұң аралас өкініштен дәм татқызады. Жалпы Лираның әңгімелерінде күнделікті өмір көріністері

философиялық тереңдікпен ұштасып, оқырманның жан-дүниесінің астаң-кестеңін шығара салуы ықтимал. [5].

Шағын әңгімелерде кейіпкерлер саны өте шектеулі болады. Жазушылар оқиға желісін бір немесе екі кейіпкерге шоғырландырып, олардың мінезін іс-әрекеті арқылы көрсетеді. Бұл әдіс оқиғаның эмоционалды әсерін күшейтіп, оқырманға кейіпкердің ішкі жан дүниесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мәселен, Ерболат Әбікеннің «Министр» кітабындағы шағын әңгімелерінде кейіпкерлер саны санаулы, бірлі-жарымды [6]. Сол сияқты, Мадина Омарованың «Қадір түні» жинағындағы шағын әңгімелерінде де кейіпкерлер саны шектеулі [7]. Әдетте басты кейіпкерге немесе негізгі оқиғаға тікелей қатысы бар 1-2 кейіпкерге назар аударылады. Бұл тәсіл оқырманға кейіпкерлердің мінез-құлқы мен ішкі жан дүниесін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Шағын әңгімеде автордың көркемдік құралдарды қолдану шеберлігі ерекше орын алады. Метафоралар, символдар, астарлы ойлар арқылы оқырманды терең философиялық немесе эмоционалды деңгейге жеткізу көзделеді. Әңгімеде айтылмай қалған, бірақ астарлы түрде жеткізілген мағыналар оқырманды ойлануға мәжбүрлейді, бұл оның әсерлілігін арттырады.

Шағын әңгімелерде кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі, эмоциялары, сезімдері ерекше назарға алынады. Әдетте оқиға кейіпкердің жеке драмасы немесе психологиялық күйзелісі арқылы өрбиді. Мұндай тәсіл арқылы автор адамның ішкі әлемін зерттеп, оқырманды эмоционалды жағынан баурап алады.

Қорыта айтқанда, шағын әңгімелер қазақ прозасының жанрлық құрылымын байытып, оның жаңа деңгейде дамуына ықпал етуде. Бұл жанр авторларға өмірдің мәні, адамгершілік, қоғамдағы әділдік, рухани ізденіс сынды толғамды тақырыптарды жинақы, бірақ әсерлі жеткізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, шығармашылық әдіс-тәсілдерді жетілдіруге де жол ашты. Көлемнің қысқаруы қаламгерлерді әрбір детальға, сөзге ерекше мән беріп, әдеби шеберлігін шыңдауға итермеледі.

Қазақ әдебиетіндегі шағын әңгімелердің зерттелуі әлі де тереңірек қарастыруды қажет ететін тың бағыттардың бірі, өйткені шағын әңгіме әдебиеттану ғылымында шығармашылық ізденістердің жаңа көкжиегін ашады. Ол тек форма тұрғысынан

ғана емес, мазмұнды жаңарту, дәстүр мен жаңашылдықты біріктіру құралы ретінде маңызды.

**Әдебиеттер:**

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 290 б.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Том 1. – Алматы: Алаш, 2003.
3. Шарабасов С. Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанры. – Алматы: Өлке, 2001. – 183 б.
4. Елубай Ф. Жүз жетінші көктем. – Алматы: Жазушы, 2023. – 250 б.
5. Қоныс Л. Әңгімелер. URL: <https://madeniportal.kz/article/2483>
6. Әбікенұлы Е. Министр. – Алматы: Таңбалы, 2014. – 136 б.
7. Омарова М. Қадір түні: Проза.– Алматы: Жалын, 2012. – 320 б.

*Нұрай АЙТУ,*  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*  
*aitu\_nuray@mail.ru*

## **БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ СИПАТ**

*Аңдатпа:* Бұл мақалада бүгінгі қазақ прозасындағы жаңашылдық сипаттар талданады. Әдебиет саласындағы өзгерістер, жаңа бағыттар мен тақырыптар, сондай-ақ қазіргі заманның жазушыларының шығармашылық ізденістері қарастырылады. Қазіргі қазақ прозасының көркемдік ерекшеліктері мен жаңашылдықтары әдебиеттегі жаңа тенденциялар тұрғысынан зерттеледі. Мақалада қазақ әдебиетіне заманауи көзқарастардың ықпалы мен оның даму жолдары сарапталады.

*Түйін сөздер:* қазақ прозасы, жаңашылдық, әдебиет, көркемдік ерекшелік, заманауи тенденциялар.

Қазіргі қазақ прозасы ұлттық әдебиеттің дамуындағы жаңа кезеңдердің бірін құрайды. Бүгінгі таңда қазақ жазушылары әлемдік әдеби ағымдардың ықпалында, олардың ішінде постмодернизм ерекше орын алады. Бұл ағым қазақ прозасының жаңаша даму бағытын анықтап, заманауи қоғамның күрделі мәселелерін көрсетуде жаңа тәсілдерді қолдануға жол ашады. Постмодернизмге тән сипаттар – ирония, фрагменттілік, интертекстуалдылық, классикалық әдеби нормалардан ауытқу сияқты элементтер қазіргі қазақ әдебиетінде кең таралуда. Осы мақалада

біз бүгінгі қазақ прозасындағы жаңашылдықты, постмодернистік тәсілдерді пайдалану ерекшеліктерін және шығармалардағы заманауи тақырыптарды қарастырамыз.

Постмодернизм ХХ ғасырдың екінші жартысында әлемдік әдебиетте кең тараған ағым ретінде белгілі. Ол әдебиетте шекараларды бұзып, дәстүрлі сюжет құрылымдарын өзгерту арқылы жаңа мағыналар іздейді. Бұл ағым классикалық дәстүрлерден алшақтап, шынайылық пен қиялдың арасындағы шекараны бұзып, оқырманды шындыққа күмәнмен қарауға мәжбүр етеді. Қазақ әдебиетінде де постмодернизмнің әсерін сезінуге болады. Бұл ағымға тән белгілер қазақ прозасында тек формада ғана емес, мазмұндық жағынан да көрініс тапты. [1,54]

Постмодернизм қазақ әдебиетіне жаңа көркемдік тәсілдер мен әдеби концепцияларды енгізді. Дидар Амантайдың пікірінше, «Қалың кітаптарды тек алдыңғы толқын аға жазушылар ғана жаза алады, жас қаламгер қауымның мұндай шығармаларға қаламы жүрмейді. Қысқа әңгіменің де тынысы кең болуы мүмкін. Уақиға қалың, сөз жіңішке. Мәтіннен автор көрінбеуі қажет». Бұл көзқарас қазіргі заман талаптарына сәйкес көп томдық шығармалардың оқырмандарының азайып жатқандығын және клиптік ойлауға бейімделуді көрсетеді. Постмодернизмнің мәні – оқырманға көп ойлануға, мәтіндегі негізгі ойды тереңірек түсінуге мүмкіндік беру. Бұл тәсіл авторлық шектеулерді алып тастайды және ой еркіндігін алға тартады. Постмодернизм қазақ әдебиетіне бірден келген жоқ. Оның алғашқы белгілері Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі авторлардың шығармаларында көріне бастады. Мұхтар Мағауин, Төлен Әбдік, Оралхан Бөкей сияқты қаламгерлердің шығармаларында постмодернизмнің элементтері байқалады. Бұл авторлар өздерінің шығармашылықтарында жаңа бағыттарды іздестірумен айналысты, бірақ постмодернистік көзқарас толық қалыптасқан жоқ еді. Қазіргі қазақ әдебиетінде нағыз постмодернистік бағытта жазатын авторлар қатарына Айгүл Кемелбаева мен Дидар Амантай жатады. Бұл авторлар өз шығармаларында постмодернизмнің негізгі қағидаларын шебер пайдалануда. Аталған авторлардан кейін Аслан Жақсылықов, Таласбек Әсемқұлов, Роза Мұқанова, Думан Рамазан, Асқар Алтай, Жүсіпбек Қорғасбек, Асылбек

Бқсан және Әлібек Байбол сияқты қаламгерлер де постмодернистік әдебиетке қосқан үлестерімен танылды. [2,257]

XIX және XX ғасырлардағы әдеби туындыларда кездесетін әртүрлі детальдер, символдар, түс көру мен елес беру сияқты «көркемдік компоненттер» әңгімедегі негізгі ойды астыртын жеткізуге арналған. Бұл компоненттер арқылы оқырман мәтіндегі терең мағынаны түсінуге әрекет етеді. Ой мен мағына тереңдігін қамтамасыз ететін постмодернистік белгілер қазіргі қазақ әдебиетінде романдар мен повестерде айқын көрінеді. Алайда бұл белгілер оқырман қауымға бірден түсінікті болмауы мүмкін, әсіресе классикалық әдебиетке үйренген оқырмандар үшін. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизмнің негізгі ерекшелігі – кейіпкерлер мен оқиғалардың бір-бірімен байланысының болмауы, ортақ идеяның жоқтығы. Постмодернистік туындыларда көбіне орталық сюжет пен біртұтас идея болмайды. Мұндай әдебиеттерде оқиға желісінің байланыссыздығы мен тұтас идеяның жоқтығы көрініс табады. [3,55]

Асылбек Бқсанның «Автобус» әңгімесінде постмодернистік ерекшеліктер ерекше көрінеді. Әңгіме басталғанда кейіпкерлер арасындағы байланыс бір қарағанда анық көрінбейді. Мысалы, «Бетпе-бет келіп қалған келіншектің ыстық демі Мұхиттың бетін шарпып өтті. Қымсынған келіншек қызыл бояу лап берген жүзін жасырып жалт бұрылғанда тентек қылықпен бұлғаң еткен сырғасы құлағының түбіне жасырынған қалды ашты. Тарыдай қал ақ жібекке құлаған моншақтай, жалт етті де жоқ болды». Бұл үзіндіде оқиғаның басталуы нақты және түсінікті болса да, ары қарай оқиғалардың байланысы әлсіз. Келіншек пен Мұхит арасындағы оқиға байланысы ары қарай дамытылмайды, бұл постмодернистік сипаттың бір мысалы болып табылады. Постмодернистік әңгімелерде әдеттегі сюжеттер мен идеялар жоқ, ал мәтіндегі оқиғалар мен суреттер әртүрлі деңгейде байланыспайды. Мысалы, «Мұхит кондуктор әйелдің аузына қалақ бас, сыптығырдай ақ ит кіріп, сабалақ жүнді көк ит шыққанын көрді. Үрпілері қызарған емшектері жер сызған көк қаншық шермең-шермең етеді.

Қазақ прозасы уақыт ағымына сәйкес үнемі өзгеріп, жаңарып отыратын құбылыс. Әдебиет – қоғамның айнасы болғандықтан, оның даму деңгейі мен бағыттары да қоғамдағы

саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістермен тығыз байланысты. Бүгінгі қазақ прозасындағы жаңашылдық сипат осы тұрғыдан алғанда ерекше назар аудартады. Қазіргі заман әдебиетінің негізгі ерекшеліктері – жаңа көркемдік әдістер, мазмұндық тереңдік және постмодернизм элементтерінің кеңінен таралуы. Қазақ прозасындағы жаңашылдықтың негізгі көріністерінің бірі – тақырыптар ауқымының кеңеюі. Бұрынғы әдебиетте көбінесе ауыл өмірі, ұлттық болмыс, тарихи оқиғалар басты орын алса, қазіргі заман прозасы қала мәдениеті, жаһандану, технологиялық даму, әлеуметтік мәселелер секілді заманауи тақырыптарды қамтиды. Бұл қаламгерлердің қоғамдағы жаңа тенденцияларды ескеріп, заманауи оқырманның қызығушылығына сай шығармалар жазуға ұмтылатындығын көрсетеді. Бүгінгі қазақ прозасындағы тағы бір маңызды ерекшелік – жанрлық алуантүрлілік. Бұрынғы прозалық шығармалар көбінесе роман, әңгіме, повесть сияқты дәстүрлі жанрларда жазылса, қазіргі авторлар эссе, новелла, микроәңгіме сияқты қысқа әрі мағыналы жанрларға да көп көңіл бөледі. Бұл жанрлар әдебиеттегі жаңа тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қысқа жанрлардың арқасында қаламгерлер өз ойларын ықшам әрі терең түрде жеткізудің шеберлігін меңгеруде. Осылайша, жаңа форматтар әдебиетке тың тыныс беріп, жазушылардың шығармашылық шекараларын кеңейте түсті. [4,13]

Қазіргі қазақ прозасының жаңашылдық сипатын айқындайтын тағы бір фактор – постмодернистік әдіс-тәсілдердің кең таралуы. Постмодернизм – ХХ ғасырдың екінші жартысында әлем әдебиетінде кеңінен таралған бағыт. Ол шектеулер мен догмаларды бұзып, жазушыға абсолютті еркіндік береді. Қазақ әдебиетінде постмодернизмнің көрінісі Тәуелсіздік жылдарынан кейін кең етек алды. Бұл бағыттағы шығармаларда авторлар классикалық прозадағы белгілі бір тәртіп пен құрылымды сақтамай, оқиғаларды үздік-үздік, ретсіз баяндап, түрлі уақыт пен кеңістік шеңберіндегі сюжеттік желілерді қатар алып жүреді. Мұндай әдістер әдебиеттегі жаңашылдықтың көрінісі ретінде қабылданады. Постмодернизмнің басты ерекшелігі – шектеулердің болмауы және көпмағыналылық. Яғни, әрбір оқырман өз түсінігіне, танымына сай шығарманы қабылдайды. Мұндай тәсіл қазіргі прозада жиі кездеседі және бұл жазушының оқырманмен

тікелей байланысын өзгертеді. Постмодернистік әдебиетте авторлық шектеулердің болмауы оқырманды шығарманы өзінше интерпретациялауға итермелейді, бұл жаңашылдық әдебиеттің ең басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Жаңашылдықтың келесі бір көрінісі – тілдік деңгейдегі өзгерістер. Қазіргі қазақ прозасында тілдік экспрессия, стильдік ерекшелік және жаңа тілдік құралдарды қолдану кеңінен дамыған. Жазушылар бұрынғыдай күрделі баяндаулардан гөрі, жеңіл әрі оқылымды тілге көбірек мән береді. Сонымен қатар қаламгерлер тілді түрлі эксперименттер жасау үшін қолданады, яғни тіл арқылы жаңа әлемді ашып, оқырманды ойландыруға тырысады. Осылайша, бүгінгі прозада тілдік жаңашылдық негізгі сипаттардың бірі ретінде көрініс табады.

Қазіргі қазақ прозасындағы тағы бір маңызды жаңалық – кейіпкерлердің өзгеруі. Бұрынғы прозада кейіпкерлер көбінесе белгілі бір ұлттық немесе моральдық құндылықтарды насихаттаушы, позитивті бейнелер болса, қазіргі әдебиетте олардың психологиялық тереңдігі, ішкі қақтығыстары, қоғаммен қарым-қатынасы тереңірек ашылады. Кейіпкерлердің ішкі әлемі, сезімдері, ойлары күрделеніп, шынайы өмірдегі адамдардың бейнесіне жақындай түсуде. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қазақ прозасындағы кейіпкерлердің көпқырлылығы мен шынайылығы – әдебиеттегі жаңашылдықтың бір көрінісі. Бүгінгі прозада авторлар оқырманға дайын шешім ұсынбайды, керісінше оқырманды ойлануға, туындыны өзінше түсінуге мәжбүрлейді. Бұл тәсіл – қазіргі қазақ әдебиетіндегі негізгі жаңашылдықтардың бірі. Әсіресе постмодернистік бағыттағы шығармаларда оқырманға тікелей жауап берілмейді, оның орнына көптеген сұрақтар мен мәселелер қойылады. Бұл оқырманның шығармамен тікелей қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді және әдебиетті жаңа деңгейге шығарады. Қазақ прозасының жаңашылдық сипаты тек мазмұн мен құрылымда ғана емес, сондай-ақ шығармашылық процесте де көрініс табуда. Қазіргі авторлар әдебиетке жаңа технологияларды енгізіп, мультимедиялық құралдарды қолдануда. Кітаптардың электронды нұсқаларының пайда болуы, интернетте жарияланған әдеби шығармалар, аудиокітаптар – мұның бәрі әдебиет пен оқырман арасындағы байланыстың жаңа деңгейін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бүгінгі күні



әлеуметтік желілер мен блог-платформалар да әдебиетті таратуда маңызды рөл атқарып отыр. Бұл қазақ прозасындағы жаңашылдықтың тағы бір маңызды қыры.[5,234]

Қорыта келгенде, бүгінгі қазақ прозасындағы жаңашылдық сипат көпқырлы және сан алуан. Жаңа тақырыптар, жанрлық өзгерістер, тілдік эксперименттер, постмодернистік әдістер мен заманауи технологиялардың қолданысы – мұның бәрі қазіргі қазақ әдебиетінің маңызды бөлшегі болып табылады. Әдебиет қоғамның дамуын бейнелейтін мәдени феномен болғандықтан, оның өзгерістері де заман талабына сай болатыны анық. Бүгінгі қазақ прозасындағы жаңашылдық сипаттар – қазіргі қоғамның өзгерістерін көрсететін және болашақта қазақ әдебиетін жаңа белестерге көтеретін негізгі факторлар. Қазіргі қазақ прозасы постмодернизмнің ықпалымен ұлттық әдебиеттің жаңа кезеңіне көтерілуін көрсетеді. Жазушылардың дәстүрлі әдеби формаларды бұзып, жаңа стильдер мен тәсілдерді қолдануы қазақ прозасын заманауи қоғамның күрделі мәселелерін терең зерттейтін әдебиет түріне айналдырды. Постмодернистік сипаттардың, атап айтқанда, ирония, фрагменттілік, интертекстуалдылықтың қазақ прозасында кең таралуы оның әлемдік әдебиетте ерекше орын алатынын көрсетеді. Төлен Әбдіков, Дулат Исабеков, Қуаныш Жиенбай, Сәулебек Сапарғалиұлы, Мұхтар Шаханов, Аян Қасымов, Айгүл Иманбаева мен Ләззат Сүйінбаевалардың шығармалары қазіргі қазақ прозасының постмодернистік бағытта дамып келе жатқанын айқын көрсетеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Әбішев Ә. Қазіргі қазақ прозасындағы жаңашылдық бағыттар. – Алматы: Ана тілі, 2018.
2. Мағауин М. Жармақ: Роман. – Алматы: Жазушы, 2007.
3. Кемелбаева А. Постмодернистік әдебиет және оның қазақ прозасындағы көрінісі. – Астана: Фолиант, 2019.
4. Жаксылықов А. Қазақ постмодернизмінің ерекшеліктері. – Алматы: Раритет, 2020.
5. Әсемқұлов Т. Қазіргі қазақ прозасының поэтикасы. – Астана: Елорда, 2021.

*Рима ОТЫЗБАЕВА,*  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әдебиеттану*  
*мамандығының 2-курс магистранты,*  
*e-mail: otyzbaeva02@mail.ru;*  
*Айбала Қылышбай,*  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*  
*журналистика факультетінің*  
*1-курс магистранты*

## **ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВ «АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ» РОМАН-ДИАЛОГІ**

Қанымызға сіңген, құлақ үйренген дәстүрлі машық, өмірлік тақырыптармен қоса, ерек пішін мен соны идеяларға қалам тербеген Әзілхан Нұршайықов шығармашылығының қазақ әдебиетінде орны бөлек. Соның ішінде әдебиетке жаңа тыныс берген «роман-диалог» аталып, аңыз бен шындыққа толы «Ақиқат пен аңыз» шығармасы кез келген оқырманның қызығушылығын, Отансүйгіштік сезімін оятатыны сөзсіз.

Романның кіріспесі радиожурналист Әзілханның батыр, өр мінезді Бауыржаннан сұхбат алу мақсатында байланысуымен басталады. Оның телефонды жаба салғаннан кейінгі Нұршайықовтың ойлары: «Абыржып, аң-таң болып мен қалдым. Ақыры: жазушы ағайындардың жазғанын ғана оқып, атағына алыстан сүйсініп жүре беру керек екен-ау»[1, 7 б]. Дәл осы ойлар тек қазақ әдебиеті емес, жалпы әлем әдебиетінде кеңінен таралған, қалыптасқан түсініктердің бірі десек те болады. Интермедиялық байланыс тұрғысынан да өнердің басқа саласындағы шеберлер мен қарапайым оқырман, адам арасындағы қарым-қатынас тұрғысында да осы тектес сөздер ел аузында жүретіндігін атап өтуіміз керек.

Кейіннен онымен кездесуге рұқсат алған жас журналисттің алғаш үйге келуі, кіруі де, одан соң өрбитін сұхбат та шынайы, бүкпесіз, көркемделген шындық тұрғысында суреттелген.

Алғашқы диалогтер мен бөлімдерден «Знамя» журналында шыққан Александр Бектің «Панфиловшылар алғы шепте» атты повесі аталып өтуімен қатар, жазушы Бауыржанның шығармалары туралы мәлімет пен ондағы негізгі ерекшеліктер, естеліктер

келтіріледі, өзге де әдебиет өкілдері шығармаларының атаулары, өлеңнен үзінді беріледі. Соғыста жиырма бес жылын өткізген жауынгердің әдебиетке деген сүйіспеншілігін, қазақ, басқа да ұлт шығармашылығына ерекше ілтипатпен қарайтындығы көрінеді.

«Оның үстіне Момышұлының «Біздің семья», «Жауынгердің тұлғасы», «Москва үшін шайқас» атты кітаптары бірінің соңынан бірі шығып, менің оған деген сүйіспеншілігімді бұрынғыдан да арттыра түсті.

«Балам, орыс тілін үйренсең бар халықпен байланысты боласың. Онда сені ешкім – орыс та, қазақ та жәбірлей алмайды» дейтін Момыш атам қандай тамаша!»[1, 18 б]

Момышұлына арнап жазылған өлеңнен үзінді келтіріледі:

Осы жерде ақын Ғафу Қайырбековтың Момышұлына арнаған өлеңі есіме түсті. Өлеңнің бас жағында ол Бауыржанның тостағандай көзінен ұшқындаған оттардың бірін жыр студі арман етіп, одан әрі былай деп толғайды:

Сол оттың сәулесінде бұлаң қағып,  
Кешегі өтіп жатса жылдар ағып,  
Көрінсе қоршаудағы батальон,  
Көк түгін төбесінде шудаланып.  
Комбаттың баданадай қос көзінен  
Риза боп сүйіп тұрса Панфилов қарт!  
Міне сол бар арманым от сұраған,  
Алатын одан артық жоқ сыбағам.  
Халықтың қасиетін шын көтерген  
Жүзге де жүлде бермей, жетсін ағам![1, 40]

Батыр ақынның соғыс кезінде, жалпы сүйіп оқыған шығармалары мен құрметтеген ақын-жазушылары да айтылып өтеді:

«...Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігі» мен «Севастополь әңгімелерін», Пушкин мен Лермонтовтың әскери прозасын, адмирал Нахимовтың, адмирал Макаровтың, ағылшын адмиралы Нельсонның кітаптарын, қазақ кітаптары мен Абайды ешқашан да жанымнан тастаған емеспін» және «Москва түбінде тұрғанда Қазақстаннан алдырып, Шоқан Уәлиханов шығармаларының ертеде шыққан басылымын оқыдым. Ал «Абай» романының бірінші кітабы менің қолыма соғыста жүргенде тиді. Өз қолымен автограф жазып оны Мұқаңның өзі жіберді. Мен оны оқып шығып, Мұқаңа арабша 6 бет хат жаздым. Мұқаң менің

кітапқа берген бағама разы болып, 3 бет жауап жолдады. Содан соң Сәбит автограф жазып «Жұмбақ жалауын» жіберді. Мен оны сонау Қиыр Шығыста жүргенде оқыған едім. Бұл білетін адамдардың жібергендері. Ал мен мүлде білмейтін адамдардан және 2 кітап алдым. Олар Омар Наямнің өлеңдер жинағы мен Сағдидің «Бустан» атты кітабы»[1, 22].

Әзілхан Нұршайықов сұхбат алушы, журналист және әдебиеттегі жолдасы, шәкірті ретінде де өзінің бағасын беріп, ілтипатын көрсететін тұстары да бар:

«Бауке, мен сіздің «Біздің семья» деген кітабыңызды оқып шықтым. Бұрын оқи алған жоқ едім, таяуда оқыдым. Бұл кітабыңызды да қатты ұнатып, сүйсініп тауыстым. Онда сіз халқымыздың үлкенді сыйлау, ананы ардақтау сияқты асыл қасиеттерін көрсетіпсіз. – Бауыржан үндемеді. – Онда сіз, халқымыздың ар мен намыс үшін жандарын да аямайтындығын жазыпсыз. Онда сіз халқымыздың ауыз әдебиетінің адамгершілікке, азаматтыққа тәрбиелейтін жақсы үлгілерін бүкіл дүние жүзі әдебиетінің асыл мұраларымен теңестіре суреттепсіз, – Бауыржан басын көтеріп, журнал үстелінің шетіндегі «Қазақстан» сигаретінен біреуін алып, ұзын ақ мүштікке сұқты да, сіріңке шақты. – Онда сіз Аққұлы сияқты ат пірінің, Зейнеп сияқты асыл әйелдің, Садық Абланов сияқты адал жүрек большевиктің жан тебіренер жақсы бейнелерін жасапсыз»[1, 18].

Бауыржанның Мәди Бәпиұлының «Қаракесек» әнін айтып, ол туындыны сол кездегі қазіргі қазақ әндерімен салыстырғаны тұсы бүгінгі заманда да өзектілігін жоймаған құбылыс деп тануға болады.

Сұрасаң руымды Қаракесек,  
Досымнан дұшпаным көп қылған өсек.  
Дұшпанның қуғындаған жаласынан,  
Жатқаным қу қарағай болып төсек.  
Міндім де қаракөкпен жылыстадым,  
Бардым да Қараөткелге жыл қыстадым...

Момышұлы айта келіп, оны «трагедиялық ән» деп атайды да,

– Ендеше осы күнгі әншілер бұл әнді былай етіп айтады:

Сұрасаң аруымды Қара-кисек,  
Досымнан дұшпаным куп қылған осек.  
Миндим де қорақукпен жылыстадым,  
Бардым да Қарауткелге жылқы ұстадым...[1, 55 ]

Прозалық шығармада жиі қолданылатын интермәтіндік байланыстардың бірі – цитация. А. Адилова цитата, цитация туралы зерттеушілердің пікірлерін келтіре отырып ол «көркем шығарма атауынан бастап оның кез келген жерінде орналасуы мүмкін» дейді [2, 43]. Қаламгер «келтірінді сөйлем» не сөз арқылы сол тақырыпқа байланысты өзінің көзқарасын білдіретіндігін айтады. Оған романда кездесетін, баяндалып отырған оқиғаға сәйкес келетін «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді», «Өлімнен ұят күшті», «Сайтан өлмейді, адам өледі», «Бақаның бағынан, сұңқардың соры артық» мақалдар мысал бола алады. Аталмыш мақал-мәтелдер роман-диалог сюжеттеріне, мазмұнына сай, образдар мен әрекеттерді толықтыруға негіз болған бөлік ретінде де ерекше қарастырылады.

Сонымен қатар, шығармада қазақ халқының, қазақ әскерлерінің Ұлы Отан соғысы жылдары басынан кешкен оқиғалары, қиындықтары мен соған қарамастан ел үшін, жер үшін жауға қарсы тұрған ерліктерін байқаймыз, сеземіз, бірде олардың жеңісі үшін қуанып, бірде олар үшін қайғырып, бойымызды қорқыныш билейді. Роман-диалогтің негізгі кейіпкері Бауыржан Момышұлы өзінің естеліктерінде былай келтіреді:

Мен екі рет ауыр жарақаттанған кісімін. Бірақ екеуінде де саптан шыққаным жоқ. 1942 жылы полк командирі кезімде омыртқама оқ тиді.

– Сонша не боп қапты?– дедім дәрігерге.

– Омыртқаңызда оқ қадалып тұр, жолдас капитан, – деді дәрігер одан сайын дегбірі кетіп.

– Сізді дереу госпитальға жөнелтуіміз керек.

Тістеніп, әрең дегенде қолымды жеткізіп, арқамды сипасам, расында да оқ бар екен.

– Скальпелің бар ма? – дедім дәрігерге,

– Жоқ.

- Өткір бәкің бар ма?
- Жоқ.
- Ұстараның жүзі бар ма?
- Бар.
- Ендеше соны спиртпен шай да, оқ тұрған жердің етін кес!
- Олай етуге болмайды, жолдас капитан...
- Болады! Бұйырамын! Орындамасаң – атамын! – деп

етбеттеп жатқан күйімде он жақ жамбасымдағы кабураның аузын ағыта бастадым. Батырға да жан керек деген емес пе, дәрігер дереу айтқанымды істеуге кірісті. Ол арқамды кескілей бастағанда пистолеттің сабын сындырардай қысып, тісім шықырлап мен жаттым.

– Мінеки, жолдас капитан, оғыңыз! – деп дәрігер әлден уақытта омыртқама тірелген оқты алып, алақаныма салды. Жарамды таңдырып алып, арқамнан алынған оқты, мені санбатқа жеткізген Блоха деген жауынгерімнің қолына ұстата салып, жаумен ауыр ұрыс жүргізіп жатқан полкке қайтадан жеттім [1, 10].

Бұл жолдардан батырға тән батылдык, ержүректілік пен қайтпас қайсарлықты көруге болады. Және аталмыш қасиеттер Бауыржанға ғана емес, қазақ батырларына тән, Отан қорғаушыларымыздың айқын бейнесі. Мен соғыс кезінде «Красная звезда» газетіне былай жазғанмын: «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам опасыз, оңбаған адам» деген батырдың романда қазақ халқына деген ерекше махаббаты мен сыйластығы сезіледі. Қарт ана үйінен айырылып қалған сәтте, өзіне тағайындалған пәтерден бас тартып, сол кісіге өткізілуін жеке қадағалаған Баукеңе халқы да сондай ризашылық танытады:

Әсіресе қарт ана қатты қуанды. Сіздің Бауыржан Момышұлы екеніңізді білгенде және Сіздің «Солдаттың анасы – Россияның анасы» деген сөзіңізді айтқанымда ол жылап жіберді. «Кітаптарын оқығанда Момышұлы дәл сондай азамат шығар деп ойлаушы едім, қателеспеген екенмін» деді»[1, 28].

– Менің ана тілімде асыл сөздер ақтарып, жұрттың жүрегін тербеген мынау шүйкедей сары қыз! – деді ол жұртқа Лушникованы нұсқап. Зал демін ішіне тартып, тына қалды. – Сенің тіліңді біліп, жай сөзіңді сөйлей беретін орыс, неміс, өзбек, чечен, қырғыз толып жатыр, – деді ол енді төрешіге қадалып. –

Бірақ сенің өнер тіліңді өз тілінен артық, білетін осы Надядан басқа кімді көрдің, айтшы, кәне? Кешегі Мариям Жәгерқызының жөні бір басқа. Дәл бүгінгі бас бәйге біздің тілімізде бұл бұлдай сайраған осынау кішкентай қызға берілуі тиіс!..[1, 31]

Шығарманың жанры роман-диалог болғасын да, оның негізгі құраушысы – естеліктер. Екінші диалогтің бірінші бөлімі толығымен Бауыржанның жас кезіне арналған. Жетінші бөлімінде Александр Бек пен батырдың қалай танысқандығы баяндалады. Дәл осы туындының алғашқы баспалдақтары да сұхбат барысында түсіндіріледі.

«Бауке, сіздің «Біздің семья» кітабыңыз өзіңіздің алғаш рет орыс мектебіне оқуға баруыңызбен, шәкірт шағыңызбен аяқталады. Ал екінші кітабыңыз – «Москва үшін шайқас» Момышұлы батальонының бес күн, бес түн жүріп қоршауды жарып шығып, Волоколамск қаласын революциялық әнмен сілкіндіре өтіп бара жатқан кезімен басталады.

Сіз маған шәкірт шағыңыздан комбат болғанға дейінгі өміріңізді, Бекке айтқандай етіп, баяндап берсеңіз. Мен содан очерк жазсам. Өңгімеңіздің ара-арасында мен сізге қысқа-қысқа сұрақтар және қойып отырсам деймін.

– Бұл сенің әдеби әдісің ғой тегі?

– Солай десе де болады, Бауке. Осыған келісесіз бе?

– Келісейін»[1, 18].

Рымғали Нұрғали «Ақиқат пен аңыз» тұрғысында «Роман-диалогта геройдың психологиялық толғаныстары мен дүние танымына айрықша зер салған», - деп бағасын берген болатын. Расында, Өзілхан Нұршайықовтың ерек жанрда қалам тербеген Бауыржан Момышұлы туралы естіп жүрген аңыздар мен шынайы бейнесі, соғыс суреттері, жазушының, батырдың ақиқаты тоғыстырылған шығармасы жоғары бағаға лайық. Бір кейіпкер төңірегінде бірнеше тарихи тұлға, жанама образдарды суреттей алуы, оны жеткізе алуы жазушының шеберлігін көрсетеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Нұршайықов Ө. Ақиқат пен аңыз: роман-диалог / Ө.Нұршайықов. екінші рет басылуы. – Қарағанды: «Qasym баспа үйі», 2021. – 686 б.

2. Адилова А.С. Феномен интертекстуальности в казахском художественном дискурсе / А.С. Адилова Ж.Т. Балмагамбетова // Успехи современного естествознания. - 2014. - №12(4). – с. 470–474.

*Айгерім БАЙЫСБЕК,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әдебиеттану  
мамандығының 2-курс магистранты,  
e-mail: aiko-01-93@mail.ru*

## **«ТАҒИР-ЗУХРА» ДАСТАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ**

«Тағир-Зухра» сюжеті орта ғасырлардан бері түркі халықтары арасында кең таралған классикалық шығарма. Қазақ, өзбек нұсқасы, төрт ұйғыр, балқар, 200-ден астам әзірбайжан, бірнеше түрік, түрікмен және Башқұртстан аумағында табылған түрлі көлемдегі мәтіндер бар.

Шығарма «Қисса Тағир-Зухра» деген атаумен ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың басында қазақ тілінде он төрт рет басылып шыққан. Осыған қарап-ақ бұл кітаптың кеңінен танылмай болғанын байқауға болады. Қазақ фольклорында дастанның екі нұсқасы бар. Оның бірі – прозалық мәтін, ол Қазанда жеті рет басылып шыққан. Екіншісі – дастанның өлеңмен жазылған нұсқасы, оны қазақтың әйгілі жыршысы Ақылбек Сабалұлы орындаған. Жалпы, дастан қазақ халық әдебиетіне ноғай, татар әдебиетінен ауысқанын білеміз. Оны кезінде қазақ арасына келіп молдалық құрған ноғай Ахмед Мұхаммедзарифұлы Оразаев алғаш рет османлы түріктердің әдебиетінен аударып, қисса ретінде бастырған. Оның қазақ арасына кең тарауы үшін Ақылбек Сабалұлы қиссаны дастанға айналдырып, қайта жырлап шыққан. А. Оразаевтың қиссасында түсініксіз араб, парсы, татар сөздері жиі ұшырасады, сол үшін де ол ел ішіне дастан ретінде еркін таралмағаны анық. Ал Ақылбек Сабалұлы оны араб, парсы сөздерінен қысқартып, өңдеп, Қазанда бастырады. Және де ол сюжеттің сақталуына да қатты мән берген. Екі нұсқадағы авторлардың тілдік ерекшеліктерін салыстырған кезде, Ақылбек Сабалұлының шығармасы тек өз туындысы ғана емес, оның кітап ретінде басылып шығуы да маңызды рөл атқарады. «Тағир-Зухра» дастанының қазақ тіліндегі көркем поэзия екендігін дәлелдеу үшін, екі шығармадағы бастау мен суреттеу әдісін салыстырып көрелік. А. Оразаевтың кітабындағы қиссаның басы мынадай:



«Дүниеде бір үлкен әрі атақты патша өмір сүретін. Оның байлығы мен әскерінің саны көп еді. Бірақ оның баласы болмады, ұрпағы жоқ еді. Сондықтан ол әрдайым қайғы мен қиыншылықты сезініп жүретін. Бірде ғалымдар мен дәрігерлер осы жағдайды естіп, патшаға көмек ұсыну үшін алтындар мен қымбат заттар жібермекші болатын. Олар әртүрлі тәсілдермен патшаға көмектесуге тырысты. Алайда, ешбір ғалым нақты көмек бере алмайтын еді. Әрі қарай Алла Тағала шешім бермесе, не істеу керек еді? Бір күні осы мәселе бойынша жаңа ой туындады. Патшаның бақшасында бір бақташы болатын. Егер қайғылы адам сол бақшаға кірсе, оның қайғысы қуанышқа, ал мұңы шаттыққа айналатын еді».

Ал Ақылбек Сабалұлы өзінің шығармаларында қайдан алғаны туралы сілтеме жасайды: «Ахмед деген бір ноғай басқан екен, Ғұсмания тарихынан Таһир туралы» немесе: «Ноғайша қисса екен мұның өзі, Көңіліме ұнамады кейбір сөзі», - деп неге жазғанын, сондай-ақ аударған шығармасының тіліндегі қиындықтарды ескертеді. Өзін таныстырып болған соң, ары қарай оқиғаны бастап кетеді.

Шығармада уәзір мен падишах ұзақ уақыт перзентсіз болып, кейін Алланың рақымымен олардың бірінің ұлы (Таһир), екіншісінің қызы (Зухра) дүниеге келеді. Екі бала бірге өсіп, бір-бірін сүйіп қалады. Уәзір қайтыс болғаннан кейін, қызғаншақ Ғараб құлдың жаласымен, Таһир қудаланады. Оны ұстап алып, сандыққа салып, өзенге тастайды. Таһир көптеген қиыншылықтарды басынан өткеріп, туған еліне қайта оралады. Бірақ падишахтың бұйрығымен оны өлімге кеседі, ал Зухра сүйіктісінің қайғысына шыдамай, өзін өлтіреді. Олардың қабірінен екі гүл өсіп шығады – ақ және қызыл гүлдер. Араларында арамшөп пайда болады. Адамдар арамшөпті жұлып тастайды, бірақ ол қайта шыға береді. Бұл арамшөп халық арасында зұлымдық пен әділетсіздіктің символына айналған. Ол жақсылық пен сүйіспеншілікті жоя алатын қоғамның зұлымдықтары мен кемшіліктерін бейнелейді. Қазақ нұсқасының мазмұны патриархалдық қоғамның дәстүрлері мен әділетсіздіктерін айыптайды. Ол жастардың махаббаты мен бостандық үшін күрес қажеттігін еске салады.

Ал әзірбайжандық және парсылық нұсқаларда оқиға басқаша өрбиді. Таһир қиындықтарды жеңіп, сүйікті Зухрасымен

қосылып, патшалық құрады. Бұл нұсқада жақсылықтың зұлымдықты жеңуі бейнеленеді. Алайда, қазақ нұсқасының қайғылы аяқталуы тыңдаушылар мен оқырмандарға терең әсер етеді, өйткені ол әділетсіздікке қарсы күрес қажеттілігін айқын көрсетеді.

Қазақша нұсқасында «Таһир мен Зухра» жыры кейіпкерлердің махаббат сезімдері мен жан тебіреністерін бейнелейтін монологтар мен диалогтарға бай. Әсіресе Таһирдің монологтері ерекше әсерлі: ол кейде армандай, сезімге беріле сөйлесе, кейде сүйіктісінің сұлулығын шабыттана жырлайды.

Ақылбек Сабалұлының бұл шығармасы шығыс халықтарында кең тараған кітаби-нәзира дәстүрімен жазылған. Шығыс әдебиетіндегі бұл ерекше дәстүр көбінесе қайталанатын дүниелер сияқты үстірт қабылданады, себебі бір оқиға, бір желі бірнеше авторлармен қайталанып жырланып отырады. Мұны қазіргі әдебиеттегі аударма жұмыстарымен салыстыруға болмайды. Шығыс әдебиетін зерттеушілер бұл дәстүрдің ішкі түрлері көп екенін көрсетеді. Бірде оқиғаны өзгертіп, кейіпкерлердің аттарын ауыстырады, тағы бірде олардың іс-әрекеттерін өзгертіп, тіпті кейбіреулер сол оқиғаны өз халқының дәстүрімен жырлап кетеді. Кейбір ақындар әуенін, ұйқасын, ырғақтарын сақтап жырласа, тағы біреулері бұл барлық элементтерді өздігінше жырлайды. Осы ерекшеліктерге байланысты зерттеушілер бұл дәстүрді нәзира, жауап, таттаббуат, таклид, истиббал деп бөліп, топтастырады. Ақылбек Сабалұлы «Таһир-Зухра» жырын қазақтың ұлттық нәзирашылдық дәстүрімен жазған. Бұл жыр да «Бозжігіт» сияқты ерекше ғашықтық сезімді жырлауға арналған. Ғашықтық Құдайдың тек ерекше жаратылған адамдарға сыйлаған қасиеті ретінде түсіндірілген, бұл бабаларымыздың софылық ілімінде негізделген теориясына сай келеді.

«Таһир-Зухра» жырының негізгі оқиғасы түрік халықтары арасында өте ерте кезеңнен бері аңыз, эпос, ертегі және жыр түрінде кең тараған сюжет болып табылады. Бұл тақырып XV-XVII ғасырларда ақындардың шығармашылығына еніп, ғашықтық дастанына айналған. Әр ақынның тілі, қолданған әдістері мен көркемдік тәсілдері әртүрлі болғанымен, ғашық жандардың бірбіріне деген ынтызарлығы осы әлемнің шеңберіне сыймай, мәңгілік өмірде бірге болуға деген сенім барлық жырларда ортақ тақы-

рып болып келеді, сол сенімге ақындар өздері де беріле жырлайды.

Дастанның сюжеттік құрылымына келер болсақ, әр бөлімде оқиға желісі мен кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас тереңдетіледі. Онда махаббат, адалдық, қоғамның қысымы және трагедия сынды тақырыптар көрініс табады. Дастанның көркемдік ерекшеліктері оның мазмұны мен формасының үйлесімінде, кейіпкерлердің психологиясында, символикасында және тілдік қолданысында байқалады. Жырда Таһир мен Зухра арасындағы махаббат қоғам, дәстүр мен отбасылық міндеттемелер мен кедергілері арқылы дамиды. Ішкі конфликт, кейіпкерлердің сезімдері мен қоғамның талаптары арасындағы кикілжің басты орын алады.

Ақын Ақылбек Сабалұлының жырында қыздың әкесінің уәдесінен тайқуына оның әйелі, жасы үлкен кемпірдің жасаған сиқыры себеп болады. Уәдені бұзу, тура жолдан тайып, қателікке бой алдыру үлкен күнә деп саналады. Алланың жазған тағдырына қарсы келу – жырдағы трагедияның басты себебі.

Сиқыр – шайтанның ісі. Шайтанның араласуымен әділдігімен аты шыққан, иманды мұсылман деп сипатталған Бабахан патша тура жолдан таяды. Жетім балаға қызын бермеу үшін, Таһирге әділетсіз жаза үсті-үстіне тағайындалады. Өйткені олар Алланың Таһир мен Зухраға берген махаббат сыйын түсіне алмайды.

Шығармада ақынның айтуынша, бұл сезімнің тереңдігін әуелде Таһирдің өзі де түсінбейді. Ал Зухра болса, өзінің шынайы ғашықтығын жүрегімен қабылдап, Құдайға жалбарынады:

«Махаббатым жарасын,  
Берсең екен, құдая.  
Ғашық отын Тахир һәм  
Көрсен екен, құдая.  
Ғашығым шегіп көрмесе,  
Ол қадірімді білмес-дүр,  
Ғашықтықтың әуенін  
Құлағына ілмес-дүр».

Зухраның дұғасы қабыл болып, Таһир де Зухраға ғашық болады.

Ақын қолданған теңеулерде табиғаттағы немесе өмірдегі тұтас бір құбылысты алып, соған теңеу арқылы сипаттау тәсілі жиі кездеседі. Олар оқырманның көз алдына айқын бейнелерді елестетіп, шығарманың әсерлілігін арттырады.

Белгілі ғалым Ш. Сәтпаева атап көрсеткендей, шығармада қолданылған теңеулер арқылы кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі терең әрі әсерлі бейнеленген. Мысалы, мынадай жолдарда:

«Ботасынан айырылған  
Түйедей боздап қалдың сен  
Көп тобынан айырылған  
Құстай шулап қалдың сен  
Бұтағынан қайырылған  
Гүлдей солып қалдың сен  
Құстарынан айырылған  
Бақшадай болып қалдың сен».

Бұл теңеулер Зухраның Таһирдан айырылғаннан кейінгі ауыр қайғысын айқын суреттейді. Ақын халық арасында кең таралған «түйедей боздау», «гүлдей солу», «құстай шулау» сияқты таныс бейнелерді байытып, күрделендіріп береді. Әрбір теңеу махаббаттан айырылған адамның жан жарасын тереңірек сезіндіреді. Мұнда ақын бөлінбес бүтіндікті бейнелейтін құбылыстарды (бота мен түйе, құстар мен бақша) пайдаланып, Таһир мен Зухраның бір-біріне өмір сүре алмайтын рухани байланысын көрсеткен. Бұл тәсіл арқылы олардың махаббатының ерекше маңыздылығы мен трагедиясының шынайылығы айқындала түседі.

Жырдағы махаббат – тек сезім емес, сонымен бірге Алланы тануға жол. Бұл сопылық дүниетанымнан алынған көркемдік ерекшелік. Ғашықтардың бірігуі мен рухани байланысы ақынның діни философиясын айқындайды. Таһир мен Зухраның психологиясы – дастанның негізгі күшті тұсы. Олардың арасындағы махаббат, сезімдер, ойлар, ішкі күрес шынайы және терең суреттеледі. Екеуі – идеал кейіпкерлер. Сол себепті де олардың мінез-құлқы мен әрекеттері оқырманға ықпал етпей қоймайды. Дастанның тілінде поэтикалық элементтер, метафоралар, эпитеттер мол. Сөздің көркемдігі оқиғаның эмоционалдық қуатын арттырады. Шығыстың ғашықтық дастандарында басты қаһармандар бірін-

шіден, сымбатымен ерекшеленсе, қандай ұрыс болмасын күші тасыған батыр болып суреттеледі. Сол себепті де романтикалық бағыттағы ғашықтық тақырыбы патриоттық, ерлік тақырыбына қарай ұласып, қызықты мотивтермен толықтырылып отырады. Дастанда Таһирдың ерлігін былай суреттейді:

Таһирға сырттан кісі көз салғандай,  
Қайратына лайықсыз көз салғандай.  
Арасына қанжармен кіріп кетсе,  
Мысалы қырғанының шөп жанғандай.

Таһир бір қанжармен мың әскерге төтеп береді. Саны көп әскермен тіпті жалаң қолмен де қарсы соғысады. Бұлардың ешқайсысын шындыққа балай алмаймыз, десе де ғашығын қорғау кезінде махаббаттың күші тылсым дүниенің қуатынан нәр алып жатқандай сипатталады. Көбіне ғашықтық дастандарда кездесетін адалдық, құштарлық, ғашығына жету жолында қиындықтарға тап болуы, тағдырдың түрлі соқпақтарына қарсы тұра алуы жиі ұшырасады. Сүйгені үшін жаумен соғысатын кейіпкердің қаһармандық бейнесі шығарманың мағынасын аша түседі. Дастанда әсірелеу айрықша көркемдік эстетикалық қызмет атқарады. Ер бейнесін сомдаудағы гиперболаның қолданылуы жанр табиғатынан туындаған. Батыр тұлғасы, әрекеті, нұрлы жүзі – бәрі де тұтас күйінде бейнеленген.

Қорытындылай келе, қазақ нұсқасының, яғни Ақылбек Сабалұлы жырлаған «Таһир-Зухра» жырының ерекшелігі – махаббатты қасиетті сезім ретінде бейнелеуі, әділетсіздікке қарсы тартысты терең көрсетуі және ұлттық нақышты шығыстық дәстүрмен шебер үйлестіруінде. Ақынның бейнелеу құралдары мен көркемдік әдістері бұл туындыны қазақ әдебиетінің баға жетпес мұрасына айналдырды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Сатпаева Ш.Қ. Казахская литература и Восток: (Из истории литературных связей). – Алма-Ата: Наука, 1982. – 200 с.
2. Камалқызы Ж. Кітаби ақындар және Ақылбек Сабалұлы шығармашылығы: Монография. – Алматы 2016. -144-б.
3. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т. 19: Ғашықтық дастандар. – 2005. – 328 бет.

*Динара АСЫМАКЫНОВА,  
Қазақ ұлттық қыздар  
педагогикалық университеті;  
Бибіжан БЕГМАНОВА,  
ф.ғ.к., қауым. профессор*

## **ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЭПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ**

*Аннотация:* Мақалада шағын эпикалық шығармаларды оқытуда цифрлық құралдарды қолданудың маңыздылығы талданады. Зерттеу нәтижелері заманауи технологиялардың оқушылардың ынтасын арттырып, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететінін көрсетеді. Цифрлық құралдар эпикалық шығармаларды түсінікті және тартымды жеткізуге мүмкіндік береді. Ұсыныстар мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру мен инновациялық әдістерді енгізуге бағытталған.

*Кілт сөздер:* эпикалық шығармалар, цифрлық құралдар, оқыту әдістері, білім беру, шығармашылық қабілет.

Қазіргі уақытта білім беру саласына цифрлық технологиялардың әсері артып келеді. Мұғалімдер мен оқушылар үшін жаңа құралдар мен әдістер оқу процесін жеңілдетіп, оны қызықты әрі тартымды етеді. Әсіресе, цифрлық технологияларды қазақ әдебиетіндегі эпикалық шығармаларды оқытуда қолдану ерекше маңызға ие. Себебі бұл шығармалар тек әдеби мұра емес, сонымен бірге ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің құралы болып табылады. Эпикалық туындыларды қазіргі заманның инновациялық әдістері арқылы оқыту тек қана оқу сапасын жақсартуға емес, ұлттық рухани мұраны тиімді түрде насихаттауға мүмкіндік береді. Шағын көлемді эпикалық шығармаларды оқытуда кейбір дәстүрлі әдістердің шектеулері байқалады. Мәселен, оқушыларға мәтінді түсіну қиындық тудыруы мүмкін немесе олардың қызығушылығы төмен болуы мүмкін. Осындай жағдайда цифрлық құралдар, мысалы ретінде интерактивті презентациялар, онлайн викториналар, интерактивті платформалар көмекке келеді. Оқушылардың белсенділігін арттыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және әдеби туындыны заманауи тұрғыдан түсіндіру үшін цифрлық

құралдар маңызды рөл атқара алады. Бұған қоса, білім беру үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу «білім алушылардың қызығушылығын ояту үшін мультимедианы қолдану» сынды ұсыныстарды іске асыруға мүмкіндік береді [1]. Соның негізінде, бұл зерттеу жұмысының басты мақсаты – шағын көлемді эпикалық шығармаларды оқытуда цифрлық құралдарды қолданудың тиімділігін талқылау. Себебі, қазіргі уақытта «клиптік ойлау» әсерінен оқушылар ауқымды әдеби туындыларды оқуы қиынға түсуде [2]. Ал, 5-6 сыныптың қазақ әдебиетінде қазақ мәдени құндылығының жарқын үлгілері «Қобыланды батыр», «Керкұла атты Кендебай», Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» және тағы басқа эпикалық шығармаларын толық оқуға деген әлеуетін бағалау күрделі. Сонымен қатар бұл еңбектердің үзінділері мен қазақ әдебиеті 5 сынып оқулығының бағдарламасында қарастырылған Ыбырай Алтынсаринның «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Анасын сағынан бала» әңгімелері секілді шағын эпикалық туындыларды балалардың қабылдауы жеңіл әрі тиімді болу үшін, цифрлық құралдардың қолданудың орындылығын бағалау қажет [3]. Әрі бүгінгі таңда мұғалімдер оқытуда заманауи әдістерді қолдануды көздейді, бірақ кейде қажетті ресурстардың немесе біліктіліктің жетіспеуі қиындық тудыруы мүмкін. Сондықтан, мақалада цифрлық құралдарды қолдану арқылы оқыту процесін жақсарту бойынша қолданбалы ұсыныстар беріледі. Бұл ұсыныстар оқушылардың оқу материалын жеңіл меңгеруіне және әдеби шығармалардың мәнін терең түсінуіне бағытталған. Ал, зерттеу әдісі ретінде әдебиетке шолу мен талдау таңдалды. Бұл тәсіл қолданбалы тәжірибесіз цифрлық әдістердің артықшылықтарын көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында білім беру саласындағы отандық және шетелдік жұмыстар қарастырылып, олардың нәтижелері талданды. Осылайша, шағын көлемді эпикалық шығармаларды оқытуда цифрлық құралдарды пайдаланудың мүмкіндіктері мен шектеулері айқындалды. Бұл жұмыс оқыту үдерісіне жаңа көзқарас ұсына отырып, мұғалімдерге цифрлық әдістерді тиімді пайдалану жолдарын көрсетуді мақсат етеді.

Зерттеу әдісі

Әдеби шолу әдісі зерттеудің маңызды компоненті ретінде қолданылады және ол қолданыстағы ғылыми жұмыстарды жүйелеу арқылы зерттеу бағытын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы біз эпикалық шығармаларды оқытуда цифрлық құралдарды қолданудың тиімділігі мен шектеулерін терең түсінуге бағыт алдық. Қазақстандық және халықаралық зерттеулерге сүйене отырып, әдістер мен тәжірибелерді салыстырдық. Бұл әдісті негіздеу үшін біріншіден, әдеби шолудың шет елдік ғылыми зерттеулердегі орнын анықтап, оның әдістемелік құндылығын атап өткен. Әдеби шолу тек ақпарат жинаумен шектелмей, зерттеудің проблемалық бағыттарын жүйелеуге және жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға ықпал ететіні көрсетілген. Біздің зерттеуде бұл әдіс цифрлық құралдардың оқыту процесіне ықпалын жан-жақты түсінуге және олардың педагогикалық мәнін ашуға мүмкіндік берді [4]. Ал тағы бір ғалым әдеби шолудың жүйелі құрылымын сипаттап, оның негізгі қадамдарын ұсынған. Зерттеу сұрақтарын нақты анықтау, әдебиеттерді мұқият таңдау және оларды кешенді талдау сияқты элементтер сапалы әдеби шолудың негізгі талаптары болып табылады. Бұл тәсіл біздің зерттеуімізде "Абай жолы" эпосы сияқты шығармаларды оқытуда заманауи технологияларды қолдану әдістерін салыстыруға мүмкіндік берді [5]. Осылайша, әдеби шолу әдісі эпикалық шығармаларды оқытуда цифрлық құралдарды қолданудың тиімділігін және олардың оқу процесіндегі артықшылықтары мен шектеулерін анықтауға мүмкіндік берді. Ал, екіншіден, теориялық талдау әдісі зерттеудің пәнін терең түсінуге және оның практикалық аспектілерін сипаттауға арналған. Бұл әдіс цифрлық құралдардың білім беру процесіндегі мүмкіндіктерін зерттеуде қолданылды. Мысалы, бір ғалымдардың зерттеуінде ТРАСК моделі педагогикалық, мазмұндық және технологиялық білімді интеграциялау арқылы мұғалімдерге заманауи технологияларды тиімді қолданудың жолдарын ұсынады. Бұл модель цифрлық құралдардың оқытуға әсерін түсінуде мазмұндық және педагогикалық тәсілдердің үйлесімділігін ерекше атап көрсетеді [6]. Тағы бір ғалымдар тобы теориялық талдаудың әдіснамалық негіздерін сипаттай отырып, білім беру процесіндегі күрделі аспектілерді зерттеудің әдістерін ұсынады. Бұл әдіс арқылы біз цифрлық технологиялардың оқытудағы тиімділігін және олардың



оқушылардың танымдық қабілеттеріне әсерін анықтадық [7]. Осылайша, теориялық талдау әдісі зерттеуіміздің тұжырымдамаларын негіздеп, цифрлық құралдарды қолданудың педагогикалық тиімділігі мен олардың оқушыларға ықпалын түсінуге мүмкіндік берді. Жалпы, әдеби шолу мен теориялық талдау әдістерінің үйлесімді қолданылуы зерттеудің сапасын арттырып, шағын эпикалық шығармаларды оқытуда цифрлық технологиялардың әлеуетін жан-жақты ашуға мүмкіндік берді. Әдеби шолу әдісі зерттеудің аясын кеңейтіп, теориялық талдау нәтижелері алынған мәліметтерді педагогикалық тәжірибеге бейімдеудің негізін қалады.

#### Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу барысында цифрлық құралдарды қолданудың эпикалық шығармаларды оқытуда тиімді екені анықталды. Қазіргі заманғы технологиялар оқушылардың оқу материалын игеруін жеңілдетіп қана қоймай, олардың сабаққа деген ынтасын арттырып, аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Цифрлық құралдар оқу процесін қызықты әрі интерактивті ете отырып, күрделі эпикалық шығармалардың мазмұнын оқушыларға түсінікті және қолжетімді етуге көмектеседі. Мысалы, Сербиялық ғалымның зерттеуінде электронды ми карталарының оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, материалды тез меңгеруіне ықпал ететіні көрсетілген. Бұл құралдың оқушылардың ақпаратты құрылымдау, есте сақтау және шығармашылық тұрғыда қолдану дағдыларын дамытуда маңызды екені анықталды. Мысалы, эпикалық шығармалардың күрделі оқиғалар желісі мен терең философиялық ойларын ми карталары арқылы бейнелеу оқушыларға түсінуге жеңілдік береді [8]. Оның зерттеуі эпикалық кейіпкерлердің өмірлік таңдаулары мен әрекеттерін талдау арқылы оқушыларды этикалық және моральдық мәселелерді түсінуге баулудың тиімділігін атап өтті. Эпостардағы батырлық, адалдық, және жауапкершілік сияқты қасиеттер оқушыларға өмірлік маңызды құндылықтарды түсінуге көмектеседі. Ал, қазақстандық зерттеулерде Padlet, Kahoot, Quizlet сияқты платформаларды қолданудың тиімділігін атап өтті. Бұл құралдар оқушылардың топтық жұмысқа деген ынтасын арттырып, өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын нығайтуға көмектеседі. Мәселен, Quizlet платформасы арқылы оқушылар

әдеби терминдерді жаттап, шығармалардағы контексте қолдануды үйреніп, өз білімдерін нығайтады [9]. Тағы бір ғалымдар визуализацияның маңыздылығын зерттей отырып, мұғалімдердің цифрлық құралдарды қолдану арқылы эпикалық шығармалардың мазмұнын тиімді жеткізе алатынын көрсетті [10]. Мысалы, интерактивті презентациялар немесе бейнематериалдар оқушылардың назарын негізгі оқиғаларға аударып, шығарманы тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Ал эпикалық шығармалардың ұлттық құндылықтарды үйретудегі рөліне келсек, эпикалық шығармалар оқушыларды ұлттық мәдениет пен тарихқа жақындатып, олардың бойында рухани құндылықтарды қалыптастыруға көмектеседі. Мысал ретінде, "Абай жолы" романының мазмұны арқылы оқушылардың ұлттық тарих пен мәдениетке деген құрметін арттырудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл шығарманы оқыту барысында мұғалімдер тарихи және әлеуметтік контекстті тереңірек түсіндіріп, оқушылардың қазақ халқының бай мұрасын тануына мүмкіндік жасайды [9]. Ендігі кезекте, нәтижелерге сәйкес заманауи цифрлық құралдар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, сабаққа деген қызығушылығын күшейтуге ықпал ететінін көр. Соған сәйкес, бірнеше цифрлық құралдың тиімділігін қарастырылды. Олар:

**Kahoot:** Бұл платформа викториналар мен тестілерді интерактивті форматта өткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, "Абай жолы" эпосының кейіпкерлері мен оқиғалары бойынша Kahoot-та ұйымдастырылған викториналар оқушылардың тақырыпты жақсы меңгеруіне және сыни тұрғыда ойлауына мүмкіндік береді.

**Padlet:** Padlet платформасы оқушылардың идеяларын визуализациялап, топтық жұмыс жүргізуге жағдай жасайды. Мысалы, "Қазақ эпостарындағы ұлттық құндылықтар" тақырыбында оқушылар Padlet арқылы пікір алмасып, бірлескен жобалар әзірлей алады.

**Quizlet:** Әдеби терминдерді есте сақтау және оларды шығармашылық тұрғыда қолдану үшін өте қолайлы құрал. Мысалы, "эпикалық шығармалардың композициялық ерекшеліктері" тақырыбында терминдер жинағын құрып, оқушылардың білімін тексеруге болады.

Ендігі кезекте, осы зерттеу нәтижелеріне сәйкес эпикалық шығармаларды оқыту үдерісін жетілдіру мақсатында бірнеше бағытта ұсыныстар жасалды. Олар оқыту тәжірибесінде цифрлық құралдардың әлеуетін арттыруға бағытталған және заманауи әдістемелерді енгізуге мүмкіндік береді.

Біріншісі, мұғалімдерге цифрлық құралдарды меңгеруге арналған тренингтер ұйымдастыру. Себебі, цифрлық құралдарды тиімді қолдану үшін мұғалімдерге арналған арнайы тренингтер ұйымдастыру қажеттілігі айқындалды. Бұл тренингтер барысында мұғалімдер цифрлық платформалардың мүмкіндіктерімен танысып, оларды сабақта қолданудың озық тәсілдерін игере алады. Бұл бойынша шет елдік зерттеуде ТРАСК моделі мұғалімдерге мазмұндық, педагогикалық және технологиялық білімді интеграциялау арқылы цифрлық құралдарды тиімді қолдану жолдарын ұсынады. Бұл модель цифрлық құралдарды сабақта қолдану барысында мазмұн мен педагогикалық әдістердің үйлесімділігін қамтамасыз етуге негізделген [11]. Ал, Сербия ғалымы зерттеуі мұғалімдердің заманауи технологияларды қолдану тәжірибесін дамыту арқылы оқушылардың танымдық және шығармашылық әлеуетін арттыруға болатынын көрсетті. Мұндай тренингтер мұғалімдерге цифрлық құралдарды оқыту үдерісін жаңғырту үшін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді [8].

Екіншісі, әдістемелік нұсқаулықтар мен интернет ресурстарын көбейту. Себебі мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау үшін әдістемелік нұсқаулықтар мен интернет ресурстарын кеңейту маңызды. Бұл ресурстар оқытудың тиімділігін арттырып қана қоймай, цифрлық құралдарды қолдану бойынша тәжірибе алмасу алаңын ұсынады. Американдық зерттеуде әдеби шолудың жаңа ғылыми тұжырымдарды жасауға ықпал ететінін көрсетеді. Бұл зерттеу әдістемелік нұсқаулықтар мен ресурстарды мұғалімдерге қолжетімді ету арқылы цифрлық құралдарды тиімді қолдануды қамтамасыз етуді ұсынады [4]. Сонымен қатар бұл зерттеуде интернет ресурстарын пайдаланудың тиімді әдістерін сипаттап, мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдарды әзірлеу қажеттілігін атап көрсетеді. Бұл тәсіл оқытудың заманауи әдістерін игеруде мұғалімдерге үлкен қолдау болады.

Үшіншісі, цифрлық платформаларды интерактивті оқыту үдерісіне бейімдеу оқушылардың оқу материалын игеруін жеңілдетіп, сабақтың қызықты өтуіне ықпал етеді. Мұғалімдерге интерактивті құралдарды сабақтарда қолдануға мүмкіндік беретін платформаларды дамыту ұсынылады. Атап өтілген, Kahoot платформасы арқылы интерактивті викториналар өткізу оқушылардың оқу материалын терең түсінуіне көмектеседі. Ал Padlet арқылы топтық жұмыстар ұйымдастыру шығармашылық ойлау мен өзара ынтымақтастықты нығайтады. Тағы бір зерттеу цифрлық құралдарды қолдану оқушылардың танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға оң әсер ететінін анықтады.

Төртіншісі, цифрлық сауаттылықты дамыту қажеттілігі. Себебі, цифрлық сауаттылықты арттыру білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Мұғалімдер мен оқушылардың жаңа технологияларды меңгеруі олардың оқуға деген ынтасын арттырып, оқу материалын игеру тиімділігін жақсартады. Платформалардың тиімділігін атап өткенде оқушылардың цифрлық құралдарды меңгеру арқылы өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға болатынын көрсетті. Мұндай тәжірибе болашақта оқушылардың түрлі мамандықтарда табысты болуына ықпал етеді. Жалпы, ұсынылған шаралар цифрлық құралдарды тиімді пайдалану арқылы оқыту үдерісін жаңғыртып, оқушылардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл ұсыныстардың жүзеге асырылуы білім беру сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады.

#### Қорытынды

Бұл зерттеу жұмысы шағын көлемді эпикалық шығармаларды оқытуда цифрлық құралдарды қолданудың маңыздылығын айқындап, олардың білім беру сапасын арттырудағы әлеуетін көрсетті. Эпикалық шығармаларды оқыту барысында цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың танымдық белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілеттерін және ұлттық құндылықтарды терең түсінуін дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері цифрлық құралдардың дәстүрлі әдістерге қарағанда бірқатар артықшылықтарын көрсетті. Атап айтқанда, интерактивті платформалар, мысалы, Kahoot, Padlet, және Quizlet, оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етіп,

материалды тез әрі тиімді меңгеруге көмектесті. Әсіресе, интерактивті викториналар мен визуализация құралдары оқушыларға күрделі эпикалық мәтіндердің мазмұнын түсінуін жеңілдетіп, олардың оқу процесіне деген ынтасын арттырды. Сонымен қатар бұл платформалар топтық жұмысқа ынталандырып, оқушылардың қарым-қатынас жасау дағдыларын нығайтты. Эпикалық шығармалардың ұлттық құндылықтарды үйретудегі маңызы ерекше атап өтілді. Бұл шығармаларды оқыту арқылы оқушылар ұлттық тарих пен мәдениеттің бай мұрасын түсінуге мүмкіндік алады. «Абай жолы» романының мысалында оқушылар ұлттық құндылықтарды, тарихи және әлеуметтік контекстерді тереңірек түсіне алатыны анықталды. Эпикалық кейіпкерлердің өмірлік таңдаулары мен қасиеттері оқушыларды жауапкершілік, адалдық, әділдік сияқты құндылықтарды бағалауға үйретеді. Дегенмен зерттеу барысында кейбір шектеулер анықталды. Мұғалімдердің цифрлық құралдарды қолдану дағдыларының жеткіліксіздігі және техникалық ресурстардың жетіспеушілігі оқу процесін оңтайландыруға кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан мұғалімдерге арнайы тренингтер ұйымдастыру, әдістемелік нұсқаулықтар мен интернет ресурстарды көбейту маңызды ұсыныстар ретінде қарастырылды. Қорыта келгенде, цифрлық құралдарды қолдану шағын көлемді эпикалық шығармаларды оқытуда инновациялық тәсілдер ұсынады және оқыту процесін тиімдірек етеді. Бұл тәсілдер оқушылардың материалды игеруін жеңілдетіп қана қоймай, олардың ұлттық құндылықтарды түсінуіне ықпал етіп, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Мұғалімдердің цифрлық технологияларды тиімді пайдалануына бағытталған қолдау шараларын енгізу бұл процесті одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері мен ұсыныстар білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолданудың әлеуетін толыққанды жүзеге асыруға негіз болады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Таласпаева Ж.С. и др. Сөз этикетінің тілдік қатынастағы қызметі //Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – 2022. – №. 2. – С. 35-42.
2. Купчинская М.А., Юдалевич Н. В. Клиповое мышление как феномен современного общества //Бизнес-образование в экономике знаний. – 2019. – №. 3 (14). – С. 66-71.

3. Молдабаева А. Б. и др. Шағын көлемді экалық шығармалардың жаңартылған білім мазмұны шеңберінде жалпы білім беретін мектеп бағдарламасында оқылу деңгейі (5 сынып «Қазақ әдебиеті» оқулығы негізінде) //Евразийский Союз Ученых. – 2020. – №. 2-1 (71). – С. 38-41.
4. Snyder H. Literature review as a research methodology: An overview and guidelines //Journal of business research. – 2019. – Т. 104. – С. 333-339.
5. Okoli C. A guide to conducting a standalone systematic literature review //Communications of the Association for Information Systems. – 2015. – Т. 37.
6. Mishra P., Koehler M. J. Technological pedagogical content knowledge: A framework for teacher knowledge //Teachers college record. – 2006. – Т. 108. – №. 6. – С. 1017-1054.
7. Louis C., Keith M., Lawrence M. Research methods in education 5th edition. – New York, 2000.
8. Laketa S. Effects of the contemporary interpretation of epic poems on the attitudes of students towards computer mind maps //Open Access J Sci. – 2018. – Т. 2. – №. 3. – С. 169-172.
9. Kozykanovna M. M. Teaching M. Auezov's Epic Novel" The Way of Abai" at School //Cultural and Historical Heritage: Preservation, Presentation, Digitalization (KIN Journal). – 2023. – Т. 9. – №. 1. – С. 24-36.
10. Shutiy M.V. methodical aspects of the teaching of an epic work //Актуальні проблеми розвитку педагогічної освіти: інновації, виклики. – 2024. – С. 134.
11. Mishra P., Koehler M. J. Technological pedagogical content knowledge: A framework for teacher knowledge //Teachers college record. – 2006. – Т. 108. – №. 6. – С. 1017-1054.

*Динара БЕКТЕМІР,*

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
магистранты, Алматы қ., Қазақстан*

## **МЕКТЕПТЕ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МЫСАЛ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ**

*Аңдатпа:* А. Байтұрсынұлының мысал өлеңдерін мектепте оқыту барысында оқушыларға халықтық тәрбие мен моральдық құндылықтарды жеткізудің тиімді жолдарын көрсету керек. Өлеңдер арқылы адамгершілік, әділдік, еңбек сүйгіштік сияқты маңызды тақырыптарды түсіндіре отырып, әдебиеттің тәрбиелік мәнін ашуға болады. Сабақта мысал өлеңдердің құрылымы мен мағынасын талқылап, оқушыларды сыни ойлауға баулып, шығармашылық тапсырмалар беруге болады. Бұл өлеңдер балалардың қазақ тілін меңгеруіне, әдебиетке қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ұлы ағартушысы, әдебиеттанушы, және лингвист. Оның мысал өлеңдері қазақ әдебиетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл шығармалар балалардың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуде, олардың ойлау қабілеттерін дамытуда ерекше рөл атқарады. Сондықтан мектеп бағдарламасында А. Байтұрсынұлының мысал өлеңдерін оқыту маңызды Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдері арқылы қоғамдық мәселелер сараланады, оқушылар өмірдің маңызды қақираттарын үйренеді. Мысалдарының мағынасы тікелей немесе ауыстырмалы түрде беріледі. Оның кейіпкерлері мен оқиғалары арқылы сабақтық функциясын орындайды. Мысалы, «Өгіз бен бақа» мысалында Байтұрсынұлы бақаның өзінен үлкен өгіздей болуға тырысып, ақырында жарылып кетуі арқылы адам бойындағы шамадан тыс көрсеқызарлық пен мақтаншақтықтың зиянын көрсетеді:

Дүниеде мұнан күншіл кем-ді Бақа,  
Зорланды қарнын керіп енді Бақа.  
Шыдамай жұқа қарын керуіне,  
Жарылып сол арада өлді Бақа.

Бұл жолдар оқушыларды қарапайымдылық пен өз мүмкіндігін бағалауға үйретеді. Мысал өлеңдері оқушыларға моральдық құндылықтарды жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, «Қайырымды түлкі», «Есек пен бұлбұл» сияқты өлеңдерде оқушылар адамгершілік, адалдық сияқты қасиеттерді түсіне бастайды. Бұл шығармалар адам бойындағы жауапкершілік, әділеттілік, төзімділік секілді асыл қасиеттерді тәрбиелеуге негіз болады:

Достарым! Осындай бір іс етелік,  
Жастарды жетім қалған кісі етелік.  
Ізгілер орманда да бар екенін  
Осындай сауап іспен көрсетелік!»

Мысал өлеңдері адам жүріс-тұрысына тікелей қатысты, сондықтан бұл шығармалар тарих, этика, мәдениеттану сияқты пәндермен тығыз байланыста. Бұл пәндердің қорытынды синергиясын қалыптастыруға ықпал етеді. Ахмет Байтұрсынұлының мысалдары арқылы оқушылардың тіл байлығы дамиды. Тілдік стиль, бейнелі ойлау, риторикалық тәсілдерді меңгеру секілді

дағдыларды қалыптастырады. Бұл оқушылардың жазу, сөйлеу, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіреді. Байтұрсынұлының шығармалары арқылы оқушылар ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларды терең түсіне бастайды. Қазақ халқының тарихы мен дәстүрлерін меңгеріп, ұлттық сана қалыптасуына ықпал етеді.

Ахмет Байтұрсынұлының мысалдары негізінен қазақтың ұлттық болмысын көрсететін, моральдық құндылықтарды насихаттайтын шығармалар. Олардың негізгі ерекшеліктері:

Қысқа әрі нұсқа мазмұн – оқушылардың қызығушылығын арттырады. Әрбір мысалда оқиға желісі мен кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас қысқа, бірақ терең мәнге ие.

Моральдық тұжырым – мысалдар оқушыларды жақсылық пен жамандықты ажыратуға үйретеді. Әр шығарманың соңында нақты қорытынды беріледі.

Әмбебап тақырыптар – мысалдар әділдік, адалдық, еңбекқорлық, және адамгершілік сынды қасиеттерді насихаттайды. Бұл тақырыптар әр дәуірде өзектілігін жоғалтпайды.

Ахмет Байтұрсынұлының мысалдарының тағы бір ерекшелігі – олардың ұлттық нақышы. Ол шетелдік мысалдарды қазақ қоғамының өмір сүру салтына, дүниетанымына сәйкестендіріп аударған. Бұл әдіс балаларға жақын әрі түсінікті жағдайларды баяндай отырып, тәрбиелік ықпалын күшейтеді. Мысалы, "Өгіз бен бақа" мысалында бақаның өгіздің үлкендігін қызғанып, өз денесін шамадан тыс үрлеуі арқылы өзіне зиян келтіретіні айтылады. Бұл шығармадан оқушылар шамадан тыс мақтаншақтық пен қызғаныштың зиянын түсінеді. Ал «Қасқыр мен қозы» мысалында күшті мен әлсіздің арасындағы әділетсіздік көрініс табады. Мұндай мысалдар балаларды әділдікке, ақылдылыққа және өз-өзін қорғауға үйретеді:

Орманға Қасқыр кетті Қозыны алып,  
Белгілі етер ісі алып барып.

Осындай жазықсызды жазғыратын  
Әр жерде күштілерде бар ғой қалып.  
Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,  
Ойлаймын, оны мақтар шықпас кісі.  
Нашарды талай адам талап жеп жүр,  
Бөріден артық дейміз оның несі?!



Мектепте А.Байтұрсынұлының мысалдарын оқытуда келесі әдістерді қолдануға болады:

Талдау және мазмұндау әдісі

Мысал өлеңнің сюжетін талдау арқылы оқушылар оның негізгі идеяларын түсінеді.

Әр кейіпкердің әрекетіне баға беру арқылы моральдық қорытынды жасалады.

Мысалы, "Қайырымды түлкі" мысалын оқығанда, түлкінің андарға деген қамқорлығын талдау арқылы балалар қайырымдылықтың маңыздылығын ұғынады.

Интерактивті оқыту әдістері

Дебаттар: мысалдағы кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талқылау үшін дебат ұйымдастыру.

Рөлдік ойындар: оқушыларға кейіпкерлердің рөлдерін ойнау арқылы олардың эмоциясын түсінуге мүмкіндік беру.

Шығармашылық тапсырмалар

Оқушыларға мысал негізінде өз әңгімелерін немесе өлеңдерін жазу тапсырылады.

Сурет салу: мысалдағы оқиғаларды бейнелейтін суреттер жасау.

Мысалы, "Арыстан, киік және түлкі" мысалын оқығаннан кейін оқушылар арыстанның әділдігі мен түлкінің айлакерлігін бейнелейтін суреттер салуы мүмкін.

Құндылықтар арқылы оқыту

Мысалдардың мазмұнын қазіргі заманмен байланыстыра отырып, өмірлік құндылықтарды түсіндіру.

Адамгершілік тақырыптарына эссе жаздыру.

Технологияларды пайдалану

Мысалдарды мультимедиалық құралдар арқылы таныстыру.

Электрондық ресурстардан мысалдарға байланысты викториналар өткізу.

Сабақ жоспарын құру. А. Байтұрсынұлының мысал өлеңдерін оқыту үшін мұғалімдерге нақты жоспар құру маңызды. Сабақтың құрылымы келесідей болуы мүмкін:

Кіріспе

Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша ақпарат.

Сабактың мақсатын түсіндіру.

Негізгі бөлім

Мысалды оқу және түсіндіру.

Кейіпкерлер мен оқиғаларды талдау.

Қорытынды моралды талқылау.

Қорытынды

Оқушылардың пікірлерін тыңдау.

Тақырып бойынша шығармашылық тапсырмалар беру.

Ахмет Байтұрсынұлының мысал өлеңдері – қазақ әдебиетінің қазынасы ғана емес, жас ұрпақты тәрбиелеудің құралы. Мектепте бұл шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың моральдық қасиеттерін дамытуға болады. Жоғарыда аталған әдістер мен тәсілдер мұғалімдерге осы бағытта тиімді жұмыс істеуге көмектеседі. А. Байтұрсынұлының мысал өлеңдерін оқу бағдарламасына енгізу болашақ ұрпақтардың рухани жаңғыруына өзекті. Ол арнайы тәрбиелік құрал ретінде оқушылардың дүниетанымын байытуға және қоғамдық құндылықтарға үйретуге қызмет етеді. Бұл қадам қазіргі заманның білім беру мақсаттарымен үйлесім табады және ұлттық мәдениеттің дамуына үлес қосады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А. Шығармалары – Сочинения. Он екі том. Қырық мысал. Қазақ және орыс тілдерінде /Ахмет Байтұрсынұлы. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022.

2. Байтұрсынұлы А. Шығармалар жинағы. – Алматы: 1989.

3. Шанбаев Т. Мысал жанрының стилі мен тілі. «А. Байтұрсынұлы. Қырық мысал» Алматы, 1994

4. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015.

**Қ. ЕРКИНОВА,**  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*  
*«Қазақ филологиясы» мамандығының*  
*2-курс магистранты,*  
*Алматы қ., Қазақстан,*  
*kurali\_erkin\_2002@mail.ru*

## **ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ МӘНІ**

*Аңдатпа:* Мақалада қазақ тіліндегі туыстық атаулардың қоғамдық мәні мен олардың әлеуметтік рөлі қарастырылады. Туыстық атаулар отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастарды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәртебе мен моральдық құндылықтарды да айқындайды. Әр атау қоғамдағы сыйластық пен жауапкершілікті бейнелейді. Мақалада туыстық атаулардың әлеуметтік және мәдени мәні, дәстүрлердегі рөлі және қазіргі қоғамдағы өзгерістері талданады. Туыстық атауларды зерттеу қазақ тілінің құрылымын және ұлттық мәдениетті сақтауға көмектеседі.

Туыстық атаулар – тілдің ғана емес, халықтың әлеуметтік құрылымы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі. Әрбір халықтың туыстық жүйесі оның тарихи, этнографиялық және әлеуметтік-мәдени болмысын көрсетеді. Қазақ халқында туыстық атаулардың ерекше орны бар, себебі олар ұлттың дәстүрлі құндылықтарын, рухани дүниетанымын және қоғамдағы қарым-қатынас нормаларын қалыптастырып қана қоймай, сақтап келеді. Бұл мақалада қазақ тіліндегі туыстық атаулардың қоғамдық және мәдени маңыздылығы талданады, олардың әлеуметтік рөлі мен функционалдық ерекшеліктері қарастырылады.

Қазақ тіліндегі туыстық атаулар тек адамдар арасындағы жақындықты білдіріп қана қоймай, олардың әлеуметтік рөлдерін, қоғамдағы мәртебесін, этикалық міндеттерін айқындайды. Әрбір туыстық атау қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымындағы терең өзгермейтін заңдылықтарды бейнелейді. Мысалы, «әке» мен «ана» атаулары тек отбасының тірегі болумен қатар, балалар үшін өнеге мен жауапкершіліктің үлгісі болып табылады. Әке мен ана арасында туындайтын жауапкершілік пен міндеттер екі тараптың әлеуметтік статусын анықтап, қоғамдағы адамгершілік идеалдарды белгілейді.

«Аға» мен «әпке» сияқты атаулардың қолданылуы қазақ қоғамындағы үлкенге деген құрметтің айқын көрінісі болып табылады. Қазақ халқының дәстүрінде «аға» мен «әпке» – тек туыстық емес, әлеуметтік рөлді де көрсететін ерекше белгілер болып саналады. Аға өзінің інілеріне, әпке өз қарындастарына тәрбие мен ақыл айтар тұлға ретінде қарастырылады. Аға мен әпкенің рөлі көп жағдайда отбасындағы әл-ауқатты ұстап тұру мен бала тәрбиесіне үлкен әсерін тигізеді. Бұл атаулар балаларға тек туыстық байланыс қана емес, сондай-ақ өмірлік тәжірибеден алатын үлгілерді де береді.

Қазақ халқы үшін туыстық атаулар арқылы отбасы мүшелері арасында ғана емес, сонымен қатар сыртқы ортадағы адамдармен де қарым-қатынас қалыптасады. Әсіресе үлкендерге деген құрметтің көрінісі ретінде «аға», «әпке», «нағашы» секілді атаулар белгілі бір әлеуметтік топтар арасында сыйластық пен әдебі жоғары қатынастарды нығайтады. Мысалы, «нағашы» мен «жиен» арасындағы қатынас тек қана туыстық байланыс емес, халықтың дәстүрлі мәдениетінде ерекше орын алады. Нағашы мен жиен арасындағы қарым-қатынас үлкенді сыйлау мен балаға қамқорлық көрсету арқылы ұлттық тәрбиенің ұрпақтан-ұрпаққа берілуіне ықпал етеді.

Қазақ қоғамындағы туыстық атаулар адамның өмірдегі орнын, әлеуметтік мәртебесін де айқындайды. Мысалы, «құда» мен «құдағи» атаулары екі отбасының әлеуметтік байланысын білдіріп қана қоймай, олардың арасындағы бейресми келісімдер мен қарым-қатынастарды да реттейді. Туыстық атаулар қоғамдағы бейресми әлеуметтік нормаларды сақтауға ықпал етеді. Құдалық, жақын туыстар арасындағы сыйластық, кешірімшіл болу секілді әдет-ғұрыптар туыстық атаулар арқылы мұра болып қалатын құндылықтар болып табылады. Туыстық атаулардың дұрыс қолданылуы қоғамдағы әлеуметтік гармония мен өзара түсіністікті нығайтады.

Әр атаудың әлеуметтік мәні, оның қызметі мен әсері қоғамның өзекті мәселелеріне, тұрмыс-салтқа, әдет-ғұрыпқа, ұлттық тәрбиенің негіздеріне байланысты өзгеріп отырады. Бұл атаулар тек туыстық байланыс қана емес, сондай-ақ моральдық-этикалық ұстанымдарды көрсететін тілдік құралдар болып табылады. Туыстық атаулардың мағынасына сәйкес адамның қоғам-

дағы әлеуметтік жауапкершіліктері мен міндеттері де айқындалады. Сондықтан да, туыстық атаулардың қолданылуы әлеуметтік құрылымды реттеуші, адамзаттық құндылықтарды сақтау жолындағы маңызды механизм ретінде қарастырылады.

Қазақ мәдениетінде туыстық атаулар ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын рухани сабақтастықтың көрінісі. Әсіресе, жеті ата ұғымы туыстық байланыстарды сақтап, рулар арасындағы қарым-қатынасты реттеуде маңызды рөл атқарған. Бұл жүйе қазақ қоғамының бірлігін сақтап, ішкі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етті. Жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі биологиялық тұрғыдан да, рухани-мәдени тұрғыдан да қоғамның ұйысуына ықпал етті.

Сонымен қатар, туыстық атаулар белгілі бір мәдени нормалар мен әдет-ғұрыптарды сақтауға көмектеседі. Мысалы, «нағашы» мен «жиен» арасындағы қарым-қатынас ерекше. Жиендерге деген ерекше құрмет пен олардың еркелігін көтеру дәстүрі нағашы жұртының қадір-қасиетін арттырады. Бұған қоса, «құда» ұғымы тек екі отбасының емес, екі әулеттің жақындасуының символы болып табылады. Мұндай жүйе қазақ қоғамының бір-бірімен тығыз байланысқан әлеуметтік құрылымын бейнелейді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде туыстық атаулардың қолданысы біршама өзгеріске ұшырағаны байқалады. Урбанизацияның әсерінен кейбір отбасыларда туыстық қарым-қатынастардың әлсіреуі және кейбір атаулардың қолданыстан шығып қалуы орын алуда. Дегенмен, қазақ халқының дәстүрін сақтап қалған ауылдық өңірлерде және дәстүрді қастерлейтін отбасыларда бұл атаулар әлі де кеңінен қолданылады. Жастар арасында ұлттық сананы нығайту бағытындағы шаралардың арқасында туыстық атауларға деген қызығушылық қайта жанданып келеді.

Қазақ тіліндегі туыстық атаулар – ұлттық мәдениеттің, дүниетанымның және әлеуметтік құрылымның көрінісі. Олар адамның қоғамдағы орнын, міндеті мен рөлін анықтап қана қоймай, ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастықты сақтауда үлкен рөл атқарады. Заманауи өзгерістерге қарамастан, туыстық атаулардың маңызы жойылған жоқ. Керісінше, олардың тарихи және мәдени мәнін зерттеу – ұлттық мұраның құндылығын арттырудың маңызды қадамы. Қазақ халқының рухани байлығын

айшықтайтын бұл атаулар тек тілдік құбылыс емес, қоғамның тұтастығын сақтайтын мәдени код ретінде өзекті болып қала береді.

Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың қоғамдық мәні мен әлеуметтік функциялары айқын түрде көрсетіп отырғандай, олар тек тілдің бөлшегі емес, қоғамның құрылымын, мәдениетін, этикалық нормаларын да айқындайтын құндылықтар жүйесі болып табылады. Туыстық атаулар қазақ халқының дүниетанымын, рухани мұрасын сақтап, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың орындалуын қамтамасыз етеді. Өрбір туыстық атау – сол қоғамның адамгершілік негіздеріне, тәрбие мен этикаға қатысты терең белгілер мен құндылықтарды бойына сіңірген тілдік бірлік болып табылады.

Қазақ тіліндегі туыстық атаулар тек қана отбасы ішіндегі қатынастарды реттеуге қызмет етпейді, олар әлеуметтік деңгейде де адамдар арасындағы қарым-қатынастың барлық түрлерін анықтап, қоғамдық тәртіпті нығайтады. Мысалы, «құда», «құдағи», «жаңа туыстар» деген сөздер арқылы екі түрлі әулет арасындағы, әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы өзара байланыс орнатылып, этникалық бірліктің бекітілуіне ықпал етеді. Туыстық атаулардың мәнін түсіну арқылы біз қазақ қоғамының салт-дәстүрлеріне деген құрметті жоғалтпау қажеттілігін және оларды болашақ ұрпақтарға жеткізу миссиясын толыққанды түсіне аламыз.

Жаңа заманның талаптарына сай туыстық атаулардың қолданысы өзгеріп бара жатқаны шындық болса да, олар ұлттық руханиятымыздың ажырамас бөлігі болып қала береді. Заманауи қоғамда отбасылық құрылымның өзгеруі мен әлеуметтік байланыстардың әлсіреуі, жаһандандудың әсері туыстық атаулардың кейбір түрлерінің қолданылуын азайтқанымен, бұл атаулардың түпкі маңыздылығы мен олардың мәдениетті сақтау функциясы өзгеріссіз қалуда. Осы тұрғыда, туыстық атаулардың мәні мен мағынасын терең түсіну, оны зерттеу ұлттық мәдениетімізді қорғау мен дамыту бағытында маңызды қадам болар еді.

Қазіргі зерттеулер мен әдебиеттер қазақ тіліндегі туыстық атаулардың тарихи және мәдени маңызын анықтауда өзекті мәселе болып қала береді. Бұл атауларды зерттеу арқылы қазақ тілінің лексикалық құрамын тереңірек түсінуге, ұлттық идентив-

тілікті сақтауға және қоғамның әлеуметтік құрылымын анықтауға мүмкіндік береді. Демек, туыстық атаулардың қоғамдық мәнін зерттеу – тек тілдік немесе мәдени мәселе ғана емес, ұлттың рухани болмысын, тарихи өткенін және әлеуметтік болашағын түсіну жолындағы маңызды зерттеу бағыты болып табылады.

**Әдебиеттер:**

1. Әуезов М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 152 б.
2. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдаулар. – Алматы: Санат, 2005. – 280б.
3. Қайдар Ә. Қазақ тілінің этнолингвистикалық негіздері. – Алматы: Ғылым, 1985. – 220 б.
4. Нұржанов А. Жеті ата дәстүрі: тарихи және мәдени негіздері. – Астана: Фолиант, 2010. – 135 б.
5. Хасанов Ғ. Қазақ туыстық жүйесінің лингвистикалық ерекшеліктері. – Алматы: Мектеп, 1993. – 95 б.
6. Жұбанова Б. Туыстық атаулар мен олардың мәдени сипаты. – Алматы: Өнер, 2012. – 160 б.
7. Байболова М. Қазақ тіліндегі туыстық қатынастар мен олардың көрінісі. – Шымкент: Айғаным, 2015. – 160 б.
8. Маханова Қ. Әлеуметтік және этнографиялық тұрғыдан қазақ қоғамының туыстық жүйесі. – Алматы: Ана тілі, 2001. – 210 б.

*Айдана БЕЙСЕН,  
магистрант 2-курса  
КазНУ имени аль-Фараби*

## **ЭВОЛЮЦИЯ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ В ПЕРИОД НЕЗАВИСИМОСТИ**

*Аннотация.* Статья посвящена исследованию эволюции художественных особенностей казахской поэзии в период независимости. Автор анализирует ключевые тематические и стилевые трансформации, произошедшие в поэзии Казахстана после обретения суверенитета. Внимание уделяется влиянию социальных, культурных и политических изменений на поэтические тексты, а также на формирование новых жанровых и образных решений. Особое место занимает рассмотрение идей национальной идентичности, духовного возрождения и диалога с традицией в творчестве современных казахских поэтов. Статья

подчеркивает значимость этих процессов для развития казахской литературы и ее интеграции в глобальное литературное пространство.

*Ключевые слова:* казахская поэзия, независимость Казахстана, художественные особенности, национальная идентичность, жанровая эволюция, духовное возрождение, литературные традиции.

Казахская поэзия периода независимости, начавшегося с 1991 года, представляет собой сложный и многогранный феномен, в котором переплетаются традиции и современность, национальное и глобальное. Этот этап развития литературы Казахстана стал временем осмысления свободы, национальной идентичности и новых духовных ориентиров. Поэзия, как наиболее чувствительная к изменениям жанровая форма, вобрала в себя все эти перемены, что выразилось в разнообразии тем, языковых экспериментах и художественных приёмах.

Исторические события, связанные с обретением независимости, оказали значительное влияние на творчество казахских поэтов. Освобождение от идеологических рамок советского периода позволило писателям переосмыслить историческое наследие и заново обратиться к истокам. В произведениях этого времени нередко можно встретить обращение к героям прошлого, таким как Абылай-хан, Кенесары, а также описание ключевых событий национальной истории, которые воспринимаются как символы борьбы за свободу и суверенитет.

На фоне этих изменений в поэзии укрепляется идея восстановления связи между поколениями, сохранения культурного наследия и возрождения языка. Эта тематика становится основой как для эпических произведений, так и для лирики, в которых личное переплетается с национальным.

В эпоху независимости казахская поэзия обогатилась новыми темами, отражающими вызовы современности. Одна из центральных тем — национальная идентичность в условиях глобализации. Поэты задаются вопросами: как сохранить уникальность казахской культуры в мире, где усиливаются процессы культурной унификации? Ответы на этот вопрос выражаются в форме поэтических размышлений о значении традиций, фольклора и исторической памяти.



Не менее важной темой становится духовный поиск, осознание своего места в новом мире. Эта тенденция особенно проявляется в лирике, которая акцентирует внимание на экзистенциальных вопросах: жизнь и смерть, свобода и ответственность, человек и природа. В произведениях многих современных авторов ощущается стремление к гармонии — как внутренней, так и внешней.

Кроме того, в произведениях поэтов независимого Казахстана активно звучат мотивы урбанизации, современных социальных проблем и изменений в обществе. Этот аспект делает казахскую поэзию более универсальной, понятной широкому кругу читателей.

Существенным достижением периода независимости стало возрождение казахского языка. Поэты обращаются к богатству национальной лексики, используют традиционные формы и жанры. Например, айтыс, терме и жыр находят своё отражение в современной поэзии, переосмысленной в контексте актуальных тем.

Важным художественным приёмом становится использование фольклорных элементов. Аллегии, символы и метафоры, заимствованные из устного народного творчества, придают произведениям уникальный национальный колорит. Это не только подчёркивает связь с прошлым, но и помогает актуализировать традиции для нового поколения.

Казахская поэзия независимости отличается стремлением к эксперименту. Авторы разрушают классические жанровые рамки, создавая новые формы, где свободный стих и ассоциативная ритмика играют ключевую роль. Отказ от строгой рифмы и регулярного размера открывает возможности для более глубокого выражения эмоций и идей.

Эти эксперименты также затрагивают интертекстуальность. Многие современные казахские поэты активно обращаются к мировой литературе, включая в свои произведения отсылки к западным и восточным авторам. Такой подход позволяет обогатить национальную поэзию универсальными мотивами и темами, делая её частью мирового культурного процесса.

Глобализация, охватившая мир в конце XX – начале XXI века, привела к новым вызовам и возможностям для казахской

литературы. С одной стороны, усилилось влияние западной культуры, что привело к заимствованию некоторых литературных форм и подходов. С другой стороны, возрос интерес к сохранению национальной идентичности. Этот дуализм стал движущей силой для многих поэтов, стремящихся объединить казахскую традицию с элементами глобальной культуры.

В произведениях современных авторов можно увидеть отражение этого синтеза. Например, использование метафор, характерных для фольклора, сочетается с философскими размышлениями, характерными для европейской поэзии. Таким образом, казахская поэзия становится платформой для диалога между культурами.

Среди поэтов, творчество которых наиболее ярко отражает художественные особенности периода независимости, выделяются Олжас Сулейменов, Улугбек Есдаulet, Ауезхан Кодар и Жанат Аскербек. Их произведения отличаются богатством образов, глубиной мысли и смелостью художественных решений. Например, Олжас Сулейменов, сохраняя верность национальной традиции, экспериментирует с формой и языком, создавая произведения, которые обретают международное признание.

Жанат Аскербек, представитель молодого поколения, в своих стихах обращается к проблемам современной молодёжи, совмещая традиционные образы с новаторским взглядом. Его творчество – пример того, как молодое поколение казахских поэтов воспринимает и интерпретирует вызовы времени.

Казахская поэзия периода независимости отражает глубокие изменения, происходящие в обществе и культуре. Её эволюция свидетельствует о способности адаптироваться к вызовам времени, сохраняя при этом национальную идентичность. Художественные особенности современной поэзии – это синтез традиционного и современного, национального и универсального. Этот период стал временем смелых экспериментов, возрождения языка и фольклора, а также осознания новой роли литературы в глобализированном мире.

Казахская поэзия не только сохраняет своё место в национальной культуре, но и активно выходит на международную арену, становясь частью мирового литературного процесса. Её уникальность заключается в способности выражать универсаль-

ные идеи через призму национальной самобытности, что делает её значимым явлением в современной литературе.

**Литературы:**

1. Есдаулет У. Поэзия степей. – Алматы: Атамұра, 2005.
2. Кодар А. Казахская мысль: пути и перспективы. – Алматы: Дауыр, 2003.
3. Ахметов З. К. История казахской литературы. — Алматы: Мектеп, 1998.
4. Тынышпаев М. Этюды по истории казахского народа. – Алматы: Санат,

1993.

*Алишер Муратбаев,  
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
2-курс магистранты*

## **ОРТА МЕКТЕПТЕ ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН 4К МОДЕЛІ НЕГІЗІНДЕ ОҚИТУ**

*Абстракт.* Мақалада орта мектептің қазақ әдебиеті пәнінде Ілияс Жансүгіров шығармашылығын оқытудың өзекті мәселелері қарастырылады. Соның ішінде, І.Жансүгіров шығармашылығын оқыту арқылы қазіргі таңда білім беру жүйесінің трендіне айналған 4К моделін оқушылардың бойында дамытудың түрлі жолдары ғылыми-әдістемелік жағынан талданады. Осы уақытқа дейін қазақ әдебиеттануы мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде Ілияс Жансүгіров шығармаларының көркемдік құндылығы, тілі, ерекшеліктері, оларды орта мектепте оқыту мәселелері жайлы жазылғанымен, жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқыту мәселесі көп зерттеле қоймады. Қазіргі таңда оқушылардың сыни ойлау, кеңістікте ойлау, креативті ойлау сияқты дағдыларын дамыту жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі міндеттерінің бірі болып отыр. Бұл мәселе еліміздің педагог-ғалымдарын ғана емес, күллі әлем назарын аударды. Өйткені әлемдік деңгейдегі білім беру парадигмаларының білім беру жүйесіне қойып отырған талабы жеңіл емес. Пәнаралық байланысты қамтамасыз ету, кіріктірілген сабақтардың мазмұнын жетілдіру – еліміздегі ХХІ ғасыр педагогтерінің алдына қойылған негізгі мақсаттардың бірі. Әсіресе, І. Жансүгіров шығармашылығын оқыту жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асыруда өте тиімді. Себебі, ақын шығармашылығында троп түрлері көптеп кездеседі. Соларды меңгерту арқылы оқытудың түрлі технологиялары мен инновациялық тәсілдерін, заманауи жолдарын қарастыруға мүмкіндік бар. Осылайша, 4К моделі арқылы оқушылардың тек рухани дүние-

сін ғана емес, танымдық, логикалық қырларын ашып, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру мәселесі де қарастырылады.

*Түйін сөздер:* қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, I. Жансүгіров шығармашылығын оқыту, сыни ойлау, 4К моделі

*Abstract:* The article discusses topical issues of teaching Ilyas Zhansugurov's work in the Kazakh literature of secondary school. In particular, various ways of developing students' critical thinking skills through the teaching of I. Zhansugurov's work are analyzed scientifically and methodically. Until now, in the methods of teaching Kazakh literary and Kazakh literature, the artistic value of Ilyas Zhansugurov's works, language, features, problems of their teaching in high school, but the issue of teaching within the framework of the updated content of Education has not been studied much. Currently, the development of students' skills such as critical thinking, spatial thinking, and creative thinking is one of the main tasks of the updated content of Education. This is because there are many types of tropes in the poet's work. By mastering them, there is an opportunity to consider various technologies and innovative approaches, modern ways of learning. In this way, the problem of improving the functional literacy of schoolchildren in the methods of teaching Kazakh literature is also considered, revealing not only the spiritual world of students, but also cognitive, logical aspects.

*Keywords:* methods of teaching Kazakh literature, teaching I. Zhansugurov's work, critical thinking, 4C model

Әдебиет – руханияттың қазығы, адам жансарайының бағбаны. Сол үшін де оны оқыту күрделі. Сөз маржандарының бірлескен тұтас туындылары арқылы заман бейнесі мен халық сипаты, табиғат көрінісі мен оқиғалар сюжеті – бәрі-бәрі келер дәуірдің оқырмандарына жол табады. Шығарманы тану арқылы оқырман сол халықтың болмысын таниды, өткенін таниды.

Орта мектептің қазақ әдебиеті пәнінде поэзиялық шығармалар көп кездеседі және оларды оқыту кезінде әрбірінің өзіндік ерекшеліктерін, жазылған уақытын міндетті түрде ескеру керек. Адамның табиғатымен туа біткен ақындық асыл қасиеттің құдіреті тарихтың қандай аласапыран дауылы да өшіре алмас мәңгілік із қалдыруында болса керек. Шынайы таланттың жан тебіренісінен туған сөз маржандары сұлу да сиқырлы қалпында ғасырларды аттап өтіп, келешекпен жалғасып жатады. Қай заман,

кандай дәуірде оқылса да, халықтың ой-танымын байытып, жан сарайын аша түспек.

Қазақ топырағындағы жыр-өрнек үлгісін өз үнімен байытып, ақындық болмысы жарқырап көрінген Ілияс Жансүгіров қаламынан туған дүниелер халық үшін таусылмас қазына. І. Жансүгіровтың поэзиялық мұрасы – қазақ халқының өмірі мен даласының тынысын, асқақ мұраттарын, Жетісу жерінің кәусар ауа, көркем суреттерін кеңінен көрсететін күдіретті де парасатты әлем» [1, 6]. Осы күдіретті де парасатты әлемді жаңа буынның жастарына таныстыру үшін жаңаша ізденіс пен соны көзқарас қажет. Өйткені оқушылардың сыни ойлау дағдысын дамытуда І. Жансүгіров шығармашылығының алар орны орасан зор.

Орта мектепте жүргізілетін барлық пәндердің негізгі мақсаты оқушыларды дүниені тануға жетелеу, адамның таным білігін қалыптастыру сияқты нормалармен белгіленеді. Осы нормаларды орындау үшін әр пән өзінше бір функцияларды жүргізеді. Ол әр пәннің материалдық көлеміне, зерттеу тәсіліне, оқыту тәсіліне, берілетін контентіне байланысты.

Солардың ішіндегі ең ауқымдысы да, күрделісі де – әдебиетті оқыту. Себебі әдебиет – сөз өнері. Онда барлығы айтылады: адам да, табиғат та, өнер де, саясат та, ғылым да, тарих та, жақсылық пен зұлымдық та. Сол себепті, әдебиеттің әдістемесі ауқымды материал мен заманауи тәсілдер аясында ғана қарастырылады. Адамды оқыту және тәрбиелеу - қай ғасырда болсын ең маңызды міндеттің бірі. «Сабақ үдерісі өте күрделі құрылым болып есептеледі. Ол синкретті білім мен еңбекті талап етеді. Педагогика, психология, таным теориясы, педагогикалық шеберлік, коммуникативті күзиреттілік, эмпатиялық қарымқатынас, жобалау мен жоспарлау күзиреттілігі т.б. көптеген қабілет-қарымды қажет етеді. Мұғалім сабақтың әрбір сәттеріндегі әдіс-тәсілдермен қаруланған, теориялық жағынан терең білімге ие болуы сабақ үдерісінің дұрыс бағытталуына үлкен септігін тигізеді» [2, 4].

Ілияс Жансүгіров шығармашылығын оқытуда түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланылады және олар арнайы бір мақсаттың негізінде құрылады. Солардың ішінде ең көп алға қойылатыны – танымдық мақсат. «Танымдық мақсат: әдебиет пәні арқылы қоршаған орта сырлары, адамдық құндылықтар, адамгершілік,

ізгілік, мінез-құлық, іс-әрекеттерді саралап тану, шығармадағы көтерілген басқы тақырып пен қамтитын жанама тақырыптарын, шығарманың негізгі ой-түйінін, авторлық ұстанымды таныту, көркем шығарма арқылы оқушының дүниетаным белсенділігін арттыру, оқушылардың сезімталдық, байқағыштық, аңғарымпаздық, сөйлеу, ойлау қабілеттерінің дамуына мүмкіндік жасау» [2, 14].

Біздің маңызды деп қарастырып отырған 4К моделіміз әлем ғалымдарымен мойындалып, бірнеше мемлекеттің білім беру саласында кеңінен қолданылуда. Оны былайша түсіндіреді: «Білім контекстендірілуде, осыған байланысты өмір сүрудің тек бір саласында ғана шектелген адам құзыреттілігі жеткіліксіз. Бүгінде психикалық белсенділіктің әр түрлілігіне негізделген мета-құзыреттілікке (олар: ұжымдық ақыл-кеңес, эмпатия және т.б.) ие болу маңызды. Адамға қажетті ең маңызды құзыреттіліктерді айқындау және олардың ықтимал даму жолдарын зерттеу үшін жетекші іскер топтарды біріктіріп, 2002 жылы Partnership for 21st Century Skills деп аталатын американдық коммерциялық емес ұйым құрылды. Сондай-ақ білім беру мекемелерінің түлектеріне 4К (коммуникация – қарым-қатынас, коллаборация – ынтымақтастық, командамен жұмыс, креативность – шығармашылық, критическое (проблемное) мышление – сыни ойлау) тұжырымдамасын жасаушы білім берудегі көшбасшылар: National Education Association of the United States, United States Department of Education, AOL Time Warner Foundation, Apple Computer, Inc., Cable in the Classroom, Cisco Systems, Inc., Dell Computer Corporation, Microsoft Corporation, SAP, Ken Kay (President and Co-Founder), and Dins Golder-Dardis XXI ғасырдағы еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілік пен сұранысқа ие болатын құзыреттілікті талап етті. Ғылыми қоғамдастық қабылдаған 4К тұжырымдамасы, жан-жақты зерттеліп, апробациядан өтті, нәтижесінде көптеген білім беру стандарттарында кеңінен қолданыс таба бастады. 2010 жылы American Management Association өз зерттеулерінде 4К ұғымының өзектілігін растады [3, 114]»

Оқушылардың сыни ойлау дағдысын дамыту қарапайым ойлаудан бастау алады. Сол себепті ой түрткі сұрақтарын сабақта жиі пайдаланудың маңызы зор.

Танымдық мақсатқа қол жеткізу үшін Ілияс Жансүгіров шығармашылығын оқыту жайлы сөз қозғамас бұрын, ақын шығармашылығындағы көркемдік құралдарды анықтап алайық.

Шын мәнінде, ақын шығармаларында эпитет, метафора сияқты троп түрлері көптеп кездеседі. Туған халқының фольклорынан нәр алып, сусындаған І. Жансүгіров дәл сондай сөз өрнектерін өз шығармаларында пайдаланып, танымды керемет суреттейді. Мысалы:

Түлкі қыз қызыл алтай, кер марал қыз,  
Ақ қоян, бозша байтал, ақша нар қыз.  
Қымыздай балға ашытқан тәтті қызға  
Жігіттер, бәріңіз де-ақ сұқтанарсыз [4, 230] –

деген өлең жолдарда ақын сұлу қызды суреттегені анық байқалады. Осы шығарманы оқыту арқылы оқушыларға «Ақын неге қызды алтайы түлкіге, кер маралға, ақ қоянға, ақша нарға, бозша байталған теңеді?», «Аталған ұғымдардың халық дүниетанымындағы алатын орны қандай?», «Ол туралы сендер биология пәні бойынша не білесіңдер?» деген сияқты оқушылардың ойлауына түрткі болатын сұрақтарды қою арқылы олардың сыни ойлауына мүмкіндік тудыра аламыз.

Халқымның қуанышты бұлбұлымын,  
Жұртымның жүйрігінің дүлдүлімін...  
Шат елдің шешенімін, даңғылымын,  
Шыным сол, правом бұл, заңды мұным [4, 273] –

деген шумақта ақын өзін бұлбұл, дүлдүл, шешен сынды поэзияда жиі қолданылатын дәстүрлі образдарға балайды. Бұл сабақта оқушыларға «Ақын өзін бұлбұлға, дүлдүлге, шешенге балаған. Оның себебі неде? Балама мен негізгі ұғымның арасында қандай байланыс бар? Бұл суреттеу өзге халық әдебиетінде қалай көрініс табады?» деген сұрақты қою арқылы танымдық мақсатқа қол жеткіземіз. «Құлагер» поэмасында Ақан сері өмір сүрген заманды оқырманға дәл, анық және көркем жеткізу үшін Ілияс балама образдармен суреттейді:

Заманда сонау сарсаң Ақан тұрған,  
Ол заман – ерге тұсау, зорға думан.  
Жалмап жеп айналасын аш кенедей,

Семірген жұрт қанына нелер жуан.  
Хан қабан – халық құлағын бұрап тұрған,  
Бүйі би – билеп-төстеп сұрап тұрған.  
Қор қылып ақ алмасты отқа көсеп,  
Жүз-жүз жар теңін таппай жылап тұрған [4, 276], –

дегенде Ақан заманын ерге тұсау, жуандарға думан деп суреттеп, ханды қабанға, биді бүйіге балап, сол кезеңнің әлеуметтік тынысын дөп басады.

Ақынның «Күй», «Күйші» поэмаларында дәстүрлі эпитеттермен бірге төл көркемдігімен берген эпитеттер қатары мол кездеседі. Атынан белгілі негізгі идеясы күй мен оның жеткізушісі хақындағы бұл шығармаларда «күй» деген сөздің өзіне тоқсанға жуық эпитет беріледі. Зерттеу барысында эпитеттердің баланың қиялын, кеңістікте ойлауы, аналитикалық талдау сияқты дағдыларын дамытатынын байқадық. Зарлы күй, әсем күй, жаңа күй, көне күй, шерлі күй секілді келетін тіркестерде күй мен оның әуеніне қатысты үйреншікті эпитеттер берілген болса, ақынның шығарма кейіпкерлерінің әр түрлі жағдайларға қатысты күйді де құбылтуына қарай жорға күй, жынды күй, жалынды күй, бебеу күй, паң күй, долы күй, сергек күй, бұлбұл күй, бота күй, батыр күй т.б. секілді эпитеттер одан да көп кездеседі.

Автор шығармашылығында әртүрлі образдарды бейнелеп, олардың эмоциясын суреттеуде келесідегідей бейнелеуіш еліктеуіш сөздер де кездеседі: Дүрілдесу – дүр-дүр етіп ұрысу. Жасауыл анау жерде ат аударып, Мынау жер жесір дауы дүрілдескен [4, 284]. Күңкілдеу – реніш білдіріп міңгірлеп сөйлеу. Ашу, кек, күңкіл басты елдің артын, Ел шулап, қыр күйініп, қарғап катын [4, 333]. Арс-ұрс етті – біреуді беттен алып, қарсы тұрды. «Ел түссін, енді балуан болады», – деп, Кәрі ояз тор қасқал арс-ұрс етті [4, 321]. Опырандау – аузы опырандау ренжу, ұрсу. Кемпірі Сағынайдың опырандап, «Кет-кет!» деп дуананы қуалап жүр [4, 284]. Кейіпкер мен сол сәттегі халықтың эмоциясын көрсету мақсатында қаламгер бейнелеуіш еліктеуіш сөздер арқылы «ашу», «реніш» психикалық күйін бейнелі түрде, көз алдымызға елестете отырып сипаттаған. «Ашу» психикалық жай-күйінің тілдік емес (бейвербалды) белгілері Психикалық күйлерді білдіретін амалдардың бірі – бейвербалды тәсілдер. Бейвербал-



ды амалдардың адамның көңіл-күйін білдіруде атқаратын қызметі зор. Бейвербалды амалдардың өзін бірнеше топқа бөліп қарастырамыз: Бет-әлпеттің түр-түсі: ашуланғанда түр-түстің өзгеруі. Тұтқыштай өңі күйіп қап қара боп, Батыраш басқа сөзді баптаған жоқ [4, 298]. Көгеріп Батыраш шал басы қалтақ, Қалтақтап жан жағына етіп жалтақ [4, 300]. Түтігіп, қап-қара боп тұрды Батыраш, Жалғыз-ақ «Қап! Қап!» болып айтқан сөзі [4, 302]. Жүрек соғысы (қызметі) немесе қан қысымы: жүрек соғысының үдеуі, қан қысымының өзгеруі. Қалып тұр, қаны қашып, сүлдесі құр. Шулатып, маңыратып қойдай көпті [4, 285]. Жалт етті жайдың оты жүрегінен, Кек қайнап, мұз құйылып жүре берді. Мимика. Бұл топта аса маңызды рөлді адамның көзінің іс-қимылы атқарады: көзі қанға толу, көзі жалындау, көзінде ашу тұну, көз алару т.б. Қанталап екі көзі көрмей кетті, Қан мұздап сала берді, бойы суып [4, 309]. От болып екі көзі көрмей кетті, Жауды сел – қар ма, қан ба қабағынан [4, 315]. І. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасында кездесетін «ашу-ыза», «реніш» психикалық күйіне байланысты тілдік бірліктер белгілі бір стильдік мақсатпен қолданылған. Кейіпкер тілінде көрініс тапқан тұрпайы сөздер мен автордың шығарма барысында ашу психикалық күйіне тән пайдаланған тілдік бірліктерді тиімді жүзеге асырған, ойдың образдылығын күшейтудің негізгі құралы ретінде көрініс тапқан. Осы аталғандардың барлығы оқушы қиялына қанат бітіру, ойлау деңгейіне серпіліс беру сияқты мәселелерде ықпалы тиері анық, тек оны сабақта жүйелі түрде дұрыс талдау аса маңызды деп есептейміз.

Әдебиет пәні бойынша оқушының танымдық қабілеттерін арттыруда, шығармашылық деңгейін дамытуда, білімді жүйелі меңгертуде «Дамыта оқыту технологиясы», «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы мен «Модульдік оқыту технологиясы» тиімді. Бұл жаңа технологиялардағы қолданылатын әдіс-тәсілдер бір-біріне ұқсас. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты роль атқарады [2, 28]. Тек бұл ғана, олардың сыни ойлау дағдыларын дамытуда аталған технологияларды таптырмас құрал ретінде бағалаймыз.

Ілияс Жансүгіровтің эпикалық туындылары, әңгіме, повестері мен сатирасы – қазақ халқы өмірінің көп саласын

камтитын, әсіресе кеңес өкіметі жылдарындағы адамдардың тағдыры мен өмірі, тұрмысы мен мәдениетін суреттейтін, жаңа тұрпатты бейнесін бар қырынан ашатын көркем, мейлінше ашық, батыл жазылған бірқатар мистицизм мен мифографияға толы туындылар бар. Нағыз халықтық тұрғыдағы туындылардың ішінде «Гималай» туындысында: «Гималай – көктің кіндігі, Гималай- жердің түндігі, Мұз – туырлық, қар үзік Түрлімеген бір күні», [1, 105] – дейді. Шумағындағы кіндік, түндік, туырлық, үзік секілді қазақтың ұғымындағы сөздерді метафора ретінде шебер пайдаланған ақын өзінің табиғи сезімінен туған, нағыз толқыған жанның жүрек түпкірінен шыққан шынайы сөзін берген. Бұл өлең – бүгінгі күні революциялық идеядан нәр алып, отаршылықтың бұзауын үзіп, өз тізгінін өзі алып, тәуелсіздік жолға түскен Азия мен Африка елдерінің кешегі өмірі. Ақын Гималайды адам кейіптес етіп бейнелейді. Бұрқақ астында қалған асқардың азат көріп, күңіренген үні шығады. Терегі көкке өрлеп, аңы таста ойнаған құт ойнаған құт мекен қаншама байлық ордасы бола тұра, халі мүшкіл тартқан. Ақын Гималайдың осы жайын айта келе, «Гималай асқар неге олай» деп сұрақ қойып отыруы өлеңін композициялық сапасына, құрылысы мен идеялық тұтастығына ерекше әр береді. Өлеңінде талай ғасырлар бойы билеуші таптың табан астына түсіп азап шеккен, бостандығынан айрылған Шығыс елдерінің трагедиялық кейпі сөз болған. Ақын қорлық пен зорлықтан шығудың басты жолы - әлеуметтік тартыс пен саяси күрес, басқа жол жоқ деген идеяны алға тартады [1, 105].

Қорыта келе, Ілияс Жансүгіров шығармаларын оқыту арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік мол. Әсіресе ақын шығармаларында кездесетін фольклорлық сарын мен троп түрлерін талдау арқылы халықтың сипатын толық әрі жан-жақты аша аламыз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Кыхметова Ш. Ілияс Жансүгіровтің рухани әлемі (монография): көп томдық шығармалар жинағы / ; ҚР Білім және ғылым м-гі, І. Жансүгіров атын. Жетісу мемлекеттік ун-ті, Ілиястану ғыл.-практ. орталық. -Алматы : Баянжүрек, 2019. 9-том. – 302 бет.

2. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық – Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 бет.

3. Ахметова Г.К., Қараев Ж.А., Мұханбетжанова С.Т. Электрондық оқытуды енгізу жағдайында педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі. – Алматы: АҚ «БАҰО «Өрлеу», 2012. – 418 бет

4. Жансүгіров І. Құлагер: өлеңдер мен поэмалар – Алматы: Атамұра, 2003. – 357 бет.

*Д. ТОГАЕВА,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
2-курс магистранты,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **КӨНЕ МҰРАЛАРДАҒЫ КИЕЛІ СИМВОЛДЫҚ БЕЙНЕЛЕР МЕН КИЕЛІ САНДАРДЫҢ СИПАТЫ**

*Аңдатпа.* Айналадағы табиғат құбылыстары: күн, ай, жер, жұлдыз, тау, ағаш тағы басқа құбылыстар киелі деп саналды. Ғарыштық бейнелер ежелден ертедегі адамдардың мифтік концепциясына айналып, ауыз әдебиетінде тұрақты поэтикалық тұлғаларға айналды. Бұл ғылыми мақалада негізінен түркі ескерткіштеріндегі фольклорлық мифтерге талдау жасалып, олардың қаншалықты маңызды екені айқындалады.

*Түйін сөздер:* Күн, ай, жер, жұлдыз, тау, ағаш, тотем, наным-сенімдер, көк, Тәңірі.

Кіріспе. Кие – қандай да бір заттың немесе тіршілік иесінің қасиеттілігін, жоғары тылсым күшін білдіретін ұғым. Яғни, қандай да бір аң мен құсты, аспан денелерін, сандарды, заттарды, жәндіктерді киелі деп келген және оларға сыйыну, табыну. Уақыт өте келе адамдардың түрлі діндерді қабылдауына байланысты мұның кейбірі жойылып, өзгеріске ұшыраған.

Әлем халықтары мифологиясы мен мәдениетінде аң мен құсты (бөрі, аққу, бүркіт т. б.), аспан денелерін (ай, күн, жұлдыз т.б.), аттарды (қамшы, ағаш, т. б.), сандарды (3, 7, 9, 40, т. б.), адамдарды (әулие, көріпкел т. б.) киелі деп санау, оларға сыйыну, табыну дәстүрі ежелден қалыптасқан. Уақыт өте келе адамдардың түрлі діндерді қабылдауына байланысты мұның кейбірі жойылып, өзгеріске ұшыраған. Ислам діні таралмастан бұрынғы дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасып, кие деп саналған кейбір

тотемдік наным-сенімдер жұрнағы қазіргі салт-дәстүрде де кездеседі (табалдырықты баспау, түнде суға шомылмау, түтін түтету, аластау, т. б.)

Халық дүниетанымында киелі заттарды құрметтеу береке-бірлікті арттырып, құт әкеледі десе, керісінше жағдайда киесі ұрады деп есептеледі. Сондықтан, киелі саналатын адамдарға тіл тигізбейді, жан-жануарларға зұлымдық жасамайды, киелі дүниелерге зор құрметпен қарайды.

Киелі деп саналатын заттар мен құбылыстардың түрлері көп. Халық арасында олардың желеп-жебеушісі, қолдаушы пірі болады деген де ұғым қалыптасқан. Сондықтан «кие» деген сөз «пір», «ие» деген ұғымда да қолданылады.

Аспан денелеріне (ай, көк, аспан, жұлдыз) байланысты киелілік ұғымы осы нысандарға тән магиялық, табиғаттан тыс тылсым күштер жөніндегі ұғым түсініктер негізінде қалыптасқан. Соған қатысты ырым-жоралардың кейбірі соңғы уақыттарға дейін сақталып келеді. Олардың қай-қайсысы да о бастағы табынумен байланысты болды.

Түркі ескерткіштеріндегі космогониялық мифтердің зерттелуі. Адам танымының алғашқы кезеңдеріндегі айнала табиғатты тұтас жан деп ұғыну, адам мен табиғаттың бір-біріне оң және теріс әсерлері туралы түсініктер бұрынғы ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігіне тірек болып, бүгінгі заман ой-танымында, әдеби кәркемдік әдістерінде сақталған. Айнала табиғаттағы Күн, Ай, Жер, Жұлдыз, Тау сияқты құбылыстарға қасиет беріп, киелі санау, олармен қарым-қатынаста белгілі бір заңдылықтарды сақтаудың мәні – шарт бұзылса адам кеселге, ауруға, өлімге ұшырайды деген сенім. Сондықтан, отқа, суға түкірме, аттама, айға қол шошайтпа, күн батарда ұйықтама, жер сабалама деген сияқты түрлі ұғымдардың әрқайсының өзіндік мәні бар.

Өйткені дүниежүзінің көптеген халықтары, солардың ішінде түркі, монғол халықтары да, ерте кезде табиғат сырларын түсінбеген. Ертедегі адамдардың дүниетану шама-шарқы төмен болғандықтан, жаратылыс көріністерінің әр алуан түрлерін (ай мен күн, бұлт пен дауыл т.б.) жарылқаушы күш ретінде қабылдап, оларға сиынған, медет тілеген. Ш. Уәлиханов: «Шамандық - сенімнің дүниеге келуі, жалпылай немесе жекелей табиғатты қадір тұту, қастерлеу болып табылады», – деп жазады. [1,171].

Осындай арғы замандардың айғағы болған Ай, Күн, Аспан, Жұлдыз сияқты космостық бейнелер бір кездері ертедегі адамдардың мифтік түсінігіне сәйкес туып, келе-келе ауыз әдебиетінің тұрақты поэтикалық образдарына айналған [1,172]. Алайда, бұл ұғымдар аталып отырған ескерткіште тікелей негізгі кейіпкер болмысымен тығыз қабысып жатады. Өйткені, ол күннің нұрынан пайда болады.

Жалпы, дүниежүзі тарихында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі жайлы мифтерден көбінесе, күн нұрынан туу мотивін жиі кездестіруге болады. Ежелдегі адамдар басында сәулесі болған, текті адамды нұрдан жаратылған етіп көрсету, ол құбылыс келе-келе мақсатты түрдегі қолданылатын фольклорлық әдіске айналған. Күн нұрынан пайда болу мотиві Шыңғысханның дүниеге келуіне байланысты, тағы да басқа қазақ жырларында көрініс табады. Ежелгі түркі аңыз, әпсаналарында бақытты болатын адамның төбесінен нұр жауатыны туралы көп айтылады. Бұл дәстүр түркі халықтарының ерлік дастандарынан да орын алған. Мәселен, қырғыздың «Манас» атты эпосында болашақ батыр Манас та жолына нұр төгілген, өзін көкжал бөрі қорғап жүрген қаһарман болып келеді. [2,101]. Түркі-монғол халықтарының аңыз-ертегілерінде кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің орын алуы ежелгі наным-сенімдерге байланысты.

Негізгі бөлім. Дүниежүзі халықтары фольклорында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі көбінесе күн нұрымен байланыстырылады. Фольклортанушы ғалым В.Я. Пропп: «Адам баласы мәдениеттің неғұрлым төменгі сатыларында болған уақытта ғажайып туу елдің бәріне талғаусыз таныла береді. Патша мен Құдайлардың бұлай тууы олардың артықшылығына айналды. Ал, қарапайым адамдар қалыпты жағдайда дүниеге келеді. Египет патшалары өздерін күннің құдайы Раның тұқымымыз деп санайды. Осындай сенім Үнді патшалары мен ханзадалары және Қытай императорларында да бар», – деп жазған [3,207-208].

Түркі халықтары фольклорындағы космогониялық мифтердің мәні орасан зор. Фольклортанушы ғалым В.Я. Пропп «Фольклор и действительность» атты еңбегінде бүкіл дүниежүзі фольклорының ең көне жанрларында пайда болған ғажайып туу мотивінің пайда болу принциптерін ертегі наным-сенімдермен,

культтік, рәсімдік мәселелермен тығыз байланысты қарастырады. Бұл мотивтің фольклорлық шығармалар сюжетін толықтырушы көркемдік тәсілге айналғанға дейінгі даму тарихын қалпына келтірді. Түркі халықтарының фольклорында осындай Ай мен Күн әсерінен дүниеге келуін баяндайтын сөздеріне орайлас тұрақты дәстүрдің қалыптасуы тегін емес. Ол түркілердің ең көне дүниетанымына, яғни, олардың көне наным-сенімдеріне Ай мен Күн культінің маңызды рөл атқарғандығын, әрі сенім көріністері халықтың эстетикалық қалыпты нормасына айналғанын байқатады.

С.П. Толстов зерттеулеріндегі пайымдауларға қарағанда түркі тайпаларында Ай мен Күн тотемдеріне табынушылық ұзақ уақыттар сақталып келген. Сол себепті түрікмен тайпаларының шығу тегі баяндалатын шежірелерде түрікмендердің Ерсары, Шах, Теке тайпаларында «Айтолды», «Күнтолды» ру тайпалары кездесетіні сөз болады [4,7]. Жүсіп Баласағұнидың «Құдатғу білік» дастанындағы басты кейіпкерлердің есімдері де Айтолды және Күнтолды болуы бұл дәстүрдің түркі фольклорында мықтап орныққанын аңдатады. Талдалып отырған «Оғыз-наме» ескерткішінде Оғыз қағанның өзі ғана емес оның үйленуі, Ай, Күн, Жұлдыз, Тау, Көк, Теңіз деген балаларының тууында космогониялық мифтердің мәні көркемдік рөл атқарады.

Түркі ескерткіштеріндегі космогониялық мифтердің көрінісі. Кейінгі замандарда, миф ертегіге айналғанда осы үш элем ертегі кейіпкерінің шарлайтын мекеніне айналады. Бұл үш элем шамандар дінінде де сақталған. Қазақтың көне мифінде болуға тиісті ілкі ата-демиург бейнесі Тәңір образымен алмастырылған. Ал, Тәңір аспанның әміршісі саналған. Яғни Тәңір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым мен тіршіліктің иесі. Аспанды да, ондағы жұлдыздарды да, адамды да, жер бетіндегі нәрселердің бәрін де жаратушы Тәңір деп саналған. Міне, мұның бәрі көне мифтік ілкі ата – демиургтың, жасампаз қаһарманның атқаратын істері. Қазақтың көне мифінде ілкі ата – демиург образының толық және айқын сақталмау себебі, осында деп білуіміз керек.

С.А. Қасқабасов пікіріне сүйенсек, «Оғыз-наме» эпосындағы тәңірлік сенімнің негізгі сюжеттік өзегі болғанын байқау қиын емес. Оның дүниеге келуі ғана емес, жар таңдап сүюінде де

Тәңірлік сипат басым. Ғашық болған жары да тылсыммен тығыз байланысты екендігіне мәтін арқылы көз жеткізуге болады. Оғыз-намеде күндердің бір күні Оғыз қаған бір жерде Тәңірге жалбарынып отыр еді. Көктен бір жарық (сәуле) түсті. Оғыз қаған (көк жарыққа қарай) жүрді, көрді. Көрсен, әлгі жарықтың арасында бір қыз бар екен, жалғыз отыр екен. Артықша көрікті бір қыз екен. Ол қыздың маңдайында оттай сәуле шашқан бір меңі бар екен. Алтынқазықтай екен. Яғни, қыздың жаратылысында адамзаттан бөлек тылсымдық қасиет бар. Осы қыз сондай көрікті еді: күлсе Көк Тәңірінің (өзі) күлетіндей, жыласа Көк Тәңірінің (өзі) жылайтындай еді. [5,56].

Сондай-ақ түркі тілдес халықтар мифіндегі Тәңірлік сенімнің ерекшеліктері жайлы ерлі-зайыпты баба-құдайлардың ең көне универсалды тараған түрі аспан-әке мен жер-ана. Бұл образдарда, бір жағынан, рулардың бабалары болып саналатын ілкі адамдардың космостанғанын, ал екінші жағынан, неке мен отбасы қатынастарының табиғат дүниелеріне көшірілгенін көруге болады, – дейтін пікірін шындығында, бүкіл түркі жұртында Тәңір – көктегі ер рөлінде, ал Ұмай – жер-ана болып қабылданады [6,73]. Сонда, жоғарыда Е.М. Мелетинский айтқандай, қазақта да аспан – әке, жер – ана ретінде (Тәңір – Ұмай түрінде) алғашқы ерлі-зайыпты құдайлар болып саналған деуге әбден болады, – деп тереңдей қарастырған С.А. Қасқабасов пікірлерінің дәйегін осы ескерткіштен анық көруге болады.

Себебі Оғыз-наме ескерткішінде тек Ай мен Күн, Жұлдыз секілді аспан денелеріне қатысты ұғымдар ғана емес, Көк, Тау, Теңіз ұғымдары да басты мән иеленеді. Оғыз қағанның екінші рет үйленіп, ол әйелінен тағы үш ұлдан дүниеге келуі, төмендегідей баяндалады: Бір күндері Оғыз қаған тағы да аңға кетті. (Аңда жүрсе) бір көлдің ортасынан бір ағаш көрді. Бұл ағаштың қуысында бір қыз жалғыз отыр екен. Артықша көрікті бір қыз екен. Ол қыздың көзі көктен де көгірек, шашы теңіз толқынындай, тісі інжудей екен. Осы қыз сондай көрікті еді: жер басқан ел-жұрт оны көрсе: – Ай, ай! Ах, ах! Өлерміз! – деп сүттен қымыз болатындай еді. Оғыз қағанның оны көргенде ынтығы кетті, жүрегіне от түсті. Оны сүйді, алды. Бірге жатты. Тілегі қабыл болды. Сол қыз жүкті болды. Күннен күн өтіп, түннен түн өтіп

үш ер бала туды. Біріншісіне «Көк» деп ат қойды, екіншісіне «Тау» деп ат қойды, үшіншісіне «Теңіз» деп ат қойды [5,56].

Оғыз қағанның аң аулап жүріп тапқан теңдесі жоқ сұлуды көргені, қызға ғашық болып, оған да үйленгені, одан үш ұл бала туылғаны, есімдерін «Көк» (Аспан), «Тау» және «Теңіз» деп қойғаны тартымды етіп баяндалады. Осындағы Көк – Тәңірлік сенімнің негізі. Шаманизмнің негізін құрайтын тотемдік және анимистік түсініктердің көк түріктерге дейін жан-жақты таралғанын ешкім де жоққа шығармайды. Ал тәңірліктің көне түрік дәуірінде тұтас жүйеге түсіп, дін дәрежесіне көтерілгенін дәлелдеуші ғылымдардың бірі Л.П. Потапов. Бұл дәуір біздің заманымыздың VI-XII ғасырлар аралығын қамтиды. Түрік қағанаты (551-744 жылдар) мен ұйғыр қағанатының (745-840 жылдар) этникалық ядросын құраған түрік тайпаларының Тәңірі, Ұмай, Жер, Су аталатын құдайлары қазіргі көптеген түркі халықтарында сақталуы кездейсоқ емес.

Киелі сандар ұғымы. «Оғыз-наме» кітаби эпосында киелі сандардың поэтикалық мәні үлкен рөл атқарады. Ол үш, төрт, жеті, тоғыз, қырық сандарына байланысты ұғымдар.

Ғалым М. Жармұхамедов Оғыз қағанның үш ұлына тоқтала келіп: Тіпті осындағы «үш» санының жырда жиі қайталанатынын ескерсек («үш күн», «үш түн», «үш күміс жебе», «үш ұлы болыпты», «үш оқ» т.б.), бұл санның түркі тектес халықтарда қашаннан-ақ киелі де қасиетті сан саналып келгенін көреміз. Дәл осындай «жеті», «тоғыз», «қырық», сандары туралы айтуға болар еді. «Оғыз-намеде», әсіресе, «тоғыз», «қырық» саны мейілінше жиі қайталанып отырады. Мысалы, («тоғыз күн», «тоғыз мың қой», «тоғыз жүз жылқы», «тоқсан тоғыз ыдыс», «қырық сәкі», «қырық қыз», «қырық құлаш ағаш», т.б.). Бұл жәйт оның «Қорқыт ата кітабымен» өзара үндестігін аңғартады.

Мұнда бектердің үйленуіне орай «отыз күн, отыз түн тойлау» салтынан тыс, «қырық шатыр», «қырық жігіт», «қырық қыз» тәрізді тіркестер мейілінше жиі қайталанатыны. Мұның бәрін түйіп айтсақ, бұл туындылардың алғашқы бұлақ бастауының бірлігі мен тамырлас туыстығында біршама ашып танытса керек» [6, 46 б.] – деп ойын тұжырымдайды.

«Жеті ғалам, жеті дүние, жеті жұрт», «Жеті жұрттың тілін біл», «жеті түрлі білім біл» дейді қазақ мақалында. Жеті ғалам



(дүние, жұрт) қазіргі тілімізде «дүние жүзі», «бүкіл әлем» дегенді білдіреді. Мұндағы жетіде сандық мән жоқ. Әлем туралы өте ерте кездегі мифологиялық түсінік бейнеленген. Бұл түсінік бойынша жеті саны негізгі жеті бағытты білдірген. Олар: дүниенің төрт бұрышы: күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік, аспан – жоғарғы ғалам, жер – орта ғалам, жерасты – төменгі ғалам [8].

Үш саны – Халықтар арасында жалпы жаратылысты, тігінен алғанда, Жоғарғы әлем – Тәңірлер әлемі, Ортаңғы әлем – Адамзат әлемі, Төменгі әлем – Өруақтар әлемі деп үшке бөлген. Осы жайды Ш. Уәлиханов «Жоғарғы қабатта адамдар тұрады, олар белбеуін мойнына тағады, Ортаңғы қабатта адамдар тұрады, олар белбеуін беліне буынады. Төменгі қабатта адамдар тұрады, олар белбеуін тізесіне буынады» [8] – деген халықтық түсінікті келтіреді. Бұл түсінікті бүгінгі Жоғарғы қабат – «Тәңір»; Ортаңғы қабат – Телекей, кейде телегей; Төменгі қабат – Теңіз немесе теңіз деп те атайды.

Төрт саны – Ежелгі рулық қауым адамдары космос төрт бұрышты, оның ортасы болады деп дүние кеңістігін симметрия заңы тұрғысынан қабылдаған. Олар өзін дүние кеңістігінің ортасында тұрмыз деп есептейді де, кеңістікті екіге бөледі: тіршілік мүмкіндігі мол кеңістік бетті – оң жақ, тіршілік мүмкіндігіне қолайсыз жақ бетті – сол жақ. Оны ежелгі түркілер «төрт булу» (дүниенің төрт бұрышы) деді. Бұл төрт бұрыш: ілгеру (күн тоқсық), қурайа (күн батсық); беріе (күн ортусы – оңтүстік): йырайа (тун ортусы – солтүстік) түрінде аталды. Олар өздерін тепе-тең төрт жағы бар аспан кеңістігінің ортасында тұрамыз деп есептеп қана қойған жоқ, олар өздерінің де төрт жағы бар, әрі өздері тұрған мекеннің де төрт жағы бар, яғни географиялық – территориялық кеңістік бар деп ұғынды. Іс-әрекетін осы төрт бағытта жүргізді [8]. ҮІІ ғасырда өрнектелген құлпытастағы «Күлтегін» ойма жазуында көне түріктердің дүниенің төрт бұрышын қалай атағандығы жайлы құнды деректер кездеседі: «Ілгері», «кейін» немесе «ілгері».

Ал «Оғыз-намедегі» төрт тарапты символды халқына айтқанда: Төрт тарапты білейік. Оң тарап «Күн хан» – орданың тірегі, – «Ай хан» – күштің ақылдың қанаты, «Тау хан» – алдыңғы асқар бел, «Теңіз хан» – артындағы жойқын байлық – ұғымдары осы түсініктермен байланысты.

Тоғыз саны – мәселен, біз қарастырып отырған «Оғыз-намеде» де киелі деп танылған сандар орын алған. Мысалы, Оғыз қаған өзінің ақылшысы – данышпан Ұлық Түріктің кеңесімен халқын жинап, құрылтай шақырып, отыз күн ойын, отыз күн тойын жасайды. Бұл той көрінісі төмендегідей сипатталады:

Бұл үйді тікті алтыннан ол шарияр,  
Ол үйді безендірді жұрт таң қалар.  
Тоғыз жүз жылқы, тоғыз мың қой сойдырды,  
Былғарыдан тоқсан тоғыз ыдыс қойдырды.  
Тоғызына шарап, тоқсанына қымыз құйғызып,  
Барша нөкерлерін шарап пен қымызға тойдырды [8].

Дәл осы тектес сандық ұғымдардың «Күлтегін» ескерткішінде аса жиі қолданылғандығын және олардың қазақ эпосымен тығыз байланыстылығын ғалым М. Жолдасбеков те атап көрсеткен [8].

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Тәңірлік сенімнің көшпелі түркілердің мемлекеттік бір ізділікке түсіп үлгермегендігі, тек түркі қағанаты тұсындағы бірдей қалып иеленгендігі, бірақ кейінгі мұсылман дінінің ықпалына байланысы көктегі Тәңір иенің орнын Жалғыз Алланың басуы, кейбір көп тәңірлік ұғымдардың мұсылмандық ұғымға сіңісіп кеткені белгілі. Оғыз қаған жаратылысындағы тәңірмен байланыстылық көне түркілік ескерткіштердің тұрақты мотиві екендігі белгілі. Ол жөнінде Ш. Ыбыраев: «- Оғыз қағанның тәңірлік жаратылысы алдымен, өзіміздің байырғы төл тарихымыздан мықтап орын алған дүниетаным болып шықты. Біз үшін мұның маңызы зор», – деп ой қорытады.

Оғыз қағанның жарын Тәңіріден тілеуі және оның бірінің ағаш қуысында отырған сұлулығы керемет қыз болуын сипаттайтын тұстарда түрлі фольклорлық наным-түсініктер тоғысқан. Осындағы ағаштың қуысындағы сұлу қыз көзінің көкпен де көгірек, шашының теңіз толқынындай (ол да көк) болуы – тәңірлік нанымның көріністері. Себебі Жаратушы Көк Тәңірінің мекені көкте болғандықтан, ең әдемі де қасиетті түс Көк. Тәңірдің нышаны. Ал, фольклорлық туындылардағы қаһарманның ағаш қуысында дүниеге келу мотивінің негізінде ежелгі адамдардың ағашты тотем тұтқан наным- сенімінің ізі бар.

«Оғыз-наме» түркі халықтарының сан ғасырлар бойғы үлкен тарихында жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, ата-бабаларымыздың салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр рәсімдері мен киелі ұғымдарын ұрпақтарға таза күйінде жеткізуімен де құнды.

**Әдебиеттер:**

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985. – 172 б.
2. Фольклор шындығы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 264 б.
3. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – Москва: Наука, 1976. – 325 б.
4. Толстов С.П. «Пережитки тотемизма и дуальной организации у Туркмен» // Проблемы истории докапиталистических обществ. 1935. № 9-10. С. 3-14.
5. Өмірәлиев Қ. «Оғыз қаған эпосының тілі». – Алматы: Ғылым, 1988, – 279 б.
6. Мелетинский Е.М. «Поэтика мифа» – Москва, 1974 С.193 б.
7. Ыбыраев Ш. «Эпос әлемі», «Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы» – Алматы: Ғылым, 1991. – 296 б.
8. Сарбасов Б. «Оғыз-наме» - кітаби эпос ескерткіші. – Алматы: Қыздар университеті, 2018. – 156 б.

***Н.С. ЖАНАРЫСТАНОВА,***  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың*  
*2-курс магистранты,*  
*Алматы қ., Қазақстан,*  
*nursezim02zh@gmail.com*

## **АТРИБУТ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРЫ**

*Аңдатпа:* Бұл мақалада атрибут ұғымы және оның грамматикалық функциялары қарастырылады. Қазақ тіліндегі атрибуттың сөйлем құрылымындағы орны мен мағыналық жүктемесі талданады. Атрибуттың басқа сөздермен синтаксистік қатынасы, оның семантикалық қызметі және грамматикалық құрылымы ғылыми тұрғыдан зерттеледі. Сонымен қатар қазақ тіліндегі атрибуттың түрлі түрлері мен оның грамматикалық категорияларымен байланысы туралы ғалымдардың пікірлері ұсынылып, атрибуттың сөйлемдегі қызметі көрсетіледі.

*Тірек сөздер:* атрибут, грамматикалық функция, синтаксис, сипаттама, сөз тіркесі, модификация.

Тіл теориясының қалыптасуы логика-философиялық ұғымдармен тікелей байланысты. Адамзат баласының ерекше құралы болып есептелетін тіл ойлау мен пайымдау әрекеттерінің нәтижесі болғандықтан, тіл өзінің қызметі мен табиғатын танымдық ғылымдардан алды. Тілдің дамуы логикалық болжамдар мен уәждемелер тізбегінен өтіп отырды. «Логика» деген ұғымның бастапқы қолданысы да «logos» – ойдың сөз арқылы көрініс табуы сынды мағынаны білдірген. Сол себепті К. Аханов өз пікірінде: «... логика ғылымын оқып білу – адамның ойлау мәдениетін арттыратыны сияқты, тіл білімін оқып білу адамның сөйлеу мәдениеті мен жазу мәдениетін арттырады, ой өрісін кеңейтеді. Ойлауды және оның заңдарын жете білу үшін логика ғылымы қаншалықты маңызды болса, тілді және оның заңдары мен қағидаларын жете білу үшін тіл білімі де соншалықты маңызды» деген құнды қорытынды жасаған. «Logos» сөзінің астарында сөйлеу, ойлау, пайымдау ұғымдары қатар берілді немесе «опота» – атау мағынасында әрі зат есім нысаны ретінде, әрі логикада субъект есебінде қарастырылды; ал «тема» сөз табы мен сөйлем мүшелерін қатар білдірді. Демек, тілдік категориялардың қалыптасу үдерісі логикалық бірліктермен қатар, үйлесімді сәйкестікте жүзеге асып отырды.

Тіл білімінде сөздердің байланысы мен сөйлемнің құрылымы тілдің ішкі логикасына сәйкес қалыптасады. Бұл тұрғыда атрибут ұғымы маңызды орын алады. Атрибут – белгілі бір заттың, құбылыстың немесе объектінің қасиетін, сапасын сипаттайтын сөз немесе сөз тіркесі болып табылады. Қазақ тілінде атрибут құрылымы синтаксистік және семантикалық тұрғыдан көпқырлы болып табылады. Қазақ тіліндегі атрибуттың рөлі мен қызметін ғалымдар әртүрлі тұрғыдан зерттеген. Мысалы, Н.Қ. Ахметова атрибутты «сөздердің қасиетін немесе сапасын білдіретін грамматикалық құрылым» деп түсіндіреді. Ал М. Балақаев атрибутты тілдегі «сипаттаушы сөздер» деп атап, олардың сөйлем құрылымындағы маңызын көрсеткен. Осылайша, атрибуттың тілдік қызметі тек грамматикалық тұрғыдан ғана емес, коммуникативтік контексте де ерекше мәнге ие.

Атрибут сөзі латын тілінен шыққан және «қосымша» немесе «қосымшаның құрамдас бөлігі» деген мағынаға ие. Атрибут белгілі бір заттың немесе құбылыстың қасиетін сипат-

тайды. Бұл қызметті атқарған кезде атрибут көбінесе сын есім, есімдіктер, сан есімдер және есім сөздердің басқа түрлері арқылы жүзеге асады. Атрибут сөйлемде басқа сөздермен тығыз байланыста қалыптасып, олардың мағынасын нақтылайды.

Ғалымдар атрибутты екі негізгі категорияға бөліп қарайды: синтаксистік және семантикалық. Синтаксистік тұрғыдан атрибут сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады. Семантикалық тұрғыдан алғанда, атрибуттың негізгі қызметі — белгілі бір заттың немесе құбылыстың қасиетін ашу. Аталған пікірлерді қолдай отырып, Н.Қ. Ахметова атрибуттың грамматикалық қызметін былайша түсіндіреді: «Атрибуттар белгілі бір заттардың немесе әрекеттердің сипаттамасын береді және сол арқылы сөйлемнің мағыналық құрылымын тереңдете түседі».

Атрибуттың грамматикалық қызметі – оның синтаксистік құрылымдағы рөлін айқындайды. Қазақ тілінде атрибуттар көбінесе анықтауыш қызметін атқарады. Бұл қызмет олардың басқа сөздермен байланысқа түсуінен көрінеді. Атрибут өзінің қызметін атқаратын сөздермен жатыс, көмектес, толықтауыш сияқты түрлі жағдайда байланыс орнатуы мүмкін. Мысалы, «қызыл гүл», «жақсы адам», «үшеуінің сөздері» деген тіркестерде атрибуттар зат есімдерді толықтырып, олардың қасиеттерін нақтылап тұр.

М. Балақаев атрибуттың қызметін сипаттап, оның сөйлемнің құрылымын қалай өзгертетінін көрсетеді: «Атрибут сөйлемдегі сөздің мәнін ашып, оның нақты сипаттарын көрсететін қасиетке ие». Осылайша, атрибут сөздердің арасындағы бағыныңқылық қатынасты орнатып, олардың грамматикалық тұрғыдан келісуін қамтамасыз етеді.

Қазақ тіліндегі атрибуттың грамматикалық функциясын тек қана сөздердің өзара байланысымен шектелмейді, сонымен қатар ол сөздердің мағынасына да әсер етеді. Атрибут сөйлемде белгілі бір сөзге қатысты қосымша ақпарат беру, нақтылау және сипаттау қызметін атқарады. Мысалы, «жақсы адам» тіркесіндегі «жақсы» сөзі «адам» сөзінің қасиетін ашып, оның мағыналық аясына қосымша мәлімет қосады. Демек, атрибут сөйлемнің негізгі мағынасының анықтылығын арттырады.

Демек, атрибут тіл білімінің синтаксис саласында анықтауышпен тікелей байланысты. Атрибут логикалық атауы болса,

тіл білімінде анықтауыш ретінде танылады. Анықтауыш туралы А. Байтұрсынұлы: «Анықтауыш деб сөйлем ішінде анықтық үшін айтылатұн сөзді айтамыз, мәселен, алайық; «Қысқа жіб күрмеуге келмес» деген сөйлемді. Не күрмеуге келмес байандауыш. Қысқа деген сөз не болмақ? Бұл «қысқа» деген сөзді айтбай, құр «жіб күрмеуге келмес» деб ғана қойсақ, қандай жіб күрмеуге келмейтүні белгісіз, жібтің бәрі күрмеуге келмейтүн сыйақты болыб шығады. Күрмеуге келмейтүн аты жіб бодлғанның бәрі емес, «қысқа жіб». Қысқа деген сөз қосылса, күрмеуге келмейтүн қандай жіб екені ашылыб, анықталады», – десе, С. Аманжолов: «Сөйлемде өзінен соңғы атауыш сөздің сынын, сипатын, санын, тегін білдіре айтылған мүшені анықтауыш деп, ал ғылыми грамматикасында «Анықтауыштар субъектің болмысын, сынын, санын, түсін көрсетеді», - деп жазады. Н. Сауранбаев: «Анықтауыш сөйлемде басқа мүшелерді анықтап, заттың сынын, сапасын, қасиетін, санын, тегін я құрылысын білдіреді» деген анықтама береді. Ал М. Балақаев мектеп грамматикасында анықтауыштың ережесін «Заттың сынын, сипатын білдіретін сөйлем мүшесі», - десе, «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде: «Сөйлемде заттардың әртүрлі сынын, сапасын білдіретін сөздер көбіне анықтауыш қызметінде жасалады; олар заттың түр-тұрпаты, түсі, көлемі, салмағы, саны сияқты сапаларын білдіреді», - дейді. Х. Арғынов: «Сөйлемде негізінен зат есімнен болған мүшені сын, сапа, сан мен мөлшер және меншіктілік жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүше», – десе, Р.С. Әмір: «Сөйлемде зат есім, есімдік немесе зат есім орнына жүрген есімше сөздермен байланысып, олардың түрлі сынын, сапасын білдіретін сөйлем мүшелері», – деп берген. Ә.Нұрмұханова: «Анықтауыш өзінің анықтауыштық сөзімен тығыз байланысқа түсіп, соның сындық сипатын, белгісін, мөлшерін, санын білдіреді», С. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов: «Сөйлем ішіндегі сөздерді анықтап, сипаттап, қандай? қалай? деген сұрауларға жауап беріп тұратын синтаксистік тұрлаусыз мүше», - десе, М.Серғалиев: «Ілік септігінде келіп немесе қабыса байланысу арқылы зат есімнің немесе зат есім мағынасында қолданылатын сөздің сынын, қасиетін, белгісін, сол сияқты басқа да сипаттарын білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі – анықтауыш» деген анықтама береді. Осыншалықты ережелердің

әрқайсысының өзіндік тұжырымдық белгілері бар екендігі айқын.

Анықтауыш сөйлемдегі зат есімнен не зат есім орнына жұмсалған басқа есімдерден болған мүшелерді түрлі жағынан сипаттап тұрады. Сөйлемде бастауыш, толықтауыш, анықтауыштық қызметтерде жұмсалатын әр заттың өзіне тән, кейде көп затқа ортақ сапалары болады. Бір затты басқа заттардан сондай сапаларына қарай айырып танымыз. Сөйлемде заттардың әр түрлі сынын, сапасын білдіретін сөздер көбінесе анықтауыш (атрибут) қызметінде жұмсалады; олар заттың түсі, түр-тұрпаты, көлемі, салмағы, саны сияқты сапаларын білдіреді де, анықтайтын сөзімен тығыз байланыста айтылады. Мысалы, таяқ деген – жалпылауыш зат есім. Оның ұзын, қысқа, жуан, жіңішке, ақ, қара, имек, қисық, қайқы бас тәрізді көптеген сыны болуы мүмкін. Солардың бірі не бірнешеуі бір сөйлемде осы заттың анықтауышы болып, сөйлемде айтайын деген ойымызды айқындай түседі. «Қисық ағаш, қысқа жіп» дегендер - сын есім мен зат есімдерден құралған анықтауыштық тіркестер. «Бұйра толқын ойнақшып тұр. Жасыл жапырақ сыбыр қағады» деген сөйлемдердегі анықтауыштар мен анықтауыш сөздер де сын есім мен зат есімдерден құралған. Қазақ тілінде анықтауыштардың көпшілігі анықтайтын зат есімдерінен оқшауланбай, қатар тұрып, қабыса байланысады, олар (анықтауыш пен анықталатын сөздер) фразалық (ритмикалық) бір екпінге бағынып, екпін жағынан бір түйдек (комплекс) болып тұрады. Мысалы, семіз қой, гүлденген өмір сияқты анықтауыштық тіркестегі сөздер жұбын жазбай қабыса байланысады да, тиісті грамматикалық тұлғалар анықталатын зат есімдерге жалғанады.

Атрибут пен анықтауыштың грамматикалық қызметінде бірқатар ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Екеуі де сөйлемде негізгі сөзге қатысты қосымша мағына беру қызметін атқарады. Бірақ олардың сөйлем ішіндегі орны мен құрылымдық ерекшеліктері әртүрлі болуы мүмкін.

Атрибут пен анықтауыштың ұқсастықтары:

Екеуі де белгілі бір сөздің, негізінен, зат есімнің, мәнін ашып, оның қасиетін, сапасын анықтайды.

Олар сөйлемде көбінесе анықтауыш қызметін атқарады.

Атрибут та, анықтауыш та өзінен кейінгі сөзге бағынып, оған қатысты анықтау, сипаттау, толықтыру функцияларын орындайды.

Айырмашылықтар:

Атрибут көбінесе сөз тіркестері түрінде, ал анықтауыш көбінесе жеке сөздер түрінде келеді.

Анықтауыштың қолданылуы көбірек сипаттау немесе нақтыландыру қызметін атқаратын болса, атрибуттың қызметі кейде жалпылама болады.

Атрибут сөз тіркестері мен күрделі құрылымдарда жиі кездесе, анықтауыш қарапайым синтаксистік құрылымдарда көп кездеседі.

Атрибут пен анықтауыш сөйлем ішінде белгілі бір орындарға ие. Қазақ тілінде атрибут сөздер негізгі сөздерден кейін немесе алдында тұра алады. Мысалы, «жас қыз», «көркем сурет» тіркестерінде атрибут сөздер алдымен сипаттайтын сөзден кейін келеді. Бұл сөйлем құрылымындағы стандартты орын болып табылады.

Анықтауыштар да дәл осындай қызмет атқаратын болса да, олардың орналасуы мен қолданылуы сәл өзгеше болуы мүмкін. Анықтауыштар сөйлем ішінде негізгі сөзге жақын орналасады. Мысалы, «қызыл гүл», «жақсы адам» деген тіркестерде анықтауыштар негізгі сөздерге тікелей қатысты болып, оның сипатын ашып тұр.

Атрибут пен анықтауыштың мағыналық тұрғыдан айырмашылығы да бар. Атрибут әдетте заттың немесе құбылыстың нақты бір сипатын, қасиетін немесе белгісін көрсету үшін қолданылса, анықтауыш көбінесе әлдеқайда кең мағынада сипаттама береді. Мысалы, «жас қыз» тіркесінде «жас» сөзі қыздың жасын көрсетеді, ал «қызыл гүл» тіркесінде «қызыл» сөзі гүлдің түсін білдіреді.

Анықтауыштар көбінесе заттың сипаттамасын толықтырып, оның жеке қасиетін ашады, ал атрибуттың мәні заттың немесе құбылыстың бір жағын ғана көрсетеді.

Атрибут пен анықтауыштың арақатынасы қазақ тіліндегі синтаксистік құрылымдардың терең талдауын қажет ететін тақырып болып табылады. Екеуінің де грамматикалық қызметі мен мағыналық құрылымы өзара ұқсас болғанымен, олардың



тілдік қолданылуы мен функциялары айтарлықтай ерекшеленеді. Атрибут пен анықтауыштың арақатынасы олардың сөйлем ішіндегі орны мен құрылымдық ерекшеліктеріне, мағыналық жүктемесіне байланысты айқындалады. Бұл зерттеу атрибут пен анықтауыштың тілдегі рөлін түсінуге мүмкіндік беріп, олардың грамматикалық құрылымдардағы маңызды қызметін айқындайды.

Атрибут сөйлемде белгілі бір орынға ие. Қазақ тілінде атрибуттық құрылымдардың сөйлемдегі орны сөз тіркесінің құрылымына және атрибуттың мағыналық жүктемесіне байланысты өзгереді. Көп жағдайда атрибут өзінен кейінгі сөзді анықтайды және онымен бірге белгілі бір синтаксистік қатынастарды орнатады. Н.Қ. Ахметова атрибуттың сөйлемдегі орны туралы былай дейді: «Атрибуттар, негізінен, сол тіркес мүшелерімен бірге орналасады және олар сол тіркес құрамында мағыналық рөлін атқарады». Мұндай орналасу сөздердің грамматикалық келісімін сақтауға көмектеседі.

Атрибут сөздер құрылымы көбінесе сөйлемнің мағыналық тұтастығына әсер етеді. Бұл ретте атрибуттың сөйлемде бірінші орынға қойылуы, оның ерекше мағына беретінін көрсетеді. Мысалы, «көркем сурет» тіркесінде «көркем» сөзі, әдетте, суреттің мәнін түсіндіреді, бірақ егер «сурет көркем» деп айтсақ, онда сөздер арасындағы мағыналық реңк өзгеруі мүмкін.

Атрибуттың грамматикалық функциялары оның сөйлем ішіндегі мағыналық және құрылымдық рөлін анықтайды. Атрибуттар сөз тіркестерінің құрамында негізгі сөздердің қасиетін, сапасын, санын және белгісін көрсетіп, сөйлемнің мағыналық тұтастығын сақтайды. Ғалымдардың пікірлері бойынша атрибуттың қызметі тек оның синтаксистік ерекшеліктерімен ғана шектелмей, оның сөйлемдегі құрылымдық маңызы мен мағыналық әсері де айтарлықтай. Қазақ тіліндегі атрибуттың грамматикалық қызметін толық түсіну оның синтаксистік құрылымдардағы рөлі мен сөйлем ішіндегі мағынасына тереңірек бойлауды талап етеді.

Атрибуттың семантикалық қызметі оның заттар мен құбылыстарды қалай сипаттайтынымен тығыз байланысты. Атрибуттар сөздің семантикалық құрылымын кеңейтеді, оны нақтылайды және толықтырады. Мысалы, «көгілдір аспан»

тіркесіндегі «көгілдір» сөзі аспанның түсін білдіреді, осы арқылы аспанның ерекшелігін көрсетеді. Демек, атрибут белгілі бір объектінің қасиетін ашып қана қоймай, оны түсінуге көмектеседі.

Атрибуттың семантикалық қызметі оның сөйлемде тек қосымша ақпаратты беруімен ғана шектелмейді. Ол заттың немесе құбылыстың мәнін ашып, сол арқылы сөйлемнің жалпы мазмұнына тереңдік қосады. Мысалы, «биік үй» тіркесіндегі «биік» сөзі үйдің негізгі қасиетін ашып, оның сипаттамасын кеңейтеді. Сонымен қатар, атрибут сөз тіркесінің құрылымында жиі қайталанып келіп, өзінің мағыналық қызметін күшейтеді.

Атрибуттың грамматикалық функциялары мен оның сөйлемдегі орны қазақ тілінің синтаксистік құрылымын толық түсінуге маңызды үлес қосады. Бұл зерттеуде атрибуттың анықтауыштық қызметі, оның сөз тіркесіндегі құрылымдық және семантикалық рөлі кеңінен қарастырылды. Атрибут сөздердің мағыналық байланысын тереңдетіп, сөйлемнің мағыналық аясын кеңейтеді. Сонымен қатар, атрибуттың тілдегі қызметі оның сөздердің қасиеттерін анықтап, сол арқылы коммуникацияның нақты әрі айқын болуына әсер етеді.

Қазақ тілінде атрибуттың қолданылуы оның грамматикалық категорияларымен тығыз байланысты. Атрибуттың сөйлемдегі орны мен рөлі сөздер арасындағы байланысты қалыптастырып, олардың грамматикалық келісуін қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, атрибуттың анықтауыштық қызметі, оның синтаксистік қатынастардағы орны мен грамматикалық функциялары қазақ тілінің құрылымдық ерекшеліктерін терең зерттеуді талап етеді.

Ғалымдардың пікірлері мен зерттеулеріне сүйене отырып, атрибуттың тек грамматикалық қызметін ғана емес, сонымен қатар оның семантикалық функциясын да ескеру қажет. Атрибут сөйлем ішіндегі мағынаны нақтылап, толықтырып, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы ақпарат алмасуды жеңілдетеді. Бұл тұрғыда атрибуттың коммуникативтік аспектісі ерекше маңызға ие болып отыр. Осылайша, атрибуттың грамматикалық және семантикалық қызметін зерттеу қазақ тілінің синтаксистік жүйесінің толық көрінісін бере отырып, тілдің құрылымын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Атрибуттың тілдегі қызметі оның сөйлемдер мен сөз тіркестеріндегі мағынасын толық аша

отырып, қазақ тілінің құрылымдық ерекшеліктерін дұрыс түсіну-ге және қолдануға жол ашады.

**Әдебиеттер:**

1. Аханов.К.А. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993.
2. Ахметова Н.Қ. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 2015.
3. Мадениеттану және тіл білімі бойынша зерттеулер. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
4. Балақаев М. Қазақ тілінің синтаксисі. – Алматы, 2005.
5. Сыздықова Р. Қазақ тілінің анықтауыштар жүйесі. – Астана, 2014.
6. Сайрамбаев.Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014.

*Д. КЕЛГЕН,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
2-курс магистранты*

**ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨПІР: ИВО АНДРИЧТИҢ «ДРИНА  
КӨПІРІ» ЖӘНЕ ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВТЫҢ  
АУДАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ**

Тарихты ұмытқан халыққа оны қайтадан бастан кешіруге тура келеді. Тарих – бұл біздің өткеніміздің айнасы, біз оның қалай көрінетінін, қандай естеліктер қалдыратынын қаперге алуымыз керек. Ал оны зерттеу – халықтың жүрегіне үңілу, олардың тағдырларын түйсіну, өткеннің сабақтарын есте сақтау, бүгінгі күннің күрделілігін түсіне отырып, болашаққа дайындалу. Осы тұрғыдан біз тарихымызды қалай таныдық? Қалай жаздық? Қалай әспеттедік деген бірқатар ойдың ұшығы шығады. Біздегі «Көшпенділер», «Алтын орда» сынды тарихи романдарды оқығанда өткен күн қойнауына енгендей боласың, біраз дүниеге қанығасың, танысың, тарих деген осы екен деп хандарға, Шыңғыс тұқымына құлдық ұрасың. Дегенмен роман сол уақыттағы қарайған халықтан ешбір хабар бермейді. Тек хан тұқымдары ғана өмір сүргендей екіұдай күйде қалатынымыз да жасырын емес.

Таяуда «Steppe&world» баспасы Таласбек Әсемқұловтың тәржімелеуімен Серб жазушысы Иво Андричтің «Дрина көпірі» романын басып шығарды. Балқан түбегінің төрт ғасырлық

шежіресін шертетін тарихи романды оқып, біздегі романдардай емес өңге өң барын сезіндік. Тарихты жазудың бөлек тәсіліне, жазушының шеберлігіне де мойынсұндық. Қазақы шығармалардай ішіне ене тартып кететін қасиетті бойына сіңірген аудармаға да ерекше сүйіндік. Енді сол сүйекті шығарма туралы азды-кем пікірімізді өздеріңізбен ортақтассақ деп отырмыз.

Иво Андричтің «Дрина көпірі» романы – Балқан түбегінің тарихы мен мәдениетінің терең, философиялық тұрғыдан, әрі алуан түрлі кейіпкерлердің құбылмалы адамгершілік мәселелерін қамтитын көркем туынды. Роман адам мен қоғамның қарым-қатынасын, тарихи оқиғалардың адам тағдырына әсерін, мәдениеттердің шекараларын бейнелейді. Иво Андрич 1892 жылы Босния мен Герцеговина аумағында дүниеге келді. Оның балалық шағы Боснияның табиғи сұлулығы мен мәдени кеңістігінің ортасында өтті. Ата-анасы оның әдебиетке қызығушылығын оятып, білімге, мәдениетке деген махаббатын дамытты. Оның әдебиетке деген құштарлығы университетте оқып жүрген кезде одан әрі өрбіді, онда ол философия мен әдебиетке терең енген еді. Андричтің өмірі саяси және тарихи оқиғалармен тығыз байланысты болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ол Австрия-Венгрия үкіметі тарапынан ұсталып, түрмеге қамалды, кейіннен Парижге қашып кетті. Бұл оқиғалар оның шығармашылығына, әсіресе «Дрина көпірі» романына айтарлықтай әсер етті. Андричтің шығармаларында Балқан түбегіндегі этникалық, мәдени және діндік мәселелердің бейнеленуі көрініс табады. Ол тарихи оқиғаларды шебер түрде пайдалана отырып, сол уақыттағы әлеуметтік мәселелерін қозғады.

Андричтің жазушылық шеберлігі оның шығармашылығында терең философиялық және әлеуметтік идеялардың ашылуымен ерекшеленеді. Оның стилі поэтикалық, символикалық, метафоралық сипатқа ие. «Дрина көпірі» романында автор кеңістікті, уақытты, адам мен табиғат арасындағы байланыстарды шебер бейнелейді. Андрич тарихи оқиғаларды суреттеу мен адамгершілік мәселелерін зерттеу арасында терең байланыс орнатады. Ол халықтардың, мәдениеттердің және діндердің арасындағы күрделі қарым-қатынастарды көрсете отырып, оқырмандарға терең ойлануға мүмкіндік береді. Романдағы

кейіпкерлердің ішкі дүниесін ашу үшін автор шиеленісті оқиға, поэтикалық тіл мен символиканы пайдаланады.

«Дрина көпірі» романы – адамзат тарихының күрделі оқиғаларын, әр түрлі халықтың тарихы мен мәдениетін біріктіретін шығармашылық туынды. Романның сүйектілігі – автордың кейіпкерлерінің ішкі дүниесін терең ашуында. Әр кейіпкердің өз тағдыры, арманы мен қасіреті бар, бұл олардың тағдырындағы тарихи жағдайлардың әсерін терең суреттейді. Романның құрылымы – оның айтпаса болмайтын ерекше қырының бірі. Андрич оқиғаларды әр түрлі уақыт кезеңдерінде баяндап, көпірдің тарихын, сонымен қатар оған байланысқан адам тағдырларын көрсетеді. Көпірдің өзі – тек географиялық нүкте емес, сонымен қатар адамдардың арасындағы байланыс, мәдениетаралық диалог, достық пен бейбітшіліктің символы.

Мехмет-паша Соколович. Бұл кейіпкер – Дрина көпірінің салынуына негіз болған тарихи тұлға. Оның өмірі Осман империясының Балқандағы үстемдігімен тікелей байланысты. Мехмет-паша жас кезінде христиан отбасынан шығып, әскер қабылдау кезінде Осман билігіне көшеді. Бұл жүйе бойынша жас христиан балалар Осман империясына қызметке алынып, кейін жоғары лауазымдарға жететін. Мехмет-паша Стамбулда өсіп, уәзірлік деңгейге жеткеннен кейін туған жеріне көпір салуды бұйырады. Оның өмірі Осман империясы мен Балқан халықтарының тағдырын байланыстыратын көпір іспеттес. Оның көпір салдыруы – туған жеріне деген махаббаттың символы және осы аймақтағы мәдениеттер арасындағы қарым-қатынастың бейнесі еді.

Тағы бір ерекше кейіпкер Лотика. Лотика романда Австро-Венгрия билігі кезіндегі кезеңнің өкілі ретінде көрсетіледі. Ол көпірдің жанында кафе ашып, қонақ үй салып, оны басқарушы ретінде жаңа экономикалық және әлеуметтік мүмкіндіктерді пайдаланады. Лотиканың тағдыры құндылықтардың өзгеруін көрсетеді. Оның заманы – сауда мен туризмнің дамуының, Балқан түбегінің әлемдік процестерге қосылуының кезеңі. Оның өмірі, саудадағы жетістіктері, құлдырауы және сол арқылы көпірмен байланысы уақыт өте келе кейінгі әлеуметтік өзгерістердің айқын көрінісі болатын.

Радислав – Осман билігіне қарсы шыққан кейіпкер. Ол Осман империясының басқыншылығын қабылдамайды және Дрина көпірінің құрылысын символикалық түрде қирауға тырысады. Радиславтың тағдыры – халықтың отарлық билікке қарсылығының көрінісі. Оның әрекеттері романда ұлттық және діни сезімдердің күшеюін бейнелейді. Оның тағдыры Осман империясының құлауымен байланысты, сондықтан ол өз халқының тәуелсіздігі үшін күресуші ретінде көрінеді.

Милан. Милан романда жаңа кезеңді — Австро-Венгрия билігінің орнауын білдіреді. Оның өмірі Балқан түбегіндегі батыс ықпалының күшеюін, индустрияландыруды және заманауи өмірдің басталуын суреттейді. Милан дәстүрлі өмір мен жаңа заманның арасындағы күрделі қарым-қатынасты бейнелейді. Ол прогресске сенгенімен, өзгерістерді қабылдау оңайға соқпайды, сол себепті оның өмірі – Балқандағы мәдени алшақтық пен заманауи құндылықтардың күресін көрсетуге арналған.

Романның символдық кейіпкерлерінің бірі – Фата. Оның өмірі арқылы патриархалды қоғамның ережелерін байқауға болады. Ол бай мұсылман отбасының қызы және дәстүрлі неке одағын құруға мәжбүр болады. Оның тағдыры арқылы Балқан қоғамындағы әйелдердің орнын, олардың отбасылық міндеттерін және гендерлік рөлдерді көруге болады. Фатаның ішкі қақтығыстары дәстүрлі қоғамдағы шектеулер мен әйелдердің әлеуметтік еркіндіктерінің жетіспеушілігін бейнелейді.

Ең негізгі кейіпкердің бірі – Әли Қожа. Ол – ескі дәстүрдің және ислам дінінің өкілі. Ол Осман империясының дәуірінде өмір сүрген және жаңа заманның өзгерістерін қабылдамайтын кейіпкер. Оның өмірі өзгерістерге қарсылықтың символы ретінде көрсетіледі. Ол австриялық биліктің келуімен және оның әкелген жаңалықтарымен келіспейді. Әли Қожа өзінің дәстүрін сақтай отырып, өз мәдениеті мен дінін қорғауға тырысады, бірақ жаңа уақыт оны біртіндеп ығыстырады. Оның тағдыры – өткен мен қазіргі уақыттың қақтығысын көрсетеді.

Осы сынды сандаған кейіпкерлердің тағдырын жымын білдірмей жымдастырып, романның толық қаңқасын құраған оқиғалар легі бірінен кейін біріне елітіп отырады. Онда махаббат, жауыздық, ізгілік, құмар, өсек аяң, өнер, жаңалық, табиғи апат, тылсым дүниелердің барлығы қамтылған және шебер өрілген.

Адамзатта болар барлық тақырыптарды қаузаған сүйекті шығармаға, жазушы шеберлігіне айтар бізде әдді жоқ.

Әр тарауында әртүрлі оқиға айтылатын, бірақ бір-бірімен қатысты сюжеттердегі жазушының образ сомдауы таңғалдырады. Мәселен, бай саудагер Абдақтың тәкаппар да сұлу қызы – Фата, іскер де сұлу, кәсіпкер еврей әйел – Лотика, тас жетім, әумесір Шорқан образы, басқа да кейіпкерлердің болмыс-бітім, мінезін автор аса нанымды, айшықты көрсетеді. Осы кейіпкерлерге байланысты әртүрлі оқиғалар – махаббат пен ғадауат, ізгілік пен зұлымдық, жеңіс пен жеңіліс баяндалады. Оның бәрі оқырманға әсер етпей қоймайтын дүниелер [1].

Иво Андрич 1961 жылы Нобель әдебиет сыйлығын алды. Нобель комитеті оны «Балқан халықтарының тарихи, мәдени және алуан түрлі тағдыры туралы терең және маңызды шығармалары үшін» марапаттады. «Дрина көпірі» романы – Андричтің шығармашылығында ерекше орын алады, ол тарихты, әлеуметтік құрылымды, мәдениеттер мен дәстүрлерді терең зерттей отырып, адамгершілік мәселелерін қозғайды. Андричтің шығармасы тек әдебиетте емес, сонымен қатар қоғамдық ойда да маңызды рөл атқарды. Оның романы халықтың тарихын, мәдениетін, өмір сүру тәжірибесін және адамдардың қарым-қатынастарын тереңірек түсінуге көмектеседі.

«Дрина көпірі» романы – Балқан түбегі тарихының күрделі оқиғаларын, халықтардың тарихы мен мәдениетін біріктіретін кесек шығармашылық туынды. Романның тарихи құндылығы – автордың Балқандағы этникалық, мәдени және діни ұқсамастықтарды терең зерттеуі. Андрич, романында Балқандағы халықтардың қарым-қатынастарын, олардың тарихи тәжірибесін, әлеуметтік құрылымын және дін мен мәдениет арасындағы байланыстарды бейнелейді. Андричтің романы халықтардың арасындағы күрделі қатынастарды зерттеуде ерекше маңызға ие. Ол тарихтағы соғыстар, мәдени айырмашылықтар және әлеуметтік теңсіздіктердің адам тағдырына қалай әсер ететінін көрсетеді. Романның тарихи контексті – оның құндылығының негізгі аспектісі болып табылады.

Көпір – романның басты символы. Ол халықтардың, мәдениеттердің, дәстүрлердің және діндердің арасындағы байланысты бейнелейді. Көпір арқылы Андрич адамзаттың рухани бірлігін,

элеуметтік байланыстарды және бейбітшілікті насихаттайды. Көпірдің символикасы – романдағы тақырыптардың бірі, ол адамзаттың тарихы мен мәдениетінің ортақтығын көрсетеді. Көпірді салу процесі, оның өзгерістері мен дамуы – қоғамдағы элеуметтік динамиканың, тарихи оқиғалардың бейнесі. Көпірдің үстінде адамдардың тағдырлары мен тарихы тоғысып, олар арасындағы байланыс қалыптасады. Көпір – соғыс пен бейбітшілік, достық пен дұшпандықтың, адамгершілік пен қатігездіктің арасындағы шекара. Андрич көпір арқылы қоғамдағы әртүрлілікті, диалогты, қарым-қатынасты көрсетуге тырысады.

«Ол қарт қария секілді, бәрін көзімен көрген, ғасырлар бойы Вышеградтың ғана емес, тұтас Балқан түбегіндегі саяси-элеуметтік мәселелерді бастан кешкен, бәрін өзінің шомбал ақ тастарына жазған. Оған адуынды бектер, қанішер баскесерлер, жазалаушы отрядтар, босқындар мен міскіндер, саудагерлер мен ұрылар да өзінің тарихын жазады, сырын шертеді, мұңын ақтарады. Империялардың саяси ұрандары ілініп, тәртіп пен заң жайындағы қауесеттер алдымен көпірге естіледі. Оған қарапайым адамдар тауқыметті тағдыры туралы шағынып, жас ғашықтар махаббат лирикасын оқиды, пірәдарлар мен молдалар дұғаларын күбірлеп, бостандықты қалаған жастар саяси амбицияларын қашайды. Бір қарасаңыз, Дрина махаббат көпірі секілді елестейді. Бұл туралы жазушының керемет ойы бар. Ол шығармада былай дейді: «Ғашықтық дертін тартқан әйелдер мен көпірдің арасында ежелден байланыс болған, бұл өзі ерекшелігі бар байланыс болатын. Еркектер өтіп бара жатқан қызға қырындап, сөз айтады немесе осы жерге келіп, өзінің ғашықтық сыры мен қайғысын бөліседі. Қанша еркек кіндікті осы жерде баяу әндетіп, қорқордың түтініне оранып немесе жалғыз өзі үнсіз аққан өзенге телміріп, барлық пенденің сұлулыққа төлейтін жан салығын өтеп ұзақ уақытын өткізеді» [2].

Сайып келгенде, бұл роман бүгінгі күннің де таптырмас жан азығы. «Дрина көпірі» романының бүгінгі күнде өзектілігі – адамгершілік, әділеттілік, мәдениетаралық диалог және бейбітшіліктің маңыздылығында. Андричтің шығармасы, өткеннің сабақтарын ескере отырып, қазіргі қоғамдағы элеуметтік мәселелерді терең түсінуге мүмкіндік береді. Көпір символикасы арқылы автор халықтардың арасындағы байланыстарды нығайту, әртүрлі мәдениеттерді, дәстүрлерді біріктірудің маңыздылығын



көрсетеді. Роман бүгінгі күнде де өзекті болып қала береді, өйткені адамзаттың тарихы мен мәдениеті әлі де күрделі.

Иво Андричтің «Дрина көпірі» романы – адамгершілік, тарих және мәдениеттің тереңдігінің символы. Шығарма мықтылығы, автордың өмірлік тәжірибесі, шығарманың бағалануы және Нобель сыйлығының берілуі, сондай-ақ романның бүгінгі күндегі өзектілігі – барлығы осы шығарманың әдебиеттегі маңызды орнын айқындайды. «Дрина көпірі» – өткен мен бүгіннің арасындағы алтын көпір, ол адамзаттың күрделі тарихының бейнесі болып қала береді. Иво Андрич – қазақ топырағынан өзінің нағыз рухани аудармашысын тапқан бақытты жазушы. Себебі Иво Андричті қазақша сөйлеткен аудармашының, яғни Таласбек Әсемқұловтың да шеберлігін бағалай білуіміз керек. Мұндай сапалы аударма қазақ әдебиетінде некен-саяқ. Болмысы бөлек, дарыны дара Таласбек Әсемқұлов өзінен ілгерідегі Асқар Сүлейменовті рухани ұстазы тұтқан. Сол ұстазы туралы бір естелігінде: «адамзаттың рухани байлығын еселеп өсіретін нұрлы тұлғалардың қатарында» [3], – дегеніндей, өзі де сол қатарға сөзсіз қосылды деп айтсақ болғандай.

#### **Әдебиеттер:**

1. Наурызбай З. Дрина көпірі – Батыс пен Шығыс. Сұқбат. [https://adebiportal.kz/kz/news/view/drina-kopiri-batys-pen-sygys\\_25341](https://adebiportal.kz/kz/news/view/drina-kopiri-batys-pen-sygys_25341)
2. Таңжарық Т. «Дрина көпірі»: Шығыс пен батыс қақпасы // <https://abai.kz/index.php/post/183406>
3. Әсемқұлов Т. Шығармалары. Т:4. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2016.

**Г.К. УТЕПБЕРГЕНОВА,**  
*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ*  
8D02304 – Әдебиеттану мамандығының  
1-курс докторанты,  
**З.Қ. БИСЕНҒАЛИ,**  
*ф.ғ.д., профессор*

## **АЛМАҒАЙЫП ТАҒДЫР ЖӘНЕ «АҚ ЖАЙЫҚ» (Хамза Есенжанов шығармалары қақында)**

Хамза Ықсанұлы Есенжанов – саңлақ суреткер, яки, өзгелерін өз алдына қойғанда, шындық пен сырға, ой мен образға, сезім мен суретке, парасат пен философияға толы бір трилогия, бір диалогия – біріне-бірі жалғаса, бірінен-бірі туындай тұтасқан бес том тарих-төңкерістік романдар циклін жазып қалдырып кеткен тамаша сөз зергері.

Хамза Ықсанұлы Есенжанов 1908 жылы 23 желтоқсанда бұрынғы Жымпиты уезі Аңхаты болысының №1 аулында қазіргі Орал облысының Ақ Жайық ауданына қарасты Ленин атындағы колхоз орналасқан жерде дүниеге келді. Атасы Есенжан Жүнісбаев өзінің сегіз баласын да медреседе оқытқан орта шаруалы адам болған. Хамзаның бір ағасы Ғалымжан Есенжанов орысша оқып 20-жылдары Жымпиты уезінде кеңес өкіметін орнатуға белсене араласқан. Енді бірі Хайыржан мектепте оқытушы болып қызмет атқарған. Ата-анадан ерте жетім қалған Хамза Жымпиты орталығында жұмыс жасайтын Хайыржан ағасының қолында тәрбиеленеді. Сөйтіп 1920-27 жылдары Жымпитыдағы жетіжылдық мектепте білім алады. 1927 жылы Алматыға келіп, мұнда 1928-29 жылдар аралығында зоотехникумде, содан соң Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік педагогикалық институтында оқып, оның тіл және әдебиет факультетін 1933 жылы бітіріп шығады. Осы жылдары үлкен оқу орнында студенттік күндердің қиыны мен қызығына қатар төзген замандасы, академик М. Қаратаев: «Сырт көркі де әдемі, киімі де таза сәнді. Арамызда ақ жаға көйлек киіп галстук тағатын да сол жалғыз Хамза. Бұл оның интеллигент семьяда өсіп ішті-тысты мәдениеті белгілі бір қалыпқа түскен жас екенін аңғартатын еді. Қаламының желі бар жас прозаик Жазушылар Одағының ұйымдастыру комитетінде

Лияс Жансүгіровтің қарамағында аз уақыт хатшылық қызмет те атқарғаны есімде. 1932 жылы сахнаға қойылған Ғұзайыр Жасақбаевтың пьесасы туралы “Заман заңы” дейтін мақала жаздық. 1933-34 жылдары екеуміз қосылып бастауыш сыныптарға арналған оқулық кітабын шығардық” /1.9/-деп жазады.

Хамза 1934-36 жылдары аралығында Ленинградта аспирантурада оқиды. Тіл, тарих, әдебиет институтының аспирантурасында бір жыл оқығаннан кейін келесі жылы Мемлекеттік өнер зерттеу институтының аспирантурасына ауысады. Ленинградтан 1936 жылы күзде қайтқан бетте өнертену ғылымын меңгерген жас маман әуелі қазақ филормониясында әдебиет және өнер секторының меңгерушісі, 1937 жылы Қазақ мемлекеттік филормониясының директоры. Әрі осы жылдары Абай атындағы педагогикалық институтында орыс әдебиеті тарихынан сабақ береді. Кейін Қазақ мемлекеттік опера және балет театрының директоры.

Балалық шағы ескі ауылда басталып, жастық шағы төңкерістің жалынды жылдары мен Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңінде ұлы өзгерістер мен қым-қуыт тап күресі жағдайында өтіп, екі дүниенің мол өмір материалын балғын сана-сезіміне жинаған болашақ жазушы шығармашылыққа қалай келді? Бұл сұраққа жазушы:

“Бір кезде Жәлен Аймурзин дейтін ақынның өлеңдері губерниялық “Қызыл ту” газетінде жиі басылып жүрді. Бұл ақынның көп өлеңі қазақ қыздарының теңсіздігін, сүйгеніне қосыла алмай малға сатылып кететінін, бұл ауыр халдің сол кезге дейін қаламай келгенін сипаттаған. Оқушыға үлкен әсер еткен жастар жаттап алып, тақпақ етіп айтып жүретін. Сол Жәлекеңе еліктеп, жетіжылдық мектепте жүргенде бірінші өлеңімді жаздым. Онда туысқандары мал алып, қызды еріксіз көндіріп, зорлап ұзатқан қасіретті халді суреттеген болдым. Сөйтіп, “Жамал кетеді аулынан” деген өлеңімді “Қызыл ту” газетіне мен де жібердім. Әрине, ол өлең басылған жоқ. Оның көркемдік жағы әлсіз, шәкірттік шатпақ екені басылмағанынан-ақ көрініп тұр. Алайда бұл үлкен сабақ болды. Асықпай, мұқияттап жазып, тығып тастап қайта оралып, көбірек көшіріп пісіңкіреу әдетіне үйретті. Өлеңмен баспа бетіне шыға алмаған соң тағы да сондай

тақырыпқа фельетон жаздым. Мұның сәті түсті: “Елші” деген бұркеме атпен жазған “Алтынның қадағы алты сом” деген тырнақалды шығармам “Қызыл туда” басылды. Келесі жылы тағы да сол “Қызыл ту” Қызыл Армияға алынған құрдастарыма бағыштаған кішкене өлеңімді жариялады”/2.84/, – дейді.

Өлендері мен әңгімелерінің ойда пісуі әріден, баспасөз бетінде көрінуі 1929 жылдан басталады десек те, жазушы Қазақ педагогикалық институтында оқып жүрген кезде жазған “Өлеңтінің жағасында” деген көлемді әңгімесін “осы тырнақ алды шығармамды Бейімбет Майлин оқып шығып аз-мұз түзеттіріп “Жаңа әдебиет” журналының 1930 жылғы 7 санында жариялады” /2.84/, – дейді.

Осылайша жазушы-қаламын қаңтармай “Қызыл құшақ” атты повесін, “Жер шарында” атты 1 актілі пьесасын, “Ол он алтыда еді”, “Труба” атты әңгімелерін жазды.

Қасым Тоғызбақовпен бірлесіп Иван Шуховтың “Өшпенділер”, “Карло Гальдонидың “Екі мырзаға бір қызметкер” пьесасын, А.С. Пушкиннің “Дубровский”, И.С. Тургеновтың “Рудин” романын қазақшаға аударды. Бастауыш және орта мектеп оқушыларына арнап, әдебиеттік оқу кітабы мен оқулық хрестоматиялар құрастырды, сондай-ақ әдебиеттің актуальді проблемаларына арнап бірнеше мақала жазды. Мәселен көркем шығарманың эстетикасы, көркем әдебиеттегі замандас тұлғасы, әділ сын, орыс романдары туралы, сонымен бірге түрлі публицистикалық және әріптестер шығармашылығына көз жібергендегі алуан түрлі ойлары жазушының мақалаларының негізгі арқауы.

Хамза Есенжанов шығармашылығы 1938-56 жылдар аралығында жеке басқа табынушылық зардабынан үзіліп, жазушы 17 жыл Сібірде айдауда болады. Жазушының аяулы жары София Тастемірова естелік мақаласында:

“1938 жылдың 19 наурыз күні таңертеңгі онда телефон шыр ете қалды. Көтерсем бейтаныс дауыс Хамзаны сұрайды. ҚазПИ-де лекциясы бар. Жұмысқа кетті, - дедім. Сағат он бірдің кезінде үш жігіт сау ете түсті. Өңдері суық, сөздері ызбарлы. Есім шығып кетті. Сенің ерің халық жауы ретінде ұсталды. Үйге тінту жүргіземіз,-деді. Құдайдың тас төбемнен ұрғанын сонда бір-ақ білдім” /3.33/, – дейді. Бұл Хамза мен Софияның үйленгендеріне

бір ғана жыл толған жылғы оқиға. Сөйтіп “бұрынғы Қазақ КСР НКВД Халық комиссары Замин, оның орынбасары Володько, сол комиссариаттың төртінші бөлім бастығы Павлов жазушыға “ұлтшыл” деген таңба тағады. Х. Есенжановтың ісі сотта қамауға алынғаннан кейін бір жарым жылдан соң қаралған. Ақыры Қазақ КСР НКВД әскерлері әскери трибуналының соты 1939 жылғы 8-17 тамыз күндері істі қарайды. Әуелі бес жылға кейін сегіз жылға кесіп, еңбекпен түзеу лагеріне жөнелту жөнінде ұйғарым жасалды. Сөйтіп Хамза Новосибирск, Томск түрмелерін көреді. 1945 жылы Новосибирскіден Томскіге ауыстырса, 1946 жылы қайтадан Новосибирскіге жібереді. Кесікті мерзімі де таяп қалған. Дегенмен көрмекке, жолығып сөйлеспекке София Сібірге барады. Алайда Хамзаның орнын сипап қалады. Сөйтсе келерінің алдында ғана босанып, лагерьден шығып кетіпті. Екеуі Томск стансасында табысады” /4.9/ .

Мұнан кейінде 1948 жылы қайта ұстап тергейді. Бұл жолы әуелі бір жыл Теміртауда отырады, одан кейін жер аударып Красноярск жағына жібереді. Сот шешкен бап бойынша “По жизненная ссылка. Без срока” деп көрсетіледі. Бұл оның ғұмыр бойы еліне, жеріне мәңгі оралмайтынының белгісі болған соң, орыс декабристерінің әйелдері сияқты қайратты серік етіп, Хамзаны аударған жерге София да келеді. Сөйтіп екеуі Бирилюссыда тұрады. Екінші ұлдары Әлихан осы жерде дүниеге келеді. София дәрігер болып қызметін жалғастырса, Хамза көп әуре көріп, ақыры алты айдан кейін мал бордақылайтын орынға бухгалтерлік жұмысқа кіріседі. 1955 жылы ақталып Алматыға оралады.

Хамза Есенжанов алмағайып тағдырдың тәлкегіне түсіп көп жыл әдебиет ортасынан қол үзіп қалды. Енді қасірет кезеңін артқа тастап, басына еркіндік тиіп, қалам күдіретіне ғана бағынған жазушы көкейінде көп жылдар бойы шермен болып қатқан сырларын ақ қағаз бетіне көсіле төккен еді. Ол “біздегі Европа үлгісімен жазылған бірінші роман” деп Әуезов таныған – “Ақ жайық” романын дүниеге әкелген болатын. Бұл романның алғашқы кітабы жазушы Алматыға келгеннен кейін, араға екі-ақ жыл салып дүниеге келсе, 1960 жылы екіншісі, 1965 жылы үшінші кітабы жарық көріп үлкен трилогияға, әрі Есенжановтың бас кітабына айналады.

Тар қамаудың ішінде еңсесін түсірмей, жарқ еткен ойын өшірмей, айдаудағы уақытын текке өткізбей темекі қорабының беттеріне, газет-журналдың қиындыларына, қол сүртілген майлы қағаздарға, әйтеуір әріп түсетін тілдей қағаздарға қарандашпен “Ақ Жайық” романының алғашқы нұсқасын жаза бастайды. Мұны 17 жыл бойы жастық ішіне жасырады. Түрмеден 1947 жылы бірінші рет босанып шыққанда сол жастықты үйіне көтере келеді. Бұл жайлы жазушының жары София апай: “Үйге келгеннен кейін терезе, есікті жауып, қараңғылап жастықты ортаға қойып сөгіп, ішінен жапырақ-жапырақ, кейбірі түтілген, жыртылған қағаздарды үшеуіміз санына, ретіне қарап реттеп жинадық. Оларды Хамза күндіз түні отырып, үш үлкен дәптерге көшірді. Бірақ 1948 жылы қайта ұсталғанда жазғандары тергеушілер қолына түсті” /3.35/ десе, мұны Х.Есенжанов “ойға өрілген осы болашақ шығарманың бастапқы түрі тек 1947 жылы ғана алты жүз беттік қолжазбаға айналды” - деп жазады /3.87/ .

Сөйтіп жазушының бұл арманы да орындалып, романның аты “Ақ Жайық”, оқиға – Ұлы қазанның Батыс Қазақстанға жеткен тарихи күндері болып, 1958 жылы бірінші кітабы, 1960 жылы екінші кітабы, 1965 жылы үшінші кітабы жарық көрді.

1-кітап “Төңкеріс үстінде” Жайық жағасындағы алғашқы дүбір, Совдеп пен Войско үкіметінің қақтығыстары, қоғамнан бейхабар жастықтың буымен желіккен Хакім бейнесі көрінетін бұл алғашқы кітаптан үзінділер 1957 жыл Батыс Қазақстан облыстық “Октябрь туы” газетінің 3- санында, “Лениншіл жас” газетінің 5-6- санында, “Қазақ әдебиетінің” қазан айындағы бір санында жарияланған.

2-кітап “Шыңдалу” деп аталады. Қамауға алынған Совдеп басшылары, бостандықты көксеп бой көтерген қазақ орыс шаруалары, Ә. Әйтиев ізіне ілескен Хакім революционер қатарынан көрінетін түрлі оқиғаларға толы екінші кітаптан алғаш үзінділер 1959 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінде және Орал облыстық “Октябрь туы” газетінің бірнеше сандарында берілген.

3-кітап “Тар кезең” үлкен күрестер, ақыры тар кезең өтіп, азаттық аулы көрінген жайттарға толы. Бұл кітаптан алғаш үзінділер 1964 жылы “Социалистік Қазақстан”, 1965 жылы “Лениншіл жас” газеттерінде, “Жұлдыз” журналында және “Орал өңірі”, “Коммунист жолы” атты газеттерде жарық көрген.

“Азаматтық тарихымызға сай, халқымыздың көркем шежіресін жасап, қазақ даласының өзіндік сыры мол, табиғаты жағынан да, әлеумет өмірі жағынан да ерекшелігі көп өлкенің қазан дәуіріне біржолата аяқ басу кезеңін тамаша шеберлікпен баяндап беру – жазушының шеберлігі, ерлігі”/5.436/ боп қалған бұл үш кітапты роман бүгінде бес рет басылды. Алғаш 1958, 1960, 1961 жылдары “Қазмемкөрәдебаспасынан” шықса, 1961, 1965, 1968 1969, 1979, 1980, 1981,1988 жылдары “Жазушы” баспасынан бөлек-бөлек шықты. 2003 жылы “Жазушы” баспасы қайта басып шығарды. Бұл басылымдардың ішінде үшінші басылуы алғашқысынан едәуір өзгеріп шықты. Ал, соңғы яғни 1988 және 2003 жылғы басылымдар үшінші басылым бойынша шығарылған.

“М. Әуезовтың “Абайынан” кейін туған шын мәніндегі роман бізде онша көп емес. Сол романдар қатарына өзінің “Ақ Жайығымен” үлес қосқан Хамза Есенжановтың әдеби еңбегі әр уақытта ескерілуге тиіс” /6.11/, – деп Ғ.Мүсірепов “Ақ Жайық” романынан кейін екі кітапты “Көп жылдар өткен соң” романын жазып және өмірінің соңғы жылдары “Биғайша”, “Садубек пен Найман” романдары, “Қарт қазақ”, “Жайын ілерде”, “Жар” атты әңгіме-очерктерін жазған. Алайда жазушының қаламынан туған соңғы шығармалары не баспа, не баспасөз бетінде жарияланбаған. Ал “Ақ Жайықтың” заңды жалғасы деп танып жүрген “Көп жылдар өткен соң” роман-диалогиясы колхоздастыру дәуірін суреттеп, ағайынды Жүнісовтер трагедиясын, Ақметше, Құныскерей сынды арамзалар тағдырын бейнелейді.

### **Әдебиеттер:**

1. Қаратаев М. Талант пен тағдыр // Социалистік Қазақстан, 1988, 20 желтоқсан.
2. Сөзстан. 1-кітап.—Алматы: Жалын, 1980.
3. Тастемірова С. Аяулы тұлға. //Жалын,1988. № 1.
4. Бейсқұлов Т.Алмағайып тағдырға кезігіп // Қазақ батырлары, 2001 №5.
5. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет.— Алматы: Ғылым,1994.
6. Ғ.Мүсірепов. Хамза туралы бірер сөз. //Қазақ әдебиеті, 13 қаңтар, 1984 жыл, 11-бет.

**Ж.Б. МАНАПБАЕВА,**  
*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ*  
*8D02304-Әдебиеттану мамандығының*  
*1-курс докторанты,*  
**Е.М. СОЛТАНАЕВА,**  
*ф.ғ.к., аға оқытушы*

## **ЕСЕНҒАЛИ РАУШАНОВТЫҢ «ҒАЙША БИБІ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ЖЫЛАНДАР ОБРАЗЫ**

Есенғали Раушанов – поэзия әлемінде өлеңнің еңселі сарайын әсем де асқақ тұрғызған, кестелі тіл, шешен сөз және шебер өрнегімен танылған ұлттық деңгейдегі ақын. Оның қаламгерлік даралығын «Бастау» (1980), «Келінтөбе» (1984), «Шолпан жұлдыз туғанша» (1988), «Ғайша бибі» (1991), «Қара бауыр қасқалдақ» (1995), «Періштелер мен құстар» (2006), «Бозаңға біткен боз жусан» (2006) секілді жыр жинақтары анықтай түседі. Алғашқы қадамын 1969 жылы Жаңақорған аудандық «Коммунизм жолы» газетінде жарияланған «Дала таңы» өлеңімен бастаған ақын сол сәттен-ақ ұлттық поэзияның жарқын тұлғасына айналды. Оның шығармашылығы – мазмұны мен көркемдік-бейнелілік қасиеттері тұрғысынан ғана емес, құрылымдық ерекшеліктері мен ұлттық дүниетанымдық құндылықтары арқылы да терең зерттеуге лайық дүние. Жыраулардай толғанып, жан әлемінің нәзік қырларын тұспалдап жеткізетін ақынның ерекше стилі мен қайталанбас болмысы қазіргі қазақ поэзиясына елеулі үлес қосты.

Есенғали Раушановтың «Ғайша бибі» поэмасы – фольклорлық дәстүр мен дастан жанрының үлгілерін жаңаша өрнектеген ерекше көркем туынды. Құрылымы, көркемдік-эстетикалық мазмұны мен көтерген тақырыбы тұрғысынан бұл шығарма қазіргі қазақ поэмасының жарқын үлгілерінің бірі саналады. Жанрдың көркемдік мүмкіндіктері мен жаңашыл ізденістерін сөз еткенде, алдымен назар аударарлық дүние – осы «Ғайша бибі». Мазмұны мен пішіні, стилі тұрғысынан бұл поэма ерекше салмағымен дараланып, автордың ақындық шеберлігін жаңа қырынан ашып көрсетті. Сонымен бірге, бұл туынды Есенғали Раушановтың шығармашылық деңгейін ұлт ақыны дәрежесіне



көтергенін атап өткен жөн. Поэманың романтикалық сипаты оны даралай түседі: романтизмге тән ерекше жағдайлар мен айрықша мінездері арқылы танылатын кейіпкерлер – шығарманың айшықты белгілерінің бірі.

Ғалайкум-ассалаума бас қонаққа,  
Сонан соң үлкен-кіші жас талапқа,  
Ниетімді жырға бұрдым, жүзімді – елге,  
Хиссасын Ғайша бибі бастамаққа, –

деп басталатын Есенғали Раушановтың «Ғайша бибі» поэмасындағы бұл кіріспе шумақ шығарманың мән-мағынасын, көркемдік сипатын терең түсінуге негіз бола алады.«Жыландар жыры» тарауында Талас жерін мекендеген ордалы жылан тағдыры сөз болады. Адамдардың қара ниетінен отқа өртенген жыландар мен адамдар әлемі қатарластыра алынып, үлкен адамзаттық мәселе философиялық тұрғыдан көркем туынды заңдылығына сай зерделенеді. «Жыландар жыры» - адамдардың табиғатқа, сол арқылы өздеріне әкелген зауалын жыланның монолог-зары арқылы жеріне жеткізе айтып берген көркемдік тәсіл. Фольклорлық дәстүрдегі жыр үлгісін, ауызша және жазба әдебиеттегі ерекше әсер туғызған соңғы қайталау (эпифора) тәсілін пайдалана отырып, ақын жыланның зары арқылы күллі жаратылыстағы қайшылық пен қиянатты ақтарады. Ел жадындағы аңызда Айша қызды жылан шағып өлтіреді. Есенғали поэмасында осы желі болғанымен, Ғайшаның өлімі, жыланның шағуы мүлде басқаша жағдайда өрбіген. Адамдар тағдырымен жыландар әлемін қатарластыра берудің өзінде көне танымды негізге алу бар. «Бұл мақұлық күні бүгінге дейін қазақ сенімінде маңызды орынға ие болып отыр. Жыланға қазақ құпия таным, тылсымдық сипат берумен қатар, көмекшілік қасиет те берген. Басқаша айтқанда, жылан культі – арғықазақ мифологиясының басты сипаттарының бірі» – деп жазады мифтанушы С. Қоңдыбай.

Шумақтың құрылымдық ерекшелігіне келсек, «Ғалайкум-ассалаума бас қонаққа» жолы дәстүрлі қазақ жырларындағы кіріспе амандасу салтына сай келеді. Ақын тыңдаушысына, яғни үлкенді-кішілі қауымға ізет көрсетіп, сөзін қадірлі түрде бастайды. Бұл жырдың халықтық дәстүрмен астасып жатқанын аңғартады. Ақын бас қонақтан бастап жас талапқа дейінгі

қауымды атап өту арқылы қазақ қоғамындағы үлкенге құрмет, кішіге ізет дәстүрін бейнелейді. «Ниетімді жырға бұрдым, жүзімді – елге» жолдары ақынның шығармашылық миссиясын, оның поэзияны халыққа арнайтындығын көрсетеді. Бұл шумақта ақын өзін елдің рухани қызметшісі ретінде танытады. Соңғы жолда «Хиссасын Ғайша бибі бастамаққа» деп поэманың негізгі тақырыбына ишара жасалады. Бұл тыңдаушыны тарихи әрі романтикалық мазмұндағы оқиғаға дайындайды. Қарапайым әрі бейнелі сөздер қолданылған. Ақын «ниет», «жыр», «жүзімді елге» сияқты ұғымдар арқылы терең ой мен сезімді астарлап жеткізеді. Шумақтың әр жолы оқырманға немесе тыңдаушыға арналып, ерекше жылы шырай мен жақындық сезімін тудырады. Амандасу арқылы ақын халықтық дәстүрді құрметтейтінін көрсетіп, туындысының тәрбиелік әрі көркемдік құндылығын айшықтайды. Сонымен қатар, «Ғайша бибі» оқиғасына тыңдаушыны дайын күйде әкеледі.

Поэманың әлқиссасында аңғартылған ой кейінгі тарауларда барынша терең тарқатылады. Жыландар – адам мен табиғат арасын байланыстырушы тылсым сыр иелері болып та ұғынылады. Жыланды культ санаудың ауыз әдебиетінде, тұрмыстық салт-ғұрыпта көптеген мысалдары бар. Әруақты қастерлейтін қазақ сол әруақтардың жылан кейпінде көрінуіне сенеді. Бұл сенімнің бірнеше мысалын Е. Раушановтың өлеңдерінен-ақ табуға болады. Ақын жыландар әлемін белгілі бір маңызды себептермен оқиға желісіне енгізген. Зерттеу еңбектерге, мифтанушы ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, дербес өмір сүретін рух жылан кейпіне ие болады, яғни адам дүниеден өткенде оның жаны жылан кейпіне айналады. Сондай-ақ өзіміздің қазақы түсінікте жер астына жасырылған қазынаның иесі де жылан болады деп есептелген. Поэмада Талас жерін мекендеген ордалы жыланды қағанат халқы «жылан бауырына алтын басып ұйықтайды» деп, ордаларын ойрандап, өртейді. Тотемдік қағиданы бұзған, киеге қарсы қол көтерген адамды қарғыс ұрады деген көне сенім тарихты, танымды қастерлеу мақсатында да өзіндік рөл атқарады. «Жыландар жыры» тарауындағы қасірет шеккен лирикалық кейіпкер дәрежесінде көрінген жыланның ішкі монологы – адамзат баласының адамшылық атаулыдан алыстап,

табиғаттан алшақтауының түбі үлкен қасірет боларын аңғартқандай.

Әлқисса, ол заманда Талас жерінде ордалы жыландар болады екен. Олар адамдарға, адамдар оларға тимепті. Күндердің күнінде қағанат халқы «жылан бауырына алтын басып ұйықтайды» деп, ордаларды ойрандап, кен қопарып, орнына мал жайып, егін салып, шаһарлар тұрғыза бастапты. Сөйтіп, бір күні кезек ең соңғы ордаға жетеді. Өрт құшағында аласұрып жүріп алты құлаш қара жылан, алтын бауыр ана жылан былайша зарлайды:

Кереге бойым жиырылып,  
Келге де болды-ау, ой, заман,  
Қызыл көз қоңыз шүйлігіп,  
Желкеме қонды-ау, ой заман,

От-жалын шырмап келеді  
Торына мықты, ой, заман.  
Ордамның асты кен еді,  
Сорыма бітті, ой, заман.

Жай басар жампоз серігім  
Жайнаған шокқа жығылып,  
Керіліп өткен кер інім,  
Кесірткеге ұсап жүгіріп.

Ораса нарды құлатқан  
Орма тіс апам, тырбанып,  
Кесек те кесек у атқан,  
Кез жарым сіңлім шыңғырып.

Бұл ордалы жыландардың тарихы мен олардың өз орнын қорғауға тырысуы, табиғат пен адамзаттың қарама-қайшылықтары айқын көрсетілген. Поэмада жыландардың «бауырына алтын басып ұйықтайтыны» жайлы халықтың түсінігі, яғни табиғаттың өздігінен үйлесімділігі мен тыныштығы бұзылған кезде пайда болатын зұлымдық пен құлдырау көрсетіледі. Бұл халықтың жерді иелену мен табиғатты өзгерту әрекетіне қарсы тұратын қарапайым тіршілік иелерінің, оның ішінде жыландардың қарсы әрекетіне ұқсайды. Қағанат халқының жыландарды «ойрандап, кен қопарып, орнына мал жайып, егін салып,

шаһарлар тұрғыза бастауы» символикалық тұрғыда адамзаттың табиғатты эксплуатациялауына, оның ресурстарын пайдалануына байланысты туындайтын табиғаттың балансының бұзылуы мен салдарларына меңзейді. Жыланның зарлауы тек табиғаттың қасіретін ғана емес, оның жұтылуы мен кері әсерін де білдіреді. Алтын бауыр жыланның «өрт құшағында аласұрып» өлуі, орданың жойылуы және табиғаттың апаты – адамдардың әрекеттерінің табиғатқа қандай кері әсерін тигізетінін көрсетеді. **Жылан** – көне дәстүрлерде және мифологияда әр түрлі мағынаға ие, көбінесе күшті, бірақ қауіпті, өзгерістер мен жаңаруды білдіреді. Жылан табиғаттың сақшысы және оның өз ортасындағы тыныштықты сақтап отырған тіршілік иесі ретінде көрінеді. **Алтын** – байлық пен қуаттың символы, бірақ бұл құндылықты иемдену арқылы табиғатты қырып-жою, оның тепе-теңдігін бұзу адамның өз өмірін де дағдарысқа алып келуі мүмкін екенін көрсетеді. **Өрт** және **от-жалын** – бұл табиғаттың жойқын күштері, адамзаттың өркениетке деген артық құштарлығының әсерінен туындаған апаттардың бейнесі. «Жыландар жыры» – қазақ әдебиетінің терең символикалық мәнге ие шығармасы. Поэмада табиғаттың тепе-теңдігі мен адамның оған әсері арасындағы күрес, сондай-ақ жыланның зарлауы арқылы адам мен табиғат арасындағы қатынастардың көрінісі бейнеленеді. Бұл шығарманы оқи отырып, табиғатты қорғау және оның сұлулығын сақтау мәселелерін тереңірек түсінуге болады.

Ығысқан жерім шет дала  
- Куды гой түре одан да,  
Туған жер деген тек қана  
Керектей жалғыз соларға.

Тарылтып қырдың тынысын,  
Ұмтылды біздей сорлыға,  
Қорғану дейді мұнысын,  
Шабуыл деудің орнына.

Айырып соңғы суымнан,  
Бақалы сайды тағы алды.  
Қаймығушы еді уымнан,  
Уға да тапты амалды.

Ол үшін енді жоқ қайғы,

Басқаның уы - зәрінен,  
Ештеңеден де қорықпайды,  
Қорықпаған жаман бәрінен.

Қорықпаған жаман, қорықпаған,  
Қорқыныш жоқта жоқ өмір.  
Тап берген сәтте от маған,  
Осылай дедім неге дүр.

Сездім де сосын ланды,  
Аждаһа шалға сиынып,  
Іліп ап екі жыланды,  
Лактырдым алыс шиіріп.

...Қызыл бұлт көкті торлай ма?  
Бұл жаққа, бәлкім, көшем-ді,  
Қос жетім аман болғай да,  
...Ей, жарық дүние, қош енді

Мұнда адам мен табиғаттың, адам мен қоғамның арасындағы күрес, адамның ішкі жан дүниесі мен табиғаттың заңдылықтарына қатысты ойлар ерекше орын алады. Мәтінді әдеби тұрғыдан талдай отырып, бірнеше негізгі аспектілерге тоқталуға болады. Мәтіннің негізгі тақырыбы — адамзаттың өз тіршілігі мен тағдырына деген қарым-қатынасы. Бұл шығарманың терең философиялық мәні бар, онда адамзаттың өз іс-әрекеттеріне жауапкершілігі мен табиғаттың тылсым күштері арасындағы қарама-қайшылық көрсетіледі. Әсіресе адамның өз әрекеттерінің, іс-әрекеттерінің салдары туралы ойланбауы және оны қоршаған ортаның жойылуына әкелуі маңызды. Адамның «қорықпаған» және «қорқыныш жоқ» деген тіркестері, оның сыртқы әлеммен және ішкі әлемімен, өзі мен табиғатпен байланысындағы дағдарысты білдіреді. Қорқыныштың жоқтығы, шынымен де, өмірдің мәні мен оның құндылықтарына деген жоғалған сенімділікке қатысты айтылған болуы мүмкін.

**Символика мен метафоралар:** Қызыл бұлт – қазақ әдебиетінде және жалпы символизмде апат, дағдарыс немесе төтенше жағдайдың белгісі ретінде жиі кездеседі. Бұл жерде «қызыл бұлт көкті торлай ма?» деген сұрақ арқылы тағдырдың тауқыметін немесе келешектегі аласапыранды бейнелеп тұр. **Жылан** — осы мәтінде де жыланның символикасы байқалады. Жылан – өзгеріс

пен қауіптің символы. Оның іліп алып, лақтыруы – оны жеңу немесе қандай да бір мәселені шешу әрекеті ретінде түсінуге болады. **Аждаһа** – бұл қауіпті, апат әкелетін күштің бейнесі. Онымен күресу, оған қарсы тұру – адамның қиындықтар мен қауіп-қатерлермен күресудегі қайсарлығын көрсетеді. «Қорықпаған жаман, қорықпаған» деген сөздер – өмірдің мағынасы мен құндылықтарын табудың қиыншылығын білдіреді. Бұл жерде адам қасірет пен қиындықтарға қарамастан, өмірде ешқандай қорқыныш болмауы керек екенін айтады. **«Қорықпаған жаман, қорықпаған»** – өмір мен өлімнің бір-бірінен ажырамас бөлігі. Бұл жерде сөздің астарында өмірдің қиындықтарын жеңудің, өзін жеңіп, кез келген жағдайға бейімделудің маңыздылығы жатыр.

Әлқисса, ендігі сөзді жыландардан естіңіз. Баяғы ана жыланның айласымен аман қалған екі жетім екі жылан күн жүріп, түн жүріп, неше қиын жол жүріп, кепкен қайыстай қуарып, кенезесі кеуіп бұралып шаһарға қайта оралады. Түн ішінде жарығы жанып тұрған жалғыз үй Ғайшаның үйі еді. Мынау сол үйдің терезіне өрмелеп келіп, әлгі екеуінің жылағаны екен дейді:

Зауал да демей не дейік, апа,  
Күміс те бастар шорланды-ау.  
Көйлегіміз шешіп берейік, апа,  
Біз түсетұғын жол бар ма-ау?

Есігінді ашшы, қонайық, апа.  
Есіміз кетіп келгенде.  
Екі бұрымың болайық, апа,  
Екі де бірде шерменде.

Екі жетімнің зары бар, апа,  
Нәр татқан жоқпыз күн ұзын,  
Екі сырға ғып тағып ал, апа,  
Нан берші бірақ бір үзім.

Айташағымыз тағы бар, апа,  
Көп жүрдік есік сығалап,  
Екі білезік салып ал, апа,  
Екі қолыңа мүбәрәк!

Таластың бойы тастақ еді, апа,  
Тастай боп келді нәубеті.  
Бақытты қара қасқа ма еді, апа,

Мәликә-Маран әулеті.

Айдын күн бізге қараңғыға тең,  
Атаның жұрты арандай.  
Жылан болып неге жаралдық екен,  
Құрбақа болып жаралмай.

Туған жерменен мәңгілікке енді  
Қош айтыспаққа оқталып,  
Таластан еттік талдырып белді,  
Түркі еместерді бетке алып.

Бұл жерде Ғайша бейнесі маңызды рөл атқарады. Оның үйі, оның адамгершілігі, мейірімі мен ашықтық қасиеттері екі жетім мен олардың өз өмірлерінде тап болған қиындықтарына қарамас-тан үміт пен жайлылық көзі болып табылады. Шығармада Ғайша тек сыртқы түрде ғана емес, ішкі мазмұнында да ерекше орын алады. Ғайша бейнесі шығарманың моральдық және этикалық орталық фигурасы болып табылады. Ол түн ішінде үйінің терезесіне өрмелеген екі жыланды қабылдайтын адам ретінде сипатталады. Бұл оның мейірімділігі мен басқаға көмек көрсетуге деген дайын екенін көрсетеді. Оның үйі түнде жалғыз жанып тұрған жарық сияқты, бұл екі жетім үшін үміт пен тіршіліктің белгісі болып тұр. Ғайша – бұдан тыс, қайырымдылық пен құшақ жая қарсы алатын, рухани ашықтыққа ие болған адам. Екі жетімнің Ғайшаға деген зары мен өтініші олардың ішкі жан дүниесінің қиындықтарын, қоғамнан, өмірден орын таппауын білдіреді. Ғайша оларды қабылдаған кезде, олардың психологиялық тұрғыдан жараланған жүректері мен денелері жаңаша тыныс табады. Шығарманың осы жерінде Ғайша тек физикалық емес, рухани көмек көрсету арқылы олардың өмірлерін өзгерте алады. Бұл қоғамның адамгершілікті көбірек түсінуді, адам ретінде қабылдауды білдіреді. Екі жетімнің «есік сығалап» жүргені, яғни көмек іздеуі, Ғайшаның оларды ашық құшағымен қабылдағаны шығарманың негізгі идеясына тереңрек еніп, қоғамдағы қорғансыз, қиын жағдайда қалған адамдарға деген жанашырлықты бейнелейді. Ғайша осы бейнеде олардың жалғыз үмітін білдіретін, оларға көмек пен қолдау ұсынатын адам болып отыр. Екі жетімнің сұраулары мен өтініштері «Таластың бойы тастақ еді, апа, Тастай боп келді

нәубеті» деген жолдармен сабақтасып, өткен кезеңдердің қайғы-қасіретін еске түсіреді. Бұл жерде Ғайша ұлттық тарихи контексте маңызды орын алады, себебі оның бейнесі екі жетімнің өздерін тек қорғансыз жетімдер емес, сондай-ақ өздерінің өткені мен мәдени мұраларына деген сұрақтарымен байланыстыра отырып, ұлттық орта мен тарихқа оралу мүмкіндігіне деген үміт пен тілекті білдіреді. Ғайша осы сұрақтарға жауап беретін тұлға ретінде тұр. Поэмада Ғайша тек сыртқы жағдайларды жеңу арқылы ғана емес, ішкі үйлесімділік пен тыныштық сезімін де қамтамасыз етеді. Оның үйі – сыртқы әлемнің дұшпандығы мен қаталдығынан пана тапқан орын. Бұл тұрғыда Ғайша – символдық мағынада адамдар арасындағы үйлесімділік пен өзара көмек көрсетуді білдіретін бейне болып табылады. Олардың қолына тағылған сырғалар мен білезіктер, оның күтімі мен сыйластығы – олардың өздеріне деген құрмет пен қолдауды білдіретін белгі. Шығарманың соңғы бөлімінде Ғайша жетімдерге өз үйінде орын ұсынып, олардың көзқарастары мен жан дүниесін өзгертуге ықпал етеді. Бұл Ғайшаның адамгершілігі мен ақыл-парасатының қайнар көзі ретінде анықталады. Екі жетім Ғайшаны қабылдай отырып, өздерінің өткен кезеңдерінің ауыртпалықтарынан біршама азаттанады. Бұл жерде Ғайша тек сыртқы әлемге ғана емес, олардың ішкі жан дүниесіне де әсер етіп, тұтастықты, үйлесімділікті қалыптастырады. Поэманың «Жыландар жыры немесе қара нәпсі» тарауына тоқталсақ,

Әлқисса, күндер өтті, айлар өтті... Баяғы екі жылан  
Ғайшаның үйіне қайта келіп, тағы да жылайды:

Құлағың салшы, жан апа,  
Талансыз бейбақ екенбіз.  
Түнімен жүріп таң ата,  
Түркі емеске өттік екеуміз.

Самсаған өлік айнала,  
Баға көр сөздің ақырын.  
Қап-қара жалау байлаған,  
Қағанның көрдік шатырын.

Тараған дейді бір індет,  
Арты оның «Қара нәпсі»-дүр.  
Әр жерде шыбын-шыбын боп,



Көмүсиз жатыр жақсы кіл.

Құдайым басқа салмағай,  
Бір сәтте дене бұзылып.  
Адамның басы алмадай,  
Түседі дейді үзіліп.

Саршұнақ сарып сырыққа,  
Сауысқан қонып құрыққа.  
Сансыз көп түмен тышқаннан,  
Қалмапты құмда құлық та.

Жағасы бүтін ел таппай,  
Жайлауы жасыл жер таппай,  
Мүрдеге түнеп, қан кешіп,  
Мүдірдік талай жол таппай.

Қалалар қайран моладай,  
Қан сасып жатыр дала бай.  
Асқабаққа ұқсап домалап,  
Жайраған бастар жағалай.

«Жыландар жыры немесе Қара нәпсі» бөлімінде жаңа тақырып ашылып, дәстүрлі үлгідегі тарихи және философиялық ойлар тереңдей түседі. Мұнда тек адамның ішкі күйі ғана емес, сондай-ақ қоғамның күйреуі мен моралдық деградациясы да қарастырылады. Әдебиетте «Қара нәпсі» деп аталатын тақырып адамның азғындығы мен адамгершілік құндылықтарының жоғалуын көрсету үшін маңызды құралға айналады. Талданатын негізгі компоненттер төменде ұсынылған.

«Қара нәпсі» символикасы – адамның жаман ниеті мен арам пиғылының символы. Бұл жерде «қара нәпсі» тек жеке тұлғаның қаскүнемдік әрекеттері ғана емес, бүкіл қоғамның моралдық құлдырауын білдіреді. Шығарманың алғашқы бөлігінде «құлағың салшы, жан апа, талансыз бейбақ екенбіз» деген сөздермен басталатын жыландардың зарынан қоғамның қиын жағдайға тап болғаны байқалады. «Қара нәпсі» — бұл жай ғана ауру немесе жағымсыз құбылыс емес, ол жұқпалы дерт ретінде таралған, оны тоқтату үшін адамдардың моральдық санасын көтеру қажет екенін білдіреді.

Шығармада адамзаттың «қара нәпсі» салдарынан өзінің табиғатымен байланысын жоғалтуы, қоғамның құлдырауы мен күйреуі суреттеледі. Мысалы, «самсаған өлік айнала», «қап-қара жалау байлаған» деген метафоралар қоғамдағы ішкі қаталдықты, өлім мен апаттың жақындап келе жатқанын білдіреді. Осы арқылы автор қоғамның моральдық күйреуі мен рухани азғындауын көрсетеді. Адамның өз басынан өткеріп жатқан сынақтары мен қиындықтары арқылы табиғаттың да қирағаны, өзгергені бейнеленеді. «Саршұнақ сарып сырыққа», «сауысқан қонып құрыққа» деген суреттер адамның тұрмыстық өмірінің ащылығын көрсетеді. Құмда қалған құлықтардың жоқтығы, қалалардың моладай қалуы — адамдардың моральдық тұрғыдан мәңгілікке тұрып қалғанын білдіреді. Жан түршігерлік картина — «қан сасып жатыр дала бай», «асқабаққа ұқсап домалап» бастар, «жазықсыздық пен ауыртпалықтың» көрінісі. Бұл өліктің, апаттың, және ішкі апаттың белгісі ретінде түсіндіріледі. Қоғам моральдық тұрғыдан өлген, қалған адамдар тек тірі өліктерге айналғандай. Қалалардың «қайран моладай» деп сипатталуы олардың өткен кездегі өркениетінің, мәдениетінің құлдырағанын және моральдық тұрғыдан өлгенін білдіреді. Бұл жерде қалалар тек физикалық емес, рухани және элеуметтік тұрғыдан да тіршіліктен айрылған орындар болып табылады. «Қан сасып жатыр дала бай» дегенде, қоғамның барлық тіршілігі қанмен боялған, бірақ олар өздерінің құлдырағанын сезбейді. Олар қоғамның бейбіт болмысына, табиғаттың заңдылықтарына қайшы келген күш ретінде бейнеленеді. Алғашында олар тек қорғансыз, бірақ Ғайша мен адамдардың мейіріміне зәру болған тіршілік иелері болса, енді олар «қара нәпсінің» таралуына куә болып, өздері де соның құрбандарына айналады. Олар тек сыртқы тіршілік иесі ғана емес, моральдық және рухани жағынан да апатқа ұшыраған халықтың өкілі. Бұл жерде «қара нәпсі» — адамның ішкі рухани құлдырауы, ал қоғамның ыдырауы — ол азғындықтың таралуының табиғи салдары.

Әлқисса, Ғайша мына хабарды естіген мезет неге-дүр есіне ең бірінші «Төрт кітаптан шыққан бір кітап» түсті. Сосын қағанды ойлады. Ана жолғы айтыстағыдай күлім-сірей қарап тұрып: «Ғайша, кітабына жетпей тұрған жүзінші тұжырымды

енді таптың», — дегендей болды.Безгек қысқандай қалтырап жүріп екі жыланды ақ матаға орап сандығының түбіне салды:

Ұқпадым заман тұспалын,  
Түсім бе мынау, өнім бе?  
Кереге қанат құстарым  
Шөл қысып өлді көгінде.

Күн ашық кезде бораған,  
Дауылға шара жоқ менде.  
Түркіге тиген зобалаң  
Түркі емеске де өткен бе?

Сен біздің халді сұрама,  
Қалдым ғой жалғыз мен ұлып.  
Алмасжан өлді жұмада,  
Кеудеден басы бөлініп.

«Апажан, жылан, жылан» деп,  
Айқайлап жатып кетті өліп.  
Алладан пәрмен шығар деп,  
Арулап көмдік көп болып.

Қайтейін дүние обал-ақ,  
Жемтікке құзғын кенелді.  
Кеудеден басы домалап,  
Керемет ұлдар көп өлді.

Заман да, заман, заман-ай,  
Бұлағай мен алағай,  
Қай жаққа безіп барасың,  
Алды-артыңа бір карамай!

Қорқамын заман түсіңнен,  
Сарайлар жатыр обадай.  
Қағанатты орып түсірген  
«Қара нәпсінің» орағы-ай.

Бәсіре тайды күзедім,  
Күзедім емес, тұл қылдым.  
Аспанға көзім сүземін,  
Қайырын бер деп қырғынның.

Сар таска салдым сапыны,  
Білместен обал-сауабын.

Арыстан-жұртым, ақыры,  
Тышқаннан келді-ау зауалын

Арыстан елім, ер елім,  
Етіне құзғын тойды ғой.  
Құдай бола ола ма деп едім,  
Құл бауың түспей қойды ғой.

Қырылармысын, сұмдық-ау,  
«Қара нәпсінің» өтінде,  
Қолында емес қыл бұрау,  
Қыл бұрау сенің ниетінде.

Қолында емес қыл бұрау,  
Соны ойлап жаным езілед.  
Не деген ұзақ түн мынау,  
Таң атса екен тезірек.

Жасампаз ерлер, жақсы ұлдар,  
Жалбарынайын жылай кеп.  
Құл болып ұйықтап жатсындар,  
Ояныңдаршы Құдай боп, –

деп жылап-жылап, шаршап талып ұйықтап кетеді. Ертесіне караса үйдің іші өріп жүрген тышқандар. Қала құлаққа ұрған танадай жым-жырт. Терезеден сыртқа көз салса, базар жақтан қоржын көтерген біреу шығып бері қарай келе жатыр екен. Таныды. Мәстекбай ақын. Кенет оның да басы ұшып кетті. Ғайша «Алла-ай!» деп бетін басты. Көзін ашқанда көргені бассыз кеуде, екі басты қоржын... Қоржынның аузынан үлкенді-кішілі алтын кесектер ақтарылып жатады.

Ғайшаның ойы мен оны еске түсірген сәті шығарманың бастамасындағы терең ойға әкеледі. «Төрт кітаптан шыққан бір кітап» деген метафора, мұндағы түйінді ойды білдіреді: Ғайша мен оның халқы «құдайдың хикметін», яғни Алланың жазмышын түсінбей, өз өмірлеріне мән бермей жүргенін көрсетеді. Қоғамдағы моральдық құлдырау мен рухани тоқырау, өздерінің дұрыс емес жолға түскенін сезген Ғайша үшін ауыр соққы болады.

Шығармада «Қара нәпсі» метафорасы үнемі қайталанып отырады, ол қоғамның зұлымдығын, адамзаттың ар-ожданынан айырылғанын білдіреді. Ғайша мен оның халқы «Түркі емеске

өттік екеуміз» деп өздерінің тағдырының өзгергенін, қараңғы жолға түскенін, бүкіл әлемнің қасіретке ұшырағанын сезеді. «Қара нәпсі» — бұл адамның ішкі жамандықтың белгісі ғана емес, ол бүкіл қоғамды бүлдіретін, рухани азғындауға әкелетін күш ретінде суреттеледі. Ғайша ішкі күйзелісте: ол тағдырды және халықтың болашағын терең сезініп, алдағы қасіреттерді алдын ала болжап отыр. Ол өзінің халқын «құзғын тойды ғой» деген сөзбен қорқыныш пен ащы шындықты көрсетеді. Адамның ішкі әлеміндегі күрес, рухани азғындықтың белгілері Ғайшаның әрбір сөзі мен әрекетінде байқалады. Бұл қоғамның рухани күйреуін айқындайтын психологиялық көрініс. Ғайша таңғажайып көріністі көреді — басы жоқ кеуде мен екі басты қоржын, оның ішінде алтын кесектерінің шашылуы. Бұл түс — рухани күйреудің көрінісі, сондай-ақ қоғамның байлығы мен құндылықтары тек сыртқы түрінде ғана қымбат, бірақ олардың терең мағынасы жоқ екенін көрсетеді. Алтын кесектердің шашылуы — бұл материалдық құндылықтардың, дүниенің жалғандығы мен қоғамның моральдық құлдырауының белгісі. Шығармадағы «сарайшық» пен «құлдық» метафоралары, адамның ішкі дүниесінің құлдырауы мен рухани босануын айқындайды. Ғайша мен оның қоғамы ар-ожданнан, адамгершіліктен айырылған. Ғайша мен басқа да кейіпкерлер қоғамның моральдық дағдарысын сезініп, өздерінің ішкі босандығын терең түсінеді. Ғайша жылап-талпынып, үміт іздеуде, бірақ оның көзімен көрсетілген әлемнің күйреуі оның ішкі жан дүниесінің ауыр қайғы мен үмітсіздігін білдіреді. «Құл болып ұйықтап жатсындар, ояныңдаршы Құдай боп» деген сөздері, қоғамның рухани жаңғыруының қажет екенін, бірақ ол жаңғырудың өлі кезеңдерде мүмкін болмайтындығын көрсетеді. Қоғамдағы дағдарыс пен рухани тоқырау біртіндеп халықтың ішкі өміріне терең сіңіп кеткен.

Әлқисса, Ғайша сандық түбінде серейіп жатқан екі жыланды алып, екі емшегіне орап, бауырына басып жатып жылайды, жылайды да жырлайды:

Бақ тайды бізден толайым,  
Ақырет - зауал кезі кеп.  
Қос анарыма орайын,

Жылынындаршы тезірек.

Тарасын менің денеме,  
Сұр болып келген уың бар.  
Шықты ғой тышқан төбеге,  
Қуындар, кәне, қуындар.

Аз десен мұны, өтінем.  
Екі көзімді алыңдар.  
Түре бір тиіп шетінен,  
Тышқанға ойран салындар.

Ініне қайта тығындар.  
Қаумалап жүрген жыртқышты.  
Бәрін ал, тіпті, жырымды ал!  
...Соны айтып Ғайша сылқ түсті.

Сылқ түсті, бітіп қалды дем,  
Ақырет сәті келді оның.  
Оянған жылан алдымен  
Шағады көзі көргенін.

Деген жоқ оған берсек дем,  
Дел-сал боп бір сәт бөгелді.  
Жазылып түсіп емшектен,  
Қос жылан сусып жөнелді.

Торыша дүние тозанды,  
Тұнып тұр еді сілті боп.  
...Көре сап екі тажалды.  
Тышқандар қашты дүркіреп...

Бұл үзіндіде автор тағы да терең философиялық және психологиялық аспектілерді көтереді. Ғайшаның ішкі күйзелісі, оның рухани азабы мен тағдыры — шығарманың негізгі тақырыптарының бірі. Бұл бөліктегі көріністер символикалық түрде адам мен қоғамның күйреуін, адамның жан дүниесіндегі қарама-қайшылықтарды және өмір мен өлімнің арасындағы үзілмес байланысты білдіреді. Ғайшаның екі жыланды бауырына басып, емшегіне орауы, оған сүйіспеншілік пен қамқорлық танытуы, бірақ сол уақытта оның ішінде аштық, күйзеліс және өлімге деген жақындық сезімдері бар екенін көрсетеді. Ол өз өмірінің ауыр күйзелісін жыландармен байланыстырады, өйткені

бұл жәндіктер оның өз тағдыры мен сезімдерін айқын көрсетеді. Бұл жерде «жылан» символы адамзаттың ішкі азаптарын, көзіне көрінбейтін жаулар мен құндылықтардың құлдырауын білдіреді.

Ғайша "Бақ тайды бізден толайым, Ақырет - зауал кезі кеп" деген сөздерінде адам өмірінің өткінші екенін, оның соңында тек ақырет және зауал бар екенін меңзейді. Бұл идея адамның өмірге деген үміті мен сенімін жоғалтуын, сондай-ақ жан дүниесінің ішкі күйреуін сипаттайды. Ғайшаның өмірдің өткіншілігіне деген қайғылы көзқарасы оның ішкі күйзелісінің бір көрінісі.

Ғайша өлім мен қиянатты көздейтін «тышқандар» мен «жыртқыштарды» шақырады. Бұл жерде тышқандардың келуі, ғажап бір қатігездік пен қасіреттің бастамасы ретінде көрініс табады. Ол тек сыртқы әлемнің ауыртпалығы ғана емес, адамның ішкі қасіреті мен мазағын бейнелейді. Тышқандар — бұл тек шынайы дүниедегі ауыртпалық емес, сондай-ақ адамның психологиялық жағдайын, оның әлемге деген қайғылы көзқарасын білдіреді. Жыланның Ғайшаға қатысты әрекеті, оны шағуы — жан дүниесіндегі терең ауыртпалықтардың және өзін-өзі қорғауға деген әрекеттің символы болып табылады. Жыландардың шауып, оның ішкі дүлей күшін көрсете отырып, қорғанысты білдіреді. Дегенмен, осы шындықтың өзі қауіпті және өлімге әкелуі мүмкін. Бұл тұста өлім мен өмірдің арасындағы шекараның өтпейтіндігін, сондай-ақ адамның рухани күйреуін көрсетеді.

Ғайшаның өлімімен аяқталған бұл көрініс — адам өмірінің шексіздігі мен оның шетсіз азаптарын білдіреді. Ғайша өліп кеткеннен кейін де оның жаны мен рухы, ішкі күйзелісі қалды. Жыландардың кетуі мен тышқандардың қашуы, қоғамдағы жалпы ауыр жағдайды, сондай-ақ бұл дүниедегі қасірет пен қиянаттың жалғасатынын көрсетеді. Жыландар мен тышқандар, сондай-ақ Ғайшаның тағдыры мен рухани күйі, табиғаттың адам өмірімен тығыз байланысын білдіреді. Ғайша табиғаттың бір бөлігі ретінде өмір сүріп, табиғаттың заңдарына тәуелді екенін сезінеді. Табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынас, олардың бір-біріне әсер етуі, өмір мен өлім арасындағы байланыс осы көрініс арқылы айқын көрінеді. Ғайшаның өлімі шығарманың трагедиялық кульминациясы болып табылады. Оның соңғы сәттері өлім мен өмірдің арасындағы шекараны, сондай-ақ адамның өміріндегі мән мен мақсатты іздеу процесін көрсетеді. Ғайша

өлімі тек жеке трагедия ғана емес, ол бүкіл қоғамның рухани күйреуінің бейнесі болып табылады. Бұл үзіндіде Ғайшаның өлім алдындағы күйзелісі мен ішкі дағдарысы терең символикалық мағынаға ие. Жыландар, тышқандар, және табиғаттың басқа да элементтері адамның ішкі жан дүниесіндегі қарама-қайшылықтар мен қоғамдағы жалпы дағдарысты көрсету үшін қолданылған. Шығарма адамның рухани күйреуін, өлім мен өмір арасындағы күресті терең көрсетеді. Барлық жырлар адамның ішкі дағдарыстарын, қоғамның рухани күйреуін және өмір мен өлім арасындағы нәзік шекараны зерттейді. Ғайша бейнесі шығарманың моральдық және этикалық өзегі ретінде екі жетімнің психологиялық және рухани қиындықтарын жеңуге көмектесетін адам ретінде көрсетіледі. Ол тек мейірім мен қамқорлықты ғана емес, ішкі үйлесімділік пен тұлғалық тұтастықты қалыптастыратын тұлға ретінде көрінеді. Бұл шығарманың жалпы идеясы мен оның терең философиялық мәнін ұғынуға көмектесетін, мейірім мен жанашырлықтың маңыздылығын көрсететін күшті тұлға болып табылады Ғайша мен екі жыланның әрекеттері арқылы автор адамның рухани азабы мен күйзелісін, сондай-ақ қоғамның, адамдардың ұмытшақтыққа, жалғыздыққа, және ақыретке деген қасіретті көзқарасын көрсетеді. Жырлардың терең мағынасы — адам өз ішіндегі қарама-қайшылықтар мен қорқыныштарды жеңе алмайтындығын, ал қоғам өз күйреуінен құтыла алмайтынын ашып көрсетеді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Бектаев А., Турткулбаева Т. ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ ПРОЦЕСС (жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына арналған оқу көмекші құрал). – Ташкент, 2012.
2. Есенғали Раушанов. «Қара бауыр қасқалдақ». – Алматы: Жалын, 1995.
3. Әскербекқызы Ж. КӨРКЕМДІК ӨРІС (Есенғали Раушанов поэзиясы негізінде). – Алматы, 2008.



## МАЗМҰНЫ

<i>Түймебаев Ж.Қ.</i> Құттықтау сөз.....	3
--	---

### I БӨЛІМ

#### АҚЫН. ҒАЛЫМ. АЗАМАТ

<i>Бисенғали З-Ғ.</i> Ортағасырлық «діни-ақсүйектік әдебиет» һәм Серікбай Қосан шығармашылығы.....	6
<i>Ақыш Н.</i> Ғалым еңбектерінің елеулі қырлары.....	22
<i>Құрманбайұлы Ш.</i> Ана тілін ардақтаған ақын.....	26
<i>Ермекова Т.</i> Керуен шаңындағы алтын.....	34
<i>Орда. Г.</i> Сыршыл әрі суреткер ақын (Серікбай Қосан поэзиясы туралы бірер сөз) .....	40
<i>Омарұлы Б. І.</i> Құм қойнаудың қағаны.....	54
II. Жүректі жылатқан жоқтау.....	57
<i>Жүсіпов Б.</i> Аралын аңсаған ақын.....	60
<i>Досбай Ж.</i> Серікбай Қосан поэзиясындағы арнау өлеңдердің поэтикасы.....	64
<i>Рақыш Ж.</i> Батырлар жырын баспаға әзірлеудің ғылыми ұстанымдары жайынан.....	72
<i>Дәрібайұлы С.</i> Серікбай Қосан шығармашылығының қос арнасы.....	79
<i>Аяшұлы Д.</i> Инемен құдық қазған ақын.....	85
<i>Кәрібай М.</i> Теңіз деп жырлаған жүрек.....	88
<i>Бәкір С.</i> Тәуелсіздік түлеткен Секең!.....	94
<i>Толысбаева Ж.</i> Баллада: история развития и современный инвариант жанра.....	102
<i>Әбдірәсіпқызы А.</i> Қазақ рухының қайнары ортамызға оралды.....	112
<i>Шортанбай Ш., Рашитқызы Ф.</i> Абай мұрасына және қазақ ағартушылығына жаңаша көзқарас.....	117
<i>Мүбәрақұлы М.</i> «Мың кісілік мұным бар».....	122
<i>Орынбасар А.</i> Алты қырдан асқанда ( <i>Серікбай ақын хақында</i> ).....	127
<i>Елесбай Н.</i> Серікбай ағаға арнау.....	131

### II БӨЛІМ

#### ӘДЕБИЕТ. ФОЛЬКЛОР. МУЗЫКА

<i>Altınkaynak E.</i> Anlatıma dayalı ürünlerdeki cümlelerin zamani ve kullanım gerekçeleri.....	133
<i>Сейітжанұлы З.</i> Сүббек ақын мұрасы.....	138
<i>Абакиров К. М.</i> Ауэзовдун «Абай жолу» жана А. Токомбаевдин «Токтогул» романдары.....	145
<i>Сәкен С.</i> «Қарғабойлы Қазтуған» жыры және тарихи шындық.....	155
<i>Önal Mehmet Naci.</i> Mitten menkibeye kamdan imama dönüşümler ve istismlarlar.....	163

<i>Турдугулов А.</i> Эгемендүүлүк жылдардагы кыргыз тарихый романдарынын өнүгүү тенденциялары.....	170
<i>Шүкіман Е.</i> «Қанатталды» әні хақында.....	179
<i>Мұқан А.</i> Театр сахнасына жаңа кейіпкердің келуі.....	191
<i>Көшекөва А.</i> Эпос қаһармандарының типтері.....	209
<i>Әуесбаева П.</i> Фольклорлық дастандарды 100 томдық «Бабалар сөзі» сериясына әзірлеудің ғылыми тәжірибесі.....	216
<i>Жақсылықбаева Р.</i> Әбіштің шеберлік әлемін зерделеген ғалым.....	227
<i>Умерджанова Ж.</i> Бердібек Соқпақбаев шығармаларындағы аштық нәубетінің бейнеленуі.....	231
<i>Жүніс М., Түзөлбек Ж.</i> Әбжан Құрышжанұлының кірме лексика қабаты этимологиялық талдауларын оқыту.....	237
<i>Шортанбай Ш., Салықбаева Ә.</i> Билер сөзі ескірмейді.....	247
<i>Мурсалимова Н.</i> «Қарасай, Қазы» эпосы және оның типологиясы.....	252
<i>Елесбай Н.</i> Шернияз Жарылғасұлы шығармаларының текстологиясы.....	267
<i>Саргелтаева А. Ә.</i> Нүрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы түс көру тәсілі.....	277
<i>Шоранова Г.</i> Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі символдық сипаттағы сөздер.....	284
<i>Сағынова І., Қобанова Ш.</i> Ыбырай салған дара жол.....	292

### III. ӘДЕБИЕТ ПЕН ТІЛТАНУ ӘЛЕМІНДЕГІ ЖАҢА ІЗДЕНІСТЕР

<i>Исабекова Ж., Сейсенбиева Э. Р.</i> Мұқанованың «Сарқаншық» әңгімесіндегі нарративтіліктің шарттары және оның берілу жолдары.....	299
<i>Салтақова Ж. М.</i> Жұмабайұлы құрастырған оқу құралдарының басылымдық ерекшеліктері.....	306
<i>Оралбек А.</i> Шортанбай шығармаларының зерттелуі мен текстологиясы.....	316
<i>Өтеміс А., Ержанова С.</i> Қазіргі қазақ лирикасындағы психологизмнің көрініс табу ерекшеліктері (Тыныштықбек Әбдікәкімов поэзиясы бойынша).....	330
<i>Алейдарова О.</i> Бейімделген балалар әдебиеті пәнаралық аспект негізінде.....	336
<i>Toibazar A., Dautova G.</i> Heroic epics of the khakass turkic people and their peculiarities.....	340
<i>Турдали Т.</i> Мифологические и магические основы жанра фэнтези.....	346
<i>Утешова А., Мәтбек Н.</i> Мадина Омарова прозасындағы мистикалық сарын.....	349
<i>Мужигова Г., Сейсенбиева Э.</i> Қазақ және орыс ертегілеріндегі ұқсастық пен ерекшеліктер.....	358
<i>Атаханова Н.</i> Рахымжан Отарбаевтың әдеби мұрасы.....	363
<i>Ермагулова А., Мәтбек Н.</i> Қазақ әдебиетін оқытудағы көне түркі жазба ескерткіштерінің маңызы.....	375
<i>Калыбекқызы С.</i> Бұқаралық әдебиет тарихи-мәдени мәселе ретінде (Ю.М. Лотман еңбегі негізінде).....	378
<i>Ешімов Т.</i> Әңгіме жанрындағы постмодернизм.....	386

<i>Арғынбек Н.</i> Қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен жаңа қолданыстарды оқытудың тиімділігі.....	394
<i>Есентүгел А., Сарбасов Б.</i> Ахмет Байтұрсынұлы зерттеуіндегі ежелгі түркі әдеби мұралары.....	400
<i>Нурақбаева А., Матбек Н.</i> Қазақ прозасындағы шағын әңгімелердің жанрлық ерекшеліктері.....	407
<i>Айту Н.</i> Бүгінгі қазақ прозасындағы жаңашылдық сипат.....	412
<i>Отызбаева Р., Қылышбай А.</i> Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогі.....	418
<i>Байысбек А.</i> «Таһир-Зухра» дастанының көркемдік ерекшелігі.....	424
<i>Асымақынова Д., Бегманова Б.</i> Цифрлық құралдарды қолдану арқылы эпикалық шығармаларды оқыту.....	430
<i>Бектемір Д.</i> Мектепте А. Байтұрсынұлының мысал өлеңдерін оқыту жолдары.....	438
<i>Еркінова Қ.</i> Туыстық атаулардың қоғамдық мәні.....	443
<i>Бейсен А.</i> Эволюция художественных особенностей казахской поэзии в период независимости.....	447
<i>Муратбаев А.</i> Орта мектепте Ілияс Жансүгіров шығармашылығын 4К моделі негізінде оқыту.....	451
<i>Тогаева Д.</i> Көне мұралардағы киелі символдық бейнелер мен киелі сандардың сипаты.....	459
<i>Жанарыстанова Н.</i> Атрибут ұғымы және оның грамматикалық функциялары.....	467
<i>Келген Д.</i> Әдебиеттегі көпір: Иво Андричтің «Дрина көпірі» және Таласбек Әсемқұловтың аудармашылық шеберлігі.....	475
<i>Утепбергенова Г.К., Бисенғали З.Қ.</i> Алмағайып тағдыр және «Ақ Жайық» (Хамза Есенжанов шығармалары қақынды).....	482
<i>Манапбаева Ж.Б., Солтанаева Е.М.</i> Есенғали Раушановтың «Ғайша бибі» поэмасындағы жыландар образы.....	488

*Ғылыми басылым*

**«Әдебиет пен фольклорды зерттеудің тарихи  
міндеттері мен заманауи аспектілері»**

атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция

материалдарының жинағы

24 қазан 2024 жыл

Мақала мәтініне автор жауапты.

24.12.204 жылы басуға қол қойылды. Пішімі 60x84/16.

Көлемі 31,75 б.т. Тапсырыс №44.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71-үй  
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды